ЛАТЫН ӘЛІПБИІ: ТЕОРИЯ, ӘДІСТЕМЕ ЖӘНЕ НАСИХАТ

Нұр-Сұлтан
2019

ӘОЖ 811.512.122
КБЖ 81.2Қаз
Л 23

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тіл саясаты комитетінің тапсырмасы бойынша
«Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың
2011-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында шығарылды

Редакция алқасы: *Н.Дәуешов, Ғ.Мелдешов (бас редактор), Г.Мұқанова, Ә.Асқар, Е.Тілешов, Л.Есбосынова, А.Фазылжанова, Г.Мамырбек (жауапты редактор), А.Әбдіхалықов*

Л 23 **Латын әліпбиі: теория, әдістеме және насихат**. – Нұр-Сұлтан: «Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» КеАҚ, 2019. – 280 бет + 16 бет түрлі түсті жапсырма.

ISBN 978-9965-23-552-8

Ғылыми жинаққа қазақ тілін латын әліпбиіне көшіруге байланысты 2019 жылғы атқарылған жұмыстардың барысы туралы еңбектер енгізілді.

Ғылыми мақалалар, әдістемелік, сараптамалық, сынамалық және насихат жұмыстары кітаптың әр тарауынан орын алды. Кітап соңында жыл бойы атқарылған жұмыстардың жылнамасы қоса берілді.

Бұл жинақ әліпби, оның емле ережелері, олардың насихат шаралары қызықтыратын мамандарға және жалпы көпшілікке арналған.

ӘОЖ 811.512.122
КБЖ 81.2Қаз

ISBN 978-9965-23-552-8

© «Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» КеАҚ, 2019

Аңдату

Қазақ тілінің латын графикасына көшуі бойынша жоспарлы жұмыстар 2019 жылы бірнеше бағытта өрістеді. Біріншісі – ақпараттық-насихаттық жұмыстар, екіншісі – емле ережелерін сараптау, үшіншісі – әліпби және оның емле ережелерін мамандарға игерту, төртіншісі – баспа өнімдерін дайындау, бесіншісі – кісі есімдері мен географиялық атаулардың, пунктуацияның ережелерін сараптау.

Осы міндеттерді орындау барысында Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитетінің тапсырмасымен маңызды жұмыстар атқарылды. Оған Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының мамандары, Ұлттық комиссия жанындағы Орфографиялық, Әдістемелік, Терминологиялық, Ақпараттық және техникалық сүйемелдеу жұмыс топтарының мүшелері, университет оқытушылары, Ы.Алтынсарин атындағы Білім академиясының мамандары және өңірлердегі Тілдерді дамыту басқармалары мен олардың жанындағы оқыту орталықтарының қызметкерлері, әдіскерлері, мұғалімдері қатысты.

Ақпараттық-насихаттық жұмыстар бойынша Жамбыл облысының Тараз қаласында және екі ауданында апталық ұйымдастырылды. Оған еліміздің барлық өңірлерінен өкілдер қатыстырылды. Апталыққа шақырылған қоғам қайраткерлері, ғалымдар, жазушылар, тіл мамандары әртүрлі мекемелерде латын әліпбиінің артықшылығы мен қажеттілігі жөнінде дәрістер өткізді, кездесулер ұйымдастырды.

Жаңа әліпбиді кең түрде насихаттау мақсатында Нұр-Сұлтан қаласында тұңғыш «Жаһандану және ұлттану үдерісіндегі қазақ тілінің өміршеңдігі» атты Тіл форумы өткізілді. Алқалы форумның пленарлық мәжілісінде әліпби тақырыбында қоғам қайраткерлері, ғалымдар баяндамалар жасады. Форум аясындағы секцияларда мемлекеттік мекемелердегі, заң, БАҚ, ғылым, білім, бизнес саласындағы мемлекеттік тілдің мәселелері кеңінен талқыланды.

Орфографиялық жұмыс тобының отырыстарында жаңа әліпбидің емле ережелері, сонымен бірге пунктуациялық ережелер, кісі есімдері мен географиялық ережелердің жобалары сарапталды.

Жаңа әліпбиді оның емле ережелерін меңгертуге байланысты Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында және еліміздің барлық өңірлерінде 12 сағаттық

семинарлар өткізілді. Сондай-ақ осындай семинарлар Министрліктерде, Ұлттық қауіпсіздік комитетінде, Ұлттық ұланда және т.б. мекемелерде жыл бойы ұйымдастырылды. Нұр-Сұлтан қаласында оқытушыларға, әдіскерлерге арналған 72 сағаттық семинар наурыз айынан басталып, қараша айына дейін жүргізілді. Бұл семинарларға 3000 мыңға жуық адам қатысты.

Жоғарыда аталған курстарға арналған оқу құралдары дайындалды. Сонымен қатар жаңа әліпбиге байланысты қызықты анықтағыштардың, эргонимдер жинағының, жарнама анықтамалығының қолжазбалары дайындалды.

Жаңа әліпбидің теориялық және тәжірибелік мәселелері «Жаңа әліпби: емле, әдістеме және халықаралық тәжірибе» атты республикалық ғылыми конференцияда талқыланды. Оған еліміздің жетекші ЖОО-ның, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының, Ыбырай Алтынсарин атындағы Білім академиясының ғалымдары қатысып баяндамалар жасады. Конференция секцияларында әліпби және оның емле ережелерінің әртүрлі мәселелері сөз болды.

Құрметті оқырман, қолдарыңыздағы жинақ жыл бойы атқарылған жұмыстар жөнінде толымды ақпарат беруге құрылған.

Редакция алқасы

I ТАРАУ

ЛАТЫН ӘЛІПБИІ: ЕМЛЕ, ӘДІСТЕМЕ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ

ЕЛУ ЖЫЛДА ЕЛ ЖАҢА НЕМЕСЕ КИРИЛДЕН ЛАТЫНҒА ДЕЙІН

Әлімхан ЖҮНІСБЕК,
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызыметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор

Кіріспе орнына. Көшеде келе жатып алдымнан шалбарының өн бойы шұрқ тесік қазақ қызын алғаш көргенде әбіржіп қалдым. Жыртық шалбардың сәнге айналып кеткенін кеш аңғарып қалған екенмін. Сөйтіп «жыртық шалбар» ойда-жоқта бала күнімді еске түсіріп жіберді.

Соғыстың алдында дүниеге келіп, соғыс кезінде апыл-тапыл басып, соғыс біте мектеп жасына ілінген ұрпақтың бәрінің тағдыры бір-біріне ұқсас. Ол кезде «ауыл» деген ұғым жоқ, «колхоз» деген ұғым бар. Он бес-жиырма үй жиналып колхоз (ауыл) болып отырады. Үй мен үйдің бір-бірінен байлығы асып бара жатқандығы да шамалы, бір сиыры немесе төрт-бес қой-ешкісі бар үй айран-сүті жеткілікті бақуатты болып саналатын.

Жұрттың күн көрісі колхоз бөліп беретін аядай жерге байланып тұратын. Сол жерге қауын-дарбызын, асқабақ-жүгерісін егіп күнелтетін. Қар кете басталған егіншілік қар түсе жиын-терінмен аяқталатын. Үйдің бір жағы үйілген асқабақ, қап-қап жүгері – қыс бойғы талғажау күн көріс көзі болса, ал екінші жағы бала-шағаның жатын орны – жұпыны тұрмыс болатын. Барына бардай мойынсұнып алған елдің өз тағдырына наразылығы жоқ, жоқшылықты қарғап-сілеп жатқаны естілмейтін. Әскерден аман-есен оралатындар оралып, келмейтіндерден күдер үзе бастаған шақ болатын. Баласы келгендердің қолы ұзарып, тұрмысын тіктеп жатса, баласы майданнан оралмаған кемпір-шалдардың қартайғандағы күйбең күн көрісіне өзгелердің «бишаралар-ай» деп жаны ашығаннан басқа, қолдан келер демеуі жоқ. Әркім өз күнімен әлек, бөліп берер мүлік, қол ұшын берер күш жоқ.

Ойын баласы бізге бүтін киім жоқта жамау киімнің өзі сән көрінетін. Шешелеріміз жамау үстіне жамау жамап берген киіміміз мектепте де, үйде де үстімізден түспейтін бір киер болатын. Жамаулы киімге намыстану деген жоқ, жыртық киімге намыстанатынбыз. Тұрмыс түзеліп, киім бүтінделген кезде жыртық шалбар сәнге айналып кетеді деп кім ойлаған. Жыртық киімге жоқшылық кезімізде намыстанып, жарыған кезде масаттанғанымызды өз басым түсіне алмай қойдым. Шамасы «Елу жылда – ел жаңа» деген осы болар.

Адамның өмір бойы есінен кетпейтін сәттері болады екен. Соның бірі - ең алғаш мектепке барған сәт - дәл бүгінгідей көз алдымда. Алғашқы апайымның аты-жөні есімде қалмапты, бірақ алдына шақырып алып, аты-жөнімді сұрағаны, бірлі-жарым әріп танып

қалағанымды мақтап басымнан сыйпағаны ұмытылар емес. Шағын колхозда төрт жылдық бастауыш мектеп, екі-үш колхоздың ортасында бір жеті жылдық орталау мектеп болатын. Ал жалғыз онжылдық мектеп тек аудан орталығында ғана бар. Қазіргідей аспадорба мен пәртпел деген жоқ, шешелеріміз кітап көлеміне ыңғайлап, бау тағып берген мата сөмкемізді асынып мектепке барамыз. Екі қалтамызды толтырып салып алған қуырған жүгері - түске дейінгі талғажауымыз. Сонда да болса, неге екенін қайдам, қарын ашқан дегенді білмейміз. Мектептен кейін азын-аулақ малды күту, қора тазалау, егінге қарау, отын-су тасу т.б. жұмыстар күтіп тұрады. Ал сәл қабырғасы қатайған балаларды колхоз жұмысына салады. Сабақ оқып, сабаққа дайындалу деген жоқ. Ертеңіне кешеден иесіз жатқан сөмкемізді асынып қайтадан мектепке тартамыз.

Осының бәріне қарамай, ауыл ұрпағынан әйгілі білімдарларды көптеп шығарған қандай құдірет деп қаласың. Соғыс кесірінен арнайы білім ала алмай қалған, шала сауаттылау болса да, өз пәніне болмысынан мықты ауыл мұғалімдерінің арқасы-ау, ауыл мектебінің дәстүрлі абыройы мен санасы таза ұғымтал ұрпақтың жаттампаздығы-ау деп түйесің.

Негізгі бөлім. Міне, сол ауыл мектебінде шимайлап әріп жазып, ежелеп әріп таныған бері «кирилдің» бір дәуірі басымыздан өтіпті. Енді шимайлап әріп жазып, ежелеп әріп танитын жаңа «латын» дәуірі басталды. Шамасы, «елу жылда – ел жаңа» деген тағы осы болар.

«Латын әліпбиіне неге көшеміз, не үшін керек?» деген сұрақтың жауабы көп және олар көпке таныс:

- өркениетті елдердің бәрі осы әліпбиді пайдаланады, біз де солардың қатарына ілінуіміз керек;
- әлеми ақпараттық кеңістікке өтудің төте жолы, қолғанат қондырғылар (компьютер, қалтафон т.б.) латын әліпбиін пайдаланады;
- өзге түрік (*түркі* дегенді әдейі пайдаланбай отырмын) елдері латын әліпбиіне өтіп болды немесе өткелі жатыр;
- өзекжарды болып отырған ағылшын тілін үйренуді жеңілдетеді;
- Іштей болса да Ресейдің «ағалық» ықпалынан арыламыз дейміз т.б.

Қазақ қоғамында латын әліпбиіне деген, бірлі-екілі болмаса, айтарлықтай бір-біріне қарсы пікір жоқ. Жастар-үлкендер болып бөлініп жатқан ешнәрсе жоқ, көпшілік жаппай қолдап жатыр. Ал жастардың, ересектерге қарағанда, латын әліпбиіне жақындау тұрған себебі олардың ағылшын тілін меңгере бастағандығынан болар деп ойлаймын. Оның үстіне бүгінгі ақпарат құралдарының жетістігі де әсер ететін болар. Латын әліпбиі әлеми деңгейде басым болып отыр, сондықтан латынға деген жаппай мұқтаждық бар. Бәріміздің басымызды біріктіріп отырған осы жайт деп түсінген жөн.

Алайда латын әліпбиіне көшудің ең басты себебі көпшілік назарынан сырт қалып барады. Басты себеп - бүгінгі егемен сәтті пайдаланып «кирилл» жазуымызға реформа жасап алуымыз керек. Әрбір елдің өз жазуына мезгіл-мезгіл реформа жасап алатыны әлеми тәжірибеде бар. Бізге де осы сәт келді. Өйткені бүгінгі әліпбиімізді ұлттық әліпби деп айта алмаймыз.

Біз бүгінгі кирилл әліпбиіне негізделген жазуымыздың жаңсақ тұстарын әліпби ауыстыру арқылы реттеп аламыз ба деген үмітпен қарап отырмыз. Өйткені бүгінгі кирилл әліпбиіміз қазақтың әліпбиі емес, «қазақ-орыс», тіптен турасын айту керек, «орыс-қазақ» әліпбиі. Өкінішке орай, орыс тілді фонетистеріміз сол «орыс-қазақ» әліпбиінің үлгісімен латынға көшуді ұсынып қиянат жасап отыр. Ең өкініштісі, жоғарыдағы жаппай орыс тілді билік осы бағытты қолдауда. Билік пен IT мамандары компьютердің құрсауынан шықпауды ұсынады. Компьютер алдындағы ағылшын пернетақтасына байланған әліпби

ешкімге абырой әпермейді. Оның дәлелі – қайта-қайта түзетіліп ұсынылып жатқан «диграф, апостроф, акут» әліпбилер.

Астанадағы Халықаралық Түрік академиясы мен А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты қазақ тілінің ішкі заңдылықтарынан туындайтын «Ұлттық әліпби» ұсынып отыр (бұл әліпбидің басы-қасында өзім бармын), өкінішке орай Жоба өтпей жатыр.

Латын графикасына көшудің басты ұстанымы:

-біріншіден, қазіргі қазақ-орыс қойыртпақ әліпбиімізден төл дыбыстарымыздың басын аршып алуымыз керек: **а, ә, б, д, ғ-г, е, ж, з, й, қ-к, л, м, н, ң, о, ө, п, р, с, т, у(w), ұ, ү, ш, ы, і** ;

- екіншіден, әліпби қазақ сөзінің үндесім әуезін бұзбайтындай болу керек;
- осы екі мақсатқа лайық «төл дыбыс - төл әліпбидің» емле-ережесі дайындалу керек: бір дыбыс – бір таңба.

Мен өз басым ағылшын пернетақтасындағы 26 таңбадан шықпау керек дегенге мүлде қарсымын. Өйткені 26 таңбаға байланған әліпбидің дұрысы (оңғаны) болмайды, өйткені 26-ға сыйғызу үшін амалсыз жасанды таңбалар алуға тура келеді. Тілді компьютерге икемдемеу керек, компьютерді тілге икемдеу керек.

Егер латын әліпбиіне баптап көше алсақ, қазіргі емле-ережеміздегі басы артық және тіл бұзар ондаған баптардан құтыламыз. Тілдің:

- *дыбыс құрамы* дұрыс анықталады;
- сөздің *үндесім әуезі* сақталады;
- *морфем құрамы* бұзылмайды;
- *буын тұрқы* сақталады;
- *тасымал реті* сетінемейді;
- *сөйлеу ырғағына* зиян тимейді.

Жазу реформасы дегеніміз осы, жазу реформасының нәтижесі осы болу керек. Әрине реформаның оңайы болмайды, дегенмен саяси, қаржы, әкімшілік т.б. реформалар жоғары билікте дайындалады да, төменгі көпшілік реформаның жаманды-жақсылы дайын нәтижесіне ие болады. Реформаға икемделемін деп әбігерленіп жатпайды. Ал жазу реформасының жөні басқа, оның игеру қиындығын үлкен-кіші түгел өз басынан өткізеді, бұл ұнасын-ұнамасын жалпыға бірдей міндет болып табылады.

Әліпби реформасы, сөз жоқ, түрік жұртымен біріге түсудің амалы болу керек еді. Өкінішке орай, осы бағыттағы «ұлттық әліпби» қабылданбай, техникалық (интернет) әліпби талқыланып жатыр. Бұл - өзге түрік жұртынан қиыс кетіп отырмыз деген сөз.

Латын әліпбиіне көшу мен жазу реформасы жайлы азды-көпті пікірімізді ортаға салайық, әркім өз қорытындысын жасай жатар.

Қазақ жазуының тарихында соңғы елу жылда күрмегі шешілмей келе жатқан бір мәселе бар. Ол – қазақ әліпбиінің құрамындағы кірме таңба/әріптер. Олардың дыбыс мәні мен жазылым емле ережесіне қатысты пікір-талас бірде өршіп, бірде саябырсып келе жатқалы қашан?! Енді, міне, латын әліпбиіне көшу барысында кірме таңбалар мәселесі қайта көтеріліп шыға келді. Айтуын айтсақ та тыңдар құлақ, жазуын жазсақ та көрер көз таппай, шарасыз күйге түсіп отырғанымызда Бексұлтан Нұржеке ақсақалдың мақаласы жарық көріп, бәрімізді дүр сілкіндірді (**Нұржеке Б**. Түңілмесіме тірек бар ма? «Ана тілі», 2019). Жоқ, осы бір өзекті мәселені жылы жауып қоя салуға болмайды екен. Мұның шешімін тауып, сол ақиқатты (бар болғаны ***су*** емес ***сұу*** екенін, ***ми*** емес ***мый*** екенін) әліпби санамызға жеткізіп, алдымен өзіміз мойындау, сонан соң орыстақы қоғамды мойындату – бүгінгі ғылыми ұрпақ алдында тұрған сын. Қазақ тілінің төл исі Бексұлтан Нұржекеұлының жанайқай мақаласы бізді де бейжай қалдыра алмады, бұрын

да көп айтқан болсақ та, амал жоқ, қайта соғуға тура келіп отыр. Ақсақал тіл маманы болмаса да көкірек көзімен тілдің ақиқат табиғатын аңғарған екен, ал біз өз тарапымыздан мәселенің фонетикалық дәйектемесімен тиянақтағымыз келіп отыр.

Шынын айтып мойындаудан қашпау керек, біз қазіргі кезде қазақтың өзіне «қазақтың бар дыбысын бар деп, жоқ дыбысын жоқ» деп сендіре алмайтын кезеңде тұрмыз. Бірінебірі жалғасқан әліпби ауыстыру мен орынды-орынсыз ***өктем*** емле құрастыру осындай жайға алып келді. Оп-оңай көрінген қазақ тілінің төл дыбыс құрамын түгендей алмай әлек болып жатқанымыз да сондықтан. Кез келген қазақ тілі оқулығының бетін ашыңыз, сөзіміздің дәлелі алдыңыздан шығады.

Ал 1957 жылы «қызыл саясат» қазақ әліпбиі мен оның емле ережесіне де жетті. Сөйтіп қазақтың төл сөздерінің жазылымына орыс тілінің «игі» әсері деген дақпыртпен **у, и, я, ю, щ** дыбыс/таңбалары ендірілді. Сонымен кірме таңбалар қазақтың төл дауысты, дауыссыз дыбыстарының құрамына «өзіміздікі» болып қосыла кетті. Кез келген оқулық немесе оқу-құралының бетін ашыңыз алдыңыздан кірме таңбалар өріп шыға келеді. «Сасқан үйректің» кебін киіп, «дауыссыздан кейін дауысты болады, дауыстыдан кейін дауыссыз болады» деп, жалған ережемен амалдап келе жатырмыз. Қазақ тілінде дауысты дыбыс сөздің барлық шебінде дауысты болатыны, дауыссыз дыбыс сөздің барлық шебінде дауыссыз болатыны санамызға жетпей-ақ қойды.

Осы саяси әліпби реформасының жемісін енді «теріп-жеп» отырмыз. Қазіргі ұрпақты қазақ тілінде, мысалы, дауысты **у** дыбысы жоқ деп сендіре алмай отырғанымыз сондықтан. Өзге кірме таңбалардың жайы да дәл осындай.

Дәйектеменің ең бастысы артикуляциялық шешім болу керек. Дауыссыз **у** дыбысының жасалым белгілері:

- жасалу орнына қарай - ***ерін-еріндік;***
- жасалу тәсіліне қарай - ***жуысыңқы;***
- дауыс қатысына қарай - ***үнді***.

Осындай анықтамасы бар дыбыс халықаралық фонетикалық үрдіс бойынша **[w]** таңбасымен белгіленеді. Дауыссыздың ақиқат анықтамасы мен таңбасы осы болып табылады. Оның қазақ тілі дауыссыздарының пішіндемесінде (моделінде) өзінің орны бар. Ол пішіндеменің бір бұрышын бір өзі нық ұстап тұр, егер осы дауыссыз жоғалатын болса, онда пішіндеме «қаусап» түседі. Басқаша айтқанда, сырттан бөгде бір дыбыс енетін болса немесе бір төл дыбыс жоғалатын болса, онда қазақ тілі дауыссыздарының бүкіл құрамы (состав) мен жүйесі (система) бұзылады деген сөз, солай болады да. Алайда академиялық еңбектердің нәтижесі әзірге оқулықтар мен оқу-құралдарына жетпей жатыр. Сондықтан да, көпшілікті шатастырмас үшін **у** таңбасының іргесіне **[w]** таңбасын қосақтап **у(w)** деп көрсетіп отыруға мәжбүрміз.



Сонымен бұл өзі неғылған дыбыс болып шықты? Оның академиялық мазмұны:

Анықтамасы: ерін-еріндік жуысыңқы үнді
Мәртебесі: жүйеқұрауыш
Қызметі: тұйық рай көрсеткіші
Тіркесімі: тек дауыстыдан кейін келеді
Шеп орналасымы: сөз басында кездеспейді
Жиілігі: жиі кездеседі
Ұқсастығы: Орыс, араб тілдерінде жоқ, ағылшын тілінде бар.

Енді неге «шала дауысты» немесе бірде дауысты, бірде дауыссыз болып жүргеніне тоқталайық. Өйткені: бірінші, оның жасалымы (артикуляциясы) дауыстыға ұқсайды, себебі ауыз қуысында кедергі жоқ; екінші, оның тілдегі қызметі дауыссызға ұқсайды, себебі *буын құрай алмайды*. Тіл жүйесінде оның екінші қызметі басым болып есептеледі, сондықтан да ол дауыссыз дыбыс болып саналады.

Дауыссыз **[w]** дыбысын жоғалтып жүргеніміздің тағы бір себебі «жалған естілімге» (перцептивный немесе слуховой обман) байланысты болып табылады. Қазақ тілінде сөз басында кездеспейтін бес дауыссыз дыбыстың бірі - осы **[w]**. Ендеше дыбыс атауына, өзге дыбыстардай ***бы, ды*** болып дауысты соңынан қосылмай, дауысты алдынан қосылып, **ұу** (**уұ** емес) түрінде айтылады. Сондықтан **ұу** тіркесінің айтылымы орыс тілінің **у** дауысты дыбысының естілімін елестетеді. Қазақ тілі мамандарын да, өзге зерттеушілерді де шатастырып жүрген осы жайт. Бүлдіршіндер мен бірінші сынып оқушыларына арналған оқу-құралдарынан бастап **уық, уыс** т.б. «сөздер **у** дауысты дыбысынан басталып жатыр» дейді. Осы тәрбиемен өскен ұрпаққа осыдан кейін қазақ тілінде **у** дауысты дыбысы жоқ деп дәлелдеп көріңіз. Орыстағы **у** таңбасының машақаты бір мұнымен бітіп жатқан жоқ. Сөздіктер тізбегіндегі **ұ, ү** әріптерінің құрамында тұратын ондаған-жүздеген сөздер «адасып» **у** әрпінің соңында жүр. Әзірге тек сөз басындағы буынға қатысты «адасуларды» ғана көріп отырмыз. Ішкі әліпби тізбегіне қатысты «адасуларды» компьютер бағдарламасының көмегі болмаса, көзбен көріп, қолмен түгендеу мүмкін емес. Себебін көрнекілеп көрсетейік.

Әлеми жазу дәстүрінде бір дыбысты екі-үш таңбамен белгілей беру бар. Ал, көріп отырғанымыздай, бір таңбамен бірнеше дыбысты, оған қоса дыбыс тіркестерін белгілеу әзірге тек қазақ тілінде бар. Біз мұны «әліпби шалағайлық» деп атап отырмыз. Ендеше шалағайлық бар жерде дұрыс емле болуы мүмкін емес.

Ал неге қазақ тілінің төл **[w]** дауыссыз дыбысы осы бір төркіні бөлек **у** таңбасына байланып қалды? Өйткені жоғарыда ескертілді, орыс тілінде мұндай дыбыс жоқ, сондықтан кирилл құрамында оны белгілейтін арнайы таңба да жоқ болды. Бірақ орыс әліпбиінде «жалған естілімге» себеп болып жүрген орыстың **у** дауысты дыбысының таңбасы бар. Осы әріп оп-оңай қазақ әліпбиіне көшіп, **[w]** дауыссызының таңбасына айналып кетті. Сөйтіп қазақ орфографиясының құрамында әбден орнығып алды. Ендігі жерде кирилдің **у** таңбасы мен дыбысынан құтылу оңай болмай, тіптен, мүмкін болмай отыр.

Жүрген жерімізің бәрінде «әліпби сауатымызды ашып алудан бастайық» дегенді босқа айтып жүрген жоқпыз. Және «әліпби сауатты» алдымен оқулық авторлары мен әдістеме иелері бастау керек. Ал бастауыш сыныптан бастау алса, жас ұрпақ өсе келе, бүгінгідей «олай емес, бұлай емес» деп арпалысқан ересектердің «әліпби» дертіне ұшырамайтын болады.

Тіліміздегі [**w**] дауыссызының ақиқатына көз жеткізу үшін бір-біріне орайлас тіркестерді пайдалануға болады. Мысалы, **ау[aw]** деген зат есім морфемасының екі дыбыстан құралатынына ешкімнің шүбәсі жоқ, ал дәл сол үлгідегі **ұу[uw]** зат есім морфемасының қос дыбысты құрамын бір **у** дыбысына айналдырып жіберіп отырмыз. Сонда бізге жетпей тұрғаны - теориялық дайындық пен психологиялық түйсік. Алғашқы **ау** тіркесінің бірінші сыңары ашық дауысты [**а**] айқын естіледі де, екінші сыңары [**w**] дауыссызынан оңай ажыратылады. Ал екінші **ұу** тіркесінің бірінші сыңары еріндік қысаң [**ұ**] мен тағы еріндік [**w**] дауыссызының артикуляциясы өзара тығыз кірігіп кетеді. Сөйтіп орыс тілінің [**у**] дауыстысы тәрізді естілім әсер қалдырады. Дегенмен тіркестің екі сыңарын ажырата алмай жатқанымыз мектептен бастап қазақы түйсінімнен айырылып қалғанымыздан (немесе айырыла жаздағанымыздан) болып отыр. Тіркес **ау** болсын немесе **ұу** болсын, екеуінің де құрамды бөліктерінің арасынан морфем және буын жігі бірдей өтеді, тасымал бірдей жасалады: **а-уұ, ұ-уұ**. Дәйектеменің ақиқаты морфем талданым болып табылады. Салыстырайық:

Анық тіркестер:	ау	тау	асау	айау	ойау	тауыс
Көмескі тіркестер:	ұу	тұу	ысұу үсүу	айұу	ұйұу үйүу	тұуыс

Егер [**w**] дауыссыз дыбысының жазылым емле ережесі дұрыс құрастырылса, онда сөздің *үндесім әуезі*, *морфем* және *буын* құрамы, *тасымал* реті мен *сөйлем ырғағы* бұзылмайтын болады.

Жуан әуезді сөздер құрамында:

-жуан әуезді қысаң **Ұ[u]** мен үнді жуысыңқы **У[w]** дауыссызының тіркесі **ҰУ[uw]** болып жазылады;

-сөз басында**[w]** кездеспейді, сондықтан сөз **ұ[u]** дауыстысынан басталады: у (ұу) **[uw],** уық (ұ-уық) **[u-wuq],** уыс (ұ-уыс) **[u-wus],** уақыт (ұ-уа-қыт) **[u-wa-qıt];**

-сөз ортасында: туыс (тұ-уыс) **[tu-wus],** суық (сұ-уық) **[su-wuq],** жуан (жұ-уан) **[ju-wan],** шаруа (ша-рұ-уа) **[şa-ru-wa],** оқушы (о-құу-шы) **[o-quw-şı];**

-сөз соңында: ту (тұу) **[tuw],** су (сұу) **[suw],** бу (бұу) **[buw],** алу (а-лұу) **[a-luw]**, толу (то-лұу) **[to-luw],** оқу (о-құу) **[o-quw],** қару (қа-рұу) **[qa-ruw];**

Жіңішке әуезді сөздер құрамында:

-жіңшке әуезді қысаң **Ү[ü]** мен үнді (жуысыңқы) **У[w]** дауыссызының тіркесі **ҮУ[üw]** болып жазылады::

-сөз басында **[w]** кездеспейді, сондықтан сөз **ү[ü]** дауыстысынан басталады: үіл (ү-үіл) **[ü-wül],** үәде (ү-үә-де) **[ü-wə-de],** ү-үәж (ү-үәж) **[ü-wəj],** үәли (ү-үә-лій) **[ü-wə-liy],** үәзір (ү-үә-зір) **[ü-wə-zir];**

-сөз ортасында: сурет (сүу-рет) **[süw-ret],** келуші (ке-ліу-ші) **[ke-lüw-şi],** сенумен (се-нүу-мен**) [se-nüw-men],** секіруге (се-кі-рүу-ге) **[se-ki-rüw-ge],** келуі (ке-лү-уі) **[ke-lü-wi];**

-сөз соңында: күлу (кү-лүу) **[kü-lüw],** тілу (ті-лүу) **[ti-lüw],** күту (кү-түу) **[kü-tüw]**

Ендеше латын әліпбиіне қазіргі кирилл орфографиямыздың үлгісімен өтуге болмайды. Онда кирилдегі тілбұзар ережелерімізді сол күйінде қайталаған болып шығамыз. Сондықтан алдымен қазақ мәтініне «әліпби транскрипция» жасап алуымыз керек. Сонан соң барып қазақ тілінің төл дыбыстарын латын әліпбиіне көшіреміз. Осындай реформаның нәтижесінде қазақ тілінің:

-төл дыбыс құрамы кірме таңбаларсыз таза анықталады;

-төл дыбыс құрылымы (жүйесі) сақталады;

-морфем құрамы бұзылмайды;

-буын тұрқы жаңсақ жіктелмейді;

-тасымал реті сетінемейді;

-сөйлем ырғағы дұрыс сақталады.

Латын әліпбиіне өту үстіндегі жазу реформасының басты нәтижесі осы болмақ.

Өкінішке орай, бұл дыбыстың ақиқат **[w]** таңбасына латын негізіндегі диграф, апостроф, акут әліпбилеріміздің де орын табылмады, қайтадан сол орыс тілінің созылыңқы **у[u:]** дыбысының **ý** деген таңбасының кебін киіп қалды. Енді қашан және қай ұрпақ оны осы бір шала жансар әліпби тамұғынан аршып ала алар екен, әлде біздің көз алдымызда өшіп, құрдымға кете береді ме? Келер ұрпаққа аманат етіп қалдыруға да дәрменіміздің келмегені ғой.

Орфографиямызда «жолы болмай» жүрген бір бұл дыбыс емес. Қалғандарына да ретретімен арнайы тоқтала жататын боламыз. Ендеше әңгімеміздің жалғасы бар.

Соңғы ұсынылған (бекітілген) ЖАҢА АКУТ ӘЛІПБИІНІҢ ағат тұстары байқалды. Аса жоғары ресми деңгейде қабылданған құжатқа, маман ретінде, «тәуекел» деп, теориялық және оқу-әдістемелік талдау жасап бердік. Өйткені әліпбидің ағат тұстары, ***әліпби жаңғыру*** емес, ***әліпби жаңылу*** болып отыр. Осының бәрін көре отырып, маман ретінде, қалыс қалуға дәтіміз шыдамады. Билік шешіміне кереғар пікіріміз үшін жауап тартар жайымызды да білмей отырған жоқпыз. Сонымен қатар әліпби құрамындағы шикіліктің басты себебі қазіргі қоғамда басым болып отырған тірек мамандығы қазақ тілі емес әріптестеріміз бен орыстақы мектеп тәрбиесінің салдары екенін баса айтамыз. Мұны жөнге салудың аса қиын екенін, тіптен **бүгінгі таңда мүмкін емес** екендігін ескеріп отырмыз. Дегенмен...

Бірінші кезекте қазақ тілінің төл дыбыс құрамы (состав) мен жүйесі (система) дұрыс анықталуы керек, жоғарыда көрсеттік.

Сонан соң, латын әліпбиінің таңбалары (әріптері) артикуляциялық айырым белгілеріне лайық халықаралық тәжірибе үлгісінде таңдалып алыну керек.

Ендеше қазақ тілінің төл дыбыс құрамын анықтап, жүйесін сипаттап алып барып латын әліпбиін құрастыруға көшу керек. Жүйелі ӘЛІПБИ сонда ғана шығады.

Кез келген әріптің дәйектемесі сол әріпке тән дыбыстың жасалым (артикуляциялық) белгілері болып табылады. Әзірге қазақ әліпбиін құрастыру дыбыстардың естілім (перцепция) белгілеріне ғана сүйеніп жасалып жатыр. Әсіресе, өкінішке орай, әбден «үйреншікті» болып қалған орыс әліпбиінің үлгісіне еліктеу басым. Оның үстіне орыс жазуының емле ережесін сол күйінде көшіріп алып отырғанымыз тағы бар. Соның нәтижесінде, мысалы, кирилше У таңбасымен белгіленіп кеткен төл дауыссызымыз орыстың **[u:]** дауыстысына айналып барады. Шын мәніндегі **[w]** дауыссызымыздың академиялық (теориялық) анықтамасы жоғарыда көрсетілді. Сол ақиқат белгілеріне қарамай, өзіміз қолдан (сауатсыздықтан) дауыстыға айналдырып отырмыз.

Қазақ тілі дыбыстарына тән латын таңбаларының фонетикалық (артикуляциялық) дәйектемесі (қысқартып тек үнді дауыссыздарды қамтып отырмыз).

1	**Mm**	ерін-еріндік, тоғысыңқы, үнді
2	**Nn**	тіл ұшы, тоғысыңқы, үнді
3	**Ŋŋ**	тіл ортасы/тілшік, тоғысыңқы, үнді
4	**Rr**	тілұшы, діріл жуысыңқы, үнді
5	**Ll**	тіл ұшы, жанама жуысыңқы, үнді
6	**Yy**	тіл ортасы/тілшік, жуысыңқы, үнді
7	**Ww**	ерін-еріндік, жуысыңқы, үнді

Басқаша таңбалаудың еш реті жоқ, өйткені олар жасанды болып шығады. Егер **Mm, Nn, Ŋŋ, Rr, Ll** таңбаларының ақиқаттығына күмәнданбайтын болсақ, онда сол реттегі **Yy, Ww** таңбаларына да тоқтауымыз керек. Басқа жол жоқ.

Дауыссыз [**Ww**] дыбысы бар екенін және оның төл дыбысымыз екенін мойындатудың бар амалы осы болып табылады.

Орыстың дауысты *У* таңбасымен орынсыз белгіленіп келген қазақтың дауыссыз *У* дыбысы, әлеми жазу дәстүрі мен жазу теориясына лайық, [w] таңбасымен *міндетті* түрде белгілену керек. Мысалы, АУ ау = **AW aw (AЎ aў** емес**);** У у = **UW uw (Ў ў** емес**);** ТАУ тау = **TAW taw (TAЎ taў** емес**);** ТУ ту = **TUW tuw (TЎ tў** емес**);**

Дауыссыз дыбысты белгілейтін **Уу** әрпінің жазуымызда төрт түрлі оқылымы (айтылымы) бар екені жоғарыда айтылды. Әлеми жазу практикасында мұндай ағаттық (анохронизм) жоқ.

И таңбасының (дыбысының емес) жайы да дәл осындай.

Қайталаудан шаршамаймыз, әлемде жоқ әліпби үлгісі қазақ жазуында ғана бар: бір таңбамен екі-үш дыбыстың тіркесін біз ғана белгілеп келеміз. Мысалы, бір ғана **И** таңбасын (әрібін) алайық. Төрт түрлі орфографиялық үлгісі бар: орыс тілінің ***И*** дауысты дыбысын, қазақ тілінің ***Й*** дауыссыз дыбысы мен ***ЫЙ*** және ***ІЙ*** дыбыс тіркестерін бір өз-ақ белгілеп келеді. Белгілеп қана қоймай, арнайы емле ережемен бұлжымастай етіп бекітіп те қойдық.

Жарайды, практикалық талданым осыны көрсетті, ал теория не дейді екен. Теория қысқа қайырады. Қазақ фонетикасының «айырым белгілер» теориясына (теория дифференциальных признаков) сүйеніп жасалған қазақ тілі дауыссыздарының жіктелім пішіндемесіне (моделіне) жүгінейік.

Тағы да қайталауға тура келеді, пішіндемеден көрініп тұрғандай, **й[y]** дауыссыз дыбысы құрылымның (модельдің) бір бұрышын бір өзі ұстап тұр. Егер **й[y]** дауыссыз дыбысы жоғалатын болса, онда пішіндеме (модель) түгел қаусап түседі. Бұл – тіл дыбыстарының құрамынан бір дыбыс жоғалса, бүкіл жүйесі (системасы) бұзылады немесе бір бөгде дыбыс енетін болса, тілдің дыбыс жүйесі (системасы) түгелдей бүлінеді деген сөз.



Сонымен бұл өзі неғылған дыбыс болып шықты? Оның академиялық мазмұны:

Анықтамасы: тілшік (тіл ортасы) жуысыңқы үнді

Мәртебесі: жүйеқұрауыш

Қызметі: көсемшенің көрсеткіші

Тіркесімі: тек дауыстыдан кейін келеді

Шеп орналасымы: сөз басында кездеспейді

Жиілігі: жиі кездеседі

Ұқсастығы: Орыс, ағылшын тілінде бар.

Тағы да ғылыми негізге жүгінетін болсақ, Халықаралық Фонетикалық Әліпби (ХФӘ немесе МФА – Международный Фонетический Алфавит) үлгісі бойынша бұл дауыссыз дыбыстың, өзінің жасалымына (артикуляциясына) лайық, әліпби таңбасы латынның [**y**]-ы болуға тиіс. Бұдан әрі қарай осы таңбаны тұрақты пайдаланатын боламыз.

Сонымен **и** таңбасының әліпби жазылымы төмендегідей болатыны күмән тудырмауға тиіс.

Жуан әуезді сөздердің құрамында.

Жуан (қысаң) әуезді **Ы [ı]** мен үнді (жуысыңқы) **Й [y]** дауыссызының тіркесі сөздің морфем және буын тұрқын бұзбай, тасымал ретін сақтау үшін **ЫЙ [ıy]** болып жазылады:

Сөз басында **й[y]** кездеспейді, сондықтан алдынан **ы[ı]** қосылады: **иық (ыйық) [ı-yıq];**

Сөз ортасында: **тиын (ты-йын) [tı-yın], қыйын (қы-йын), [qı-yın], жыйын (жы-йын) [jı-yın];**

Сөз соңында: **тый (тый), ылғый (ыл-ғый) [ıl-ğıy], сыный (сы-ный) [sı-nıy], ысый (ы-сый) [ı-sıy];**

Жіңішке әуезді сөздердің құрамында.

Жіңішке (қысаң) әуезді **І[i]** мен үнді (жуысыңқы) **Й[y]** дауыссызының тіркесі сөздің морфем және буын тұрқын бұзбай, тасымал ретін сақтау үшін **ІЙ[iy]** болып жазылады:

Сөз басында кездеспейді, сондықтан алдынан **і[i]** қосылады: **и (ій) [iy], иіс (і-йіс) [i-yis], ирек (ій-рек) [iy-rek], ие (і-йе) [i-ye], ине (ій-не) [iy-ne];**

Сөз ортасында: **киім (кі-йім) [ki-yim], шие (ші-йе) [şi-ye], тиін (ті-йін) [ti-yin], сирек (сій-рек) [siy-rek];**

Сөз соңында: **ти (тій) [tiy], би (бій) [biy], бәлки (бәл-кій) [bäl-kiy], іскери (іс-керій) [is-ke-riy].**

Тағы да өкінішке орай, бұл дыбыстың ақиқат **[y]** таңбасына латын негізіндегі жаңа акут әліпбиімізден де орын табылмады, қайтадан сол орыс тілінің созылыңқы **[i:]** дыбысына қосақтап, екеуін бірдей **Іі** таңбасымен белгілеп беріп отыр.

Қазақ тілі дауыссыз дыбыстарының жіктелім пішіндемесінде дауысты мәртебісіндегі **И, У** дыбыстарына орын жоқ, ендеше олар төл дыбыстар құрамына ене алмайды. Қазақ (жалпы түрік, түркі емес) тілінің фонетикалық тұрқы тұтасқан үндесім бірлік болып табылады. Сондықтан үндесім тұтастық сырттан дыбыс қабылдатпайды, «шапқыншы» дыбыстар үндесім тұтастықты бұза алмайды.

Осыған орай, тағы бір теориялық батыл ұсыныс-ұстаным жасамақпыз. Үндіевропа тілдері «орфографиялық» тілдерге жатады (сөз құрамындағы дыбыстардың айтылымын сөздік екпін реттейді), қазақ (жалпы түрік) тілі «орфоэпиялық» тілге жатады (сөз құрамындағы дыбыстардың айтылымын сингармонизм реттейді). «Бір дыбыс – бір таңба» болып, сөз құрамындағы ақиқат дыбыстардың бәрі өз шебінде өз таңбасымен тұру керек. Басқаша айтқанда, қалай айтылса, солай жазу керек. «Орфография» деп бұзып, «орфоэпия» деп түзетіп жатудың басы артық. Әрине «орфография» мен «орфоэпияның» керек жері – тек қана біріккен/кіріккен сөздердің, түбір мен қосымшаның шегара шебіндегі үйлесім түрленімі мен ерін әуезді үндесімді белгілеу үшін қалады. Мұның өзі де шартты.

Егер кірме таңбалардың «орфографиясынан» арылатын болсақ, онда «орфоэфиялық» сөздігіміз көп ықшамдалып қалады.

Егер шынын айтатын болсақ, акут әліпбидегі жаңсақтықтар теориялық және оқуәдістемелік тұрғыдан өрескел кемшіліктер болып табылады. Оның тауқыметін ертең

оқулық жазатын *авторлар*, әдістеме ұсынатын *әдіскерлер*, аудитория мен сыныптарға баратын *оқытушылар* мен *мұғалімдер*, сол аудитория мен сыныптарда отырған *шәкірттер*, латын әліпбиін насихаттап іске асыратын күллі *мамандар* тартатын болады. Ендеше «аурудың алдын алу керек».

Төменде көрнекі мысал ретінде үзінді мәтін беріп отырмыз.

ABAYJOLI

Üş kündik joldıŋ büginginі, soŋǵı künine bala şäkirt barın saldı. Qorıqtan kün şı-ǵa atqa mineyik dep asıq-qan-dı. Bunı qaladan alıp qaytqalı barǵan aǵayını Bay-tastı da taŋ atar-atpasta ózi oyatıp turǵızıp edi. Kün uzın attan da tüspey, özge jür-ginşilerden oq boyı alda otır-ǵan. Key-keyde özine tanıs Köküyirim men Buwra-tiygen, Taqırbulaq sıyaqtı qonıs-qudıqtardıŋ tus-tusına kelgende bala oqşaw şıǵıp, astındaǵı jaraw qula bestisin aǵızıp-aǵızıp ta aladı…

-Mına balanıŋ awılǵa ası-ǵuwın-ay!

Қосымша-1. Түрік (түркі) халықтарының қазіргі әліпбиі латын, кирилл және араб графикаларына негізделіп келе жатқан *көптекті* жазу болып отыр. Соның нәтижесінде дыбыс құрылымының жақындығы мен туыстығына қарамай, түрік тілдерінің әліпбиі және оның орфографиялық үлгісі бір-бірінен өте алшақ жатыр. Ендеше, түрік тілдерінің жазуын бірегейлендіру өзекті (актуал) мәселелердің біріне айналып отыр.

***Ескерту*: жасанды ендіріліп жүрген *түркі* атауының орнына табиғи *түрік* атауын пайдаланғанды жөн көріп отырмыз. Әрі қарай солай жасаймыз, өйткені *түрік* атауы барлық *түрік* тілдеріне ортақ сөз.**

Ең бастысы ортақ түрік ӘЛІПБИІ түрік халықтарының басын біріктіретін ұтымды амал болып табылады.

Ғылыми (теориялық) негіздемесі орнықты әліпби арқылы ғана бүкіл түрік жұртына оқылым/айтылымы түсінікті ортақ мәтін қалыптасады. Ол үшін әр тілдің ғалымдары әліпби өрнектерін бірыңғай белгілеп отыру керек.

Бірінші кезекте, түрік лингвистикасының (фонетикасының) негізгі ұстанымдары «европаөзімшіл» (европацентризм) ықпалынан тазартылуы тиіс. Өйткені осы күнге дейін, өкінішке орай, әсіресе бұрынғы кеңес (Совет одағы) қарамағында болған түрік мемлекеттері жазу мәселесінде орыс тілінің әліпбиі мен емле ереженің ықпалынан шыға алмай отыр. Тілдің ақиқат дыбыс құрамы мен әліпби таңбаларының арасында елеулі айырмашылық (*қайшылық* десе де болады) бар. Сөздің айтылымы (орфоэпия) мен жазылымының (орфография) арасы орынсыз алшақтап кетіп отыр. Түрік тілдерінің әліпбиін үйлестіруге кедергі болып отырған да осындай қайшылықтар. Сөйтіп дыбыс түрлерінің бір-біріне жақындығы мен ұқсатығына қарамай түрік әліпбилері өзара үйлеспей жатыр. Үйлеспеушілік әліпби құрамындағы таңба (әріп) саны мен ортақ бір дыбысты әртүрлі белгілегеннен байқалады.

Түрік дыбыстарын өзара үйлестіре талдауға негіз болатын теориялық ұстаным керек. Ондай ұстаным түрік тілдерінің іргелі (фундаментал) заңдылығы сингармонизм (үндесім) болып табылады. Үндесім теориясының нәтижесінде айтылым (орфоэпия) мен жазылым (орфография) өзара үйлесімін табады.

Біздің ойымызша «бір дыбыс - бір әріп» болып белгіленген әліпби дұрыс әліпби. Әр дыбыстың жеке-жеке таңбалануы:

-қол дағдыны оңай қалыптастырады;

-көз танымды жеңілдетеді;

-жазылым (орфография) мен айтылым (орфоэпия) өзара үйлесімін табады;

-әдістемелік ережелердің санын көп қысқартады.

Сонда ”Бір дыбыс –бір әріп” ұстанымына орай әрбір әріптің бір ғана оқылым (айтылым) үлгісі болады. Оқылымы (айтылымы) екі не одан көп әріп дұрыс әріп емес.

Түрік жазуына қатысты 1991-1993 жылдары әртүрлі деңгейде өткен жиындардың нәтижесінде тәуелсіз түрік мемлекеттері 34 таңбадан тұратын ОРТАҚ ӘЛІПБИ үлгісін ұсынды (түпнұсқадағы **Ņņ** таңбасын жазуға ыңғайлы **Ŋŋ** таңбасымен алмастырдық).

Aa, Əə, Bb, Cc, Çç, Dd, Ee, Ff, Gg, Ğğ,
Hh, Iı, İi, Jj, Kk, Qq, Ll, Mm, Nn, Ŋŋ,
Oo, Öö, Pp, Rr, Ss, Şş, Tt, Uu, Üü, Vv,
Ww, Xx, Yy, Zz

Мұндағы мақсат – егер түрік мемлекеттері латын графикасын қабылдайтын болса, онда қажет әріптерді осы 34 таңбаның ішінен алғаны жөн. Сонда түрік халықтарының жазуы бір ізге түседі (бірегейленеді). Әрине, сөздің айтылымы (оқылымы) әр ұлттың өз тіліне тән әртүрлі бола береді, бірақ сөздің графикалық бейнесі (суреті) барша түрікке таныс болады. Сөйтіп ортақ мәтін қалыптасады, бірінің жазғанын екіншісі оқи беретін болады. Сонымен қатар, тағы бір маңызды мәселе шешіледі, өйткені, жоғарыда айтылғандай, ортақ жазу түрік халықтарының басын біріктіретін ұтымды амалдардың бірі болып табылады.

Өкінішке орай, ОРТАҚ ӘЛІПБИГЕ қатысты қазақ мамандарының арасында бір теріс түсінік бар. Олар ортақ түрік әліпбиін түрік түрікшесінің әліпбиі деп ойлайды, «сондықтан орыс пен орыстың кирилшесінің «ағалық» ықпалынан құтылып, енді келіп түрік пен түрік түрікшесінің әліпбиінің «ағалық» ықпалында боламыз ба» деп қарсылық білдіреді.

Әрине мәселені бұлай қою дұрыс еместігі белгілі.

Біріншіден, өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары барлық түрік тілдері латын әліпбиіне көшу керек деген ортақ шешім болған. Сол кезде түрік түрікшесі, өзінің егемендігін пайдаланып, латын әліпбиіне қиналмай өтіп кетті де, Совет одағының қарамағындағы түріктер «қызыл саясаттың» салдарынан өте алмай қалып қойды. Содан бері латын әліпбиінің иесі жалғыз түрік түрікшесі болып қалды. Латын әліпбиін сақтап бүгінгі күнге жеткізген де түрік түрікшесі екенін мойындауымыз керек.

Екіншіден, ортақ түрік әліпбиін ешкім жеке иеленбейді, ол түріктікі де емес, қазақтікі де емес, әзірбайжандікі де т.б. емес, бүкіл түрік жұртының ортақ жазу үлгісі. Сондықтан оны ортақ жазу үлгіміз деп қабылдау керек, оның иесі - бүкіл түрік жұрты.

Үшіншіден, ортақ латын әліпбиі барлық түрік тілдерінің дыбыс құрамын түгел және дұрыс қамтып отыр, сондықтан да ортақ әліпби аталып отыр.

Енді осы ортақ әліпбиді пайдаланудың жолын қарастырайық. Қазіргі кезде қай тілдің болмасын әліпбиі тек естілім түйсінім арқылы (перцепция) түзіледі. Басқаша айтқанда, қалай есітеміз солай әліпби әріптерін құрастырамыз. Бұл әліпби құрастырудың ең оңай жолы. Сондықтан да бәріміз тек осы амалды пайдаланып келеміз. Әрине, бұл әдісті жоққа шығаруға болмайды, сонда да болса, бұл - сыңар жақ және жеткіліксіз шешім. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, естілім түйсінім арқылы бас-аяғы бүтін әліпби жасалмайды, қалай да қалай бірлі-жарым болсада кемшілік кетіп жатады екен.

Сонда не істеу керек? Әліпби әріптерін таңдағанда әр дыбыстың артикуляциясына сүйену керек. Өйткені дыбыстың артикуляциясына негізделген әліпби ғана дұрыс болып шығады.

Мысал ретінде қазақ ҰЛТТЫҚ әліпбиінің қалай жасалғанына тоқталайық.

Бірінші кезекте қазақ тілінің төл дыбыс құрамы (состав) мен жүйесі (система) дұрыс анықталуы керек.

Дауысты және дауыссыз дыбыстардың жіктелім кестелерінде әр дыбыс өзінің жасалым (артикуляция), естілім (перцепция) айырым белгілеріне (дифференциалные признаки) қарай өз ұясына орналасқан. Кестелер төл дыбыстарымыздың құрамы мен олардың жүйесін көрнекі көрсетіп тұр. Мұның сыртынан қазақ тілінің дауысты немесе дауыссыз дыбыстарын іздеп әуре болмау керек.

Латын әліпбиінің таңбалары (әріптері) осы айырым белгілерге лайық халықаралық үлгіде таңдалып алынған (жоғарыда үнді дауыссыздар үлгісінде берілді).

Ендеше қазақ тілінің төл дыбыс құрамын анықтап, жүйесі сипаттап алып барып латын әліпбиін құрастыруға көшу керек. Жүйелі ӘЛІПБИ сонда ғана шығады. Мұны айтып отырған себебіміз қазақ тілінің әліпби құрамына көптеген орыс әріп/дыбыстары кіріп кеткен, олардан міндетті түрде арылу керек болады. Арылудың амалы артикуляциялық талданым болып табылады. Кестеде орны табылмаған дыбыс қазақ тілінің дыбысы емес.

Қазақ тілінде 9 дауысты дыбыс, 17(19) дауыссыз дыбыс бар. Бар болғаны 26(28) төл дыбыс. Қазақ тілінің төл дыбыстарының таңбалары ортақ түрік әліпбиінің ішінен толық табылып тұр.

ОРТАҚ ӘЛІПБИДЕН туындаған қазақ әліпбиін «Ұлттық әліпби» деп атадық.

Ұлттық қазақ латын әліпбиі

Aa, Əə, Bb, Dd, Ee, Gg, Ğğ,
Iı, İi, Jj, Kk, Qq, Ll, Mm, Nn, Ňň,
Oo, Öö, Pp, Rr, Ss, Şş, Tt, Uu, Üü,
Ww, Yy, Zz

Ұлттық әліпби бойынша жазу үлгісін жоғарыда келтірдік.

ОРТАҚ ӘЛІПБИ үлгісі кез келген түрік тілінің әліпбиін құрастыруға толық жетіп жатыр. Әрине бірлі-жарым бірегей (уникал) дыбыстар болып қалары сөзсіз, ондай жағдайда таңбаны сол тілдің мамандары өзінше шешіп, ерекше таңба (әріп) барын ескертіп отырсын.

Üzindi

Nursultan Nazarbayev

ATQA MİNÜW MƏDENİYETİ

Atqa minüw mədeniyeti men jılqı şaruwaşılığı jer jüzine Ulı daladan tarağanı tarıyqtan belgili. Elimizdiň soltüstik öňirindegi eneolit dəwirine tiyesili “Botay” qonısında jürgizilgen qazba jumıstarı jılqınıň tuňğuş ret qazirgi Qazaqstan awmağında qolğa üyretilgenin dəleldedi. Jılqını qolğa üyretüw arqılı bizdiň babalarımız öz dəwirinde adam aytqısız üstemdikke iye boldı. Al jaqandıq awqımda alsaq, şaruwaşılıq pen əskeriy saladağı teň-dessiz revolyutcyağa jol aştı. Jılqınıň qolğa üyretilüwi atqa minüw mədeniyetiniň de negizin qaladı. Bes qaruwın asınğan salt attı sarbaz aybarlı köşpendiler imperyaları tarıyq saqına-sına şıqqan dəwirdiň simvolına aynaldı. Tuw ustağan salt attı jawıngerdiň bey-nesi - batırlar zamanınıň eň tanımal embleması, sonımen qatar attı əskerdiň payda boluwına baylanıstı qalıptasqan köşpendiler əlemi “mədeniy kodınıň ay-rıqşa elementi. Avtokölik qozğaltqış-tarınıň quwatı əli künge deyin attıň küşimen ölşenedi. Bul dəstür – jer jüzinde salt attılar üstemdik qurğan ulı dəwirge degen qurmettiň belgisi. Biz əlemniň barlıq tükpirine ejelgi qazaq jerinen tarağan osınaw ulı tekhnolo-gyalıq revolyutcyanıň jemisin adamzat balası XIX ğasırğa deyin paydalanıp kelgenin umıtpawğa tiyispiz. Qazirgi kiyim ülgisiniň bazalıq komponentteri Dala örkeniyetiniň erte kezeňinen tamır tartadı. Atqa

minüw mədeniyeti salt attı jawıngerdiň ıqşam kiyim ülgisin düniyege əkeldi. At üstinde jürgende ıňğaylı boluwı üşin babalarımız alğaş ret kiyimdi üstiňgi jəne astıňğı dep ekige böldi. Osılayşa kədimgi şalbardıň alğaşqı nusqası payda boldı. Bul salt attı adamdardıň at qulağında oynawına, urıs kezinde erkın qıymıldawına mümkindik berdi. Dala turğındarı triden, kiyizden, kendir men jünnen, kenepten şalbar tikti. Sodan beri mıňdağan jıl ötse de, ki-yimniň osı türi özgere qoymadı. Qazba jumıstarı kezinde tabılğan köne şal-barlardıň eş ayırması joq. Sonımen qatar bügingi etikterdiň barlıq türi köşpendiler atqa mingende kiygen jumsaq ökşeli saptama etiktiň “muragerleri” ekeni belgili. At üstinde jürgen köşpendiler taqımına basqan səygüligine neğurlım erkin minip jürüwi üşin biyik er-turman men üzeňgini oylap taptı. Bul jaňalıq salt attı adamnıň at üstinde qaqqan qazıqtay mığım otıruwına, qolındağı qaruwın eş qıyındıqsız jəne neğurlım tiyimdi qolda-nuwına mümkindik berdi. Babalarımız şapqan attıň üstinen sadaq tartuwdı barınşa jetildirdi. Soğan baylanıstı qaruwdıň qurılımı da özgerip, kürdeli, ıňğaylı əri quwattı bola tüsti. Masağına qawırsın tağılıp, metalmen uştalğan jebe beren sawıttı tesip ötetin köbebuzarğa aynaldı. Qazaqstan awmağında ömir sürgen türki taypaları oylap tapqan tağı bir teqnolgyalıq jaňalıq - qılış. Onıň oqtay tüzüw nemese iyilgen jüzi – erekşe belgisi. Bul qaruw eň maňızdı əri keň taralğan soğıs quralına aynaldı. Sarbaz ben onıň mingen atın qorğawğa arnalğan sawıttı da alğaş ret babalarımız jasağan. Ewrazya köşpendileriniň ayrıqşa maňız-dı jaňalığına balanğan muzday temir qursanğan attı əsker osılayşa payda boldı. Ottı qaruw payda bolıp, jappay qoldanısqa engenge deyin attı əskerdiň damuwı bizdiň dwirimizge deyingi I mıňjıldıq pen bizdiň dəwirimizdiň I ğasırı arasında köşpendilerdiň uzaq uwaqıt boyı burın-soňdı bolmağan jawın-gerlik üstemdik ornatuwın qamtamasız etken jasaqtıň erekşe türi - aybarlı attı əskerdiň qalıptasuwına ıqpal etti.

Қорыта келіп, мынадай ұсыныс жасағымыз келіп отыр. Түрік мемлекеттері әрқайсысы өз әліпбиін өзінше қабылдап кетіп барады, тағы да кирилл кезіндегідей бірінің жазуын екіншісі түсінбейтін болды. Жарайды, әр мемлекет өз әліпбиіне ие бола берсін, оған қарсыласар шама жоқ. **Бірақ жоғарыдағы ортақ ӘЛІПБИДІ пайдаланып, ортақ гәзет, мүмкін журнал шығара алсақ. Түрік халықтарының бәрінің ауыз әдебиетінен, көркем шығармалардан, балаларға арналған еңбектерден шағын-шағын үзінділер, ұлы тұлғалар жайлы танымдық деректер жарияланып отырар еді. Бұған әрине алдымен тілі түрік тілдерінің бірінде шыққан түрік жұртының зиялы өкілдері ат-салысу керек болады. Басылым мәтінін ешбір түрік жатсынбайтын болады.**

Осындай ойтастар ұсыныс бар.

Қосымша-2. Қазіргі әліпби мен емле санамыздағы «жалған естілімнің» нәтижесі болып отыр. Амал жоқ, күйінесің-күйесің, кімнен демеу күтесің.

Босқа күйіп-пісіп жатқан жоқпыз, көптеген оқулық пен оқу-құралдарының кез келген біреуінің бетін ашайық. Бастауыш мектептің оқулығын, оқулық болғанда 2-сыныптың оқулығы мен Әліппені әдейі алдық. ***Оқулық авторларынан арнайы кешірім сұраймыз, олар мемлекеттік бағдарлама бойынша дайындап отыр, басқа амалы жоқ, ендеше кеткен жаңсақтықтар автор-әріптестеріміздің кінәсі емес. Анығын айтсақ, бәріміздің ортақ кінәміз, мүмкін күнәміз де шығар...***

Мынау сабақтың тақырыбы: «У дыбысының дауысты және дауыссыз болып айтылуы». Көріп отырғанымыздай, У әрібінің дауысты дыбыс екеніне еш күмәндәніп отырған жоқ. Баланың санасына жалған білімді құю, міне, қай жерден басталады. Одан әрі оның емле ережесіне тоқталайық: «Дауыстыдан соң және сөз басында дауыстыдан бұрын келген у дыбысы дауыссыз болады: *әуежай, уақыт, Сәуле.* Дауыссыздан соң және сөз басында дауыссыздан бұрын келген у дыбысы дауысты болады: *сусын, елу, улап-шулап*».

Осы бір жаңылтпаш сықылды емле ережеден құтылатын түріміз жоқ. Бала түгілі ересекті жаңылдыратын, жаттауға да көнбейтін амалсыз табылған әрекет. «Дауыссыздан кейін.., дауыстыдан кейін...», жарайды ұқтық дейік, ал «сөз басында...» дегенге жол болсын: *уақыт* [**uw**aqıt] пен *улап* [**uw**lap] дегендегі У[uw]-дың бір-бірінен қандай айырмашылығы бар?!

Қорыта келіп, «дауысты» У дыбысынан айырыла алмай, «Мәтінді көшір, дауысты У дыбысының астын бір сыз, дауыссыз У дыбысының астын екі сыз» деген үй тапсырмасымен бір-ақ тыныстадық.

Емле ереже «сауат ашуды күрделендірмеу керек» деген уәждің жөні жоқ, емле ереженің басты мақсаты тілдің табиғи құрылымын сақтау, ол – қазақ тілі үшін «бір дыбыс – бір таңба». Жалпы, емле ереженің оңайы болмайды, оңай емле ережені қай тілден көрдік? Қазақ тілі де соның бірі.

Тағы бір ережеге жол-жөнекей тоқтала кетейік: «Ы, І дыбыстарына аяқталған сөздерге У дыбысы қосылса, Ы, І дыбыстары түсіп қалады: *тас**ы** – тас**у**, оқ**ы** – оқ**у**, тор**ы** – тор**у**»*. Жоқ, дауысты Ы, І дыбыстарымен дауыссыз У дыбысы өзара ымырасыз дыбыстар болып табылады, олар өзара ешуақытта қатар тұрмайды, тіркеспейді. Сондықтан *тасы* езулік әуезді сөзі *тасу* болған кезде Ы дауысты дыбысы түсіп қалмайды, Ұ дауысты дыбысымен алмасады: *тасы* [tası] – *тасұу* [tasuw]. Сөйтіп буынның дауысты құрамды бөлігі жоғалып кетпейді, сақталады. Ал *оқы, торы* сөздерінің құрамындағы Ы әрпі орфографиялық елес. Еріндік әуезді сөздің соңғы дауыстысы Ы емес, о бастан Ұ болып табылады. Ендеше еріндік У дауыссызы еріндік дауысты Ұ-ға келіп тіркесіп тұр: *оқұ* [oqu] – оқұу [oquw], *торұ* [toru] – *торұу* [toruw].

Келесі тақырып: «*И, й* әріптерінің жазылуы». Орфографиялық үлгісі **У** әрібіне ұқсас болғандықтан, арнайы таратып талдап жатпаймыз. Тек емле ережесін келтіре отырып, «**И** – дауысты, **й** – дауыссыз. **И** әрпі сөз басында және дауыссыздан соң жазылады: *ж**и**ек, б**и**, **и**т, **И**са*; ал **й** әрпі дауыстыдан кейін жазылады: *мо**й**ын, ме**й**із, а**й**, қа**й**ыс»*, қазақ тілінің төл дыбыс құрамында **И** дауысты дыбысы жоқ екенін ескертеміз. Сонда *жиек* [jiyek], *би* [biy], *ит* [iyt], Иса [Iysa] болып шығады. Мұны да көңілге қонымсыз емле ережемен аяқтайық: «**И** дыбысының алдында **ы, і** естілгенімен, олар жазылмайды: *к**и**ім, қ**и**ын, ж**и**ын»,* естіп тұрып, неге жазбаймыз?!

Шегініс. Қарсы топтың уәжіне келейік: егер кейбір дыбыс тіркестерін бір таңбамен белгілесек, онда жазу *ықшамдалады*, қағаз (?) *үнемделеді,* жазу *оңтайланады,* сөзді оқу *жеңілдейді* т.б. Сөздеріміз «шұбалаңқы» дейді.

Қарсы пікірімізді бірден айтайық, қазақ тілінің (сөзінің) табиғи тұрқын бұзатын *ықшамның, үнемнің, оңайдың, жеңілдің* т.б. алдамшы ұстанымдар (принциптер) кімге және неге керек?! «Шұбалаңқы» деп тіліміздің жиренеміз бе? Тіліміздің әлем тілдерінің құрамындағы ерекшелігі мен құндылығы да сол көп **қосымшалылығында** емес пе!

Олардың тағы бір уәжі – қазіргі қоғам ***су, бу*** т.б. деп жазғанға көзі әбден үйренген, ***сұу, бұу*** т.б. деп жазғанды қабылдамайды-мыс. Расты рас деу керек, қазіргі қоғам дәл солай, оны біз білмей отырған жоқпыз. Жарты ғасыр бойы (1957 жылдан бастап) ***су, бу*** т.б. деп тоқпақтай берсе, сеніп қалмағанда не істейді. Сеніп қалған нәрсе бұрыс болса да дұрыс көрінетіні анық.

«Бұу» мен «сұуды», «мый» мен «қыйды» қазіргі қоғам қабылдамайды деп бас ұра беретін болсақ, жазуымызға реформа жасап несіне әуре болып жатырмыз, онда қоғамды ырза қылу үшін кирилде отыра берейік. Оу, әріптестер, біздің бүгінгі мақсатымыз - қазақ сөзінің қазақы жазылымы мен айтылымын бүгінгі қоғамға түсіндіру, қабылдату, тіптен, мойындату емес пе? Әрине, бұл іске оңай аса қоймайды, себебі реформаның оңайы болмайды.

Сонымен кірме таңбалар орфографиямыздың оңы мен солын, көлденеңі мен тігін, жоғарысы мен төменін қым-қуыт сапырыстырып жіберіп отыр. Әзірге жөндеп алуға, жөнге салып алуға дәрменсіз болып отырмыз. Үстем (тоталитарлық) шешім барлық уақытта үстемдігін көрсетеді.

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӘЛІПБИІН ТҮЗУДІҢ ПРИНЦИПТЕРІ

Нұргелді Уәли
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор
Маханбет Жүсіпов
Өзбек мемлекеттік әлем тілдері университетінің доценті, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы,профессор
Зейнеп Базарбаева
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы
Анар Фазылжанова
Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғалым хатшысы, филология ғылымдарының кандидаты

Әліпби, графика және орфография – лингвистика ғылымының жеке салалары. Көп жағдайда әліпби құру, жазу теориясының, орфография ережелерін біріздендіру мәселелерінің шегі ажыратылмай, аралас қарастырылып жатады. Негізінде орфография қағидалары мен ережелері әліпби қалыптасқаннан кейін, яғни әріп инвентары (құрамы) түгенделіп, тәртібі реттелгеннен кейін жасалады.

Қазақ ұлттық әліпбиін құрудың негізгі қағидаларын А.Байтұрсынұлы қалыптастырып, кейін оның дамуына латын және кирил графикасының негізінде қазақ әліпбилерін жасаған тілші-ғалымдар, сондай-ақ қазіргі қазақ фонетикасы, фонологиясы мен графикасы, тіл мәдениеті, орфография мен орфоэпиясы, жазу теориясы салаларын зерттеуші ғалымдар елеулі үлес қосты. Олардың тұжырымдары мен зерттеулері қазіргі латын графикасына негізделген ұлттық қазақ әліпбиін құрудың жаңа принциптерін ұсынуда негізге алынды.

Принциптердің негізгі типтері

1. Бұл құжатта ұсынылған әліпби құру принциптерінің бір бөлігі **тұрақты, өзгермейтін** сипатқа ие. Мысалы, латын графикасына негізделген қазақ әліпбиіндегі негізгі латын әріптерін сақтау принципі немесе әліпбиге диграф, полиграфтарды енгізбеу принципі осындай типке жатады. Демек, егер ұсынылған жобада осы принциптердің біреуі қалыс қалып немесе толықтай ескерілмеген болса, онда бұл жобаны жаңа әліпби құру принциптеріне сәйкес келмейді деп есептеу қажет.

2. Жаңа әліпби құру принциптерінің ішінде негізгі, яғни базалық болып саналатын типі кейбір **ауытқуларға жол береді**. Мысалы, «бір фонема – бір әріп» принципі әліпби құрылымында ескерілуі тиіс, бірақ бұл жағдайда оңтайлы дыбыстық-әріптік жазудың,

жазу теориясының критерийлеріне сәйкес ол толық сақталмауы да мүмкін. Мысалы, әліпбидің жобасында бір негізгі дыбыс – фонеманың екі түрлі реңкіне – вариантына арнап екі әріпті алуға болады немесе керісінше екі фонеманы бір әріппен таңбалауға да жол берілуі мүмкін. Алайда екіден көп фонеманы бір әріппен таңбалау тиімсіз саналады.

3. Принциптердің үшінші типіне жаңа әліпби құрамын түзуде қолдануға мүмкіндік берілген, **рұқсат етілген** қағида түрлері жатады. Бұндай принциптің маңыздылығы құрастырушының қолдану мақсатын нақты дәйектейтін дәлелдерін талап етуімен ерекшеленеді. Егер қолданылып отырған принцип жобаның сапасын, тиімділігін, оңтайлылығын арттыратынын құрастырушы дәлелдей алса, бұл принципті қолдануын дұрыс әрі қажет деп санау керек. Мысалы, мұндай принциптерге латын қарпі негізіндегі әліпбиге басқа гомогенді графикадағы әріп таңбаларын пайдалану мүмкіндігі жатады.

Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиін құру принциптері

I тип: өзгермейтін, тұрақты принцип

1. *Халықтың ұлттық рухының, ұлттық тілінің өзіндік ерекше дыбыс байлығының әліпбиде көріну принципі.* Халықтың ұлттық рухы, ұлттық сөзінің дыбыстық реңкі қарым-қатынас құралы ретінде оның тілінде көрініс табады. Және жаңа әліпбиге дейін қолданылған графика типінде де сақталады.

2. *Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиінде латын негізін сақтау принципі.*

3. *Латын әріптерін қазақ тілінің үндестік заңындағы ерекшеліктеріне және қазақ тілінің дыбысталуына бейімдеу принципі.*

4. *Әріп – графикалық таңбалар жиынтығының принципі (екі баспа* Аа*, екі көркем жазу Аа).*

5. *Қосымша графикалық элементтерді (диакритикалық таңбаларды) мүмкіндігінше аз қолдану принципі.*

6. *Әріп құрылымындағы қосымша элементтерді (нүкте, сызықша т.б.) әліпбиге жүйелі енгізу (монобағыттылық) принципі.* Мысалы, терең тіл арты, көмей дыбыстары үшін бір ғана диакритика, ал кейбір мұрынжолды дауыссыз дыбыстар *(ң)* үшін бір, сондай-ақ жіңішке дауысты дыбыстар *ә, ө, ү, і* үшін т.б. бір түрлісін ғана алу, себебі аталғандар факультативті (қосымша) сипатқа ие.

7. *Әліпбиге диграфтар мен полиграфтарды енгізбеу принципі.*

8. *Тілдегі біртұтас әліпби принципі.* Қазақтың байырғы төл сөздерін жазу үшін де, кірме сөздерді жазуға да лайықты ортақ әліпби.

9. *Әліпби құрудағы тұтастық пен өзгермеу принципі.* Ұсынылған принциптер түрлі өзгерістерге ұшырамауы тиіс.

10. *Әліпбиде адамның естуі арқылы қабылданған фонема, дыбыстың әріптерін бейнелеу принципі.* Яғни бұл мағына ажыратқыш дыбыстар (фонемалар) адамның есту қабілеті арқылы қалыптасып, бүкіл ұлттық біріккен естілім жүйесі арқылы санада сақталады, сол арқылы сөздер бір-бірінен ажыратылады. Әліпби тіл тұтынушылардың орта деңгейінің есту мүмкіндігіне сүйеніп жасалады. Әліпби дыбысжазғыш техникалық құралдардан шыққан естілім мүмкіндіктеріне негізделіп жасалмайды.

11. *Әліпбидің әдеби тіл нормасына сәйкес болу принципі*. Әліпбиде жеке әлеуметтік топтар мен өңірлер тіліне тән дыбыстар көрсетілмейді.

12. *Көру арқылы қабылдау, оқу, жазу, ауызша және жазбаша тілде тану, мағынаны айыру мүмкіндігін ескеру үшін әліпби әріптерінің тез жатталғыш, көзшалым мен қолшалымға қарапайым болу принципі.*

13. *Әліпби – оқыту және үйрету құралы принципі.*Әліпби, ең алдымен, оқыту (оқу) үшін қалыптасады. Мектепте оқушылар оқып үйренеді. Олар әліпбиді меңгеру арқылы

басқа ғылым салаларын игереді. Әліпби тек қана ересек адамдардың ақыл-ойы мен танымдық мүмкіндігін ескеріп жасалмайды.

14. *Орфографиялық ережелерді оңтайландыру және тарылту негізінде графема жүйесін құру принципі.*

15. *Әліпби мен тілдің дыбыстық құрылымының техникалық құрылғы мүмкіндіктеріне бейімделмей, керісінше: техникалық құрылғылардың тіл ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне, дыбыс құрылымына бейімделу принципі.*

II тип: өзгермелі принцип

16. *Фонологиялық принцип.* Жазуда лингвальді моносингармониялық сипатты сөз негізіне жасалған қазақтың дыбысталу тілінің айқын көрінуі.

17. *Фонема – дыбыстар (жиынтығы) класы принципі.* Фонеманы білдіретін графема оның барлық дыбыстық реңкін, шептік (позициялық) түрленуін, яғни фонеманың варианттары мен инварианттарын толық бейнелей білуі тиіс. Мысалы, *-ып, -іп* жұрнақтары бірінші еріндік буыннан кейін екінші буын қатарында тұрып, *-ұп, -үп* күйінде *<көріп> [көрүп]* айтылуы мүмкін. Бірақ әліпбиде бұл жағдай үшін тек бір ғана |і| әрпі қолданылады, себебі қазақ тілінде *-ұп, -үп* жұрнақтары жоқ. Немесе, мысалы, <ы> фонемасы әлсіз шепте (позицияда) [м] күйінде дыбысталады: *нан–нанба [намба]*. Бірақ |н| графемасы сақталады, себебі сөздің түбірі *нан*.

18. *Қазақ тілін тұтынушылардың санасында жеке психобейнелер ретінде сақталған бірнеше фонемалық жеке әріптердің жазуда және әліпбиде тұтас берілу принципі.*

19. *Бір мағына ажыратқыш дыбыс – бір әріп принципі.* Тілде дыбыстар көп. Бірақ олардың барлығы сөз мағынасы мен грамматикалық формаларын ажырата бермейді. Әріппен мағына ажыратушы дыбыстар, яғни (инвариант) фонемалар таңбаланады. Егер әліпбидегі әріптер тілдегі фонемалардан көп немесе аз берілетін болса, бұл жағдай тілдің дыбыстық жүйесін тарылтып, орфография мен орфоэпия ережелерін қалыптастыруда күрделі қиындықтар тудырады (Мысалы, ағылшын, өзбек тілдері). Алайда «жақсы жазудың теориясы» бойынша бұл принципті қасаң ұстанған жазу икемсіз, аморфты келеді.

20. *Қазақ сөзінің морфологиялық құрылымын сақтау принципі.*

21. *Негізгі акустика-артикуляциялық қасиеттеріне қарай оларға тән дәстүрлі графемаларды алу, бір дыбыс кластарын өздеріне дәстүр бойынша телінген графема кластарымен таңбалау принципі.* Мысалы, дауысты дыбыстарды таңбалау үшін дауыссыздарды білдіретін дәстүрлі графемаларды қолданудың қажеті жоқ. Сондай-ақ қатаң дауыссыздарды білдіретін графемаларды ұяң дауыссыздарды таңбалау үшін қолданудың қажеті жоқ немесе керісінше де солай.

22. *Екі, бірақ одан артық емес тіл дыбыстарын (фонеманы) таңбалау үшін күрделі қосымша элементтері бар (негізгі сызбасы) бір тірек графеманы екі түрлі қолдану принципі.* Мысалы, графеманың негізгі элементі |о| дыбысын, одан тыс |ö| формасында пайдалануға болады. Бұл жағдайдағы дауысты дыбысты білдіретін қосымша диакритика бір дифференциалды қасиетін (жуан-жіңішке) ажырататын жуан, ашық, еріндік дауысты жұп корреляттарын білдіру үшін қолданылады.

23. *Фонеманың коррелятив жұптарын бейнелейтін тірек графемаға сәйкес келуін сақтау принципі.* Мысалы, <а> – <ә> фонемаларының коррелятив жұбын таңбалауда |а| тірек графемасы қолданылады, соған сәйкес <а> дыбысы |а| графемасымен таңбаланады, ал оның жіңішке жұбы <ә> – |?| графемасымен таңбаланады.

24. *Сөздегі әрбір буынның дыбыстық құрамын толық таңбалау принципі.*

25. *Түркітілдес халықтардың латын графикасы негізіндегі ұлттық әліпбилерінің графемалық жүйесіне сәйкестендіру принципі.*

III тип: ықтимал принциптер

1. *Латын графемасы негізіндегі әліпбиге басқа гомогенді графикадағы әріптік таңбаларды пайдалану ықтималдығы принципі.* Мысалы, қазақ және украин кирил әліпбиінде латыннан алынған <і> әріптік таңба қолданылады. Қазіргі әзербайжанның латын әліпбиінде түркіленген кирилше<ә> әріптік таңбасы қолданылады.

Үш түрлі фонеманы таңбалайтын әртүрлі қосымша элементтері бар бір тірек графеманың үш түрлілігін пайдалану ықтималдығы принципі. Мысалы, |u| графеманың берілген үш нұсқасы |u|, |?|, |ŭ| үш түрлі фонеманы таныту үшін қолданылуы мүмкін. Олар: <у> (дауыссыз, үнді, еріндік, ызың дыбыс), <ұ> (дауысты, жуан, қысаң, еріндік дыбыс), <ү> (дауысты, жіңішке, қысаң, еріндік дыбыс).

Ғылыми-терминологиялық аппарат

Әліпби – таңбалардың стандартты жиынтығына негізделген жазу формасы, әріптер тізбесі, жазу жүйесінің таңбалары. Әліпбиде таңбалар – әріптер тілдің фонемасын білдіреді, бірақ «дыбыс ↔ әріп» сәйкестігінің толық сақталуы сирек байқалады және ауызша тілдің даму үдерісіне қарай жазу да қарапайым сипатқа ие бола алады. Әліпби пиктографиялық (идеографиялық) жазудан ерекшеленеді. Себебі пиктографиялық жазуда таңбалар ұғымды (шумерлік клинопись) білдіреді. Ал морфемді және логографиялық жазуда жеке морфеманы (қытай жазуы) немесе сөзді білдіретін таңбалар болады.

Әріп – жазудағы фонеманы білдіру үшін қолданылатын графикалық таңба немесе оның басқа таңбалармен тіркескен түрі.

Фонема варианты – белгілі бір позицияда (шепте) белгіленген фонеманың түрленуі (яғни оның фонологиялық шепте көрінуіне қарай әр алуан болуы), белгілі бір фонемамен артикуляциялық, акустикалық сапасына қарай үйлесуі.

Мысалы, *ақ* сөзінің соңында келетін <қ> фонема нұсқасының [аға-еке] тіркесуіндегі [ғ] «ағеке» сөзіндегі [ғ] фонемасының басқа инвариантымен сәйкес келуі. Осылайша, фонема нұсқасы сигнификативті әлсіз шепте көрініп, «аллофон» терминімен де қолданылуы мүмкін.

Фонема вариациясы – сигнификативті тұрғыдан күшті, перцептивтік тұрғыдан әлсіз фонологиялық шепте көрініп, фонеманы жүзеге асыратын дыбыс (басқаша айтқанда, аллофон). Осылайша фонемалық қарама-қарсылықты (оппозицияны) тудырады. Мысалы, ызың, қатаң дауыссыз [с] дыбысы шұғыл қатаң [т] дауыссыз дыбысының алдында тұрса, аффрикат [ц] (айтса) дыбысына түрленеді. Вариациялар графикада таңбаланбайды.

Графема – жазудың өте ұсақ мағына ажыратқыш бірлігі, тіл бірлігінің оның графикалық бейнесіне (тұрпат межесіне) сәйкес қатынасын білдіретін жазу жүйесіндегі минималды таңба: фонеманың әліпбилік фонографиялық жазудағы әріпке сәйкестігі, буынның буындағы графикалық символдарға сәйкестігі, сөз-ұғымдардың логографиялық жазудағы иероглифке сәйкестігі. Ал қазақ жазуы – *фонографиялық* жазу.

Графика – жазудағы барлық құралдардың жиынтығы, жазу әріптері мен тіл дыбыстары (фонема) арасындағы қатынастар жүйесі. Қазіргі қазақ графикасының негізгі құрамдас бірліктері – әріптер мен тыныс белгілері.

Диграф – нақты, дербес мағыналы екі әріп, екі әріптен тұратын құрамды жазу таңбасы. Диграф жазудағы фонемалардың және олардың варианттарын таңбалау үшін қолданылады. Ағылшын тілінде *th, ch, sh* т.б. диграфтар қолданылады.

Фонеманың айырым белгісі – белгілі бір фонеманы басқа фонемалармен қарама-қарсы қою арқылы анықталған белгі, оның мағына ажыратқыш белгісі (вокалды – вокалды емес, консонантты – консонантты емес, дауысты – дауыссыз, еріндік – езулік т.б.).

Тіл дыбыстары – фонемалар.

Фонема инварианты – дыбыстың нақты жүзеге асырылуындағы барлық негізгі қасиеттерін бойына жинайтын бірлік. Белгілі бір болмыстың нақты түрленімдерінен тыс дерексіз белгіленуі. Варианттарды тудыратын жалпы қасиеттер мен белгілер жиынтығының көрінісі және ол қасиеттердің әрбір вариантқа тән белгіленуі. Инвариант жеке объект ретінде қалыптаспайды, сондай-ақ «негізгі вариант» ретінде де бола алмайды (мысалы, фонема – түрлі функционалды белгілердің бірігіуінен өзінің нақты қасиетіне орай жүзеге асқан инвариант, бірақ фонеманың өзі айтылмайды). Инвариант ұғымы – тілдік материалды таптастырудың, жіктеп, реттеудің құралы. Вариант пен инвариант бір-біріне қарама-қарсы қойылады.

Коррелят – өзара байланысқан, өзара қатынастағы тілдік бірліктер қатарының немесе жұбының бір мүшесі.

Корреляция – екі немесе одан да көп тілдік бірліктердің сәйкестік, тәуелділік қатынасы. Фонологиялық корреляция: барлық белгілері бойынша сәйкес келетін, бірақ бір белгісі бойынша қарама-қарсы болатын жұп фонемалардың қатары. Ұяң-қатаң белгілері бойынша дауыссыз корреляциясы: [б-п], [д-т]. Жуан-жіңішке белгілері бойынша дауысты корреляциясы: [о-ө].

Орфография – жазуда сөздің берілуі мен грамматикалық формаларының тұтастығы. Осы тұтастықты қамтитын ережелер жиынтығы және осы мәселені зерттейтін тіл білімінің бір саласы.

Орфоэпия – тілдің айтылым нұсқасын және оның тілдік дәстүрге сай дұрыс айтылымын іріктеп көрсететін фонетика саласы. Тілдегі айтылым нормасының жүйесі.

Жазу – белгілі бір тілдік ақпаратты, басқа да мағына элементтерін (қай кезде айтылған уақыт сипатына қарамастан) жеткізуге, қалыптастыруға арналған таңбалық жүйе. Жазу – адамзат тілінің қалыптасуының бір формасы.

Жазба (письменность) – аралық қашықтықта тілді жеткізуге мүмкіндік беретін, айтылған уақытында сақтауға негіз болатын графикалық таңбалар жүйесінің көмегімен дыбыстық тіл құралдары арқылы жасалатын қарым-қатынас құралы. Жазбада тілдің фонетикалық элементтерін бейнелейтін абстрактілі символдар қолданылады. Мысалы, үнді-еуропа тілдерінде көне египеттік, көне ариялық пиктографиялық жазу формасына ұқсас қарапайым ұғым бейнелері қолданылуы мүмкін. Жазуды ерекше таңбалық жүйе ретінде грамматология, эпиграфия, палеография салалары зерттейді.

Полиграф – жазуда фонема мен оның негізгі варианттарын бейнелеуге арналған екі, үш не одан да көп әріптен тұратын құрамды жазу таңбалары. Неміс тілінде *tsch, sch* т.б. полиграфтар қолданылады.

Фонема – тілдің дыбыстық қабатындағы ең кішкентай бірлік. Фонемада өзіндік жеке лексикалық немесе грамматикалық мағына болмайды, бірақ ол тілдің маңызды бірліктерін (морфема және сөз) ажырату үшін қызмет етеді:

1) бір фонеманы екінші түріне өзгерту арқылы басқа сөз тудыруға болады (от-өт-ат-ет-ұт-үт);

2) фонема ретінің тәртібін өзгерту арқылы да басқа сөз тудыруға болады (<қас> – <сақ>);

3) фонеманы алып тастау арқылы да басқа сөз жасауға болады: (<к>үйші –үйші);

Фонология – тіл дыбыстарын функционалды, мағына ажыратқыш қатынаста зерттейтін лингвистика саласы. Дыбыстың артикуляторлық-акустикалық белгілерін зерттейтін фонетика саласын фонологиямен шатастырмау қажет.

ҚАЗІРГІ АЙТЫЛЫМ НОРМАЛАРЫ МЕН ЖАЗУДЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ

Зейнеп Базарбаева
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор

Қазақ жазуы, кез келген басқа жазу сияқты, ұлттық әліпбиге және ұлттық графикаға негізделген. Жазбаша тіл – ауызша тілдің графикалық бейнесі. Графика - жазуда қолданылатын таңбалардың жиынтығы. Ол әдетте фонемалық жазуға байланысты қолданылады. Жазбаша тілдің ережелері мен заңдылықтарын тіл білімінің графика және орфография қарастырады. Қазір әлемде үш түрлі жазу жүйесі кең тараған: латын, кирилл және араб жазулары.

Орфографияның үнемдеу заңдылығы әлемдегі барлық тілдердің негізгі принципі болып табылады. Ең үнемді әліпбиді құру мақсатында ғалымдар мен тіл мамандары фонемалар мен графемалардың арақатынасын көрсету үшін математикалық формулаларды шығаруға тырысты. Қазақ тілінде жазудың үнемдеу принципін жасаған қазақ тіл білімінің негізін қалаушы А.Байтұрсынов болған. Ол қазақ тілінің көптеген дыбыстарын шектеулі ғана әріптермен таңбалады.

Жазу сөйлеу дыбыстары арқылы таңбалануымен берілетіні белгілі. Дегенмен әріптер дыбыстарға дәлме-дәл сәйкес келуі мүмкін емес. Жазу үшін ең маңыздысы ойдың мазмұнын сақтау болып табылады. Сондықтан жазудың бірінші нұсқалары сөздің дыбыстық жағын мүлдем көрсете алмады.

Ауызша тілдің заңдылықтарын зерттейтін сала фонетика деп аталады. Фонетика дыбыстардың акустика-артикуляторлық ерекшеліктерін зерттейтін болса, дыбыстардың функционалды жағын қарастыратын сала фонология деп аталады. Фонологияның ең шағын бөлшегі фонема деп аталады. Фонема дегеніміз қазіргі теориялық тіл білімінің негізгі ұғымдарының бірі. Бұл ұғым алғаш рет француз тіл білімінде қалыптасты, кейін оны Фердинад де Соссюр қолданып, одан кейін Қазан лингвистері дамытты.

XIX ғасырдың 80-жылдары Қазанда лингвистикалық мектеп қалыптасып, фонема ілімі орын ала бастады. Қазан мектебінің қайнар көзінде Бодуэн де Куртенэ тұрғаны белгілі. Ғалымның зерттеуінде фонема морфемаға қатысты қарастырылды және психологиялық тұрғыдан зерттелді. Одан әрі фонема теориясын Бодуэннің петербургтік шәкірті Щерба жалғастырады. Бодуэн мен Щербаның идеялары Мәскеу және Ленинград фонологиялық мектептерінің қалыптасуына негіз болды.

Сонымен фонеманы функциональды жағынан зерттейтін фонология дейтін сала пайда болды. Сол кезде басқа да ғылым салалары жедел өркендеді, мысалы: ядролық физика, квантитативті механика, микробиология, цитология, генетика. Бұл ғылым салаларында да фонологияның фонема сияқты ең шағын бөлшектері анықталып, оларға атау қойылып зерттеле бастады: ядролық физикада – атом, ядро; микробиологияда, цитологияда – жасуша; генетикада – хромосома. Қазіргі кезде бұл процестің қай ғылым саласында ертерек пайда болғаны белгісіз, бірақ фонологияның тіл білімінің басқа салаларына әсер еткені күмән тудырмайды. Фонологияда ең шағын бірлік фонема болса, бұған сәйкес тіл білімінің басқа да салаларында осындай ұғымдар қалыптасып зерттеле басталды. Морфологияда – морфема, лексикологияда – лексема, синтаксисте – синтаксема; сондай-ақ граммема, графема, тонема, тема, ремалар пайда болды. Фонема проблемасына қатысты негізгі

ұғымдар, түсініктер тіл білімінің басқа да салаларында пайдаланыла бастады, мысалы қарама-қарсы қою (оппозиция) теориясы, айырым белгілер теориясы, корреляция теориясы, инвариант-вариант теориясы, компоненттік анализ т.б. Фонологияны тіл білімінің үлкен жетістігі және оның базасы, негізгі тірегі деп бағалауға болады.

Әлемдік тіл білімінде бірнеше фонологиялық мектептер пайда болды. Прага структурализм мектебі, оның өкілдері Трубецкой мен Якобсон, француз фонологиялық мектебі, өкілдері Малмберг, Мартине, ағылшын фонологиялық мектебі, өкілдері – Джоунз, Суит, американ фонологиялық мектебі, өкілдері – Блумфильд, Суодеш, Копенгаген фонологиялық мектебі, өкілдері – Ельмслев т.б. Барлық фонологиялық мектептердің өкілдері өздерінің теориялық принциптеріне сәйкес фонетикалық құбылыстардың функционалды жағын қарастырды.

Қазақ тіл білімінде фонема туралы алғашқы түсінік А.Байтұрсыновтың еңбектерінде кездеседі. Ғалым фонема терминін қолданбаған, бірақ қазақ тілінің фонетикалық жүйесін фонологиялық тұрғыдан қарастырады. А.Байтұрсынов фонемаларды әріпке қатысты зерттеді. Сингармонизм (үндестік) заңы бойынша, қазақ тілінің барлық фонемаларын (дауысты, дауыссыз) екі топқа бөлді. Жуан фонемалар әріп таңбаларымен белгіленді, ал жіңішкелерге әдейі әріптерді арнамады. Сөздерді бірыңғай жіңішке айту үшін сөздің алдында дәйекші деген таңбаны қолданды. Қазіргі фонема теориясы тұрғысынан келсек, А.Байтұрсыновтың ілімі позиция, инвариант, дыбыс типі, вариация деген ұғымдармен сабақтасып жатыр. Инвариант фонемалардың (әріптердің) жіңішке реңктері олардың вариациялары болып есептеледі, ал адамның ой-санасында сақталған графеманың бейнесі фонемаларға сәйкес келеді.

Фонема теориясын әрі қарай дамытқан – Қ.Жұбанов. Ғалым фонеманың ең негізгі ерекшелігі – оның мағына айқындау қасиеті деп білген. Фонема әртүрлі реңктерімен және қасиеттерімен ерекшеленеді. Сонымен, фонема деген не, оның дыбыстан айырмашылығы неде? Сөз ағымында әртүрлі дыбыстар айтылады, олардың айтылу түрі көп, бірақ олар орайласып, бір дыбыс типін құрайды, оны біз фонема дейміз. Тілдің ең шағын функционалды бірлік, сөз мағынасы мен сөз тұлғасын ажырататын дыбыс типі. Фонемалар мағына айқындау жағынан бір-біріне қарама-қарсы қойылады, сонда оның негізгі қасиеті, ерекшелігі анықталады.

Фонеманы үш аспекті бойынша қарастыруға болады: физикалық, физиологиялық және лингвистикалық аспектілер. Фонеманың физиологиялық және физикалық аспектілері оның акустика-артикуляторлық сипатын қамтиды, ал лингвистикалық аспекті оның функционалды жағын қарастырады.

Тілдегі сөздердің айтылуы мен жазылуы бірдей бола бермейді. Қазақ тілінің сәйкес көптеген сөздер орфография нормадан ауытқып айтылады. Сөздерді дұрыс айту нормалары дыбыс үндестігіне, яғни ілгерінді, кейінді, тоғыспалы ықпал заңдылықтарына негізделеді. Сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылу ережелерінің жиынтығын зерттейтін сала орфоэпия (гр. ‘orthos’ – дұрыс, *epos* – сөз, сөйлеу) деп аталады. Сөздердің дұрыс айтылуы орфоэпия сөздіктерде көрсетіліп отырады. Орфоэпия нормада дұрыс сөйлей білу сөздің әуезділігін сақтауға мүмкіндік береді және тілдің ауызша сөйлеу нормаларын реттеп отырады. Әр тілдің орфоэпиясы сол тілдің басты фонетикалық заңдылықтарына сүйенеді.

Қазіргі таңда ауызша сөздің адамдардың өзара қарым-қатынасында, сахна өнерінде, ақпарат құралдарында мәртебесі күшейді. Қазақ әдеби тілінің бұрыннан бері қалыптасқан дәстүрлі орфоэпиялық ережелері бар. Орфоэпия тілдің айтылу нормасын қарайды. Қазақ тілтанымындағы жаңа бағыттардың дамуымен байланысты фонология, интонология,

просодиканың ұғымдары мен құбылыстары да орфоэпияда қарастырылады. Орфоэпия тілдің сөйлеу нормасын зерттейтін болғандықтан, қазақ тіліндегі кейбір дауыстылардың ауызша сөздегі түрленімі қазіргі латын негізді емле ережеге байланысты қарастырылады.

Мысалы, <**a**> дауысты фонемасы <**sh**> және <**j**> жуысыңқы фонемаларының соңынан келгенде, [**á**]-ге жуық айтылады, ал жазуда негізгі реңкі сақталады: *shaı* – [sháı], *jaıbaraqat* – [jáıbaraqat], *jaıbasar* – [jáıbasar], *jaıǵasý* – [jáıǵasý], *jaıdaq* – [jáıdaq], *jaıdary* – [jáıdary], *jaıly* – [jáıly], *jaıma-jaı* – [jáıma-jáı], *jaısyz* – [jáısyz], *jaısań* – [jáısań]. Сондай-ақ <**a**> дауыстысы сөз басында және бірінші буында [**á**] болып айтылады: *aıgólek* – [áıgólók], *qadir* – [qádir], *qazir* – [qázir] және екінші буында [**á**]-ға ауысады: *kitap* – [kitáp], *kitaphana* – [kitáphana].

Сол сияқты <**e**>, <**o**> және <**ó**> фонемалары сөз басында [ˈ**e**], [ˇ**o**] және [ˇˇó] түрінде айтылады. Мысалы, *erke* – [ˈerke], *eńbek* – [ˈeńbek], *egin* – [ˈegin], *egiz* – [ˈegiz], *esik* – [ˈesik], *elek* – [ˈelek], *otan* – [ˇotan], *oqıǵa* – [ˇoqıǵa], *olqylyq* – [ˇolqylyq], *orama* – [ˇorama], *orasan* – [ˇorasan], *orman* – [ˇorman], *oshaq* – [ˇoshaq], *otyn* – [ˇotyn], *omyraý* – [ˇomyraý]; *ómir* – [ˇˇómir], *óleń* – [ˇˇóleń], *ótinish* – [ˇˇótinish], *ósimdik* – [ˇˇósimdik], *órkenıet* – [ˇˇórkenıet], *óńir* – [ˇˇóńir], *ózara* – [ˇˇózara], *ókpe* – [ˇˇókpe], *ókim* – [ˇˇókim] деген сөздерде сөз басында <**e**>, <**o**>, <**ó**> фонемалары [ˈ**e**], [ˇ**o**], [ˇˇ**ó**] түрінде айтылады. Ал сөз ортасында және соңында монофтонг түрінде айтылады: *kilem, sebep, kerek, qora, molda, qolda, sóz, kól, tós*. Демек, қазақ тілінде <**e**>, <**o**>, <**ó**> фонемалары сөз басында ғана [ˈ**e**], [ˇ**o**], [ˇˇ**ó**] түрінде айтылады.

Дауысты фонемалардың да кейбіреуі әлсіз позицияда өзінің қасиетін жоғалтып, басқа фонемалардың ерекшеліктерін қабылдайды, мысалы: <**y**>, <**i**>, <**e**> фонемалары [**u**], [**ú**], [**ó**] дыбыстарына жартылай модификацияланады. Сонда <**y**>, <**i**>, <**e**> фонемалары [**u**], [**ú**], [**ó**] дауыстыларына жуық айтылады. Мысалы, *qolyń* – [qoluń], *momyn* – [momun], *jolyń* – [joluń], *sóziń* – [sózúń], *kóziń* – [kózúń], *tósiń* – [tósúń], *kóılek* – [kóılók], *óngen* – [óngón], *kóngen* – [kóngón].

Қазақ тіліндегі **y, i** дауыстылары бірінші және екінші буындарда әртүрлі айтылады. Бірінші буында аталмыш дауыстылар көмескіленіп редукцияланады, ал екінші буында олар анық айтылады. Мысалы, *tynysh* –t^{y}nysh, *myqty* – [m^{y}qty], *dybys* – [d^{y}bys], *topyraq* – [top^{y}raq], *japyraq* – [jap^{y}raq], *kirpik* – [k^{i}rpik], *tirshilik* – [t^{i}rshilik], *ádilet* – [$ád^{i}$let], *qasiret* – [qas^{i}ret], *málimet* – [$mál^{i}$met]. Бұл дыбыстардың екі түрлі болып айтылуы екпіннің түскен орнына байланысты. Екпін түсетін буынға қарағанда екпінсіз буындағы дауыстылар әлсіреп, редукцияға ұшырайды.

Сөз ішінде не сөз аралығында екі дауысты қатар келгенде, оның біреуі түсіріліп айтылады. Мысалы, *ala at – a-lat, qara ala – qa-ra-la, tory at – to-rat*. Нақты айтқанда, синтагманы құрайтын сөз тіркесі бүтін фонетикалық сөз түрінде айтылады. Бұл құбылыс злизия деп аталады.

Қазақ тіліндегі **b** фонемасы екі дауысты дыбыстың аралығында (сөз тіркесінде немесе бір сөз ішінде) және кейбір дауысты мен дауыссыздың аралығында **b**-дан гөрі **v**-ға жуығырақ айтылады. *Мысалы*: abyroı – *[ab^{v}yroı], abyrjý* – [ab^{v}yrjý], *kóbik* – [kób^{v}ik], *sábiz* – [sáb^{v}iz], *tabaq* – [tab^{v}aq], *sabaq* – [sab^{v}aq], *qabaq* – [qab^{v}aq], *jabyq* – [jab^{v}yq], *abzal* – [ab^{v}zal], *abdyra* – [ab^{v}dyra]. Сондай-ақ сөз соңында ұяң b дауыссызы қатаңданады. *Мысалы*, *hıdjab* – [hıdjap], *arab* – [arap], *shtab* – [shtap], *klýb* – [klýp], *kýb* – [kýp].

Сөз ағымында p дауыссызы позицияға байланысты өзгереді. Мысалы, *qypshaq* – [qyfshaq], *tapshy* – [tafshy] деген сөздерде қазақ тілінің фонетикалық жүйесінде кездеспейтін [**f**] дыбысы естіледі. **F** дыбысының артикуляторлық сипаты нақ орыс тіліндегідей болмағанымен, бірақ соларға жуық айтылады. Келтірілген дыбыс қазақ тілінің төл дыбыстарына жатпаса да, күнделікті өмірде позицияға байланысты қолданылады.

Аталған сөздердегі <**p**> фонемасының [**f**] вариациясында айтылуы олардың сөздегі алатын орнына байланысты, басқаша айтқанда, көршілес дыбыстардың әсерінен осылай түрленіп тұр.

Түбір мен қосымшаның аралығында **s** мен **sh** қатар келсе, **s** дыбысы **sh**-ға айналады, ал **sh** дыбысы **s**-ға айналады. Бұл **s**-ның **sh**-ға немесе **sh**-ның **s**-ға айналу құбылысы осы дауыссыздардың ерекшелігі болып табылады. *Basshy* – [bashshy], *tasshy* – [tashshy], *qosshy* – [qoshshy], *tosshy* – [toshshy], *tesshi* – [teshshi], *kesshi* – [keshshi], *ashsa* – [ashsha], *qashsa* – [qashsha], *ishse* – [ishshe], *kóshse* – [kóshshe]. Кейбір сөздерде sh дауыссызы ch-ға жуық айтылатыны бар. Сондай-ақ **sh** фонемасы кейде өзінің вариацияларында көрініс тауып, **sh** дауыссызы **ch**-ға айналады. Мысалы, *aıtshy* – [aıtchy], *ótshi* – [ótchi], *hatshy* – [hatchy], *ketshi* – [ketchi].

Қатар келген екі дыбыстың біріншісі **z** екіншісі **j, s, sh** болса, соңғылардың әсерінен **z** дыбысы айтуда **j, sh, s** дыбыстарына айналады: *kóz jazbaý* – [kój jazbaý], *boz jorǵa* – [boj jorǵa], *qyz jibek* – [qyj jibek], *kóz jasy* – [kój jasy], *izsiz* – [issiz], *sózsiz* – [sóssiz], *tuzsyz* – [tussyz], *qobyzshy* – [qobyshshy], *tazsha* – [tashsha], *otyrǵyzshy* – [otyrǵyshshy]. Келтірілген сөздерде **<z>** фонемасы өзінің үш вариантында жүзеге асады: **<z> = [j] [s] [sh].** Қазақ тіліндегі басқа дауыссыздарға қарағанда бұл **z** фонемасының ерекшелігі болып табылады.

Сондай-ақ s фонемасы позицияға байланысты түрленіп, **s** дауыссызы (**ц**)-ға айналады. Мысалы, *aıtsa* – [aıtsa], *ótse* – [ótse], *jatsa* – [jatsa]. Ц фонемасы қазақ тілінің дыбыс жүйесінде болмаса да сөйлеу тілінде кездеседі және қазақ тілділердің артикуляторлық аппаратына икемделген. Демек, бұл дыбыс тілдің парадигмасында жоқ болса да оның синтагматикасында бар. Латыннегізді жаңа қазақ жазуына көшкенде **ц** әрпін **c** таңбамен беруге болады. **C** таңбасы барлық әлемдік әліпбилерінде қолданылады (еуропа, түркі). Латыннегізді жаңа қазақ жазуында **ц** әрпінің орнына **c** әрпін жазуға болады: *cırk, cırkýl, konstıtýcıa, evolıýcıa.* Мұндай жазу қазақ тілінің фонетикалық принципі бойынша орфоэпиялық нормасына сәйкес келеді. Орыс тілі арқылы енген **ц** фонемасы жазуда **c** әрпімен берілетіндіктен, айтылуда да бұл әріп қазақ тілінің табиғатына сәйкес дыбысталады.

Қатаң **k**, **q** дауыссыздары сөз аралығында және екі дауыстының арасында ұяңданады. Мысалы, *qyrkúıek – [qyrgúıek], kóknnár – [kógnnár], kókjıek* – [kógjıek], *kók alma* – [kógalma], *qazaq áni* – [qazaǵáni], *qulaq asý* – [qulaǵasý], *esek dáme* – [esegdáme], *jaryq dúnıe* – [jaryǵdúnıe], *bulshyq et* – [bulshyǵet], *qyryq jamaý* – [qyryǵjamaý]. Осындай ұяңдану процесі қоршаған дыбыстардың әсерінен туындап отыр.

Сонор **l** мен **r** дауыссыздарымен басталатын сөздердің өзіндік ерекшелігі бар. Себебі аталған дауыссыздардың алдында **y** мен **i** дауыстылары естіледі. Бұл протеза деген фонетикалық құбылыстың көрінісі. Мысалы: *ras* –[yras], *laq* – [ylaq], *laj* – [ylaj].

Қорыта келгенде, жазуда дыбыстардың барлық түрінің берілуінің дәлдігі талап етілмейді, тек типтік дыбыстарды (фонемаларды) беру өте маңызды. Жазбаша және ауызша сөйлеу формалары арасындағы нақты арақатынас емле ережелер арқылы және ұлттық әліпби негізінде белгіленеді. Сөйлеу тілі ұлттық жазудың бірлігін сақтауға бағытталған.

ӘЛІПБИ НҰСҚАЛАРЫНЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ СИПАТЫ (2017-2019 ж.)

Бағдан Момынова,
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы

Графика – жазу өнері. Графикалық таңбалардың даму тарихы ұзақ. Жазу өнерінің негізгі мақсаты - естілетін сөздің дискреттілігі және сөз әртүрлі контекстерде әлденеше рет қайталанса да біркелкі танылуын қамтамасыз ету. Жазу прототиптерін (пиктография, идеография, логография т.б.) адамзат баласы жетілдіре отырып, идеографиялық принциптен силлабикалық (буындық) және алфавиттік (әріптік) принципке көшірді. Бірақ бұрынғы да, қазіргі де жазу типтері бір фонема бір графема принципін ұстанғанмен, бір таза принциппен әліпби құрастыру мүмкіндігі қашан да аз болған.

Адамзат тарихында жазу икондық жазу түрінен символдық/схематикалық жазуға, бейнеліліктен фонографикалық жазуға, таңбалардың көптігінен олардың азаюына қарай эволюциялық даму сатыларынан өткен. Тіпті әріптік жүйенің өзі қазіргі жетілген түрін алғанға дейін квазиәліпбилік, яғни тек дауыссыз дыбыстар ғана жеке таңба алған сатыны бастан кешірген. Осы квазиәліпбилік кезеңде мәтінді оқу мен жазу кезіндегі қиындықтар жазу жүйесіне диакратикалық және сөз айырушы таңбалардың қосылуына әкелді. Сөйтіп алғаш рет грек жазуының құрамына дауысты дыбыстарға жеке таңба беріліп, осы әліпби этрус, латын, руника, провансаль, қазіргі ирланд, итальян, испан, португаль, француз, ағылшын, неміс, швед, дат, норвег, фин, венгр, латыш, литва, чех т.б. жазу жүйелерінің прототипі болды.

Жазудың қолайлылығы я қолайсыздығын бірден аңғара қою қиын. Жазуды пайдаланушы әрбір социум үшін ең маңыздысы – орфография. Орфографияның тарихи, морфологиялық, фонетикалық, иероглифтік, дәстүрлі деген түрлері болады. Орфография жазудың функционалды әлеуеті мен мән-маңызын айқындайды. Қоғам басымдықпен уәждендіре отырып, аталған принциптердің біреуін я болмаса екеуін таңдауға мүмкіндігі болады, я болмаса қалыптасқан жағдай таңдатуға міндеттейді. Принциптер арқылы жазба тілдің ережелері мен нормасы қалыптасады. Бірақ мәртебелері бірдей саналғанмен, принциптердің нақты бір әліпби мен орфографияны қалыптастыру кезіндегі мүмкіндіктері бірдей бола бермейді.

Орфографиялық принциптің түрлері бар, соның бірі - қоғаммен байланыс үзілмейтін актив түрі. Бұл орфографиялық принципке мемлекеттің қолдауына сүйенген мамандардың жазу нормасын қалыптастыру мен жетілдіруі жатады. Дүние жүзі жазу тәжірибесінде осы принциптің ең жарқын үлгісіне немістердің жазуы жатады және ол жазба тілді меңгерудегі ең қолайлы түр саналады. Немістердің жазуындағы доминант принцип фонетикалық және морфологиялық, ал ұстанымы «қалай жазсаң, солай сөйле» (М. Штайнхардт), неміс халқы осы негізде біртекті айтылым нормасын қалыптастырған, «Қалай сөйлесең, солай жаз» деген принцип те осыған саяды, екі принцип жазу мен айтылудағы айырманың аз екенін көрсетеді. Ғалымдар дәстүрлі және иеорглифтік принципке негізделген ағылшын жазуы қолайлығы тұрғысынан неміс жазуынан көш кейін екендігін айтады. Ағылшындық сауаттылық пен немісше сауатты болудың арасы жер мен көктей дей отырып, ағылшынша сауатты болу қиындықпен келетінін атап өтеді. Неміс жазуының қолайлығы мемлекеттің қамқорлығының арқасында жүзеге асқан. Мезгілі келгенде графика мен орфография

ережелері қайта қаралып, оларды оңайлату, дыбыс тілін таңбамен кодификациялауды оңтайландыру әрекеттері жүргізіліп отырғанына 400 жылдан астам уақыт болыпты.

Ақиқатында сөзді инвентаризациялаудан кейін ғана әліпбидің мықты-осал тұстары білінеді. Ол үшін, ең алдымен, лексикографиялық тәжірибе жасалады, яғни сөздіктер құрастырылады, сөз типтерінің - күрделі, кірме сөздер, терминдер, ономастикалық атаулар, гибрид сөздер т.б. - жазылу ерекшелігі анықталады, анықтағыштар жазылады т.б. Бұрын мұндай процесс ондаған жылдарға созылатын. Қазіргі заманауи технологиялар осындай тәжірибелердің тез, санаулы уақытта өтуіне мүмкіндік тудырып отыр. Соның арқасында 2017 жылдың қазан айында қабылданған латыннегізді қазақ әліпбиінің апострофты түрінің кемшілігінің көптігін айтқан пікір қалыптасты. Ал Елбасымыздың жаңа әліпби жобасын халықтың қолдауын алуын мақсат етіп, талқылауға ұсынуын демократияланған қоғам белгісі деп бағалау керек. Осыған орай ғалымдар тарапынан Елбасыға хат жазылды. Онда: «2017 жылдың желтоқсан айында Қазақстан Республикасы «Ғалымдар одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі тарапынан Сіздің атыңызға Ашық хат жолданған болатын. Онда Сіздің «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламалық мақалаңыздың басым бағыты болған латын әліпбиін жетілдіруге қатысты ұсыныстар баяндалған еді. Орталық баспасөзде жарияланған Ашық хатқа байланысты соңғы бір ай көлемінде 12 мыңнан астам пікір келіп түсті. Қоғам жұртшылығы Сіздің рухани жаңғыру жолындағы идеяларыңыз бен бастамаларыңызды қолдайтындығын білдіре отырып, қазақ тілінің табиғи заңдылықтарын сақтау, әрбір қоғам мүшесінің қазақ тіліне деген сұранысын одан әрі арттыру, сөз мәдениетін және жазу сауаттылығын жоғары деңгейде одан әрі қалыптастыру үшін латыннегізді әліпбиді жетілдіру бойынша маңызды ой-пікірлер ұсынды», - дей келе, сараптама қорытындылары әлі де болса латыннегізді әліпбиді жетілдіруге қатысты проблемалардың бар екендігін дәлелдейтінін, ұсынып отырған латыннегізді әліпбидің жаңа Жобасында осы мәселені ескеруді сұрайды. Хат соңына жоба тіркелген.

Ғалымдар ұсынып отырған жобаның артықшылықтары хатта сараланып көрсетілген. Дегенмен, ғалымдар жобасында қазақтың төл дыбыстары толық қамтылғанын, кірме сөздердің фонологиясын жеткізетін таңбалар берілгенін (яғни заманауи процестер ескерілгенін), қазақтың жіңішке айтылатын дыбыстары (ә, ө, ү) умлаутпен таңбаланғанын, таңба саны 26-дан аспайтынын, оның 23-і ағылшын-латын әліпбиіндегі әріп таңбаларына сәйкестігін, әріпасты диакритикамен берілген таңба барын (ң) айту керек.

Ескерер жайт, жазу үлгісінде әріпүсті диакритиканың бірыңғай қолданылуын міндеттейтін ереже дүние жүзі әліпбилерінде жоқ. Әліпбидегі ең негізгі мақсат – қолайлылық (оқудағы және жазудағы) пен тіл заңдылықтарының сақталуы, интернет-технологияларға бейімделуі. Қазақ жазуының реформаторы атанған А.Байтұрсынұлы «әр әріптің басынан сипап отыратын» (диакритикасы көп) ескі араб жазуымен жазылған қазақ сөздерінің оқуға, жазуға қолайсыздығын ескерткен. Сондықтан өзінің төте жазуына әріпүсті және әріпасты диакритикалық таңбаларды енгізе отырып, дәйекшені қосқан.

Қазанда қабылданған әліпбилік жобада әріпүсті диакритикалық таңбалармен қазақтың төл дыбыстарын жазу, сөзді оқу қиындықпен келетінін тәжірибелер көрсетті, көзбен қармауда, сөзді жазуда да қолайсыз келіп, тұтас сөздің бөлшектенуі байқалды. Сондықтан тек әріпүсті диакритиканы қалдыру А.Байтұрсынұлы ескерткен жағдайдың қайталануына әкелер еді, сондықтан тарихи тәжірибені ескеру дұрыс.

Диакритикалық таңбалардың дыбыс таңбалаудан бөлек сөз мағынасын айыру қызметі бар. Бұл қазіргі ағылшын тілінде кең тәжірибеленеді. Мысалы, Апорт сөзіндегі диакритика (үтір) мағына айыру қызметін атқарады. Ғалымдар жобасындағы өте жиі қолданылатын,

халықаралық терминдер (мысалы, университет) құрамындағы *у* әрпі *W* емес, танымал, жадта графикалық образы қалыптасқан латынның *u* таңбасымен берілуі жастар мен орта, егде адамдар және шетелдіктер үшін де ыңғайлы.

Ұсынылып отырған әліпби жобасында диакритиканың әріпүсті мен әріпасты түрі қолданылған және жобаны ұсынып отырған белгілі ғалымдар латынға көшу кезіндегі ТМД елдерінің, түрік халқының тәжіирбелерін зерттеген, олардың кемшіліктерінен қорытынды жасап, жобаны жетілдірген.

Иә, сөз жоқ, латынға көшу - аса маңызды тарихи оқиға, тарихи шешім. Тарихи шешімнің қапысыз болуын мақсат ету Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың екінші рет (19.02.2018 ж.) әліпби жобасын қабылдау туралы жарлыққа қол қоюынан көрінеді. Өйткені жазу ыңғайлы болса, ұлт тілінің заңдылықтарының бұзылмауына көмегі тисе, оның маңызы арта түседі. Болашақта қайта-қайта реформалай бергеннен гөрі жетілген әліпби қабылдау әліпби өмірін ұзартады, экономикалық жағынан да тиімді. Осы орайда Президент жарлығымен қабылданған соңғы әліпби мен ғалымдар ұсынып отырған әліпбиді салыстырғанда, мынадай артықшылықтар мен кемшіліктер байқалды:

Екі нұсқа да таза апострофтық принципке негізделмеген. Ақпан әліпбиінде *ш, ч* дыбыстары диграфтармен таңбаланып, апострофтар екі дыбысқа азайған. Қазан нұсқасында *ш, ч* апострофпен берілген еді. Ал ғалымдар ұсынған жобада *ш, ң* әріпасты диакритикамен таңбаланған. Әріпүсті диакритика екіге азайған. Ш әрпінің қазақ сөздерінде жиі кездесетінін ескергенде, диграфтық таңба сөздің тұрқын ұзартатынын айту керек.

Ғалымдар жобасында қазақтың жіңішке айтылатын дыбыстары *(ә,ө,ү)* умлаутпен таңбаланған, ақпан әліпбиінде бұл дыбыстар акутпен берілген, яғни қазан нұсқасының негізінен (әріпүсті белгі) сақталғанын көрсетеді. Ғалымдар атап берген апострофтармен жазу кезіндегі қиындықтар әлі де болатыны байқалады, өйткені осы төл дыбыстарымен келетін сөздердің жиілігі жоғары. Жаңа нұсқа да диакритиканың бір түрі акутпен (лат. Acutus), екпінді білдіретін үшкілмен жасалған. Акут грек, роман, славян тілдерінде екпіннің тұрақсыздығының, ауыспалы екпіннің белгісі саналады.

Ғалымдар жобасында *ұ,ғ* дыбыстары да умлаутпен таңбаланған, ал ақпан әліпбиінде *ұ* дыбысының ағылшынның *u*–мен берілуі қазақтың төл сөздерін жазу кезінде халықаралық терминдердің графикалық образы кедергі келтіретінін ескермегендікті байқатады. Мысалы, университет (кирил) - universitet (ағылшынша, ғалымдар жобасы) - Ýniversitet (ақпан нұсқасы), Нұргелді (кирилше)- Nürgeldi (ғалымдар жобасы) - Nurgeldi (ақпан нұсқасы) т.б.

Ғалымдар жобасында і латынның і-мен берілген, ал ақпан әліпбиінде і бұрынғы кирилл таңбасымен, яғни қабылдауға оңай күйінде қалдырылған. Бірақ екі жобада і мен и-дің бас әріптері бірдей таңбаланатыны (I) ескерілмеген. Бұл екі әліпбидің де кемшілігі деп білеміз. Келесі кемшілігі й дыбысы мен и-дің бір таңбамен берілуіне байланысты. Қазақ сөздерін жазуда буын саны көбею ықтималдылығы басым. Мысалы, *ійіс – иіс* т.б. Қазақ сөздері үшін бұл аса бір кемшіндік бола қоймайды, себебі қазақ тілінде қысқа й (ый, ій) ғана бары айтылып жүр, бірақ кірме сөздерді таңбалауда қиындық туындауы мүмкін (әсіресе қазақ тілді мектептерде орыс тілі мен әдебиетін оқығанда орыс әліпбиі қалатынын ойлағанда), әсері болады, жаңылысу болады. Ал жағымды жағы - қазақ жазуында кірме сөздерді сындырып жазу мен айту – латыннегізді жазуға көшудің бір шарты болып табылады.

Ң дыбысы ғалымдар ұсынып отырған жобада әріпасты диакритикамен таңбаланған, жазуда қолайлы және алғашқы латыннегізді (1940 жылдардағы) жазуда осылай таңбаланған, тәжірибеде болған. Ақпан әліпбиіндегі ң тағы да әріпүсті диакритиканы көбейтіп, төл сөздердің жазылуында, таңбалануында (сөздің бөлініп кетуі) қиындықты көбейтеді.

X,h екі нұсқада да бірдей таңбаланған. Екі дыбыстың осы кезге дейін даму барысында мағына айыратын функциясы қалыптасып кеткені ескерілмеген. *Хабар* деп жазуға көз де, қол да үйренгенмен, *қаһарлы*-ны *қахарлы (Гауһар - Гаухар)* деп жазуды қабылдау, көз алдымызда қалыптасқан графикалық бейнені өзгерту, санада қалыптасқан ережеден бас тарту оңай бола қоймайды. Қалай десек те, әліпби бір әріпке кеміді, жазуда біраз өзгерістер болады.

Екі жобада да Ww таңбасының алынбауын құптау керек. Себебі бұл таңба қазіргі технология заманында абстрактіленген, дыбыстан гөрі символдық қызметке көшкен, айталық, электронды мекенжайлар т.б. Бұл - екі жобаның ұтымды тұсының бірі.

Умлаут пен диграф екі жобаның негізгі ерекшеліктерін тудырып тұр. Умлаут еуропа тілдері әліпбилерінде қолданылады, тәжірибеден өткен. Умлаут тек әріптің үстіне қойылатын фонетикалық белгі, екі әріптің арасына түспейді, әріп шекесіне қойылмайды. Ал апостроф әріптің үстіне емес, әріптің оң жақ шекесіне қойылады, сондықтан оның қазан жобасында компьютердегі кеңтаралымды шрифтімен жазғанда және қолмен жазған кезде сөздің бөлініп жазылуына әсер ететінін көпшілік түсінді. Диакритикалық әліпбидің қай түрі болмасын, акутпен жазылған әліпби де, қазіргі кезде кең таралған Times Neu Roman шрифтімен емес, басқа шрифт түрлеріне қолайлы екені студенттер арасында жасалған тәжірибелерден байқалды. Бұл латынқаріпті кеңістіктің бір талабының толыққанды орындалмайтынын, яғни біртекті шрифті пайдалануда қиындық туатынын көрсетеді.

Кез келген әлеуметтік ортада сол ортаның ауызша айтуы-сөйлеуі мен жазуында басшылыққа алатын екі норма болады, ол - орфографиялық және орфоэпиялық нормалар. Норма – қарама-қайшылықтары көп жалпытілдік категория. Норманың тұрақсыздығы жағдайында оның бар болмысы статика мен динамиканың қарама-қарсылығымен анықталады. Ал жазуда норма қатаң сақталуы тиіс, дегенмен жазып отырған адам мен сөйлеп тұрған адамның діттемі екі түрлі болады. Ғалымдардың пайымдауынша, жазуда тиімділікті сақтау үнемі жадта тұрса, сөйлеу кезінде этностық ерекше белгілер анық көрінеді екен. Екеуі де қазақ жазуы үшін керекті нәрселер.

Қорыта келгенде, бір ғасырда әліпбиді бірнеше рет ауыстырған қазақ халқы үшін қабылданатын латыннегізді жаңа әліпби өмірінің ұзақ болуы қажет-ақ. Сондықтан ғалымдар тарапынан ұсынылып отырған жобадағы ұтымды ұсыныстар әлі де ескерілер деген ойдамыз. Өйткені әр нәрсені жетілдіру – мақсат әрі міндет.

ЛАТЫННЕГІЗДІ ЖАҢА ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ ЕМЛЕ ЕРЕЖЕСІНДЕГІ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР

Қаламқас Қалыбаева
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы

Ұзақ талқыға түскен қазақ әліпбиінің соңғы нұсқасы да бекітіліп, соған орай жаңа қазақ емлесі ережелерінің жобасы да жалпыхалықтық талқылауға ұсынылды. Соның барысында қазақ жазуының тарихы қайта сараланып, кем-кетігі санадан қайта саралана түскендей болдық. Мұның өзі қазақ қоғамына әлемдік жазу тарихында болмаған сана серпілісін алып келгенін айқын аңғартады. Сана жаңғыруының бір көрінісі – жоғарғы оқу орындарына «Латыннегізді қазақ жазуы» пәнінің енгізілуі болып отыр. Мысалы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде айтулы пән барлық мамандықтар

бойынша таңдау компоненті ретінде енгізіліп, білім алушы қауымның сүйіктісіне айналып отыр. Бұл пәннің енгізілуі студенттер санасына жазудың тарихына ғана емес, жалпы қазақ тіл білімінің теориялық базасының қалыптасуындағы ақтаңдақтарды қайта саралауға, сол арқылы білім алушылардың өтіп жатқан үрдістерге деген жанды көзқарастарын қалыптастыруға зор үлес болып қосылуда. Нәтижеде студенттер қауымы қазіргі латыннегізді қазақ жазуына өту қажеттіліктерін өз тараптарынан қортындалай алып отыр. Мұның өзі келешек сапалы филолог мамандардың қалыптасуына зор үлес боп қосылып отырғаны даусыз. Дегенмен, жаңа қазақ емлесінің ережесін әлі де саралай түсу қажеттілігі күн тәртібінен түскен жоқ. Әсіресе, «Латыннегізді қазақ жазуы» пәні бойынша студенттермен ой бөлісу барысында жаңа қазақ емлесінің ережелеріндегі байқалған біраз түйткілді тұстарға назар аударсақ дегіміз келеді.

Бүгінгі ірі фонетист-ғалымдарымыздың бірі Ә.Жүнісбек: «*Реформа бір ғана әліпби ауыстырумен шектелмейді. Реформа үш мәселені – дыбыс, әліпби және еміле-ереже – бәрін бірдей қамтиды: дыбыс – өзге тілдерден бөлектеп тұратын тілдің тұрпат-тұрқы; әліпби – сол дыбыстың қауызы, басқаша айтқанда, қорғаны мен оққағары; еміле-ереже – дыбыстардың басын біріктіріп, сөз құрап тұратын дәнекері. Осы үш мәселе бір-бірімен байланысты және қатар шешілмей төл жазу қалыптаспайды*»- деген ойын жиі айтып жүр [1]. Ия, шынында бұл үш мәселе бір-бірімен тығыз байланыстағы дүниелер. Қазақстан қауымына жаңа ұсынылып отырған емле ережесінде орфографияны «қосаржарлық» сипатынан айыру деген мәселеге үлкен көңіл бөлінген. Қалай дегенмен де, жазу тілі сөйлеу тілін толықтай көшіріп бере алмайтындықтан емле ережесінің бойында шартты түрдегі ескертулер кездесіп отырады. Мысалы, латыннегізді жаңа емле ережесінің 20-параграфында «Түбір сөздің соңындағы ***k, q, p*** дауыссыздары тәуелдік жалғауындағы сөзге және түбір сөзге етістіктің ***-a, -e, -ı*** көсемше жұрнағы жалғанғанда, ***g, ǵ, b*** немесе ***ý*** болып өзгерген түрінде жазылады:

- *júrek – júregi, súıek – súıegi, kúrek – kúregi*; *qazaq – qazaǵy, baıraq – baıraǵy, taraq – taraǵy; kitap – kitaby, aspap – aspaby, lep – lebi; tik – tigedi, ek – egedi, tók – tógedi; taq – taǵady*, *jaq – jaǵady, baq – baǵady; kep – kebedi, keýip, jap – jabady, jaýyp, tap – tabady, taýyp* [2,10].

Бірақ *sap – sapy, sapynda, sapymyzǵa, tarap – tarapynda, tarapymyzdan, shah – shahy, qazaq – qazaqy* тәрізді сөздердің түбір тұлғасы сақталып жазылады делінгенмен ескерту ретінде ***-p, -h*** әріптеріне аяқталған терминдік мәндегі шеттілдік сөздерге тәуелдік жалғауы жалғанғанда ұяңданбайды:

- *arhetıp - arhetıpi, stereotıp - stereotıpi,* бірақ*:* ***ketshýp – ketshýby;*** *sheıh - sheıhy, shtrıh - shtrıhy» деген секілді мысалдар келтірілген.*

Тағы бір назар аударатын тұс жаңа емле ережесінде енді -лық қосымшасымен келгенде бірге жазылады:

- *urdajyqtyq, astatóktik*

күрделі сөздері қосымшасыз келгенде бөлек жазылады: Мысалы:

- *as ta tók*, *ur da jyq;* [2,11].

Айта кетуіміз керек бұрынғы сөздіктерде бұл сөз бірде *ұрда-жық деп қос сөз түрінде, бірде біріккен сөз ретінде беріліп жүргені сынға ұшыраған еді: «Ұр да жық* фразеологизмі бірде *ұрдажық* деп біріккен сөз ретінде алынса, екінші жерде ол *ұрда-жық* деп, қос сөз ретінде жазылыпты» [3]. Ал, жаңа емле ережемізде біз осы екіұштылықты бір жүйеге келтіре алмаған секілді көңілге түйткіл қалдырып отыр.

Сол сияқты жаңа емле ережесінде Көмекші есімдермен тіркесіп, атаулық мағынаға ие болған сөздер бірге жазылады:

- *saılaýaldy naýqan, mektepaldy top, tilarty dybysy, sózaldy syńary, tisarty daýyssyzy*, *jerústi jumystary, jerasty sýlary.*

Алайда, негізгі сөзге тіркескен *алды, арты, асты, үсті, қасы, маңы, жаны, іші, сырты, басы, тұсы, шеті, бойы* сияқты көмекші есімдер бөлек жазылады:

- *esik aldy, úı arty, kópir asty, mektep qasynda, qala mańy, bazar janynda, aýla ishi, qora syrty, qystyń basy, júrek tusy, aýyl sheti, ózen boıy, tula boıy* сияқты сөздер бөлек жазылады [2,12].

Айтайын дегеніміз, айтулы емле ережесі студенттер тарапынан талданғанда біржақты қабылдана қоймады. Олардың көпшілігі бұл емле ережесі керісінше жазуда екіұдайылық, яғни «қосамжарлық» сипат қалыптастыруы мүмкін деген қауіптерін жасырмады.

Жаңа емле ережесінде студенттер тарапынан үлкен пікірталас туғызған тағы бір мәселе *Еш, әр, кей, бір, қай, әлде* сөздерінің бірде бірге, бірде бөлек жазылуы болды. Емле ережесінде [2,12]. «*Еш, әр, кей, бір, қай, әлде* сөздері зат есімдермен тіркескенде, бөлек жазылады:

- *esh adam; ár el, ár ata-ana; keı bal*

деп көрсетілгенменмен, негізгі ережеде: «*Еш, әр, кей, бір, қай, қайсы, әлде* сөздерімен келген есімдіктер, сын есімдер, үстеулер түбір тұлғалары өзгертілмей, бірге жазылады:

- *eshkim, eshbir, eshqandaı; árkim, árbir, árdaıym; keıbir, keıbireý; birdeńe, birneshe, birtalaı; qaıbir, qaısybir, qaısybireý; áldeqalaı, áldeqaıda, áldeqashan, ártúrli, árqıly* [2,12].

Ал, енді студенттер арасында үлкен дау туғызған емле ережесіндегі жаңа заңдылық болып еніп отырған кейбір кирилл әріптері мен шеттілдік сөздердің емлесіне арналған тарау болып отыр. Бұл арада білім алушылардың пікірі қақ жарылды. Бұл арада бүгінгі сөйлеу тіліміздің бір кездегі кирилл жүйесіне негізделген емле ережелерінің жазуға енгізілуінің нәтижесінде қалыптасқан бүгінгі қазақтың дыбыстау органдарында қалыптасқан акустикалы-артикуляциялық ерекшеліктеріміздің әбден тілімізге сіңісті болып, қазіргі сөйлеу тілін нормаландырып үлгергендігін ескеруіміз қажет деген ойдан туындайды. Мәселе, ендігі жаңа емле ережесінде енгізілген «қазақыландыра» жазу тілі сөйлеу тілін 20-ғасыр басындағы қалпына қайта айландырып келтіре алады ма, жоқ па? Бір топ студенттер: « Қазақ әліпбиіне енгізілген в, ъ, ь, ц, щ … тәрізді әріптер алдымен халықаралық терминдерді, советизмдерді, онимдерді (жалқы есімдерді) орыс орфографиясымен жазу үшін енгізілген. Сөйтіп, советизмдерді, интернационализмдерді, онимдерді Орталық орыс орфографиясымен бұлжытпай жазу үшін *ч, щ, ю, я, ъ, ь, ц* ... тәрізді әріптерді енгізуге тіл мамандарын мәжбүрледі» -деген Нұргелді Уәлидің пікірін жақтап, тіліміздегі ол дыбыстардың қолданыстан шығарылуын қуана құптайды. Кирил әліпбиінің қазақ нұсқасында *я, ю, ё* графемалары әдетте дыбыстардың қосындысын білдіретіндігі, оларды қазақ тілінде екі вариантта яғни *йа – йә, йу – йү* түрінде беріп, *я, ю, ё* әріптерін әліпби құрамынан мүлде алып тастауға боладтындығы соңғы жылдары жиі айтылып жүрді. Өйткені қазақ орфографиясында *йа – йә* тәрізді әріптік тіркестермен беруге болатын прецедент бар» делінген еді. Ендігі жаңа емле ережемізде бұл айтылған ойлар толығымен ескеріліп, жаңа әліпбиден шығартылды. Алайда, жазу санамызға әбден сіңісті болып кеткен кірме сөздерді жаңаша жазуда бірқатар қиындықтар қайта алдымыздан шығып отыр. Ендігі жаңа емле ережемізде енді ***Ё*** әрпі жоқ болғандықтан кірме сөздерде кездесетін ***Ё*** *таңбасы е* әрпімен таңбаланады. Мысалы:

- *manevr brýselez, monter.*

Бұны дұрыс делік. Алайда, Ц әрпінің жаңа әліпбиімізде қабылданбауымен байланысты да бірқатар дау туып отыр. Мысалы, емле ережесінде бұл дыбыс бірде ***ts, бірде s түрінде таңбаланғалы отыр:***

- ***ts** (pitsa, Nitsa)*
- ***s** (konstıtýsıa, korporasıa)*

Міне, емледе осылайша екі түрлі болып жазылуын қоғам келешекте қалай қабылдар екен деген сұрақ күн тәртібінде қала бермек.

Сол секілді жаңа әліпбиіміздегі Ю және Я әріптерінің алынып тасталуымен бірге де жаңа емле ережемізде бірқатар қиындықтар туындағалы тұрғанын ашып айтуымыз керек. Мысалы **Ю** әрпі төл сөздерде және шеттілдік сөздің басында ***ıý*** әріп тіркесімен: [2,19].

- *aıý, oıý, Iýpiter, Iýrmala*

түрінде таңбаланса, ал шеттілдік сөздердің ортасында ***ý*** арқылы таңбаланады:

- *parashýt, absalýt, glýkoza, debýt, prodýser, lýks, salýt, valýta, býdjet, býrokratıa, sýjet, býleten.*

Дәл сол сияқты Я әрпі де төл сөздерде және шеттілдік сөздердің басында **ıa** әріп тіркесі арқылы*:*

- *ıaǵnı, qoıan, Ialta, Iashın,*

ал шеттілдік сөздердің екінші және одан кейінгі буынында ***a*** әрпі арқылы таңбаланады:

- *akýmýlator, mýlaj;* [2,19].

Дж әріп тіркесі бар сөздерде ***д*** әрпі түсіріліп, қосымшалар үндестік заңы бойынша жазылады:

- *menejer*, *jınsy*, *jentilmen;*.

*Осы тұста ескерту ретінде сөздің м*ағынасы өзгеретін жағдайда ***дж*** сақталып жазылады деп көрсетілген:

- *býdjet, lodjy.* [2,19].

Енді осы кірме сөздердегі сөз ортасындағы қайталама ***сс, мм, лл, тт, фф, нн, бб, рр, пп,*** **гг,** ***дд, кк, уу*** дыбыстарды білдіретін әріптердің бірі түсіріліп жазылады деген ережеге назар аударайық:

- *patıson, komısar, aksesýar, rejısor, resor, profesor, prosesor, klasıfıkator,asonans, dısonans, renesans, pasat, dısıdent; gramatıka, komýna, komentarı, komýnızm*[2,19].

Бұл арада айтарымыз-тағы да қосамжарлыққа апартаын екіүштылық туындап тұрған сияқты. Себебі, сөз мағынасы өзгеретін жағдайда ***сс, мм, лл, тт, нн, бб, рр, пп, дд, кк*** әріптері сақталып жазылады:

- *assamblea, kassa, mıssıa, pressa, esse, mass-medıa, massa, vassal; sammıt, ellınızm, allo, dollar, ballada, mıllıon, mıllıgram; getto, netto; tonna, vanna; hobbı, lobbı*, *sýrrealızm, ırrasıonal, ırreal*; *trýppa; býdda, býddısm; ekker*.

Себебі, кірме сөз ретінде кең қолданысқа түскен *tonna, vanna, dollar, ballada* сияқты сөздердің мағынасы өзгеріп кетуі мүмкін екенін қалың көпшілік білуі мүмкін болғанмен, жиі қолданыла бермейтін *sýrrealızm, ırrasıonal, ırreal*; *trýppa* секілді кең қолданыста жоқ сөздердің мағынасы ауысар ауыспасын біреу білсе, біреу біле бермейді. Ал, мұның өзі жазуда үлкен қиындықтар туғызуы мүмкін.

Орыс тілі орфографиясында кірме сөздерге қатысты транслитерациялық немесе транскрипциялық, цитаталық жазу принципі деген ұғым қолданылып жүр. Бұл жазу принципі шеттен келген сөздерді өз тілімізде қалай таңбалаудың оңтайлы жолын табуға құрылған: «Цитатный принцип чаще всего используется в том случае, когда в заимствующем языке не хватает нужных графических средств, чтобы передать буквенный или звуковой состав заимствованного слова. Иначе говоря, к цитатному принципу прибегают в случае невозможности применения транслитерационного и транскрипционного принципов. В современной русскоязычной прессе, особенно в электронных версиях печатных изданий, широко используется цитатный принцип для написания американизмов и англицизмов: PR, on line, а также иностранных торговых марок: BMW, D @ G

и т.п.» [4]. Жаңа емле ережесінде де біз осы ұстанымдарды қолдануды мақұл тапқан жерлеріміз бар. Айталық, қысқарған сөздердің емле ережесіне байланысты бөлімде Ағылшын тіліндегі атауы бойынша қысқарған халықаралық ұйым атаулары түпнұсқа тілдегідей жазылады деп көрсетілген.

- *UNESCO, USAID, NATO, KAF*[2,18];

Бұл қысқарған сөздерді таңбалаудағы ең бір дұрыс шешім деп ойлаймыз. Себебі, орфография түзу тәжірибесінде кейбір «механикаландыру» жүйесін қолданбауымыз мүмкін емес. Жалпы, жаңа емле ережесінде мұндай тәсілге барынша аз орын берілген.

Дегенмен, емле ережесінде әлі де біржүйеге бағынбайтын заңдылықтар мен «ескертулер» келешекте жазуға біраз қолайсыздықтар әкелуі мүмкін болып отыр. «Көш жүре түзеледі» демекші, емле ережесі әлі түпкілікті бекітілген жоқ. Жалпыхалықтық талдаулар жер-жерлерде әлі жалғасын табуда. Қалай да, жаңа әліпби қабылданған соң, оның емле ережесі сол әліпбиге орай қайта түзілетіні белгілі. Алайда, әліпби ауысқанымен, тіліміздің негізгі заңдылықтары ешбір ауысқан жоқ. Сондықтан, мұндағы аздаған өзгерістерге қарамастан, жаңа емле ережесінде тіліміздің негізгі заңдылықтары бұрынғы емле ережесінен көп ауытқымауы да заңды деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жүнісбек Ә. Әліпби мәселесі. Abai.kz.
2. Қазақ емлесінің негізгі ережелері. Жоба. Алматы, 2018.
3. Қалиев Б. Қазақ тілі орфографиялық сөздігінің 6-шы басылымы жөнінде/ Емле.kz.
4. Овчинникова И. Характеристика принципов русской орфографии с позиций речевой деятельности / philolog.pspu.ru › Выпуск № 4.

ЭРГОНИМДЕР КЕҢІСТІГІН РЕТКЕ КЕЛТІРУДІҢ ЗАҢНАМАЛЫҚ ҚҰЖАТТАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ ТҰСТАРЫ

Нұрсәуле Рсалиева
«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты

Қазақ әліпбиін латын қарпіне көшіру «Рухани жаңғыру» идеясының аясында жүзеге асырылып жатқандықтан, осы жұмысты кезең-кезеңімен іске асыру үдерісі барысында өздігінен бірқатар өркениетке бастайтын қадамдар жасалады деп күтеміз. Дәлірек айтқанда, жазу реформасының шынайы іске асырылу барасының өзі бүгінге дейін өмір сүріп отырған кейбір заңнамалық құжаттарға өздігінен сұранып тұрған өзгерістерді енгізу мәселесін айқын көрсетіп беріп отыр. Оның бірқатары ономастикалық кеңістікті реттеу бойынша «Қала, облыс, аудан мекеме атауларының анықтамалығы (Нұр-сұлтан қаласы, Қарағанды облысы, Қарасай ауданы бойынша)» деп аталатын өнімді даярлау барысында айқындалды.

Мекеме маңдайшаларын латын әліпбиінде әзірлеудің үлгісі мен нұсқаулығын жасау барысында Қарасай ауданы бойынша жүргізген жұмыстарымыз бұл аймақтың эргонимдерінің бүгінгі сипатын былайша көрсетті:

Алғашқы апостраф әліпбимен латын:

s’ag’ynmarket Janna минимаркет (Көлді ауылы)
VENERA AZYQ TULIK DU’KENI (Әйтей ауылы)
Avtobo`lshekter (Қаскелең қ.)

Қазіргі (2018ж. 6 желтоқсанда мақұлданған әліпбимен) латын:
DUKEN “Erlan” MAGAZIN (қатемен) (Береке ауылы)
DÚKEN DIANA магазин (Береке ауылы)
APAMNYN YSTYQ BAYYRSAGY (қателерімен) (Шамалған ст.)
AZYQ-TÚLIK DÚKENI Leila продуктовый магазин (Шамалған ст.)
DANIIAR kólik jýý (Шамалған ст.)
Batyr bala karate ortalyǵy (Алмалық ауылы)
Labaq ata meshiti (Қаскелең қ.)

Қазіргі (2018ж. 6 желтоқсанда мақұлданған әліпбимен) латын + орысша:
Nurly Tan хозяйство (қате жазылған)

Қазақ және орыс тілдерінде:
Жанарыс строительный магазин құрылыс заттары (Шамалған ст.)
сауда үйі *Мираш* торговый дом (Шамалған ст.)
Пин-Пин Балмұздақ Мороженое (Шамалған ст.)
азық-түлік *Нұрәділ* продукты (Шамалған ст.)
Тойхана *Қара-құм* ресторан (Қаскелең қ.)

Орысша кирилл + қазақша кирилл:
Сели-поели асхана (Көлді ауылы)
Универсальный рынок-*ДОСТЫҚ* (Шамалған ст.)
Детский сад «Тоғжан» (Теректі ауылы)

Қазақша + ағылшынша (+орысша)
Жаттығу залы Body Sport.kz Тренажерный зал (Көлді ауылы)
Арыстан fishing camp (Жандосов ауылы/ трасса бойы)
Сұлулық салоны Talant салон красоты (Райымбек 3)

Қазақша кирилл + қазақша латын:
ЕЛДОС QURYLYS ZATTAR DUKENI (Шамалған ст.)
Жиһаз IRZAHMET мебель (Шамалған ст.)
Аяқ киімдер Ayaq kiyımder (Шамалған ст.)

Тек қазақша кирилл:
ТАМИРИС дүкені (Шамалған ст.)
Сәт дүкені (Шамалған ст.)
Береке азық-түлік дүкені (Көлащы ауылы)

Тек орысша кирилл:
детская одежда ОдевайКа (Береке ауылы)
Кирпичный завод “Долан” (Долан ауылы)
Марико детский центр (Алмалық ауылы)

Тек ағылшын тілі:
ANKARA student house (Қаскелең қ.)
NUR Lombard (Шамалған ст.)
Sushifood kz (Шамалған ст.)
Fitness life (Шамалған ст.)
Brew Line (Жандосов ауылы)
Resident hotel (Жандосов ауылы)
Auto Gas World (Теректі ауылы)

BA BINGO ARENA (Теректі ауылы)
FESTIVAL KARAOKE CLUB (Қаскелең қ.)
Karaoke club (Алмалық ауылы)
Coffee and the City (Шамалған ст.)
Korean Café (Шамалған ст.)

Ағылшын + орыс/қазақ:
CELEBRITY салон красоты (Райымбек 3 ауылы)
Coca-Cola дүкені (Көлді ауылы)
ICE-PANDA балмұздақ әлемі (Шамалған ст.)
Katrin азық-түлік продукты (Алмалық ауылы)
Gold автомойка көлік жуу (Алмалық ауылы)
PK-OIL заправка (Шамалған ст.)

Ағылшын әріптерімен жазылған атаулар:
Парихмакерская <<Alua>>
Anuar шаштараз

Түрікше:
Гүнеш GÜNEŞ дүкен маркет (Қаскелең қ.)
BEYOĞLU café (Қаскелең қ.)
Öz ANADOLU sofrsı (Қаскелең қ.)

Гибрид атаулар (ағ.т. Hybrid names)**:**
Жастар дүкені (Алмалық ауылы)
Toi Like балабақшасы
Тоқае√ (жарнама мәтінінде, Қаскелең қ.)

сандар = эргонимдер (ағ.т. Numeronyms):
көлік жуу 777 автомойка (Шамалған ст.)
Азық түлік дүкен №13 продуктовый магазин (Шалқар ауылы)
дүкен №10 (Жандосов ауылы)
ТЖО 888 СТО (Қаскелең қ.)
555 қонақүй (Қаскелең қ.)

Әріптер = эргонимдер:
дәріхана А*А*А Аптека (Шамалған ст.)
Шаштараз FA_KA (Шамалған ст.)
ID Senim R медициналық орталығы (Шамалған ст.)
шағын А & Г маркет Ұлан/Жамбыл ауылы
Азық түлік ДМ (Қаскелең қ.)

Бөгде таңбалардың араласуы:
Көркем & ғйша
дәріхана А*А*А Аптека (Шамалған ст.)
Шаштараз FA_KA (Шамалған ст.)
шағын А & Г маркет Ұлан/Жамбыл ауылы

Аты жоқ, заты бар (аты жазылмаған, не екені жазылған):
дүкен (аты жоқ) магазин (Қошмамбет ауылы)
Азық-түлік дүкені (үлкен орын, Шамалған ст.)

Аты жоқ дүкен (Жандосов ауылы/ трасса бойы)
Аты жоқ дүкен (Долан ауылы)
Аты жоқ кіші дүкен (Абай ауылы)
Аты жоқ үлкен дүкен (Абай ауылы)
Аты жоқ шаштараз (Әйтей ауылы)

Аты бар, заты жоқ (аты жазылған, не екені жазылмаған):
Алия (дүкен сияқты, Шамалған ауылдық округы)
Тау-самал (дүкен сияқты)
SÁTTI (дүкен сияқты, Қаскелең қ.)
AG R IMPERIAL (не екені белгісіз, Көлді ауылы)
Берік (дәріхана деп жазылмаған, Алмалық ауылы)

Бұл топтамадан басқа да бірқатар көз сүріндіретін маңдайша атауларынан мысалдарды төмендегі кестеге салайық:

Назар аударатын графикалық тұрпаттар	Қате түрі
дүкені Рүстем (Береке ауылы) **Дүкені** Гүлжан Магазин (Береке ауылы) **дүкен** Заур магазин (Береке ауылы)	Тілдің құрылымдық болмысына нұқсан
сұлулық салоны **Улжамал** салон красоты (Шамалған ст.) Nurly **Tan** хозяйство	Латын қарпіне онимнің орысша жазылған нұсқасынан көшірілген
Көркем **& ғйша**	Бөгде таңбалардың қолданылуы және орфографиялық норманың бұзылуы
Көлашы /Көлащы	Бір ауылдың атының екі жағында екі түрлі жазылуы – немқұрайлық.
Сауда орталығы **АлаТау** оптомаркет Алтын **Аю** дәріханасы **Қият**-ломбард	Орфографиялық нормаларға сай емес

Жоғарыда көрсетілген топтамалар бойынша талдау жасап шағайық. Сөз жоқ, бірқатар эргонимдердің тек қана ағылшын тілінде беріліп тұруы ҚР Тіл туралы заңының 19-бабына қайшы келіп тұр, мұндай заңбұзушылыққа жол берілмеу керектігін баса көрсетеміз.

Елорда ономастикалық кеңістігінің космополиттенуіне шектеу қойып, қабылдауға ауыр, құрылымдық жігін ажыратуға қиын (мысалы, *«RBS Technologies» ЖШС, «Retail investment Astana» ЖШС, «SPK Astana development» ЖШС* және т.б.) шеттілдік эргонимдік бірліктерге жол берілмеу керектігі Нұрсұлтан қаласы бойынша жобаға қатысушы әріптестеріміз (Л.Еспекова, Қ.Сарекенова, Ж.Қоңыратбаева) тарапынан да ұсынылған болатын.

Көрнекі ақпараттың орналасу реті ҚР Тіл туралы заңының 21-бабына сәйкес қазақша сол жағында болғандықтан, *дүкені Рүстем* (Алматы обл., Қарасай ауд., Береке ауылы) *Дүкені Гүлжан Магазин* (Алматы обл., Қарасай ауд., Береке ауылы) *дүкен Заур магазин* (Алматы обл., Қарасай ауд., Береке ауылы) деген көрініс молынан кезігеді. Тек қана қазақ тілінде *дүкені Рүстем* деген нұсқада жазылып тұрған эргонимдерден осы баптың әсерінен қалыптасып үлгерген өрескел қатені көруге болады.

ҚР Тіл туралы заңының 24-бабында «... көрнекі ақпаратты орналастыру бойынша талаптарды бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады» [1, 64 б.] деп көрсетіледі (бір қызығы, қазақ тіліндегі ақпарат көздерінде аталған заңның мәтіні бір нұсқада кездеспейді екен, кей дереккөздер мәселен, «https://www.kaznu.kz/kz/1969/page» 24-баптың осы бөлігін көрсетпеген. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы 1997 ж. 11 шілдедегі № 151-І Қазақстан Республикасының Заңы 2008.21.11.» деген сілтемесі бар екен, соған қарағанда кейінірек бұл жері алынып тасталған ба деген ой келеді).

Сонымен, маңдайшаны *Дүкені* деп бастасақ, сөз тәртібі бұзылады, *дүкен* деп бастасақ орыс тілі мен ағылшын тілінің құрылымына кетіп қаламыз. Сондықтан тіл табиғатына нұқсан келтірмеу үшін объектілердің атауларын жазғанда дүкені, балабақшасы, мейрамханасы, сән салоны деген қазақшаны да, магазин, детский сад, ресторан, салон красоты деген орысшаны да сол жағына, екі қатарға, қазақшаны үстіне, орысшаны астына жазу керек болады. Сонда

Рүстем	дүкені (кіші әріппен) магазин (кіші әріппен)

Хансұлтан	балабақшасы (кіші әріппен) детский сад (кіші әріппен)

деген тәртіппен орналасатын болса, алдыңғы «тәртіптің» тілбұзар функциясынан айыға аламыз. Сол себептен аталған заңның «Көрнекі ақпараттың барлық мәтіні мынадай ретпен: мемлекеттік тілде - сол жағына немесе жоғарғы жағына, орыс тілінде он жағында немесе төменгі жағына орналасады, бірдей өлшемдегі әріптермен жазылады» деген жеріндегі «сол жағына» деген жерін алып тастау қажет. Оның орнына біздің мысалымызда көрсетілгендей, не болмаса одан да ұтымды жолы табылып жатса, мемлекеттік тілдің табиғатына нұқсан келмейтіндей, реттік тәртіп көрсетілуі тиіс.

ТТЗ екі тілде жазуды міндеттейді ме, әлде тек қазақ тілінде, немесе объект иесі мәселен, орыс немесе орыс тілді басқа ұлт өкілі болған жағдайда, оның тек қана орыс тілінде жазып қоюына құқығы бар ма? Мәселен, *детская одежда ОдевайКа* (Алматы обл., Қарасай ауд., Береке ауылы), *Кирпичный завод "Долан"* (Алматы обл., Қарасай ауд., Долан ауылы), *Марико детский центр*(Алматы обл., Қарасай ауд., Алмалық ауылы). «Осындай тек орыс тіліндегі нұсқада (сондай-ақ тек қазақ тілінде) жазылған эргонимдер ҚР Тіл туралы заңына нұқсан келтіріп тұрған жоқ па?» деген тәрізді сұрақтардың басын ашу заңнамалық тұрғыдан реттелуі тиіс.

*«Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Ж **Каскелен**» – Jaýapkershiligi shekteýli seriktesti «J **Kaskelen**»; «**Жардем**» медициналық колледжі – «**Jardem**» medısınalyq kolleji; «**Умай** Ана» балабақшасы – «**Ýmaı** Ana» balabaqshasy»,* сондай-ақ *«Казпочта» акционерлік қоғамдық филиалының Қарасай қалалық **Почта** байланыс торабы – «Kazpochta» aksıonerlikqoǵamdyq fılıalynyń Qarasaı qalalyq **Pochta** baılanystoraby* деген тәрізді мысалдардан көріп отырғанымыздай, қазақ жазуын латын қарпіне көшіру барысында, сондай-ақ басқа тілдерге аударылу барысында ономастикалық атаулар мен терминдер тек қана қазақша жазылған нұсқасынан алынуға тиіс. Бұл ономастикалық атаулар мен терминдердің әркелкі нұсқада қалыптасуына жол бермейтін, оларды бірқалыптандыруда (кодификациялауда) бірден-бір маңызды шара болып табылмақ. Осыған орай, онимдер мен терминдерді орыс тілінде жазылған нұсқасынан латын қарпіне көшіруге, сондай-ақ басқа тілдерге транслитерациялауға тыйым салатын заңнамалық құжат қажет, дәлірек айтқанда, бұл жөнінде Тіл туралы заңға арнайы бап енгізілуі тиіс.

Қазақ тіліндегі *wiki* ақпарат көзі «Тілімізді сақтау үшін жасалынған ұсыныстар» деп ғаламторда ТТЗ-ға байланысты «Тіл туралы Заңның 24-ші бабында «Қазақстан Республикасының тіл туралы Заңының бұзылуына кінәлі мемлекеттік органдардың, кез келген меншік нысанындағы ұйымдардың 1-ші басшылары, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес жауапты болады» делінген. Заңның осы қағидасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет» деп көрсеткен екен.

ТТЗ-ның көрнекі ақпаратты рәсімдеу жөніндегі талаптары бүгінгі қажеттілік тұрғысынан қайта қаралып, ағылшын тілінде, түрік тілінде берілуі, гибрид атаулардың, сандардың, жеке дара әріптердің, сондай-ақ бөгде таңбалардың араласуы қазақ қоғамындағы ономастикалық кеңістікте жат құбылыстар екені айтпаса да түсінікті. Осындай қоғамға жат қолданыстардан тыйып отыру үшін батыстың, АҚШ-тың заңнамалық құжаттарынан, жалпы осы саланы басқару тәжірибесінен алатын тағылым баршылық, жан-жақты қарастырылса болғаны.

Қазақстан Республикасының 1997ж. 11 шілдеде қабылданған Тіл туралы Заңына 1998ж. 14 тамызда «Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту туралы», Елбасының 1998ж. 5 қазандағы № 4106 Жарлығымен бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» тағы басқалары, бас-аяғы 4-5 жылдың ішінде тіл жөнінде 17 құжат қабылданыпты [2]. Ұлт мүддесіне орай оң өзгерістер жалғасын таба береді деген сенімдеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мемлекеттік тіл саясаты (нормативтік-құқықтық актілер жинағы) Государственная языковая политика (сборник нормативно-правовых актов) – Астана: Ш.Шаяхметов ат. Тілдерді дамыту республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы РМҚК, 2014 – 912 б.
2. https://kk.wikipedia.org/wiki

ЕМЛЕ ЕРЕЖЕЛЕРІ: ПІКІРЛЕР МЕН ҰСЫНЫСТАР

Мархаба Тұрсынова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
Қазақ жазуын латын графикасына аудару
орталығының жетекшісі,
филология ғылымдарының кандидаты

Елбасының 2017 жылдың 12 сәуірінде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласынан кейін қарқынды түрде іске аса бастаған латын әліпбиіне қатысты мәселе қазақ жазуына бейжай қарамайтын адам үшін өзекті екендігіне дау жоқ.

Әліпби бекітілген соң емле ережелерін түзу мәселесі жолға қойылып, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ғалымдарының күшімен дайындалды. Ол туралы биылғы жылдың 18 қаңтарында «Егемен Қазақстан» газетінде (№11 (29490)) жарияланған Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелерінде: «Институт әзірлеген Ереже жобасы Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия жанындағы Орфографиялық және Әдістемелік жұмыс топтарының бірлескен ғылыми-практикалық семинар-кеңестерінде бірнеше мәрте қаралып, талқылаудан өткізілді. Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы еліміздің бірқатар өңірінде ересектер, оқушылар, сондай-ақ, оқытушы-филологтар арасында сынама-сауалнама арқылы тексеруден, республикадағы ЖОО-ның оқытушылары мен тілтанушы мамандарының тәуелсіз сараптамасынан өткізіп, Ережеге соңғы редакциялау жұмыстарын жасап, көпшілік назарына ұсынып отыр», – деп көрсетілді.

Емле ережесі жарияланған соң көпшілік талқылауы ретінде әртүрлі форматтағы іс-шаралар өтіп, әркім өз пікірлерін білдіруде.

Жаңа емле ережесін жасау оңай шаруа емес екені және ғалымдардың тарапынан елеулі жұмыс атқарылғаны белгілі, әсіресе шеттілдік сөздердің жазылу емлесі – нақты еңбектің нәтижесі.

Бұрынғы емле ережесімен салыстырғанда **и, у** әріптерінің емлесі біршама реттеліп, бұл таңбалардың дауыссыз дыбыс әріптерін таңбалайтыны нақтыланғаны көрінеді. Яғни «**У** әрпі **ұу, үу** дауысты дыбыстарын таңбалайды, **и** әрпі жалаң **и** дыбысын және қосарлы **ый, ій** дыбыстарын таңбалайды» (Қазақ тілінің анықтағышы, 2000), деген ереже Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелерінде: «**ı, ý** әріптері дауыссыз дыбыс ретінде таңбаланады: *aı, úı, oıshyl, ıaǵnı, qoıan, saıa, ıod, faıl, aıkıdo, mezozoı, ýaǵyz, ýaqyt, aý, sáýkele, demeýshi, qaýyn, aıýan, keıýana*» сипатына енді.

Сондай-ақ екінші сыңары *basy, asy, aǵasy, anasy* тұлғаларымен келген біріккен сөздерде қосымша сөздің тәуелдік формасына жалғанып, қазақ тілі емлесіне сай келуі де, шеттілдік сөздердің жазылуына қатысты қазақ тіліне жақындастыру да, қосымша жалғанғанда түсіп қалатын қосар әріптің түбір күйінде жазылмайтыны да – ереженің оң жаңалығы.

Дегенмен, емле ережелерінің әлі де толықтыратын, баса назар аударатын тұстары да жоқ емес.

Мысалы, **á, o, ó, u, ú** әріптері төл сөздің басында, кірме, шеттілдік сөздердің екінші, үшінші буынында да жазылатын болғандықтан, *ińkár, kúmán, zámzám* сияқты сөздерге *dildá, rásýá* сөздері де қосылса, оқытуда қиындық тумас еді және бірнеше рет өзгеріске *urda-jyq, asta-tók, ýda-shý* тәрізді тіркестердің құрамындағы **да, де, та, те** шылауларының алдындағы ережедегідей бөлек жазылғаны дұрыс.

«Соңғы буыны **á**-мен аяқталған кісі есімдеріне қосымшалар §16 бойынша жуан жалғанады: *Kúlásh-qa, Kúlái-ǵa, Bilál-ǵa*» деп берілгені дұрыс, яғни ол параграфта қосымшаның ашық, қысаң дауыстыларға қатыстылығы түсінікті берілген, тек ережедегі «жуан» сөзі артық тұр, оны алып тастасақ, «Соңғы буыны **á**-мен аяқталған кісі есімдеріне қосымшалар §16 бойынша жалғанады» болып реттелер еді.

Сондай-ақ, басқы әріптерінен қысқарған сөздерге қосымшалар қысқарған сөздің айтылу заңдылықтарына сәйкес емес, бұрынғы ережедегідей (Қазақ тілінің анықтағышы, 2000) «Әріптердің қысқарған сөздерге қазақ тілінің қосымшалары соңғы әріптің немесе соңғы цифрдың айтылу әуеніне қарай» болғаны дұрыс.

Шеттілдік сөздерде барлық жағдайда **ю** әрпі **ú** әрпімен, **я** әрпі **á** әрпімен жазылмайтыны, **ю** әрпі **ıý** әріп тіркесімен, **я** әрпі **ıa** әріп тіркесімен де таңбаланатыны ашып жазылғаны жөн.

Сөз соңындағы қайталанған қосар әріптің біреуінің және сөз ортасындағы қайталама қосар әріптердің біреуінің түсіріліп жазылатындығына қатысты ережеге жалқы есім мен жалпы есімге қатысты ерекшелік бар екені ашып жазылғаны дұрыс. Бұндай әріптердің түсуі жалпы есімдерге ғана тән, жалқы есімдерде сақталады, **ий**-мен аяқталған сөздердің соңында бір **ı** әрпінің түсу, түспеуі де сол ережеге байланысты.

-ст әріп тіркесіне біткен сөздердің соңғы әрпінің түсірілу «журналис, экономис» сөздеріне қатыстылығы түсінікті болуымен, бір буынды сөздердің қалай жазылатыны ашып көрсетілмеген. Мысалы, бір буынды «тест» сөзі қалай жазылады және қосымша қалай жалғанады? Бұрынғы ережедегідей «тест, тестісі, тестілік» сипатында қала ма, әлде өзгеріс бола ма?

Орыс тілінен енген сөздерге кейбір дыбыс тіркестеріне аяқталуына байланысты қазақ тілі қосымшалары жалғанғанда **ы, і** дәнекер дыбыстары арқылы жалғанатыны белгілі. Осы ережеге қатысты дәнекер дыбысты қажет ететін дыбыс тіркестері алдындағы ережемен салыстырғанда азайып, **-кт, -ск, -пт, -фт** ғана қалыпты. Енді «ромб, тромб, фармацевт, психотерапевт, секунд» сияқты сөздерге қосымшаны дәнекер дыбыссыз «ромбқа, тромбтың, фармацевтке, психотерапевттің, секундты» түрінде жалғау қиындық туғызатыны ақиқат.

Қазақ жазуы жаңа белеске көтеріліп, жаңаша қадам жасауға талпыныс кезінде жұмыла көтерген жүк жеңіл екенін көрсете білуіміз керек. Емле ережесі түбегейлі өзгермегенімен,

жаңа әліпбиімізге енбеген әріптерді басқаша таңбалаудағы болып жатқан өзгеріс барша халыққа түсінікті болмауы мүмкін. Осындай жағдайда барынша үгіт-насихат, түсіндіру жұмыстарының қарқынды болуы қажет-ақ. Әліпбиді тез меңгеру, емле ережелеріне сай жазуға машықтану көпшіліктің күмәнін сейілтіп, жаңа жазуға деген құлшынысын оятары сөзсіз.

ТЕРМИН СӨЗДЕРДІҢ ОРФОГРАФИЯЛАНУ БАРЫСЫ

Құралай Күдеринова
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор

Қазақ тіліндегі термин сөздердің дені - табиғи жолмен біріккен сөздер немесе жасанды жолмен біріккен сөздер. Табиғи жолмен бірігу сөз тіркесі ретінде сыңарлардың тұрақты қайталана келе белгілі бір ғылыми ұғымның атауы не аң-құс, өсімдік атауы болып қалыптасып кетуін айтамыз. Мысалы: *қосаяқ (тышқан), аққайың, сужылан, жанармай, көкжөтел, таскөмір, солтүстік.* Бұндай сөздердің бірге жазылуына күмән болмайды. Өйткені ондай қатар бірге жазылуы процесін семантикалық тұрғыда ұзақ уақыт өткізген. Ал жасанды жолмен біріккен термин сөздер қажетті ұғымдарды атау үшін тілде бар сөзжасамдық үлгі бойынша, аз уақыт ішінде біріктіріліп жасалғандар. Мысалы, бұрынғы жасанды жолмен біріктірілгендер: *өнеркәсіп, кәсіподақ, қаламақы* деген тағы басқа толып жатқан терминдер бүгінде табиғи біріккен сөздердей толысып кетті. Ал жаңадан біріккендері әлі де жасандылығы көрініп тұр, мысалы, *жылужол (теплотрасса), жылутехника (теплотехника), жылуөндірімділік* деген сияқты.

Қазақ тіліндегі біріккен термин сөздердің биология, ботаника, зоология саласына жататындары ұлттық сөзжасам үлгісіне сай келеді. Мысалы, екінші сыңары *tiken, japyraq, tamyr* сияқты өсімдіктің бөліктерінің атауымен келген ботаникалық атаулар бірге жазылады: *әнектікен, әректікен, бозтікен, бұрметікен, жабысқақтікен, жалаңтікен, жалбызтікен, көктікен, қаратікен, сарытікен, сортікен теміртікен, түйетікен, шағыртікен, шегіртікен; алтайтамыр, алтынтамыр, бұраматамыр, жертамыр, жуантамыр, жылантамыр, көгентамыр, кіндіктамыр, мыңтамыр, сабынтамыр, қаратамыр, майтамыр, маралтамыр; бабажапырақ, балажапырақ, бөбежапырақ, бұйражапырақ, бұрамжапырақ, жебежапырақ, жүнжапырақ, жүрекжапырақ, иманжапырақ, қанжапырақ, мүйізжапырақ, мыңжапырақ, садақжапырақ, сужапырақ, сүтжапырақ, тартаржапырақ, таспажапырақ, теңгежапырақ, түйежапырақ, ужапырақ, шайжапырақ, шүкіржапырақ.* Мұнда бүтіннің бөлшегі (тікен, жапырақ, тамыр) тіркес құрамында қайталана келе, жалпы мағынаға көшеді, бүтін заттың, өсімдіктің атауын жасайды.

Сондай-ақ *qurt,balyq, jıdek, jemis, qat, qaraqat, burshaq, búldirgen, шөп, гүл, от(ы), ағаш* жалпы мағынадағы сөздерімен келген ботаника, зоологиялық атаулар және құрал атаулары бірге жазылады:*алақұрт, бақайқұрт, баспақұрт, бауырқұрт, бүйенқұрт, есекқұрт, жұлдызқұрт, жұлынқұрт, жыланқұрт,жылымқұрт, көмейқұрт, қазықұрт, қанқұрт, қарақұрт, қауынқұрт, қылқұрт, миқұрт; айбалық, ақбалық, арабалық, балғабалық, бұзаубалық, жыланбалық, итбалық, кекіребалық, күнбалық кірпібалық, қойбалық, қызылбалық, қылышбалық, майбалық, мұзбалық, семсербалық, табанбалық,*

теңгебалық, тұнбабалық, тікенбалық, шегірбалық, шөмішбалық; қаражидек, итжидек, көкжидек, қақыржидек, майжидек, мүкжидек, қызылжидек; жұлдызжеміс, жұмсақжеміс, жүнжеміс, итжеміс, қанатжеміс, қаражеміс, орақжеміс, тамыржеміс, торжеміс; бөріқарақат, сиырқарақат, талқарақат, сарықарақат, тасқарақат, аюқарақат, қарақарақат, қызылқарақат; ешкібүлдірген, сиырбүлдірген, тасбүлдірген, түйебүлдірген, итбүлдірген, қарабүлдірген, қойбүлдірген; айдаршөп, айланшөп, арпашөп, ашуайтшөп, әлекшөп, барқытшөп, балшөп, бауыршөп, бояушөп, бөденешөп, бұқарашөп, елекшөп, елікшөп, еменшөп, еңлікшөп, еркекшөп, жаншөп, жасаңшөп, жебіршөп, жемшөп, жұмыршөп, жұлдызшөп, жұпаршөп, жыланқышөп, жындышөп, келіншекшөп, кенешөп, кемпіршөп, киікшөп, көкекшөп, көкбасшөп, кірпішөп, күреңшөп, қабыршөп, қандалашөп, қандышөп, қарабасшөп, қасықшөп, кенепшөп, кіяқшөп, қияршөп, қарғашөп, қояншөп, құмайшөп, қорғасыншөп, қызшөп, тұзшөп, қылтықшөп, ләйлекшөп, мақташөп, мизамшөп, ойраншөп, өгейшөп, өлеңшөп, сабыншөп, саздақшөп, сасықшөп, сауыршөп, сәбізшөп, сәлемшөп, семсершөп, сортаңшөп, соршөп, сүйелшөп, сылдыршөп, талақшөп, тамыршөп, тартаршөп, тасшөп, толғақшөп, томағашөп, тұншықшөп, түктішөп, шайыршөп, шәрешөп, шүйіншөп, шөрешөп, шайшөп, сағызшөп; азагүл, айгүл, ақгүл, әлпігүл, әсемгүл, безекгүл, беренгүл, бөрігүл, бөріқгүл, дәстүргүл, ерінгүл, еңлікгүл, жанамагүл, жанаргүл, жарқынгүл, жарықгүл, жатағангүл, жұлдызгүл, жұпаргүл, запырангүл, кекірегүл, кербезгүл, көкбасгүл, көкгүл, көкшегүл, қалтагул, қозыгүл, қолтықгүл, құралайгүл, қырмызыгүл, лалагүл, меруертгүл, наргүл, намазгүл, райхангүл, раушангүл, сарыгүл, секпілгүл, себетгүл, таугүл, тегеурінгүл, тегісгүл, ұягүл, шегіргүл, шерменгүл, інжугүл, ымыртгүл т.б.; *ақот, аюоты, бақаоты, балықоты, бұлдырықоты, доңызоты, киізоты, киікоты, көкекоты, кереңот, қазоты, қараот, қойоты, қояноты, қыранот, маралоты, мысықоты, орайоты, сабынот, семізот, суыроты, тартароты, тоғайоты, шаяноты*

Ағаш сөзі “бұта, тал сияқты биік өсетін көпжылдық өсімдіктің жалпы атауы” және “әртүрлі қажеттілікке жарататын ағаштан алған кесінділер” деген екі мағынасында *әулиеағаш, астықағаш, балауызағаш, барқытағаш, жұпарағаш, қараағаш, қызылағаш, маржанағаш, рауғаш, сарыағаш, тасағаш* сияқты өсімдік, шөп атауларын және *арбағаш, белағаш, жерағаш, жүкағаш, қолағаш, құсағаш, мамаағаш, тісағаш, мойынағаш, иінағаш, азуағаш, ақырағаш, арысағаш* сияқты құрал атауларын жасап, бірге жазылады. Ал ағаш сөзі «биік өсетін, діңі жуан, қатты, жапырақтары көп көпжылдық өсімдік» тура мағынасында тұрып, алдыңғы сыңары оның түрін айырып көрсетсе және тәуелдіктің III жағының жалғауымен тұрғанда нақты атау қызметінде тұрса, бөлек жазылады: *өрік ағашы, жидеағашы, алма ағашы, жеміс ағашы, алмұрт ағашы, емен ағашы, екпе ағаштары.*

Жыланның тек атаулары бірге жазылады: а*бжылан, аюжылан* (улы, үлкен жыланның жергілікті атауы), *оқжылан (*prammophis lineolatus), *құмжылан, сарыжылан(*ophisaurus apodus, *сарыбауыр кесіртке)сужылан*(natrix tes-selata), *таужылан, аюжылан (жерг.), оржылан, сұржылан (гадюка)/ дала сұржыланы, бозжылан.*

Себебі бұлар түр не түсі бойынша ажыратылатын жылан түрлері емес, тегінің, топтың атауы. Ал *көзілдірікті жылан, қалқантұмсық жылан, ордалы жылан, сарыбас жылан, шұбар жылан, қарашұбар жылан*сөздері бөлек жазылады|.

Термин сөздердің жазылуында табиғи жолмен біріккендер қатарына төмендегі қатарларды жатқызамыз.

Ауру сөзімен келетін мынадай медициналық терминдер бірге жазылады: *сарауру, жіңішкеауру, құртауру, суауру, итауру, күйекауру, салауру, сүлеауру, желауру, тышқанауру (вет).* **Себебі:** бұл күрделі сөздердің алдыңғы сыңарлары аурудың түрін атап тұрған жоқ, екінші сыңармен біріккенде ғана бір ауру түрін атап тұр. Мысалы, *сар(ы)*

ауру сөзінің беретін мағынасын сары сөзі бөлек тұрып бере алмайды және ол жұқпалы аурудың бір түрі. Жіңішкеауру - адамның несеп мүшесінің жұқпалы ауруы; создың сөйлеу тіліндегі атауы, екі сыңар біріккенде ғана бір атауға айналады.

Ал *бас ауру, т*ау *ауруы, теңіз ауруы, тышқан ауруы* (шықшыт безі ісіп кететін, жылқы малында кездесетін кесел), *мал ауруы, жүйке ауруы, жаман ауру, қантамыр аурулары, оба ауруы, кәсіби аурулар, өкпе ауруы, асқазан-бауыр аурулары, жұқпалы ауру, буын аурулары, балалар аурулары, сәуле ауруы, көз ауруы, созылмалы ауру, қияли ауру, құлақ аурулары, тері аурулары, тамақауру, тіс аурулары, іш ауруы* тіркестерінің сыңарлары тура мағынасында тұрғандықтан бөлек жазылады.

Балшық сөзімен келетін құрылыс материалдары атаулары және олардан жасалған етістіктер бірге жазылады: *ақбалшық, жербалшық, қарабалшық, құмбалшық, майбалшық, сазбалшық; ақбалшықтап алу, жербалшық, қарабалшықтатып алу, құмбалшықтау, майбалшықтау, сазбалшықтанған үй.*

Құс сөзімен келетін, екі сыңардан тұратын құс атаулары бірге жазылады: *көккұс, қарақұс, мамырқұс, тентекқұс, тотықұс, түйеқұс*. Мұндағы *көк, қара, мамыр, тоты, түйе* сөздері жеке тұрып құс атауын да бере алмайды, сондай-ақ құс сөзіне, яғни екінші сыңарына анықтауыш та бола алмайды. Ал тура мағынасында тұрған құс сөзімен тіркескен, негізінен поэтикалық қолданыстағы сөздер бөлек жазылады: *ақ құс* (поэт.), *бақыт құсы, жыл құсы, қиял құсы, қыран құс.* Мұндағы құс сөзі сыңар емес, толық мағыналы сөз болып тұрғандықтан алдыңғы сөзбен бірге жазыла алмайды.

Сөз сыңарымен келетін біршама күрделі сөздер бірге жазылады: *баспасөз, жарыссөз, келіссөз, қарасөз, ақылсөз,алқасөз, беренсөз (өте дәл, орнықты қолд. сөз), дәйексөз, жұмбақсөз, көркемсөз (стиль түрі), көсемсөз (публ. жазба стиль), шаршысөз (ауызша публ. стиль), замансөз, қоғамсөз, алғысөз (пролог), кіріспесөз, соңғысөз (эпилог).* **Себебі** мұндағы *сөз* сыңары сөздік құрамның толық мағыналы бір бірлігі ретінде емес, көбінде сөйленген ой, «речь» мағынасында, яғни тура мағынасында ауытқып, филологиялық термин жасап тұрғандықтан бірге жазылып тұр. Ал *қаратпа сөз, төл сөз, төлеу сөз, қос сөз, құрама сөз, біріккен сөз, қысқарған сөз, кітаби сөз, кірме сөз, діни сөз, тірек сөз, кәсіби сөз, жергілікті сөз, көне сөз* лингвистикалық терминдеріндегі сөз сыңары лексикалық бірлік, сөйлемнің бір мүшесі деген тура мағынасында тұрғандықтан анықтаушы-анықталуы қатынасында бөлек жазылады. Сондай-ақ *өлең сөз, жалпақсөз, жел сөз, байлау сөз, қасам сөз, ескі сөз, ақтау сөз, алыпқашпа сөз, аталы сөз, қағыс сөз, тақас сөз, құптау сөз, тәмсіл сөз,ұят сөз, үшбу сөз, шайпау сөз, әбес сөз, нақыл сөз, жаман сөз, жақсы сөз* тіркестерінде сөйленген ойдың әдеттегі түрлері ретінде тура мағынада жұмсалып тұрғандықтан бөлек жазылады.

Қазіргі кирилл негізді жазуымызда *шаруашылық* сөзімен келетін сөздер бірге жазылатын еді. Бұл емле 2007 жылғы орфографиялық сөздікте нормаланған болатын. Алайда емле сөздігі бірге көрсеткенмен, қолданыста, күнделікті жазу тәжірибесінде, әсіресе маңдайшаларда бұл сөздер бөлек жазылып, тәуелдік жалғауымен берілді: ауыл шаруашылығы, ауыл шаруашылығы министрлігі деген сияқты. Профессор Н.Уәли «кез келген жаңа норманың практикада жаппай дағдыға айналуына 5-10 жыл айналасы керек» [1] дейді. Ендеше енді дағдаланайын деп отырған орфограмма жаңа латын жазуында былай қалыптанбақшы: *шаруашылық* сөзімен келетін сөздер үш құрамнан тұратын тіркестің екіншісі болса, тәуелдік жалғауынсыз, бірге жазылады: *мал шаруашылығы, бірақ малшаруашылық жұмыстары, арашаруашылығы, бірақ арашаруашылық өнімдері, ауыл шаруашылығы, бірақ* ***Ауылшаруашылық министрлігі****, ауылшаруашылық ғылымдары, ауылшаруашылық тауарлары, ауылшаруашылық өнімдері, ауылшаруашылық саймандары,ауылшаруашылық техникасы, ауылшаруашылық*

құралдары, ауылшаруашылық кооперативтер, ауылшаруашылық серіктестіктері, ауылшаруашылық жәрмеңкесі, ауылшаруашылық кәсіпорындары, балықшаруашылығы, бірақ балықшаруашылық өнімдері, бұғышаруашылығы, егіншаруашылығы, бірақ Егіншаруашылық министрлігі, Егіншаруашылық департаменті, егіншаруашылық өнімдері, егіншаруашылық жәрмеңкесі, малшаруашылығы, бірақ малшаруашылық өнімдері, орман шаруашылығы, бірақ орманшаруашылық мамандығы, ***о****рманшаруашылық жұмыстары, орманшаруашылық және агроорман мелиорациясы ғылымизерттеу институты, Орманшаруашылық комитеті, орманшаруашылық өкілдері; сушаруашылығы, бірақ сушаруашылық мамандығы, түйешаруашылығы,бірақ, түйешаруашылық өнімдері, халық шаруашылығы,бірақ Халықшаруашылық жетістіктерінің көрмесі, халықшаруашылық жоспарлары, халықшаруашылық салалары, халықшаруашылық институты, өсімдік шаруашылығы, жібек шаруашылығы, гүл өсіру шаруашылығы.*

Себебі *шаруашылық* сөзі -шылық, -шілік жұрнағымен жасалған дерексіздігі басым сөз. Негізінен алдыңғы сыңарға көмекші қызметте тұрады. Әрі -лық жұрнағының сөздерді ұластыратын сипаты бар. Ал шаруалышықтың түрлерін анықтап сөйлегенде бөлек жазылады, мысалы, *Ауыл шаруашылығының дамуынан мемлекеттің азық түлік қауіпсіздігі және халықтың әлеуметтік экономикалық жағдайы өзгереді. ЕҚЫҰ орталығы Қазақстандағы органикалық е****гін шаруашылығы****мен «жасыл» экономика мәселелерін талқылау жүргізуде қолдау көрсетеді.*

Сондай-ақ ***асты*** көмекші сөзімен келген, терминдік атаулар бірге жазылады: *мұздықасты суы, тіласты безі, әріпасты белгі, жерасты суы, көзасты өзегі.* Ал *қыр астында отыру, жеті қат жер асты, қол астына кіру, аспан асты* сөздері әрине, бөлек жазылады.

Міне, латын әліпбиге негізделген қазақтың жаңа емлесі бойынша кейбір күрделі термин сөздердің жазылуы осылай шешіліп отыр. Бұл нормалар 2020 жылы жарыққа шығайын деп отырған «Қазақ тілі үлкен орфографиялық сөздігінде» және «Қазақ тілі орфографиялық анықтағышында» беріледі. Әзірге талқылауға салынып отыр. Ұсыныс, пікірлерді А.Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институтына жолдауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Уәлиев Н. Қазақ әліпбиі мен орфографиясының фонологиялық негіздері. Ф.ғ.к дәрежесін алу үшін жаз. дисс. Қолжазбасы. А., 1993.

ЕЛОРДА КЕҢІСТІГІНДЕГІ ЭРГОНИМДЕРДІҢ СИПАТЫ

Ләззат Еспекова
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты
Қарлығаш Сәрекенова
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты

Ономастика – жалқы есімдер кеңістігін қарастыратын тіл білімінің саласы. Жалқы есімдерді барлық салаға қатысты қолданамыз. Бұған адамның аты-жөні, географиялық атаулар ғана емес, сондай-ақ бұл топқа даралаушы қызмет атқаратын атаулар да жата-

ды. Бұл – мекемелер мен кәсіпорындар атауы. Ғылымда бұл атауларды эргонимдер деп атайды. Эргоним – ұйымдардың, мекемелердің, корпорациялардың, кәсіпорындардың, қоғамдардың, яғни адамдардың іскерлік бірлестігінің атауы. Эргонимдік бірліктер қатарына ғылым, білім, оқу, өндіріс орындары, коммерциялық мекемелер (агенттік, банк, дүкен, фирмалар), мәдени нысандар (кинотеатр, клуб, театр, ойын-сауық орындары), спорт орындары (кешендер, стадиондар) секілді түрлі қызмет атаулары жатады. Эргонимдер өзі тектес өзге онимдер табиғатынан құрылымдық-семантикалық жағынан ерекшеленеді. Мекеме атауы ретінде жекелеген графикалық таңбадан бастап күрделі синтаксистік құрылымдарға дейін беріледі. Әрі бұл атаулардың құрылымы өзгермелі болады. Яғни эргономикалық лексика ономастикадағы ерекше орынға ие және үнемі өзгеріп, ауысып отыратын атаулардың әлемі болып табылады.

Нұр-Сұлтан қаласында түрлі кәсіптік саладағы мекемелердің, кәсіпорындардың саны қаулап өсіп отыр. Бұған, бір жағынан, қоғамдық өзгерістер ықпалын тигізсе, екінші жағынан жаңа нысандардың көп пайда болуы да әсер етіп отыр. Қазіргі таңда ономастикалық кеңістіктің бір бағыты космополиттік сипатта, екінші бағыты ұлттық бағытта дамып отыр. Елорда эргонимдеріне тілдік сараптама жүргізу кезінде бірінші бағыттың, яғни шет тілдерінде (ағылшын, орыс) ұсынылған атаулардың басымдығы көрінеді. Оның ішінде ағылшын тілінде ойын-сауық орындары мен түрлі кәсіпорындардың атаулары жиі кездеседі.

Жалпы кез келген мекеме атауларының жазылуы қазақ тілінің орфографиялық ережесі негізінде жүзеге асырылуы тиіс. Латын графикасына ауысу барысында да атаулардың жазылуы қазақ тілінің үндестік заңына сәйкес жазылады. Фонематикалық принципке сәйкес дыбыстардың сөз ішіндегі немесе сөз тіркесіміндегі өзара әсері ескерілмей, негізгі фонемалық түрі сақталып жазылады.

Орфографиялық ережеге сәйкес мемлекеттік әкімшілік-басқару органдарының, оған қарасты құрылымдық бөлімшелер атауларының (министрлік, комитет, департамент, басқарма) бірінші сөзі бас әріппен жазылады. Мысалы: *Қазақстан Республикасы* ***Ақпарат*** *және қоғамдық даму министрлігі* ***Азаматтық*** *қоғам істері комитеті – Qazaqstan Respýblıkasy* ***Aqparat*** *jáne qoǵamdyq damý mınıstrligi* ***Azamattyq*** *qoǵam isteri komıteti; Қазақстан Республикасы* ***Ауыл*** *шаруашылығы министрлігінің* ***Агроөнеркәсіптік*** *кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті – Qazaqstan Respýblıkasy* ***Aýyl*** *sharýashylyǵy mınıstrliginiń* ***Agroónerkásiptik*** *keshendegi memlekettik ınspeksıa komıteti; Қазақстан Республикасы* ***Ауыл*** *шаруашылығы министрлігі* ***Су*** *ресурстары комитетінің* ***Аймақтық*** *гидрогеологиялық-мелиоративтік орталығы – Qazaqstan Respýblıkasy* ***Aýyl*** *sharýashylyǵy mınıstrligi* ***Sý*** *resýrstary komıtetiniń* ***Aımaqtyq*** *gıdrogeologıalyq-melıoratıvtik ortalyǵy.* Сонымен қатар ғимарат атауларының алғашқы сөзі бас әріппен жазылады. Мысалы: *Президенттік мәдениет орталығы музейі– Prezıdenttik mádenıet ortalyǵy mýzeıi; «Астана Опера» опера және балет театры – «Astana Opera» opera jáne balet teatry; Нұр-Сұлтан қаласының мемлекеттік мұрағаты – Nur-Sultan qalasynyń memlekettik muraǵaty.*

Мекеме атауларында кездесетін қысқарған күрделі атаулардың алғашқы әріптері бас әріппен беріледі: *JITS (ЖИТС)*, AQ (Aksıonerlikqoǵam); JShS (Jaýapkershiligi shekteýli seriktestik). Сонымен қатар мекеме атауларында аралас қысқарған сөздер де кездеседі: *«Медлазер» медициналық орталығы–«Medlazer» medısınalyq ortalyǵy; «Медлайн» медициналық орталығы– «Medlaın» medısınalyq ortalyǵy; «МедОКар» медициналық орталығы–«MedOKar» medısınalyq ortalyǵy.* Қосымшалар қысқарған сөздің айтылу заңдылықтарына сәйкес дефис арқылы жазылады: *ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес орталығы – JITS-tiń aldyn alý jáne oǵan qarsy kúres ortalyǵy.*

Мекеме атауларында кездесетін ағылшын тіліндегі қысқарған ұйым атаулары түпнұсқа тіліндегідей жазылады. Мысалы: «KEGOC» сөзі. Бұл сөзге қосымшалар дефис арқылы жалғанады. Нұр-сұлтан қаласы бойынша «KEGOC» сөзімен қолданылатын бірнеше мекеме атаулары ұшырасады: *«KEGOC» энергия жүйелерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» АҚ – «KEGOC» energıa júıelerin basqarý jónindegi qazaqstandyq kompanıa» AQ,; «KEGOC» АҚ-ның филиалы –«Жүйелік оператордың Ұлттық диспетчерлік орталығы –ЖО ҰДО» – «KEGOC» AQ-nyń fılıaly –«Júıelik operatordyń Ulttyq dıspetcherlik ortalyǵy –JO UDO».*

Сонымен бірге бірқатар мекеме атауларында кездесетін кірме сөздер айтылуы бойынша игерілген түрде жазылады. Атап айтсақ, «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» деген эргониміндегі «Еуразия» сөзі. Сонымен қатар «Евразия» сауда орталығының және құрылыс мекемесінің атаулары *«Eýrazıa»* (Еуразия) түрінде ұсынылады.

Кейбір мекеме атауларында шет тілдік сөздер (аудармасыз) мен қазақ сөздері араласып берілген. Атап айтсақ, *«Самұрық-Қазына* ***Business Service»*** *ЖШС – «Samuryq-Qazyna* ***Business Service»*** *JShS;* ***«KazakhExport»*** *экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ –* ***«KazakhExport»*** *eksporttyq saqtandyrý kompanıasy» AQ және т.б.* Жалпы бұл атаулардағы ағылшын тіліндегі сөз бен латын тіліндегі сөздердің полиграфиясы ескерілуі қажет, себебі бұл мекеме атауларында ағылшын тіліндегі жазу мен латын тіліндегі жазу араласып кетеді. Ағылшын тіліндегі сөзден ерекшелеу мақсатында қазақ тілінің латын негізді нұсқасы басқа шрифтімен берілгені дұрыс.

Қазіргі таңда қаладағы көптеген мекемелердің атаулары латын тілінде беріле бастаған. Бірақ көптеген эргонимдердің латынша ұсынылған нұсқаларында емлелік қателіктер кездеседі. Атап айтсақ, Нұр-Сұлтан қаласының Абылай хан көшесінде тұрған «E Pro Estetica» пластикалық хирургия клиникасы» деген мекеме атауының латын тіліндегі нұсқасында емлелік қателер кездеседі: «хирургия» сөзі «**HIRURGIIA**» деп беріледі. Қазіргі латын графикасында «У» таңбасы «**U**» емес, «Ý» таңбасымен жазылады. Сонымен қатар «***ı»*** әрпінен кейін тұрған «***я»*** әрпінің орнына «**IA» емес, «*а» таңбасы ғана*** жазылады.

Әрине, Елорда ономастикалық кеңістігінде атаулар типтерінің алуан түрлілігі байқалады. Дегенмен, қаланың визуалды кеңістігінің ұлттық мүддеге сәйкестілігі, сауаттылығы мен саламаттылығы үнемі назарда болуы тиіс.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШКЕН ТҮРКІТІЛДЕС ЕЛДЕРДЕГІ ДИАСПОРАЛАР МЕН АЗ ҰЛТТАРДЫҢ ӘЛІПБИІ ТУРАЛЫ

Анар Фазылжанова
Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғалым хатшысы, филология ғылымдарының кандидаты

Әзербайжан. Осы ғасырдың басындағы санақ мәліметтеріне сәйкес, аз ұлттар Әзірбайжан халқының 10% - ын құрайды, оның ішінде *лезгиндер* (халықтың жалпы санының 2,2% - ын құрайтын азшылықтардың ең ірі тобы), *орыстар* (1,8%), *армяндар* (1,5%), ал басқалары *рутулдар*, *цахурлар*, *талыштар*, *таттар*, *тау еврейлері, аварлар, грузиндер* және *еврей-ашкеназдар* (3,9 %).

Лезгиндер әліпбиі. Араб әліпбиі негізіндегі жазу кеңінен қолданылмады, 1928 жылы латын әліпбиі негізіндегі жазуға көшірілді, 1938 жылдан бастап күрін сөйленісінің гүней диалектісі үшін кириллица негізіндегі жазу қолданылады.

Орыстар әліпбиі. Кириллица.

Армяндар әліпбиі. Армян жазуын қолданады.

Рутул әліпбиі. Рутул тілі нахс-дағыстан тілінің лезгин тобына жататын тіл. Рутулдар негізінен Дағыстанда, сол сияқты Әзербайжанда өмір сүреді. 1990 жылға дейін араб графикасын, 1990 жылдан кирил әліпбиін қолданады. ***2013 жылы әзербайжандық рутулдарға арнап латын әліпбиі әзірленді.***

Цахур әліпбиі. Цахур тілі нахс-дағыстан тілінің лезгин тобына жататын тіл. Цахурлар негізінен Ресей Федерациясының құрамындағы Дағыстанда, сол сияқты Әзербайжанда өмір сүреді. Латын графикасы негізінде цахур тіліне арналған әліпби 1934 жасалды. Бірақ 4 жылдан кейін цахур тілінде кітап, оқулық басып шығару тоқтатылды. Ол тек 1989 жылы ғана кирил әліпбиінде жаңартылды. Қазір Ресей аумағындағы цахурлар кирил әліпбиімен жазады, ал ***Әзербайжандағы цахур жазуы 1990-жылдардан бері латын әліпбиіне көшірілді.***

Талыш әліпбиі. Талыш тілі әзербайжан аумағына селжұқтар келгенге дейін кең таралған әзери иран тілінің тікелей ұрпағы немесе жақын туысы болып табылады. 1929 жылы КСРО талыштары үшін латын негізінде жазу жасалды. 1938 жылы ол кирил негізіне ауыстырылды, бірақ бірқатар себептер бойынша (соның ішінде саяси — социалистік ұлттардың сталиндік ірілендіруі нәтижесінде) таратылмады. Қазіргі уақытта талыш жазуы бірден үш графикалық жүйені қолданады:

- кириллица (Ресейде және ішінара, Әзербайжанда);
- ***латын әліпбиі (Әзербайжанда);***
- араб жазуы (Иранда).

Тат әліпбиі. Тат тілі мұсылман-таттар және ***тау еврелері*** тілі болып екі топқа жіктеледі. Бұлардың соңғысы Дағыстанда ресми тілдердің бірі ретінде танылып, бастауыш сыныпта арнайы оқытылады. Алайда Әзербайжан аумағындағы мұсылман-таттардың тілдері әзербайжан тілімен ығысытырылып келеді, сондықтан UNESCO шығарған "Қауіп төнген әлем тілдерінің атласы" критерийлері бойынша "жойылу қаупіндегі тіл" ретінде жіктеледі. Өз жазу-сызуы дамымағандықтан, Ресей аумағындағы таттар кирил, ***Әзербайжандағылары латын әліпбиін қолданады.*** Әзербайжандағы таттар әдеби тілдері ретінде әзербайжан тілін қолданатындықтан, әзербайжанның латын әліпбиімен жазып-сызады.

Авар әліпбиі – ***кирил графикасына негізделген.*** Авар тілі қазіргі уақытта Дағыстанда, Әзербайжанның солтүстігінде, Грузияның солтүстік-шығысында және Түркияда өмір сүретін аварлар арасында кең таралған. XV ғасырдан кешікпей араб жазуына өтеді, бірақ XIX ғасырдың 2- жартысында — XX ғасырдың басында ғана ол кең таралды. Кириллица негізіндегі авар жазуының бірінші нұсқасы 1861 жылы жасалды. 1928 жылы авар тілін латын әліпбиіне көшіру туралы шешім қабылданды, ал 1938 жылы орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпби енгізілді.

Грузиндер ***грузин әліпбиінде жазады***.

Өзбекстан. Халықтың негізгі бөлігін өзбектер құрайды (2013 жылға 82%), олардың жалпы халық санындағы үлесі жүйелі түрде артып келеді. Екінші орынды тәжіктер (2013 жылы 4,8%) иеленеді, сонымен қатар Орта Азияның басқа халықтары: қазақтар , қарақалпақтар, қырғыздар, түркімендер және басқалар тұрады. Ірі этникалық азшылықтардың бірі орыстар (2,6 % — Орта Азиядағы ең көп қауым) және басқа да славян халықтары. Ресми тіл — өзбек; бұл тілді халықтың 90% - ға жуығы меңгерген. Қалаларда орыс тілі кең таралған, оны халықтың 5 % пайдаланады.[4]

Орыстар әліпбиі. Кириллица.

Тәжіктер әліпбиі. Кириллица.

Қазақтар әліпбиі. Кириллица.

Қарақалпақтар әліпбиі. ***Ақутты латын графикасы.***

Қырғыздар әліпбиі. Кириллица.

Түркімендер әліпбиі. ***Латын графикалы әліпби.***

Түркіменстан. Түркіменстанда 40 шақты ұлт өкілдері тұрады. Бірақ олардың үлесі негізгі түркімен ұлтына қатысты өте төмен. Түркімендер 2010 жылғы мәліметтер бойынша халықтың 79%-ын құрайды. Саны біршама көп деген диаспора мен аз ұлттарға: *өзбек, орыс, қазақ, әзербайжан, белудждер* жатады.

Өзбектер мен *әзербайжандар* ***латын негізді әліпбиді***, *орыс* пен *қазақтар* кирил әліпбиін қолданады.

Түркіменстандағы белудждердің жазу-сызуы. Пәкістан мен Ауғанстанның белудждері араб графикасы негізіндегі жазуды қолданады; көне ескерткіштер XVIII ғ. жатады. 1930-жылдардың басында КСРО белудждары үшін латын әліпбиі жасалды. Бұл әліпбиде әліппелер басып шығарылды, жергілікті газетте бет арналды, идеологиялық шығармалардың аудармалары жарияланды. Бірақ 1930-жылдардың соңында КСРО-да белудж тілінде кітап шығару тоқтатылды. 1989 жылдың желтоқсанында Түркіменстанның аудандық «Тазе дурмуш» газетінде белудж тіліндегі бет басылып шықты. Бұл мәтінде қосымша белгілерсіз стандартты кириллица қолданылды. 1990 жылы Ленинград ғалымы С. Аксенов белудж зиялыларымен бірге кириллица негізінде жаңа белудж әліпбиін әзірледі. 1992-1993 жылдары онда бастауыш мектеп үшін бірнеше оқулықтар шығарылды, ал 2005 жылы Киелі кітапты аудару институты осы әліпбимен белудж тіліндегі Інжілді жариялады. 2017 жылы Киелі кітапты аудару институты ***белудж тіліне арналған латын әліпбиін әзірлеп***, оны қолдана отырып, белудж тілінде тағы бірнеше діни кітап шығарды.

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АТАУЛАРДЫ ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНДА БЕРУДЕГІ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

Жанар Қоңыратбаева
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты

Ел аймақтарындағы топожүйе – өз бойына ұжымдық мекен туралы ақпарларды жинаған, атап айтқанда *этникалық тиістілік, әлеуметтік жағдаят, мәдени-тарихи құндылық* сынды сипаттардан хабардар ететін тілдік-саяси, мәдени-тарихи қор. Қазақ ономастикалық кеңістігі тарихи-мәдени, тілдік-саяси дереккөз ретінде өз бойына бар тарихи-саяси шындықты жинаған өмір ордасы деуге болады. Ол әр кезеңнің рухын сіңіріп, *атау тағу, қайта атау алу* (номинациялану/реноминациялану) сынды өткерімдерді басынан өткеріп келді. XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында ұлттық болмысты ономастикалық кеңістіктің номинациялану принциптері (грамматикалық тәсіл – *-ный, -ная, -ск, -ский, -ская, -ское, -ка, -ое, -о;* семиотикалық тәсіл – *Красная звезда, Коммунальная, Труд, Крестьянская, т.б.*) өзгеріске түсті. Оның тілдік-мәдени тағдыры үнемі қадағаланып отырды. Тек еліміз өз тәуелсіздігін алып, дербестігін жариялаған жылдардан бастап қана отандық ономастика кеңістігінің бойына қан жүгіріп, ұлттық нышан, ұлттық түр ала бастағаны белгілі.

XX ғасырдың 90-жылдарынан бастап саяси, рухани қысымнан азат етіліп, ұлттық сипат ала бастаған қазақ ономастикалық кеңістігі қоғамның талап-тілектерін орындауда, заманның сұраныстарына жауап беруде үнемі алдыңғы орында жүріп келеді. Сондықтан отандық ономастика кеңістігіндегі жер-су атауларының емлесін латын графикасына көшу барысындағы аса өзекті мәселелердің бірі деуге болады.

Ұлттық жазуымызды латын графикасына көшіруде еліміздің ономастикалық кеңістігін реттеудің жаңа мүмкіндігі туып отырғаны сөзсіз. Географиялық атауларды жаппай ұлттандыруға, тарихи келбетін толыққанды қайта қалпына келтіруге, сонымен қатар номинациялау/реноминациялау принциптерін ұлттық мүдде тұрғысынан қайта қарастыруға жол ашылады.

Бұл тұрғыдан келгенде Қазақстан географиялық атауларын латын графикасында беруде мына мәселелерді ескеруді қажет деп есептейміз:

- Бүгінгі таңда ономастикалық кеңістікте әртүрлі нұсқада жазылып жүрген географиялық атаулар кездеседі. Мәселен, *Қапаларасан/Қапал Арасан/Қапал-Арасан,* сондай-ақ *Ақжайық/Ақ-Жайық/Ақ Жайық* секілді топонимдердің қатар жұмсалып жүргені белгілі. Осы сынды әртүрлі нұсқамен беріліп келген географиялық атаулардың біріздендірілуі қажет.

- Ұлттық тілдегі көптеген географиялық атаулар орыс тілі мәтіндерінде бұрмаланып, әртүрлі нұсқада жазылып келеді. Мысалы, **Алматыны** *Алматы/Алма-Ата* деп, **Қарағандыны** *Караганды/Караганда* деп, **Түркістанды** *Туркестан/Туркистан* және т.б. деп жұмсау басым. Біздіңше жер-су атауларын мәтіндік (қазақ, орыс) өзгерістерге түсірмей, ***Алматы, Қарағанды, Түркістан*** деп ұлттық сипатта беру – өтпелі кезеңде отандық ономастика кеңістігін реттеудің бірден-бір оңтайлы жолы болмақ.

- Географиялық атауларды латын графикасына көшірудегі ең бір күрмеулі мәселенің бірі – орыс тілі жер-су атауларының жайы болмақ. Ал ондай жер-су атауларының қатары бүгінге дейін «күн тәртібінен түспей» отырғаны белгілі. Мәселен, ұлттық ономастикалық кеңістікке XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында енгізіліп кеткен грамматикалық тәсілдің (орыс тілінің) ұшқыны *Первомайка, Новочеркасское, Садовое, Отрадное* (Ақмола обл.), *Новый, Комсомольская* (Ақтөбе обл.), *Коловертный, Красноармейск* (БҚО), *Дубовка, Новоузенка, Звездное, Красная поляна* (Қарағанды обл.), *Краснокордон, Степная, Краснопреснен* (Қостанай обл.), *Пограничник, Луговое, Веселая Роща, Богатырь* (Павлодар обл.), *Заря, Рублевка, Советское, Новокаменка, Плоское, Боголюбово, Глубокое, Белое, Образец, Пулеметовка, Любимовка* (СҚО), *Глуховка, Мостик, Вторая Пятилетка, Пролетарка, Прапорщиково, Быструха, Опытное поле* (ШҚО), т.с.с. жер-су атаулары ретінде сақталып отыр. Мұндағы орыс тілінің ***-ный, -ная, -ск, -ский, -ская, -ское, -ка, -ое, -о, -ик*** қосымшаларымен келген географиялық атауларды ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қайта қарастыру қажет. Біздіңше орыс тілі жер-су атауларын *Первомайка* емес *Первомай, Новочеркасское* емес *Новочеркас* деп еш қосымшасыз, қазақ тілінің грамматикалық заңдылығына сай игеріп ұсынған дұрыс деп ойлаймыз.

Жалпы орыс географиялық атауларының латын графикасында берілуін қарастырғанда қазақ ономастикалық жүйесінің реттелу, жүйелену принциптерін де қатар жүргізген ұтымды болары сөзсіз. Себебі ұлттық ономастикалық кеңістігіміз қаншалықты ұлттық сипат алып, өз тарихи атауларын қайта иеленіп жатыр дегенімізбен, орыс тілдік атаулардың толықтай ауыстырылмай отырғаны жасырын емес. Әрине жоғарыда келтірілген *Белое, Пулеметовка, Любимовка, Глуховка, Мостик, Быструха, т.с.с.* толып жатқан атаулар көрінісі бұған дейін «қазаншының өз еркі, қайдан құлақ шығарсаның» кері болып келгендігі рас. Ал Тәуелсіз ел атанған бүгінгі күнімізге не айтамыз? Бұл тұста және бір

аса мән беретін мәселе – аталған географиялық атаулардың сол елдімекендердегі мектеп атауы ретінде аталатындықтары. Қоғамның кең тынысты мәдени-тәрбие ошақтарында оқитын әр оқушы күнделікті дәптер толтырады, түрлі деңгейдегі білім, спорт сайыстарына қатысады. Сонда жас жеткіншектердің *«Пулеметовка орта мектебінің оқушысы»* не болмаса *«Мостик орта мектебіненмін», «Быструха ауылынан келдім» т.т.* деген сөз бірліктерін әлі күнге қолдануға мәжбүр болып отырғаны өте өкінішті, елдігімізге сын.

- Отандық ономастикалық кеңістікте енді бірқатар жер-су атауларының аралас тілдік нұсқада кездесетіні де бар. Мысалы, *Светлый Жаркөл, Октябрь-Жеміс, Октябрь шаруа* секілді. Екі тілді аралас бұл «туындылар» да жергілікті мектеп атауы ретінде тіркелген. Мектеп мұғалімі алдына келіп отырған балаларға не лексика-семантикалық мазмұны, не әдеби-эстетикалық пішіні дұрыс құрылмаған бұл атауларды қалай түсіндіреді?! Бұл секілді сұрақтардың түрі көп, ол мәселелер қозғалып та келеді. Бұл жерде айтпағымыз – географиялық атаулардың латын графикалы әліпби негізінде жазылу ережесінде аталмыш топонимдер де талдауға түсіп, жеке қарастырылғаны жөн болар еді.

- Сонымен қатар бүгінгі қазақ социумында едәуір сұрақ туындатып отырған ономастикалық қабаттың бірі – халықаралық (шет тілдік) географиялық атаулардың (эгзонимдер) емлесі. Жер-су атауларына ұлттық реңк беру мақсатында бірқатар шет тілдік жер-су атауларының қазақыланып, тілдік санада өзгеріске түсіп жатқандығы кездеседі. Мысалы, ***Пекин – Бейжің, Москва – Мәскеу, Грузия – Гүржістан – Гүржия, Германия – Алмания,*** т.б. сынды топонимдер қатар жұмсалым тауып отыр. Қоғам мүшелерінің тарапынан аталмыш нұсқалардың қайсысы әдеби тілде нормаланғанын (кодификацияланғанын) нақты танығысы келетіндігі де рас. Сол себепті географиялық атауларды латын графикасы негізінде беруде эгзонимдер жеке емле ережесі ретінде арнайы қарастырылса, әдеби тілдік нормаға сәйкес біріздендірілсе деп ойлаймыз.

Түйіндей келгенде, қазақ географиялық атауларының тек идентификациялық нысан ретінде ғана қолданылып қоймай, жеке тұлға санасында белгілі бір әлеуметтік-бекітілген ақпаратты қалыптастыруына латын графикасына көшу жұмысының үлесі зор болса деп тілейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. – Москва: Наука, 1978. – С. 200.

2. Шмелева Т.В. Ономастика. – Славянск-на-Кубани: Издательский центр филиала ФГБОУ ВПО «КубГУ», 2013. – С. 161.

И МЕН У-ДЫ БІР ӘРІППЕН ТАҢБАЛАУ ОРЫС ТІЛІНІҢ ӘСЕРІНЕН БЕ?

Гүлфар Мамырбек
Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына»
ұлттық ғылыми-практикалық орталығы
«Орфография» басқармасының басшысы,
филология ғылымдарының кандидаты

Бұл сұраққа жауап беру үшін, ең әуелі, қазақ жазуының арғы тарихына тоқталып, талдау жасаған абзал. Жалпы қазақ қоғамы екі әліпби жүйесін басынан өткергені мәлім (араб, латын), ал үшіншісі қолданыста (кирилл). Бұл үш жазу да өз қызметін белгілі бір ұйымдасқан жүйе арқылы жүзеге асырды. Мәселен, байырғы қазақ қоғамында болған

араб жазуының қазақ сөздерін таңбалауда өзіндік жүйесі болды, әрі ұзақ ғасырлар бойы жұртшылықтың рухани, мәдени, саяси қажетін толықтай өтеді. Жазба мұралар мәтіндеріне мұқият зер салсақ, араб жазуының қызмет ету аясы қадим, жадид және төте жазу түрлері арқылы жүзеге асқанын көруге болады. Қадим жазуының ең басты ерекшелігі, көп жағдайда, дауысты дыбыстардың жазылымда таңбаланбауы болды, ал жадид жазу жүйесінде дауыстылардың толықтай (ы, і қысаңдарынан басқа) таңба арқылы беріле бастауы араб жазуының ұзақ уақыт қызмет ету аясында біртіндеп дамып, жетіліп, қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне бейімделіп, бір дыбысқа бір таңба ретінде қолданыла бастағанын білдіреді. Яғни Ахмет Байтұрсынұлы атап көрсеткендей, «қазақ әлдеқашан тілінде қандай дыбыстар бар екенін айырған, әр дыбысқа белгілеп, таңба арнаған», Құдайберген Жұбанов жазғандай, «әркім өзінше, өз бетімен болса да, көпшілігінде белгілі бір қалыпқа айналған «емле іздеушілік» өте ерте кезден-ақ басталған».

Қадим жазуының біртіндеп жадид жазу үлгісіне ауысуы «Түркістан уалаяты» газетінен бастау алады. Қадим, жадид жазуында **и** мен **у**-ды екі әріппен таңбалау (ұу, үу, ыу, іу, ый, ій) үрдісі мүлдем болған жоқ. Бұны ескі қазақ жазбаларынан (XVI-XVII ғ.), XVIII-XIX ғасырларда хатқа түскен қазақтың хан, би, сұлтандарының хаттарынан, XX ғасырдың басында жазылған қолжазбалар мен басылып шыққан кітаптардан және сол кезеңдегі қазақ баспасөздерінен анық байқауға болады. Демек, орыс тілінің еш қатысынсыз халыққа қызмет еткен араб жазуының өзінде и мен у бір ғана таңбамен берілген болатын. Бұдан шығатын қорытынды:

Біріншіден, и мен у-ды екі таңбамен жазу үрдісінің қадим, жадид жазулы мәтіндерде кездеспеуінің өзі орыс тілінің әсерінен емес екенін айғақтайды.

Екіншіден, бірнеше ғасырлар бойы жүйеленіп барып, қалыпқа түскен жазу практикасының (XV-XX ғ.), тым құрымағанда, бір кезеңінде аталмыш дыбыстарды екі таңбамен беру үрдісінің орын алмауы да орыс жазуының әсерінен емес екенін көрсетеді.

Ал сонда таратып жазу қайдан шықты?

«Біз емлені ермекке түземейміз, оңайлансын деп түзетеміз» деген, әрі қазақ емлесіндегі түйткілді мәселелердің жүйелі қалыпқа түсуіне еңбек сіңірген ғалым Құдайберген Жұбанов: «Біздегі қосар әріптердің төркіні түгелімен Ахмет емлесіне барып тіреледі», - дей отырып: «Байтұрсынұлының араб әріптеріне кіргізген өзгерісі – бірқатар әріптердің үстіне үтір, мәт қою (бұл бір), арабтың әмзесін дәйекшілікке алу (бұл екі), қосар әріп енгізу (мұнымен үш). Міне, осы үшеуінің ішінен, шынымен, Байтұрсынұлы шығарды деуге жарарлығы – қосар әріптер», - дейді. И мен у-ды қосар әріппен таңбалауға түбегейлі қарсылық танытқандардың бірі Құдайберген Жұбанов болғаны белгілі. Ғалым: «Қосарды жақтаушылар бұларды бір дыбыс емес, екі дыбыс болғандықтан екі таңбамен белгілеу керек деседі. Әуелі-ақ, бұларда екі дыбыс бар ма, жоқ, бір-ақ дыбыс бар ма? Мұны айырып беруге қосаршылардың өздерінің де өрелері жетпейді», - деп қатты сынағаны мәлім және «оны қаншама сүйрете бергенмен де, ол сүйреткің тек өз бойыңа салмақ болмақшы да, дыбыстың қосарлығын сақтап қала алмақшы емес», - деген тұжырым жасаған еді. Ахмет Байтұрсынұлы өз еңбектерінде и мен у-дың анықтамасы мен таңбалануына қатысты көзқарастарын өзгертіп отырғаны белгілі. Ғалымның барлық еңбектерін тікелей түпнұсқадан қарап, салыстыру жұмыстарын жүргізіп жүрген жас зерттеуші Ермұхамет Маралбек Ахмет Байтұрсынұлының 1912-1928 жылдар аралығында шыққан кітаптарында и мен у: «толық дауысты, жарты дауысты, шала дауысты, үнді дауыссыз, талғауық үнді дыбыс, орта дыбыс» түрінде сипатталғанын айтады. Расында да, Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерін түпнұсқадан қарасақ, и мен у-ды кейде тарқатып, кейде тарқатпай жазғанына куә боламыз. Бір ғана мысал, ғалымның 1922 жылы шыққан «Оқу құралында» (Усул со-

тие жолымен тәртіп етілген. Қазақша алифба) и дыбысы бір ғана таңбамен берілген: *жи, жина, жиын, жимақ, қиын, қисық.*

Осылайша төте жазудан басталған қосар әріп әуресі сол кездің өзінде үлкен дауға айналып, одан кейінгі латын әліпбиін қабылдаған жылдарда жалғасын тапты. Латын жазуында «баланың қатесінің төрттен бірі» осы и мен у-ды таратып жазудан деп дабыл қаққан Құдайберген Жұбанов: «Мұнымен есептеспеске болар ма екен? Қосар әріптің жазудағы қиыншылығымен санаспай болмайды», - деп арнайы мақала жариялаған (Қосар ма, дара ма?, 1935 ж.). 1929-1940 жылдар аралығында қолданыста болған латын әліпбиінің графикалық құрылымын, орфографиялық ережелерін, тілдік бірліктерді таңбалау барысындағы қарама-қайшы пікірталастардың туу себептерін жан-жақты ғылыми-теориялық тұрғыдан талдап берген тілші-ғалым Назира Әміржанованың көрсетуінше: «Латын графикасын қабылдағаннан кейінгі емле ережесіндегі қиындық пен ала-құлалық осы и мен у-ды қосар таңбамен беру мәселесінде орын алған және ғалымдардың көпшілігі қосармен таңбалау тілдің экономия заңдылығына қайшы келеді деген тұжырым жасап, 1938 жылы ол дыбыстарды барлық жерде бір ғана таңбамен жазу туралы шешім шығарған». Алайда латын графикасындағы емле ережелерінің бірізге түсіп, нормалануы толық аяқталмай жатып, 1940 жылдары кирилл таңбасына өттік. Кирилл жазуында да и мен у бірде қосар, бірде дара түрде таңбаланып, жазу нормасындағы ала-құлалық одан әрі жалғасты: *күлуу/күлу; тоқыу/тоқуу/тоқу, жыйын/жиын, ійне/ине* т.б. Осындай қиындықтардан соң 1957 жылы лингвист ғалымдар жазуды бірізді жүйеге түсіру мақсатында и мен у таңбаларын қосар емес, дара әріппен таңбалайтын емле ережелерін қабылдады.

Қорыта айтқанда, и мен у дыбыстарын қосар таңбамен беру мәселесі сонау төте жазу (араб) тұсында-ақ үлкен дауға айналып, латын графикасын қабылдаған жылдарда да күн тәртібінен түспеген, тек кирилл жазуында ғана дауға нүкте қойылды. Бұған қарап, орыс тілінің әсерінен солай болды деген ой тумауы керек. Керісінше, қаншама жылдар бойғы жазу тәжірибесіндегі ала-құлалық, сондай-ақ қатенің көбі осы и мен у-ды қосар әріппен жаза алмаушылықтан туындауы, балаларға үйретудің ауырлығы себеп болды. Дәл қазіргі таңда, **и** мен **у**-ды екі таңбамен жазуды жаңа емле ережелеріне енгізу қайтадан ұсынылып жатыр. Алайда төте жазудан басталып, 1957 жылға дейінгі аралықта 40 жылдан астам уақыт бойы бірізді жүйеге түсе алмай дау тудырған әрі жазудағы ала-құлалыққа себепкер болған «таратып жазу» (*жыйналыс, ійнелік, оқуу, тұуұу* т.б.) мәселесін емлеге ендірсек, тарих көрсеткен тәжірибедегі қиындықтарға қайтадан оралмаймыз ба?

ҚАЗАҚ ОРФОЭПИЯСЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жанар Жұмабаева
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты

Қазіргі уақытта жастардың тілінде орфоэпиялық норманы бұзып, жазба мәтінде сөздер қалай жазылып тұрса солай ауызша айту басым болып бара жатқаны белгілі. Себебі қазақ тілінің орфоэпия саласын балабақшада, мектепте, одан бері жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде оқыту жағы ақсап тұр десе де болады. Қазақ тілінің орфоэпиялық нормасы мен оның маңызы туралы алғаш пікір айтушылардың бірі – проф.М.Балақаев. Ғалымның пікірінше, ... сөздердің айтылу нормасы және сол нор-

маны сақтап сөйлеу мәселесі ескерілмей, елеусіз қалып келеді. Сондықтан да бізде бұл мәселе жөнінде күні бүгінге дейін ала-құлалық байқалады. Қазақ тілі сөздерінің айтылуы мен жазылуы әр уақытта бірдей бола бермейді. Сөздердің айтылуы мен жазылуында бірлестік болуы мүмкін де емес [1]. Осымен байланысты ғалым Р.Сыздықтың айтуынша, сөздің жазылуы мен айтылуы үнемі бірдей түсе бермейді екен, яғни сөз қалай таңбаланса, сол таңбаларды ғана сақтап айту әрдайым шарт та емес, мүмкін де емес. Әрине, қазақ тілінде жазылуы бойынша айтылатын сөздер де аз емес. Мысалы, *ара, ала, алау, аламан, алмақ, алғы, алғашқы* деген сияқты сөздердің жеке тұрғандағы айтылуы олардың таңбалауымен бірдей [2]. Жазба сөз бен ауызша сөздің әрқайсысының өзіне тән жүйесі бар екенін де зерттеуші Н.Уәли өз еңбегінде айтып өтеді: «Әдеби тілдің орфоэпиялық нормасына байланысты қиындықтың бірі жазу тәртібімен байланысты, өйткені жазба сөздің өзіне тән жүйесі бар да ауызша сөздің өзіне тән жүйесі бар. Сондықтан жазба мәтінді оқығанда жазба сөзге тән кодты ауызша сөзге тән кодқа көшіре білу қажет. Жазғанды оқу дегеніміз – жазба кодты ауызша кодқа көшіру» [3] . Зерттеушілердің пікіріне келетін болсақ, әдеби тілдің жазбаша және ауызша түрде қызмет ететінін және олардың әрқайсысының өзіне тән нормасы бар екенін көруге болады. Р.Сыздықтың айтуынша, жазба әдеби тіл жазба әдебиеттің өмір сүруі мен дамуына қатысты болғандықтан, ол көркем әдебиет пен баспасөзде, ғылыми әдебиет пен оқу-тәрбие кітаптарында, ресми құжаттар мен кеңсе қағаздары беттерінде көрініс табады. Ауызша әдеби тіл – бұл әдеби тілдің бір түрі. Ауызша әдеби тілге қойылатын басты талап – сөйлеу актісінде сөздерді дұрыс дыбыстау, дұрыс айту [2].

Қазақ әдеби тілінің орфоэпиялық нормасын тану үшін ғалым Н.Уәли өзінің зерттеу жұмысында төмендегідей деректер келтіреді. Ғалымның айтуынша, әдеби тілдің орфоэпиялық нормасы жергілікті ерекшелікке қарама-қарсы қойылады. Мысалы, жергілікті ерекшеліктерде: *жылқыдар, баладар, маңлай, чач, чыбық, құдағай, бопа;* әдеби тілде: *жылқылар, балалар, маңдай, шаш, шыбық, құдағи, бөпе.* Сол сияқты әдеби тілдің орфоэпиялық нормасы кодификацияланған жазба тілдік элементтерге қарама-қарсы қойылады [жұмұшшұ] – *жұмысшы,* [шегара] – *шекара*, [кәсі`бодақ] – *кәсіподақ;* [қашша] – *қазша, қасша* т.б. [3].

Шындығында көркем мәтін болсын, ғылыми мәтін болсын жазылған мәліметті сол қалпында айта алмаймыз, оқи алмаймыз. Ол үшін алдымен жазылған мәтінді ауызша сөзге салып барып айтамыз. Жазылған мәтін ауызша сөздің нормасына түскенде ғана тыңдарманға түсінікті болады. С.Мырзабековтың айтуынша, сөздердің бірізді айтылуы тілдік қатынасты жеңілдетеді. Керісінше, белгілі бір мағынада қолданылатын сөздің (сөзформаның) дыбыстық құрамының бірдей болмауы түсінікті ауырлатып, көңілді алаңдатады. Мысалы, жергілікті: *құлдану*, әдеби: *қолдану*; жергілікті: *құрытынды*, әдеби: *қорытынды*. Мысалдардан көріп отырғанымыздай, әдеби тілдің орфоэпиялық нормасы жергілікті ерекшелікке қарама-қарсы қойылып отыр. Оны ғалым сөздердің дыбыстық құрамының бірдей болмауынан сөзді түсіну қиындыққа әкелетінімен байланыстырады. Шынында сөзді дұрыс түсіну үшін оның дұрыс айтылуы да қажет. Сонымен қатар ғалым сөздерді, сөз тіркестерді жазылуынша айту да құлаққа жағымсыз естілетінін төмендегідей мысалдармен келттіреді. **Жазылуы:** *өлең, өзенге, қонған, қонбады, көзсіз, тазша, басшы, көкөніс.* **Айтылуы**: *өлөң, өзөңгө, қоңған, қомбады, көссүз, ташша, башшы, көгөнүс* [4]. Осымен байланысты Н.Уәли өзінің зерттеу жұмыстарында былай деп келтіреді: «Әдеби тілдің ауызша нормасынан уәжсіз, мақсатсыз ауытқулардың салдарынан айтылған сөздің мағынасы тыңдаушы үшін бұлыңғыр тартып, тілдік қарым-қатынасқа қаяу түсіреді, бұл – бір. Екіншіден, дыбысталған сөздің өзіндік үйлесімі, үндестігі, ырғағы, әуені, әуезі болуға

тиіс. Бұлар, бір жағынан, айтылған ойға, мағынаға қатысты болса, екінші жағынан естір құлаққа жағымды естіледі, естіген құлақтың айызы қанатындай болады. Сондықтан сөз аралығындағы дыбыстарды ықпалдастырып, сындырып айтудың, «қатқылдау» дыбыстарды «жұмсартып» айтудың эстетикалық мәні бар» [3].

Жоғарыда айтылған пікірлерге келетін болсақ, шынында да дыбысталған сөздердің өзіндік үйлесімі мен үндесітігі сақталуы керектігін І.Кеңесбаев та өз еңбегінде айтып өтеді. Сөйлеу процесінде сөз бөлшектері де бір сөз бен бен екінші сөз де өздерінің айтылуы жағынан ыңғайласа, үйлесе келеді. Дыбыстардың үндесуі дегеніміз – артикуляция жағынан жуық (үйірлес) дыбыстардың біркелкі келуі. Басқаша айтқанда, сөз ішіндегі не сөздер аралғындағы дыбыстардың айтылуына қарай (дауыс қатысы, жасалу орнына қарай) ішінара жапсарласып, жанасуын дыбыстардың үндесуі дейміз.

Дыбыстардың үндесуі мынадай түрде ұшырайды: бір сөздің құрамында бірыңғай жуан дауысты дыбыстар болады; бір сөзде бірыңғай жіңішке дауысты дыбыстар болады; қазақ тілінде дауыстылар жуанды-жіңішкелі болып үндесумен қатар, кейде, ерінді, езулі болып та үндеседі [5]. І.Кеңесбаевтың еңбегінен үндесім заңдылығы қазақ әдеби тілінің ауызша әрі жазбаша формасының негізі, өзегі екенін көруге болады. Үндесім заңдылығы жазуда агглютинативтік элементтерді тарқатпай матастырып тұрса, ал ауызшада сөздердің өзара үйлесіп, үндесіп, ыңғайласып айтылуын қамтиды.

Н.Уәлидің зерттеулерінде де үндесім заңдылығы ауызша сөзде де қамтылатыны айтылады. Ғалымның айтуынша, біріншіден, қазақ тілі ауызша жүйесінің үлкен құрсауы үндесім заңы (сингармонизм заңы). Ол – тілдегі дауысты дыбыстардың бір-бірімен үйлесіп, үндесіп, ыңғайласып айтылуы. **Үндесім заңының** екі жағы бар. Оның біріншісі және негізгісі – бір сөз бойындағы дауысты дыбыстардың бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке айтылатын тіл үндесімі. Сөз түбірі мен оған қосылған жұрнақ, жалғанған жалғау, не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке болып отырады. Қазақ тілінің бұл дыбыстық заңдылығы жазуда да көрініс тапқан.

Сингормонизм заңының екінші жағы – **ерін үндесімі**. Бұл – бірінші буындағы ерін дауыстыларының әсерінен **(о, ө, ұ, ү)** екінші-үшінші буындағы езуліктердің **(ы, і, е)** еріндікке айналып, ұқсап, жуықтап айтылуы (Н.Уәли. Орфография, Орфоэпия. Монография). Ал осы езуліктердің қай буынға дейін еріндікке айналуы мүмкін деген сұраққа ғалымдар екінші буыннан аспайды деп жауап береді. Айталық, І.Кеңесбаев ерін үндестігі қазақ тілінде езу үндестігіне қарағанда өте сирек кездесетінін және әдеби тілде (жазу нормасын еске алғанда) ерін үндестігі тіпті еленбейтінін айта келіп ерін үндестігінің күші үш буыннан аспайды: әсіресе екі буынды сөздерде ерін дауыстысымен келген алғашқы буынның еріндік ықпалы анық сезіліп тұрады, үшінші буында солғындай сезіледі [5] деп қорытады. Қазақ тілінде ерін үндестігі сөздің екінші буынынан әрі қарай сақталмайды немесе әлсірей береді деген дәстүрлі көзқарас орфоэпиялық норманы, орфографиялық норманы кодификациялауда М.Дүйсебаеваның зерттеуінде (1973), Қ.Неталиева құрастырған «Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігінде» (1977), Р.Сыздықованың «Сөз сазы» анықтағышында (1985, 1995) негізге алынды. Р.Сыздықтың айтуынша, сөздің басындағы немесе бірінші ашық буындағы **ұ, ү, о, ө** дыбыстары және екі дауыстының ортасында келген **у** дыбысы (тауық, бауыр сияқты сөзедрде) келесі буындағы **ы, і** дыбыстарын өзгертіп, **ұ, ү**-лерге жуықтатып естіртеді. Еріндік дыбыстардың ықпалы үшінші, төртінші буындарда біртіндеп әлсірей береді [6]. Ал профессор Н.Уәлидің пікірінше, «ұ, ү ерін дауыстылары алғашқы буында естіліп, айтылады да, ары қарай солғындайды. Мысалы: *сүйініш - сүйʼнүш, сүйініш - сүйʼнүшшіз, түскіліктің – түскүлүктің, құбылыс - құбʼлұс.* Ал **ө** дыбысымен айтылған екінші буыннан кейінгі **і** әрпі **ү** дыбысына ұқсап, айтылып

барып, ерін үндестігі солғындайды. Мысалы: *төбесінің – төбөсүнің, көгершін – көгөршүн.* Сондай-ақ *көбөлөк, дөңгөлөк* сияқты үш буынға дейін **ө**-мен айтылатын сөздерде ерін үндестігі төрт буынға да барады: *көбелектің – көбөлөктүң, дөңгелекті – дөңгөлөктү,* бірақ *көбелекке – көбөлөкке, дөңгелекке – дөңгөлөкке»* [3].

Бірінші буындағы ерін дауыстыларының әсерінен кейінгі буындағы **е, ы, і** дауыстылары айтылуда **о**, **ө, ұ, ү** дыбыстарына айналатыны жоғарыда айтылды. Алайда бұдан бөлек ерін үндесіміне сәйкес айтылатын сөздер де қазақ тілінде жеткілікті. Ол **үу** және **ұу** дыбыс тіркесін білдіретін у әрпімен байланысты сөздер. Н.Уәлидің сөзімен айтатын болсақ: «Бірінші буындағы **ұ, ү** дауыстыларының әсерінен екінші-үшінші буында жазылатын езулік дыбыстар еріндікке айналады. Мысалы: *құғын – құуғун, құқыл – құуқул, құжыңдау – құужұндау, құлық – құулұқ, шулы – шұулұ,тумыс – тұумұс, туылу – тұұлұу, туырлық – тұұрлұқ, туыс – тұұс, тумыш – тұумұш*» (Н.Уәли монография). Ал С.Мырзабековтың пікіріне келер болсақ: «у – қос ерін, ызың, үнді дауыссыз. У-дың еріндік күші тіпті еріндік дауыстылардан да басым. Сондықтан да ол өзінен кейін ы, і, е сияқты езуліктерді айтқыздырмайды: *ақул (ауыл), даұус (дауыс), дәуір (дәуір), сәуір (сәуір) әуө (әуе), әуөз (әуез), дәурөн (дәурен).*

Сонымен қатар С.Мырзабеков езулік дауысты **а** дыбысының да **о**-ға жуықтап айтылатын кездері болатынын көрсетеді. Мысалы, *ойбай – ойбой, айхай – ойқой, ойпыр-ай – ойпырой, ойпырым-ай – ойпұрмой, сонау – соноу, осынау – осұноу.*

Қазіргі уақытта жоғарыда аталған ерін үндестігі байқалатын сөздерді жазылуынша айту көбейіп барады. Осымен байланысты С.Мырзабеков фонетика үшін сөздің жазылуы емес, айтылуы, естілуі маңызды дей келе, сингармонизмнің мәні мен сәнін құрауға тіл және ерін үндестігі тең қатысатынын және ерін үндестігінің күші екі буынмен шектелмей, бірінші буында дөңгеленіп, сүйірленіп алған ерін екінші буында тез жайылып өз қалпына келмейтінін және ол үшінші буында да аяқтала қойматынын айтады.

Қ.Неталиева алғашқы буындағы еріндіктің әсерінен кейінгі буындағы езуліктердің айтылуда еріндікке айналатынын айта келе, қос сөздер мен біріккен сөздерде үшінші, төртінші буындардағы дауыстылар толық өзгеріске ұшырайтынын мысалдар арқылы келтіреді. Мысалы, жазылуы: *түйдек-түйдек, ұңғыл-шұңғыл, қорлық-зорлық, ұшты-күйлі, тоқты-торым, шұп-шұңқыр, түр-түсі, уақ-түйек, ұйқы-тұйқы, төсек-орын, жол-жөнекей, күмбір-күмбір, күйініш-сүйініш, көрінер-көрінбес, көптеп-көмектеп.* Айтылуы: *түйдөк-түйдөк, ұңғұл-шұңғұл, қорлұқ-зорлұқ, ұштұ-күйлу, тоқтұ-торұм, шұп-шұңқұр, түр-түсу, уақ-түйөк, ұйқұ-тұйқұ, төсөк-өрұн, жол-жөнөкей, күмбүр-күмбүр, күйүніш-сүйүніш, көрүнер-көрүнбес, көптеп-көмөктеп.* Жалпы қазіргі уақытта еріндік дауыстылардың әсерінен кейінгі езулік дауыстылардың еріндікке айналуы қай буынға дейін жетеді деген мәселе әлі де қарастыруды қажет етеді.

Жоғарыда аталған мәселелер қазақ тілінің орфоэпиялық заңдылығына тән болса, ал қазіргі уақытта латын әліпбиіне көшумен байланысты шеттілдік сөздердің жазылуындағы ерекшеліктерге сәйкес олардың айтылуы яғни орфоэпиясы қалай болады деген сауал туады.

Латыннегізді қазақ жазуына көшкенде, кейбір шеттілдік сөздер үшін фонетикалық принцип басшылыққа алынады. Басқаша айтқанда, шеттілдік сөздер қазақ тілінің айтылым заңдылығына сәйкес бейімделіп алынады және қазақ тілінің орфоэпиялық нормасы бойынша айтылады. Кирилл графикасындағы /ё/ әрпімен келетін сөздер жаңа латыннегізді қазақ жазуында /ó/ әрпімен беріледі. Мысалы, *маневр – manóvr, бруцелез – brýselóz, актер – aktór, амеба – amóba, дирижер – dırıjór, режиссер – rejısór.* Осы уақытқа дейін бұл сөздер орыс тілі арқылы енгендіктен, донор тілдің орфоэпиясы бойынша айтылды.

Енді /ё/ әрпімен келетін сөздер қазақ тілінің фонетикалық заңдылығына сәйкес жазылады да айтылады. Латын графикасына көшудегі мұндай өзгеріс қазақ тілінің ауызша сөз табиғатын сақтауға, ұлттық кодты жаңғыртуға бағытталған.

Латыннегізді қазақ жазуын ауызша тілге айналдыратын болсақ, бірнеше өзгерістер байқалады. Сондай өзгерістердің бірі **э** дауыстысына байланысты. Бұл шеттілдік сөздерге қатысты болып келеді. Кейбір шеттілдік сөздер латыннегізді графикаға көшкенде, **э** дауыстысы **е** түрінде айтылады: *элемент – element, элемент – elevator, эпопея – epopeıa, поэтика – poetıka, коэфицент – koefisent.* Сондай-ақ бізге белгілі төл сөздерде сөз басында келетін **е** дыбысы **йе** түрінде айтылады және естіледі. Бұрынғы орфоэпияда сөз басында келетін **е** дауыстысы **йе** түрінде төл сөздерде ғана айтылса, енді шеттілдік сөздерде де **е** дауыстысы сөз басында **йе** түрінде айтылады. Мұндай айтылым қазақ тілінің өзіне тән әуезін көрсетеді. **Айтылуы:** ***ıe****lement,* ***ıe****levator.*

Шеттілдік сөздердің негізінен орыс тіліндегі дыбысталуынша айтылып келгені белгілі. Орыс тілінің орфоэпиясы бойынша айтылып келген сөздерге **ь** (жіңішкелік белгісімен) келгендерді жатқызуға болады. Ғалым Р.Сыздықтың еңбегінде *ансамбль* сөзінің орфоэпиясы *ансамбіл*, *бинокль* деген сөздің орфоэпиясы *бинокіл*, ал *тюль* деген сөздің айтылымы *тюль* деп берілді. Мақұлданып отырған ережеде жіңішкелік белгісі қазақ тіліне тән **ә, ө, ү** әріптерімен жазылған. Олай болса осы әріптермен келетін сөздердің барлығы жіңішке айтылады. Мысалы, *ánsámbil, bınókil, fákúltet.*

Латыннегізді жаңа қазақ жазуында орыс тілі арқылы енген *mıtıń, brıfıń, boýlıń* сияқты шеттілдік сөздердің соңындағы **ng** әріп тіркесі фонетикалық принцип бойынша қазақ тіліне тән **ń** фонемасына ауысты. Бұл ереже кейбір шеттілдік сөздердің жазылуы мен айтылуының бірдей болатынын көрсетеді. Тұрпаты жағынан ағылшын тіліне ұқсас, ал айтуда қазақ тілінің дыбыс жүйесіне сәйкес алынып отыр. Сондықтан айтуда *mıtıń, brıfıń, boýlıń* сияқты үлгідегі сөздер көмей қуысты дауыссызбен (**ń**) айтылады.

Тр, рк, кс, фр, вр, кт, дз, фм сияқты дауыссыз дыбыстар тіркесіне аяқталған кірме сөздерде айтылуда соңғы екі дауыссыздың арасына **ы, і** дыбыстары қосылып айтылады. **Жазылуы:** *manóvr, metr, ekstremızm, park,sıfr, lúks.* **Айтылуы:** *mánóvir, metir, ıekstremızim, sıifır, lúkis*

Сондай-ақ күні бүгінге дейін орыс тілінің дыбысталуы бойынша айтылып келген **ц** дыбысының **с** болып айтылатыны анықтағышта көрсетіледі. Жалпы қазақ тілінің дыбыстық жүйесінде жоқ **ц** дыбысын айту үлкен буынға қиындық келтіргені белгілі. Ал қазіргі уақытта біздің сөйлеу мүшелеріміз **ц** дыбысын еркін айтады. Ендігі кезекте **ц** дыбысын **с** деп бірден айтып кетпесек те латын әліпбиіне көшумен байланысты болашақта кейінгі біздің ұрпақ қазақ тілінің табиғатына сәйкес айтуы мүмкін.

Қорыта келгенде, сөз ішіндегі, сөздер аралығындағы көрші дыбыстардың бір-біріне әсерін реттейтін сондай-ақ жазба сөз бен ауызша сөздің арақатынасын білдіретін орфоэпиялық ережелерді ескеру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Балақаев М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. Алматы, 1965.
2. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы). Астана: Елорда, 2000.
3. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Алматы, 2007.
4. Мырзабеков С. Қазіргі қазақ тілі фонетикасы. Алматы, 1997.
5. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1975.
6. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. Астана, 2000.

ПРОФЕССОР РАБИҒА СЫЗДЫҚ ЖӘНЕ ЕМЛЕ МӘСЕЛЕСІ

Нәзира Әміржанова
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
Тіл мәдениеті бөлімінің меңгерушісі,
филология ғылымдарының кандидаты

2006-2008 жылдары А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Тіл мәдениеті бөлімі «Тәуелсіз Қазақстан жағдайында қазақ тілінің ұлттық және мемлекеттік тіл ретінде негізгі даму үрдістері мен бағыттары» бағдарламасы аясында ф.ғ.д. Қ.Күдеринованың жетекшілігімен «Қазақ жазуының қалыптасу кезеңдері мен даму жолдары» атты іргелі зерттеу жұмысы жүргізілген болатын. Зерттеуде қазақ мәдени өмірінде қолданылған жазу түрлері, жазу түрлерінің ерекшеліктері, даму жолдары қарастырылды. Аталмыш жоба бойынша қазақ жазуының теориясы көне түркі, араб, төте, латын, орыс графикасы бойынша тұжырымдалды. Қазақ қоғамында қолданылған әліпби түрлері мен ұстанылған емле ережелері талданып, болашақ латынәліпбилі қазақ жазуының емлесі қандай болмақ деген сұраққа да жауап іздестірілген болатын. Осы мәселеге байланысты (2008 жылы) академик Р.Сыздық өзінің қорытынды есебінде латын жазулы қазақ емле ережелерінің жобасын жасауда ескерілетін негізгі талаптар мен ескертулерді атап өткен болатын.

Ғалым өз сөзінде «Соңғы 15-20 жыл барысында үздіксіз айтылып, ауық-ауық белсене кірісіп кетіп отырған іс-қарекетіміз – бүгінгі қолданылып отырған жазу – кирилицаны өзге жазу – латынға ауыстыру проблемасы екені аян. Бұл жазуға арналған емле ережелерінің қазіргіден өзгеше болады (болуға тиіс екендігі)... Дәл қазір оның баптарын тізіп толық кодексін ұсыну қиын, өйткені алдымен графиканың қазақ тіліне сай нақты әліпбиі түзілген жоқ» деген-ді. Шындығында да, ғалым айтып өткендей, орфографияны болжау үшін әліпби қажет. Ғалымның бұл сөзінен әліпби дұрыс болса, орфография да дұрыс болмақ дегенді де түсінуге болады. Жоғарыдағы ғалымның «емле ережесі қазіргіден өзгеше болмақ» деген сөзіне де ерекше назар аудару қажет деп білеміз. Біздіңше, латын әліпбиіне көшу тек әріп ауыстыру емес, бұл түбегейлі тілдік реформа.

2018 жылдың ақпанында жаңа әліпби бекіп, осы жылдың қаңтар айында жаңа емле мақұлданды. Емленің алғашқы жобасы Ұлттық комиссияда мақұлданып, алғашқы жобасы «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланды. Емле ережесі жарияланған күннен бастап, қазақ жазуының болашағы ғылыми ортада қызу талқыланды. Қызу талқыға негіз болған тілдік проблемалар туралы бұдан он жыл бұрын профессор Рабиға Сыздық өзінің іргелі зерттеу қорытынды есебінде емле ережесін екшеуде негізге алынатын концептуалды ойларын жазған болатын. Қазақтың маңдайалды грамматологының концептуалды ойлары қазіргі кезде орфограммаларды жаңа емле бойынша кодификациялауда аса құнды болады деп сенеміз.

Профессор Р.Сыздық **біріншіден**, «латынәліпбилі жазуда қазақ тілінің өзіне тән ерекше (ұлттық) дыбыстардың таңбалары (**ә, ө, і, ұ, ү, қ, ғ, ң)** түгел болуға тиіс. Бұл жағдайда осы әріптердің жазылуына байланысты емле баптары негізінен сақталады, тек иллюстративтік материалдары (мысалдары) өзгертіліп, қысқартылып, толықтырылып берілуі мүмкін» деген сөзіндегі «қазақ тілінің өзіне тән ерекше дыбыстардың таңбалары түгел болуға тиіс» деген ойы әліпби құруда ең маңызды принцип болып табылады. Проф. Р.Сыздық көрсеткендей, жаңа емледе әріптердің емлесіне қатысты біршама баптар кириләліпбилі жазудағы дәстүрді сақтады.

Екіншіден, проф. Р.Сыздық «Кириллица мен емле жазуына бірдей келетін тақырыптарға қатысты емле баптары да негізінен сақталады, яғни қос сөздердің бөлек жазылатын сөздердің, бірге жазылатын сөздердің, шылау сөздердің, бас әріптің жазылуына қатысты ереже баптары көп өзгермейді. Тек бөгде тілдік сөздерге қосымшалардың жазылуына байланысты бірді-екілі өзгеше баптар мен ескертулер болуы мүмкін» деп арнайы көрсетеді. Ғалымның бұл болжамы ақталып отыр. Жаңа емле ережелерінде ғалым көрсеткен тараулар жазу практикасында қиындық туғызған мәселеге байланысты жаңарды.

Үшіншіден, «Кірме сөздер мен бөгде тілдік сөздердің, әсіресе интернационалдық қордан келген ғылыми-танымдық терминдердің жазылуы, кириллица жазуындағы емлесінен өзгеше болады, олардың «орысша» орфограммасы мүлтіксіз сақталмайды. Бірақ фонетикалық-графикалық тұлғасын (бітімін) мүлде өзгертіп, қазақтың сөйлеу тіліндегі айтылуынша «қазақыландырылып» та жазылмайтын ереже баптары болады» деп көрсеткен. Айта кетерлік жайт, Р.Сыздықтың «бөгде тіл» деп отырғаны шеттілдік сөздер. Жаңа емледе шеттілдік сөздерге қосымша жалғануына байланысты көп болмаса да өзгерістер бар. Мысалы, *«Сөз соңындағы **-нг** әріп тіркесі **ń** әрпімен жазылады, қосымшалар үндестік заңына сәйкес жалғанады: boýlıń (-nıń, -ge, -i, -der), brıfıń (-nıń, -ge, -i, -der), reıtıń (-nıń, -ge, -i, -der)» деген жаңа ереже кирилден өзгеше. Кириләліпбилі қазақ жазуында брифингіге болса, латынәліпбилі жазуда brıfıńge.*

Проф. Р.Сыздық «кірме сөздер мен бөгде тілдік сөздердің, әсіресе интернационалдық қордан келген ғылыми-танымдық терминдердің жазылуы, кириллица жазуындағы емлесінен өзгеше болады, олардың «орысша» орфограммасы мүлтіксіз сақталмайды. Бірақ фонетикалық-графикалық тұлғасын (бітімін) мүлде өзгертіп, қазақтың сөйлеу тіліндегі айтылуынша «қазақыландырылып» та жазылмайтын ереже баптары болады» деп көрсетеді. Қазіргі кезде емле ережелерін кодификациялау барысында осы проблема ең үлкен әрі айтыс-тартыстарға негіз болып отырған басты проблемалардың бірі. Бір топ ғалымдар шеттілдік сөздер айтылым заңдылықтарына негізделіп жазылу керек десе, екінші бір топ ғалымдар кириләліпбилі жазу бойынша қалуды жөн деп санайды. Р.Сыздық өзінің зерттеуінде шеттілдік сөздер дәстүрлі нормамен жазылу керек дей отырып «сөз басында не соңында келетін екі дауыссыз дыбыстың не алды-артынан **ы, і** әріптері жазылмайды. Мысалы, *prezident* (*pirezidenit*, не *pirezident* емес), *student* (*istudent, ystudent istudenit* емес), *sport* (*ьsport* емес), *kristal* (*kiristal* емес), *matros* (*matьros* емес), *març* (?) (бұл сөздегі **ш** дыбысының латынша таңбасы әзірге дәл жазылып тұрған жоқ) (*marьç* емес), *traktьr* (tьraktьr емес)» деп көрсетеді. Жаңа емлені екшеу барысында шеттілдік сөздерді қазақ тілінің заңдылығына бағындыру не кирилдегі базалық норманы сақтап жазу мәселесі пікірталастарға негіз болып отырған ең негізгі мәселе.

Р.Сыздық «Бөгде тілдік (араб, парсы, орыс) сөздерде қазақ тілінің үндестік заңдары сақталмайды, яғни жуан-жіңішке болып келетін аралас буынды сөздердің орфограммасы орын алады. Сингармонизм заңдылықтары кейбір біріккен сөз, қос сөз сияқты қазақ сөздерінде де сақталмайды. Мысалы, бүгін де кириллицамен *көгал, келсап, бесатар, баспасөз, Гүлшат, Ерболат* түрінде аралас буынды жазылып жүрген сөздер латын әріптерімен осылайша үндестік гармониясы жоқ аралас буынды болып жазылатын болады». *Ғалымның бұл пікіріне толық қосыла отырып, үндесім табиғаты төл сөздермен байланысты деп айтқымыз келеді. Ал шеттілдік сөздердің барлығы бұл табиғатты (заңдылықты) толығымен қабылдай алмайды. Бұған дәлел, орыс тілі арқылы кірген сөздер ғана емес, әбден сіңісіп кеткен араб-парсы тілінен енген кітап, мұғалім сияқты сөздерді де жатқызуға болады. Шеттілдік сөздердегі екі дауыссыз аралығында, қатаң*

дауыссыз дыбыстардың алдынан не соңынан естілетін ы мен і дыбыстарын қалдырмай таңбалау сөздің түрлі жазылымына әкеледі. Латынәліпбилі жазуға көшкен әзербайжан тілінде шеттілдік сөздерде естілетін дәнекер ***ы, і*** *дыбыстары барлық позицияда таңбаламайды. Шеттілдік сөздердегі* ***е, и*** *дыбыстарын әзербайжан тіліне икемдеуде* ***е-ні –*** *і әрпіне,* ***и-ді –*** *і-ге алмастырады. Мысалы: министр – minister, печенье – pişine. Ал естілген барлық жерде ы мен і әрпін жазбайды. Мысалы: пластик – plastik, шпион – şpion, шплинт – şplint, шпон – şpon, шпонка – şponka, литр – litr, хлор – xlor, дендрит – dendrit, дендролик – dendroliq, дендрометр – dendrometr* түрінде жазылады. Айта кетерлік жайт, Р.Сыздық өзінің емле жобасында **ц** әрпін **тс,** сөз басында **с** әрпімен жазуға болады деп *синк* (цинк), *аксиа* (акция), *еволутсиа* (эволуция), *ратсиа* (рация) мысалдарын береді. Қазіргі емледе ц әрпі барлық позицияда s әрпіне алмастырылады деп берілген. Сонда *вице-президент* сөзі жаңа латынмен *vise-prezident* болмақ. Әзербайжан тілінде тағылымын ескерер болсақ, онда барлық позицияда *s* әрпі, бірақ *вице-министр* сияқты сөздерде **тс** әріп тіркесі арқылы *vitse-minister жазылады деп көрсетілген.*

Емле ережелерін кодификациялау барысында сөздердің соңғы буынындағы екі дауыссыз дыбыс арасында келген **о** дыбысының жазылуына байланысты көзқарастар екі түрлі. Бірі қазақша айтылым бойынша *директор, профессор, автор* сияқты сөздердегі **о** әрпінің орнына **ы** әрпін жазу керек десе, екінші бір тобы бұл пікірге келіспей *док**тор**антура* сияқты сөздерді мысалға келтіре отырып, бұл ереже барлық позицияға сәйкес келмейді, сондықтан бұрынғы жазу дәстүрі бойынша *-тор* формасын сақтау керек дейді. Ал проф. Р.Сыздықтың бірнеше жыл бұрын жазылған зерттеуі бойынша екпін түспейтін сөздерде **ы** болып жазылуы керек деп көрсеткен екен. Мысалы: *redaktır* (*redaktor* емес), *автыр* (*avtor* емес). «Қазақ сөздеріндегі **о** дыбысы соңғы буындарда келмейді, біріккен сөз, қос сөздерде келсе, ол өзгертілмей **о** түрінде жазылады: *қолма-қол* (*қолмақыл* емес), *аяқдоп* (*аяқдып* емес). *-қой, -қор* жұрнағымен келген сөздерде де соңғы буындағы **о** дыбысы өз қалпында айтылады: *әзілқой* (әзілқый емес), *шайқор* (шайқыр емес). Осы заңдылықты білетін, бірақ орыс тіліндегі айтылуын білмейтін қазақтар *avtor, redaktor* деп, соңғы *tor* буынын ашық толық айтуы мүмкін. Бұл тәрізді ереже ерекшелігі сөздерді дұрыс жазумен қатар, дұрыс айтуға да септігін тигізуі үшін алынуы тиіс» деп көрсеткен болатын.

Сонымен қатар ғалым қазақ әліпбиінен алынған әріптерге (**я, ю, ц, щ, ь, ъ...**) арналған жеке баптар емле ережесінде көрсетілуі тиіс, бұл өзге тілдік сөздердің дұрыс жазылуы үшін аса маңызды болмақ деп санайды. Қазіргі кезде жаңа емле ережелерін әзірлеу барысында әліпбиден алынған шеттілдік кірме элементтердің жаңа ережеде арнайы баптар арқылы берілмеу керек деген пікірлерге Р.Сыздықтың бұл концептуалды тұжырымы жауап бола алады деп ойлаймыз. Әзірленіп жатқан Ереже баптары «өтпелі кезеңдегі» ереже болғандықтан *я, ю, щ, ц* сияқты әріптердің жаңаша жазылымы жеке-жеке ереже баптары арқылы берілуі тиіс деп білеміз.

Ғалым өзінің емле жобасында «II Дауыссыз дыбыс әріптерінің қолданылуы» атты тараушада *б, в, г, д* әріптері сөздің басында, ортасында және орыс тілінен енген сөздердің соңында жазылады деп көрсетеді. Қазіргі кезде осы мәселеге байланысты пікірлер бар. Кейбір ғалымдар шеттілдік сөздердің жазылымы толық «қазақилық» сипат алуы керек, қазақ тілінің заңдылығы толық сақталуы керек деп шеттілдік сөздердің соңында келетін *б, г* әріптерін жазбай, оның орнына қазақ тілінің айтылым заңдылығына сәйкес *п, к* дыбыстарына алмастыру керек дейді. Мысалы: *клуб* сөзін *кылуп, педагог* сөзін *педагок* т.б. Р.Сыздықтың пікірінше, шеттілдік сөздердің түбір тұлғасы сақталуы керек. Себебі шеттілдік сөзге қосымша жалғанғанда негізгі фонеманың түрін жазбай айналып кетпейтініміз хақ. Мысалы, *педагок* болғанымен, *педагокика* болмайды, *клуп*

болғанымен *клупына* болмайды. Бұл ереже қазіргі қабылдану алдында тұрған жаңа емледегі ережемен үндеседі. Сонымен қатар ғалым ***сс, мм, лл, тт, фф, нн, бб, рр, пп, гг, дд, кк, уу*** дыбыстарын білдіретін әріптердің бірі түсіріліп жазу керектігі туралы ережесі қазіргі жаңа емледегі ережемен сәйкесетінін көрсеткіміз келеді. Ғалым «**§18**. Орыс тілінен енген атау сөздердің тұлғасы негізінен орыс орфографиясы бойынша, ал қазақ әліпбиінен шығарылған әріптермен келген сөздер ол дыбыстардың таңбасын алмастыратын әріптермен жазылады. Мысалы: *вагон, гидрологийа, биологийа, комитет, агроном, агротехника, педагог, медитсина, спорт, хирург, конституциа, клуб, кино, радио, адвокат, ракета, молекула, буджет, кредит, банк, транш»* дей отырып, осы ереженің ескертуін былай береді: **«сс, лл, кк, тт** сияқты біркелкі екі әріппен келген кірме сөздердің соңындағы қос әріптің біреуі түбір түрінде де, қосымша жалғанғанда да түсіріліп жазылады. Мысалы: *прогрес – прогреске, метал – металдар, грам – грамы, бал* (баға) *– бес балдық жүйе, Донбас – Донбастан».*

Төртіншіден, тіл білімінде ауызша және жазбаша тілдің өз нормасы мен жүйесі болатынын, сондықтан оларды бір-біріне айналдырып алып қолдану керектігін өзінің жазуға қатысты еңбектерінде дәлелдеген Р.Сыздық жазба тіл мәтінін сол қалпы қайталамай, ауызша тіл тезіне салып оқу керек дейді. Ғалым осы концепциясы негізінде «**-йы, -й**і дыбыстар тіркесі мен **ы, і** дыбыстарына бітетін етістіктерге көсемшенің **-и** жұрнағы жалғанғанда, соңғы **ый, ій** әріптерінің орнына бір ғана **и** әрпі жазылады. Мысалы: *байы+й+ды – байиды* (*байыйды, баиды* емес), *кейі+й+ді – кейиді* (*кейійді, кеиді* емес), *оқы+й+ды - оқиды* (*оқыйды* емес), *ірі+й+ді – іриді* (*ірійді* емес), *суы+й+ды – суиды* (*суыйды* емес), *мойы+й+ды – мойиды* (*мойыйды*, *моиды* емес), *шірі+й+ді – шіриді* (*шірійді* емес), *құры+й+ды – құриды* (*құрыйды* емес)деп көрсетеді. Жаңа емле ережелерін саралау барысында кейбір ғалымдар *ы, і* дыбыстарына бітетін етістіктерге көсемшенің -й жұрнағы жалғанғанда, негізгі түбір сақталып жазылу керек деген пікір айта отырып, *оқыйды, ірійді* деп жазуды ұсынады. Біздіңше, «**түбірді сақтау»** жазылым жүйесі қабылданар болса, **-й** дыбысына бітетін етістіктерге жалғанатын тұйық райдың **-у** жұрнағы мен көсемшенің **-а** жұрнағын қабылдайтын буынның да түбірі сақталуы керек. Сонда *қи* емес – *қыйу*, *жи* емес *жыйу* болмақ. Ал *ый* немесе *ій* арқылы жазу не жазбау мәселесі 1920-жылдан бастап қазіргі кезге дейін талқыланып келеді. Бұл – қазақ грамматологиясының ең өзекті әрі бірбайламға келмеген проблемаларының бірі. Тарихқа көз жүгіртер болсақ, кирил әліпбиіне көшкеннен кейін орыс графикасы негізіндегі қазақтың жаңа әліпбиі мен орфографиясы жобасы СССР Ғылым академиясының Қазақстандағы филиалының қазақ тілі секторы С.А.Аманжоловтың басшылығымен жасалып, емле ережесінің тақылауға ұсынылған ресми нұсқасы 1953 жылы газет бетіне жарияланды. 1956 жылы «Қазақстан мұғалімі» газетінде Е.Қуанов өзінің «Қазақ алфавиті мен орфографиясын жетілдіре түсейік» атты мақаласында *қиын/қыйын, жиын/жыйын, құриды/құрыйды* сияқты жазылымының нормалануына тікелей ықпал еткен оқу-педагогика баспасының редакторы Р.Сыздық деп көрсетеді.

Сонымен қорыта айтқанда, жоғарыдағы санамалап көрсетілген мәселелерді профессор Р.Сыздық жаңа латын жазулы емленің ең негізгі көңіл аударылатын сәттері деп санайды. Орфографиялық қағидалардың толық кодексін түзген кезде орфография саласының дамуы мен қалыптануына бірнеше жылдарын жұмсаған, қазақ грамматологиясының негізін қалаушы, қазақ тілінің дұрыс жазу қағидаттарының қыр-сырын, оның қат-қабаттарын саралап, емле заңдылықтарын ғылыми тұрғыда жүйелеген ғалым апайымыздың жоғарыдағы концептуалды ойларын емле ережесін бекіту барысында естен шығармауымыз керек деп ойлаймыз.

II ТАРАУ

ҰЛТТЫҚ КОМИССИЯ ЖАНЫНДАҒЫ ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ ОТЫРЫСТАРЫ

«ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ҮЙЛЕСТІРУДІҢ МІНДЕТТЕРІ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ЖҰМЫС ТОБЫ ОТЫРЫСЫНЫҢ СТЕНОГРАММАСЫ

Алматы қаласы, Абай даңғылы 14,
Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы
2019 жылғы 22 ақпан

Қатысушылар: Қ.Қ. Борашев, Е.Е. Тілешов, Е.З. Қажыбек, Ә. Жүнісбек, Н.М. Уәли, А. Айманкүл, З.М. Базарбаева, Ж.А. Жақыпов, Б.Қ. Момынова, Қ.Б. Күдеринова, А.М. Фазылжанова, Г.М. Мамырбек, Л.У. Еспекова, Ж.Т. Жұмабаева, Қ.Қ. Сәрекенова, Н.М. Рсалиева, М.А. Тұрсынова, Қ.С. Қалыбаева, Ж.М. Қоңыратбаева, Л.Т. Әлімтаева.

КҮН ТӘРТІБІ

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитетінің төрағасы Қ.Бораштың сөзі

Баяндамашылар:

1. Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы Орфография басқармасының басшысы, ф.ғ.к. А.Фазылжанова «Орфографиялық жұмыс тобының жұмыс жоспары»;
2. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры Е.Қажыбек «Емле ережелерінің ғылыми негіздері және әзірлеу барысы туралы»;.
3. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері Қ.Күдеринова «Орфографиялық жұмыс тобы әзірлейтін тілтанымдық өнімдер туралы;
4. Жарыссөз
5. Қорытындылау

Модератор: Е.Тілешов

Е. Тілешов: Құрметті әріптестер, қош келдіңіздер! Былтыр біздің Орфографиялық жұмыс тобымыздың мүшелері бірқатар маңызды жұмыстар атқарды. Биыл да амандық болса, жұмыстарымызды әрі қарай жалғастырамыз. Осы семинарымызды Алматы қаласында өткізсек деп жоспарлағанбыз, міне сол мақсатпен келіп отырмыз. Орфографиялық жұмыс тобына бірнеше жаңадан ғалымдар келіп қосылды. Былтыр бірнеше сарапшы ғалымдарымыз болды, сол ғалымдарымызды жұмыс тобымызға қосып отырмыз. Біздің жинағымыз шықты. Бұл жинақ біздің атқарған жұмысымыздың

сапасын айқындайды. Жұмыс тобымыздың құрамына Еуразия Ұлттық университетінің профессорлары Қарлығаш Сәрекенова, Еспекова Лаззат, Қоңыратпаева Жанар, Қарағандыдағы Бөкетов атындағы университеттің ғалымы қосылып отыр. Регламент сақтап сөйлеулеріңізді сұраймын. Алғашқы сөз кезегі Тіл саясаты комитетінің төрағасы Қуат Қаһарманұлы Борашевқа беріледі.

Қ.Борашев: Құрметті әріптестер, Сіздермен көрісіп отырғанымa қуаныштымын. Өткен жылғы жалпы жұмыс қорытындыларын біршама сараптап, биылғы жылға маңызды жоспар құрып отырмыз. Алдымызда тұрған міндеттің ауқымдылығын білесіздер, сондықтан біз ешбір кідіріс жасамай, биылғы жылда атқарылатын жұмыс жоспарын сіздермен ақылдасып алсақ деп шештік. 2025 жылға дейін белгіленген іс-шаралар жоспарына сәйкес жұмыстар атқарамыз. Оқыту және әдістеме курстарына, соның ішінде оқытушыларды даярлау сияқты алдымызда бірнеше міндеттер тұр. Соның ішінде негізгі мәселелер ғылыми ортада талқылануы тиіс әр түрлі мәселелер болады. Солардың барлығын жұмыла атқаратын болайық. Орфографиялық жұмыс тобының биылғы жылға жұмыс жоспары бекітілді. Бұл жоспар бойынша біз анықтағыштар дайындауымыз керек. Сондай-сондай бірқатар ауқымды жұмыстарымыз бар. Қалған шаруаларды жұмыс барысында талқылай жатармыз. Тыңдағандарыңызға рақмет!

Е. Тілешов: Рақмет, Қуат Қахарманұлы! Бүгінгі отырысымызға Орфографиялық жұмыс тобының мүшелері толық қатысып отыр. Ендігі сөз кезегін Орфографиялық жұмыс тобының мүшесі Анар Фазылжановаға береміз.

А.Фазылжанова: Өздеріңіз білесіздер, Үкіметтің латын графикасына көшу бойынша жоспары бар. Ол жоспар бойынша Тіл білімі институтына да, біздің «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығына да еліміздің бюджетінен қаражат бөлініп отыр. 2018 жылғы ол қаражат Тіл білімі институтына жалпы халықтың қолданысына арналған құжат – қазақ тілінің емле ережесін жасау үшін берілді. Институт ол тапсырманы жақсы орындады деп институт директоры Ерден Қажыбек айтып отыр. Енді сол жоспар бойынша, осы мекемелерге де, «Оқулық» орталығына да, өкілі келіп отырған «Өрлеу» біліктілікті арттыру курстарына да, жоғарғы оқу орындарының барлығына да қаражаттар бөлінеді. Бұл латын әліпбиін жүзеге асыру үшін бөлінген қаражаттар. Сіздердің назарларыңызды семинардың тақырыбына ауыстырғым келеді. Үкімет бекіткен құжат – ол халыққа арналған дүние. Сондықтан барлықтарыңыз да мамансыздар, барлықтарыңыз да ғалымсыздар, біз барлығымыз енді еліміздің мүддесін ойлап, ары қарай жылжуымыз керек. Ербол Тілешов сіздерге жұмыс тобының жаңа құрамын таныстырды, Қуат Қаһарманұлы сіздерге алдағы уақытта Тіл саясаты жауап беретін латын әліпбиіне қатысты атқарылатын істермен таныстырды, енді барлығы сіздердің қолдарыңызда. Халық емле ережелерін, орфографиялық сөздікті күтіп отыр. Біздің мекемемізге келіп түсіп отырған мекеме аттарына, кісі есімдеріне сараптама жасап отыр. Біз оларға «Тоқтаңдар», - деп айта алмаймыз. Өйткені латын графикасына көшу – ол халықтың қалауы. Халық тәуелсіз болғысы келеді, отарлықтан құтылғысы келеді, жаңа жазуға көшкісі келеді. Сондықтан барлығымыз халықтың қалауына еңбек етуіміз керек. Былтырғы жылы төрт жұмыс тобының ішінде ең көп жұмыс атқарған осы орфографиялық жұмыс тобының мамандары болды. Сіздермен бірге жұмыс істеп жүргенім үшін сіздерге алғысымды айтамын. Енді биылғы жылы атқаратын жұмыстарымызға тоқтала кетейік. Сіздер ойлап отырған боларсыздар: Неге былтыр орфографиялық жұмыс тобының құрамы 30-дан астам адам болатын, ал биыл адам саны 20-дан астам ғана болған деп. Себебі биылғы жыл әдістемеге арналып отыр. Биыл біз халыққа қажетті өнімдер, соның ішінде біз орфографиялық жұмыс тобымен бірлесіп, анықтағыштар, нұсқаулықтар дайындауымыз керек. Жаңа

емлемен жазылып, Тіл білімі институтынан келген ортологиялық құралдарға сараптама жасауымыз керек. Мысалы, Тіл білімі институты Үкіметтің бекіткен латынға көшу жоспары бойынша орфографиялық және орфоэпиялық анықтағыштарды дайындап береді. Институтқа осы өнімдер үшін қаражат бөлініп отыр. Орфографиялық жұмыс тобы осы өнімдерге сараптама жасап, халыққа ыңғайлы форматта ұсынуымыз керек. Сондықтан бәріміз жұмыс жоспарына сәйкес жұмыла, нәтижелі жұмыстар атқаруымыз керек.

Қ.Күдеринова: Орфографиялық жұмыс тобы анықтағыштар мен сөздіктерді сараптаудан басқа нақты өнім беруді жоспарлап отыр. Нақты өнім мына бағыттарға:

1) жоғарғы оқу орындарына;
2) мекемелерге, кеңселерге;
3) БАҚ құралдарына;
4) жалпы көпшілікке арналуы тиіс.

Бұл міндетті басқа жұмыс тобы емес, дәл осы орфографиялық жұмыс тобы атқаруы керек. Өйткені емле ережелерін осы топ жасағандықтан, бұл жұмыс осы топтың еншісінде. Мысалы, бұл өнімдер жоғары оқу орындарына арналған жаңа әліпбиді меңгертетін пәннің оқу-әдістемелік кешені болады. Орфографиялық жұмыс тобы осы оқулықтардың мазмұнын, бағдарламасын яғни тақырыптық жоспарын құрастыруға, жүйелеуге арналған нұсқаулық беретін шамамен 30-45 беттен тұратын кітапша дайындап беруіміз керек. Қазіргі кезде жоғары оқу орындарында қазақ тілі пәні оқытылады. Бұл пән 2 кредит, кейде 3 кредит болады. Бұл оқу орындарында бір пәнді 5 кредитке дейін жоғарылату процесі жүріп жатыр. Латын әліпбиі бойынша жаңа емлені үйрету осы 5 кредиттің ішіне кіреді ме, әлде өзінше бөлек 2 немесе 1 кредит түрінде оқытылады ма дегенді жоғарғы оқу орындары өздері таңдайды. Біреулер мысалы сағатын үнемдейді, ал біреулер мемлекеттің қаржысын пайдаланады. Бірақ дегенменен де барлық жоғары оқу орындары кем дегенде 1 не 2 кредиттік пәнді 2019-2020 жылдардан бастап оқыта бастайды. Сондықтан біз аталған нұсқаулықты ертерек дайындап беруіміз қажет. Бұл нұсқаулықтардың авторлары: Қ. Күдеринова, Л. Әлімтаева және Б. Момынова. Барлық нұсқаулықтар 2000 данада шығады. Орфографиялық жұмыс тобының бір мүшесі оларды сараптамадан өткізеді. Сөйтіп сәуір айында біз осы нұсқаулықты Орфографиялық жұмыс тобының отырысында талқылаймыз, соған дайын болыңыздар. Сонымен бірге жаңа Анар ханым айтқандай, Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» орталығына маңдайшаларымызды латын графикасында жазылуын қарап беріңіздер деген өтініштер мемлекеттік мекемелерден көптеп түсіп отыр. Сондықтан біз кирилл-латын әліпбиінде анықтағыштарды тездетіп жасап беруіміз керек. Бұл анықтағыштарды біз қыркүйек айындағы отырыста талқылауымыз керек. Авторлары: Н. Рсалиева, М. Тұрсынова, Қ. Сәрекенова. Жұмысты үйлестіруші: Л. Еспекова. Өнімдердің ішкі және сыртқы сарапшылары да болады. Сонымен бірге бұл өнімдердің электронды нұсқасы да болуы тиіс. Ал, БАҚ құралдарына келетін болсақ, графикалық кеңістік деген басталғалы отыр. Жарнама, әсіресе көше жарнамаларына емле нұсқаулығын дайындауымыз керек. Бұл нұсқаулық Тіл білімі институты дайындайтын пунктуациялық ережелермен байлынысты болғалы отыр. Мұнда тыныс белгілері, мысалы тире, қос нүкте қай кезде қойылады деген сұрақтарды шешіп беретін нұсқаулық дайындауымыз керек. Жарнама нұсқаулығының авторлары: Ж. Жақыпов, Қ. Қалыбаева және Ж. Қоңыратбаева. Бұл кісілер жарнамаларды жинап, біріздендіріп ішінен шыққан қателер бойынша нұсқаулық жасайды. Жалпы бұл дайындалатын өнімге сіздерге гонорар төленетін болады. Бәріміз бірігіп, жұмыла жұмыстар атқарайық!

Е. Тілешов: Баршаңызға көп рақмет! Ең бастысы осындай ғалымдары бар, жанашырлары бар тілдің болашағы зор! Соған сенейік! Баршаңызға алғыс айтамын!

«ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ АТҚАРҒАН АРАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫН ПЫСЫҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ЖҰМЫС ТОБЫ ОТЫРЫСЫНЫҢ СТЕНОГРАММАСЫ

Алматы қаласы, Құрманғазы көш., 40
«Достық үйі», 2-қабат, мәжіліс залы
2019 жылғы 26 сәуір

Қатысушылар: Ғ.Мелдешов, Е.Тілешов, Г.Мұқанова, Б.Нұржекеев, Б.Қалиев, С.Бизақов, Т.Аяпова, Б.Қапалбек, Б.Исхан, М.Малбақов, Ә.Жүнісбек, Н.Уәли, А.Алдаш, З.Базарбаева, Ж.Жақыпов, Б.Момынова, О.Жұбаева, Қ.Күдеринова, А.Фазылжанова, Г.Мамырбек, Л.Еспекова, Ж.Жұмабаева, М.Тұрсынова, Н.Рсалиева, Л.Әлімтаева, А.Салқынбай, А.Жұбанов, Ж.Манкеева, Р.Қыздархан, А.Аманбаева, Н.Әміржанова, Г.Исаева, Д.Пашан, Г.Көбденова, А.Солтанбекова, Қ.Дүйсен, Е.Маралбек, А.Пиязбаева.

КҮН ТӘРТІБІ

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитетінің төрағасы міндетін атқарушы Ғ.Мелдешовтің сөзі.

Баяндамашылар:

1. Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының атқарушы директоры, ф.ғ.к. Е.Тілешов «Емле ережелерін сараптау және таныстыру жұмыстарының барысы»;
2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, жазушы Б.Нұржекеұлы «Жаңа емле ережелер туралы ұсыныстар»;
3. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д., профессор Н.Уәли «Қазіргі қазақ орфографиясын оңтайландыру жолдары»;
4. Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің профессоры, ф.ғ.д. «Жаңа әліпби және емле ережелері»;
5. Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғалым хатшысы, ф.ғ.к. «Емле ережелерінде ескерілетін мәселелер»;
6. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д., профессор С.Бизақов «Орфография үздік болған жерде нәтиже де үздік»;
7. Сүлеймен Демирел университетінің ассистент-профессоры, ф.ғ.к. Н.Рсалиева «Жазу жүйесінің тілдің сөздік қорына әсері жөнінде»;
8. Мемлекеттік тілді дамыту институтының директоры, ф.ғ.к. Б.Қапалбек «Жаңа емленің мәтінін жетілдіру бойынша ұсыныстар»;
9. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д., профессор З.Базарбаева «Жаңа қазақ жазуының фонематикалық принципі жайында»;
10. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д., профессор Қ.Күдеринова «Қазақ жазуы және орфоэпиясы»;
11. Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің доценті, ф.ғ.к. Б.Исхан «Жаңа әліпби негізіндегі емле ережелері туралы»;

12. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, ф.ғ.к. Л.Еспекова «Жаңа әліпби ұстанымдары»;
13. Жарыссөз
14. Қорытындылау

Модератор: Е.Тілешов

Е.Тілешов: Құрметті әріптестер, бүгінгі басқосуымыздың мақсаты – орфографиялық жұмыс тобының атқарған аралық жұмыстарын пысықтау, алдағы атқаратын жұмыстарымызды жоспарлау. Алғашқы кіріспе сөз Тіл саясаты комитетінің төрағасы міндетін атқарушы Ғалымжан Сәрсенбайұлына беріледі.

Ғ.Мелдешов: Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия жанындағы Орфографиялық жұмыс тобының ағымдағы 2-отырысын өткізгелі отырмыз. Орфографиялық жұмыс тобының құрамы мен жұмыс жоспары Мәдениет және спорт министрінің а.ж. 18 ақпандағы №40 бұйрығымен жаңартылып, қайта бекітілді.

Орфографиялық жұмыс тобының жоспарында барлық мәселелер қамтылған және орындалу мерзімі бекітілген. Негізгі мақсатымыз ағымдағы жылы Емле ережелеріне қатысты академиялық құжаттарды әзірлеп, көпшілік қауымға ұсыну болып отыр.

Қазіргі уақытта Ұлттық комиссиямен мақұлданған Емле ережесі басшылыққа алынып, латын графикасына көшу процесі басталып кетті.

Емле ережесінде негізгі ережелер ғана қамтылған, ал емле ережелерінің толық түсініктемесі ағымдағы жылы әзірленетін «Орфографиялық анықтағышта» ғылыми практикалық жағынан негізделетін болады.

Қазіргі уақытта ғалымдар тарапынан айтылып жатқан ұсыныстар орынды. Орфографиялық жұмыс тобы мен Тіл білімі институты ғалымдары осы мәселелерді пысықтап, «Орфографиялық анықтағышта» қарастыратын болады. Әрі қарай жұмысымыз Үкімет тарапынан бекітілген №27 өкімге және бекітілген Орфографиялық жұмыс тобының жоспарына сәйкес жалғасын табатын болады. Бүгінгі жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін.

Е.Тілешов: Тіл – баршамызға ортақ қазына. Сондықтан әрбір адамның пікірі біз үшін маңызды. Тілдің нағыз жанашырлары осында отыр. Алғашқы сөзді емле ережелеріне байланысты ұсыныстарын айту үшін, жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Бексұлтан Нұржекеұлына береміз.

Б.Нұржекеұлы: Бүгінгі Тіл саясаты комитеті ұйымдастырып отырған жиынды ресми түрдегі мәселе ретінде қарамай, ұлттың тағдыры, ата-бабаның аманаты, болашаққа деген ар-ұятымыздың алдында, әке-шешеміздің алдындағы, ұлтымыздың алдындағы перзенттік борышымыз деп қарауларыңызды өтінемін. Бұл мен үшін ғана керек емес, сіздер үшін ғана керек емес, аманат болып ғасырлар бойы келе жатқан халықымыздың қазынасы деген көзқараста болуымыз керек. Соны бұзбай, мүмкіндігінше қолымыздан келгенше жақсартып болашақ ұрпаққа тапсыру мәселесі тұр. Сондықтан, ананың пікірі маған ұнайды, мынаның пікірі маған ұнамайды деп қарамай, ата-бабаның аманатына қандай көзқараспен қарайтынымызды көрсетететін сәтке келдік. Тіл – техникалық нәрсе емес. Тіл – халықтың жаны, халықтың қаны, рухы. Әуезді сөйлейтін, мәдениетті сөйлейтін тілі. Сондықтан ата-бабамыздан келе жатқан ережелердің заңдарын сақтауымыз керек. Біздің тіліміздің бұзу үшін және оны мүмкіндігінше орыс тіліне әуезін, дыбысын жақындату үшін әр кезеңде әр түрлі шаралар қарастырылды. XI ғасырда емле жайында алғашқы ғылыми пікір айтқан халықтың ұрпағымыз. Осы заңдылықты 1929 жылы бұзып латын қарпіне көштік. А.Байтұрсынұлы латын қарпіне көшудің ерекшеліктерін мойындай отырып, біздің мына төте жазуымыз халқымыздың дыбысталуына, әуезділігіне толық жауап береді деген. 29 әріп болды, 11 жыл осы әріпті пайдаландық. Ал 2018 жылы қабылданып отырған А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты әзірлеген жаңа емле ережелерінде 1929 жылғы жетістігіміз мүлде пайдаланылған жоқ, қаралған да жоқ.

Мынадай ұсыныстарым бар:

- Ата-бабамыздан мұра болып келе жатқан рухани қазынамызды бұзбай сақтап, аманатқа қиянат жасамауымыз керек;
- тіліміздің әуезділігін сақтап қалуымыз керек;
- жаңа әліпбиде қазақ тілінің төл дыбыстарын (ә, ғ, і, ң, қ, ұ, ү, ө, h) тәуелсіз дыбыстарға тәуелді етіп қойған. Мысалы: **ә - а**-ға, **ғ- г**-ге, **ң – н**-ға, **қ – к**-ге т.б. Төл дыбыстарымыз басқа әріптердің көлеңкесінде қалмай, жеке әріп болып белгіленуі керек;
- кирилше нұсқасын сол күйі сақтап, ала беруге де болады. Өзіміздің тіліміздің ерекшелігі болғандықтан, әлем бізге қарсы болмайды.

Е.Тілешов: Бексұлтан аға, сізге көптен-көп рақмет. Емле ережесі дайындалды, қазақ тілінің пунктуациялық ережелердің жобасын А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының мамандары өз уақытында әзірлеп беріп отыр. Әлі де толықтырылады, соңынан бекітіледі.

Құрметті ғалымдар, үлкен ағаларымыздың ұсыныстары мен пікірлерін бірінші тыңдап алсақ, келісесіздер ме? Қарсы пікір болмаса, келесі сөзді Байынқол Қалиұлына береміз.

Б.Қалиұлы: Құрметті, әріптестер, ең бірінші айтпағым, Б.Нұржекеұлының айтқан ұсыныстары мен пікірлеріне толықтай қосыламын. Жаңа әліпби қабылданды, емле ережелері жарияланды.

Менің мынадай ұсыныстарым бар:

- **«и»** мен **«у»** дыбыстарына қатысты ережені қайта қарау керек;
- **«и», «й» -** екеуін бір таңбамен беру дұрыс емес;
- **«ы», «і» -** дыбыстары латынның әртүрлі таңбаларымен белгіленгені дұрыс емес. Қазақтың төл дыбыстары жуанды-жіңішкелі болып, жұп-жұбымен жүруі керек. Ұқсас таңбамен таңбалануы керек;

Бір әріпке бір таңба болуы керек;

- **ш**, **ч** – әріптерінің **sh, ch** – түрінде берілуі дұрыс емес;
- Сөздер қалай айтылса, солай жазылғаны жөн. Үйренуге де өте ыңғайлы болады. Ең жақсы тіл қалай сөйленсе, солай жазылады. Ол тілді үйрену де оңай, үйрету де оңай.

Е.Тілешов: Көп рақмет, аға! Келесі сөздің кезегін Сейдін Бизақов ағамызға береміз.

С.Бизақов: Құрметті әріптестер, құрметті тіл жанашырлары! Латын графикасына көшер алдында өткізген үш дүркін дөңгелек үстелдің қорытындысы бойынша «Қазақ тілін көркейтудің оңтайлы тәсілдері» деген кітап шығардым. Мұнда екі түрлі мәселені мақсат тұттым. Біріншісі, орыс тілділердің жағдайын ойлай отырып қарастырдым. Қазақ тілін үйренуге деген талпынысына тежеу жасап келе жатқан кедергілер бар. Олар қазақ тілі сөзге кедей, жұтаң деп мұрнын шүйіріп қарамасын, өз тілінде сөйлеуді қор санамасын, өз тілін өзектен теппесін деймін. Қазақ тіліне деген құрметті қалыптастыру үшін, өз қателігімізді түзетуіміз керек. Емле ережесін ұштай түсіп, орфографияны жетілдірсек, оларға қазақ тілінің өте бай, көркем, оралымды тіл екендігіне көзін жеткізер едік. Орфографияны жетілдіру үшін тіліміздің әуезділігіне нұқсан келтірмейік дегім келеді. Осы отырысты пайдалана отырып, ғалымдардың назарына мынадай ұсыныстарды ұсынар едім:

- Емле ережесін ұштай түсіп, орфографияны жетілдіруіміз керек;
- тіліміздің әуезділігіне нұқсан келтірмеуіміз керек;
- қазақ тіліндегі қысаң дауыстыларды ешбір естілмейтін жерлерде үстемелеп жазу – қазақ сөздерінің әуезділігіне нұқсан келтіреді;

- қазақ тілінің байырғы ережесін (дауысты дыбыстан басталатын сөзге қосымша жалғаған кезде сөздің соңындағы қысаң дауысты түсіп қалады) сақтауымыз керек;

- қысаң дауысты қай кезде ескеріліп жазылады, қай кезде ескерілмейді? Есте сақтау қиын болатындықтан, мектеп оқушылары ғана емес тіл мамандарының өздері шатасып жатады. Ережені біріздендіруіміз керек;

- қазақ тілін үйретуге ыңғайсыздық тудыратын тұстарға өзгеріс енгізу қажет;

- жаңа емле ережесінде біріккен сөздер ғана назарға алынып, кіріккен сөздер мүлде аталмай қалған. Кіріккен сөз - тілдің фонетикалық, морфологиялық, лексикалық құрылымын жетілдіру барысында іске асатын, тілімізді сөздік құраммен көріктендіретін ең оңтайлы тәсіл болғандықтан, назарға алуымыз қажет.

Е.Тілешов: Рақмет, аға. Ұсыныстарыңыз өте орынды! Келесі сөз Б. Қапалбекке беріледі. Негізгі ұсыныстарыңызды айтып шығыңыз, қалғанын жазбаша беріңіз.

Б.Қапалбек: Менің ұсыныстарымның басым көпшілігі БАҚ-та жарияланған. Емледе мәселе бар екенін жазушы ағамыз және т.б қаншама ғалымдар «Егемен Қазақстан» газетіндегі жарияланымнан соң айтып жүр. Біздің мақсатымыз – емленің мәтінін жетілдіру. Емледегі бірге бөлек жазылатын, шет тілінен енген сөздердің жазылуына байланысты даулы мәселе бар. Емле ережелерінің тарауларын шағын-шағын топтарға бөліп беріп, әзір болғанда топ болып жиналып талқылаған жөн. Менің ұсынысым:

- Емленің ішінде орфография, лексикология, синтаксис, фонетика салалары бар. Осы аталған сала мамандары топ-топқа бөлініп емлені қарауы керек;

- үнді дауыссыздар **«и»** мен **«у»**-дың емлесі қайта қаралсын;

- бірге не бөлек жазылатын сөздер емлесі қайта қаралсын;

- шет тілінен енген сөздердің емлесі қайта қаралсын.

- алғы сөзде емлеге қатысты үш түрлі анықтама берілген. Егер оларды синонимдік конструкциялар деп танитын болсақ, айналдырған бір бет алғы сөзде үш рет қайталау не үшін керек, үшеуінің біреуін қалдыру керек. Меніңше, нормативтік деген дұрыс. Ал *«құқықтық күші бар»* деген келмейтін сияқты, бұл юридический документ емес қой. Мұны бұзғандар қылмысқа тартыла ма сонда?

- емледегі негізгі ұстаным фонематикалық принцип дегенге келіспеймін. Біріншіден, ол бұқараға түсініксіз. Екіншіден, А. Байтұрсынұлы «Біздің емлеміз 80 пайыз дыбыс жүйелі», - деген болатын. Сондықтан осыны басшылыққа алып, қалғанын морфологиялық принцип реттейді деу керек. Бұл екеуі барлық оқырмандарға мектептен-ақ таныс. Сондай-ақ кірме сөздерге қатысты фонетикалық, ал күрделі сөздер үшін морфологиялық принцип қолданылады деп шектеу мүлдем қате. Бұл екеуі осы жағдайды ғана емес, бүкіл тіл жүйесін реттеп тұрған жоқ па? Біздің тіл типологиялық жағынан жалғамалы тілдер тобына жататындығын ұмытпағанымыз жөн. Біздің тілде қосымшалар бірінен кейін бірі қатаң иерархиялық тәртіппен жалғанады. Олар дыбыстық өзгеріске ұшырап, бір-бірімен кірігіп кетпейді. Сөздің тұлғалық жігі айқын сақталады. Негізінен алғанда түбір де, негіз де фонетикалық жағынан тұрақты болады.

- Ережеде: латыннегізді әліпби бойынша қазақ тілі дыбыстарының мәнін білдіретін әріптерді үндестікпен, үйлестікпен жазылу нормасы көрсетілді; Сөздерді бірыңғай жуан немесе жіңішке жазу, соған сәйкес қосымшалардың жуан немесе жіңішке жалғану үлгісі берілді. *(Алғы сөзден)*

Ұсыныс: Меніңше, бұл қазақ тілінің дыбыстық заңдылығын толық ашып тұрған жоқ. Тіліміздің табиғатын сақтап тұрған үндестік (Сингармонизм) заңын, оның төл сөздерде бұзылмайтындығын, оның «темір заң» екендігін айту керек. Орфоэпияда сақталатын ерін үндестігі жазуда (орфография) сақталмай, тек жуан-жіңішкелік сақталатындығын мысалымен көрсетіп, ашып жазған дұрыс.

- Латыннегізді жаңа **ӘЛІПБИДЕ ЖОҚ** *е, й, ц, щ, э, ю, я, ь, ъ* әріптерінің жазылу баламасы берілді. *(Алғы сөзден)*

Ұсыныс: Біздің жаңа әліпбиде жоқ, кирил әліпбиінде бар *е, й, ц, щ, э, ю, я, ь, ъ* әріптерінің жазылуын беру - құлдық сананың жемісі. Енді оларды санадан мүлдем кетіру керек. Бұл емледе бұрын күштеп таңбалаған қазақ сөздері енді тіл заңдарына сай таңбаланатындығын айту керек. Мысалы, *«и»* дыбысына аяқталатын етістіктің атау тұлғасы барлық түбір етістікке тән норма бойынша жазылады. Салыстырыңыз: *той-у ~тол-у, қой-у ~ қос-у* деген сияқты және т.б.

- Бейүндес (?) буынды **КІРМЕ СӨЗДЕРГЕ** қосымша жалғаудың орфографиялану тәртібі көрсетілді**; ШЕТТІЛДІК СӨЗДЕРДІҢ** орфографиялану үлгісі ұсынылды. *(Алғы сөзден*)

Ұсыныс: Кірме сөздер мен шеттілдік сөздер бір. Сондықтан тірек ұғымда біреуі ғана берілген. Меніңше, оның өзі артық па деймін. Жалпы кірме сөз деп бөлектеу, лингвистке керек. Ал бұқараға бұлай бөлудің қажеті жоқ. Тіл заңына бағынбай тұрса бұның түбі орыс, араб немесе иран деп сипап өткен жоқ. Орыстар сөйтеді, олардың ойы азат және өздеріне дыбыстық жағынан бейімделе кірген барлық сөзді орыстікі деп таниды.

- Ереже түзуде ұлттық тілдің ерекшеліктері мен заңдылықтарына сәйкес болуы, дәстүрге айналған базалық нормалардың сақталуы, техникалық жақтан қолдануға оңтайлы, жинақы болуы, халық тілінің дыбыстық қор әлеуетінің кеңірек қамтылуы, жаһандану үрдісінде жазу-сызудың ұлттық сипатының сақталуы ерекше назарға алынды. Сонымен бірге бұған дейінгі жазу тәжірибесі, тұрақталған нормалары, латыннегізді әліпбиді қолданған және қолдана бастаған түркітектес халықтардың емле тәжірибелері ескерілді. *(Алғы сөзден)*

Ұсыныс: Бұл дәлелі жоқ - құр жалпы сөз. Бұның, әсіресе бірінші сөйлемі орындалып тұрған жоқ. Дәстүрге арналған базалық норма деген не? Оны тірек ұғымдар деген жерде түсіндіру керек. Бұл тіркес әуелі бұқара тұрмақ мамандардың өздеріне түсініксіз. Осы әліпбиде түркілердің қай емле ережесі ескерілді? Қайта олардан алыстап кеткен жоқпыз ба?

- Бұл Ереженің бастапқы нұсқасын түзу жұмысы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында атқарылды *(Алғы сөзден)*

Ұсыныс: «Институтқа қатысты бастапқы нұсқасы» дегенді алып тастау керек. Ол жерде «черновой варианты» ғана осы институтта дайындалған екен ғой деген түсінік туындап отыр.

- Ереже жобасы Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия жанындағы орфографиялық және әдістемелік жұмыс топтарының бірлескен ғылыми-практикалық семинар кеңестерінде бірнеше мәрте қаралып, талқылаудан өткізілді. Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы еліміздің бірқатар өңірінде ересекетер, оқушылар, сондай-ақ оқытушы филологтар арасында сынама-сауалнама арқылы тексеруден, Республикадағы ЖОО-ның оқытушылары мен тілтанушы мамандарының тәуелсіз сараптамасынан өткізіп, Ережеге соңғы редакциялау жұмыстарын жасап, көпшілік назарына ұсынып отыр. *(Алғы сөзден)*

Ұсыныс: Алғы сөзде жұмыс тобының не істегенін тізу қажет емес. Бұл жұмсалған ақшаны негіздейтін есептің мәтініне ұқсап тұр. Осы үзіндіні тұтас алып тастау қажет.

ТІРЕК ҰҒЫМДАР. Анықтауыштық қатынас – зат пен құбылыстың атауы болатын есім сөз тіркестері сыңарларының арасындағы алдыңғысы...

Ұсыныс: Тірек ұғымдардың анықтамасында қате бар. Ол жөнінде Тыныштық Ермекова өткен отырыстарда жақсы ұсыныс айтты. «Бұған емленің ережелері толық жазылып болған соң оралайық», - деді. Қай ұғымның қанша рет кездесетінін әбден қараған жөн. Сондықтан оны жазуды профессор Т. Ермековаға тапсырған жөн.

- ЖАҢА ӘЛІПБИ НЕГІЗІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ ЕМЛЕСІНІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ. I ТАРАУ ӘРІПТЕР ЕМЛЕСІ. Дауысты дыбыс әріптерінің емлесі. Дауысты дыбыстарды таңбалайтын әріптер: *a, á, o, ó,y, u, ú, e...*

- *§3. b, g, d, f, h, j, k, l, m, n, p, q, r, s, t, v, z, sh, ch* және ı, ý (§6-ны қараңыз) әріптері сөздің басында, ортасында, аяғында жазылады...

Ұсыныс: Бірінші тарауда әріптер бойынша дауысты-дауыссыз дыбыстардың емлесін қайта қарау керек. Бұл «А әрпі сөздің басында, ортасында, аяғында келеді» деген жаңылтпаш. Ешқандай ережелік мәні жоқ. Бұл жерде дыбыстардың қазақ тіліне тән типтік тіркесім заңдылығын көрсетуіміз керек.

Ұсыныс: осы параграфқа Әлекең басшылық жасап, қасына О. Жұбаева мен Т. Зайсанбаевты (Айғабыловтың шәкірті, морфологияны зерттеген) алып, мәтінді туралап шықса, оң болар еді.

- **Ағылшын тілінде 6 дауысты дыбыс, 4 буын бар.** Дауысты дыбыстар төрт буында төрт түрлі оқылады. Сондықтан оларға «а» әрпіне арналған жеке ереже қажет. Ал бізде «а» қай кезде де «а» болып өзгеріссіз қалады. Құрметті әріптестер, ережені Батыстан көзсіз көшіре бермей, өзіміздің тілдің табиғатына терең үңілейік...

- §6. I, Ý әріптері дауыссыз дыбыс ретінде таңбаланады: AI, ÚI, OISHYL, QOIAN, SAIA, IOD, FAIL, AIKIDO, MEZAZOI, ÝAǴUZ, ÝAQYT т.б. Байқап отырғанымыздай, екі жарамсыз сөз алынып тасталғанымен, ереже дұрысталып кеткен жоқ. Ереже толық емес. 2 сұраққа жауап қой. Қай кезде дауыссыз дыбыс ретінде таңбаланады? Неге ... ретінде таңбаланады? Өзі дауыссыз дыбыстың таңбасы емес пе? Әй-шәй жоқ, бірден I, Ý әріптері дауыссыз дыбыс ретінде таңбаланады деген ереже бола ма? Төл сөздерде десек, астындағы параграфтағы төл сөзге жататын мысалдар (IGILIK, IMAN, KIIM, TIYN, SIA, SIAQTY, BI, TARIHI) онымызды жоққа шығарады.

Ұсыныс: Ашық дауысты дыбыстан кейін келгенде дауыссыз дыбыс ретінде.... деген жөн емес пе?

- §7. YI (ЫЙ), II (ІЙ) дыбыс тіркестері сөздің барлық буынында I әрпімен жазылады: IGILIK, IMAN, KIIM, TIYN, SIA, SIAQTY, TARIHI, INSTITÝT т.б.

Бұл жерде де неге, қандай заңдылыққа сүйеніп yı (ый), iı (ій) дыбыс тіркестері сөздің барлық буынында I әрпімен жазылады деген сұрақ туындайды. Ережеде оған жауап жоқ. Еш қисын болмаса, бүкіл тілдің табиғатын белден басып, тек үнемдеу үшін деп ашық айтылуы керек қой. Екіншіден, келтірілген мысалдардың барлығы алдыңғы, 6 ережені жоққа шығарып тұрғандығын неге түсінбейміз?

Ұсыныс: Еш қисынымыз болмаса, бүкіл тілдің табиғатын. Белден басып, тек үнемдеу үшін деп ашық айтылу керек қой.

- Ескерту. Қосар YI (ЫЙ) әріптері тек SYI (СЫЙ), TYI (ТЫЙ) түбірлерінен жасалған сөздерде жазылады: SYILYQ, SYIYMDYLYQ, SYIÝ, TYIYM т.б. Меніңше, ЫЙ мен ІЙ әріптерінің тіркестерін қосар деуге болмайды. Бұл сөздер табиғатынан үш дыбыстан тұрады, қандай қосар? Оны қолдан үнемдеп отырған біз емес пе? Екіншіден, қосар деп бірдей, біртектес екі нәрсені айтады. Егер етістікке айналдырсақ қосарлану, яғни бір нәрсенің екі рет қайталануы деген мағынаны білдіреді. Сонда ЫЙ мен ІЙ дыбыс тіркестерінің құрамындағы бірдей екі дыбыс тең болғаны ма? Бірі жуанды, жіңішкелі, қысаң дауысты, бірі үнді дауыссыз. Екі түрлі нәрсені қосып, қосар әріп деуге келе ме? Тіпті лингвистикалық термин ретіндегі мағынасы да бұл ережеде қолдануға үйлеспейді. Қосар деп бір дауыссыз дыбыстың түбір сөздерде қосарланып келуін айтады. Мысалы: ашшы, тұшшы, қатты, тәтті және т.б. (Ғ.Қалиев. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2005).

Ұсыныс: Қосар демей-ақ ***сый, тый*** сөздері толық жазылады десе болды ғой. Егер сый, тый дегенде қысаңдарды үнемдеп, түсіріп жазатын болсақ, *«си», «ти»* болып, өзге мағына беріп кетеді. Сондықтан бұл сөздерге келгенде үнемдеуіміз жүрмей, амалсыздан ескерту беріп отырмыз ғой. Қысаң Ы сөз басында 19 дауыссыздың (*қ, ғ, т, с, ш, п, к, г, д, з, ж, б, р, л, м, н, ң, и, у)* санаулысымен ғана тіркеседі екен. **Сый, тый** дегенде түсірілмеген Ы дыбысын ***қый, шій, кій, тый, бій, мый*** деген алты сөзде үнемдеп жазады екенбіз. Ы дыбысы 19 дауыссыздың сегізінен басқасымен сөздің басқы бітеу буынында кездеспейді де екен. Мәселен, қазақта ***ғый, пый, гій, дый, зый, лый, ный, ній, уый, йый*** деген мағыналы сөздер жоқ.

Ұсыныс: Бюджет осыған қарап тұрса да, осы алты сөзді толық жазғанымыз дұрыс.

Жетінші параграфта **IУ, II әріп тіркестеріне аяқталған етістікке көсемшенің I (-Й) жұрнағы жалғанғанда, екі I әрпі қатар жазылады: BAIY – BAIIDY, KEII – KEIIDI** деп азат жолдан басталған сөйлем бар. Бұның жетінші параграф ескертуінің жалғасы, әлде осы ереженің жалғасы екендігі түсініксіз. Параграфтың өзінде ЫЙ, ІЙ дыбыс тіркесінің үнемделіп, қысқарып, бір таңбамен И арқылы ғана жазылатындығы айтылған. Ескертуде **сый** және **тый** сөздерінде әлгі дыбыс тіркесі толық жазылатындығы баяндалған. Ал мына азат жол ана екеуіне мүлдем қатысы жоқ, аспаннан түскендей ИЫ, ИІ әріп тіркесіне аяқталған етістікке көсемшенің жұрнағы жалғанғанда екі И қатар жазылатыны айтылған.

Ұсыныс: бұны бұл жерден алып, қосымшалардың жазылуы деген жаққа апару керек. Орыс тілінің ережесін қараңыз, дыбыс, әріп содан кейінгі тарауларын әр сөз табына және түрлі предлог, союз, частицаларға бөліп тастаған.....

§8. Ұсыныс: Ғылыми көпшілік «у» дыбысының алдындағы қысаң дауыссыздарды үнемдеп жазуды ұйғарған күннің өзінде етістік түбіріне тұйық етістік жұрнағын жалғау жүйесі мына кестедегідей сақталуы тиіс.

Жалғану тәртібі	Көсемше –ып, -іп, -п	Тұйық рай – ыу, -іу, -у
Дауыссыздан соң (жуан түбір)	Той+ып	Той+ыу
Дауыстыдан соң (жіңішке түбір)	Сүй+іп	Сүй+іу
Дауыстыдан соң	Бай+ып Келі+п	Байы+у Кейі+у

- И мен У-дың алдында тұрған Ы-ны талғамай жұтып қоятын жалмауыз ереже тудырмайық. **Жайу** – дегенде **ыу** жұрнағының (жай+ыу) алдыңғы жартысын, байу дегенде түбірдің соңғы дыбысын (байч+у) У-ға жегізіп отырмыз. Тілдің төл табиғатын қалай болса солай қолдан бұзуға ешкімнің хақысы жоқ?

Ұсыныс: Емле ережелерін дауысқа салып шешуге болмайды. Оны безбенге салып шешу керек. Төреші тек қазақ тілінің төл табиғаты мен ішкі заңдары болуы керек.

- **§9. «Ю»** әрпі кириллицада болған, ал қазіргі әліпбиімізде жоқ қой. Егер логикаға салатын болсақ, әліпбиде жоқ әріпке ереже арналмауы керек. Ереже негізінен тіліміздегі бар дыбыстың жазылуының типтік сипатын, ішінара болып жатса ерекшеліктерін көрсетіп беруі тиіс. Кезінде тіліміздің дыбыстық заңына томпақ келгеніне қарамастан зорлықпен алынып, төл дауыстылардың қатарына орналастырылған бұл жат дыбыс ескі әліпбимен бірге кетті. Енді оны түсіндірудің қажеті жоқ.

Ұсыныс: Біз қазір бұрын ю арқылы бұзылған тіл заңын қалпына келтіруге тиіспіз. Яғни ереже «ю» әрпі ... деп емес, дауыссыз й-ға аяқталатын етістіктер.... деп басталуы тиіс. Ережедегі сөйлемнің тема//ремасы өзгеруі керек. Осы параграфтың ескертуінде берілген ***qıý, jıý*** дегеннің сүйіу мен жайыу-дан түк айырмасы жоқ. Тілдің табиғатында жай, сүй, қый, жый деген етістіктер бітеу бір буынды түбірлерге жатады. Оларға да

қосымша морфемалар қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық заңдарына сәйкес жалғанады. *Жай+ыу (жай+ып), сүй+іу (сүй+іп), қый+ыу (қый+ып)* т.б.

Қараңыз: *қой+у, ой+у, сүй+у* деген сөздердің жазылуында дауыссызға аяқталған басқа тұйық етістік тұлғаларынан қандай ерекшелік бар: *ат+у, жат+у, сал+у, ал+у.* Бұл бір-біріне жалғанатын түрлі морфемалардың аражігі айқын көрініп тұратын қазақ грамматикасына тән заңдылық. Бұлардың ендігі жазылуын қазақ тілінің дыбыстық жүйесімен 1-сыныптан бастап таныс бастауыш мектептің баласы да біледі.

Ұсыныс: біздің ойымызша, бірдей заңдылыққа бағынатын мысалдарды ескерту арқылы бөлектеудің қажеті шамалы.

- §10. Я әрпі IA әріп тіркесімен жазылады: QOIAN, IAǴNI, SAIA. Ескертеу. И (I) әрпінен кейін тұрған Я әрпінің орнына А жазылады: QIAR, SIA, JARIA/

Ереже қазақтың жаңа әліпбиінде жоқ дыбысты тема етіп қойып, соны түсіндіруден бастайды. Бұл қате. Ереженің тема//ремасын ауыстыру керектігін ю-ға қатысты параграфты талдағанда айттым. Сондай-ақ, ереже сайын ескерту беру айтылған тұжырымның кесімді емес, екі ұшты екендігін білдіреді.

Ұсыныс: Емленің И мен У-ға қатысты әр жаққа қарап тұрған параграфтарын қайта қарау керек.

Байқасаңыздар **И мен У-**ға қатысты бес параграф бес жаққа қарап тұр. Кейбір тұстары БАҚ-та жарияланды. Алда тағы жарияланды. Бірін-бірі жоққа шығарып тұрған бұл бес параграфтың мәтінін түзету қажет. Бұлай жіберсе, ұят болады.

Е.Тілешов: Рақмет, сізге! Ұсыныстарыңыз бізде де, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында да қаралып жатыр. Біз әлі әртүрлі форматта кездесеміз. Келесі сөз Б. Исханға беріледі.

Б. Исхан: Құрметті әріптестер, §2-де «Á, o, ó , u, ú әріптері сөз басында, бірінші буында, сондай-ақ қос сөз бен біріккен сөздің екінші сыңарының басқы және екінші буындарында да жазылады» делінген. Қазақ сөздерінде «о» дыбысының екінші буында және сөз аяғында қолданылмайтыны - заңдылық. Еріндік «ó», «u», «ú» дыбыстарының екінші, үшінші буындарда жазылмауына еріксізден-еріксіз келісейік-ақ дейік, өйткені «қазақ тілінде дауысты дыбыстардың ерін үндестігі біртіндеп жойылып бара жатыр» деген қағида сонау А.Байтұрсынұлы заманынан бері келе жатыр. Бірақ «á» дыбысының екінші буында, тіпті сөз соңында да жазылмауын қандай заңмен негіздейміз.

- «Араб, парсы тілдерінен енген кейбір сөздердің екінші буынында á әрпі жазылады: *sirá, kiná, kýá, ińkár, kúmán, shúbá, zámzám, dúdámal*» деп ескерту жасағанымызбен, «á» дыбысының жанды (ауызша) тілдегі қолданысы бұл сөздермен ғана шектеліп қалмайтыны анық.

Ұсыныс: Егер біз жаңа емле ережелерін жасауда оның («á» дыбысының) барлық буындарда да қолданылуын жолға қойсақ, әзербайжан тілі секілді біз де өзгетілдік сөздерді өзіміздікі етіп игеруге біршама мүмкіндік алар едік. Мысалы, өз сөзіміз «кітап» дегеннен «кітәп» дегені, өзгетілдік «машинаны» деген сөзді «мәшине» дегеннен гөрі «мәшинә» дегені қазақ тілі табиғатына бір табан жақын емес пе?

- §3. Авторлар "*b, g, d, f, h, j, к, l, m, n, p, q, r, s, t, v, z, sh, ch* және *ı, ý*(§6, §7, §9, §10) әріптері сөздің басында, ортасында, аяғында жазылады" деп көрсете келе, «*v*» *әрпіне «vırýs», «avtor», «rezerv» сөздерін "ch" әрпіне "chempıon", "kaýchýk" , "senvıch" мысалға келтірген.*

- Бұл параграфпен де келісе алмаймыз. Өйткені аталған әріптердің ішінен мысал ретінде өзгетілдік әріп пен сол дыбыстар қолданылатын өзгетілдік сөздердің емлесінің

көрсетілуі ақылға сыймайды екен. Тіпті мысалға келтірілген кейбір сөздердің жазылу емлесі қазақ тіліне мүлдем жат. Қазақ тілі сөздік құрамына өзінің заңымен кірейін деп отырған осы сияқты өзгетілдік сөздерді қазақшалап жазбаған соң, олардың емлесі туралы жазудың да түкке керегі жоқ-ау! Оларды сол қалпында қалдыра салатын болсақ, дыбыстық жүйесі мүлде кереғар, грамматикалық құрылымы бір-біріне сәйкес келмейтін тілдерге (орыс, қазақ) ортақ ереже шығаруға қайтадан баратынымыз сөзсіз.

- «*kaýchýk*» сөзінің оқылып-айтылуы тіліміздің буын үндестік заңына сәйкес келмейді. Осы сөзді қазақшалап «káýchyik» дей салу қиын ба?

- Қазақ тілінде «и» мен «о» ешқашанда тіркеспейді (бұл – «chempion» сөзінің емлесіне де қатысты).

- «Avtor» сөзінің екінші буынындағы «о» – орыс тілінің заңдылығы бойынша екпінсіз (безударный) дауысты дыбыс. Орыс тілі заңдылығы бойынша, ол оқылып-айтылған кезде дыбысталмайды. Демек, біз «v» дыбыс-әрпінен айырылғымыз келмей отырғандықтан, «avtor» сөзін «avtyr», егер «v» дыбысынан құтыла қалатындай күн туса, онда «aptyr» деп жазып-айтуымыз керек.

- Қазақ сөзінің соңы үнді мен қатаң дауыссызға (рп) аяқталмайды.

- «Rezerv» сөзі ұяң «v» дыбысына аяқталып тұр, қазақ тілінің табиғи заңдылығы бойынша ұяң дауыссыз дыбыстардан тек «з және «ж» дыбыстары ғана сөз аяқтай алады.

- Егер «rezerv» сөзін қазақшалап «rezerp» деп жаздық-ақ дейік, бірақ бұл да таза қазақша емес. Қазақ тілінің өз заңдылығына орай, оның таза қазақша жазылып-оқылуы үшін, қос қатаң дауыссызға аяқталған өзгетілдік сөздерді айтып-жазған кезде протеза үдерісі іске қосылып, ол «rezerip» болып жазылуы керек еді.

- «V» әрпін барлық орында жазылады дегеніміз артықтық (асығыстық).

- §4, 5, 6, 7, 8, 9 10, 11, 12, 13, 14-терде айтылғандар, негізінен, дұрыс. Дегенмен **§5-тегі "*ńóń" деген сөз бен*** § 11-тегі *«muǵalim»* сөзінің дұрыс айтылып-жазылуын жолай жөндей салып, оларды жаңа емле бойынша "*ńóń" «muǵalym»* болып жазылады десек, дұрыс болар еді (*qadir, kitap, taýqimet)*.

- §16-тегі «Түбірдің соңғы буынында үнді дауыссыз дыбыстан кейін тұрған ***y , i*** әріптері тәуелдік қосымшасы жалғанғанда түсіріліп жазылады. Мысалы: *aýyl – aýly, daýys – daýsy, erin – erni, halyq – halqy, oryn – orny, ǵuryp – ǵurpy, qyryq – qyrqy, kórik – kórki (бет-ажар), árip – árpi, naryq – narqy, paryq – parqy, qulyq – qulqy.*

- *Е с к е р т у.* Мағынасына нұқсан келетін сөздерде ***y, i*** түсірілмей жазылады. Мысалы: *qulyq – qulyǵy; kórik – kórigi* (ұстаның құралы); *qalyp – qalyby* (нанның қалыбы); *qyryq – qyryǵy* (сандық мағына); *naryq – naryǵy* (термин)» деген ереже мүлдем қате.

- Бұл – кирилше емле ережелеріміздегі қателікті қайталау

- Біздің ойымызша, бұл параграфтың ережесі керісінше берілуі қажет. Өйткені мысалға келтірілген және тағы да бірқатар басқа сөздердің ғана соңғы буынындағы еріндік ***u (ұ), ú (ү)*** *дыбысының жазудағы* ***y (ы), i (і)*** әріптері және осы дыбыстары оларға тәуелдік жалғауының қосымшасы жалғанғанда айтылмайды. Демек, жазылмайды да.

- Бұл заңдылық барлық сөздерге тән болмағандықтан, түсіріліп айтылатын әрі жазылатын жиырма шақты сөздерді ғана атап көрсету керек.

- Бұл мәселе туралы академик Рабиға Сыздықтың пікірі:

«... Бұл заңдылық ы, і дыбыстарының үнді (сонор) р, л дыбыстары мен қатаң қ, к дыбыстарының аралығында келген жағдайда ғана байқалады. Ал қалған сәттерде соңғы буындағы қысаң дыбыстар сусымайды, сақталып айтылады және жазылады» деген пікірі ескерілуі қажет деп ойлаймыз. *(Латын жазуы: емле ережелерін түзуде ескерілетін жайттар. «Қазақ әдебиеті» газеті. 14.09. 2018 ж.)*

§17-де "Соңғы буынында ***á*** әрпі жазылатын түбір сөздерге қосымшалар жіңішке жалғанады: *kinási, kinásiniń, kináli, kúnási, kúnásiniń, kúnásine, kúnásinen, shúbási, shúbásiniń, shúbásiz, kýási, kýásiniń, kýásine, kýásinen, kýálik, kýager, kúmáni, kúmániniń, kúmándi, kúmánshil.* Бірақ ашық дауыстылармен келетін қосымшалар жуан жалғанады: *kúnáǵa, kúnádan, kinálaý, shúbálaný, kýáǵa, kýádan, kúmánǵa, kúmándaný"* деп жазылған. Бұл баптағы ережені де қайта қарау керек сияқты. Өйткені соңғы буынында «á» дыбысы айтылып-естілетін сөздер қазақ тілінде аса мол. Бірақ біз санаулы сөздердің ғана екінші немесе соңғы буынына оны жазып, сосын халыққа айтып, құлақтарына сіңіріп жүрміз. Ал сол жазып жүрген сөздерімізге септік жалғауларының (көмектестен басқа) жуан нұсқаларының жалғануына ешқандай ғылыми дәлелі де, дәйектемесі де жоқ, бар болса да, қиыннан-қиюластырылған жасанды ереже.

Әлбетте, біз қазақ тілі морфологиясына «á» дыбысымен келетін қосымшалар (гә, кә, дә, нән) қосайық дегенді айтып отырған жоқпыз. Ондай қосымшаларды қоспай-ақ та, «е» дыбысымен келетін жалғауларды (ге, ке, де, нен) жалғап, жазудың әсерінен бұзылып бара жатқан ауызша (жанды) тіліміздің *(тілдің өмір сүруінің негізгі формасы)* буын үндестік заңын бір жөнге келтіріп едік. «Аптырлардың» өздері «былай жазылады» деп көрсеткен мынадай тұрпаттағы сөздерді: «*kúnásina, kúnásinan, kinásina, kinásinan, shúbásina, shúbásinan, kýásina, kýásinan, kúmánina, kúmáninan, ińkárina, ińkárinan»* оқып-айтып көріңіздерші, буын үндестігінің өрескел бұзылып тұрғанына нақты көз жеткізесіздер. Ал осыларды: *kúnásine, kúnásinen, kinásine, kinásinen, shúbásine, shúbásinen, kýásine, kýásinen, kúmánine, kúmáninen, ińkárine, ińkárinen* деп жазып-оқысақ, қандай өрескелдік болар еді?!

Кейбір кирилл әріптері мен шеттілдік сөздердің емлесі деген тарауда емле ережелерінің авторлары біраз еңбек еткен. Дегенмен мысалға келтірілген сөздердің жазылуы туралы нұсқаулықтар еш өзгеріссіз тілімізде қолданыста жүрген сөздерге ортақ ереже туындата алмайды және мысалға алынған сөздердің баршасының жазылуын таза қазақша дей алмаймыз. Өзгетілік, сол секілді сөздердің жазылу емлесін дайындаған кезде де қазақ тіліне тән заңдылықтар есекрілуі керек еді. Сонда ғана қазақ жазуы өзінің төл табиғатын тауып, айтылым (орфоэфия) мен емле (орфография) арасындағы сәйкессіздіктен арылып, өзгетілдік бүкіл сөзді «өзіндік» ете алар еді. Мәселен, осы параграфтағы «*artıkl»» kegl», «korol», «gastrol», «alkogol», «*golf», «*preme», «brakoner», «shıfoner», «vedomos», «alternatıv», «film»*, «*kobal», «festıval»* деген сөздер жартылай ғана қазақ тілі заңдылықтарына икемделген.

- жаңа емле жасаушылар қазақ тілі дыбыстық жүйесінің табиғи бітім-болмысына тән заңдылықтарды ескермеген.

- қазақ тілінің түбір, туынды түбір морфемалары, біріккен морфемалары (сөздері) құрамында екі дауысты дыбыс қатар тұра (дыбыстала) алмайды;

- қазақ тілі сөздері қос дауыссыздан басталмайды;

- қазақ тілі сөздері үнді мен қатаң дауыссыз дыбыстар (й+т, л+т, н+т, р+т) тіркесімімен аяқтала алғанымен, сөз соңы екі дауыссыз, әсіресе екі қатаң дауыссыз және қатаң мен үнді дауыссыз дыбыстарымен аяқталмайды;

- қазақ тілінде «з», «ж» дыбыстарынан басқа ұяң дауыссыздар сөз соңында қолданылмайды;

- қазақ тілінде сөз екпіні (екпінді буын) деген нәрсе жоқ, ол қазақ тілі сөздерінің лексикалық мағынасын өзгертуге еш әсер ете алмайды. Сол себептен екпін барлық буынға бірдей түседі және екпінді (ударный), екпінсіз (безударный) делініп дауысты дыбыстар ерекшеленбейді.

Е.Тілешов: Ұсыныстарыңызға көп рақмет. Келесі сөздің кезегін О.Жұбаеваға береміз.

О.Жұбаева: Қайырлы күн, құрметті тіл жанашырлары, әріптестер. Екі дауыссыз дыбыстан сөз басталмайды. Қатаң мен қатаң, ұяң мен ұяң, үнді мен үнді сөздің соңында қатар келмейді.

- §4,11 қайта қарау керек. «б», «г», «ғ», «д» дыбыстары ұяң, бірақ оған жалғасатын қосымша қатаңнан басталады. Осыны ескертуде беру керек. Кезінде А. Байтұрсыновтар Қазақ білімпаздарының тұңғыш сьезінде Е. Омаров сөйлеген сөзінде осының барлығын ымырасыз деп айтқан. Яғни олар өзінен кейін міндетті түрде қатаң болуын талап етеді. Қазақ тілінің заңдылығына бағындыру керек деп айтқан.

§16 да «ә» әрпі кездескен сөздер міндетті түрде өзінен кейін жуан жалғайды дейді. Мысалы: *күнәсі* деген сөздің соңына +*на* қосымшасы жалғана алмайды, *күнәсіне* болуы керек. Фонематикалық принцип негізге алынған кезінде үндестік заңына баса назар аударуымыз керек. Сөздің соңына *«-қы, -кы, -пы»* қосылған кезде *«–ғы, - гы, -бы»* -ға айналып кетеді дейді. Тура осы принципті *филолог, педагог* сөздеріне қатысты алуға болар еді. Біріккен сөздерге қатысты бірқатар қосымшаларды келтіріп, осы сөздер осы қосымшалармен келгенде міндетті түрде бірігіп жазылады дейді. Олар –лақ, -лек, - лық, - лік. Ал енді екі жүз елу жылдық немесе бес жүз елу жылдық десек, осы сөздердің барлығын біріктіріп жазғаннан не табамыз? Немесе *бауырменжорғалаушылар* деген сөзді біріктіріп жазғанда не табамыз? 2013 жылы шыққан Орфографиялық сөздікте *егіншаруашылық*, *малшаруашылық* деп біріктіріп жазып берілді. Бүкіл оқулық авторлары осыған қарсы болды.

Еш, кей, әр деген сөздер үстеумен біріккенде бөлек жазылады делінген. Бірақ, бір де бір мысал жоқ. Р. Сыздықовада есімдіктермен біріккен кезде бірге жазылады, басқа сөз таптарымен біріккен кезде бөлек жазылады деген сияқты ережелер болатын. Олай болса *әртүрліні бірге жазатын болсақ, сан қилы, сан алуан, сан түрлі* деген сөздерді де бірге жазуымыз керек пе? Бұл миға сыймайтын нәрсе!

§43. *Тектен-текке, қараптан-қарап, өзінен-өзі* деген тіркестерді дефис (-) арқылы берген. Дефистің қолданылатын өз орны бар. Қазақ тілінде сөздердің қолданылуы, тіркесуі, қосарлануы т.б сөзжасам тәсілдері бар. Қапшағайдағы жиында *у да шу, ұр да жық, ас та төк* сөздерінің жазылуына байланысты талас болған. Бұл жерде *«да»* деген *және, мен, әрі* деген сияқты ыңғайлас мәндегі шылау. Осы емле ережесіндегі ең қорқынышты, ең қауіпті нәрсе «шет тіліндегі сөздер – түп нұсқаға жақын жазылады», - деген тұжырым. Түпнұсқаға жақын жазылса, осы уақытқа дейінгі ережеден бұл ереженің не айырмашылығы болды? Мүмкіндігінше өзіміздің тілімізге бейімдеп алуымыз керек. Неге біз орыс тілінің таңбалауына сүйенуіміз керек? Қазақ тілінің заңдылығы бойынша егер сөздің алғашқы буынында езулік дауыстылар болатын болса, соңғы буынға еріндік дауыстыны қоюдың қажеті жоқ. Сол сияқты қазақ ешқашан *«банкомат»* деп айтпайды, *«банкамат»* деп айтады. Неге біз орыс тіліндегі *«о»* - ны сақтаймыз? *ЛЮКС*. *«к»* мен *«с»* ешқашан сөздің соңында тіркесе алмайды. Қатаң мен үнді де тіркесе алмайды, керісінше үнді мен қатаңның тіркесі бар. Сөздің айтылымына қарай сүйенуіміз керек. Сонымен қатар *«э» - «е»* түрінде беріледі дейді. Олай болса екі дауысты дыбыс қатар келетін сөздер тілдің заңдылығын бұзады.

Кісі аттарын тасымалдаудың нақты ережесін енгізуіміз керек. Көптеген оқушылар, мұғалімдер қиналады.

ХХ ғасырдың басында тура осындай жағдай көрініс тапқан. А. Байтұрсыновтар қай дыбыс пен қай дыбыс тіркеседі, қай дыбыс пен қай дыбыс тіркесе алмайды деген сауалдардың нақты қағидаларын қалыптастырған. Дыбыстардың өзінің тіркесу заңдылығы бар. Сөздің басында екі дауыссыз қатар келмейді, жалпы екі дауысты қатар келмейді, сөздің соңында екі ұяң дауыссыз қатар келмейді. Қалыптасқан дайын ұстанымдарға сүйенуіміз керек.

А.Салқынбай: Ең алдымен, Ербол Тілешов мырзаға алғыс білдіргім келеді. Баршамыздың басымызды қосып, бір-бірімізді тыңдауымызға мүмкіндік береді. Құрметті ағайын, біз осы латын әліпбиіне не үшін көштік? Естеріңізге салайын, рухани жаңғырамыз деп көштік қой, яғни, осы уақытқа дейінгі қателіктерімізді қайталамай ұлттық кодымызды жаңғыртайық дедік емес пе? Ал енді үлкен уақытты кетіріп жасалған емле ережесіне не себепті қайта-қайта оралып кемшілік іздейміз? Шын мәнінде үлкен жұмыс жасалды, көп уақыт кетті. Осыған ризашылығымызды білдіруіміз керек. Менің ойымша, Кеңес кезеңіндегі кемшіліктерді қайталамау мақсатында емлеге оралатын сияқтымыз. Егер осы емле ережесін Тіл білімі институтының ғалымдары жасаса, осында келіп неге бөлініп бір-біріңізге қарсы пікір айтасыздар? Егер қателіктер шығып жатса, оның негізгі себебі неде? Оның негізгі себебі фонематикалық принциптен шығып отыр. Құрметті ағайындар, фонематикалық принциптің қате екендігі (Тіл білімі институтында Е. Қажыбектің басшылығымен өткен жиналыста) айтылды. Сіздердің басты ұстанып отырған қағидаларыңыз - «ықшамдау принципі». Ықшамдау принципі тілдің экономия құбылысынан шығып. Экономия құбылысы - тарихи ұзақ кезеңде болады. Ол 10 жылда, 20 жылда, 50 жылда болмайды. Сондықтан А. Байтұрсынұлы қандай заңды ұсынып еді? Ол – сингорманизм заңы. Құбылыс пен заңды айырыңызшы! Мемлекеттік сыйлықты алған жазушы ағамыз, Б. Нұржекеұлы не шырылдап отыр? Кезінде қалыптастырып кеткен А. Байтұрсыновтың заңы үшін шырылдап отыр. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің барлығы осы заңды қолдайды. Құрметті ағайын! Тілдің үнемділігі деген қайдан шығып жатқанына назар аударыңыздар! Үнемдеу заңы деген нәрсені біз ойлап тапқан жоқпыз. Бұның теориясы тілде бар дүние. Осы тілдегі бар дүниені шет ел ғалымы Отто Эсперсон аналитизм теориясына мынадай анықтама берген: Белгілі бір уақыт өткеннен кейін тілдердің барлығы аналитизмге келуі керек. Содан кейін ағылшын тілін дүние жүзіне ұлы тіл ретінде жариялай алатындығын айтқан. Күрделі сөздерге байланысты үнемдейміз дедік та, сөздерді біріктіріп жібердік. Менің қолыма кеше ғана «жаңа емле ережелерін оқытудың әдістемелік құралы» келіп түсті. Әдістемелік құралда «Түркі сөзінің құрылымы префикс+түбір+аффикс= қазақ сөзі» делінген. Бұл не масқара? Қашан түркі тілінің грамматикалық жүйесі префикстен басталды? Бұл - үлкен қателік. Құрметті әріптестер! Грамматикалық құрылымына өзгеріс енгізуге асықпаңыздар. Грамматикалық құрылымына өзгеріс енсе, тіліміздің ғұмыры қысқа деген сөз. А. Байтұрсыновтың сөзін қайталап айтамын: «Елдікі – бүгін үшін, менікі – ертең үшін». Сол ертең – бүгін келді деп артымызда қуанып отырған қазақ деген ұлт бар. Қазақ ұлтын тағы да ертеңіне қаратып қоймайық, ағайын! Орфография жұмыс тобының мүшелері, біздің артымызда керемет ұлт жанды жастар өсіп келе жатыр. Біз жасаған ережеміз 10 жылдан кейін, 20 жылдан кейін бәрібір А. Бйтұрсынұлының жолына түседі. Тыңдағандарыңызға рахмет!

Е.Тілешов: Таңат апамыз сөз сұрап отыр. Уақыттың тығыздығын түсінемін. Бірақ осындай жиында бір-бірімізді тыңдағанымыз да дұрыс.

Т.Аяпова: О.Сүлейменовтің мақаласын баспа беттерінен оқыған шығарсыздар. Ол кісі қазақ тіл білімінде жүрген ғалымдарға үлкен өтініш жасапты және Е.Қажыбекке үлкен сенім артыпты. Мен Ұлттық комиссияның мүшесі ретінде сөйлеп тұрмын. Өте көп жұмыстар жасалынды. «Біткен іске сыншы көп» демекші, сын қашан да болады. Б.Қалиұлы жазыпты: ағылшын тіліндегі «w» -ды қазақ тіліндегі «у»-дың орнына қолданайық деп. «w» - ағылшын тілінің ерекшелігі. Ол тіпті латын әліпбиіндегі таңба емес. Емле ережесіне мына жері не бұлай, неге олай деп айтылып жатыр. Зерендідегі, Қапшағайдағы жиындарда байқағаным, ғалымдардың дәрежесі (авторитеті) күресетін сияқты. Сіздер ренжімеңіздер, мен бұрын да, қазір де сондай ойдамын. Бізде агрессия

бар. Олай болмайды ғой. Біз қазақ тілін ойлауымыз керек. Ол тілдің болашағын, өсіп келе жатқан жастарды ойлауымыз керек. Елбасымыз латын әліпбиіне бір емес, екі рет жарлық шығарды. Ары қарай ешқандай өзгеріс енбей қалады деген ойда қалмаңыздар. Ол – өмірдің талабы, ол – тілге керек нәрсе. Сондықтан өзгеріс енгізе аламыз. Ғалымдар ешкіммен ренжіспей, ешкіммен таласпай, өз беделін алға қоймай, шынайы әрі нақты түрде өзгерістер жасау керек. Білімді ғалым – қашан да қарапайым. Білімді ғалым қашан да өз жұмысын тындырып жасайды.

Е.Тілешов: Комитет төрағасымен келісе отырып 2 адамға сөздің кезегін беруді дұрыс санап отырмыз.

Бүгінгі отырыс баршамызға ой салып отыр. Өзімізге айтылып жатқан сыни пікірлер ой салып отыр. Осы отырыстан кейін ұйымдастыру мәселесіне байланысты да, ғылыми мәселеге байланысты да нақты шешімдер қабылданатын болды. Бізге жұмыстың нәтижелі сапалы болғаны керек, оны ашық айтуымыз керек. Тыңдаушы жақтың өкілдері мұқият болуымыз керек. Бір-бірімізбен байланыста жұмыс жасауымыз керек. Эмоцияға беріліп бәсекелестікке бой алдырмай, бір-бірімізге деген құрметімізді, әріптестік сыйластығымызды сақтауымыз керек деп ойлаймын. Сөз Қ. Күдериноваға беріледі. Топ-топ болып бөлінбей ауызбіршілікте жұмыс істеуіміз керек.

Қ.Күдеринова: Құрметті, әріптестер! 2013 жылы жазушы Ә.Нұршайықовтың көпшілік алдындағы сөзінде: «Соғұш жалмаб/ аға/іні бауұрдұ//Заржылатты /тыныш шатқан ауұлдұ// Қымбатты достарым // Бауұрларым // Балаларым / немерелерім менің // Бәріңе / басійіп сәлемберем // Елге сәлемберем// Елге сәлемберем/ білесіңдер ме// жоқ білмейсіңдер / осотұрған / ошжас //мына // оммұң жас болады // Ал меніңжасым сексенсегізде ғана // мен сондұқтан сендерге сәлемберем» деген.

Қазіргі жаңалықтарда: «Қарттардың үмүтүн / сөндүрүб алма:::йық ///жасотан мүшөлеºрінің / ұран´ осұнда:::й/// қазан айыны:::ң / бірінем бастап/// бүкүл қазағыстам бойұнша:: / зейнеткерлерге // соғұс ардагерлері мен мүгөдеºктерге жан-жақты / жәрдем гөрсөтүу мақºсатында ұйұмдастырылған // менің ғарттарым атты респүубілійликалық / жастар әлеуметтіг аксыйасы / өтүб жатыр /// аталмыш аксыйа // зейнеткерлердің тұрғұн үйлөрүн жөндөу // отұнұн жарұу // бау-бақºша жұмұстарына / жәрдемдесүу // медійтсійналық көмөккөрсөтүу сыйақты нақт´ іш-шараларды / жүзөг´асырұу /// сонұмеңғатар азық-түлүкпен толтұрұлған / қапºшықтар үлөстүрүу //демалыс кештерін // алұуан түрлү гездесүулөр //және / тағы сол сыйақты / іш-шаралар ұйұмдастырұу» делінген. Біз әбден Орфоэпия бойынша айтылуына үйреніп алғанбыз. Жазылуы бойынша орыс тілділер айтуы мүмкін. Дыбыс көп, мағына ажырататыны ғана таңбаланады . Негізгі реңкі – фонема. Әртүрлі реңктермен сөйлеп жатамыз, бірақ фонема арқылы түсінеміз. Реңктер екі түрлі формада:

- **Өздік реңк**
- [шәй]
- [ұрұ]
- [үкү]
- **Өзгелік реңк**
- [шәйлàрің]
- [ұрлұғұмыз]

«Б» әрпі мынадай дыбыстарды таңбалайды:

- **Ю** дауыстыны аз (4-8(9), дауыссыздың (10) жуан-жіңішкесіне таңба беру арқылы (Орхон),
- дәйекше арқылы дауыстыны аз (5-9), дауыссыздың негізгі реңкін (19) таңбалау (Байтұрсынұлы жазуы)

- дауысты мен дауыссыздың негізгі реңкін таңбалау (29-29)
- **а-е** графемасы сөз басы мен бірінші буында жазылмаған; *дғ (адағ), дғр (адғыр), йғучы (айғучы), нығ (анығ)*.
- Ал сөз соңында жүйелі таңбаланған: *бунча, йзқа (йазықа), кче (кече)*
- *Ы-і сөз басы мен соңында жазылған, ортасында жазылмаған*

А.Байтұрсынұлы былай деген: "*қын, қыр, жылым, қырын* деген сөздердің ішіндегі **ы**-ның барлығы аз сезіледі, хатта сезілмейді деп айтуға болады. Бұл сөздерді **ы**-ны жазғанда да, жазбағанда да осылай оқимыз. Жазбағанда оқуымызға кемшілігі болмаса, оны жазуға да қажет жоқ. *Қаны, жаны, малы* деген сөздерде **ы**-ны жазбай, солай оқи алмаймыз, сөздің аяғында **ы**-ны жазу қажет".

Қ.Аманжолов мынадай көзқараста: "Қазақ жазу ережемізде ерекше көзге түсіп жүрген кемшіліктер ***ы, і*** әріптерінің таңбасын өте көп қолданып жатқандығымыз. Әліппе – миллион құралы. Сол миллиондардың ішінен "Япырай, осы ***ы, і*** әрпін азырақ қолдансақ қайтеді екен" дегенді үнемі естуіміз тегін емес. Шынында да, *жыйылысымызды* деген сөздің өзінде алты ***ы*** бар. ***Ы, і***-ні неғұрлым аз жазуға тырысушылықты екінің бірінің жазуынан көруге болады.

Б.Қалиев: «Редукцияланған дауыстылар фонематикалық мән атқармайды. Редукцияланған дауысты, әрине, негізгі оттенк бола алмайды», - дейді.

Ы, і қысаң езуліктері

Фонема (қыр-кір, ыс-іс, ұшқыр-үшкір)

Сына дыбыс, қыстырынды дыбыс, дәнекер дыбыс, селбеспелі дыбыс

Ый, ій, ұу, үу

- емледе ауыр саналу,
- 24 жылдан бері айтыстан қалмай жүрген,
- оқу комиссариатының құрығына бірінші ілінген,
- көзге шыққан сүйелдей (118 б.) Қ.Басымұлы

Фонетикалық принциппен жазылатын сөздер – қ, к, п, ы\і қатысты

- *қолғап, жарғанат, алағаншық, ада-гуде, айгөлек, айғай, алагеуім, алагөбе, жегжат, ежеғабыл, алмағайып, жедеғабыл*
- *доп-добы, қақ-қағы*

Орфоэпия - ұлттың ділі, көзі hәм жүрегі, жазба тіл арқылы тілді түсіндім деуге болады, тілдің дұрыс артикуляциясы мен орфоэпиялық нормасынсыз тілді білемін деуге болмайды.

Е.Тілешов: Құралай, көп рақмет! Зейнеп апайымызға сөздің тізгінін берейік.

З.Базарбаева: Қазақ тіл білімінде фонема туралы алғашқы түсінік А.Байтұрсынұлының еңбектерінде кездеседі. Ғалым фонема терминін қолданбаған, бірақ қазақ тілінің фонетикалық жүйесін фонологиялық тұрғыдан қарастырады. Байтұрсынов фонемаларды әріпке қатысты зерттеді. Сингармонизм (үндестік) заңы бойынша, қазақ тілінің барлық фонемаларын (дауысты, дауыссыз) екі топқа бөлді. Жуан фонемалар әріп таңбаларымен белгіленді, ал жіңішкелерге әдейі әріптерді арнамады. Сөздерді бірыңғай жіңішке айту үшін сөздің алдында дәйекші деген таңбаны қолданды. Қазіргі фонема теориясы тұрғысынан келсек, Байтұрсыновтың ілімі позиция, инвариант, дыбыс типі, вариация деген ұғымдармен сабақтасып жатыр. Инвариант фонемалардың (әріптердің) жіңішке реңктері олардың вариациялары болып есептеледі, ал адамның ой-санасында сақталған графеманың бейнесі фонемаларға сәйкес келеді. Фонема теориясын әрі қарай дамытқан – Қ.Жұбанов. Ғалым фонеманың ең негізгі ерекшелігі – оның мағына айқындау қасиеті деп білген. Фонема әртүрлі реңктерімен және қасиеттерімен ерекшеленеді.

Тіл ғылымында бұл сықылды фонема *«жалған дифтонг»* деп аталады. Бұл сықылды дифтонгінің құрамындағы екі элементтің бірі буын жасай алатын, бірі буын жасай ал-

майтын дыбыс болады. Қазақ тіліндегі бұл тәрізді қосынды дауысты *тұйық дифтонгілер* тобына жатады; өйткені әр дифтонгінің алғашқы сыңары – дауысты (буын құрағыш), кейінгісі – дауыссыз (буын құрай алмайтын) болады.

Кейбір индоевропа тілдерінде дифтонг фонемаларды ешбір бөлуге болмайды; оларда сөздің барлық позициясында дифтонг бір кесек буынның құрамында болуға тиісті болса, қазақ тілінде дифтонг қақ жарылып, бірі алғашқы буынға кетіп, екіншісі кейінгі буынға жылысып та кетеді. Түркі тілдерінің фонетикалық заңы бойынша *жу-ар, су-ат, си-ыр, ки-ім* сияқты сөздер *жұ-уар, сұ-уат, сы-йыр, кі-йім* түрінде ғана буынға бөліне алады.

Ju – ýar, su – ýat, sy - ıyr, ki - ıim.

Орфография мен орфоэпияның айырмашылығы осында.

Ek – egin

Tasy – tasqyn

Qap - qaby

Qazaq - qazaǵy

Sap - saby

Tek - tegi

Е.Тілешов: Осында айтылған ұсыныстардың орынды екендігі айтылуда. Енді амандық болса, тағы да талқылаймыз. Бұл - ашық дүние. Тіл деген тығып қоятын зат емес. Ең бастысы осындай ғалымдары бар, жанашырлары бар тілдің болашағы зор! Соған сенейік! Баршаңызға алғыс айтамын!

«ЖАҢА ӘЛІПБИ НЕГІЗІНДЕГІ ЕМЛЕ ЖӘНЕ ПУНКТУАЦИЯЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕР МӘСЕЛЕЛЕРІ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ЖҰМЫС ТОБЫ ОТЫРЫСЫНЫҢ СТЕНОГРАММАСЫ

Алматы қаласы, Абай даңғылы 14,
Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы
2019 жылғы 31 мамыр

Қатысушылар: Ғ.Мелдешов, Ә.Асқар, Г.Мұқанова, Е.Тілешов, Т.Аяпова, Н.Уәли, А.Алдаш, З.Базарбаева, Ж.Жақыпов, Б.Момынова, О.Жұбаева, Қ.Күдеринова, А.Фазылжанова, Г.Мамырбек, Ж.Жұмабаева, Қ.Қалыбаева, Н.Рсалиева, М.Тұрсынова, А.Сейтбекова, Б.Қапалбек, А.Салқынбай, Ж.Манкеева, А.Аманбаева, Н.Әміржанова, Г.Исаева, Д.Пашан, Г.Көбденова, А.Солтанбекова, Е.Маралбек, Қ.Есенова, Ж.Балтабаева, Т.Ермекова, А.Шормақова, Ә.Ахмет.

КҮН ТӘРТІБІ

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитетінің төрағасы Ғ.Мелдешовтің сөзі;

Баяндамашылар:

1. Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғалым хатшысы, ф.ғ.к. Г.Мамырбек ««Тіл-Қазына» орталығына жолданған емлеге қатысты ұсыныстар»;

2. Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы Әдістеме басқармасының басшысы, ф.ғ.к. А.Сейітбекова ««Жаңа емле» оқу курсы: алғашқы тәжірибе, проблемалар мен ұсыныстар;

3. Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы Орфография басқармасының басшысы, ф.ғ.к. А.Фазылжанова «Емле ережелеріне қатысты ұсыныстар: контенттік талдау»;

4. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Грамматика бөлімінің меңгерушісі, ф.ғ.д., профессор О.Жұбаева «Қазақ тілінің пунктуациялық ережесі жобасының таныстырылымы»;

5. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, ф.ғ.д. Ж.Жақыпов «Пунктуациялық ережелердің түзілімі»;

6. Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің профессоры, ф.ғ.д. Қ.Қалыбаева «Қазақ пунктуациясының өзекті мәселелері».

7. Жарыссөз

8. Қорытындылау

I БӨЛІМ

Ә.Асқар: Құрметті әріптестер, Орфографиялық жұмыс тобы мүшелері! Бүгінгі Қазақ тілінің пунктуациялық ережесі жобасын талқылау семинар-кеңесіне қош келдіңіздер! Пунктуациялық ереже жобасы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білім институтында әзірленді. Ендігі міндет – жобаны сараптап, қажет болған жағдайда өзгерістер мен толықтырулар арқылы қолданысқа енгізу. Алдымен кіріспе сөз Тіл саясаты комитетінің Төрағасы – Ғалымжан Сәрсенбайұлы Мелдешовке беріледі.

Ғ.Мелдешов: Құрметті әріптестер, Жұмыс топтары мүшелері!

Кезекті семинарымызды бастауға рұқсат етіңіздер! Семинар тақырыбы – Жаңа емле ережелері мен пунктуациялық ережелер мәселелеріне арналып отыр. Тақырыпты бұлай алуымыз да тегін емес. Өздеріңізге белгілі латын графикасындағы қазақ тілінің жаңа емле ережелері 2018 жылы желтоқсан айында Ұлттық комиссия тарапынан мақұлданған болатын. Қазіргі таңда тәуелсіз сарапшылар мен жекелеген ғалымдар тарапынан емле ережесіне ұсыныстар келіп түсіп жатыр. Ұсыныстар бойынша жұмыстар да жүргізілуде. Ұсыныстардың ішінде көңілге қонымды, өзгертуді талап ететін тұстары да бар. Жұмыс тобының өткен жолғы отырысындағы ғалымдардың ұсыныстарын Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы зерттеп, зерделеп отыр. Бүгінгі отырысымызда осы орталықтың ғалымдары өз пікірлерін, уәждерін келтіреді. Сол үшін бүгінгі семинардың алғашқы бөлігі арналып отыр.

2019 жыл – Қазақ әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезең-кезеңімен көшірудің жоспарына сәйкес емле ережелерін алдымен филолог мамандарға меңгерту курстары, семинарларын өткізуге арналған әдістеме жылы болып отыр. Қазіргі таңда «Тіл-Қазына» орталығы жыл басынан бері осы аталған курстарды өткізіп келеді. Курстар барысындағы өзекті мәселелер туралы да орталық ғалымдары баяндайтын болады.

Екінші өзекті мәселелердің бірі – ол пунктуациялық ережелер мәселелері. Бұл ереженің жобасы дайын. Жұмыс тобы мүшелері таныстыңыздар. Жоба бойынша осындағы жұмыс тобы мүшелерінің сараптамалық қорытындысы қажет болады. Сол үшін бүгінгі семинардың екінші бөлігі арналып отыр.

Орфографиялық мәселелерге байланысты жұмыс тобы осы аталған мәселелердің шешімін табуы керек. Ол шешім барша халыққа түсінікті, көңілге қонымды болуы керек. Сондықтан барлық ғылыми әлеуетті пайдаланып, тарихи кезеңді сәтті өтуіміз қажет.

Пунктуациялық мәселелерде мұндай қиын сұрақтар бола қоймас. Дегенмен, бұл жерде де жеті рет өлшеп, бір рет кесу қажет болады.

Сонымен бүгінгі күннің екі мәселесі де өзекті. Ғалымдарға, жұмыс тобы мүшелерінің жұмысына сәттілік тілеймін! Еркін пікірлесу, ой бөлісу мен ашық ғылыми ортаны пайдаланайық! Іске сәт!

Ә.Асқар: Рақмет, Ғалымжан Сәрсенбайұлы.

Пунктуациялық ереже жобасын сараптау үшін Орфографиялық жұмыс тобында арнайы ішкі топ құрылған болатын.

Олар:

1. Жантас Алтайұлы Жақып - Л. Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры;

2. Қаламқас Сейдуллақызы Қалыбаева – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық универсиетінің профессоры;

3. Орынай Сағынғалиқызы Жұбаева – А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының профессоры

Семинардың екінші бөлігінде осы ғалымдардың жұмыстарын тыңдаймыз, талқылап, пікір алысатын боламыз.

Семинардың алғашқы бөлігінде жаңа емле ережесі бойынша бірнеше проблемалы мәселелер мен атқарылған жұмыстар бойынша баяндама жасалатын болады.

Алдыңғы семинардағы бас қосуда қоғам қайраткерлері, жазушы, және жекелеген ғалымдар тарапынан жаңа емле ережесі бойынша ұсыныстар айтылған болатын. Ұсыныстар бойынша Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғалымдары жұмыс жүргізді. Осы жұмыстар туралы баяндау үшін Орталықтың ғалым хатшысы Гүлфар Мамырбекке сөз берейік.

Г.Мамырбек: §11 ережесіндегі құзірет, тауқімет, ақірет сөздерінде қ дыбысынан кейін жіңішке дауысты жалғанбауы керек және құзыр түбірі сақталуы қажет.

§15 ережесіндегі «үнді дауыссыз дыбыстан кейін тұрған у, і әріптері тәуелдік қосымшасы жалғанғанда түсіріліп жазылады» деген ереже мазмұны дұрыс емес, қате түсінік қалыптастырады. Ғалым Р.Сыздықтың ережесіне сүйену керек (кейбір сөздерде). Өйткені үндіден кейін ы, і дыбыстарымен келетін сөздер өте көп, солардың барлығын орсы (орысы), боршы (борышы), қормы (қорымы), сылдры (сылдыры), сылқмы (сылқымы), қимлы (қимылы), дарны (дарыны), сойлы (сойылы), жұлны (жұлыны) түрінде жазамыз ба?

§16. Соңғы буынында ***á*** әрпі жазылатын түбір сөздерге ашық дауыстылармен келетін қосымшалар ғана жуан жалғанады: *kúnásina, kúnásinan, kýásina, kýásinan.* Алайда қосымша түбірге тікелей жалғанып тұрған жоқ, ***-ci, -i*** қосымшасынан кейін келіп тұрғандықтан, *кінәсіне, кінәсінен, күнәсіне, күнәсінен, куәсіне, куәсінен, шүбәсіне, шүбәсінен, күмәніне, күмәнінен, іңкәріне, іңкәрінен* болуы керек.

§73 ережеде қысқарған күрделі атау қосымшасы *АҚ-ның* деп берілген. Енді жаңа емле ережесі бойынша *БАҚ-тың* дегенді, *БАҚ-ның* дейміз бе? *АҚ-ның* емес, *АҚ-тың* болуы керек.

Біріккен сөздерге қатысты сын көп айтылды. Дефис арқылы жазылатын қос сөздер неге біріккен (*жемішөп*), *сарымай* (қыста алынған майдың түсі ақшыл, жазда алынған майдың түсі сары, *сәуір май* деген де бар), *тоңмай* (шыжғырылғаннан кейін қатқан (тоңған) май) неге бірге? *Сүйық май* сияқты олар да әлі анықтауыштық қатынастан ажырай қойған жоқ. Сол сияқты *асқасық, шайқасық, беторамал, қолорамал, төсқалта* неге бірге? Анықтаушы-анықталушы қатынаста тұрған сөздер емес пе? *Сөз, хат, үй* сөздерімен біріккен сөздерде де біріздiлік жоқ.

§27 ережеде *urda-jyq, asta-tók, ýda-shý* тәрізді тіркестер бірге әрі дефис арқылы жазылған. Бірақ олар қос сөздер емес, фразеологиялық тіркестер болып табылады және

шылау тұрғандықтан бірге жазуға болмайды. Фразеологизмдердің ең басты қасиеті мағына тұтастығы, сол себепті олар онсыз да бір сөздің орнына жүреді емес пе? Сонда ережеге сәйкес бір сөз орнына жүретін барлық идиомалық, фразалық тіркестерді біріктіреміз бе?

Емледе анықтауыштық қатынас және атауыштық тіркес ұғымдары қате берілген. Бұларға берілген емледегі жаңа анықтамалар қайдан шыққан? Бұлар қайтадан қаралуы керек.

§53 ережеде тек ***-ov, -ev*** жұрнағымен аяқталған кісінің тегіне қосымшаның жалғануы ғана көрсетілген. ***-Ова, -ева, -ин, -ина*** жұрнағымен аяқталған кісінің тегіне қосымшалардың жалғануы да емледе көрсетілсе және сөз соңы **ә, и**-мен келетін есімдерге қосамшалардың жалғануы анық жазылса (*Күләйге* ме, *Күләйға* ма, *Біләлге* ме, *Біләлға* ма, *Қашқаридің* бе, *Қашқаридың* ба, *Науаидің* бе, *Науаидың* ба, *Сейф Сарайдің бе, Сейф Сараидың* ба).

ШЕТТІЛДІК СӨЗДЕР ЕМЛЕСІ

Шеттілдік сөздер үндестік заңына бағынып жазылса: *манөвр* емес *мәнөвр, абсолүт* емес *әбсөлүт, парашүт* емес *пәрәшүт, кобәлт* емес *көбәлт* т.б.

§7. *ы* (ый), ***ı*** (ій) дыбыс тіркестері сөздің барлық буынында ***ı*** әрпімен жазылады: *ınstıtýt, kıno, granıt.* Ережедегі мысалдарға *институт, кино, гранит* сөздері алынған. Ал §8 ережесіндегі **у**-дыбысына шеттілдік сөздер мүлде алынбаған. Сонда шеттілдік сөздердегі **и** таңбасы дыбыс тіркесі болып, ал ***у*** дара дыбыс бола ма? Негізінде шеттілдік сөздердегі **и** да, **у** да – дауыссыз дыбыстар. Сондықтан ережедегі *институт, кино, гранит* деген мысалдарды алып тастау керек.

§84 ережесі бойынша *армән (армян), италән (итальян), поләк (поляк), славән (славян)* деп жазылуы керек, алайда бұл дұрыс емес. Сөз ортасында келетін **я** әрпінің **иа** дыбыс тіркесімен жазылатын тұстары баршылық. Ондай барлық сөздер жинақталып, ескерту арқылы көрсетілсе.

§83, §84 ережесіне **ю, я** әріптерінің сөздің басындағы және аяғындағы жазылу емлесі нақты мысалдармен арнайы көрсетілсе. Бұл анықтағышта емес, емледе көрсетілуі қажет.

Сөз соңындағы я дыбысымен келетін *эпопея, аллея, идея* сөздерін *эпопейа, аллейа, идейа* деп жазамыз ба әлде *эпопеа, аллеа, идеа* деп жазамыз ба? Емледе анық көрсетілсе.

Сөз соңында келетін қайталама дыбыстар сақтала ма, түсіріле ме? Осы мәселе емледе анық көрсетілсе: *грамм, киловатт, ватт.* Ережеде тек сөз ортасындағы қайталама дыбыстар айтылған.

§96 ережеде ***-кт, -ск, -пт, -фт*** әріп тіркесіне бітетін сөздерге қосымша ***у, і*** дәнекері арқылы жалғанады делінген. Алайда *медпунктке, медпункті* деп жазылып келген сөздер енді *медпунктіге, медпунктісі* бола ма? Ереже бойынша *рецептісі*, *рецептісін* деп жазу қате, *рецепті, рецептін* болуы керек. *Ландшафтыға* ма, *ланшафтына* ма? Ережеде осылар нақты көрсетілсе.

- *Кетчуп* сөзі емледе нақты көрсетілсе.
- *Пицца* сөзінің жазылымы ережеге ендірілсе.

Шеттілдік сөздердің орфоэпиясы қалай болады, *конститусиа* бола ма, *канститусиа* бола ма, *абсолүт* бола ма, *абсалүт* бола ма? Орыс орфоэпиясымен емес, түпнұсқаға жақындатып айту керек деген пікір басым болды (*көмпүтер, көрөл* т.б. деп).

Ә.Асқар: Сауалдар болса, қазір осында барлық жұмыс тобы мүшелері отыр. Емле ережесі қатысы бар ғалымдардың барлығы осында. Сондықтан пікір алысу алаңын пайдаланайық. Орталықта келесі бір атқарылып отырған үлкен жұмыс – ол тіл мамандарын, филологтарды жаңа емле ережесіне оқыту тренингтері мен семинарлары. Қазіргі

таңда 72 сағаттық курстар және 12 сағаттық дәрістер мен семинарлар жыл басынан бері жүйелі өтіп келеді. Бүгінгі күнге өңірлерде 12 сағаттық семинарларға 697 817 маман қатысты, ал Нұр-Сұлтан қаласында өтіп жатқан 72 сағаттық курстардан 166 филолог маман өтті. Осы оқыту барысындағы проблемалар мен ұсыныстар туралы Әдістеме басқармасының басшысы Айнұр Сейітбековаға сөз беріледі.

А.Сейітбекова: «Жаңа емлені оқыту әдістемесі» республикалық курсы мен «жаңа емле: құрылымы мен мазмұны» республикалық шарасының мақсаты: жаңа емле ережелерін ересектерге оқыта, түсіндіре алатын білікті тренерлер дайындау.

Сауалнаманың мақсаты: ересектерді оқытатын тренерлерді даярлауда оқу курсы мен жаңа емле ережелерін меңгертуді жетілдіру. 2019 жылдың сәуір-мамыр айларында жүргізілді. Әр облыстың тіл мамандарынан құралған 120 тыңдаушы қатысты.

72 сағаттық курс бойынша қай ереже меңгеруде қиындық туғызды?

§15. Түбірдің соңғы буынында үнді дауыссыз дыбыстан кейін тұрған *у, і* әріптері тәуелдік қосымшасы жалғанғанда түсіріліп жазылуы.

§16. Соңғы буыны *ә*-мен аяқталатын сөздердің емлесі.

§38. Күрделі сөзге айналған фразеологизмдердің бірге жазылуы.

§30-38 Мағыналық өзгерістер арқылы жазылатын сөздердің емлесі.

§67. Бас әріппен жазылатын номенклатуралық атаулардың емлесі.

§96. -кт, -ск, -пт, -фт әріп тіркесіне бітетін сөздерге қосымша у, і дәнекері арқылы жалғануы арқылы жазылатын сөздердің емлесі

- **Бірге және бөлек жазылатын сөздердің емлесі.**
- **-кт, -ск, -пт, -фт әріп тіркесіне бітетін сөздерге қосымша у, і дәнекері арқылы жазылатын сөздердің емлесі.**

Ұсыныс

- «нг» аяқталатын сөздер «ń» емес, «ńg» түрінде жазылса дұрыс болар еді.
- *Resept* сөзіне жалғау жалғанған кезде *reseptisin* болып кетеді, дұрысы – *resebin.*

Оқытушылардың ұсыныстары

- И мен У дыбысының табиғатын – дауысты ма, дауыссыз ба? – ашып түсіндіру керек.
- III, IV тараулардағы бірге, бөлек жазылатын сөздердің емлесі. Мысалы, §30-38 біріккен сөздердің емлесін біріздендіру қажет: *қонақүй, асүй* деген сөздер бір модельге бағынады, ал дәл осы модельге бағынуы тиіс *киізүй* сөзі жеке жазылады. Бұл тілдегі ала-құлалықты тудырады.
- VIII тараудағы *-кт, -ск, -пт, -фт, -нкт, -ск* әріп тіркесіне бітетін шеттілдік сөздерге *-ы/-і* дәнекерін тікелей жалғап, түбір күйінде қабылдаған жөн. Мысалы: *faktinıń*, т.б.
- *дж* әріп тіркесі бар сөздерде *д* әрпі түсіріліп, қосымшалар үндестік заңы бойынша жазылады: *jınsi (-nıń, -si, -ge, -ler), jentlmen (-nıń, -i, -ge, -der), menejer (-dıń, -i, -ge, -ler), kolej (-dıń, -i, -ge, -der).* Бірақ *búdjet, lodjy болып* жазылады. Мағынасына нұқсан келмейтіндіктен, *bújet, lojy.*

§92 толықтырылып, бір буынды «тест» секілді сөздердің жазылымы мен қосымша қосылу принципі анықталу керек.

§62. Географиялық және астрономиялық атаулар бас әріппен жазылады: *Alataý, Jetisý, Ertis, Jaıyq; Kún, Aı, Jer, Sholpan, Jetiqaraqshy, Súmbile, Úrker. «География, астрономия салаларына қатысты ғылыми мәтіндерде* астрономиялық атаулар бас әріппен жазылады», – деп, ережені нақтылау қажет.

Жалпы ұсыныстар:

- **I, I, Sh әріптері жазуда қиындық туғызады. Әріптерге өзгерістер енгізілсе.**
- Орфографиялық сөздік тезірек жарияланса, сонда жүйе болады.
- Бірге және бөлек жазылатын сөздердің емлесі біріздендірілсе.
- Емледе көп ескерту, көп ереже болмаса.

Латыннегізді қазақ әліпбиіндегі әріптердің жазылуында ең алдымен:

✓ түпнұсқалықтан алшақтамау;
✓ оқушыларды шатастырмау;
✓ жазуда ыңғайлы болу үшін артық элементтерді қоспау;
✓ байланыстырып жазу;
✓ жазу жолының төменгі жағынан қиғаш сызық арқылы байланыстыру;
✓ каллиграфия талаптарына сай көп жағдайда үзбей жазу талаптарын сақтау;
✓ әріптердің сөздің басында, ортасында, соңында келу үлгісінің сақталуы назарға алынды.
✓ *Q*-ның бас әрпінің жазылуы үзіліспен жазылады. 1.Бас әрпін төменгі жазу жолынан доғал жасай отырып, жоғарғы сызықтан шығарып, сопақшаны көлбеу етіп саламыз.
✓ Сопақшаның төменгі оң жағының ішкі бетінен оңға қарай доғал салып, төмен қарай түсіреміз.
✓ Жазуды үзбей, төменгі оң жақпен қиылыстырып төменгі сызыққа дейін апарамыз.
✓ 4. Жазуды үзбей, оңға қарай доғал жасап қайырамыз.
✓ Келесі әріпке төменгі жағынан үзіліссіз байланыстырамыз.

Талқылау барысында төмендегідей ұсыныстар білдірілді:

✓ Латыннегізді қазақ әліпбиіндегі «Q» әрпінің жазылудағы ирек элементін жазу жолынан төмен бейнелейміз бе, әлде жазу жолының қатарында бейнелейміз бе? Ұсыныс: «Q» әрпінің жазылудағы ирек элементті жазу жолының қатарында белгілесек;
✓ Латыннегізді қазақ әліпбиіндегі «Chch» әріпін жазғанда екі әріптің қосындысын қалай түсіндіреміз? Әліпбиде «С» әрпі жеке бейнеленбейді. Ұсыныс: «Chch» әріпінің таңбалануын әлі де болса қарастырса екен;
✓ «Ńń» әрпінің бас әріпінен басталатын сөздер жоқтың қасы. Сондықтан, әліпбиде бас әріптің каллиграфиясын беруде «Ń» таңбасының бас әрпін жазу қаншалықты маңызды?

Ә.Асқар: Рақмет! Жаңа емле ережелері қоғамда көп пікірталас тудырып отыр. Барлық филолог ғалымдар өз пікірін білдіріп келеді. Бұл дұрыс құбылыс деп ойлаймыз. Келісіп пішкен тон келте болмас дегендей, әр ұсынысты мұқият талдау керек. Осындай бірнеше ұсыныстар бойынша келесі сөз кезегі Орфография басқарамасының басшысы Анар Фазылжановға беріледі.

А.Фазылжанова: Енді емле бойынша айтылған пікірлерге жеке тоқталайын.

Мысалы: Б.Нұржекеұлы: «Кирилше нұсқасын сол күйі сақтап, ала беруге де болады. Өзіміздің тіліміздің ерекшелігі болғандықтан, әлем бізге қарсы болмайды» десе, Б.Қалиұлы: «и» мен «у» дыбыстарына қатысты ережені қайта қарау керек; «и», «й» - екеуін бір таңбамен беру дұрыс емес.

«ы», «і» - дыбыстары латынның әртүрлі таңбаларымен белгіленгені дұрыс емес. Қазақтың төл дыбыстары жуанды-жіңішкелі болып, жұп-жұбымен жүруі керек. Ұқсас таңбамен таңбалануы керек. Бір әріпке бір таңба болуы керек. ш, ч – әріптерінің sh, ch – түрінде берілуі дұрыс емес. Сөздер қалай айтылса, солай жазылғаны жөн. Үйренуге де өте ыңғайлы болады. Ең жақсы тіл қалай сөйленсе, солай жазылады. Ол тілді үйрену де оңай, үйрету де оңай» - дейді.

Ал Б.Қапалбек: «Үнді дауыссыздар «и» мен «у»-дың емлесі қайта қаралсын;

- Бірге не бөлек жазылатын сөздер емлесі қайта қаралсын;
- Шет тілінен енген сөздердің емлесі қайта қаралсын.
- Алғы сөзде емлеге қатысты үш түрлі анықтама берілген. Егер оларды синонимдік конструкциялар деп танитын болсақ, айналдырған бір бет алғы сөзде үш рет қайталау не үшін керек, үшеуінің біреуін қалдыру керек. Меніңше, нормативтік деген дұрыс. Ал «құқықтық күші бар» деген келмейтін сияқты, бұл юридический документ емес қой. Мұны бұзғандар қылмысқа тартыла ма сонда?» - дейді.

Бұл алғы сөзді жазған ф.ғ.д., профессор Н. Уәли ағамыз. Ағайдың үш түрлі анықтама беруге толық құқығы бар. Қазақ жазуының кодификациясымен талай жылдан бері айналысып, соған өмірін арнап, ғылыми диссертация қорғап, шәкірттер тәрбиелеп жүрген адам өзінен-өзі, бостан-босқа үш түрлі анықтама береді.

- Емледегі негізгі ұстаным фонематикалық принцип дегенге келіспеймін. Біріншіден, ол бұқараға түсініксіз. Екіншіден, А.Байтұрсынұлы «Біздің емлеміз 80 пайыз дыбыс жүйелі», - деген болатын. Сондықтан осыны басшылыққа алып, қалғанын морфологиялық принцип реттейді деу керек.

Бижомарт мырза «Емледегі фонематикалық принципке келіспеймін», - деп әлеуметтік желілерде неше түрлі жазады. Бұл принципті біздер, білгіштер өзіміз ойлап тапқан жоқпыз. А. Байтұрсынұлы негізін қалап кеткен қазақ грамматологиясының теориясынан келе жатқан принцип. Егер біз аузымыздан шыққан дыбыстың барлығын жазатын болсақ, бір-бірімізді түсіну неғайбыл. Қазақ тілінде фонетикалық принцип бар дегенмен, ол кез-келген тілдерде жаппай жұмыс істейтін принцип емес. Мысалы «нан» дегендегі «а»-мен (мұрын жолды) , «ас» дегендегі «а»-ның (ауыз жолды) екеуі екі бөлек. Б. Қапалбек мырзаның айтуы бойынша әр дыбысқа әріп беріп жазатын болсақ, ондай жазу өте қолайсыз жазу болады. Дүниеде тілмен айналысып жүрген қазақ ғалымдары ғана емес. Сондықтан бұл принциппен де келісе алмаймыз.

Құрметті әріптестер, біздің емле ережесіне қарасаңыздар «Шет тілдік сөздердің емлесі» деген тарау бар. Бижомарт мырза «шет тілдік сөздер», «кірме сөздер» деп қатар қолданасыздар, жалпы жұртшылыққа емес, лингвист мамандарға ғана қажет деген болатын. Осы ұсынысымен толықтай келісемін. Шынында да біз емле жасағандар прагматиканы ескеріп отырып, тура осы жерге келгенде ойланбай қалыппыз. Ескертпеңіз үшін сізге алғыс айтамыз! Біз түзету енгіземіз деп ойлаймын. Өйткені оның екінші бір себебі, бүгінгі күнге дейін қазақ тіліндегі шет тілдік сөздердің өзі екі категорияға бөлінген екен. Біреуі қазақтың айтылым нормасына сәйкес игерілген сөздер. Мысалы: тәрелке, бәтеңке, резеңке т.б. Бұларды кірме сөздер деп жігін ажыраттық. Жалпы лингвистикада ажыратқан ғалымдар өте көп, бірақ қазақ лингвистикасында А. Алдаш апамыз жақсы ажыратып берді. Ал шет тілдік сөздер дегеніміз қандай сөздер? Ол – кирилмен келіп қазақтың мәтінінің ішінде жүреді, бірақ қазақ тілінің орфографиялық нормасы бойынша жазылмайды, айтылмайды. Латынға көшкенде шет тілдік сөздер деп жүрген өзге концептісінің құрауыштары қазақша емле бойынша жазылады да, қазақша айтылым бойынша айтылады. Яғни бұлар «өзім» концептісінің құрауышына айналады. Сондықтан Бижомарт мырзаның осы ескертпесі өте орынды деп ойлаймыз.

- Латыннегізді жаңа әліпбиде жоқ е, й, ц, щ, э, ю, я, ь, ъ әріптерінің жазылу баламасы берілді.

Бұл да өте орынды айтылған. Бұл сұрақты ең алдымен өз-өзімізге қоюымыз керек еді. Орыс тілінің, ағылшын тілінің, түрік тілінің емле ережелерін қараңыздар, осыларда қазақ тіліндегі «қ» әрпінің емлесі деген сияқты тараушалар жоқ қой. Бізде неге олай болып тұр? Себебі: емлені бір графикалық кеңістіктің ішінде жүріп өзгертіп, реформа-

лап жатқан жоқпыз. Біз емлені бір графикалық кеңістіктен шығып, екінші графикалық кеңістікке арнап жасап жатырмыз. Ал екінші графикалық кеңістігімізді қолданатын, сол графикалық кеңістікте ақпарат алмасатын ақпараттық топ әлі құрылған жоқ. Әзірге латын жазуымен жазатын адамдар жоқ. Сондықтан біздер қоғамды ойлауымыз керек. Бұл ереже кімдерге арналған? Кирилмен жазып үйреніп қалған, сөздер кирилше санасында сақтап қалған біз сияқты азаматтарға арналған. Сондықтан біз өзімізді мазалайтын сұраққа жауап таба алмасақ, бүркемеленіп жасырынып тұрса, бұл ереженің прагматикасына әсер етеді, яғни түсінуді қиындатады. «Ережелерді қайта түземейтіндей, тастай етіп жасау» ұсынысына мынадай пікірім бар. Ешнәрсе тастай болып, бірден жасалмайды. Уақыттың ағымына қарай икемделеді. Сонда ғана мәңгілік болады. Бұл ереже қазір кирил жазуымен жазып жүрген қоғамға арналған. Енді бұл ереже уақыт өте қырлана түседі. Әзербайжан тәжірибесі, біз үшін өте оңтайлы тәжірибе ғой, сол әзербайжандар 1990 жылдан 2019 жылға дейін төрт рет реформа жасап, төрт рет үкіметтің жарлығымен бекіткен. Сондықтан ешнәрсені соңғы өнім ретінде қабылдауға болмайды. Өйткені өмір – өзгергіш.

Б.Ихсан мырзаның мынадай ескертпелері болды: «Егер біз жаңа емле ережелерін жасауда оның («á» дыбысының) барлық буындарда да қолданылуын жолға қойсақ, әзербайжан тілі секілді біз де өзгетілдік сөздерді өзіміздікі етіп игеруге біршама мүмкіндік алар едік. Мысалы, өз сөзіміз «кітап» дегенінен «кітәп» дегені, өзгетілдік «машина» деген сөздің «мәшине» дегенінен гөрі «мәшинә» дегені қазақ тілі табиғатына бір табан жақын емес пе?» .

- «Avtor» сөзін сөзін «avtyr», егер «v» дыбысынан құтыла қалатындай күн туса, онда «aptyr» деп жазып-айтуымыз керек.

- Қазақ сөзінің соңы үнді мен қатаң дауыссызға (рп) аяқталмайды.

- «Rezerv» сөзі ұяң «v» дыбысына аяқталып тұр, қазақ тілінің табиғи заңдылығы бойынша ұяң дауыссыз дыбыстардан тек «з және «ж» дыбыстары ғана сөз аяқтай алады.

«еді *muǵalym»* болып жазылады десек, дұрыс болар. Жеке-жеке тоқталмай, жалпылама айтайын. Бұл кісінің аңсағаны, көксегені – сөздердің барлығын естілуі бойынша жазу. Шет тілінен енген сөздерді сол күйінше жазу қажеттігін айтады да, соған қатысты ұсыныс білдірмейді. «Университет» деген сөзді дыбыстаңыздар десем, дәл қазір алуан түрлі дыбыстайсыздар. Сондықтан да біз бұл кісінің ескертпелері бойынша емлені өзгерте алмаймыз.

О.Жұбаеваның ескертпелерінде біз үшін ескеретін көптеген мәселелер бар. Оның ішінде әсіресе шет тілдік сөздердің қатарынан келетін дауыссыз дыбыстарды таңбалайтын әріптердің қосымша жалғанғандағы түрлері туралы ескертпесі. Яғни дәнекер «ы», қысаң «і» деген сияқты дыбыстарды тіркеп жазу туралы ұсыныстарға келісеміз, қайта қараймыз. Бірақ та шет тілінен енген сөздердің соңындағы «бы», «гі» деген сияқты дыбыстарды қатаңмен таңбалау туралы Орекеңнің ұсынысын бір кездері Орфографиялық жұмыс тобының отырысында қолдағанбыз. «хирург» дегенде г-мен емес к-мен жаздық, «педагог» дегенді г-мен емес к-мен жаздық. Сараптама барысында бұқара мұны қолдамай шықты. Екінші мәселе, Элеонора Дүйсеновна маған былай деді: педагогты, хирургты «п»-мен жазсаңдар, Назарбаевты неге «п»-мен жазбайсыңдар? – деді. Жұртшылық қабылдамағандықтан, осы күйінде өзгеріссіз қалдырдық.

Орекең, *«ауылшаруашылығы»* деген сөзді 2004 жылдан бергі сөздіктерде неге бірге жазасыздар дейді. Бірге бөлек жазудың маманына толық сенемін, теориялық негізі бар деп ойлаймын.

Т.Аяповaның айтқан «w» - ағылшын тілінің ерекшелігі. Ол латын әліпбиінің таңбасы емес, ол тек қана ағылшын тілінде қолданылатын графема деген пікірі ұнады. Өйткені

нағыз ағылшын тілінің маманы. Сонымен қатар, Таңат апайдың мына сөзі жүрегіме қатты жазылды: «Зерендідегі, Қапшағайдағы отырыстардан байқағаным, ғалымдардың дәрежесі рөл ойнайтын сияқты және агрессия өте басым. Біз қазақ тілі үшін жұмыс жасап жатқанымызды есімізден шығармайық», - дейді.

26 сәуірде З.Базарбаева мен Қ.Күдеринованың баяндамаларында фонетикалық принцип басты принцип екендігіне келіспейтіндігін дәлелдеп, фонематикалық принциптің қазақ жазуында басты екендігін дәлелдеп, мысалдар арқылы түсіндірді. Ауызша сөздің өз кодификациялау жүйесі болатынын, жазбаша сөздің өз кодификациялау жүйесі болатынын түсіндіріп берді.

Құрметті әріптестер, біздің орталықтың 26 сәуірде өткен семинарға сараптамасы осы. Әр отырыста кім не сөйлегені стенограммада жазылуда. Болашақта кітап түрінде шығарамыз. Өздеріңіз 1926 жылы Бакуде өткен Түркологиялық алғашқы конгресте өткен А.Байтұрсынұлының, Н.Төреқұлұлының жазбаларын қалай оқысаңыздар, келесі ұрпақ сөздердің сөздеріңізді солай оқиды. Назарларыңызға рахмет!

Ә.Асқар: Пікір алысуға болады. «Шымшық сойса да қасапшы сойсын» деген сөз бар қазақта. Жазушылар не себепті араласады?

Т.Аяпова: Мен ойлаймын, бұл жерде талқылау қажет. Өйткені қиын-қиын тұстар талқыланып ортақ бір шешім шығарылуы керек. Уақыт деген зымырап өтіп жатыр. Қазір қаншама курстар өтіп жатыр. Сол курстарда осы бойынша үйретіліп жатыр. Енді бұл кісілердің ұсынысы дұрыс па, бұрыс па ? Қайсысын қабылдаймыз? Жазғанда қайсысы дұрыс қабылданғаны белгісіз болып қалады. Сараптама жасайтын кісіге қиындық туады.

А.Фазылжанова: Таңат апай, емле ережелерінің интеллектуалдық мүлік ретіндегі иесі – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты. Сондықтан айтылып жатқан ұсыныстарды ескеріп, өзгеріс енгізіп, түзетулерден соң орфографиялық жұмыс тобының отырысына өздері ұсына алар ма екен?

Т.Аяпова: Менің білетінім Тіл білімі институтының өзінде бір-бірімен келіспейтін бөлек-бөлек топтар бар ғой. Сонда қалай болады?

Қ.Қалыбаева: Құрметті әріптестер, пікірімді айтуға рұқсат па? Біз осы жерде пікір айтсақ, біреудің білімін мойындамағандық емес, керісінше шешімін тапсақ екен деген оймен айтамыз. Сол кісілер амандаспай қалған кезде, біреудің алдын кесіп өттім бе деп әбігерге түсесің. Барлығымыздың мүддеміз – ортақ, мақсатымыз – біреу. Емле ережесінде бірін-бірі жоққа шығаратын екі ұстаным бар. Біз бір жағына шығуымыз керек. Егер бір ғана ұстаным болса, шет тілдік сөздер мен төл сөздерді қалай жазамыз деген мәселе көтерілмейді. ХХ ғасырдың басында А. Байтұрсынұлының кезінде бір ғана фонетикалық ұстаным болды. Яғни қалай естиміз, солай жазамыз. Ахмет Байтұрсынұлы да, Елдес Омаров та айтып кеткен. Сөйлеу тілі мен жазу тілінің арасында айырмашылық бар. Менің және осындағы бірқатар әріптестерімнің айтып жүрген мәселесі біздің тіліміздегі сөздердің арасындағы дыбыстардың фонемалық құбылуы флективтік тілдердегідей емес. Нұр-Сұлтан қаласында өткен Орфографиялық жұмыс тобының осы жылғы алғашқы отырысында Ә.Жүнісбектің осы пікірде екендігін білмейтін едім. Фонема қазақ тілі үшін мүлде жоқ деп айтпаймыз. Мысалы: «соқ» деген сөз бен «сөк» деген сөздің ішінде, «тоқ» деген сөз бен «төк» деген сөздің ішінде «с», «т» дыбыстарының екі түрлі дыбысталуы байқалады. Бұл қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың рөлінің жоғарылығы байқалады. Шет тілдік сөздерді жазғанда А.Байтұрсынұлы фонетикалық принципті қолданды. Сөз арасындағы ы, и, у дыбыстарын қосып жазғанда қиындық тудыратынын білемін, шындап келгенде қарсымын. Қапшағайдағы жиында да қарсы екендігімді айтқанмын. Сонда шет тілдік сөздерді жазудың ұстанымы қандай? Ұстаным фонетикалық, фонематикалық, морфологиялық – үшеуінің біреуі болуы керек қой.

А.Фазылжанова: Қаламқас апай, ұстанымға байланысты семинар болды, сіздің болмағаныңыз өкінішті. Дәл қазір ұсыныстарға пікір айтсақ қайтеді?

Қ.Қалыбаева: Менің айтайын дегенім, осы ұстанымдармен тікелей байланысты. Бір жағына шығайық. Шет тілдік сөздерді игеріп, тілімізге сындырып жазатын болсақ, төл сөздердегі естіліп тұрған дыбыстарды да жазайық. Мысалы: рахмет (ырахмет), лақ (ылақ), лайық (ылайық) т.б. 3- 5 жылды араға тастап сауатсыздық кезеңнен өткеннен кейін бәрі реттеледі.

А.Фазылжанова: Қаламқас апай, шет тілдік сөздерде екі түрлі ұстанымды сақтаймыз. Фонетикалық принцип пен түпнұсқа принцип. Түпнұсқа принцип қазақ тіліне кирил графикасымен келді дегендер қатты қателеседі. Түпнұсқа принципімен араб тілінен енген сөздер жазылады. Мысалы: «мұғалім» дегенде бірінші буыны жуан,екінші бөлімі жіңішке, ал «кітап» дегенде бірінші буыны жіңішке, екінші буыны жуан – осының барлығын кезінде А.Байтұрсынұлы не себепті бір принципқа сала салмады? Сала алмайды! Сала алмаймыз біз де! Қазақтың мәтінін біздің қоғам сияқты елестетіңіздерші. Қоғамда алуан түрлі адам, алуан түрлі әлеуметтік топ болатындай, мәтін ішінде де алуан түрлі сөздер болады: терминдік сипаттағы сөздер болады, күнделікті қолданыстағы сөздер болады. Барлығын жаппай бір принциппен сіз жазып келіңізші, сосын біз қарап көрейік, оқи алар ма екенбіз?

Қ.Қалыбаева: Сіз мені дұрыс түсініп тұрған жоқсыз. Мен шет тілдік сөздердің барлығын фонетикалық принциппен жазып шығайық деп тұрған жоқпын. Шет тілдік сөздерді игерудің механизмі ұзақ процесс болатынын біліп отырып, алдымен төл сөзіміздегі сингармонизм заңын қалпына келтіруді емле ережесіне енгізсек қайтеді деген ұсыныс тастап отырмын.

Ә.Асқар: Бағдарлама шеңберінен ауытқымайық. Сөз кезегін Б. Қапалбекке береміз.

Б.Қапалбек: Құрметті әріптестер, латынға байланысты маңызды жиын болып жатыр. «Егемен Қазақстан» газетіне жарияланды, БАҚ-та жарияланғаннан кейін ғылыми көпшілік пікір білдіруге құқылы. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында II тарау бойынша талқыладық. Қарама-қарсылықтан ортақ шешімге келе алмай жатырмыз. Емле ережесін жазуда қалам 2-3 адамның ғана қолында болмауы керек. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған емлені түзетіп, дұрыс әрі соңғы нұсқасын қайта тапсырады. Мен соны қолдаймын. Сіздерден де осыны қолдауды өтінемін. «и» мен «у» -ға байланысты мәселені 1-2 адам ғана шешпеуі керек. Тілдің заңдылығына сүйенуіміз керек.

Н.Уәли: Тілдің заңдылығы дегенді мүлде айтпа, жалпы сөз ғой ол. Неше жылдан бері А. Байтұрсынұлынан бастап жазылған дүниенің барлығында заңдылық жоқ па? Тілдің заңдылығын сіз ғана білесіз бе? Жалпы сөзді айтпаңдар, нақты ұсыныстарыңды беріңдер.

Б.Қапалбек: Аға, фактімен сөйлейік. «И» мен «У»-ды безбенге салып шешу керек. Тілдің заңдылығы төреші болады. Фонематикалық принцип дегенді ғалымдар бірге отырып ақылдасу керек. Емле ережесі туралы жазған өз мақаламда морфологиялық, фонематикалық принциптерді пайызбен көрсеттім. Бірге және бөлек жазылатын сөздерді Б. Қалиұлын шақырып бірге ойласып шешу керек. Шет тілінен енген сөздерде принцип жоқ жегенге 100% қосыламын. Анықтама бар нәрседен тұрады. Сонда «ю» әрпі деп басталатын анықтама болмайды. Ол әліпбиде жоқ, санада да жоқ. Уақытша дүние жасамауымыз керек.

А.Фазылжанова: Бижомарт мырза, сіз біздің өмірімізді, уақытымызды осындай нәрсеге арнай бересіз. Сіздің проблемаңыз өз басыңызда. Өз басыңыздың проблемасын миыңызда шешіп алыңызшы. «Ю» әрпінің ережесі деп жазбасақ, өмірінде латынды білмейтін ауыл мектебінің мұғалімі қайдан табады, ережеден таппағанда.

Б.Қапалбек: Жоқ нәрсе туралы қалай анықтама жасайсыз?

А.Фазылжанова: Сіз емлені бір графиканың ішінде жүріп жасап жатқан жоқсыз. Бір графикадан екінші графикаға көшіріп жасап жатырсыз. Өзбекстанның, Әзербайжанның, Түркияның латын әліпбиіне көшкендегі емле ережесін қолыңызға алып оқыңыз. Латынға көшкендегі алғашқы емле ережелерін ашып қараңыз. Неге қарамайсыздар?

Б.Қапалбек: Менің субъективті пікірім шеттен енген сөздердегі емле ережесінде принцип жоқ. Бұл жайлы баспасөзде жариялаймын, мысалдармен дәлелдеймін. Сіздер де жауап беріңіздер. Рахмет!

Т.Аяпова: Процентті қалай есептедіңіз?

Б.Қапалбек: Емле ережесін жасаған А. Байтұрсынұлы былай дейді: «Біздің жазуымыз 70-80% дыбыстық жүйеге негізделген». Біздің тіліміз жалғамалы тіл. Морфологиялық принциптің жаңарған түрі – морфологиялық принцип.

Ж.Жақыпов: Біздің ережеміз фонематикалық принцип пен морфологиялық принципке негізделген. Соған байланысты дау туындап отыр. Төл сөздерге морфологиялық принцип, кірме сөздерге фонетикалық принцип қолданылады деп айтқанымыз жөн. Сонда осындай дау болмайтын сияқты.

А.Фазылжанова: Қай жазуды алып қарасаңыз да бір принципке бағынатын сөздер болмайды. Кез-келген жазуда алуан принцип болады. Барлық сөздерді бір принциппен жазу – адасушылыққа алып келеді.

Н.Рсалиева: Мен ағылшын-француз тілдерінің маманымын. «И» мен «У»-ға байланысты көтеріліп жүрген проблема жөнінде айтсақ, ол проблема емес. Ондай проблема жоқ. Мысалы: Жапон автокөлігі Subaru, Сухомлинскиий, Жуков, француз тіліндегі суғи деген сөздерді қараңыз, осыларды жазғанда қазақ тіліндегі «ұ» деген дыбыс керек еді деп, мәселе көтеріп жатыр ма сол елдердің ғалымдары? Ойланыңыздаршы! Бірнеше дыбыс бірігіп бір әріпке кіріп кетіп тұрса, оған тек қана қуану керек. Осы мәселені көтерген адамдарды түсінбеймін, кешіріңіздер!

Т.Аяпова: Тілге жұмыс істеп жүрген адаммын. Американдықтарға қазақ тілінен сабақ беріп, қазақиландырдым. 1991 жылы «кириллицаны не үшін қолданып тұрсыз, одан да латын әліпбиін қолданбайсыз ба» деп айтқан болатын. Мен жай ақпарат ретінде айтып отырмын.

Г.Мамырбек: «и» мен «у»-ды қосар таңбамен беру А. Байтұрсынұлы еңбектерінде басталады. 1920 жылдан бастап 1957 жылға дейін араб, латын, кирил жазуымен шыққан бүкіл газет, журналдарда «и» мен «у» үлкен дауға ұшырайды. Өйткені жазуда алаңұлалыққа ұшырайды. А. Байтұрсынұлының әбден әуреге түсуінің себебі не? Қ.Жұбанов мұның себебі «екі дыбыстың дауысты әрі дауыссыз бола алатындығында», - дейді. Ж.Аймауытов емледегі даудың осыншама ушыққанының себебін айтады: «и» мен «у»-ға қатысты пікірлердің фонетика тұрғысынан, грамматика тұрғысынан, шығу төркініне байланысты этимология тұрғысынан, жазуға жеңіл практика тұрғысындағы көзқарастардан туындаған. Осы уақытқа дейін қаншама жиналыстар өтті. Бірақ бірде-бір адам таратып жазуға ұсыныс білдірмеді. «и» мен «у»-ды бір таңбамен қалдырған дұрыс деп есептейміз.

Наурыз айынан бастап дәрістер бердік. Шет тілдік сөздерді меңгерудің стандартты үлгісі өте сәтті жасалған. Оны ұсынған Анар Мұратқызы болатын. Сөздің ортасындағы «я», сөздің ортасындағы «ю», жіңішкелік белгісімен келетін «у» қалай жазылатындығы дәріс барысында өтте сәтті, тез үйренілді. Ары қарай оны толықтай сындыру, сындырмау мәселесін емле құрастырушы фонетик мамандар бірлесе отырып шешетін дүние ғой деп ойлаймын. Рахмет!

Қ.Қалыбаева: «И» мен «У» ға байланысты А. Байтұрсыновтар, Е. Омаровтардың тұсында неге көтерілді? Бұл жерде әңгіме қазақ тілінің сингармонизм заңы туралы болды. Барлық жерде сөз арасында естілетін «ы», «і», «ұ», «ү» дыбыстарына байланысты болды.

Біз кезінде «и» мен «у»-ды біріктіріп жазғанда ештеңені жоғалтқан жоқпыз. Шет тілдік сөздерді жазудың табиғи қалпы, принципі қалыптаспай тұр. Шет тілдік сөздерді табиғи сіңіре алмай отырмыз. Мен қарсымын.

А.Фазылжанова: Шет тілдік сөздерде «и» мен «у» қалай таңбаланады? Төл сөздерде де тура солай таңбаланады ғой, қалай түсінбейсіз?! Жоқ жерден проблема тудырып отырсыз. Қай шет тілдік сөзде «и» мен «у» төл сөзден бөлек таңбаланады?

Қ.Қалыбаева: Сөздегі анық естіліп тұрған жерлердегі әріптерді қалпына келтірейік.

Қ.Күдеринова: Бұл даудың нүктесі бүгін қойылады деп армандауға келмейді екен. Бұны шешудің бір ғана жолы бар. Ол – орфограмманы жұртшылыққа беру. Жазып көріп, оқып көріп өздері шешсін. Жазу Орфографиялық жұмыс тобының 20 шақты адамының меншігінде емес. Оны халықтың қолына берейік, өздері таңдасын. Өйткені біз түбіне жете алмаймыз. Ережеге түзетулер мен толықтырулар енгізу үшін көпшілік таныссын деген мақсатпен «Егемен Қазақстан» газетінде жарияладық. Ескертулерді Тіл білімі институтының ғалымдары асықпай қараймыз, түзетулер енгіземіз. Гүлфар ханымның ескертулерін назарға аламыз. Өзгерістер нәтижесін келесі отырыста сіздермен бөлісеміз.

Бірінші ескертуде «құзырет», «тауқымет», «құдірет» деген сияқты 5-6 сөзден қате кетіп жатыр. Ол тек соны бір жүйеге салайық деген ниеттен туған болатын. Мысалы «құдіретті» «ы»-мен жазамыз, «құзыретті» «ы» мен жазам. Екеуінің де түбірі бірдей деген ұсыныстар түсті. Бірақ, мен түбірін іздеген жазарманды көрмедім. «Ұр да жық», «ас та төк» (жаңа емле ережесінде ұрда-жық, аста-төк деп берілген) деген сөздер ешқандай да қос сөз емес. Курсты өткізетін оқытушыларда орфографиялық білім болуы керек. Дефистің (-) қолданылуы қос сөз бе, қос сөз емес пе, оған мүлде қатысты емес. Үш графикалық белгі бар: бірге жазу, бөлек жазу, дефиспен жазу. Дефис болса, болашақта бірігеді деген сөз. Мысалы, мекенжай сөзі (мекен-жай) дефиспен жазылды, ал қазір бірге (мекенжай) жазылады. Тілдік сана осындай процестен өтіп отыр. Осындай графикалық таңбалар арқылы түсіндіргенде түсінікті болады. Фразеологизмдердегі атауыштық мағынадағылардың барлығы бірігіп жатыр. Мысалы, «ақсақал» деген сөзді бөлек жазайық деп ешкім айтпайды. Өйткені сіңісіп кетті.

Біріккен сөздерге қатысты сындар айтылды. Оның ешқашан бітпейтіні анық. Өйткені Қ. Жұбанов айтып кеткендей заңсыз қосынды. Қазақтың ұғымындағы біріккен сөз процесте ғана жүреді. Тіл дамыған сайын, анықтықтан қанықтыққа қарай өткен сайын біріккен сөздердің орфограммасында өзгерістер болады.

Бөлек жазылатын сөздерді бөлек жазылатын сөз дегеннен гөрі атауыштық тіркес деп атадық. Екі сыңардың біреуі анықтайды, біреуі анықталады. Мысалы: *төсқалта, қолорамал, төсқалта* деген сөздер атауыштық тіркес.

«Күнәсінан», «күнәсіна» деген сөздердің жазылуына байланысты Орфографиялық жұмыс тобының отырысында талқыға салғанбыз. Ұлттық комиссияға ұсынған кезде Тіл білімі институтының ғалымдары келіспейтіндігін айтты. Желтоқсан айында Тіл білімі институтының ғалымдары «күнәсінен» сөзін «күнәсінан» деп өзгерттік. Бірақ біз о бастан сіздердің айтқандарыңызды ескеріп, жинақтап жазуды ұсынған болатынбыз.

Біздің қысқарған сөздер барлық уақытта дауыссыз-дауысты-дауыссыз немесе дауысты дауыссыз болып қысқармайды. Қазақ тіліндегі қысқарған сөздер көп жағдайда дауыссыз дыбыстардан тұрады.

Тыңдағандарыңызға көп рахмет!

А.Сейітбекова: Құрметті Орфография жұмыс тобының мүшелері, сауалнама жүргізу барысында 100 адамның аз болатындығын айттыңыздар. Курс сәуірде басталды, бар болғаны екі-ақ ай болды. Жоспар бойынша бекітілген 2400 адамның барлығынан ала алмаймыз ғой. Сондықтан да біз басымдықты 72 сағаттық курстан өтіп жатқан мамандарға береміз. Мамандардың құрамында прокуратураның қызметкерлері емес тіл мамандары отыр. Сонымен қатар ЖОО-ның тіл мамандары, оқыту орталықтарының тіл мамандары, мектеп мұғалімдері бар. Біздің жасап отырған сауалнамамыздың масштабы осындай болады. Сауалнама ары қарай жалғаса береді. Біздің алып келген ұсыныстарға жазбаша түрде болсын жауабы берілгені жөн. Оқыту барысында қиындық тудырған емле ереженің тармақтарына жауаптарыңызды күтеміз.

Г.Мамырбекова: Емлеге қатысты ұсыныстар 1 адам болсын, 10 адам болсын қалың бұқара тарапынан келді. Бізбен байланысқа түсіп, тіл тағдырына жанашырлық танытып ұсыныс бергендіктен, осында алып келуге міндеттімін. Грамматологиялық негіздерге сүйене отырып анықтау, бекітілетін емледе түзету-түзетпеу сіздердің құзырларыңызда**.**

О.Жұбаева: Менің ұсыныстарым түгел қамтылған жоқ. Мен «күнә», «күман», «куә» сөздеріне қосымшалар жуан жалғануы керек деген болатынмын. «Қазақ әдебиеті» газетінде шыққан Рабиға апайдың мақаласы да ескерілмей қалған. Агрессия өте басым дейсіздер. Пікір білдіргендердің барлығын теріс қабылдамау керек. Кірме сөздерде дауыстылар болса фонетикалық, дауыссыздар болса түпнұсқалық принцип сақталады дейді. Бұны тағы да ғалымдардың талқысына салу керек. Себебі миға сыймайтын принцип. Сөз өз ішінде екі түрлі принципке негізделуі мүмкін емес. «Русский» дегенді «рүскі» демейміз ғой, «орысша» дейміз. «тауқымет», «ақырет» деген сөздерде «қ» әрпі ешқашан «і» -мен тіркесе алмайды. Кезінде А.Байтұрсынұлы да солай айтып кеткен. «тауқімен», «ақірет» деп жазғанымыз дұрыс емес. Осындай ұсыныстарым ескерілмей қалды. Берілген жауапқа қанағаттанып отырған жоқпын.

Ә.Асқар: Баршаңызға рақмет. Семинардың екінші бөлігі осы жерде сағат 14.30 жалғасады. Жұмыс тобының әрбір мүшесі алдын ала ескертілген. Ұсыныстарды қарап, бір тоқтамға келуіміз керек.

Сәттілік болсын!

II БӨЛІМ

Е.Тілешов: Құрметті әріптестер, төрт көзіміз түгел жиналып отырмыз. Алматылық ғалымдарға, алыстан келген азаматтарға рахмет! А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтына және оның директоры Ерден Задаұлына рахмет! Біздің ұсыныстарымызды қабылдап, ғылыми кеңес өткізіп, пунктуациялық ереженің жобасын әзірлеп берген Институт ұжымына сонымен қатар О. Жұбаеваға рахмет! Іштей ойларыңызды қорытып, жүйелеп отырыңыздар. Емле ережеге байланысты тағы да бетпе-бет кездесуіміз керек. 6 ай бұрын бекітіп 6 жылдан соң қайтып келгеннен гөрі, кешігіп болса да сапалы дүниені жасағанымыз жөн. Рухани жаңғырудағы басты жұмысымыз осы болғандықтан аса үлкен жауапкершілікпен қарауымыз керек. Жүздеріңізден мені құптағандарыңыз көрініп тұр, рахмет! Алматыға жай өткізу үшін келіп отырған жоқпыз, ақылдасу үшін келіп отырмыз. Міндетті түрде ғалымдардың сынына салынуы керек. Ең бастысы ғалымдардың пікірлерін сараптауымыз керек. Алғашқы сөзді О. Жұбаеваға береміз.

О.Жұбаева: «Сәлем - сөздің қазынасы», - дейді. Жалпы тыныс белгі не үшін қажет? Ауызша айтылған сөзде немесе санамыздағы ойды хатқа түсіру үшін қажет. Біз осы ережені дайындау барысында 3 түрлі принципті басшылыққа алдық. Біздің ойдан шығарып отырған дүниеміз емес, жалпы Тіл білімінде басшылыққа алынады. Бірінші – логикалық принцип. Сөйлегенде логикадан ауытқымай мағынаны қаншалықты бере аламыз? Дефисті (-) сызық деп алып отырмыз. Мысалы: *Жүз – жиырма беске бөлінеді* десек мағына түсінікті. *Ал жүз жиырма – беске бөлінеді* десек те түсінікті. Яғни сызықтың

қойылған орнына қарай айтушының негізгі ойын түсін аламыз. Бұл – логикалық ұстаным. Келесі грамматикалық ұстаным. Ол тілдің барлығында бар. «Өзін өзі тану» деген мектеп бағдарламасындағы оқулығымыз бар. Егер оқулықтағыдай «өзін-өзі таныды» дефис арқылы жазылса әрі қос сөз болатын болса, ол бір ғана сұраққа жауап беруі керек. Бір ғана сұраққа жауап бере алмайды, бір ғана сөйлем мүшесі бола алмайды.

- Кімді таныды?
- Өзін таныды.
- Кім таныды?
- Өзі таныды?

Екеуі екі түрлі сұраққа жауап беріп тұр, сондықтан бір сөйлем мүшесі бола алмайды. Егер *өз-өзін таныды* болса, бір ғана сұраққа жауап бере алатын еді. Бұл – грамматикалық ұстаным. Үшінші интонациялық ұстаным. Интонацияны тыныс белгі арқылы көрсетеміз. Мысалы, «*қап бүгін келе алмады»* үтір қоятын болсақ интонация қапта емес деген сөз. Соңынан леп белгісі қойылатын болса, өкініштің күшті екенін білдіреді. Интонация бәсең, қарқынды болмайтын болса үтір қоямыз. Сөйлемнің хабарлы, сұраулы, лепті сөйлем болатынын осы интонацияның арқасында танимыз.

Біз емлені құрастыру барысында негізінен үш ұстанымды басшылыққа алдық. Кейбір тұстарда грамматикалықты да, интонациялықты да, логикалықты да бірге ұстануға тура келеді. Тек қана интонацияның соңынан қуалап кетіп қалуға болмайды немесе тек қана грамматиканың соңынан кетіп қалуға болмайды. Интонацияда неше түрлі кідіріс бар. Егер кідірген жердің барлығына тыныс белгі қоятын болсақ, сөйлем түсініксіз болар еді. Әркім әртүрлі кідіріс жасар еді. Бұл біздің емле ережесіндегі ерекшеліктеріміз.

Тыныс белгілердің барлығын шартты түрде үшке бөлдік. Сөйлемнің соңында келетін тыныс белгілер: нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі. Сөйлемнің ішінде келетін тыныс белгілерге қос нүкте (:), дефис (-), сызықша (–) т.б.

Әртүрлі позицияда келетін тыныс белгілерге сөйлемнің басында да, ортасында да, соңында да келетін тыныс белгілер жатады.

Біздер осы уақытқа дейін **сызықша** деп аталып келген терминнің орнына «**сызық»** деген терминді ұсынамыз. Себебі қазіргі кезде Н.Уәлидің, А. Сыздықованың т.б дефисті «сызықша» деп қолданудың қате екендігі туралы мақалалары бар. Қазақ тілінде – ша, - ше қосымшасы кішірейту мәнінде жұмсалады: *сандық* – үлкен болса*, сандықша*- кішілеу. Ұзын сызықты – **сызық (**–), кішкентай сызықты – **сызықша** (-) деп алуды ұсынамыз. Қытай халықтарының пунктуациялық ережелерінде осылай қалыптасқан.

Ахмет Байтұрсынұлы: «Халық өмірі бір жылдап, он жылдап, хәттә жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзақ өмірінің ішінде һәр халықтың дағдылы тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздерінің біріне-бірі жалғасып тізілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады. Һәр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде һәм сондай басқалық болады. Біздің жасынан орысша я ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды, я жазса да қиындықпен жазады. Себебі жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық. Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай сөзінің жүйесімен тізсе, ол нағыз қазақша болып шықпайды. Қазақ тіліндегі сөздердің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдану болып табылмайды. «Тілді қолдана білу» деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді және сол сөздерді сөйлем ішіне орын-орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз» деген болатын.

О.Жұбаева ережемен таныстырып шықты.

Е.Тілешов: Орынай ережемен жалпы таныстырды, сұрақтар, ұсыныстар болса Айман апайдың екі сұрағы бар екен. Сөздің кезегін берейік.

А.Алдаш:

1) Логикасы бар, грамматикасы бар, семантикасы бар сөздерде тыныс белгілер көп болуы керек пе? Қалай ойлайсыз?

2) Рабиға апайдың анықтағышында «тыныс белгілері», «ережелері» деп қолданған. Ал сізде «тыныс белгі атаулары» деп ықшамдалады екен. Ертең бұл бекітілетін болғандықтан, проблемаға ұшырап қалмаймыз ба?

3) Мәтін бойынша тыныс белгісі жақсы көрінеді. «Логикалық ұстаным үтір (,), грамматикалық ұстаным үтір (,)» әрі қарай мәтін кетеді. осы тұстан түсініксіздік орын алған.

4) Ғылыми тексте мысалы дегеннен кейін үтір (,) қойылады немесе қос нүкте (:) қойылады. Бірақ «мәселен» дегеннен кейін қос нүкте (:) қойылғанын көрген жоқпыз.

5) Дәстүрлі түрде «*Ол кім? Бұл не? Мұның не?»* деген сөйлемдердің арасында сызықша қойылған (*Ол - кім? Бұл - не? Мұның - не?).*

О.Жұбаева: Рахмет! Қандай да бір сұрақ, ұсыныс болса қуана-қуана қабылдаймыз. Кейбір жағдаларда сөйлемді дұрыс түсіну үшін таңбаларды қабат қолдануымыз қажет болады. Жүйелі түрде үш ұстанымға негізделіп, мағынаны айқын жеткізуге бағытталса қатар таңбалар қойылады. Бей-берекет қолданылғанын мен де қолдамаймын.

Р.Сыздықованың және көптеген ғалымдардың еңбектерінде «ережелер» деп қолданылады. Ал қазақ тілінің негізгі заңдылығына сәйкес «ереже» деп қолданғанымыз жөн. Өйткені тұтас дүниені «ереже» деп атайды. Мысалы*: «Дүкенде кітап сатылады»* деген сөйлемде *кітаптар* деп айтпаймыз ғой, сондықтан жалқы емес жалпы мағынаны беріп тұр. *«Тыныс белгі»* дегенде бір ғана тыныс белгіні алмаймыз ғой, жалпы тыныс белгілерді айтамыз. Сондықтар *«ереже»* сөзі де дәл солай.

«Атап айтқанда» сөзінен кейін кей жағдайда қос нүкте, кей жағдайда үтір қойылады. Міндетті түрде контекске қарау керек. Сұраулы шылаулар келетін жерлердің барлығында сұрақ белгісі қойылады десек қателесеміз.

Рабиға апайдың принципі бойынша «Бұл – Қасен» дейтін болсақ нүкте (.) қойылады. Тұтас сөйлем болып тұр. Есімдік бірден-бір зат есімнің орнына жүретін сөз табы. «Не» есімдігі есім сөздердің орнына жүреді. «Бұл не?» деген сөлйем сұраулы сөйлем болғандықтан, интонация қатысып тұр. Сондықтан тұтас сөйлем болып тұр.

Р.Сыздықованың ұстанымдарына 100 % қосыламын. Ол кісі орыс тіл білімінің ұстанымдарын басшылыққа алмауымыз керек дейді. Мен кітап оқыдым, ал ол газет оқыды. Біздің тілімізде орыс тіліндегідей сызықша қоюдың ешқандай қажеті жоқ. Рабиға апайдың осы ұстанымын толық құптаймыз және қолданамыз. «Кітап үстелде, бала алматыда» десек сызықша (-) қоймаймыз. Осы жерде тема, реманы дұрыс ажыратуымыз керек. *«Асан - инженер»* дейтін болсақ *Асан* – бастауыш, *инженер* – анықтауыш, ал *«Инженер - Асан»* дейтін болсақ сөйлемдік құрылымнан да айырылған жоқ.

Құрмалас сөйлемдерді айтқан кезде ыңғайлас мәнді құрылымдар дейсіз. Салаласа, сабақтаса байланысқан құрамында ыңғайлас мәнді сөздері бар деген дұрыс болар еді. Мысалдарда қателер кездесті. Тармақтарыңызда қайталанып кеткен тұстары көп. Көлемін көбейтудің қандай қажеті бар? Сайып келгенде сызықшаның қойылатын орнын да қайта қарау керек.

Н.Рсалиева: «Жел ме, жылан ба бірдеңе ызылдайды» деген сөйлемде сұранып тұрғаны үтір (,) ғой. *Демек, ендеше* сөздерін қайта қарау керек. Ол жерде үлкен ой тоқтауы бар екендігі көрініп тұр.

О.Жұбаева: Мен оны алып тастаған жоқпын, үтір (,) қойылған. Демек, ендеше деген сөздерден кейін міндетті түрде үтір (,) қойылады, себебі олар қыстырма сөздер.

Қ.Күдеринова: Рабиға апайдың анықтағышынан қандай артық параграфтар қосылды. Тарау саны нешеу?

О.Жұбаева: Барынша таратуға тырыстық. Себебі құрылымдық грамматика емес, функционалдық-семантикалық мәселелерге, парадигмаларға байланысты реңдерді көрсеткенде біраз нәрсені дамытып жалғастырдық. Негізінен Р. Сыздықованың еңбектерін басшылыққа алдық. *Құнанбайдың әжесінің үтір (,) Зеренің* деген сөйлемде үтірдің орнына сызықшаны (-) қоюды жөн санадық. Өйткені оқып отырған оқырман Құнанбайдың әжесі және Зерені екі адам деп ойлап қалуы мүмкін. Атай септігі тұлғасындағы сөздерге біраз өзгерістер енгіздік. Қазір құрастырып отырған ережеміз соңғы емес, жасалу процес үстінде. Сондықтан біз нақты санын тиянақтап шығарған жоқпыз. Ғылыми кеңестің талқысына ұсынылды, енді өздеріңізге тағы да ұсынамыз.

Е.Тілешов: Орынайға рахмет! Үлкен еңбек, үлкен жұмыс. Әлі де талқылау жалғасады. Атқарып жатқан жұмыстардың кестесін жасап алуымыз керек. Топ-топқа бөлініп қараймыз ба? Алдағы уақытқа жоспар жасауымыз керек.

Ж. Жақыповтың ережеге сараптамалық пікірі

Жалпы пунктуация мен әліпби дегеннің екеуі екі нәрсе. Екеуін біріктіретін тек қана жазу кеңістігі. Р. Сыздықова XXI ғасырға жететіндей ережелерімізді жасап берді. Үлкен жұмыстар жасалып жатыр, қауырт болғаны да көрініп тұр. Орфографияның пунктуациядан қиындығы объективтілігі мен субъективтілігі бірге жүреді. Жазушы өз шығармасында қалай тыныс белгісін қойғысы келді, солай қоды. Оған ештеңе айта алмаймыз. Маған сараптама жаса дегеннен кейін жалпы шолу жасадым. *«Ереже»* дегеннен гөрі *«ережелер»* деген шындыққа келеді. Пунктуациялық ереженің кіріспесі өте ғылыми болып кеткен. Кіріспеде пунктуацияның маңызы, пунктограмма, тыныс белгілер туралы нақты мәлімет, пунктуациялық жағдаят туралы айтылғаны ұтымды деп есептейміз. Нүкте дегеннің 6 тармағын ашыңыздар, осыған байланысты мынадай ой келді. Лингвистикалық анықтамалық әдебиетте мысалыға лингвистикалық мәтіннен келтірген ұтымды деп ойлаймын. Өмірден бе, басқа саладан ба алған дұрыс деп ойлаймын. I тармақтағы сұрақ белгісін қарайық. I тармақшасын қате деп есептеймін және «Г» тармақшасын күмәнді деп есептеймін. «кім білсін, жақсы болып кетер» деген сөйлемдерге сұрақ белгісі (?) келмейді. Осы тармақтың д, е, ж, з, и, к, қ, м тармақтарының ереже мәтініндегі бірліктердің орнын ауыстыру керек. Мұнда стильдік мәні дұрыс емес.

II тармақ. Оларда мәтін толық жазылмаған.

III тармақ. Жарыспалы байланыста келген анықтауыштың арасына үтір қойылады.

VI тармақ.

Ж.Жақыпов:

Шұбыртпаға байланысты қойылатын тыныс белгілері

- Қағидаттарда Қазақстан Республикасындағы кадрлық саясат пен мемлекеттік қызметкердің қарекеті міндеттілік сипатында болатыны; нормалар және ескертулер жүйесімен реттелетіні; қоғам, билік, жеке адам – үшеуінің арасында үйлесімді қатынастар тудыруға бағытталатыны; жоғары деңгейдегі құзыреттілік, кәсібилік, жауапкершілікті талап ететіні тұжырымдалған.

Шұбыртпаға байланысты қойылатын тыныс белгілері

Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар:

- *– әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек;*
- *– екінші – сол нәрсені естігенде я көргенде ғибратлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек;*

- *– үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек;*
- *– төртінші – ой кеселді нәрселерден қашық болу керек (5)* (Абай, 31-сөз).

Шұбыртпаға байланысты қойылатын тыныс белгілері

Зинhар, сендерден бір сұрайын деп жүрген ісім бар.

Осы, біздің қазақтың өлген кісісінде жаманы жоқ, тірі кісісінің жамандаудан аманы жоқ болатұғыны қалай?

Қайраты қайтқан шал мен жастың бәрі бітім қылады, шалдар өзді-өзі құрбыдан айрылып азайып отырса да, бірі мен бірінің бітім қылмайтұғыны қалай?

Бір елдің ішінде жамағайынды кісі бірге туғандай көріп, іші елжіреп жақсы көріп тұрып, елге келсе, әрі-беріден соң қайта қашқандай қылатұғыны қалай?

Жаттың бір тәуір кісісін көрсе, «жарықтық» деп жалбырап қалып, мақтай қалып, өз елінде сонан артық адам болса да, танымайтұғыны қалай?

Бір жолаушы алыс жерге барған еліне өз елін мақтаймын деп өтірікті сыбап-сыбап, қайтып келген соң, сол барған, көрген елін, жерін мақтап өтірікті сыбайтұғыны қалай?

Қай қазақты көрсем де, қай баласы жасырақ болса, оның басынан пәрмене болып жүріп, ержеткен соң суық тартатұғұны қалай?

Біреудің ағайыны торқалы той, топырақты өлімде, адалдық берекеде алысуға табылмай барымта алалық, ұрлалық десе, табыла қоятұғыны қалай?

Бәйгеге ат қоссаң, атыңды тартыспайтұғын ағайын, атың келсе, бәйгесіне өкпелейтұғыны қалай?

Баяғыда біреу біреуді пәлен жасымда жарықтық атым арып келе жатқанда пәлен жерге жеткізіп салып еді деп, өлгенше айта жүруші еді. Осы күнде бұл жылғы берген ендігі жылға жарамайтұғыны қалай?

Байдың баласы кедей болса, ұрлық қылуға арланбайды, байға кірісуге арланатұғыны қалай?

Екі жақсы бір елде сүйіскен достығында тұра алыспайды. Кейбір антұрғандардың тым-ақ тату бола қалатыны қалай?

Біреуді досым деп ат беріп жүрсең, оған сенің бір дұшпаның келіп бір тай берсе, бұзыла қалатыны қалай?

Күнде тілін алатұғын достан кейде бір тіл ала қойған дұшпанға кісінің өле жаздайтұғыны қалай?

Көп кісі досым жетілсе екен демейді, егер де бір жетілсе, бағанағы досына бітімі жоқ дұшпан сол болатұғыны қалай?

Кей жұрт ақыл айтарлық кісіні іздеп таба алмайды. Қылығының қылшығын танитұғын кісіден қашық жүретұғыны қалай?

Біреу біреудікіне келгенде, үйіндегі малының бәрін де айдап келіп, өз үйіне кісі барғанда бар малын далаға айдап жіберетұғыны қалай?

Тыныштық іздеп таба алмай жүрген жұрт тыныштық көрсе, сәтке тұрмай, тыныштықтан жалыға қалатұғыны қалай?

Елді пысық билегені несі? Пысықтың бәрі кедей келетұғын несі?

Тоқал қатын өр келетұғыны несі? Кеселді кісі ер келетұғыны несі? Кедей кісінің кер келетұғыны несі?

Нәпсісін тыйып, бойын тқтатқан кісінің жаман атанып, нәпсісі билеп, мақтанға еріп пәле шығарған кісі мықты атанатұғыны несі?

Қазақтың шын сөзге нанбай, құлақ та қоймай, тыңдауға қолы да тимей, пәлелі сөзге, өтірікке сүттей ұйып, бар шаруасы судай ақса да, соны әбден естіп ұқпай кетпейтұғыны қалай?

Телінбе құрылымға қатысты қойылатын тыныс белгілері

Жазылымда екі түрлі тыныс белгілерімен таңбаланып жүр. Негізінен, нүкте дұрыс

- *Оң жағынан біреу кеп қолтықтап алды. Қасболат* (Т. Ахтанов).
- *Мен Нарботаның баласымын дегенсін айтқаны ғой, атан деп* (Х. Есенжанов).
- *Аниса у мен қорқыныштың әрекетінен қайтыс болды. Ауруханада, дәрігерлердің көзінше* (А. Абсалямов).
- *Қонақтар даңқына қанып келген, бұл совхозда қос домбырашы бар. Бірі жас та, бірі мосқал* (Т. Әлімқұлов).
- Сөйлемдер\ *Кім білсін, жақсы болып кетер. Қайдан білейін, барып та қалар.*
- *Ереуіл атқа ер салмай Ерлердің ісі біте ме.*
- *Үмітсіз – шайтан. Көп – қорқытады, терең – батырады. Өршіл, намысшыл жас – отаншыл, патриот келеді, халқына, өз ұлтына адал қызмет етуге ұмтылады* (Н.Ә.Н.).
- Ойыл екеу: *бірі – ащы, бірі – тұщы.*
- Біздің жауабымыз – Оралбайды білмейміз. Бар ойы – өлең айтып, ән салалық [Мысалдар Р.Сыздықтың «Анықтағышынан» (73-б.) алынды]. Дос пен жолдастың айырмашылығы – бірі жанын берер, екіншісі пана болар
- *Синекдоха деп сөз мағынасының бүтіннің орнына бөлшекті, жалпының орнына жалқыны, үлкенның орнына кішіні қолданудың және керісінше қолданудың негізінде ауысуын айтамыз.*

Сонымен, бейімделу үдерісін, егер:

- жұмыс жаңа адамның бойында ширығу, қауіп, сенімсіздік сияқты сезімдер тудырмаса;

- қызметкер кәсіби құзыреттіліктің ең төмені деп талап етілетін деңгейін көрсете алса;

- жаңа адамның мінез-қылықтары өзінің лауазымы мен корпоративтік мәдениет стандарттарының талаптарына жауап беретін болса;

- қызметкер жұмысының көрсеткіштері ең аз деп белгіленген стандарттарға сай болса;

- жаңа адамнан кәсіби жетілуге деген ниеті мен сол кәсіппен өзінің болашағын байланыстыратыны көрініп тұрса;

- жаңа адам өзінің орындаған жұмысына қанағаттанатынын сезінсе, қосқан үлесіне берілген бағаны әділ деп есептесе – аяқталды деп санауға болады.

Қ.Қалыбаеваның ережеге сараптамалық пікірі

1. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты даярлаған «Қазақ тілінің пунктуациялық ережесінде» пунктуацияны қоюда үш түрлі ұстаным басшылыққа алынған. Олар: 1. логикалық (мағыналық); 2. грамматикалық; 3. интонациялық ұстаным. Әрі қажетіне қарай ол ұстанымдарды қатар қолданғаны байқалады.

2. Пунктуацияны өз ішінен сөйлем мағынасын ажыратуға қатысатын тыныс белгі және шартты белгі деп жіктеп алған да екі қызметті атқаратын пунктуациялық белгілердің алдымен тыныс белгісі болатын қызметін, кейін шартты белгі болатын тұстарын нақты мысалдармен көрсеткен.

3. Пунктуациялық белгілерді сөйлемнің басында, ішінде және барлық позицияда келуіне қарай саралаған.

4. Сұрақ белгісі мен леп белгісінің қандай сөйлемдерде, қандай мәнде, қандай қызмет атқаратыны мысалмен нақты берілген (**ж**ақсы көру, сүйсіну мәнді, жауапты керек етпейтін сөйлемдер**; о**йын нықтау, нақтылау мәнді, жауапты керек етпейтін сөйлемдер; өкініш, реніш мәнді, жауапты керек етпейтін сөйлемдер; ұрсу, зеку мәнді, жауапты керек етпейтін сөйлемдер; **ә, сірә** күшейткіш мәнді көмекшіден кейін; *шығар, болар, ғой* т.с.с. көмекшілермен келген, *амал не? амал нешік? шараң не?* т.с.с. тіркестермен келген сөйлемдер, т.с.с.).

5. Функционалдық стильдер (көркем әдебиет, ғылыми стиль, публицистикалық стиль) қамтылған.

6. Пунктуацияға қатысты метатілге өзгерістер енгізген. Мысалы, дефис сөзінің орнына сызықша, тире сөзінің орнына сызық атауын алған. Мұнысы сәтті шыққан. Себебі өз тілімізден балама табылып тұрғандықтан, шеттілдегі нұсқасын берудің қажеті жоқ әрі қазақ тілінде -ша/-ше жұрнағы кішірейту мәнді білдіреді.

7. Нүктенің, сызықшаның (дефис) шартты белгі ретіндегі қызметі көрсетілген.

8. Бірыңғай мүшелерден кейін келетін үтірлер мен салалас құрмалас сөйлемдердің (ыңғайлас мәнді) арасына қойылатын үтірлердің жазылу, түсіп қалу ұстанымдары бірдей болып шыққан. Мұнысы да сәтті. Сол арқылы үтірдің қойылу принциптері сақталған. Бұрынғы анықтағышта бірыңғай мүшелердің арасында үтір қойылмағанмен, салалас құрмаластың арасына қойылатын. Дұрысында, да, де жалғаулық шылауының қызметі барлық жерде бірдей болуы тиіс.

Бірыңғай мүшелердің арасында *не, немесе, я, яки, әрі, әлде, да* жалғаулықтары қайталанып келсе, үтір қойылады: *Ол «ымһ» деген лепте көп мән бар еді. Түні бойы ойнап, шаршаған балдырған денесінің әнтек дамылдап сая тапқаны* ***да,*** *ойында Байманмен сөйлескені* ***де,*** *оның артынан қиялына келген шіли-міли сұлу елестер* ***де,*** *жаңағы «қол ұстардың» сән-салтанатына қызыққаны, жек көргені, күңіркегені* ***де,*** *содан барып жаман Тұяқпен қол ұстайтыны есіне түсіп, оған мойны жар бермей, қапастағы торғайдай жүрегінің бұлқынғаны* ***да*** *– бәрі де – сол толған көкіректің «ыһы» деп қыңқ еткен жалғыз дыбысымен сыртқа шығарған лебізі еді* (Ж.Аймауытов). *Теріскейден соққан желдің екпіні әрі күшті, әрі суық (С.Мұқанов). Өзінің айдалада жатқанын* ***да****, аулын* ***да****, басқа дүниені* ***де*** *ұмытты* (Ж.Аймауытов). *Я алшымнан, я тәйкемнен түсетін күннің есігі бүгін ашылғандай* (Ғ.Мүсірепов). *Айтып тұрғаның* ***әлде шын, әлде өтірік. Әрі сұлу, әрі ірі, әрі жорға*** *бурыл атты мініп жүру қандай тамаша!* (С. Мұқанов).

9. Бірыңғай мүшелерден кейін келетін *тағы басқалары, тағысын тағылар, тағы сондайлар* деген сөздердің толық не қысқарған түрлерінің алдынан үтір қойылатыны туралы қағиданы да құптауға болады. Себебі олар бірыңғай мүшелердің қатарын толықтыра түседі. Ал ол сөздерден кейін *және* шылауы келсе, үтір қойылмайды. Бұл да – бірыңғай мүшеге тән ерекшелік.

- Бірыңғай мүшелерден кейін келетін *тағы басқалары, тағысын тағылар, тағы сондайлар* деген сөздердің толық не қысқарған түрлері келсе, бұлардан бұрын, яғни бұлардың алдынан үтір қойылады: *Ал тау мен беткейге, тау етегіндегі жазықтарға өсетін шөптерінде есеп жоқ десе болады****:*** *жусан, изен, қияқ, өлең шөп, еркек шөп, көкпек, желкек, шытыр, сасыр, бидайық, мысыққұйрық, аюжүн, теңгежапырақ, шайшөп, селеу, кекіре, адыраспан, қызғалдақ пен бүлдіргеннің, жуаның бірнеше түрі****, тағы-тағылар*** (Б.Нұржекеев). *Талдықорған жерінде түрлі-түрлі құмдар бар, олардың аты да алуан-алуан: Оймаққұм, Қодарқазған, Жиекқұм, Майбүйрекқұм, Қарақұм, Татырқұм, Ниязқұм, Мәтіқұм, Айдарлықұм (мұндай атты құм Алматы облысының Іле бойында да бар), Тасқұм, Кенеребармақ құмы, Қозыжота, Тасжон****, тағы-тағылар*** (Б.Нұржекеев). *Жүзу, суға қарғу, жарысу, секіру, жаяу және шаңғы жорықтарына шығу****, т.б.*** *адамдардың шеберлігін қалыптастырады* (Қ. Жарықбаев, Психология).

10. Ойды нықтау, шегелеу мақсатымен бір сөз бірнеше рет қайталанған жағдайда араларына үтір қойылатыны (***Жоқ, жоқ, жоқ! Өзі, өзі*** *жетуі керек! Қарағым,* ***мықты бол, мықты бол!***) көрсетіліп, жаңа қағидалар енгізілген.

11. Көмекші қызметте келген *ғана, ғой,* т.с.с. шылауларымен келген тыныс белгілердің (үтір, сызықша) функциясы сақталатыны туралы тұжырым да құптарлық.

- Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдердің алғашқы сөйлемі шартты рай тұлғасында келіп, одан кейін көмекші сөздер тіркессе де, үтір қойылады: *Өз тәжірибесінде әрбір суреткер әдеби әдісті авторлық идеалына, шығарма мақсатына байланысты үнемі құбылтып, өзгертіп жаңашылдықпен пайдаланса* ***ғана,*** *жалынды шабыттың айдын шалқарын таппақ* (Р.Нұрғалиев).

12. *-ғанда/-генде тұлғалы етістікті -ған/-ген кезде, -ған/-ген шақта, -ған/-ген мезгілде, т.с.с. түрінде алмастыруға болса, яғни мезгіл пысықтауыш болған жағдайда үтір қойылмайтыны туралы тұжырыммен де келісуге болады: Баймағамбет тұрып есікті ашқанда ар жағында тыстан қайтып келе жатқан Әйгерім көрінді* (М.Әуезов).

13. Тыныс белгілердің позициялары сараланып, нақты берілген. Мысалы: үтірдің **оқшау сөздермен (қаратпа, қыстырма, одағай) келуі, т.с.с. Әр позиция нақты мысалдармен дәйектелген (***Не, несі бар, не бопты, немене, қалай* сияқты сөздер автордың сезіміне байланысты қолданылғанда, қыстырма сөз ретінде үтірмен бөлінеді. Мысалы: ***Немене,*** *күн ұзын бипазданып болмағаның? – деп шайын ұрттай бастады* (Ж.Аймауытов). ***Несі бар****, «Ердің құны, нардың пұлы», – деймісің? – деп Шекердің де жыны ұстап, бастырмалатып шығып кетті* (Ж.Аймауытов). ***Не,*** *бәрің осы баланы мүйіздей бересіңдер? (Ғ.Сыланов). Мысалы, мәселен* деген сөздер қыстырма ретінде келсе, үтір қойылады: *Мысалы, Омбының сол кездегі зор үйі – Омбы темір жолының басқармасы – Қызылжарда жоқ (С.Мұқанов).* **Мысалы,** *таза мыс электр тогын жақсы өткізеді (Р.Сыздық). Тым болмаса, ең болмаса, тым құрыса, тым құрығанда, т.с.с. қыстырма сөздермен келген сөйлемде үтір қойылады. Кім білсін, неге екені белгісіз, қайдан білейін, кім білген, қайдам,* т.с.с. сөздер мен тіркес түрінде келген қыстырма сөздерден кейін үтір қойылады, **-са керек** тұлғалы қыстырма сөздерден кейін үтір қойылады, т.с.с.

14. Төл сөз хабарлы сөйлем болып, толық аяқталғанмен, одан кейін келетін автор сөзінен бұрын үтір (мен сызықша) қойылатыны туралы арнайы қағида берілуін де құптаймыз.

Төл сөз автор сөзінен кейін келсе, арасына қос нүкте қойылады: Әсіресе шырт ұйқыда жатқанда: *«Тұр, қозы ағыт!» – деп, байдың бүйірден теуіп оятқаны-ақ жаныңа батады-ау* (Ж.Аймауытов).

Сұраушы жігіт: «Дұрыс», – деді де:

– *Берген парасын қайда жібереміз? – деп тағы сұрады* (Ж.Аймауытов).

Арғын, қыпшақ сарбазының ішіндегі бас адамдар кеңескенде Әбдіғапар тұрып: «... Қала түбінде бір жеті кідіріп, елімізге тарайық», – дейді (М.Дулатов).

- *Бетін сипар-сипамаста, Әбежанға қарап:*

– *Өй, сайтан-ай! Жоқ жерде ойнайсың-ау, – деп Желдібай ұшып түрегелді* (Ж.Аймауытов).

15. Төл сөз бен автор сөзінің арасында келетін *деп* сөзіне байланысты тұжырымдар да сәтті шыққан, нақты дәйектермен негізделген, бұрынғы ережелерде жоқ, тың:

Деп етістігінен кейін басқа іс-әрекет жалғасатын болса, *деп*-тен кейін үтір қойылады: *Өмір жастарың ұзақ, үбірлі-шүбірлі болыңдар! –* ***деп,*** *күйеудің жібек орамалымен ұстаған қолын қалыңдықтың қолына айқастырды да жібек орамалды қалтасынан алды* (Ж.Аймауытов). *... Тәтті аузыңның дәмін кетірме, –* ***деп,*** *Күнікей оған да болмады* (Ж.Аймауытов).

Деп етістігі іс-әрекеттің сипатын білдірсе, *деп*-тен кейін үтір қойылмайды. Мысалы: *... Берген парасын қайда жібереміз? –* ***деп*** *тағы сұрады* (Ж.Аймауытов). Шешесі:

«Ойбай-ай! Құдай атқан-ай? Не болды?» – *деп* жұмалап еді, қолын итеріп тастап, бүк түсіп, жастықты құшып, одан жаман кеңкілдеді (Ж.Аймауытов).

Төл сөзден кейінгі *де* етістігі анықтауыш қызметінде келсе, одан кейін үтір қойылмайды: *Еріктің туған ауылынан кеткеніне, сонда да мүлдемге емес, үш-ақ жыл болса да, өзін «осыншалық жат, өзгеше бір өгейлікпен қарсы алады»* ***деген ой*** *үш ұйықтаса түсіне кірген жоқ* (О.Бөкей). *Әнеугіден бері айналып-толғанып: «Бата бұзған барқадар таппайды... Ата-ананың қарғысына ұшыраған қыз оңбайды... Не де болса, талайыңнан көр... Құдайдың неден жарылқап, неден қарғарын қайдан білдің?..»* ***деген сияқты сөздерді*** *құлағына құйып отыратыны босқа кеткен жоқ екен* (Ж.Аймауытов). *«Не де болса бәлесін бір-ақ көрейін»* ***деген немеше*** *кегжең етіп, бас жібін (бұйдасын) шарт еткізді* (Ж.Аймауытов).

Деген сөзімен тіркескен сөз ықшамдалып, түсіп қалса да, үтір қойылады: *«Бетің қисық болса, айнаға өкпелеме»* ***дегенді*** *білетінмін* (Ғ.Мүсірепов).

Бастауыштан кейін сызық қойылуға тиісті сөйлемдерден кейін анықтауыштық қатынастағы (немесе зат есім мәнді) де етістігі келсе, сызық сақталады: *«****Ел иесі – Керімбай болғанда, мал иесі – Майлық****» дегенді осы ел тегін айтып жүр дейсің бе? – деп бір кетті* (Қ. Жұмаділов). *«Соншама затты қолдан бергенде, ертеңгі күнім не болады? Ақымаққа белгілі нәрсе емес пе?* ***Арты – сотталу! Түрме! Түрмеде шіру!****» деген ой миымды шырмап алып, қалайда сыртқа шығып, айқасып, дүкенді тонатпай, аман алып қалу* (З.Нұртайұлы).

16. Қабаттаса берілетін, қатар келген тыныс белгілердің қойылуы туралы тұжырымдар да нақты, сәтті шыққан: Бастауыштан кейін сызық қойылуға тиіс сөйлемдерде бастауыштан кейін қыстырма сөздер тұрса да, сызық қойылады: *Себебі кемпірдің әлгі айтылған жас сәбиден бөтен күндіз ермек ететінінің бірі –* ***ұршықты қоспағанда,*** *осы – Майлыаяқ* (Т.Жармағамбетов). *Пьесадағы жағымды және жағымсыз кейіпкерлер арасындағы* ***күрес – дұрысында,*** *ескі дүние мен жаңа дүниенің арасындағы болып жатқан таптық* ***күрес*** («Қазақ әдебиеті»). Бұл жерде қатар келген екі тыныс белгінің осы сөйлемдегі негізгісі сақталып қалады.

17. Ережедегі жақшаға қатысты қағидаттары да тың, жаңа:

Автордың ойын нақтылау үшін берілген сөз жақшаға алынады:

Манағы атына міне алмайтын кертанау мықыр Тұрсынға:

– Әбілет-ау, атың жүрмей келе ме? Неғып бақайын қыбырлатып келесің? Өлімдіктің қолына шыбық та түспегенін қарасайшы!.. – деп, Қара бәйбіше зығырланып, шабынса да, көштің орта кезіндегі қырсау қара атан мұрны созылып ауырған соң, «Не де болса бәлесін бір-ақ көрейін» деген немеше кегжең етіп, бас жібін ***(бұйдасын)*** *шарт еткізді* (Ж.Аймауытов). *Бидің ауылы өз руластары Күрті (Құртқа – ?) ұлы Есенбай бидің* ***(орысша құжатта «Курткин» делінген – А.Ә.)*** *және Мыңдәулет батырдың ауылдарымен бірге* ***(олардың әрқайсысында бір мың шаңырақтан болды)*** *Гурьев қалашығына қарсы Ақтөбе шатқалын жоғары өрлеген аумақта көшіп-қона алатын болды* (Қызықты психология).

2. Сөз болып отырған жайтқа қатысты автор қосымша ақпарат бергенде сөзі жақшаға алынады:

Өзге тілден енген сөз оқырманға түсініксіз болып қалмау үшін берілген баламасы жақшаға алынады: *Келе сала, екі иығынан ұстай алып:*

– Шәкенжан! Поздраф меня! ***(Құттықта мені).***

3. Мәтіннің немесе келтірілген цитатаның қайдан алынғанын көрсету үшін дереккөз жақшаға алынып жазылады.

18. Анықтағышта төл сөз бен автор сөзінің тырнақшаға алынған позициясы туралы ғана сөз болса, жаңа ережеде тырнақшасыз келген тұсы да қамтылған.

19. Автор сөзінің құрамында келген де көмекші етістігінің алдынан үнемі үтір мен сызықша келе бермейтіні туралы қағида да өте орынды:

Де көмекші етістігімен келген құрылымдар төл сөз бен автор сөзі болғанмен, есімше тұлғасындағы *де* етістігі анықтауыштық қатынаста қолданылса, төл сөз бен автор сөзінің арасына қойылатын сызық, үтір, қос нүктелер қойылмайды: *Сахна сыртынан Ремедиостың «Қазір барам!»* ***деген*** *даусы естіледі* (Ә.Кекілбаев). *Бұлар жөн айтысып, жөн сұрасып жатқанда әлдекімнің бажылдаған, оған араша түскен ересек біреудің «Ойбай, өлтірді-ау!» деген ащы айқайы шықты* (Б. Нұржекеев). *Еріктің туған ауылынан кеткеніне, сонда да мүлдемге емес, үш-ақ жыл болса да, өзін «осыншалық жат, өзгеше бір өгейлікпен қарсы алады»* ***деген*** *ой үш ұйықтаса түсіне кірген жоқ* (О.Бөкей). *Әнеугіден бері айналып-толғанып, «Бата бұзған барқадар таппайды... Ата-ананың қарғысына ұшыраған қыз оңбайды... Не де болса, талайыңнан көр... Құдайдың неден жарылқап, неден қарғарын қайдан білдің?..»* ***деген*** *сияқты сөздерді құлағына құйып отыратыны босқа кеткен жоқ екен* (Ж.Аймауытов). *Ауыл арасында «Бір тойда Ботахан абайсызда Абылайдың қалпағын қағып түсіріпті. Хан соған ашулы екен»* ***деген*** *әңгіме тарады...* (Қ.Жұмаділов). *Бірақ «тірі адамға ауыздан шығармайық, жабулы қазан жабуымен қалсын»* ***деген*** *ойға келіп тоқтады* (Ж.Аймауытов). *Бәріміз де осы баладан өскен жоқпыз ба?!* ***дескен*** *қолпаш сөздер естілді* (Қ. Жұмаділов).

20. Ережеде бірыңғай мүшелер мен олардан кейін келетін жалпылауыш сөздің арасында қыстырма сөз (не қыстырма тіркестер мен сөйлем) тұрса, қыстырма сөзден бұрын сызық, соңынан үтір қойылатыны, қатар келген екі тыныс белгінің доминанты негізге алынатыны туралы айтылған. Осы уақытқа дейін қатар келген тыныс белгілердің бәрі жазуда көрініс табатыны жайында сөз болатын да бір тыныс белгінің түсіп қалуы туралы айтылмайтын. Сондықтан бұл қағида да жаңа, тың әрі дұрыс.

21. Көп нүктенің «осы сипатта», «осы сияқты» деген мәнді білдіру үшін қойылатыны туралы тұжырым да тың: *Балшабай деген бар, кедейдің пайдасын сөйлейді, балшабайға жазылған кісіні ауылнай қылады, болыс қояды, қолына мылтық береді, «панимаш» мылтық береді, байдың малын, артық қатынын, жерін кедейге тартып әпереді... деген лақаптар шыққан соң, жатсам ұйқым, тұрсам күлкім келмеді* (Ж. Аймауытов). *Кедейді жақтайды, қызметке кедейді қояды, байдың малын кедейге әпереді... деген соң кірдік...* (Ж.Аймауытов).

22. Бұрынғы ереже, анықтағыштарда: «Бастауыш зат есімнен немесе заттанған (зат есімдік мәнге ие болған) басқа сөз таптарынан жасалып, баяндауыш та атау тұлғадағы зат есімнен не заттанған басқа сөз таптарынан болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады» деп берілген тұжырым жаңа ережеде: «Бастауыш та, баяндауыш та зат есім не затсымақтанған (А.Байтұрсынұлының термині) басқа сөз таптарынан болып, III жақ жіктеу тұлғасында келсе, арасына сызық қойылады» түрінде берілген. Дұрысында, қиыса байланысқан бастауыш пен баяндауыш атау тұлғада келмейді. Тұрпаты ұқсас болғанмен, бұл жіктік жалғауының III жақ тұлғасы. Сондықтан жаңа мазмұнды қолдаймыз. Осы ереженің негізінде өрбитін «Бастауыш жіктеу есімдігі, баяндауыш жіктік жалғауы түсірілген зат есім не затсымақтанған басқа сөз таптарынан болғанда бастауыштан кейін сызық қойылады» деген тұжырым бір принципке негізделіп, сабақтасқан: ***Олар*** *– қолы жерге тиер-тимес болып, сәл жетпей* ***жүргендер тобы*** (Т.Жармағамбетов).

23. Ескерту ретінде берілген «I, II жақтық жіктік жалғауымен келсе, арасына сызық қойылмайды» (*Мен көмірмін қалған өрттен* (Абай) деген тұжырым да орынды. Себебі оқушылар осы тұста көп қателеседі. Оны арнайы ереже түрінде берген дұрыс.

24. Техника құралдарының дамуына, компьютер мүмкіндігіне байланысты сөздерді қою қаріппен, курсивпен беру мүмкіндігіне ие болдық. Осыған байланысты ережеде курсивпен берілетін тұстар да қамтылған. Шынтуайтында, бұл да – пунктуация мәселесі. Сондықтан «*Де* етістігімен келген немесе сөзі, атауы, термині, ұғым, мағына, т.с.с. сөздермен келген атаулар ерекшеленіп, тырнақшаға алынады (не курсивпен беріледі): ***«Генезис»*** *сөзі грек тілінен енген (Минералдардың парагенезисі).* ***«Генезис»*** *деген сөз «жаратылу, шығу, пайда болу» дегенді білдіреді (Минералдардың парагенезисі).* ***«Онтогенез»*** *дегеніміз – ағзаның жеке-дара дамуы (Биология)»* түрінде берілген тұжырымды қуаттаймыз.

25. Бұрынғы ережеде үтір мен сызықшаның қызметі шатастырылған тұстар бар еді. Мысалы: Тобықты ішіне ең алғаш келген арба осы Зеренің, ***Құнанбайдың кәрі шешесінің,*** көк арбасы десе де болады (М.Әуезов) деген сөйлемде үтір қойылғандықтан, бұл сөздерді бірыңғай мүше ретінде түсінуге де болатын еді. Жаңа ережеде ол жерге үтір емес, сызық қойылатыны туралы айтылған. Дұрысында, бұл – айқындауыш сөз болғандықтан, сызық қойылғаны жөн.

5. Құрмалас сөйлемнің сыңарлары екіге бөлініп, кейінгі сөйлем *бірақ, алайда, дегенмен, сондықтан, сол себепті* т.с.с. жалғаулық шылаулардан басталса, олардың алдынан нүкте қойылады: *Ақтың әскері еріген қардай тозып, жауынгер қызыл әскердің дүмпуіне шыдамай, қашып жатыр. Бірақ тек кетіп жатқан жоқ* (Ж. Аймауытов*). Мүшәр секілді сылқым қыздары оның алдынан тізіліп өтіп жатады. Алайда қыздардың әрқайсысынан бір мін тапқан сері жігіт олардың бірде-бірін ұнатпайды* (Жұлдыз). *Бақытгүл жүрегінің құпиясын көрсетпеуге тырысып, жүзін көзден жасыра беретін. Бірақ көз де аңдығыш, тез барлағыш* (Н. Ғабдуллин).

Г) *Кім білсін, қайдан білейін?* т.с.с. тіркестермен келген сөйлемдерден соң сұрақ белгісі қойылады: *Көңілімізге солай орнағаннан ба? Өлімді көп көріп етіміз өліп кеткеннен бе,* ***кім білсін?*** *Шынында, өлім деген, өмір деген немене? Адам өлмек үшін туған. Бүгін өлдің не, ертең өлдің не?* (Ж. Аймауытов). *Өлімді көп көріп етіміз өліп кеткеннен бе,* ***кім білсін?*** (І. Есенберлин). (Осы кім білсін, қайдан білейін деген тіркестерде сұраудан гөрі ой тастау мағынасы басым. Осындай жерлерге ... қойылса қалай болар еді)

Ғ) Жауапты қажет етпейтін риторикалық сұраулы сөйлемдерден кейін сұрақ белгісі қойылады: *Бірде көрші ауылда үлкен той өтіпті. Той ойын-сауықсыз болған ба?* (Б. Момышұлы). *Көңілімізге солай орнағаннан ба? Өлімді көп көріп етіміз өліп кеткеннен бе, кім білсін? Шынында, өлім деген, өмір деген немене?(мысалдар неге қайталанған?)*

И) Күмән, болжал мәнді**,** жауапты керек етпейтін сөйлемдерден кейін сұрақ белгісі қойылады: *Кім біледі, қолына қару берсе, орыс жұртына жау болып кетпесіне кімнің көзі жетеді?* (Ж. Аймауытов). *Тағы бір отыз балаға ақша сұрасақ қайтер? – деп, бір келгенде бір жылдық жұмыс ала келеді де енді айналғаныңша асыға басып қақпадан шығып бара жатады* (Ғ.Мүсірепов). *Бүкіл ширек ғасырдың көрінісін, бүкіл ширек ғасырдың тарихын тегенеге құйған сары қымыздай мөлтілдетіп, төкпей-шашпай, шайқалтпай, өз суретімен, өз бояуымен менің алдыма тарта қойған қандай адам болды екен?*

К) Іске түрткі болу, қозғау салу мәнді жауапты керек етпейтін сөйлемдерден кейін сұрақ белгісі қойылады: *Әлгі Қомшабай шөп шабуға кетіп қалыпты, Алтын екеуің барасыңдар ма, қайтесіңдер?* (Қ. Ысқақ).(Жауапты қажет етеді емесе пе бұл жерде?)

Сұрақтарға ерекше екпін түсіріліп, нақтылауды қажет ететін бірыңғай мүше түрінде келсе, әр бірыңғай мүшеден кейін сұрақ белгісі қойылады: *Жел ме? Аттың жал-құйрығы ма? Жылан ба? Әйтеуір бірдемелер айнала ысылдайды (С.Мұқанов). (нақтылануы керек. Екпін түспесе ше???)*

17. *ма, ме, ба, бе, па, пе* сұраулық шылауларымен келген ұр**су, жекіру мәнді сөйлемдер** олардан кейін леп белгісі қойылады: *Көзіңді ойып алайын ба! Басыңды жарып қояйын ба!* (осы ереже сұраулы сөйлемдегілермен салыстырылу керек екен.)

Е.Тілешов: Осында айтылған ұсыныстардың орынды екендігі айтылуда. Енді амандық болса, тағы да талқылаймыз. Бұл - ашық дүние. Тіл деген тығып қоятын зат емес. Ең бастысы осындай ғалымдары бар, жанашырлары бар тілдің болашағы зор! Соған сенейік! Баршаңызға алғыс айтамын!

«ЖАҢА ЕМЛЕ ЕРЕЖЕЛЕРІН ЖЕТІЛДІРУ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ЖҰМЫС ТОБЫ ОТЫРЫСЫНЫҢ СТЕНОГРАММАСЫ

Жамбыл облысы, Меркі ауданы,
«Меркі шипажайы» конференцзалы
2019 жылғы 27-29 маусым

Қатысушылар: Ә.Жүнісбек, А.Алдаш, З.Базарбаева, Ж.Жақыпов, Б.Момынова, Қ.Күдеринова, Ж.Жұмабаева, Н.Рсалиева, М.Тұрсынова, Қ.Қалыбаева, Л.Еспекова, Қ.Сәрекенова, Ж.Қоңыратбаева, Т.Аяпова, Қ.Рысберген, О.Жұбаева, Қ.Айдарбек, Б.Сүйерқұл, А.Салқынбай, Б.Қапалбек, Г.Мұқанова, Е.Тілешов, Г.Мамырбек, А.Фазылжанова, А.Сейітбекова.

КҮН ТӘРТІБІ

Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының атқарушы директоры, ф.ғ.к. Е.Тілешовтің сөзі

Баяндамашылар:

1. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері, ф.ғ.д., профессор А.Алдаш «А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ұсыныс-пікірлері негізіндегі түзетілген емле жобасы»;
2. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, ф.ғ.к. Қ.Сәрекенова «Орфографиялық жұмыс тобы сарапшыларының ұсыныс-пікірлері негізіндегі түзетілген емле жобасы»;
3. Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы Әдістеме басқармасының басшысы, ф.ғ.к. А.Сейітбекова «Мақұлданған емле ережелері бойынша атқарылған әдістемелік жұмыстар»;
4. Жарыссөз
5. Қорытындылау

Модератор: А.Фазылжанова

А.Фазылжанова: Құрметті әріптестер, бүгін өте маңызды шараға келіп отырсыздар. ҚР Үкіметі жанындағы Орфографиялық жұмыс тобының отырысын ұйымдастырушы ҚР Мәдениет және спорт министрлігі, Тіл саясаты комитетіне қарасты «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы». Жаңа емле бойынша Орфографиялық жұмыс тобының отырысын осы орталық ұйымдастырады. Бүгін мақұлданған емле ережелерін жетілдіру үшін бас қосып отырмыз. Қайта-қайта

бас қосуға бұдан былай уақыт болмайды. Ербол Тілешов Жамбыл облысы Тараз қаласындағы ақпараттық-насихат апталығында болғандықтан келе алмады. Семинарды жүргізу тізгінін маған тапсырды.

Бағдарлама бойынша ең алдымен А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтынан келіп түскен ұсыныстар бойынша түзетілген емле жобасының мәселелерін тыңдаймыз. Мақұлданған емлеге енгізілген өзгерістер туралы Айман апайымыз баяндама жасайды. Орфография, кодификация мәселесіндегі мықты біздің ғалымымыз. Екінші баяндаманы Орфографиялық жұмыс тобының мүшесі, ЕҰУ-нің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Қарлығаш Сәрекенова жасайды. Емле ережесіне қатысты «Тіл-Қазына» орталығына келіп түскен ұсыныстарды А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтына бердік. Орфографиялық жұмыс тобының ішінен шығармашылық топ құрдық. Өйткені күндіз-түні жұмыс істеу керек болып отыр. Мақұлданған емлеге енгізілген ұсыныстар бойынша ұтымды тұстарды баяндайды. Үшінші баяндаманы Айнұр Сейітбекова жасайды. Комиссия мүшелеріне, Тіл білімі институтының мүшелеріне, Тіл саясаты комитетінің өкілдеріне емлені оқыту бойынша қандай жұмыстар жүргізіліп жатқаны туралы ақпарат бергіміз келді. «Тіл-Қазына» орталығы 72 сағаттық әдістемелік курс ұйымдастырды. Осы баяндаманы тыңдасаңыздар емлеге қатысты тиімді ақпарат ала аласыздар.

Ертең түстен кейін анықталған даулы мәселелердің тізімін құрастырамыз. Өздеріңізге белгілі Қапшағайдағы әдісті қолдансақ деп отырмыз. Ертең әр тақырыпқа жауапты адам даулы мәселені талдап, шешудің жолын ұсынса деймін. Артынан пікір алмасу болады, кешке дейін бір шешімге келуіміз керек. Түзетілген емле ережесінің жобасы 28 маусым күні жасалады. Ал 29 маусым күні түзетілген жаңа емле жобасының мәтінін қолдарыңызға береміз және тексереміз. Содан кейін келісу парағын толтырамыз.

Бүгінгі отырыс Орфографиялық жұмыс тобының кеңейтілген отырысы. Т.Аяпованы арнайы шақырып отырмыз. Сол кісінің құралымен қазір жұртшылықты оқытып отырмыз. Қазір Қазақстанда Ономастика саласында Қыздархан апайымыздан артық білетін адам жоқ. «Тіл-Қазына» орталығына жергілікті атаулардың жазылуына байланысты күніне мың сан қоңырау шалынады. Ономастикалық атаулардың жазылуына байланысты Қыздархан апайдың айтары көп деп ойлаймын.

Негізгі шешімді Орфографиялық жұмыс тобының мүшелері қабылдайды. Өйткені жауапкершілік сіздерде, сіздердің фамилияларыңыз ресми түрде бекітіліп тұр. Баршаңызға сәттілік тілеймін. Арамыздағы екі ақсақалымызға сөз берсек деп отырмын.

Ә.Жүнісбек: Іске сәт! Барға қанағат. Бір тоқтамға келетін кез келді. Жақсы ма жаман ба, артық па кем ба оны айтатын біз емес. Ертең жалпы халыққа барады, сол кезде бағасы беріле жатар.

Т.Аяпова: Қазақ тілі – ана тілім болғандықтан жанашырлығым өте мол. Латын әліпбиіне көшу ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жарлығымен бекітілген болатын. Ол кісі қазір құлағын түріп отыр. Қазақ тілінің нақты әліпбиде дыбыстық формасының қалай түсетіндігін ойлауымыз керек. Тіл білімі институтында екі топ бар деп жатыр. Неше топ болса да бәрінің мүддесі ортақ болуы керек. Бекітілген әліпби бойынша емле ережесін ұтымды, тиімді жасауымыз керек. Арамызда мықты-мықты ғалымдар бар. Ағылшындар 3 әліпби жасаған, 1-нұсқамен I ғасыр жұмыс істеген, 2-нұсқамен II ғасыр жұмыс істеген, 3-нұсқамен IV ғасыр жұмыс істеген. Сөйтіп VI ғасырда Британдық латын әліпбиіне негізделген ағылшын тілінің әліпбиін жасаған. 1-нұсқаға тоқтауымыз керек «көш жүре түзеледі». Баршаңызды бірлікке шақырамын. Қазақ тілін сіздер сияқты егжей-тегжейлі білмейтін болармын, бірақ айтуға құқым бар.

А.Фазылжанова: Құрметті әріптестер, семинар ертең сағат 10:00 де басталады. Уақытылы бастайық, регламентті сақтаңыздар. Емленің 3 нұсқасы таратылып беріледі.

Құрметті әріптестер, қолдарыңызға емленің 3 нұсқасын ұсынып отырмыз: емленің мақұлданған нұсқасы, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының нұсқасы, Орфографиялық топ мүшелерінің сараптамалық нұсқасы. Бағдарлама бойынша А.Алдашқа сөз тізгінін беремін.

А.Алдаш: Құрметті әріптестер, құрметті Орфографиялық жұмыс тобының мүшелері! Осы жылғы ақпан айында «Егемен Қазақстан» газетінде жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері жарық көргені белгілі. Құжатты жариялағандағы мақсат «Рухани жаңғыру» аясында латын графикасына көшу жолындағы шаралардың ішіндегі ең өзекісі, ең маңыздысы. Әсіресе халықтың емле ережелеріне ерекше назар аударғандығы, асыға күткендігі ерекше байқалды. Әлеуметтік желілерде емле ережелеріне байланысты ұсыныстар мен пікірлер жан-жақты сипат алды. Емле ережелерін насихаттау бойынша сан тармақты талқылауларда әртүрлі көзқарастар байқалды. Айтылған, жазылған түрлі пікірлер А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты тарапынан да, Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы тарапынан да келіп түскен ұсыныстардың ешқайсысы назардан тыс қалған жоқ. Қысқа репликадан бастап көлемді мақалаларға дейін осы екі мекеменің жауапты мамандары ресми түрде тіркеуге алды. Ұсыныстардың кейбір өзекті тұстары Тіл білімі институтының ғылыми өндірістік семинарында қаралды. Барлық мәселені қорыту, түйіндеу мақсатында барлық мәселені Тіл білімі институты басшылығының шешімімен арнайы комиссия құрылды. Комиссия құрамына институттағы орфография, фонетика, фонология, этикология, этикография, морфология, тіл тарихы салаларының мамандары енгізілді. Оның ішінде 12 ғылым докторы, 4 ғылым кандидаты, профессорлар Қ.Қалыбаева мен Т.Ермекова қатыстырылды. Комиссия төрағасы институт директорының орынбасары Құлманов Сәрсен. Комиссия мүшелерінің алғашқы отырысында ғылыми бағыттарына қарай шағын топ құрылды. Яғни 15, 16 маман мүмкіндігінше кең көлемде топтастырылып, ереженің 9 тарауы бойынша жұмыс істеді. Комиссия мүшелеріне төмендегідей талаптар қойылды:

- емле ережелерімен ең алдымен мұқият танысу;
- келіп түскен ұсыныстар мен пікірлермен танысу;
- емле ережелері мен ұсыныстарды салыстыру;
- әрбір ұсыныс бойынша негіздеме әзірлеу;

Комиссия 19-29 маусым аралығында жұмыс істеді. Комиссия мүшелерімен таныстырып өтейін:

I тарау бойынша негізгі мамандар:
1. Жүнісбек Ә.
2. Базарбаева З.
3. Жұмабаева Ж.

II тарау бойынша негізгі мамандар:
1. Уәли Н.
2. Момынова Б.
3. Салқынбай А.
4. Жұбаева О.
5. Әміржанова Н.

III. IV тараулар бойынша негізгі мамандар:
1. Манкеева Ж.
2. Ермекова Т.
3. Салқынбай А.

4. Күдеринова Қ.
5. Әмірбекова А.
6. Шойбеков Р.

V тарау бойынша негізгі мамандар:
1. Момынова Б.
2. Жұбаева О.
3. Қалыбаева Қ.

VI тарау бойынша негізгі мамандар:
1. Алдаш А.
2. Жұбаева О.
3. Әміржанова Н.
4. Әмірбекова А.

VII тарау бойынша негізгі мамандар:
1. Жұбаева О.
2. Ермекова Т.
3. Қалыбаева Қ.
4. Қапалбек Б.

VIII тарау бойынша негізгі мамандар:
1. Жүнісбек Ә.
2. Базарбаева З.
3. Алдаш А.
4. Момынова Б.
5. Жұбаева О.
6. Әмірбекова А.

IX тарау бойынша негізгі мамандар:
1. Момынова Б.
2. Жұбаева О.
3. Ермекова Т.
4. Қалыбаева Қ.
5. Қапалбек Б.

Емле ережелеріне қатысты келіп түскен ресми ұсыныстар ескеріліп, бірқатар тармақтарына түзетулер жасалды. Келіп түскен ұсыныстар емле ережесіне емес, әліпбиге барып тірелетінін көрсетті. Ұсыныстарда қайталаулар кездесті. §13 қосылды, 5 параграф өзгертілген. I тарау бойынша жұмыстың 1-күні жақсы шешім қабылданған, комиссия мүшелері осы шешімге толық бірауыздан келіскен. II тарау бойынша 3 параграф өзгертілген. III тарау бойынша 1 параграф қосылған, 2 параграф біріктірілген. IV бойынша 9 параграфтың 4, 8 параграфтары біріктірілген. V тарау бойынша 3 параграф өзгертілген. VI тарау бойынша бас әріпке байланысты 2 түрлі пікір ұсынылған. Талдау барысында өздеріңіз байқайсыздар. VII тарауға байланысты 1 параграф өзгертілген. VIII тараудағы шет тілдік сөздердің емлесі бойынша бүгінгі бас қосуда кеңінен талқылау жоспарлануда. 22 параграфтан тұратын шет тілдік сөздердің емлесіне қатысты көптеген ұсыныс пайда болды. § 55 бойынша 2 ұсыныс бар. IX тарау бойынша бірнеше ұсыныс болды. §11, §12, §13, §14, §17, §18, §19, §22, §23, §24, §25, §29, §34, §36, §37, §43, §44, §46, §47, §50 түзетулер енгізілген. Негізінен атқарылған жұмыстар осындай.

А.Салқынбай: Айман апай, кешіріңіз, біздің ұсынысымыз ескерілмей қалған ғой.

А.Фазылжанова: Екінші баяндамашымыз – Сәрекенова Қарлығаш. Уақыт ара қашықтығын сақтайық. Сұрақтарды соңынан қоясыздар. Құрметті әріптестер, Тіл білімі

институты мақұлданған емле ережесіне байланысты ұсыныстарды назарға ала отырып өзгерістер енгізді және орфографиялық комиссияға хатпен жолдады. Жантас ағай бастаған Орфографиялық комиссия мүшелері өз нұсқаларын ұсынып отыр. Өйткені жауапкершілік Орфографиялық комиссия мүшелерінде. Жасалған жұмыс жөнінде баяндаманы Қарлығаш Сәрекенова жасайды.

А.Салқынбай: Сіздер Тіл білімі институты жасаған емлеге неге өзгеріс енгізесіздер?

Қ.Сәрекенова: Сәлеметсіздер ме, құрметті әріптестер! Комиссия мүшелеріне емле ережесінің екі түрлі нұсқасы ұсынылды:

1) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған нұсқа;

2) Тіл білімі институтының өзгеріс енгізген нұсқа.

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының емле ережесіне келісетін тұстар және бұрын мақұлданған емле ережесіне келісетін тұстар бар. «Біткен іске сыншы көп». Біз бір-бірімізге жақсы болсын дейміз. Әзірленген емле ережесін белгілі бір ғалымның жеке субъективті пікірі емес, жалпы көпшіліктің пікірі деп қабылдадық.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының түзеткен нұсқасымен келісетін мәселелер:

I тарау. ӘРІПТЕР ЕМЛЕСІ **Дауыссыз дыбыс әріптерінің емлесі**		
Мақұлданған нұсқа	**Тіл білімі институтының түзеткен нұсқасы**	**Талқылауға ұсынылатын соңғы нұсқа**
	§6. ***ǵ*** әрпі сөз басы мен ортасында ғана жазылады: *ǵarysh, aǵash, samǵa.* **§7.** ***ń*** әрпі сөз ортасы мен соңында ғана жазылады: *mórtańba, eńbek, tańerteń, meń, zań.*	**§4.** ***ǵ*** әрпі сөз басы мен ортасында ғана жазылады: *ǵarysh, aǵash, samǵa.* **§5.** ***ń*** әрпі сөз ортасы мен соңында ғана жазылады: *mórtańba, eńbek, tańerteń, meń, zań.*
II тарау **ТҮБІР СӨЗДЕР ЕМЛЕСІ** **ҚОСЫМШАЛАРДЫҢ ЖАЛҒАНУЫ** **Қосымшалардың жалғануы**		
	§15. Қосымшалар түбірдің соңғы буынындағы дауысты дыбыстың үндесіміне қарай жуан не жіңішке жалғанады: *jumys-shy-lar-dyń, qart-tar-dyń, baqsha-myz-da; mekeme-de, bereke-si, teńiz-shi-ler; kitap-tyń, qudyret-ke, muǵalim-nińı; kógal-ǵa, kógoraı-ǵa*	**§13.** Қосымшалар түбірдің соңғы буынындағы дауысты дыбыстың үндесіміне қарай не жуан, не жіңішке жалғанады: *jumys-shy-lar-dyń, qart-tar-dyń, baqsha-myz-da; mekeme-de, bereke-si, teńiz-shi-ler; kitap-tyń, qudiret-ke, muǵalim-nińı; kógal-ǵa, kógoraı-ǵa.*
Қосымшалардың жалғануы		
§15. Түбірдің соңғы буынында үнді дауыссыз дыбыстан кейін тұрған ***y, i*** әріптері тәуелдік қосымшасы жалғанғанда түсіріліп жазылады. Мысалы: *aýyl – aýly, daýys – daýsy, erin – erni, halyq – halqy, oryn – orny, ǵuryp – ǵurpy, qyryq – qyrqy (қырқын беру), kórik – kórki (бет-ажар), árip – árpi, naryq – narqy (бағасы), paryq – parqy, qulyq – qulqy, oıyn - oıny.*	**§17.** Түбірдің соңғы буынында **р, л** дыбыстары мен **к, қ, п** дыбыстарының аралығындағы ***y, i*** әріптері тәуелдік қосымшасы жалғанғанда түсіріліп жазылады. Мысалы: *halyq – halqy, ǵuryp – ǵurpy, qyryq – qyrqy (қырқын беру), kórik – kórki (бет-ажар), árip – árpi, naryq – narqy (бағасы), paryq – parqy, qulyq – qulqy, т.с.с.*	**§15.** Түбірдің соңғы буынында **р, л, у** дыбыстары мен **к, қ, п, с** дыбыстарының аралығындағы ***y, i*** әріптері тәуелдік қосымшасы жалғанғанда түсіріліп жазылады. Мысалы: *daýys – daýsy, erin – erni, halyq – halqy, ǵuryp – ǵurpy, qyryq – qyrqy (қырқын беру), kórik – kórki (бет-ажар), árip – árpi,*

Е с к е р т у. Мағынасына нұқсан келетін сөздерде ***y, i*** түсірілмей жазылады. Мысалы: *qulyq – qulyǵy; kórik – kórigi* (ұстаның құралы); *qalyp – qalyby* (нанның қалыбы); *qyryq – qyryǵy* (сандық мағына); *naryq – naryǵy* (термин).	*Е с к е р т у.* Кейбір сөздерде ***y, i*** түсірілмей жазылады. Мысалы: *qulyq – qulyǵy; kórik – kórigi* (ұстаның құралы); *qalyp – qalyby* (нанның қалыбы); *qyryq – qyryǵy* (сандық мағына); *naryq – naryǵy* (термин), *serik – serigi, órik – órigi,*	*naryq – narqy (бағасы), paryq – parqy, qulyq – qulqy.* *Е с к е р т у.* Мағынасына нұқсан келетін сөздерде ***y, i*** түсірілмей жазылады. Мысалы: *qulyq – qulyǵy; kórik – kórigi* (ұстаның құралы); *qalyp – qalyby* (нанның қалыбы); *qyryq – qyryǵy* (сандық мағына); *naryq – naryǵy* (термин).
II тарау **ТҮБІР СӨЗДЕР ЕМЛЕСІ.** **ҚОСЫМШАЛАРДЫҢ ЖАЛҒАНУЫ** **Қосымшалардың жалғануы**		
	§20. ***s, z, j*** дыбыстарына аяқталатын сөздерге ***s, sh*** дауыссыздарынан басталатын қосымша жалғанғанда түбір сақталып жазылады: *basshy* (*bashshy* емес), *qussha* (*qushsha* емес), *tuzsyz* (*tussyz* емес), *sózsiz* (*sóssiz* емес), *aýyzsha* (*aýyshsha* емес), *tájsiz (táshsiz емес).*	**§17.** ***s, z, j*** дыбыстарына аяқталатын сөздерге ***s, sh*** дауыссыздарынан басталатын қосымша жалғанғанда, түбір сақталып жазылады: *basshy* (*bashshy* емес), *qussha* (*qushsha* емес), *tuzsyz* (*tussyz* емес), *sózsiz* (*sóssiz* емес), *aýyzsha* (*aýyshsha* емес), *tájsiz (táshsiz емес).*
Қосымшалардың жалғануы		
	§18. **n** дыбысына аяқталатын сөздерге ***b, g, ǵ, m*** дауыссыздарынан басталатын қосымша жалғанғанда, түбірдің негізгі тұлғасы сақталып жазылады: *burynǵy* (*buryńǵy* емес), *janǵa* (*jańǵa* емес), *qaýynǵa* (*qaýyńǵa* емес), *túngi* (*túńgi* емес), *tómengi* (*tóměńgi* емес), *júgenge* (*júgeńge* емес), *janbaıdy* (*jambaıdy* емес), *kónbedi* (*kómbedi* емес), *senbeıdi* (*sembeıdi* емес), *saımanmen* (*saımammen* емес). **§19.** Сөз соңындағы ***k, q, p*** әріптері тәуелдік жалғауы немесе көсемшенің ***-a, -e, -ı*** жұрнағы жалғанғанда, ***g, ǵ, b (ý)*** болып жазылады: *júrek – júregi, súıek – súıegi, kúrek – kúregi; qazaq – qazaǵy, baıraq – baıraǵy, taraq – taraǵy; kitap – kitaby, aspap – aspaby, lep – lebi; ek – egedi, tók – tógedi; taq – taǵady, baq – baǵady; kep – kebedi, keýip, jap – jabady, jaýyp, tap – tabady, taýyp.* **Бірақ** *sap – sapy, sapynda, tarap – tarapy* тәрізді сөздердің түбір тұлғасы сақталып жазылады.	**§21.** **n** дыбысына аяқталатын сөздерге ***b, g, ǵ, m*** дауыссыздарынан басталатын қосымша жалғанғанда түбірдің негізгі тұлғасы сақталып жазылады: *burynǵy* (*buryńǵy* емес), *janǵa* (*jańǵa* емес), *qaýynǵa* (*qaýyńǵa* емес), *túngi* (*túńgi* емес), *tómengi* (*tóměńgi* емес), *júgenge* (*júgeńge* емес), *janbaıdy* (*jambaıdy* емес), *kónbedi* (*kómbedi* емес), *senbeıdi* (*sembeıdi* емес), *saımanmen* (*saımammen* емес). **§22.** Сөз соңындағы ***k, q, p*** әріптері тәуелдік жалғауы немесе көсемшенің ***-a, -e, -ı*** жұрнағы жалғанғанда ***g, ǵ, b (ý)*** болып жазылады: *júrek – júregi, súıek – súıegi, kúrek – kúregi; qazaq – qazaǵy, baıraq – baıraǵy, taraq – taraǵy; kitap – kitaby, aspap – aspaby, lep – lebi; ek – egedi, tók – tógedi; taq – taǵady, baq – baǵady; kep – kebedi, keýip, jap – jabady, jaýyp, tap – tabady, taýyp.* **Бірақ** *sap – sapy, sapynda, tarap – tarapy* тәрізді сөздердің түбір тұлғасы сақталып жазылады.
III тарау **БӨЛЕК ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР ЕМЛЕСІ**		

§23. Күрделі сан есімдердің әрбір сыңары бөлек жазылады: *on bir, on birinshi, on segiz mıllıon, jıyrma segiz, júz on jeti, eki júz jetpis tórt, bir myń toǵyz júz elý úsh, tórt mıllıard, jıyrma úsh bútin onnan bir.* **§24.** Күрделі сын есімдердің әрбір сыңары бөлек жазылады: *al qyzyl, qońyr ala, qyzǵylt sary, qara ala, kók ala, qara kók, aq sur, qula qasqa, qula jıren, tory tóbel.* **§25.** Күрделі етістіктердің, есім және еліктеуіш сөздермен тіркескен құрама етістіктердің әрбір сыңары бөлек жазылады: *baryp keldi, kele jatyr, jaza ber, kıip júre ber, júgire jóneldi, bara almady, bara almaı qalyp edi, jyǵylyp qala jazdady; qyzmet etý, mán berý, qol shapalaqtaý; shap etý, dý ete túsý, baj etý, lap qoıý.*	**§27.** Күрделі сан есім, күрделі сын есім, етістікті тіркестердің әрбір сыңары бөлек жазылады: *on bir, on birinshi, on segiz mıllıon, jıyrma úsh bútin onnan bir; qońyr ala, qyzǵylt sary, qara ala, kók ala, qara kók, aq sur, qula qasqa, qula jıren, tory tóbel; baryp keldi, kele jatyr, jaza ber, kıip júre ber, júgire jóneldi, bara almady, bara almaı qalyp edi, jyǵylyp qala jazdady; qyzmet etý, mán berý, qol shapalaqtaý; shap etý, dý ete túsý, baj etý, lap qoıý.* ***Ескерту**: «ал» сын есімімен тіркесетін күрделі сын есімдер бірге жазылады: alqyzyl, alqara, alqońyr.*	**§23.** Күрделі сан есім, күрделі сын есім, етістікті тіркестердің әрбір сыңары бөлек жазылады: *on bir, on birinshi, on segiz mıllıon, jıyrma úsh bútin onnan bir; qońyr ala, qyzǵylt sary, qara ala, kók ala, qara kók, aq sur, qula qasqa, qula jıren, tory tóbel; baryp keldi, kele jatyr, jaza ber, kıip júre ber, júgire jóneldi, bara almady, bara almaı qalyp edi, jyǵylyp qala jazdady; qyzmet etý, mán berý, qol shapalaqtaý; shap etý, dý ete túsý, baj etý, lap qoıý.* ***Ескерту**: «ал»* сөзімен тіркесетін күрделі сын есімдер бірге жазылады: *alqyzyl, alqara, alqońyr.*
§29. Идиомалық, фразалық тіркестердегі әрбір сөз бөлек жазылады: *qas batyr, shynjyr balaq, shubar tós, shıki ókpe, qara ter, ıek artty, bas tartty, bet burdy, ıin tires.* Бірақ атау сөздің орнына жүретін лексикаланған тіркестер бірге жазылады: *basqosý, atsalysý, aqkóńil* (§38-ді қараңыз).	§30. Идиомалық, фразалық тіркестердегі әрбір сөз бөлек жазылады: *qas batyr, shynjyr balaq, shubar tós, shıki ókpe, qara ter, ıek artty, bas tartty, bet burdy, ıin tires.* Бірақ номинативті атаулар бірге жазылады: *basqosý, aqsúıek, aqsaqal*	§26. Идиомалық, фразалық тіркестердегі әрбір сөз бөлек жазылады: *qas batyr, shynjyr balaq, shubar tós, shıki ókpe, qara ter, ıek artty, bas tartty, bet burdy, ıin tires.* Бірақ номинативті атау ретінде қалыптасқан сөздер бірге жазылады: *basqosý, aqsúıek, aqsaqal*
V тарау **ДЕФИСПЕН ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР ЕМЛЕСІ**		
§43. Грамматикалық тұлғалармен келген қос сөздер дефис арқылы жазылады: *týradan-týra, qoldy-qolyna, ózinen-ózi, qaraptan-qarap, bardy-joqty, azdy-kópti, tekten-tekke, teginnen-tegin, qolma-qol, betpe-bet, kózbe-kóz, jolma-jol, barar-barmas; bılep-tóstep, sharshap-shaldyǵyp, kórgen-túıgen, jýyp-shaıyp, qyryp-joıyp, jylap-eńirep, ósip-ónip.*	§41. Грамматикалық тұлғалармен келген қос сөздер дефис арқылы жазылады: *bardy-joqty, azdy-kópti, qolma-qol, betpe-bet, kózbe-kóz, jolma-jol, barar-barmas; bılep-tóstep, sharshap-shaldyǵyp, kórgen-túıgen, jýyp-shaıyp, qyryp-joıyp, ósip-ónip, aıtty-aıtpady, kirer-kirmesten, kelimdi-ketimdi, m.c.c.*	§37. Грамматикалық тұлғалармен келген қос сөздер дефис арқылы жазылады: *bardy-joqty, azdy-kópti, qolma-qol, betpe-bet, kózbe-kóz, jolma-jol, barar-barmas; bılep-tóstep, sharshap-shaldyǵyp, kórgen-túıgen, jýyp-shaıyp, qyryp-joıyp, ósip-ónip, aıtty-aıtpady, kirer-kirmesten, kelimdi-ketimdi.*
VI тарау **БАС ӘРІП ЕМЛЕСІ**		
	§50. Кісінің аты, әкесінің аты, тегі бас әріппен жазылады: *Dýlat Saǵynuly Berdáli, Qyrmyzy Nábıqyzy Seıdimbek.*	§45. Кісінің аты, әкесінің аты, тегі бас әріппен жазылады: *Dýlat Saǵynuly Berdáli, Qyrmyzy Nábıqyzy Seıdimbek.*
VI тарау **Жалқы есімдердің емлесі**		
	§52. Екі сөзден құралған кісі есімдері бірге жазылады: *Tóremurat, Aısáýle, Saqypjamal, Ábilqasym, Qasymjomart, Batyrhan, Tursynzada, Nurǵalı, Aıgúl, Aqbala, Aqylbek, Jaqsybaı, Shárbaný, Toqqoja, Nurbıke,*	§47. Екі сөзден құралған кісі есімдері бірге жазылады: *Tóremurat, Aısáýle, Saqypjamal, Ábilqasym, Qasymjomart, Batyrhan, Tursynzada, Nurǵalı, Aıgúl, Aqbala, Aqylbek, Jaqsybaı, Shárbaný, Toqqoja, Nurbıke,*

	Nuraıym, Nurdildá, Bıbihanym, Asyljan, Ahmetqazy.	*Nuraıym, Nurdildá, Bıbihanym, Asyljan, Ahmetqazy.*
	§53. Кісі есімдері сыңарларының жігіндегі дыбыстар айтылымына сәйкес жазылады: *Aıǵyz, Baıgeldi, Jumaǵul, Qaragóz, Kenjáli, Bıbajar, Qojahmet.*	§48. Кісі есімдері сыңарларының жігіндегі дыбыстар айтылымына сәйкес жазылады: *Aıǵyz, Baıgeldi, Jumaǵul, Qaragóz, Kenjáli, Bıbajar, Qojahmet.*
§59. Құрамында *bı, jyraý, ata, ana, batyr, abyz, aqyn, bahadúr, han, seri, sal, datqa, sultan, qajy, sulý, begim, hanym, myrza* сөздері бар ұлттық-мәдени қоғамдастыққа танымал кісі есімдерінің алдыңғы сыңары – бас әріппен, екінші сыңары кіші әріппен бөлек жазылады: *Móńke bı, Buqar jyraý, Adam ata, Haýa ana, Qorqyt ata, Domalaq ana, Jalańtós batyr, Baıserke abyz, Dýlat aqyn, Ábilǵazy bahadúr, Abylaı han, Aqan seri, Birjan sal, Baızaq datqa, Baraq sultan, Qunanbaı qajy, Baıan sulý, Aısheker hanym, Rabıa begim.*	§57. Кісі есімдеріне *bı, jyraý, ata, ana, batyr, abyz, aqyn, bahadúr, han, seri, sal, datqa, sultan, qajy, sulý, begim, hanym, myrza* сөздері тіркескен жағдайда екінші сыңары кіші әріппен, бөлек жазылады: *Móńke bı, Buqar jyraý, Adam ata, Haýa ana, Qorqyt ata, Domalaq ana, Jalańtós batyr, Baıserke abyz, Dýlat aqyn, Ábilǵazy bahadúr, Abylaı han, Aqan seri, Birjan sal, Baızaq datqa, Baraq sultan, Qunanbaı qajy, Baıan sulý, Aısheker hanym, Rabıa begim*	§52. Кісі есімдеріне *bı, jyraý, ata, ana, batyr, abyz, aqyn, bahadúr, han, seri, sal, datqa, sultan, qajy, sulý, begim, hanym, myrza* сөздері тіркескен жағдайда екінші сыңары кіші әріппен, бөлек жазылады: *Móńke bı, Buqar jyraý, Adam ata, Haýa ana, Qorqyt ata, Domalaq ana, Jalańtós batyr, Baıserke abyz, Dýlat aqyn, Ábilǵazy bahadúr, Abylaı han, Aqan seri, Birjan sal, Baızaq datqa, Baraq sultan, Qunanbaı qajy, Baıan sulý, Aısheker hanym, Rabıa begim.*
Жер бедері, аспан денелері атауларының емлесі		
	§60. Географиялық және астрономиялық атаулар бас әріппен жазылады: *Alataý, Jetisý, Ertis, Jaıyq; Kún, Aı, Jer, Sholpan, Jetiqaraqshy, Súmbile, Úrker.*	§55. Географиялық және астрономиялық атаулар бас әріппен жазылады: *Alataý, Jetisý, Ertis, Jaıyq; Kún, Aı, Jer, Sholpan, Jetiqaraqshy, Súmbile, Úrker.*

Емле ережесінің мақұлданған нұсқасымен келісетін мәселелер

II тарау **ТҮБІР СӨЗДЕР ЕМЛЕСІ.** **ҚОСЫМШАЛАРДЫҢ ЖАЛҒАНУЫ** **Қосымшалардың жалғануы**		
Мақұлданған нұсқа	**Тіл білімі институтының түзеткен нұсқасы**	**Талқылауға ұсынылатын соңғы нұсқа**
§14. Сөздің соңғы дыбысы қатаң болса, қосымшалар қатаңнан, ал дауысты, ұяң немесе үнді болса, қосымшалар ұяң не үндіден басталып жалғанады: *halyq-qa, qyrat-tar, mektep-ke, kólik-pen; táj-ge, qaryz-ǵa, juldyz-dar; tań-ǵa, pán-der, tal-dyń, kól-ge, bala-ǵa, bala-lar, áje-ge, áje-nıń.*	§16. Сөздің соңғы дыбысы қатаң болса, қосымшалар қатаңнан, дауысты, ұяң не үнді болса, ұяң не үндіден басталып жалғанады: *halyq-qa, qyrat-tar, mektep-ke, kólik-pen; táj-ge, qaryz-ǵa, juldyz-dar; tań-ǵa, pán-der, tal-dyń, kól-ge, bala-ǵa, bala-lar, áje-ge, áje-nıń.*	§14. Сөздің соңғы дыбысы қатаң болса, қосымшалар қатаңнан, ал дауысты, ұяң немесе үнді болса, қосымшалар ұяң не үндіден басталып жалғанады: *halyq-qa, qyrat-tar, mektep-ke, kólik-pen; táj-ge, qaryz-ǵa, juldyz-dar; tań-ǵa, pán-der, tal-dyń, kól-ge, bala-ǵa, bala-lar, áje-ge, áje-nıń.*
§16. Соңғы буынында á әрпі жазылатын түбір сөздерге ашық дауыстылармен келетін қосымшалар ғана жуан жалғанады: *kúnásina, kúnásinan, kýásina, kýásinan, kúnáǵa, kúnádan, kinálaý, shúbálaný, kýáǵa, kýádan, kúmáńǵa, kúmándaný.*	§19. Соңғы буынында á әрпі жазылатын түбір сөздерге қосымшалар жуан жалғанады: *kúnásyna, kýáǵa, kúnáǵa, kúnádan, kinálaý, shúbálaný, kýádan, kúmáńǵa, kúmándaný, Kúlásh-qa, Kúlái-ǵa, Bilál-ǵa*	§16. Соңғы буынында á әрпі жазылатын түбір сөздерге ашық дауыстылармен келетін қосымшалар ғана жуан жалғанады: *kinálimin, kúnásinan, kýámin, kýásinan, kúnáǵa, kúnádan, kinálaý, shúbálaný, kýáǵa, kýádan, kúmáńǵa, kúmándaný.*

III тарау **БӨЛЕК ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР ЕМЛЕСІ**		
§22. Анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері бөлек жазылады: *altyn saǵat, kıiz úı, bota kóz, qara shaı, at qora, maqta maıy, quraq kórpe.*	**§25.** Сөз тіркестері бөлек жазылады: *kes kelgen, aldyn ala, kóńil kúı, aýa raıy.* **§26.** Атаулық тіркестердің сыңарлары бөлек жазылады: *altyn saǵat, qara shaı, quraq kórpe, taba nan.*	**§22.** Анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері бөлек жазылады: *altyn saǵat, kıiz úı, bota kóz, qara shaı, at qora, maqta maıy, quraq kórpe.*
§26. Толық мағыналы сөзбен тіркескен *saıyn, keıin, buryn, deıin, sheıin, men, ben, pen, qoı, ǵoı, da, de, ta, te, ma, me, ba, be, pa, pe, she* шылаулары бөлек жазылады: *jyl saıyn, aı saıyn; sabaqtan keıin; budan buryn; jınalysqa deıin; túske sheıin; qalam men qaǵaz, kitap pen dápter; kerek qoı, kóre ǵoı; ol da, men de; halyq ta, úkimet te; Bar ma eken? Kele me eken? Suraq pa? Kóp pe? Az ba? Kem be? Sen she?* **§27.** *da, de, ta, te* шылаулы тіркестерімен келген күрделі сөздер бөлек жазылады: *bar da kel, aıt ta qoı, qara da tur, kir de shyq.* **Бірақ** *urda-jyq, asta-tók, ýda-shý* тәрізді лексикаланған тіркестер бірге әрі дефис арқылы жазылады.	**§28.** Толық мағыналы сөзбен тіркескен *saıyn, keıin, buryn, deıin, sheıin, men, ben, pen, qoı, ǵoı, da, de, ta, te, ma, me, ba, be, pa, pe, she* шылаулары бөлек жазылады: *jyl saıyn, aı saıyn; sabaqtan keıin; budan buryn; jınalysqa deıin; túske sheıin; qalam men qaǵaz, kitap pen dápter; kerek qoı, kóre ǵoı; ol da, men de; halyq ta, úkimet te; Bar ma eken? Kóp pe? Kem be? Sen she? bar da kel, aıt ta qoı, qara da tur, kir de shyq.*	**§24.** Толық мағыналы сөзбен тіркескен *saıyn, keıin, buryn, deıin, sheıin, men, ben, pen, qoı, ǵoı, da, de, ta, te, ma, me, ba, be, pa, pe, she* шылаулары бөлек жазылады: *jyl saıyn, aı saıyn; sabaqtan keıin; budan buryn; jınalysqa deıin; túske sheıin; qalam men qaǵaz, kitap pen dápter; kerek qoı, kóre ǵoı; ol da, men de; halyq ta, úkimet te; Bar ma eken? Kóp pe? Kem be? Sen she? bar da kel, aıt ta qoı, qara da tur, kir de shyq.* **Бірақ** *urda-jyq, asta-tók, ýda-shý* тәрізді лексикаланған тіркестер бірге әрі дефис арқылы жазылады.
III тарау **БІРГЕ ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР ЕМЛЕСІ**		
§30. Екі түбірден құралған бір ғана зат пен ұғым атауы бірге жазылады: *kókónis, shekara, jertóle, baǵdarsham, beınebaıan, sýsabyn, kereńqulaq* (өс.), *ıtsandyq* (өс.), *kelteshash* (өс.).	**§32.** Екі түбірден құралған бір ғана зат пен ұғым және терминденген атаулар бірге жазылады: *jertóle, baǵdarsham, beınebaıan, sýsabyn, sańyraýqulaq* (өс.), *ıtmuryn* (өс.), *kelteshash* (өс.), *qoıjýsan* (өс.), *sıyrjońyshqa* (өс.), *botabúrgen* (өс.), *qozygúl* (өс.), *atqulaq* (өс.), *qoıansúıek* (өс.), *aıýbaldyrǵan* (өс.), *aıýbadam* (өс.), *bóriqaraqat* (өс.), *qasqyrjem* (өс.), *ıtbúldirgen* (өс.), *qumberish* (өс.), *sýbetege* (өс.), *balqaraǵaı* (өс.), *ýkekire*, *ýbıdaıyq* (өс.), *sorqańbaq* (өс.); *emenshóp, qońyraýshóp; kúımesgúl, qaltagúl; sortiken, shaǵyrtiken; túmejapyraq, sútjapyraq; altyntamyr, beltamyr; totyqus; taraqbalyq, qylyshbalyq; qaraqurt, bósirqurt; qyzyljıdek, ıtjıdek; tamyrjemis, torjemis; qaraqat, qyzylqat.*	**§27.** Екі түбірден құралған бір ғана зат пен ұғым атауы бірге жазылады: *jertóle, baǵdarsham, beınebaıan, sýsabyn, kereńqulaq* (өс.), *ıtsandyq* (өс.), *kelteshash* (өс.); *тасбақа, қылышбалық, тотықұс.*
V тарау **ДЕФИСПЕН ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР ЕМЛЕСІ**		
§44. Араб цифрымен берілген санға қосымша дефис арқылы жалғанады, сондай-ақ түсірілген *-ynshy (-inshi), -nshy (-nshi)* қосымшасының орнына дефис қойылады, ал рим	**§42.** Араб цифрымен берілген санға қосымша дефис арқылы жалғанады, сондай-ақ түсірілген *-ynshy (-inshi), -nshy (-nshi)* қосымшасының орнына дефис	**§38.** Араб цифрымен берілген санға қосымша дефис арқылы жалғанады, сондай-ақ түсірілген *-ynshy (-inshi), -nshy (-nshi)* қосымшасының

цифрымен берілсе, дефис қойылмайды: *6-ǵa, 100-ge deıin, 10-15-ten; 2018-jyly, 5-sanat, 3-kireberis, 10-qazan, 2-aqpan, 136-bap, 1-úı, 9-páter, XXI ǵasyr, III tom, IV taraý.* **Бірақ** № шартты белгісімен тіркесетін араб цифрлы сан есімдер дефис арқылы ажыратылмайды: *№82 mektep, dırektordyń №5 buıryǵy, №107 qaýly, №17 kiris*	қойылады, ал рим цифрымен берілсе, дефис қойылмайды: *6-ǵa, 100-ge deıin, 10-15-ten; 2018-jyly, 5-sanat, 10-qazan, 2-aqpan, 136-bap, 1-úı, 9-páter, №82-mektep, dırektordyń №5-buıryǵy, №107-qaýly, XXI ǵasyr, III tom, IV taraý.*	орнына дефис қойылады, ал рим цифрымен берілсе, дефис қойылмайды: *6-ǵa, 100-ge deıin, 10-15-ten; 2018-jyly, 5-sanat, 3-kireberis, 10-qazan, 2-aqpan, 136-bap, 1-úı, 9-páter, XXI ǵasyr, III tom, IV taraý.* **Бірақ** № шартты белгісімен тіркесетін араб цифрлы сан есімдер дефис арқылы ажыратылмайды: *№82 mektep, dırektordyń №5 buıryǵy, №107 qaýly, №17 kiris.*
§46. Күшейткіш буынмен келетін сөздер дефиспен жазылады: *ap-anyq, qyp-qyzyl, sap-sary, jap-jaqsy, súp-súıkimdi, quba-qup.* **Бірақ** *appaq, kókpeńbek* болып жазылады.	**§44.** Күшейткіш буынмен келетін сөздер дефиспен жазылады: *ap-anyq, qyp-qyzyl, sap-sary, jap-jaqsy, súp-súıkimdi, quba-qup.* **Бірақ** *aq, kók сөздеріне күшейткіш буын жалғанғанда тұрқы өзгеріп, (appaq, kókpeńbek)* болып жазылады.	**§40.** Күшейткіш буынмен келетін сөздер дефиспен жазылады: *ap-anyq, qyp-qyzyl, sap-sary, jap-jaqsy, súp-súıkimdi, quba-qup.* **Бірақ** *appaq, kókpeńbek* болып жазылады.
§48. *-aq, -aı, -aý, -dy, -di, -mys, -mis, -tin, -tuǵyn* шылаулары дефис арқылы жазылады: *sen-aq, shamaly-aq, kelmeıdi-aý, ádemisin-aı, aıtqan-dy, barypty-mys, kelipti-mis, kóretin-di; erek-tin, bar-tuǵyn, joq-tuǵyn.*	**§46.** *-aq, -aı, -aý, -mys, -mis* шылаулары мен *-dy, -di, -tin, -tuǵyn* тұлғалары дефис арқылы жазылады: *sen-aq, shamaly-aq, kelmeıdi-aý, ádemisin-aı, aıtqan-dy, barypty-mys, kelipti-mis, kóretin-di; erek-tin, bar-tuǵyn, joq-tuǵyn.*	**§42.** *-aq, -aı, -aý, -dy, -di, -mys, -mis, -tin, -tuǵyn* шылаулары дефис арқылы жазылады: *sen-aq, shamaly-aq, kelmeıdi-aý, ádemisin-aı, aıtqan-dy, barypty-mys, kelipti-mis, kóretin-di; erek-tin, bar-tuǵyn, joq-tuǵyn.*
Жалқы есімдердің емлесі		
§57. Тарихи тұлға есімдеріндегі көмекші сөздер сөз басында бас әріппен, сөз ортасында кіші әріппен дефис арқылы жазылады: *Ábýnasyr ál-Farabı, Leonardo da Vınchı, Janna d'Ark, Fon der Gols, Lıýdvıg van Bethoven, Ál-Farabıdıń murasy barlyq túrki halyqtaryna ortaq.* Көрсетілген есімдерге қосымшалар буын үндесіміне сәйкес жалғанады: *Leonardo da Vınchı (-dıń, -ge); Fon der Gols (-tyń, -qa); Vılgelm fon Gýmboldt (-tyń, -qa).*	**§55.** Тарихи тұлға есімдеріндегі көмекші сөздер тұтас атаудың басында келсе, бас әріппен, ортасында келсе, кіші әріппен жазылады: *Leonardo da Vınchı, Janna d'Ark, Fon der Gols, Lıýdvıg van Bethoven,* Көрсетілген есімдерге қосымшалар буын үндесіміне сәйкес жалғанады: *Leonardo da Vınchı (-dıń, -ge); Fon der Gols (-tyń, -qa); Vılgelm fon Gýmboldt (-tyń, -qa).* **§55.** Тарихи тұлға есімдеріндегі көмекші сөздер сөйлем басында бас әріппен, сөйлем ішінде кіші әріппен дефиспен жазылады: *Ál-Farabıdıń murasy barlyq túrki halyqtaryna ortaq. Túrki halyqtary úshin ál-Farabıdıń murasy ortaq.* ***Ескерту***: *ıbn, ábý* сияқты көмекші сөздер сөйлем басында бас әріппен, ал сөйлем ортасында кіші әріппен дифиссіз жазылады.	**§50.** Тарихи тұлға есімдеріндегі көмекші сөздер сөз басында бас әріппен, сөз ортасында кіші әріппен дефис арқылы жазылады: *Ábýnasyr ál-Farabı, Leonardo da Vınchı, Janna d'Ark, Fon der Gols, Lıýdvıg van Bethoven, Ál-Farabıdıń murasy barlyq túrki halyqtaryna ortaq.* Көрсетілген есімдерге қосымшалар буын үндесіміне сәйкес жалғанады: *Leonardo da Vınchı (-dıń, -ge); Fon der Gols (-tyń, -qa); Vılgelm fon Gýmboldt (-tyń, -qa).*
§60. Дәстүрлі мәдениетте ерекше орын алған кісі есімдерінің алдында қолданылатын тұрақты эпитеттер бас әріппен жазылады: *Úkili Ybyraı, Qyz Jibek, Máshhúr*	**§58.** Дәстүрлі мәдениетте ерекше орын алған кісі есімдерінің алдында қолданылатын тұрақты эпитеттер мен *әз, әл* сөздерімен тіркескен кісі есімдері	**§53.** Дәстүрлі мәдениетте ерекше орын алған кісі есімдерінің алдында қолданылатын тұрақты эпитеттер бас әріппен жазылады: *Úkili Ybyraı,*

Júsip, Qazdaýysty Qazybek bı, Er Tarǵyn, Qaraqypshaq Qobylandy, Jaıaý Musa, Er Tóstik.	бас әріппен жазылады: *Úkili Ybyraı, Qyz Jibek, Máshhúr Júsip, Qazdaýysty Qazybek bı, Er Tarǵyn, Qaraqypshaq Qobylandy, Jaıaý Musa, Er Tóstik, Ál Bırýnı,, Ábýnasyr Ál Farabı.*	*Qyz Jibek, Máshhúr Júsip, Qazdaýysty Qazybek bı, Er Tarǵyn, Qaraqypshaq Qobylandy, Jaıaý Musa, Er Tóstik, Áz Jánibek, Áz Táýke.*
Жер бедері, аспан денелері атауларының емлесі		
§63. *Muhıt, asý, aral, qum* т.б. сөздермен келетін жер-су және астрономиялық атаулардың бастапқы сыңары бас әріппен жазылады: *Qara teńiz, Tynyq muhıty, Kúngeı asýy, Barsakelmes araly, Borsyq qumy.*	**§61.** *Muhıt, asý, aral, qum,* т.б. сөздермен келетін жер-су және астрономиялық атаулардың бастапқы сыңары бас әріппен жазылады: *Qara teńiz, Tynyq muhıt, Kúngeı asýy, Barsakelmes araly, Borsyq qumy.*	**§56.** *Muhıt, asý, aral, qum* т.б. сөздермен келетін жер-су және астрономиялық атаулардың бастапқы сыңары бас әріппен жазылады: *Qara teńiz, Tynyq muhıty, Kúngeı asýy, Barsakelmes araly, Borsyq qumy.*
§66. Қосарланған жер-су атауының екі сыңары да бас әріппен, дефис арқылы жазылады: *Aqsý-Jabaǵyly qoryǵy, Úıtas-Aıdos jerasty sýy, Saıram-Ógem ulttyq parki, Balqash-Alakól oıysy.*	Қосарланған жер-су атауының екі сыңары да бас әріппен, дефис арқылы жазылады: *Aqsý-Jabaǵyly qoryǵy, Úıtas-Aıdos jerasty sýy, Saıram-Ógem Ulttyq parki, Balqash-Alakól oıysy.*	**§59.** Қосарланған жер-су атауының екі сыңары да бас әріппен, дефис арқылы жазылады: *Aqsý-Jabaǵyly qoryǵy, Úıtas-Aıdos jerasty sýy, Saıram-Ógem ulttyq parki, Balqash-Alakól oıysy.*
Күрделі атаулардың емлесі		
§67. Мемлекет және ең жоғарғы мемлекеттік басқару органдары мен лауазым атаулары бас әріппен жазылады: *Qazaqstan Respýblıkasy, Qazaqstan Respýblıkasynyń Prezıdenti, Qazaqstan Respýblıkasynyń Premer-mınıstri, Qazaqstan Respýblıkasy Parlamenti Májilisiniń Tóraǵasy, Qazaqstan Respýblıkasynyń Úkimeti.* **Бірақ** мемлекеттік лауазым атауларындағы *hatshy, mınıstr, depýtat, ákim, orynbasar, basshy, tóraǵa* сөздері кіші әріппен жазылады: *Qazaqstan Respýblıkasy Memlekettik hatshysy, Qazaqstan Respýblıkasy Qarjy mınıstri, Qazaqstan Respýblıkasy Parlamentiniń depýtaty, Túrkistan oblysynyń ákimi, Qazaqstan Respýblıkasy Prezıdenti ákimshiligi basshysynyń orynbasary, Ádistemelik bólim basshysy, Til komıtetiniń tóraǵasy.*	**§65.** Мемлекет, қала, облыс атауларымен тіркескен жалпы сөздер (республика, қала, облыс, аудан, т.с.с.), мемлекеттік әкімшілік-басқару органдары (министрлік, комитет, департамент, т.б.) мен лауазым атаулары кіші әріппен жазылады: *Qazaqstan respýblıkasy, Qazaqstan respýblıkasynyń prezıdenti, Qazaqstan Respýblıkasynyń premer-mınıstri, Qazaqstan Respýblıkasy Parlamenti Májilisiniń Tóraǵasy, Qazaqstan Respýblıkasynyń Úkimeti, Qazaqstan respýblıkasy memlekettik hatshysy, Qazaqstan respýblıkasy qarjy mınıstri, Qazaqstan respýblikasy parlamentiniń depýtaty, Túrkistan oblysynyń ákimi, Qazaqstan respýblikasy prezident ákimshiligi basshysynyń orynbasary, Qarjy mınıstrligi, Qazaqstan respýblikasy qarjy ministrligi, Qazaqstan respýblikasy ishki ister ministrligi, Qazaqstan respýblikasy qarjy ministrliginiń memlekettik múlik jáne jekeshelendirý jónindegi komiteti, Qazaqstan respýblikasy aqparat jáne komýnikasialar ministrliginiń aqparattandyrý departamenti.* **§65.** Мемлекет және ең жоғарғы мемлекеттік басқару органдары	**§60.** Мемлекет және ең жоғарғы мемлекеттік басқару органдары мен лауазым атаулары бас әріппен жазылады: *Qazaqstan Respýblıkasy, Qazaqstan Respýblıkasynyń Prezıdenti, Qazaqstan Respýblıkasynyń Premer-mınıstri, Qazaqstan Respýblıkasy Parlamenti Májilisiniń Tóraǵasy, Qazaqstan Respýblıkasynyń Úkimeti.* **Бірақ** мемлекеттік лауазым атауларындағы *hatshy, mınıstr, depýtat, ákim, orynbasar, basshy, tóraǵa* сөздері кіші әріппен жазылады: *Qazaqstan Respýblıkasy Memlekettik hatshysy, Qazaqstan Respýblıkasy Qarjy mınıstri, Qazaqstan Respýblıkasy Parlamentiniń depýtaty, Túrkistan oblysynyń ákimi, Qazaqstan Respýblıkasy Prezıdenti ákimshiligi basshysynyń orynbasary, Ádistemelik bólim basshysy, Til komıtetiniń tóraǵasy.*

	және ең <u>жоғарғы</u> лауазым атаулары бас әріппен жазылады: *Qazaqstan Respýblıkasy, Qazaqstan Respýblıkasynyń Prezıdenti, Qazaqstan Respýblıkasynyń Premer-mınıstri, Qazaqstan Respýblıkasy Parlamenti Májilisiniń Tóraǵasy, Qazaqstan Respýblıkasynyń Úkimeti.* Мемлекеттік лауазым атауларындағы *hatshy, mınıstr, depýtat, ákim, orynbasar, basshy, tóraǵa* сөздері кіші әріппен жазылады: *Qazaqstan Respýblıkasy Memlekettik hatshysy, Qazaqstan Respýblıkasy Qarjy mınıstri, Qazaqstan Respýblıkasy Parlamentiniń depýtaty, Túrkistan oblysynyń ákimi, Qazaqstan Respýblıkasy Prezıdenti ákimshiligi basshysynyń orynbasary, Ádistemelik bólim basshysy, Til komıtetiniń tóraǵasy.*	
§68. Мемлекеттік әкімшілік-басқару органдары (министрлік, комитет, департамент, кодекс т.б.), заңнамалық құжаттар күрделі атауларының бірінші сөзі бас әріппен жазылады: *Qarjy mınıstrligi, Qazaqstan Respýblıkasy Qarjy mınıstrligi, Qazaqstan Respýblıkasy Ishki ister mınıstrligi, Qazaqstan Respýblıkasy Qarjy mınıstrliginiń Memlekettik múlik jáne jekeshelendirý jónindegi komıteti, Qazaqstan Respýblıkasy Aqparat jáne komýnıkasıalar mınıstrliginiń Aqparattandyrý departamenti, Qazaqstan Respýblıkasynyń Eńbek kodeksi.*	**§66.** Заңнамалық құжат атаулары кіші әріппен жазылады: *Qazaqstan respýblikasynyń eńbek kodeksi.*	**§61.** Мемлекеттік әкімшілік-басқару органдары (министрлік, комитет, департамент, кодекс т.б.), заңнамалық құжаттар күрделі атауларының бірінші сөзі бас әріппен жазылады: *Qarjy mınıstrligi, Qazaqstan Respýblıkasy Qarjy mınıstrligi, Qazaqstan Respýblıkasy Ishki ister mınıstrligi, Qazaqstan Respýblıkasy Qarjy mınıstrliginiń Memlekettik múlik jáne jekeshelendirý jónindegi komıteti, Qazaqstan Respýblıkasy Aqparat jáne komýnıkasıalar mınıstrliginiń Aqparattandyrý departamenti, Qazaqstan Respýblıkasynyń Eńbek kodeksi.*
§69. Оқу орны, ғылыми мекеме, қоғамдық ұйым, өнер орталықтарының және олардың құрылымдық бөлімшелерінің атаулары бас әріппен жазылады: *Ál-Farabı atyndaǵy Qazaq ulttyq ýnıversıteti, Sh.Ýálıhanov atyndaǵy Tarıh jáne etnologıa ınstıtýty, Qazaqstan Sýretshiler odaǵy, Abaı atyndaǵy Opera jáne balet teatry, Qazaq ulttyq ýnıversıtetiniń Tarıh fakúlteti, Shyǵystaný fakúltetiniń Shyǵys fılologıasy kafedrasy; Til bilimi ınstıtýtynyń Til mádenıeti bólimi, Jazýshylar odaǵy Kórkem ádebıet bólimi, Til bilimi ınstıtýtynyń Ǵylymı keńesi*	**§67.** Оқу орны, ғылыми мекеме, қоғамдық ұйым, өнер орталықтарының және олардың құрылымдық бөлімшелерінің мәртебелік атаулары бас әріппен жазылады: *Ál-Farabı atyndaǵy Qazaq Ulttyq ýnıversıteti, Qazaq Ulttyq ýnıversıtetiniń tarıh fakúlteti, m.c.c.*	**§62.** Оқу орны, ғылыми мекеме, қоғамдық ұйым, өнер орталықтарының және олардың құрылымдық бөлімшелерінің атаулары бас әріппен жазылады: *Ál-Farabı atyndaǵy Qazaq ulttyq ýnıversıteti, Sh.Ýálıhanov atyndaǵy Tarıh jáne etnologıa ınstıtýty, Qazaqstan Sýretshiler odaǵy, Abaı atyndaǵy Opera jáne balet teatry, Qazaq ulttyq ýnıversıtetiniń Tarıh fakúlteti, Shyǵystaný fakúltetiniń Shyǵys fılologıasy kafedrasy; Til bilimi ınstıtýtynyń Til mádenıeti bólimi, Jazýshylar odaǵy Kórkem ádebıet bólimi, Til bilimi ınstıtýtynyń Ǵylymı keńesi.*

§72. Мемлекеттік марапаттар, атақтар бас әріппен жазылады: *Qazaqstan Respýblıkasy Memlekettik syılyǵynyń laýreaty, «Halyq qaharmany» ataǵy, «Altyn qyran» ordeni, «Eren eńbegi úshin» medali, «Altyn alqa» tósbelgisi.*	**§70.** Мемлекеттік марапат, атақтардың бірінші сыңары бас әріппен жазылады: *Qazaqstan respýblikasy memlekettik syılyǵynyń laýreaty, «Halyq qaharmany» ataǵy, «Altyn qyran» ordeni, «Eren eńbegi úshin» medali, «Altyn alqa» tósbelgisi*	**§65.** Мемлекеттік марапаттар, атақтар бас әріппен жазылады: *Qazaqstan Respýblıkasy Memlekettik syılyǵynyń laýreaty, «Halyq qaharmany» ataǵy, «Altyn qyran» ordeni, «Eren eńbegi úshin» medali, «Altyn alqa» tósbelgisi.*

Екі нұсқа мазмұнына да өзгеріс енгізілген тұстар

Мақұлданған нұсқа	**Тіл білімі институтының түзеткен нұсқасы**	**Талқылауға ұсынылатын соңғы нұсқа**
	§1. a, e, y, i әріптері сөздердің барлық буынында жазылады: *ana, baqyt, shaǵala, balapan, bota, bolashaq; elik, egemendik, elgezek, qurmet, kórkem; yqpal, yrys, mysal, jańǵyrý, baqsy, jaqsy; irgeli, irimshik, bilim, izgilik, kishipeıil, senim.*	***§1. a, e, y, i*** әріптері сөздердің барлық шебінде жазылады: *ana, baqyt, shaǵala, balapan, bota, bolashaq; elik, egemendik, elgezek, qurmet, kórkem; yqpal, yrys, mysal, jańǵyrý, baqsy, jaqsy; irgeli, irimshik, bilim, izgilik, kishipeıil, senim.*
§2. ***á, o, ó, u, ú*** әріптері төл сөздің басында жазылады: *ádis, álem, sán, dán, mádenıet, báıterek; ozyq, ońtaıly, qoǵam, torsyq; óris, ómirsheń, kósem, bórik; utymdy, ustaz, qujat, tumar; úrdis, úkimet, júıe, túbegeıli. Kirme,* шеттілдік сөздердің екінші, үшінші буынында да жазылады: *sirá, kiná, kýá, ińkár, kúmán, shúbá, zámzám, dúdámal; bulbul, maǵlumat, samuryq, májbúr, dúldúl, dástúr, manóvr, montór, parashút, absalút, festıvál, kobált, banknot, alkogól, vestıbúl.* ***j, sh*** мен ***ı*** әріптерінің ортасында келген ***a*** дыбысы жіңішке айтылғанымен, ***a*** әрпі жазылады: *jaı, jaılaý, jaıly, shaı, shaılyq.*	***§2. á, o, ó, u, ú*** әріптері сөз басында, бір буынды сөздерде және көп буынды сөздердің бірінші буынында жазылады: *ádis, álem, sán, dán, mádenıet, báıterek; ozyq, ońtaıly, qoǵam, torsyq; óris, ómirsheń, kósem, bórik; utymdy, ustaz, qujat, tumar; úrdis, úkimet, júıe, túbegeıli.* *Біріккен сөздер мен қос сөздердің екінші сыңарларының бірінші буынында жазылады: Dúısenáli, ataq-dáreje, dálme-dál; Jańaqorǵan, betoramal, jón-josyq; alabóten, óte-móte, ǵylymı-óndiristik; alabuǵa, tars-turs, jazǵyturym; búrsigúni, aqgúl, saıgúlik.* ***§3. á, o, ó, u, ú*** әріптері *kirme және* шеттілдік сөздердің екінші, үшінші буынында жазылады: *sirá, kiná, kýá, ińkár, kúmán, shúbá, zámzám, dúdámal; bulbul, maǵlumat, samuryq, májbúr, dúldúl, dástúr, manóvr, montór, parashút, absolút, festıvál, kobált, banknot, gastról, vestıbúl.*	***§2. á, o, ó, u, ú*** әріптері сөз түбірінің бірінші буынында: *ádis, álem, sán, dán, mádenıet, báıterek; ozyq, ońtaıly, qoǵam, torsyq; óris, ómirsheń, kósem, bórik; utymdy, ustaz, qujat, tumar; úrdis, úkimet, júıe, túbegeıli; ataq-dáreje, dálme-dál; betoramal, jón-josyq; alabóten, óte-móte, ǵylymı-óndiristik; alabuǵa, tars-turs, jazǵyturym; búrsigúni, aqgúl, saıgúlik,* ал кейбір кірме сөздердің екінші, үшінші буынында да жазылады: *sirá, kiná, kýá, ińkár, kúmán, shúbá, zámzám, dúdámal; bulbul, maǵlumat, samuryq, májbúr, dúldúl, dástúr, manóvr, montór, parashút, absalút, festıvál, kobált, banknot, alkogól, vestıbúl.* ***j, sh*** мен ***ı*** әріптерінің ортасында келген ***a*** дыбысы жіңішке айтылғанымен, ***a*** әрпі жазылады: *jaı, jaılaý, jaıly, shaı, shaılyq.*
I тарау. ӘРІПТЕР ЕМЛЕСІ		
Дауыссыз дыбыс әріптерінің емлесі		
Дауыссыз дыбыстарды таңбалайтын әріптер: ***b, d, f, g, ǵ, h, ı, j, k, l, m, n, ń, p, q, r, s, t, v, ý, z, sh, ch***. **§3.** ***b, g, d, f, h, j, k, l, m, n, p, q, r, s, t, v, z, sh, ch*** және ***ı, ý*** (§6-ны қараңыз) әріптері сөздің басында, ортасында, аяғында жазылады: *baılyq, kóbelek, arab; gúl, kógal, pedagog; dáýlet, baǵdar, asteroıd; filosofıa, múftı, paragraf; hıkaıa,*	Дауыссыз дыбыстарды таңбалайтын әріптер: ***b, d, f, g, ǵ, h, j, k, l, m, n, ń, p, q, r, s, t, v, z, sh, ch***. **§4.** ***f, h, j, k, l, m, n, p, q, r, s, t, z, sh, ch*** әріптері сөздің барлық шебінде жазылады: *fılosofıa, múftı, paragraf; hıkaıa, qahar, tarıh; jospar, ereje, muqtaj; kúmis, shekpen, berik; lebiz, alash, táýekel;*	Дауыссыз дыбыстарды таңбалайтын әріптер: ***b, d, f, g, ǵ, h, j, k, l, m, n, ń, p, q, r, s, t, v, z, sh, ch***. **§3.** ***b, g, d, f, h, j, k, l, m, n, p, q, r, s, t, v, z, sh, ch*** әріптері сөздің барлық шебінде жазылады: *baılyq, kóbelek, arab; gúl, kógal, pedagog; dáýlet, baǵdar, asteroıd; filosofıa, múftı, paragraf; hıkaıa,*

qahar, tarıh; jospar, ereje, muqtaj; kúmis, shekpen, berik; lebiz, alash, táýekel; máńgilik, qaımaq, ǵalym; namys, kóne, dastarqan; parasat, kópir, talap; qurmet, maqtanysh, bolashaq; ras, ertegi, ómir; saıasat, kelisim, aıtys; tabıǵat, qatal, sáýlet; vırýs, avtor, rezerv; zerde, bilezik, qundyz; shańyraq, búrshik, qylysh; chempıon, kaýchýk, senvıch; ıá, qaıyń, saı; ýaqyt, áleýmet, taý. Ashshy, tushshy, keshshe сөздерінде екі ***sh*** *әрпі қатар жазылады.*	*máńgilik, qaımaq, ǵalym; namys, kóne, dastarqan; parasat, kópir, talap; qurmet, maqtanysh, bolashaq; ras, ertegi, ómir; saıasat, kelisim, aıtys; tabıǵat, qatal, sáýlet; zerde, bilezik, qundyz; shańyraq, búrshik, qylysh; chempıon, kaýchýk, senvıch; ıá, qaıyń, saı; ýaqyt, áleýmet, taý.* *Ashshy, tushshy, keshshe сөздерінде екі* ***sh*** *әрпі жазылады.* **§5 b, v, g, d** әріптері сөздің басында, ортасында және кірме, шеттілдік сөздердің соңында жазылады: *baılyq, kóbelek, arab; gúl, kógal, pedagog; dáýlet, baǵdar, asteroıd; vırýs, avtor, rezerv.*	*qahar, tarıh; jospar, ereje, muqtaj; kúmis, shekpen, berik; lebiz, alash, táýekel; máńgilik, qaımaq, ǵalym; namys, kóne, dastarqan; parasat, kópir, talap; qurmet, maqtanysh, bolashaq; ras, ertegi, ómir; saıasat, kelisim, aıtys; tabıǵat, qatal, sáýlet; vırýs, avtor, rezerv; zerde, bilezik, qundyz; shańyraq, búrshik, qylysh; chempıon, kaýchýk, senvıch. Ashshy, tushshy, keshshe сөздерінде екі* ***sh*** *әрпі қатар жазылады.*
ı, ý әріптерінің емлесі		
§6. ***ı, ý*** әріптері дауыссыз дыбыс ретінде таңбаланады: *aı, úı, oıshyl, ıaǵnı, qoıan, saıa, ıod, faıl, aıkıdo, mezozoı, ýaǵyz, ýaqyt, aý, sáýkele, demeýshi, qaýyn, aıýan, keıýana.*	**§8.** ***ı*** әрпі қосар ***yı*** (ый), ***ıı*** (ій) дыбыстарын және жалаң ***ı*** дыбысын таңбалайды да, сөздің барлық шебінде жазылады: *ıgilik, ıman; kıim, tıyn, sıa, sıaqty; bı, tarıhı; ınstıtýt, kıno, granıt.* Жалаң ***ı*** дыбысы қазақ тілінде жоқ қой. Төл сөздерде ый, ій, кірме сөздерде – кірме жалаң ***ı***-ді береді деген жөн	**§6.** ***ı, ý*** әріптері дауыссыз дыбысты таңбалайды да, сөздің барлық шебінде жазылады: *aı, úı, oıshyl, ıaǵnı, qoıan, saıa, ıod, faıl, aıkıdo, mezozoı, ýaǵyz, ýaqyt, aý, sáýkele, demeýshi, qaýyn, aıýan, keıýana.*
§7. ***yı*** (ый), ***ıı*** (ій) дыбыс тіркестері сөздің барлық буынында ***ı*** әрпімен жазылады: *ıgilik, ıman; kıim, tıyn, sıa, sıaqty; bı, tarıhı; ınstıtýt, kıno, granıt.* *Е с к е р т у.* Қосар ***yı*** (ый) әріптері тек ***syı*** (сый), ***tyı*** (тый) түбірлерінен жасалған сөздерде жазылады: *syılyq, syıymdylyq, syıý; tyıym, tyıylý, tyıý.*	***ı*** әрпі қосар ***yı*** (ый), ***ıı*** (ій) дыбыстарының, дауысты дыбыстан бұрын немесе кейін келетін үнді ***ı (ŭ)*** дауыссыз дыбысының және шеттілдік сөздерде дауысты ***ı (u)*** дыбысының таңбасы ретінде жазылады: *kıim, mıras, nıet, ıgilik, tarıhı; baı, toı, qaıyq, daıyn, suıyq; dınamıt, tıpografıa, nıkotın.* *Е с к е р т у.* Қосар ***yı*** (ый) әріптері тек ***syı*** (сый), ***tyı*** (тый) ***myı*** (мый) түбірлерінен жасалған сөздерде жазылады: *syılyq, syıymdylyq, syıý; tyıym, tyıylý, tyıý, myıshyq,* ***myıpalaý, myıbatpaq.***	**§7.** ***yı*** (ый), ***ıı*** (ій) дыбыс тіркестері сөздің барлық шебінде ***ı*** әрпімен жазылады: *ıgilik, ıman; kıim, tıyn, sıa, sıaqty; bı, tarıhı; ınstıtýt, kıno, granıt.* *Е с к е р т у.* ***yı*** (ый) дыбыс тіркесі тек ***syı*** (сый), ***tyı*** (тый) түбірлерінен жасалған сөздерде жазылады: *syılyq, syıymdylyq, syıý; tyıym, tyıylý, tyıý.*
§9. ***ю*** әрпі ***ıý*** әріп тіркесі түрінде жазылады: *aıý, baıý, oıý, jaıý, súıý.* *Е с к е р т у.* ***ı*** *әрпінен кейін тұрған* ***ю*** *әрпінің орнына* ***ý*** *жазылады: qıý, jıý.* **§10.** ***я*** әрпі ***ıa*** әріп тіркесімен жазылады: *qoıan, ıaǵnı, saıa.* *Е с к е р т у.* ***ı*** әрпінен кейін тұрған ***я*** әрпінің орнына ***a*** жазылады: *qıar, sıa, jarıa.*	**§9.** ***ю*** әрпі ***ıý*** әріп тіркесімен жазылады: *aıý, baıý, oıý, jaıý, súıý.* Бірақ ***ı*** *әрпінен кейін тұрған* ***ю*** *әрпінің орнына* ***ý*** *жазылады: qıý, jıý, kıý.* **§10.** ***я*** әрпі ***ıa*** әріп тіркесімен жазылады: *qoıan, ıaǵnı, saıa.* Бірақ ***ı*** әрпінен кейін тұрған ***я*** әрпінің орнына ***a*** жазылады: *qıar, sıa, jarıa.*	**§10.** Сөз құрамындағы дауысты дыбыстан кейін ***ю*** әрпі ***ıý*** әріптер тіркесі түрінде жазылады: *aıý, baıý, oıý, jaıý, súıý, ал* ***ı*** *әрпінен кейін тұрған* ***ю*** *әрпінің орнына* ***ý*** *жазылады: qıý, jıý, kıý.* **§11.** Сөз басында және дауысты дыбыстардан кейін ***я*** әрпі ***ıa*** әріп тіркесімен жазылады: *ıaǵnı, qoıan, saıa, ал* ***ı*** әрпінен кейін тұрған ***я*** әрпінің орнына ***a*** жазылады: *qıar, sıa, jarıa.*
Түбір сөздер емлесі		

Қазақ тілінде түбір сөздер тіл үндестігі бойынша жазылады. **§11.** Төл сөздер бірыңғай жуан не жіңішке үндесіммен жазылады: *azamat, yntymaq, bosaǵa, turmys; ásem, memleket, izet, úmit, sóılem. Ал* кейбір кірме сөздерде тіл үндестігі сақталмай жазылады: *quziret, qudiret, muǵalim, qyzmet, qoshemet, aqiret, qasıet, qadir, kitap, taýqimet, qaziret.*	**§12.** Түбір сөздер бірыңғай жуан не жіңішке үндесіммен жазылады: *azamat, yntymaq, bosaǵa, turmys; ásem, memleket, izet, úmit, sóılem.* **§13.** Кейбір кірме сөздерде тіл үндестігі сақталмай жазылады: *quzyret, qudyret, qyzmet, qoshemet, aqyret, qasıet, kitap, taýqymet.*	**§11.** Қазақ тілінде сөздер бірыңғай жуан не жіңішке үндесіммен жазылады: *alaqan, yntymaq, bosaǵa, turmys; áke, tekemet, irimshik, sóılem. Ал* кейбір күрделі сөздер мен кірме сөздерде тіл үндестігі сақталмай жазылады: kúnbaǵys, biryńǵaı, *quzyret, qudyret, muǵalim, qyzmet, qoshemet, aqyret, qasıet, qadirli, kitap, taýqymet, qazyret.*
Қосымшалардың жалғануы		
§21. Түбір сөзге *-hana, nama, -góı, -qoı, -kez, -kesh, -paz, -ger, -ker, -tal, -dar, -qor* тәрізді араб, парсы тілінен енген және *-kúnem, -niki (-diki, -tiki), -men (-ben, -pen)* тәрізді төл қосымшалар сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарамай жалғанады: *kitaphana, ádisnama, emhana; danagói, aqylgói; sánqoı, áýesqoı; arbakesh, baıshykesh; jıhankez; ónerpaz, bilimpaz; zańger, saýdager; kásipker, qaıratker; sezimtal, uǵymtal; dindar, qaryzdar; mansapqor, jemqor; paıdakúnem; ataniki, aýyldiki, qazaqtiki; qoǵammen, ultpen, qyzben.*	§24. *-hana, nama, -góı, -qoı, -kez, -kesh, -paz, -ger, -ker, -tal, -dar, -qor, -kúnem, -niki (-diki, -tiki), -men (-ben, -pen)* тәрізді төл қосымшалар сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарамай жалғанады: *kitaphana, ádisnama, emhana; danagói, aqylgói; sánqoı, áýesqoı; arbakesh, baıshykesh; jıhankez; ónerpaz, bilimpaz; zańger, saýdager; kásipker, qaıratker; sezimtal, uǵymtal; dindar, qaryzdar; mansapqor, jemqor; paıdakúnem; ataniki, aýyldiki, qazaqtiki; qoǵammen, ultpen, qyzben.*	§21. *-niki (-diki, -tiki), -men (-ben, -pen), -kúnem -hana, nama, -góı, -qoı, -kez, -kesh, -paz, -ger, -ker, -tal, -dar, -qor* қосымшалары сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарамай жалғанады *ataniki, aýyldiki, qazaqtiki; qoǵammen, ultpen, qyzben*, *paıdakúnem, kitaphana, ádisnama, emhana; danagói, aqylgói; sánqoı, áýesqoı; arbakesh, baıshykesh; jıhankez; ónerpaz, bilimpaz; zańger, saýdager; kásipker, qaıratker; sezimtal, uǵymtal; dindar, qaryzdar; mansapqor, jemqor.*
III тарау **БІРГЕ ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР ЕМЛЕСІ**		
§31. Екінші сыңары *-lyq (-lik, -dyq, -dik, -tyq, -tik)* қосымшасымен келген қоғамдық, әлеуметтік лексика, *-ar (-er)* қосымшасымен келетін әдет-ғұрып, кәде атаулары, *-lar (-ler, -dar, -der, -tar, -ter)* қосымшасымен келетін ботаникалық, зоологиялық атаулар, *-qysh (-kish, -ǵysh, -gish)* қосымшасымен келетін құрал-сайман және техника атаулары, *-ty (-ti, -dy, -di), -pa (-pe, -ba, -be, -ma, -me), -ys (-is, -s), -ǵy (-gi, -qy, -q)* қосымшасымен келетін лексикаланған тұрақты тіркестер мен зат атаулары бірге жазылады: *ortaazıalyq, jerjúzilik, arampıǵyldyq, búkilálemdik, jalpyhalyqtyq, birrettik; aýyzashar, atqaminer; ashatuıaqtylar, balyqqorektiler, jalańkózdiler, aǵashkemirgishter; kespekeskish, sabynsalǵysh, órtsóndirgish; sharýabasty, nemketti, súıkeısaldy; alypqashpa, baýkespe, janbaǵys, kireberis, kúnkóris; aýaqyzdyrǵy, aýasúzgi, bórioınaq.*	§34. Екінші сыңары *-lyq (-lik, -dyq, -dik, -tyq, -tik)* қосымшасымен келген қоғамдық, әлеуметтік лексика, *-ar (-er)* қосымшасымен келетін әдет-ғұрып, кәде атаулары, *-lar (-ler, -dar, -der, -tar, -ter)* қосымшасымен келетін ботаникалық, зоологиялық атаулар, *-qysh (-kish, -ǵysh, -gish)* қосымшасымен келетін құрал-сайман және техника атаулары, *-ty (-ti, -dy, -di), -pa (-pe, -ba, -be, -ma, -me), -ys (-is, -s), -ǵy (-gi, -qy, -q)* қосымшасымен келетін лексикаланған тұрақты тіркестер мен зат атаулары бірге жазылады: *ortaazıalyq, jerjúzilik, arampıǵyldyq, búkilálemdik, jalpyhalyqtyq, birrettik; aýyzashar, atqaminer; ashatuıaqtylar, balyqqorektiler, jalańkózdiler, aǵashkemirgishter; kespekeskish, sabynsalǵysh, órtsóndirgish; sharýabasty, nemketti, súıkeısaldy; alypqashpa, baýkespe, janbaǵys, kireberis, kúnkóris; aýaqyzdyrǵy, aýasúzgi, bórioınaq.*	§28. Екінші сыңары *-lyq (-lik, -dyq, -dik, -tyq, -tik), -шылық (-шілік)* қосымшасымен келген қоғамдық, әлеуметтік лексика, *-ar (-er)* қосымшасымен келетін әдет-ғұрып, кәде атаулары, *-lar (-ler, -dar, -der, -tar, -ter)* қосымшасымен келетін ботаникалық, зоологиялық атаулар, *-qysh (-kish, -ǵysh, -gish)* қосымшасымен келетін құрал-сайман және техника атаулары, *-ty (-ti, -dy, -di), -pa (-pe, -ba, -be, -ma, -me), -ys (-is, -s), -ǵy (-gi, -qy, -q)* қосымшасымен келетін лексикаланған тұрақты тіркестер мен зат атаулары бірге жазылады: *ortaazıalyq, jerjúzilik, arampıǵyldyq, búkilálemdik, jalpyhalyqtyq, birrettik; aýylsharýashylyq, jekkórýshilik; aýyzashar, atqaminer; ashatuıaqtylar, balyqqorektiler, jalańkózdiler, aǵashkemirgishter; kespekeskish, sabynsalǵysh, órtsóndirgish; sharýabasty, nemketti,*

		súıkeısaldy; alypqashpa, baýkespe, janbaǵys, kireberis, kúnkóris; aýaqyzdyrǵy, aýasúzgi, bórioınaq.
III тарау **БӨЛЕК ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР ЕМЛЕСІ**		
	§31. *Шаруашылық* сөзімен тіркесетін күрделі сөздер бөлек жазылады: *aýyl sharýashylyǵy, mal sharýashylyǵy, orman sharýashylyǵy, qoı sharýashylyǵy.* Бірақ үш сыңарлы сөз тіркесіп, күрделі атауды білдіргенде алдыңғы сыңарлары бірігіп жазылады: *aýylsharýashylyq mınıstrligi, malsharýashylyq ónimderi, ormansharýashylyq salasy, qoısharýashylyq kásibi.*	Артық. §28-ге қостық.
V тарау **ДЕФИСПЕН ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР ЕМЛЕСІ**		
Қос сөздер дефис (-) арқылы жазылады. §39. Қайталама қос сөздер дефис арқылы жазылады: *lek-lek, alýan-alýan, júre-júre, kóre-kóre, sóılei-sóılei, bıik-bıik, kóp-kóp, taý-taý, qaıta-qaıta.* §40. Қосарланған еліктеуіш, бейнелеуіш сөздер және көңіл-күй, шақыру одағайлары дефис арқылы жазылады: *jalt-jult, satyr-sutyr, qalt-qult, shaqyr-shuqyr, shart-shurt, sart-surt, tars-turs, pah-pah, shek-shek, qyraý-qyraý.* §41. Сыңарлары өзара мағыналас және қарама-қарсы, жиынтық және жалпылама мәндегі, сондай-ақ мағынасы көмескіленген қос сөздер дефис арқылы жазылады: *syı-qurmet, úgit-nasıhat, oı-óris, ydys-aıaq, telegeı-teńiz, salt-dástúr, er-toqym, el-jurt, jer-jahan, kúsh-qaırat, ońtústik-shyǵys, júrek-tamyr syrqaty, shtrıh-kod, oqý-jattyǵý, ákimshil-qysymshyl; úlken-kishi, kári-jas, alys-jaqyn, ashshy-tushshy, alys-beris, joǵary-tómen, kóshi-qon, aıtty-aıtpady, kirer-kirmesten, kelimdi-ketimdi, kári-qurtań, kóılek-kónshek, et-met.* §42. Қосарланған болжалдық сан есімдер дефиспен жазылады: *bir-eki, alty-jeti, úsh-tórt, otyz-qyryq, altaý-jeteý, bireý-ekeý.*	§40. Қайталама, қосарлама қос сөздер дефис (-) арқылы жазылады: *lek-lek, alýan-alýan, júre-júre, kóre-kóre, sóılei-sóılei, bıik-bıik, kóp-kóp, taý-taý, qaıta-qaıta, jalt-jult, satyr-sutyr, qalt-qult, shaqyr-shuqyr, shart-shurt, sart-surt, tars-turs, pah-pah, shek-shek, qyraý-qyraý, bir-eki, alty-jeti, úsh-tórt, otyz-qyryq, lken-kishi, kári-jas, alys-jaqyn, ashshy-tushshy, alys-beris, joǵary-tómen* §41. Сыңарлары өзара мағыналас және қарама-қарсы, жиынтық және жалпылама мәндегі, сондай-ақ мағынасы көмескіленген қос сөздер дефис арқылы жазылады: *syı-qurmet, úgit-nasıhat, oı-óris, ydys-aıaq, telegeı-teńiz, salt-dástúr, er-toqym, el-jurt, jer-jahan, kúsh-qaırat, ońtústik-shyǵys, júrek-tamyr syrqaty, shtrıh-kod, oqý-jattyǵý, ákimshil-qysymshyl; úlken-kishi, kári-jas, alys-jaqyn, ashshy-tushshy, alys-beris, joǵary-tómen, kóshi-qon, aıtty-aıtpady, kirer-kirmesten, kelimdi-ketimdi, kári-qurtań, kóılek-kónshek, et-met.*	§36. Қос сөздер дефис арқылы (-) жазылады: *lek-lek, alýan-alýan, júre-júre, kóre-kóre, sóılei-sóılei, bıik-bıik, kóp-kóp, taý-taý, qaıta-qaıta, jalt-jult, satyr-sutyr, qalt-qult, shaqyr-shuqyr, shart-shurt, sart-surt, tars-turs, pah-pah, shek-shek, qyraý-qyraý, bir-eki, alty-jeti, úsh-tórt, otyz-qyryq, úlken-kishi, kári-jas, alys-jaqyn, ashshy-tushshy, alys-beris, joǵary-tómen, syı-qurmet, úgit-nasıhat, oı-óris, ydys-aıaq, salt-dástúr, er-toqym, el-jurt, jer-jahan, kúsh-qaırat, oqý-jattyǵý, ákimshil-qysymshyl; kóshi-qon, kári-qurtań, kóılek-kónshek, et-met.*
§47. Кірме негіздер, аббревиатуралар мен сандардың төл және шет тілінен енген сөздермен қосарланған атаулары, сондай-ақ *ýeb, eks* сөзалды сыңарларымен келетін сөздер дефис арқылы жазылады: *breın-rıng, kofe-breık, market-meıker, shoý-bızines, tok-shoý,*	§45. Кірме негіздер, аббревиатуралар мен сандардың төл және шет тілінен енген сөздермен қосарланған атаулары дефис арқылы жазылады: *breın-rıng, kofe-breık, market-meıker, shoý-bızines, tok-shoý, blıs-saýal,*	§41. Кірме негіздер, аббревиатуралар мен сандардың төл және кірме сөздермен қосарланған атаулар дефис арқылы жазылады: *breın-rıng, kofe-breık, market-meıker, shoý-bızines, tok-shoý, blıs-saýal, feıs-baqylaý, art-kafe, pop-mýzyka; MP4-pleerleri,*

blıs-saýal, feıs-baqylaý, art-kafe, pop-mýzyka; MP4-pleerleri, USB-tasymaldaýshy, SD-karta; VIP-palata, IT-mamandar, PR-menejer.	*feıs-baqylaý, art-kafe, pop-mýzyka; MP4-pleerleri, USB-tasymaldaýshy, SD-karta, m.c.c.*	*USB-tasymaldaýshy, SD-karta; VIP-palata, IT-mamandar, PR-menejer; ýeb-saıt, eks-mınıstr*
§49. Қысқарған сөзге қосымшалар дефис арқылы жалғанады: *AAQ-nyń, QazUPÝ-ǵa, TMD-ǵa* (§73-75 қараңыз).	§47. Қысқарған сөзге қосымшалар дефис арқылы жалғанады: *AAQ-nyń, QazUPÝ-ǵa, TMD-ǵa.*	§43. Қысқарған сөзге қосымшалар дефис арқылы жалғанады: *AAQ-tyń, QazUPÝ-ǵa, TMD-ǵa* (§73-75 қараңыз).
	§48. Әрбір жаңа сөйлем бас әріппен жазылады: *Qonaqúıde, dóńgelek ústel ústinde qyzǵylt, kúńgirt sáýlesi bar tas sham janyp tur. Qyryn otyrǵan ákesiniń úlken kesek pishini Abaıǵa jartylaı ǵana kórinedi* (M.Áýezov). §49. Өлеңнің әр жолы бас әріптен басталады: *Paıda oılama, ar oıla,* *Talap qyl artyq bilýge.* *Artyq bilim kitapta,* *Erinbeı oqyp kórýge* (Abaı).	§44. Әрбір жаңа сөйлем және өлеңнің әрбір жолы бас әріппен жазылады: *Qonaqúıde, dóńgelek ústel ústinde qyzǵylt, kúńgirt sáýlesi bar tas sham janyp tur. Qyryn otyrǵan ákesiniń úlken kesek pishini Abaıǵa jartylaı ǵana kórinedi* (M.Áýezov). *Paıda oılama, ar oıla,* *Talap qyl artyq bilýge.* *Artyq bilim kitapta,* *Erinbeı oqyp kóryýge* (Abaı).
VI тарау **БАС ӘРІП ЕМЛЕСІ.** **Қосымшалардың жалғануы**		
§53. Кісі есімдеріне және *-ov, -ev* жұрнағымен аяқталған кісінің тегіне қосымша түбір сөздің соңғы буынына сәйкес үндесіп жалғанады: *Álıhannyń, Álıhanǵa; Kúnsulýdyń, Kúnsulýǵa; Nábıevanyń, Nábıevke; Baıǵaraevanyń, Baıǵaraevqa.* *Е с к е р т у.* Соңғы буыны *á*-мен аяқталған кісі есімдеріне қосымшалар §16 бойынша жуан жалғанады: *Kúlásh-qa, Kúlái-ǵa, Bilál-ǵa.*	§51. Кісі есімдеріне және *-ov, -ev* жұрнағымен аяқталған кісінің тегіне қосымша түбір сөздің соңғы буынына сәйкес үндесіп жалғанады: *Álıhannyń, Álıhanǵa; Kúnsulýdyń, Kúnsulýǵa; Nábıevanyń, Nábıevke; Baıǵaraevanyń, Baıǵaraevqa.* §51. *-ов, -ев жұрнағымен аяқталған кісі тегіне қосымша түбір сөздің соңғы буынына сәйкес үндесіп жалғанады: Сапарбай-ев-қа, Қонысбай-ев-қа, Әуез-ов-ке, Мұқан-ов-қа.* *-ова, -ева, -ин, -ина жұрнақтарымен аяқталған кісі тегіне қосымша тек тұлғасының соңғы буынына сәйкес үндесіп жалғанады: Сұлтанмұратова-ға, Мұратова-ға, Қазақбаева-ға Оразалиева-ға, Сұлтанғазин-ге, Сұлтанғазина-ға.*	§46. *-ov, -ev* жұрнағымен аяқталған кісінің тегіне қосымша негізгі сөздің, ал *-u* әрпіне аяқталатын кісі есімдеріне қосымша оның алдындағы буынның жуан-жіңішкелігіне қарай жалғанады: *Сапарбай-ев-қа, Қонысбай-ев-қа, Әуез-ов-ке, Мұқан-ов-қа, Әли-ге, Нұрғали-дың.*
IX тарау **СӨЗДЕРДІҢ ТАСЫМАЛДАНУЫ**		
§99. Сөз буын жігіне сәйкес тасымалданады: *oqý-shylar, oqýshy-lar; bel-sendi, belsen-di; beı-bitshilik, beıbit-shilik, beıbitshi-lik.* §102. Біріккен және кіріккен сөздер буын жігімен тасымалданады: *de-malys, dema-lys* (*dem-alys* емес); *kó-goraı, kógo-raı* (*kóg-oraı* емес). §103. Бір буынды сөздер тасымалданбайды: *aı, kún, vólt, kvars, pýnkt.* §104. Сөздің жеке әрпі келесі жолға тасымалданбайды: *ara* (*a-ra, ar-a*емес), *aıaq* (*a-ıaq* емес), *alaqan* (*a-laqan* емес), *ша (ı-ıa, ı-a емес).*	тасымалданбайды: *aı, kún, vólt* § Сөз буын жігіне сәйкес тасымалданады: *oqý-shylar, oqýshy-lar; bel-sendi, belsen-di; beı-bitshilik, beıbit-shilik, beıbitshi-lik. Бірақ бір буын тасымалданбайды: ara* (*a-ra, ar-a* емес), *aıaq* (*a-ıaq* емес), *alaqan* (*a-laqan* емес), *ша (ı-ıa, ı-a емес).* §Біріккен және кіріккен сөздер буын жігімен тасымалданады: *de-malys, dema-lys* (*dem-alys* емес); § Бір буынды сөздер *kó-goraı, kógo-raı* (*kóg-oraı* емес).	тасымалданады: *oqý-shylar, oqýshy-lar; bel-sendi, belsen-di; beı-bitshilik, beıbit-shilik, beıbitshi-lik.* Бірақ бір әріптен құралған буын мен бір буынды сөздер тасымалданбайды *ara* (*a-ra, ar-a* емес), *aıaq* (*a-ıaq* емес), *alaqan* (*a-laqan* емес), *ша (ı-ıa, ı-a емес), de-malys,*§92. Сөз буын жігіне сәйкес *dema-lys* (*dem-alys* емес); *kó-goraı, kógo-raı* (*kóg-oraı* емес).

	§ Сөздің жеке әрпі келесі жолға тасымалданбайды:	
§101. Сөз ішінде үш дауыссыз дыбыс қатар келгенде, сөздің түбірі сақталып тасымалданады: *kúńgirt-teý* (*kúńgir-tteý* емес), *jańǵyrt-ty* (*jańǵyr-tty* емес).	§ Түбір сөздің ішінде үш дауыссыз қатар келгенде үнді мен қатаң дыбыстық тіркесі жол бойында қалдырылып, кейінгі буын келесі жолға тасымалданады: *qumyrs-qa (qumyr-sqa* емес), *jumyrt-qa (jumyr-tqa* емес*), kúńgirt-teý* (*kúńgir-tteý* емес), *jańǵyrt-ty* (*jańǵyr-tty* емес).	§94. Сөз ішінде үш дауыссыз қатар келгенде тасымал алғашқы екеуінен кейін жасалады: *qumyrs-qa (qumyr-sqa* емес), *jumyrt-qa (jumyr-tqa* емес*), kúńgirt-teý* (*kúńgir-tteý* емес), *jańǵyrt-ty* (*jańǵyr-tty* емес).
§105. Бас әріптен қысқарған сөздерді тасымалдауға болмайды: *AQSh, TMD, BUU.*	§ Бас әріптен қысқарған сөздерді тасымалданбайды: *AQSh, TMD, BUU.*	§95. Бас әріптен қысқарған сөздер тасымалданбайды: *AQSh, TMD, BUU.*

Талқылауға ұсынылатын кейбір екіұдай мәселелер

III тарау **БІРГЕ ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР ЕМЛЕСІ**		
	§33. Біріккен сөздер дыбыстық үндесіммен жазылады: k*ógónis, shegara,* qyrg*úıek, jarǵanat, qazanǵap.*	
Жалқы есімдердің емлесі		
	§54. Араб, парсы тілінен енген кісі есімдері қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына сәйкес жазылады: Ysqaq, Yrysjan, Yrysaldy, Ysmaıyl немесе Symaıyl, Muhambet, Ybyraıym, Bátıma, Qasen, Qusaıyn, Qadısha, Pazyl, Ábdiqadir, Álbeıbarys.	
Күрделі атаулардың емлесі		
	§71 Жоғары дәрежелі қызмет аттары мен құрметті атақтардың әрбір сөзі бас әріппен жазылады: *Keńes Odaǵy Batyry, Halyq Qaharmany.*	

Г. Мұқанова: Құрметті әріптестер, латын әліпбиінде жазу үшін ересек адамдардың өзі емлеге сүйенеді. Емле ережесін жалпы халық оқиды. Оқыту барысында қандай қиындықтар туындауда? Осы мәселе жөнінде А. Сейітбековаға сөз кезегін берейік.

А. Салқынбай: Құрметті әріптестер, назар аударыңыздар! Біздің ұсынып отырған ережемізді Тіл білімі институты жасады. Комиссия мүшелері үстінен қайта қарады. Шын мәнінде ол кісілердің қауқары жете ме? Мәселе оның заңды құқығында. Орфографиялық топ бас қосып қараса, әңгіме басқа.

Ж. Жақыпов: Комиссия мүшесі болғанымa өкініп отырмын. Бұлар өздеріне-өздері қарсы шығып жатқан адамдар екен. Өкілеттілік ретінде сөзді Қарлығашқа бердік.

А. Фазылжанова: Тіл білімі институтынан келген жобаны Орфографиялық жұмыс тобының мүшелері қарап шығуға құқылы. Тіл білімі институтының ғалымдары жұмыс тобының құрамында. Өздері жасаған емлеге өздері сарапшы болуы әділетсіз болатыны себепті Тіл білімі институтының мамандарынан басқа барлық Орфографиялық топ мүшелері сараптау жұмысына қатысты. Тағы да қайталап айтамын, Орфографиялық жұмыс тобының отырысы өтіп жатыр. Біздің жұмысымызға кедергі келтірмеңіздер. Өз жиналыстарыңыз өз мекемелеріңізде болсын. Барлығы хаттамаға түседі. Министрліктерге,

Үкіметке көрсетіледі. Біздің жоспарымыз бойынша, келесі сөзді Айнұр Аташбекқызына береміз. Содан кейін талқылауға кірісеміз.

А. Сейітбекова: «Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» орталығы биылғы жылы 2400 адамды оқытуы керек. Курсымыз алға шығып кеткен, емлеміз артта жүр. Курсты жетілдіру үшін 160 адамнан сауалнама алдық. Қазір 72 сағаттық курстың 7 легін өткізіп жатырмыз. Әлі 15 лек өткізуіміз керек, әр лекке 28 адам қатысады. Оның барлығы Тіл үйрету орталықтарының тіл мамандары, яғни филологтар, аудармашылар. Қазіргі таңда 196 филологты оқытып шықтық. Облыс өңірлері бойынша 1200 адамды оқытып шықтық.

72 сағаттық курс бойынша мынадай ережелер меңгеруде қиындық туғызды:

- Екінші сыңары *-lyq (-lik, -dyq, -dik, -tyq, -tik), -шылық (-шілік) қосымшаларымен келетін* **ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, егін шаруашылығы** т.б.
- Құжат мағынасындағы **ашық хат**, открытка мағынасындағы **ашықхат.**
- **§96.** ***-кт, -ск, -пт, -фт,-нкт, -ск*** әріп тіркесіне бітетін *шеттілдік сөздерге -ы/-і дәнекерін тікелей жалғап, түбір күйінде қабылдаған жөн. Мысалы:* Faktiniń, -ge, -ler.
- **«нг»** аяқталатын сөздер «**ń**» емес, «**ńg**» түрінде жазылса дұрыс болар еді. Жаңа ереже бойынша *клуб, педагог, демагог* т.б. атаулардың жазылуы нормаға сәйкес бұрынғыша қалып отыр. Олай болса, *боулинг, рейтинг, коучинг* тәрізді сөздердің жазылуын да бұрынғыдай қалдырған жөн.
- **§92** толықтырылуы керек. Бір буынды «тест» секілді сөздердің жазылымы мен қосымша қосылу принципі анықталу керек;
- **§24.** Күрделі сын есімдердің әрбір сыңары бөлек жазылады: *al qyzyl. Осы ережедегі «ал қызыл» күрделі сын есімінің «ал» сыңары дербес мағынасынан ажырағандықтан, бірге жазылып, ескерту ретінде берілуі тиіс.*
- **§53**. Емледе: Кісі есімдеріне және -ov, -ev жұрнағымен аяқталған кісінің тегіне қосымша түбір сөздің соңғы буынына сәйкес үндесіп жалғанады: Álıhannyń, Álıhanǵa; Kúnsulýdyń, Kúnsulýǵa; Nábıevtyń, Nábıevke; Baıǵaraevanyń, Baıǵaraevqa.
- Е с к е р т у. Соңғы буыны á-мен аяқталған кісі есімдеріне қосымшалар §16 бойынша жуан жалғанады: Kúlásh-qa, Kúlái-ǵa, Bilál-ǵa» делінген. Осы жерде соңғы буыны á-мен аяқталған кісі есімдеріне қысаң дауысты қосымшалар жіңішке жалғануы тиіс екендігін қосқан жөн. Өйткені Күләш-тің, Біләл-ім, Күләй-мін деп айтқанда ғана үндестік заңы сақталады. Осы жерде **-ин** қосымшасына бітетін кісінің тегіне қосымшаның қалай жалғанатыны туралы анықтап беру керектігін де ескертеміз.

Жазуда қиындық туғызған әріптер:

- Байиды (baıdy)
- Кейиді (keıdi)
- ashshy, tushshy
- Ashat – Асхат, Ашат, dárishana – дәрісхана, дәрішана

Курс тыңдаушыларының пікірлерінен үзінді:

- **Á** әріпі жазылатын түбір сөздерге қосымшаның жалғануы.
- Соңғы буыны **Á**-мен аяқталатын сөздердің жазылуы, қосымша жалғануы. “*Ауыл* ” сөзінің жазылуы.
- Бірге жазылатын, үндестік заңына бағынбайтын 7 қосымшадағы **«ә»** дыбысына аяқталған сөздерге жалғанатын жалғау түсініксіздеу, қиындық болды. Ашық болса жуан, қысаң дауысты болса жіңішке дегенде.... Dildániń. Jámillater
- Қиындық туғызған емле кездескен жоқ .
- Емле ережесі бойынша бірге және бөлек жазылатын сөздерді айыру қиын.
- *Дискі ма?Диск па*? 94,95,96 ереже бойынша

- Орфоэпиялық ережелер тақырыбында *aýyly* қалсын деген ұсыныстар бар. Сиыр-*sıyr, oqý*,.... осы қалпында қалу керек.

Мақұлданған жаңа емленің артықшылығы төмендегідей:

- Ю, Я әріптерінің төл сөздердегі және шеттілдік сөздердегі ара жігі жақсы ажыратылды;
- И, У әріптерінің қызметі дұрыс ашылды;
- Ь және Ъ белгісімен келген сөздерді таңбалау әдісі анықталды;
- шеттілдік сөздер мен кірме сөздер аражігі анық көрсетілді.

Оқыту барысында ешкімнің пікіріне қозғау салмаймыз. Даулы мәселелерден олар да хабардар. Қатысушылар тарапынан шет тілдік сөздерге қатысты оң көзқарастарды байқадым. Сауалнама қорытындысын да бере аламын.

Құрметті әріптестер, емленің түзететін тұстарына өзгерісті тездетіп енгізіп, емлені бұқара халыққа ұсынсаңыздар. Емленің 95% қалады, 5 % өзгеріске ұшырауы мүмкін деген ақпарат айтып жатырмыз.

А. Фазылжанова: Құрметті әріптестер, талқылауға ұсынылатын мәселелерді анықтап алайық.

- § 33 Кіріккен сөздер дыбыстық үндесіммен жазылады.
- § 54 Араб, парсы тілінен енген кісі есімдері қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына сәйкес жазылады.
- § 71-§ 74 қайта қарау керек.

О. Жұбаева: Кіріккен сөз, кірме сөз, шет тілдік сөздерді қайта қарауымыз керек. § 79, § 80, §81, §82 қазақ тілінің заңдылықтары бұзылып тұр. Осы заңдылықтарды біз реттеуіміз керек. Сөздің басында екі дауыссыздың келмейтіні, сөздің ортасында екі дауысты дыбыстың келмейтіні, сөздің соңында б, в, г, д дыбыстарының келмейтіні сияқты заңдылықтарды реттеуіміз керек.

§78 көптеген заңдылықтар бұзылып тұр. Сөздің соңында «в» мен «г» қатар келіп тұр. Сөздің басқы дыбыстары езулік болса, соңғы дыбыстары езулік болмауы керек.

§ 83«Зарәдкі» деген сөздің алдыңғы буыны жуан да, соңғы буыны жіңішке. Ескертулерде де қате бар. Орыс тілінің заңдылықтарын сақтамай-ақ өзіміздің айтылым заңдылықтарына бағындыруды ұсынамын.

§85 Айыру белгісі. Бұл жерде *объект, субъект* деген сөздерге қосымша жалғанғанда *обьектіге, субъектіге* формасында қолданылғаны жөн. Тіл үйренушілер тарапынан да сондай ұсыныстар болғаны рас. Біз мақаламызда да осыны жаздық. «ы», «і» дәнекерлеуші ретінде қолданылған.

§86. Сөздің басында 2 дауысты дыбыс қатар келмейді. Мысалы «Смайыл» деген «Ысмайыл» деп жазылуы керек. §87-88, 89, 91 қазақ тілінің заңдылықтарын бұзып тұр. Сингармонизм заңының бұзылған тұстары кездеседі. §92 бойынша Айнұр өте дұрыс айтты, мен де соны қолдаймын. §93-те шет тілдік сөздерге тәуелдік жалғауы жалғанған кезде «х», «п» дыбыстары ұяңданады делінген. «Х»-ның сұяң варианты жоқ, «п»-ның ғана ұяң варианты бар. §94 Қазақ тіліндегі сөздерде *б, г, в, д дыбыстары сөздің соңында келмеуі керек.* §95, §96, §97 ережелер жайлы өз мақалалармызда айтқанбыз.

Қ. Күдеринова: Қарлығаш Сәрекенованың жасаған баяндамасына қатысты сұрағым бар. Қысқарған сөз «БАҚ-тың» яғни «тың» қосымшасын жалғап тұрсыздар, ал «ТМД»-ның дегенде «ТМД»-тың бола ма сонда? Бәрінде бірізділік болуы керек қой.

А. Фазылжанова: Шет тілдік сөздерге байланысты ұсынысты Алғашқы Тіл білімі институтының жобасына қатысты айттыңыз ба немесе мақұлданған емледегі жобаға қатысты айттыңыз ба?

О. Жұбаева: Екеуінде де бірдей, өзгеріске ұшырамаған. «тын», «тұғын», «ды», «ді» дегендерді шылау деп қалдырамыз деді. Ол шылау бола алмайды, есімше немесе жедел өткен шақ бола алады.

Ж. Жақыпов: Егер ол есімге қосылса шылау болады, етістікке қосылса есімше болады. Есімге қосылса дефиспен жазамыз, етістікке қосылса бірге жазамыз. Оған неге даурығып жатырсыздар? Бұрыннан солай, солай қала береді.

А. Фазылжанова: Құрметті әріптестер, бір Орекеңнің өзі шет тілдік сөздерге арналған §76 -§92 дейін түгел даулы деп отыр. Шет тілдік сөздерді, 1 топтың қарауына ұсынайық.

Б. Қапалбек: Шет тілдік сөздердің ережесін жасаған адам мен ұсыныс айтқан адам түзету жұмыстарын жүргізсін.

А. Салқынбай: Құрметті әріптестер, менің қолымдағы кестенің 2 бағаны бойынша §55 қайта қаралуы керек. Сөйлем басында және сөйлем арасында жазылатын кіші әріп туралы айтылған. «Әл-Фараби» түгілі жай «қағаз» деген сөздің өзі сөйлем басында жазылса үлкен әріппен жазылады. Дәл осыған қарама-қарсы § 58 де былай делінген: «әз», «әл» сөздері бас әріппен жазылады делінген. Қай сөзіңізге сенеміз?

Т. Аяпова: Құрметті әріптестер! Тіл білімі институтының өзі екіге бөлінуі өте ұят нәрсе. Қателеріңізді түзеп дұрыс нұсқамен келулеріңіз керек еді ғой.Бүкіл емлені қайта талқылаудың ешқандай қажеті жоқ. Проблемалы параграфтарды қайта қарасақ болғаны, ұсыныстарыңызбен айтыңыздар. Бәріңіз мүйіздеріңіз қарағайдай ғалымсыздар, бұл не сұмдық? Талқылаудан нәтиже жоқ. Даулы параграфтарды анықтаңыздар да, топ-топ болып жұмыс жасап шешім қабылдаңыздар.

А. Фазылжанова: Тіл білімінде талқыланбаған жұмысты неге мұнда алып келгенсіздер?

А. Алдаш: Құрметті, әріптестер! Тіл білімі институтында үш күн жұмыс істедік. Барынша бар дүниелерге келістік. Тіл білімі институты мен Тіл-Қазына орталығының жасаған нұсқаларында айырмашылық болып тұр. Уақыт өте тығыз. Жылдам топқа бөлініп жұмыс жасайық.

Б. Қапалбек: I, VIII тараулар сияқты үлкен тарауларға үлкен макро топ құрайық.

I тарау
ӘРІПТЕР ЕМЛЕСІ

Дауысты дыбыс әріптерінің емлесі

§1. а, е, у, і әріптері сөздердің барлық шебінде жазылады.
- Даулы ма?
- Жоқ.

§2. ***á, о, ó, и, ú*** әріптері сөз түбірінің бірінші буынында жазылады?
- Даулы ма?
- Жоқ.

§3. ***j, sh*** мен ***ı*** әріптерінің ортасында келген ***а*** дыбысы жіңішке айтылғанымен, ***а*** әрпі жазылады.
- Даулы ма?
- Жоқ.

§4. ***ǵ*** әрпі сөз басы мен ортасында ғана жазылады.
- Даулы ма?
- Жоқ.

§5. ***ń*** әрпі сөз ортасы мен соңында ғана жазылады
- Даулы ма?
- Жоқ.

§6. ***ı***, ***ý*** әріптері дауыссыз дыбысты таңбалайды да, сөздің барлық шебінде жазылады.
- Даулы ма? Талқылаймыз дегендеріңіз қол көтеріңіздер.
- Талқыламаймыз.

7. ***уı*** (ый), ***іı*** (ій) дыбыс тіркестері сөздің барлық шебінде ***ı*** әрпімен жазылады.

- Талқылаймыз ба? 5 адам қол көтерді, басым көпшілігі қол көтермегендіктен талқыланбайды.

§8. ***Иý*** (ұу), ***úý*** (үу) дыбыс тіркестері сөздің барлық шебінде ***ý*** әрпімен жазылады.
- Даулы ма?
- Даулы емес.

§9. ***Ю*** әрпі ***ıý*** әріп тіркесімен жазылады.
- Даулы ма?
- Даулы емес.

§10. Я әрпі ***ıа*** әріп тіркесімен жазылады
- Даулы ма?
- Даулы емес.

II тарау
ТҮБІР СӨЗДЕР ЕМЛЕСІ
ҚОСЫМШАЛАРДЫҢ ЖАЛҒАНУЫ

Түбір сөздер емлесі

§11. Қазақ тілінде сөздер бірыңғай жуан не жіңішке үндесіммен жазылады.
- Талқылаймыз ба?
- Талқыламаймыз.

§12. Сөздердің және күрделі сөздер мен сөз тіркестері сыңарларының түбір тұлғасы сақталып жазылады.
- Талқылаймыз ба?
- Талқылаймыз.
- Кім жауапты болады?
- Айман апай болады.
- Келісесіздер ме?
- Ләззат апай қосылады.
- Жомарт ағайды қосайық.

Бірауыздан келісілді. Жауаптылар: А. Алдаш, Б. Қапалбек, Л. Еспекова.

Қосымшалардың жалғануы

§13. Қосымшалар түбірдің соңғы буынындағы дауысты дыбыстың үндесіміне қарай не жуан, не жіңішке жалғанады:
- Даулы ма?
- Даулы емес.

§14. Сөздің соңғы дыбысы қатаң болса, қосымшалар қатаңнан, ал дауысты, ұяң немесе үнді болса, қосымшалар ұяң не үндіден басталып жалғанады.
- Даулы ма?
- Даулы емес.

§15. Түбірдің соңғы буынында **р, л**, **у** дыбыстары мен **к, қ, п, с** дыбыстарының аралығындағы ***у, і*** әріптері тәуелдік қосымшасы жалғанғанда түсіріліп жазылады.
- Даулы ма?
- Даулы емес.

§16. Соңғы буынында ***á*** әрпі жазылатын түбір сөздерге *ашық дауыстылармен келетін қосымшалар ғана жуан жалғанады.*
- Даулы ма?
- Даулы.
- Талқылауға кімдерді ұсынасыздар?
- О. Жұбаева.
- Г. Мамырбекова.
- Ж. Жұмабаева.

- Бірауыздан келісілді.

§17. ***S, z, j*** дыбыстарына аяқталатын сөздерге ***s, sh*** дауыссыздарынан басталатын қосымша жалғанғанда түбір сақталып жазылады.

- Түсінікті ме?
- Түсінікті.

§18. ***N*** дыбысымен аяқталатын сөздерге ***b, g, ǵ, m*** дауыссыздарынан басталатын қосымша жалғанғанда, түбірдің негізгі тұлғасы сақталып жазылады.

- Даулы ма?
- Даулы емес.

§19. Сөз соңындағы ***k, q, p*** әріптері тәуелдік жалғауы немесе көсемшенің ***-a, -e, -ı*** жұрнағы жалғанғанда ***g, ǵ, b (ý)*** болып жазылады:

- Даулы ма?
- Даулы емес.

§20. Екінші сыңары *basy, asy, aǵasy, anasy* тұлғаларымен келген біріккен сөздерде қосымша сөздің тәуелдік формасына жалғанады.

- Даулы ма?
- Даулы емес.

§21. *-niki (-diki, -tiki), -men (-ben, -pen), -kúnem -hana, nama, -gói, -qoı, -kez, -kesh, -paz, -ger, -ker, -tal, -dar, -qor* қосымшалары сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарамай жалғанады.

- Даулы ма?
- Даулы емес.

III тарау
БӨЛЕК ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР ЕМЛЕСІ

§22. Анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері бөлек жазылады.

- Дұрыс па?
- Дұрыс.

§23. Күрделі сан есім, күрделі сын есім, етістікті тіркестердің әрбір сыңары бөлек жазылады.

- Даулы ма?
- Даулы емес.

§24. Толық мағыналы сөзбен тіркескен *saıyn, keıin, buryn, deıin, sheıin, men, ben, pen, qoı, ǵoı, da, de, ta, te, ma, me, ba, be, pa, pe, she* шылаулары бөлек жазылады.

- Даулы ма?
- Даулы емес.

§25. Негізгі сөзге тіркескен *aldy, arty, asty, ústi, mańy, jany, ishi, syrty, basy, tusy, sheti, boıy* сияқты көмекші есімдер бөлек жазылады.

- Даулы ма?
- Даулы емес.

§26. Идиомалық, фразалық тіркестердегі әрбір сөз бөлек жазылады.

- Дұрыс па?
- Дұрыс.

IV тарау
БІРГЕ ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР ЕМЛЕСІ

§27. Екі түбірден құралған бір ғана зат пен ұғым атауы бірге жазылады.

- Дұрыс па?
- Дұрыс.

§28. Екінші сыңары *-lyq (-lik, -dyq, -dik, -tyq, -tik), -шылық (-шілік)* қосымшасымен келген қоғамдық, әлеуметтік лексика, *-ar (-er)* қосымшасымен келетін әдет-ғұрып, кәде

атаулары, *-lar (-ler, -dar, -der, -tar, -ter)* қосымшасымен келетін ботаникалық, зоологиялық атаулар, *-qysh (-kish, -ǵysh, -gish)* қосымшасымен келетін құрал-сайман және техника атаулары, *-ty (-ti, -dy, -di), -pa (-pe, -ba, -be, -ma, -me), -ys (-is, -s), -ǵy (-gi, -qy, -q)* қосымшасымен келетін тіркестер мен зат атаулары бірге жазылады.

- Өзгеріс бар ма?
- Өзгеріс жоқ.

§29. *Ásire, bir, kóp, jalpy* және *avan, avıa, aýto, agro, antı, aero, gıdro, gıper, eýro, ızo, ınfra, kıno, mega, mını, radıo, tele, trans, últra, foto, elektr* сияқты сөзалды сыңарларымен, сондай-ақ *beı* қосымшасымен келген атаулар бірге жазылады.

- Дұрыс па?
- Дұрыс.

§30. Екінші сыңары *aralyq, qumar, jandy, tanýı, tanym, jaı, hat, aqy, ishilik, symaq* сияқты сөздермен келген атаулар бірге жазылады.

- Дұрыс па?
- Дұрыс.

§31. *Esh, ár, keı, bir, qaı, qaısy, álde* сөздерімен келген есімдік, сын есім, үстеулер түбір тұлғалары өзгертілмей, бірге жазылады.

- Дұрыс па?
- Дұрыс.

§32. Бірінші сыңары *aq, qara, sary, kók, qyzyl, ala, boz* тәрізді түс атауларымен келетін ботаникалық, зоологиялық терминдер бірге жазылады.

- Дұрыс па?
- Дұрыс.

§33. Лексикалық мағынасынан ажыраған *qoı, sıyr, túıe, bota, qozy, at, qoıan, aıý, bóri, qasqyr, ıt* немесе *qum, sý, bal, ý, sor* сөздерімен тіркескен ботаникалық, зоологиялық атаулар бірге жазылады.

- Дұрыс па?
- Дұрыс.

§34. Екінші сыңары *shóp, gúl, tiken, japyraq, tamyr, qus, balyq, qurt, jıdek, jemis, qat* сөздерімен келетін ботаникалық атаулар бірге жазылады.

- Дұрыс па?
- Дұрыс.

§35. Күрделі сөзге айналған фразеологизмдер бірге жазылады.

- Дұрыс па?
- Дұрыс.

V тарау
ДЕФИСПЕН ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР ЕМЛЕСІ

§36. Қос сөздер дефис арқылы (-) жазылады.

- Даулы ма?
- Даулы емес.

§37. Грамматикалық тұлғалармен келген қос сөздер дефис арқылы жазылады.

- Даулы ма?
- Даулы емес.

§38. Араб цифрымен берілген санға қосымша дефис арқылы жалғанады, сондай-ақ түсірілген *-ynshy (-inshi), -nshy (-nshi)* қосымшасының орнына дефис қойылады, ал рим цифрымен берілсе, дефис қойылмайды.

- Даулы ма?

- Даулы.
- Б. Момынованың жетекшілігімен Қ. Сәрекенова, О. Жұбаева, Ж. Жақыпов мәселені шешеді.

§39. Цифрға тіркелетін *% (процент)*, *^0C* (Цельсий) таңбаларынан кейін жалғанатын қосымшалар дефис арқылы жазылады.
- Даулы ма?
- Даулы емес.

§40. Күшейткіш буынмен келетін сөздер дефиспен жазылады.
- Даулы ма?
- Даулы емес.

§41. Кірме негіздер, аббревиатуралар мен сандардың төл және кірме сөздермен қосарланған атаулары, сондай-ақ *ýeb, eks* сөзалды сыңарларымен келетін сөздер дефис арқылы жазылады.

Б. Момынова: Қайта қарау керек деп есептеймін.

А. Фазылжанова: Б. Момынова жауапты болады. А. Салқынбай, Б. Қапалбек қосылады.

§42. *-aq, -aı, -aý, -dy, -di, -mys, -mis, -tin, -tuǵyn* көмекші сөздері дефис арқылы жазылады.
- Даулы ма?
- Даулы.
- Жауаптылар: Б. Момынованың жетекшілігімен Қ. Сәрекенова, О. Жұбаева, Ж. Жақыпов.

§43. Қысқарған сөзге қосымшалар дефис арқылы жалғанады.
- Даулы ма?
- Даулы емес.

VI тарау
БАС ӘРІП ЕМЛЕСІ
ҚОСЫМШАЛАРДЫҢ ЖАЛҒАНУЫ

§44. Әрбір жаңа сөйлем және өлеңнің әрбір жолы бас әріппен жазылады.
- Даулы ма?
- Даулы емес.

Жалқы есімдердің емлесі

§45. Кісінің аты, әкесінің аты, тегі бас әріппен жазылады.
- Даулы ма?
- Даулы емес.

§46. ***-ov, -ev*** жұрнағымен аяқталған кісінің тегіне қосымша негізгі сөздің, ал ***-ı, -ın*** тұлғаларымен аяқталатын кісі есімдеріне қосымша оның алдындағы буынның жуан-жіңішкелігіне қарай жалғанады.
- Даулы ма?
- Даулы.
- Қ. Рысбергеннің жетекшілігімен М. Тұрсынова, Н. Рсалиева, А.Алдаш жауапты болады.

§47. Екі сөзден құралған кісі есімдері бірге жазылады.
- Даулы ма?
- Даулы.

Г. Мамырбекова: Құрметті әріптестер, кісі есімдеріне дефисті қою мүлде дұрыс емес қой. Дефиспен біреу қояды, біреу қоймайды, ала-құла қолданыста. Сөйлемнің ортасында болса да бас әріппен дефиссіз (Әл Фараби) жазылғаны жөн.

Қ. Айдарбек: Кісі аттары қатаң кодификацияға келе бермейді.

А. Фазылжанова: Құрметті, әріптестер! «Әл-Фараби» араб тілінен аударылған сөз. Араб тілінде екі түрлі сипатта қолданылады.

Б. Сүйеркұл: Әріптестер, бұрынғы дәстүрді сақтайық.

Ж. Жақыпов: Сөйлемнің басында келсе бас әріппен, ортасында келсе кіші әріппен жазайық.

Қ. Рысберген: Дәстүрді өзгертпейік.

А. Фазылжанова: Енді барлық жағдайда бас әріппен және арасында дефис арқылы дегендер қол көтеріңіздерші. Басым көпшілігі қолдап отыр. Демек, «Әл»-ді барлық жағдайда бас әріппен және дефис арқылы жазамыз.

§48. Кісі есімдері сыңарларының жігіндегі дыбыстар айтылымына сәйкес жазылады.
- Даулы ма?
- Даулы емес.

§49. Араб, парсы тілінен енген кісі есімдері қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына сәйкес жазылады.
- Даулы ма?
- Қ. Рысбергеннің жетекшілігімен М. Тұрсынова, Н. Рсалиева, А.Алдаш жауапты болады.

§50. Тарихи тұлға есімдеріндегі көмекші сөздер тұтас атаудың басында келсе, бас әріппен, ортасында келсе, кіші әріппен жазылады.
- Даулы ма?
- Даулы. Жауаптылар: А. Салқынбай, Қ. Рысберген, Н. Рсалиева.

§51. Ертегі, миф кейіпкерлерінің аттары бас әріппен және бірге жазылады.
- Даулы ма?
- Даулы емес.

§52. Кісі есімдеріне *bı, jyraý, ata, ana, batyr, abyz, aqyn, bahadúr, han, seri, sal, datqa, sultan, qajy, sulý, begim, hanym, myrza* сөздері тіркескен жағдайда екінші сыңары кіші әріппен, бөлек жазылады.
- Даулы ма?
- Даулы емес.

§ 53. Дәстүрлі мәдениетте ерекше орын алған кісі есімдерінің алдында қолданылатын тұрақты эпитеттер бас әріппен жазылады.
- Даулы ма?
- Даулы емес.

§54. Жануарлар мен құстарға қойылған күрделі атаулар бас әріппен және бірге жазылады.
- Даулы ма?
- Даулы емес.

Жер бедері, аспан денелері атауларының емлесі

§55. Географиялық және астрономиялық атаулар бас әріппен жазылады.
- Даулы ма?
- Даулы емес.

§56. *Muhıt, asý, aral, qum* және т.б. сөздермен келетін жер-су және астрономиялық атаулардың бастапқы сыңары бас әріппен жазылады.
- Даулы ма?
- Даулы емес.

§57. Тұрақты анықтауыш арқылы қалыптасқан күрделі жер-су атауларының екі сыңары да бас әріппен және бөлек жазылады.
- Даулы ма?
- Даулы емес.

§55. Географиялық және астрономиялық атаулар бас әріппен жазылады.
- Даулы ма?
- Даулы емес.

§56. *Muhıt, asý, aral, qum* және т.б. сөздермен келетін жер-су және астрономиялық атаулардың бастапқы сыңары бас әріппен жазылады.
- Даулы ма?
- Даулы емес.

§57. Тұрақты анықтауыш арқылы қалыптасқан күрделі жер-су атауларының екі сыңары да бас әріппен және бөлек жазылады.
- Даулы ма?
- Даулы емес.

§58. Күрделі жер-су атаулары бас әріппен, түбір тұлғасы сақталып, біріктіріліп жазылады.
- Даулы ма?
- Даулы емес.

§59. Қосарланған жер-су атауының екі сыңары да бас әріппен, дефис арқылы жазылады.
- Даулы ма?
- Даулы емес.

Күрделі атаулардың емлесі

§60. Мемлекет және ең жоғарғы мемлекеттік басқару органдары мен лауазым атаулары бас әріппен жазылады.
- Даулы ма?
- Даулы.
- Жауаптылар: О. Жұбаева, Ж. Жақыпов, Қ. Сәрекенова.

§61. Мемлекеттік әкімшілік-басқару органдары (министрлік, комитет, департамент, кодекс және т.б.), заңнамалық құжаттар күрделі атауларының бірінші сөзі бас әріппен жазылады.
- Даулы ма?
- Даулы емес.

§62. Оқу орны, ғылыми мекеме, қоғамдық ұйым, өнер орталықтарының және олардың құрылымдық бөлімшелерінің атаулары бас әріппен жазылады.
- Даулы ма?
- Даулы емес.

§63. Ғимарат, ескерткіш, көркем әдебиет, музыка, сәулет, өнер туындылары атауларының алғашқы сөзі бас әріппен жазылады.
- Даулы ма?
- Даулы емес.

§64. Маңызды тарихи оқиғалардың, мереке атауларының бірінші сөзі бас әріппен жазылады.
- Даулы ма?
- Даулы емес.

§65. Мемлекеттік марапаттар, атақтар бас әріппен жазылады.
- Даулы ма?
- Даулы емес.

VII тарау
ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕРДІҢ ЕМЛЕСІ

§66. Басқы әріптерінен қысқарған күрделі атаулар бас әріппен жазылады.
- Даулы ма?
- Даулы емес.

§67. Ағылшын тіліндегі атауы бойынша қысқарған әлемдік мәртебесі жоғары халықаралық ұйым атаулары түпнұсқа тіліндегідей жазылады.
- Даулы ма?
- Даулы емес.

§68. Аралас қысқарған сөздер төмендегідей жазылады.
- Даулы ма?
- Даулы емес.

VIII тарау
КІРМЕ СӨЗДЕР ЕМЛЕСІ

А.Фазылжанова: Кірме сөздерге байланысты даулы мәселелер көп болғандықтан барлық параграфты қайта қарайық.

Жауаптылар: А.Алдаштың жетекшілігімен З.Базарбаева, Т.Аяпова, Н.Рсалиева, А.Салқынбай, Қ.Сәрекенова, Қ.Айдарбек, О.Жұбаева, Қ.Қалыбаева, Б.Қапалбек, Б.Момынова, Б.Сүйеркұл, Қ.Күдеринова, М.Тұрсынова, Ж.Жұмабаева.

§69. Игерілген кірме сөздер айтылуы бойынша жазылады.

§70. ***Ё*** әрпі ***ó*** әрпімен таңбаланады. Қосымша соңғы буынның үндесіміне сәйкес жалғанады.

§71. ***Ц*** әрпі және ***сц*** әріп тіркесі ***s*** әрпі арқылы жазылады.

§72. ***Щ*** әрпі ***sh*** әрпімен жазылады.

§73. ***Э*** әрпі ***e*** әрпімен жазылады.

§74. ***Ю*** әрпі сөз басында және дауысты дыбыстан кейін ***-ıý*** әріп тіркесімен, сөз ортасында ***ú*** әрпімен жазылады.

§75. ***Я*** әрпі сөз басында және дауысты дыбыстан кейін ***-ıa*** әріптер тіркесімен, сөз ортасында ***á*** әрпімен жазылады.

§76. Жіңішкелік белгісі ***(ь)*** бар буынға жіңішке дауыстылардың әрпі жазылады, қосымшалар түбірдің соңғы буынына үндесіп жалғанады.

§77. Айыру белгісі ***(ъ)*** ескерілмей жазылады, қосымшалар соңғы буын үндесіміне сәйкес жалғанады.

§78. ***-тч*** әріп тіркесімен аяқталатын сөздердегі ***т*** әрпі түсіріліп жазылады.

§79. ***Дж*** әріп тіркесі бар сөздерде ***д*** әрпі түсіріліп, қосымшалар үндестік заңы бойынша жазылады.

§80. Сөз соңындағы қосар әріптің бір сыңары түсіріледі.

§81. Сөз ортасындағы қосар ***сс, мм, лл, тт, фф, нн, бб, рр, пп, гг, дд, кк, уу*** дыбыстарын білдіретін әріптердің бірі түсіріліп жазылады.

§82. ***-ий***-мен аяқталған сөздердің соңында бір ғана ***ı*** әрпі жазылады.

§83. Сөз соңындағы ***а*** әрпі сөз мағынасына әсер етпеген жағдайда түсіріліп жазылады.

§84. ***-ст, -сть, -вт, -фт*** әріп тіркестеріне біткен сөздердің соңғысы (лары) түсіріліп жазылады, қосымшалар үндестік заңына сәйкес жалғанады.

§85. ***р, h*** әріптеріне аяқталған кірме сөздерге тәуелдік жалғауы жалғанғанда, ***р*** әрпі ұяңданбайды және ***h*** әрпіне аяқталған сөзге қосымшалар жуан жалғанады.

§86. ***-ог*** әріп тіркесімен аяқталатын сөздерге қосымшалар жуан жалғанады.

§87. ***-рк, -рг, -кс, -лк, -кл,*** әріп тіркестеріне біткен сөздерге қосымшалар жіңішке жалғанады.

§88. ***-кт, -ск, -пт, -мб*** әріп тіркесіне бітетін сөздерге қосымша ***у, і*** дәнекері арқылы, ал ***-кт, -нкт, -ск*** сияқты құрамында ***к*** әрпі бар сөздерге тек жіңішке, басқаларына соңғы буын үндесіміне қарай не жуан, не жіңішке жалғанады.

§89. Сөз соңындағы ***-нг*** әріп тіркесі ***ń*** әрпімен жазылады, қосымшалар үндестік заңына сәйкес жалғанады.

90. Ағылшын тіліндегі түпнұсқасында ***w*** әрпімен басталатын сөздер ***ý*** әрпімен жазылады.

§91. Түпнұсқасына ұқсас жазылатын кірме сөздерге қосымша – буын үндестігіне сәйкес жалғанады.

IX тарау
СӨЗДЕРДІҢ ТАСЫМАЛДАНУЫ

§92. Сөз буын жігіне сәйкес тасымалданады.

§93. Буын ***ı*** мен ***ý*** дауыссыздарынан басталғанда.

§94. Сөз ішінде үш дауыссыз дыбыс әрпі қатар келгенде тасымал буын жігіне қарай жасалады.

§96. Кісі есімінің қысқартылған әрпі тасымалданбайды.

§95. Бас әріптен қысқарған сөздер тасымалданбайды.

§97. Цифрлармен келген қысқарған өлшем бірлік атаулары, шартты таңбалар тасымалданбайды және шартты таңбалар аралықсыз жазылады**.**

А.Фазылжанова: Құрметті, әріптестер! Әр топқа параграфтарды бөліп бердік. Енді осы бойынша жиналамыз.

***

О.Жұбаева: Рабиға Сыздықованың принциптеріне сүйене отырып және осы уақытқа дейінгі ережелердегі «қосымша сөздің соңғы буынының жуан не жіңішкелігіне қарай жалғанады» дегенді ескере отырып, біздер қалай болғанда да «әдейі», «кейін» деген қосымшалар жуан деген шешімдемін.

О.Жұбаева: Егер біз «кінәсіна» деп жазатын болсақ, 16-шы параграфты қараңыздар, «Сөздің соңғы буыны жуан болса, оған жалғанатын қосымша жуан, ал сөздің соңғы буыны жіңішке болса, оған жалғанатын қосымша жіңішке болады» деген ережеге жүгінетін болсақ, бұл сөз басқаша жазылуы тиіс. Бұл сөздерді барыс септігі арқылы тексеруімізге болады. Сондықтан «кінасына» деп жазғанымыз жөн. Емлеге назар аударыңыздар! Кезкелген фонеманы барыс септігінің жалғауын жалғау арқылы тексеруімізге болады. «Ә» әрпі негізі араб, парсы тілдерінен келген. Мысалы біз «күмәндану» деп жазамыз. Оны «күмәндену» деп айта алмаймыз.

А.Фазылжанова: Сонымен бұл параграф өзгеріссіз қалады.

Қ.Қалыбаева: «Конституция» сөзіндегі «ц» әрпін «тс» мен берсек қалай қарайсыздар?

А.Фазылжанова: Жоқ, «ц» әрпін «с»-мен бергеніміз дұрыс.

А.Фазылжанова: Құрметті әріптестер! 38-ші параграфқа назар аударыңыздар! Бұл параграфтарға жауаптылар: Салқынбай Анар, Момынова Бағдан және Жақыпов Жантас. Бұл ереже сол қалпында қалатын болды. Мұнда «нөмір» деген сан есімнен кейін дефис қойылмайды. Сарапшылар осылай шешім қабылдапты. Келісесіздер ме?

Барлығы бір ауыздан келісім берді.

41-ші параграфқа көңіл аударыңыздар! Мұнда жауаптылар: Анар Салқынбай, Бағдан Момынова және Бижомарт Қапалбек.

Ж.Жақыпов: Қос сөздер дефис арқылы жазылады.

Б.Момынова: Мен қарсылығымды айтайын. Мектеп оқулықтарының барлығында сыңарлық екі мағынасы бар, бір мағынасы көмескіленген жалпылама қарама-қарсы мәндегі қос сөздер болады. Сол сөздерді жазу үшін мен мынаны қалдыруды ұсынамын. Ал қос сөздер дефис арқылы жазылады дегенге мен қарсы емеспін. Сөздер бұл параграфта мағынасына қарай жіктеледі.

А.Фазылжанова: Сіз өте дұрыс айтып отырсыз, мен сізді қолдаймын. Бірақ сіздің осы мәселеңіз анықтағышта міндетті түрде көрсетіледі. Сондықтан бұл жерде ешқандай мәселе туындамайды. Сонымен барлығымыз Жантас ағайдың пікірімен келісеміз, ия?

Н.Рсалиева: Мен келіспеймін. Өйткені «CD карта» деп жазуға болмайды.

Барлығы бір ауыздан: бұл мысалды алып тастағанбыз.

А.Фазылжанова: Енді 38-ші параграфқа назар аударайық. Бұл параграфтың мәселесі шешілді.

42-ші параграф бойынша Жақыпов Жантас ағайға беріледі.

Ж.Жақыпов: Бұл параграф сол қалпында өзгеріссіз қалды. Оның себебі бұл жерде дау «тұғынға» байланысты етін. Бұл қосымша дефиспен жазылады. «Тұғын» мен «тын» зат есіммен келсе, дефиспен жазылады. Мысалы: бар-тұғын, жоқ- тұғын. Ал егер етістікпен қосылса, онда олар есімше болып кетеді. Мысалы: баратұғын және т.б. Бұл жерде ескерту түрінде көрсетуге болады. Етістікке жалғанса, есімше ретінде бірге жазылады.

А.Фазылжанова: Осыны қосуымыз керек. Көп рақмет, жақсы жұмыс жасаған екенсіздер! Енді 60-шы параграфты талқылайық. Оған жауапты мамандар: Жұбаева Орынай, Жақыпов Жантас. Сонымен бірге сіздерді ескертіп қояйын. Шет тілдік сөздердің емлесі бойынша барлық мамандар жауапты болады. Өйткені оның мәселелері барлығымыз қатыспасақ, шешімін таба алмайды екен.

О.Жұбаева: «ұлттық» сөзі бас әріппен жазылуы тиіс.

Ж.Жақыпов: онда «мемлекеттік» сөзін де бас әріппен жазуымыз керек. Менің ойымша, «ұлттық» сөзі кішкентай әріппен жазылуы керек.

Т.Аяпова: «ұлттық» сөзі кішкентай әріппен жазылуы тиіс, Жантас ағайға қосыламын. Сонымен бірге «мемлекеттік» сөзі де кішкентай әріппен жазылуы тиіс.

А.Фазылжанова: Емледе қалай тұр, сол қалпында қалдырамыз.

Ж.Жақыпов: «Тынық мұхиты» сөзіндегі тәуелдік жалғауын алып тастауымыз керек.

Ж.Жұмабаева: онда «Іле өзені» қалай жазылады?

Ж.Жақыпов: «Іле» сөзі зат есім, ал «тынық» сөзі сын есім болып табылады. Сондықтан мұнда «Іле өзені» болып қалады.

А.Фазылжанова: 94-параграфқа тоқталайық. Бұл параграфқа жауаптылар: Еспекова Ляззат, Сәрекенова Қарлығаш және Жұбаева Орынай. Сөз кезегі Сәрекенова Қарлығашқа беріледі.

Қ.Сәрекенова: Құмырсқа не? деген мәтінде біз үнді мен қатаңнан кейін тасымал жасалынады деп өзгеріс енгізіп отырмыз. Бұл төл сөздерге қатысты.

А.Фазылжанова: Құрметті әріптестер! Сөз ішінде үш дауыссыз дыбыс әрпі қатар келгенде тасымал буын жігіне қарай жалғанады. Енді 96-шы параграфты қарайық. Бұған жауаптылар: Жұбаева Орынай және Еспекова Ләззат апайларымыз.

Л.Еспекова: Бұл параграф бойынша тек «тегі» сөзін ғана алып тастаймыз. Қалғаны өзгеріссіз қалады. Енді құрметті әріптестер, шет тілдік сөздер емлесіне кезек келіп жетті.

А.Алдаш: Ең соңғы бетке назар аударыңыздар! Өткенде сіздер былай деп жазғансыздар: цифрлармен келген қысқарған өлшем бірлік атаулары және шартты атаулар аралықсыз жазылады дегенсіздер. Енді мына «Тіл-Қазына» КеАҚ-дан келіп түскен ұсыныстарда оларды бөліп көрсетіпті. Соған назар аударсаңыздар.

Ж.Жақыпов: Аралықсыз бұл сөздерді жаза алмаймыз.

Т.Аяпова: Шет тілдік сөздерді тілдік ассимиляция бойынша 3 топқа бөлеміз.

1) тұрмыстық лексика;
2) жартылай ассимиляциялық сөздер;
3) ассимиляцияға түспейтін сөздер.

Осылай шет тілдік сөздерді үш топқа бөліп талдау жасауға қарсы емессіздер ме?

А.Фазылжанова: Өте жақсы.

Т.Аяпова: Саяси және экономикалық терминдерді өзгертудің қажеті жоқ. Бұл ретте терминологиялық жұмыс комитеті көп жұмыс жасауы керек. Біз экономикалық-саяси терминдерді бірден қазақ тіліне икемдей алмаймыз. Оған біраз уақыт керек.

О.Жұбаева: ***сс, лл, тт, пп, ст, кст, сть, зд, кк, вт, фт*** *дыбыс тіркестеріне біткен есім сөздердің соңғы әріптері түсіріліп жазылады: kılovat, sıiez, shirıf, tires, týrıs, fantas, fonetıs, forpos, fýtýrıs, ekonomıs, ıýrıs* және т.с.с.

1. *Екі қатаң дауыссызға (**ск, ст, кс, кт, пт,** **фт**)* **біткен сөздердің соңына *ы, і*** *дәнекер дыбыстары қосылып жазылады: óbiıekti, kıoski, lıfti, fakti, retsepti, manýskrıpti, pakti, fakti, perfekti, ınstınkti, evkalıpti* және т.с.с.

2. *Үнді және қатаң дауыссыздар тіркесіне* ***(нк, лк, мп, лт, льт, нс, рс, рт, рш, нт, рм, фр*** және т.б.**)** *біткен сөздерге қосымша* ***ы, і*** дәнекерінсіз, буын үндестігі бойынша жалғанады: *finans+qa, finans+y, avans+y (avansysy emes), tsement+ke, tsement+ti, ferment+tik, tsıfr+ǵa, tsıfr+y (tsıfrysy emes); hloroform+ǵa, hloroform+nan, hloroform+y, fýnt+qa, fýnt+y, formant+tar, formant+y, bank+ke, avtopark+ten, pýlt+ke* және т.с.с.

3. Шет тілден енген **енг, инг, онг** дыбыс тіркесімдеріне біткен сөздердің соңындағы **нг** дыбысының орнына қазақ тіліндегі **ң** дыбысы таңбаланады: *avtoparkıng, agroholdıng, aýtbrıdıng, aýtsorsıng, bankıng, bıznes-reıtıng, bıznes-trenıng, boýlıng, brıfing, vıkıng, dempıng, dopıng, ımprıtıng, ınbrıdıng, ınjınırıng, karlıng, kartıng, kastıng, kıkboksıng, kıng, klırıng, konsaltıng, kontrollıng, lızıng, marketıng, mıtıng, monıtorıng, peıdjıng, portsıng, reıtıng, roýmıng, rıng, semınar-trenıng, serfing, skrınıng, smokıng, sparrıng, staılıng, sterlıng, trenıng, fandraızıng, franchaızıng, holdıng, hostıng, lozýng, býmerang, rang, flang, sleng, gong, dıftong, polıdıftong* және т.с.с.

1. Шеттен енген сөздер:

- **аб** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*arab, arhesıllab, mazhab, masshtab, shtab, hıdjab*);
- **об** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*garderob, gıdrofob, mıkrob*);
- **уб** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*avtoklýb, aeroklýb, bıznes-klýb, ınternet-klýb, klýb, kýb, motoklýb, sport-klýb, fıtnesklýb*);
- **аг** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (anshlag, arhıpelag, bakterıofag, detrıtofag, reıhstag, rychag);
- **орг** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*komsorg*);
- **ург** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*dramatýrg, jazýshy-dramatýrg, kardıohırýrg, kınodramatýrg, metallýrg, neırohırýrg, hırýrg*);
- **фаг** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (ksılofag, makrofag, olıgofag, saprofag, sarkofag, entomofag);
- **яг** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (varıag);
- **ог** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*aǵartýshy-pedagog, akýsher-gınekolog, analog, antropolog, arheolog, astrolog, bakterıolog, barlaýshy-geolog, bıolog, býldog, geolog, gertsog, gıdrolog, gınekolog, glıatsıolog, kosmetolog, marketolog, meteorolog, mınerolog, mıfolog* және т.с.с.);
- Сөздің, буынның басында екі дауыссыз қатар келмейді. Сондықтан аралығына **ы, і** дәнекер дыбыстары түседі: *Pylanshet, pyraparsanal, kyvars, pyrapyrshık, krınáz, jentlmen;*
- Сөздің, буынның басында екі дауыссыз қатар келген жағдайда алдына *дәнекер* ***ы, і*** *дыбыстары түседі:* y*skoch, iskech;*
- **О** және **е** дыбыстары қатар келген жағдайда арасына **й** дыбысы түседі: *poıetıke, koıefısent;*
- Сөз соңында қатаң мен қатаң, үнді мен үнді, қатаң мен үнді, ұяң мен ұяң т.с.с. келген жағдайда арасына дәнекер **ы, і** дыбыстары түседі: *resepshın, desımetır, lúkıs, mıllımetir, sıkil;*
- Бастапқы буындары езулік, соңғы буыны еріндік болып келген сөздерде (екпін түспесе) еріндік дауысты езулікке айналады: *деректір, кәректір, mәderatyr, birselez, rejeser.*

- *Шеттен енген сөздер орыс тіліндегі жазылуына сүйенбей, қазақ тіліндегі, түпнұсқадағы айтылуын негізге алынып жазылады: әlúmın* |ə'luːmənəm| – әлүмін, |'neɪtrɪəm| – натыр, *alafon* |'æləfoʊn|, *trəleıbis* |'trɑːlibʌs|, *kərespandent* |ˌkɔːrə'spɑːndənt|, *kərektir* |kə'rektər|, *apanent* |ə'poʊnənt|, *shıfəner* |ˌʃɪfə'nɪər|;
- Орыс тілінің заңдылықтары бойынша біріккен сөздер қазақ тілінің заңдылығына бағындырылып, **о, е** дәнекерлері түсіріліп жазылады: *имуноген емес, имунген;*
- Қазақ тілінің заңдылығы бойынша, сөздің соңында ашық дауыстылар келмейді, олар не түсіп қалады не қысаң дауыстыға айналады: *áptek, ystansy, nómir, poshty, Gilúkoz* |'gluːkoʊs| , *valút, konúktýr* |kən'dʒʌŋktʃər|, *kərparats*y*; blokbast*y*r, mərkir;*
- Сөздің соңындағы ашық дауыстылар не түсіп қалады, не қысаң дауыстыға айналады: *doll*y*r, mass*y*, tonn*y.
- **ад** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*bal-maskarad, jad, jıhad, lımonad, marmelad, rafinad, shokolad* және т.с.с.);
- **айд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (слайд);
- **ард** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*авангард, гепард, электркард*);
- **ед** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (швед);
- **ейд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*рейд*);
- **еид** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*нуклеопротеид, протеид, хромопротеид*);
- **фуд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*фаст-фуд*);
- **юд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*фотоэтюд*);
- **ярд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*бильярд*);
- **ард** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*стюард*);
- **яд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*наряд*);
- **ряд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*авиаотряд, отряд, разряд, снаряд*);
- **ид** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*альдегид, антимонид, геноцид, гербицид, гибрид, диоксид, оксид, пластид, полигибрид, силицид, суицид* және т.с.с.);
- **од** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*анод, бутерброд, взвод, диод, йод, катод, метод, электрод, эпизод* және т.с.с.);
- **оид** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*астероид, гаплоид, дифтонгоид, коллоид, органоид* т.с.с.);
- **орд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздердегі (*аккорд, билборд, рекорд, сканворд, скейтборд, сноуборд*)

б, г, д дыбыстарының орнына **п, к, т** әріптері жазылады.

енд (*бренд, дивиденд, стенд, тренд, фотостенд*)**, онд** (*алюкобонд, генофонд, евробонд*)**, унд** (*карборунд*) дыбыс тіркесімдеріне біткен сөздер де **нт** түрінде жазылады.

Қ.Сәрекенова: 97-параграфты талқылап жіберейік (цифрлар мен аралықтар жайлы). Мұндағы шартты белгілер аралықсыз дегеніміз дұрыс, бірақ «см», «га» дегендерге аралық керек және шартты белгілерге аралық қажет сияқты. Шартты белгілер аралықсыз, ал «см», «га» деген өлшем бірліктер аралықпен жазылады.

А.Алдаш: Құрметті әріптестер! Мен қазір осында бүкіл параграфтар бойынша осы кезге дейін келіп түскен ұсыныстардың барлығын айтып шығайын. Мені мұқият тыңдап, жазып алуларыңызды сұраймын. Артынан пікірлеріңізді айтуларыңызға болады. Мен жалпы ұсыныстарды айтайын, не болмаса параграф-параграф бойынша айтып шығайын. Қолымыздағы емленің ортасындағы бағаны бойынша 69-шы параграфқа назар аударыңыздар. «Шет тілдік бірқатар сөздер түп нұсқасына ұқсас жазылады» деп көрсетілген.

А.Фазылжанова: Осы мысалдардың ішінде түп нұсқасына ұқсаса жазылмайды, олар ассимиляцияланады дегендеріңіз болса, айтуларыңызды сұраймыз. Сондай мысалдар бар ма?

Қ.Күдеринова: Айман апай, алдымен кірме сөздерді алдыңғы параграфтар қатарына шығарайық.

А.Алдаш: 69-шы параграфты талқылауға салайық. Сонымен бірге бірнеше ұсыныстар түсті. Олардың бірі «тор»-ға аяқталатын бірқатар шеттілдік сөздер бойынша. Мысалы, «модератор», «композитор», «арендатор» және т.б. Осы сөздерді «модератыр», «компазитыр» деп жазу сияқты ұсыныс келіп түсті. Осыған қалай қарайсыздар, құрметті әріптестер?

А.Фазылжанова: Мысал жазып көрсетейік: «prosesyr», «agresyr», «direktir», «rieltir» осылай жазуға қалай қарайсыздар? Айман апайдың айтуы бойынша келіп түскен ұсыныстар бойынша осылай жазамыз ба? Мен шеттілдік сөздер бойынша бірқатар материалдар жинақтадым. –Tor және –sor-мен аяқталатын қазақ тіліндегі сөздердің жиілігі өте жоғары. Барлық жерде сөздің соңында «r» әрпі жазылады. Осыны ескеруіміз керек.

Біздің емлешілердің ұсынысы былай болған: түпнұсқаны мәтіннің ішінен тану үшін «prosesor», «agressor» деп жазып, ал орфоэпиясын бергенде «prosesyr», «agresyr» деп көрсетуді ұсынған.

О.Жұбаева: Бұл үлгіде берудің қажеті жоқ. Халықты «prosesyr», «agresyr» деп жазып, бірден бейімдей беруіміз керек. Байтұрсыновтардың заманында олай айтатын, егер алдыңғы буындарда еріндік дауысты болмай, езулік дауысты болса, соңғы буындағы еріндік дауысты езулік дауыстыға айналып кетеді деген. Демек «prosesor», «agressor» сөздеріндегі «о» әрпі «і» әрпіне айналып кетеді. Бұл орфоэпия емес, орфография бойынша осылай болуы керек.

А.Салқынбай: Ақыры өзгертетін болсақ, онда «profesyr» сөзін «prafesyr» деп жазуды ұсынамын.

Т.Аяпова: Құрметті әріптестер! Менің осы бойынша ұсынысым бар: емледе жазуымызда «profesor» деп жазып, оқылуында «prafesyr» деп қалдырғанымыз жөн деп есептеймін.

З.Базарбаева: «Prosesor», «agressor»- бұл нағыз орыс тілінің айтылуы, бұл орыс тілінің ықпалы. Егер бізге орыс тілінің ықпалы керек болса, осылай айтайық. Ал жоқ қазақ тіліне сындырамыз десеңіздер, «prafesyr» - деп өзгертейік.

А.Фазылжанова: Қорытындылайық. Тағы қандай ұсыныстарыңыз бар ма?

О.Жұбаева: Мен осы бойынша өз ұсынысымды слайд түрінде көрсеткім келеді.

Қазақ тілінде екі дауыссыз екі қатаң немесе екі ұяң қатар келмейді. Соны негізге ала отырып, қалай жазуға болады?

Екі «сс», екі «тт», «пп», «лл» әріптеріне біткен сөздерде соңғы дыбыстарды түсіріп тастауға болады. Мысалы, «турист» сөзі «турис» болып жазылады. Оған не себеп дегенде, қазақ тілінің заңдылығы бойынша бұл сөздерді оған жалғанатын қосымша арқылы тексеруге болады. Байтұрсыновтар кезеңінде сөздер осылай тексерілген. Сонда оларға жалғанатын қосымша мысалы «фантасы», «футурисі», «юриске», «юрисі» деп Рабиға апайдың анықтағышында да солай көрсетілген, осылай жазылады. Сондықтан бізде қазақ тілінде ондай фонема жоқ екен. Сонымен бірге екі қатаң дауыссызға біткен сөздерде жаңа Айнұр Сейітбекова да осындай ұсыныстар келіп түсті деді, егер сөздің соңында «ст», «кт», «кс» келетін болса, онда сөздің соңына «ы» мен «і» дәнекерлерін қосып жазуға болады. Сонда түбірдің өзін «киоск» емес, «киоскі» деп жазамыз. Себебі оған жалғанатын қосымша «киоскі» болып жалғанады. Одан кейін үнді, қатаң тіркесі ол біздің қазақ тіліне тән «қант», «жант», «ант», «қалт-құлт» деген сияқты сөздерде қосымша «ы», «і» дәнекерінсіз жазуға болады. Мысалы, «финансыға» емес, «финансқа», «цифрға»

және т.б. Осы уақытқа дейін біз ұсынғанбыз «енг», «инг», «онг»-ға аяқталатын сөздерді «ң» әрпімен берсек. Сонымен бірге қазақ тілінде б, г, ғ дыбыстарына сөз аяқталмайды, осыған байланысты «араб», «масштаб» сияқты сөздер «б» емес «п» әрпіне бітсе деген ұсынысымыз бар. Өйткені бұл сөздерді қазақтар ешуақытта «б» әрпімен айта алмайды және А. Байтұрсыновтың еңбектерін қарасаңыздар кітап, арап деп береді олар. Бұл жерде бізде фонема «п» дыбысы. Осыны ескеруіміз керек. Одан кейін қазақ тілінің заңдылығы бар, дыбыстардың тіркесі бар соған сәйкес, сөздің, буынның басында екі дауыссыз қатар келмейді. Соған сәйкес олардың аралығына екі «ы», «і» дәнекерлері түсуі керек. Мысалы, «планшет» емес, «пыланшет», «кварц» емес «кыварц» және т.б. Сөздің, буынның басында екі дауыссыз қатар келген жағдайда, сөздің алдына «ы», «і» дәнекері жазылуы керек. Мысалы: ыспорт, ыскетч сияқты сөздер. Одан кейін қазақ тілінде екі дауысты қатар келмейді. Ондай жағдайда, екі дауыстының арасына дауыссыз әріп түсуі керек. Сонымен бірге сөздің соңында үнді мен қатаң келмейді, бірақ қатаң мен қатаң, үнді мен үнді, қатаң мен үнді, ұяң мен үнді, ұяң мен ұяң келмейді. Сондықтан олай келген жағдайда, олардың арасына «ы» мен «і» дәнекерлері жазылуы керек. Мысалы, ресепшын, моневыр, дициметір, театыр,милиметір және т.б. сөздер қазақтың тіліне тән нәрселер. Жаңағы айтқаным, бастапқы буында езулік, соңғы буында еріндік болған сөздерде, екпін түспеген жағдайда, еріндік дауысты езулік дауыстыға айналып кетуі керек. Мысалы:аптыр, директір, коректір, модератыр. Шеттен енген сөздер орыс тілінің жазылуына сүйенбей, қазақ тіліндегі айтылуын негізге алып жазылуы керек. Мысалы: «натрий» емес «натыр» және т.б. сөздердің барлығын қазақ тілінің заңдылығына сүйеніп жазу керек.

Б.Қапалбек: Жеке-жеке сөздерге ереже шығара бергеніміз дұрыс емес. Терминком сонымен жұмыс жасауы керек.

О.Жұбаева: Бұл – қазақ тілінің заңдылығы. Оны мен шығарып жатқан жоқпын. Мұны Байтұрсыновтар шығарған. Ол өзгермейді.

Б.Қапалбек: Міне қараңыздаршы. 83-ші параграфқа назар аударыңыздар. «Я» әрпі «и+а» болып жазылады. Бірақ ол «ядро», «яхта» деген сөздерге келмей қалады. Біз қолдан ешнәрсе жасамауымыз керек. Тіл заңына сүйеніп жазуымыз керек. Барлық сөздерді модельге салып алуымыз керек.

А.Салқынбай: Тіл білімі институтының редакциялаған **«ю», «я»** әріптері былай жазылады деген модульдерін алып тастап, Жұбаева ханымның жасаған жүйесін берсек, ол - нағыз қазақтың моделі, онда орыстың моделі жоқ. Ол – өте керемет модель. Рақмет.

О.Жұбаева: Ол шынымды айтсам, менің емес, Ахмет Байтұрсыновтың моделі.

А.Салқынбай: Сіздерге Тыныштық ханымның сәлемдемесін жеткізгім келеді. Тыныштық ханым – ЖенПУ-да бір кафедраны басқарып отырған өз ісінің маманы. Ол мемлекеттік бағдарлама бойынша Білім және ғылым министрлігі оларға арнайы оқу жүйесінің бағдарламасын жасатқан. Олар сол бағдарлама бойынша жоғарғы оқу орнындағы, мектептегі және мектепке дейінгі балаларға оқыту жүйесін жүргізіп жатыр. Сол кісі былай деді: бізге келген тыңдаушылар қазір мынаны Ахмет Байтұрсыновтың жасағаны немесе Ахмет Байтұрсыновқа сілтеме жасағанды қойған дейді. Олар мынаны Анар фазылжанова, мынаны Құралай Күдеринова жасаған деп сөйлейтін дәрежеге жеткен. Сонда біз Алаш азаматтарының, әсіресе Ахмет Байтұрсыновтың идеяларын жоққа шығарамыз ба? Бұл менің сөзім емес, бұл Тыныштық Ермекованың сөзі.

А.Фазылжанова: Олардың олай айтуларының себебі:

1) мен латынмен 2017 жылдан бері айналысып келемін.
2) мына емледегі шеттілден енген сөздердің игерілуін мен жалғыз өзім жасағаным жоқ.

3) олай айтса, олар менің дәрісіме қатысқан, өйткені мен қазір 72 сағаттық дәріс берумен айналысып жүрмін.

Байтұрсынов заманының емес, қазіргі заманның қазағы бұл моделдеріңізді түсінеді ме? Соны ойлаңыздар. Халық қалай қабылдайды соны ойлаңыздар, құрметті әріптестер! Біз жиырма бірінші ғасырда өмір сүріп жатырмыз.

Б.Қапалбек: Тілдік заңға бағынуымыз керек. Бізде қырық екі әріп жоқ қой.

Л.Еспекова: Қазіргі ережелерімізді басшылыққа алып, соның негізінде мысалдарымызды осы емлеге кіргізе берейік. Бәріне уақыт сыншы, уақыт өте келе біртіндеп өзгеріс енгіземіз. Қазір біз жаппай емлеге өзгеріс енгізетін болсақ, онда ол дұрыс болмайды. Ахмет Байтұрсынов кезінде де кірме сөздер мәселесі даулы мәселе болған. Бұл бір күннің мәселесі емес, бір-екі жылдың да мәселесі емес, кез-келген нәрсеге уақыт сыншы. Егер көпшілік халық қабылдап жатса біртіндеп енгізе берсек болады. Егер көпшілік халық қабылдамаса, мысалы «директорды»-«директір» деп жазсақ, көпшілік қабылдамайды. Сол жағына да мән беріңіздер. Ол Байтұрсынов кезеңіндегі нәрселерге ешкім дау айта алмайды. Оларға қазақтар да, шетелдіктер де басын иеді. Оған бәріміз куәміз. Бірақ әр заман тұрғысынан қараңыздар. Қазіргі пайда болып жатқан сөздер, заман ағымына байланысты сөздер, әсіресе кірме сөздер өте көп. Бұл сөздер ол заманда болған жоқ.

Ж.Жақыпов: Таңат Аяпованың үш топқа жүйелеп бөлген ғалымдары топтасып жұмыс жасасын. Сол үш топқа байланысты ережелерді бөлеміз. Ал енді соның сұлбасы ретінде, жүйесі ретінде Орынай Жұбаеваның емле ережесінің моделін аламыз. Мен шеттілдік сөздерді талқылаудан алып тастауды ұсынамын немесе оған да бір топ құруымыз керек. Үкімет бізге бір айдай уақыт беретін шығар деп ойлаймын.

А.Алдаш: Құрметті әріптестер! Уақытымыз өте тығыз. Қателеспесем, бізде бір-екі күніміз ғана бар. Сондықтан бұл айтып отырғандарыңыздың бәрі түсінікті. Зерендіде де біз осы пікірді айтып келеміз. Бірақ емленің осы вариантына тоқтауымыздың себебі не?

Біздің қазіргі қоғамымыздың білімдік-танымдық индексінің қазіргі дәрежесі осындай болып тұр. «Ректорды»-«ректір» деп айтсақ, қалай қабылданатынын өздеріңіз де білесіздер. Сондықтан мен мынандай ұсыныс айтқым келіп отыр: шеттілдік ережені дәл осындай тақырыпта талқылай берсек бір адым алға, бір адым кейін сондай жағдайға тап боламыз, бұл ешқашанда бітпейтін шарауға айналмақ. Менің мынандай ұсынысым бар, құрметті әріптестер!

Жетпісінші параграфты «Бірқатар кірме сөздер айтылуы бойынша жазылады» дегенді жоғары қарай шығарсақ.

О.Жұбаева: Бірқатар деген ол қандай сөздер? Олай айтуға болмайды ғой. Оны нақтылап көрсетуіміз керек. Мен таңертең сіздерге соны айтқан болатынмын. Менің модулімде соның бәрі көрсетілген. Сол ережемнен қараңыздар. Екіншіден мен Жантас Жақыповтың пікіріне толық қосыламын. Қазір Тіл білімі институтының терминология бөліміне арнайы тапсырма берілді. Терминология мен грамматика бөлімі осы терминдермен арнайы айналысып отыр. Солардың принциптері туралы біз бірнеше мақала жаздық. Бізге сондай тапсырма берілгендіктен, біз онымен өзіміз айналысамыз. Термин мәселесімен терминологтар айналысуы керек.

Т.Аяпова: Мен Ұлттық комиссияның мүшесімін. Ертең «Тіл-Қазынаға» емлені алып келдіңіздер, енді баяндауларыңызды сұраймыз дейді. Сонда біз шеттілдік сөздерді тастап кеттік деп айтады ма? Сондықтан біз қазір мынаны жасауымыз керек: қанша параграф бар соны осы отырған ғалымдарға бөліп береміз де үш адамнан құралған топқа саламыз. Енді тұрмыстық лексиканы модель арқылы беруге болатынын ескеруіміз керек. Мына жерде отырып мен де таң қалып отырмын. Тіл білімі институтында терминология

бөлімі «директір» және тағы сондай мысалдырды біртіндеп ендіре бастасын. Дәл қазір ол модельді ұсына алмаймыз. Сондықтан сондай модельдерді жасаңыздар. Әр параграфты алған ғалымдар да өз модельдерін жасасын. Сол модельдерін баяндап, бізге ұсынсын. Бүгін қалайда біз осы жұмысты бітіруіміз керек.

Қ.Рысберген: Орынай Жұбаеваның пікірін тыңдадық. Оның қабылдайтын тұстары да бар. Бірақ кейбір тұстарымен мысалы, «ы» әріпін қолданып, «ыспрапке» деп жазу және осы сияқты мысалдарды жазу барысында екі факторды ескеру керек:

1) қоғам қабылдайды ма?
2) емлемізді түкке жарамайды деп қабылдамаса «срыв» болады. Президент әкімшілігі: қоғамымыз бұлай жазуға әлі дайын емес десе, үлкен қателік болады.

Неге біз бірден Американы ашуымыз керек. Қазірше осы үлгіге тоқталсақ, кейінірек постепенно халықты үйретсек болады ғой. Бүгінмен өмір бітпейді, 2025 жылға дейін уақыт бар ғой. Этап-этаппен біртіндеп қоғамды үйретіп алуымыз керек. Мен қарсымын, «ысправке» деген модельді қолдамаймын. Егер осы модельді қолдайтын болсақ, Ақымет Ібірайымов деп жазуымызға тура келеді. Ономастикалық білім графикалық құжаттық нақтылықты қажет етеді. Сол себепті бұл модульдеріңіз ономастикаға да әсер етеді, өйткені бұл бір жүйе ғой.

А.Фазылжанова: Құрметті әріптестер, келісу парағында әр ғалымның әр параграфқа келісу-келіспеуі қол қою арқылы расталады. Түзетілген емле ережесін орфографиялық жұмыс тобы тағы да бір қайта қарап ұлттық комиссияға ұсынады.

«ЖАҢА ЕМЛЕНІ БЕКІТУ: МАҢЫЗЫ МЕН МҮДДЕЛІ ОРГАНДАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ СТЕНОГРАММАСЫ

Алматы қаласы, Абай даңғылы 14,
Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы
2019 жылғы 4 қазан

Қатысушылар: Ғ.Мелдешов, Е.Тілешов, Г.Мұқанова, Л.Есбосынова, Е.Қажыбек, Ә.Жүнісбек, Н.Уәли, А.Алдаш, З.Базарбаева, Ж.Жақыпов, Б.Момынова, Қ.Күдеринова, Ж.Жұмабаева, М.Тұрсынова, Қ.Қалыбаева, Қ.Сәрекенова, Ж.Қоңыратбаева, Р.Қыздархан, Г.Мамырбек, А.Фазылжанова, Н.Рсалиева.

КҮН ТӘРТІБІ

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитетінің төрағасы Ғ.Мелдешовтың сөзі.

Баяндамашылар:

1. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, ф.ғ.к. М.Тұрсынова - «Емле ережесі нұсқаларына сараптама»;
2. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, ф.ғ.к. Қ.Сәрекенова - «Емледегі бірізділіктi қажет ететін мәселелер»;
3. Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғалым хатшысы, ф.ғ.к. А.Фазылжанова - «Мақұлданған ережедегі шеттілдік сөздер емлесі»;

4. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Ономастика бөлімінің меңгерушісі, ф.ғ.д., профессор Қ.Рысберген - «Латыннегізді ономастикалық ережелер»;
5. Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы Орфография басқармасының жетекші ғылыми қызметкері Н.Рсалиева - «Қазақстан аза-маттары аты-жөндерінің латын графикасы негізінде жазылу ережелеріне ұсыныстар»;
6. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, ф.ғ.к Ж.Қоңыратбаева - «Қазақстан географиялық атауларының латын графикасы негізіндегі ережелеріне ұсыныстар».
7. Жарыссөз
8. Қорытындылау

І БӨЛІМ

Модератор: Е.Тілешов

Е.Тілешов: Бүгін біздің кезекті орфографиялық жұмыс тобының отырысы. Отырысымызға Тіл саясаты комитетінің төрағасы - Ғалымжан Сәрсенбайұлы Мелдешов қатысып отыр, сонымен бірге А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білім институтындың директоры - Ерден Задаұлы Қажыбек қатысып отыр. Тіл білімі институты жолдаған Емле ережелеріне сараптау жұмыстарын жасадық.

Алдымен кіріспе сөз Тіл саясаты комитетінің Төрағасы – Ғалымжан Сәрсенбайұлы Мелдешовке беріледі.

Ғ.Мелдешов: Кезекті семинарымызды бастауға рұқсат етіңіздер!

«Қазақ тілі әліпбиін 2025 жылға дейін латын графикасына кезең-кезеңмен көшіру бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес жұмыстар жүргізіліп жатыр. Іс-шаралар жоспарының бірінші кезеңі бойынша нормативтік құқықтық базаны жетілдірді, ұлттық комиссия құрамына өзгерістер енгізілді. 2020 жылдың іс-шараларына сәйкес ономастика және терминология мәселелері бойынша жұмыстар басталатын болады. Осы ретте ұлттық комиссия құрамы ономаст, терминолог-ғалымдармен толықтырылды. Ұлттық комиссия жанынан құрылған 4 жұмыс тобының жұмыстарын үйлестіру ҚР Үкіметінің қаулысымен құрылған Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығына жүктелгенін жақсы білесіздер. Министрдің жанынан құрылған Орфографиялық жұмыс тобының құрамында А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғалымдары бар. Пайызға шағатын болсақ орфографиялық жұмыс тобының құрамында Тіл білімі институтының 36% ғалымдармен толықтырылған. Министрге қарасты Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының 17% ғалымдары осы жұмыстарға тартылып отыр. Сондай-ақ Білім және Ғылым министрлігіне қараған Терминологиялық жұмыс тобы Үкімет шешімімен Мәдениет және спорт министрілігіне берілгенін білесіздер. Терминологиялық жұмыс тобының құрамы анықталып жұмыс жоспары қайта бекітілді. Ол министрдің 8 тамыздағы №226 Бұйрығы. Өздеріңізге белгілі 2018 жылдың 6-желтоқсанындағы Ұлттық комиссияның кезекті отырысында Қазақ тілі емле ережесінің жобасы мақұлданды. Ұлттық комиссия хаттамасының 3-тармағына сәйкес Қазақ тілі емлесінің негізгі ережелерін жұртшылық арасында түсіндіру жұмысын жүргізу туралы министрлік Білім және Ғылым, Ақпараттық және қоғамдық даму министрліктеріне тапсырма берген болатын. Осыған орай «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының Орфографиялық жұмыс тобы ғалымдары оқытуға арналған оқу-әдістемелік құралдарын дайындады. Емле ережесі негізінде Республика бойынша 220 тренер-оқытушылар дайындық курсынан өтті. Өңірлер бойынша 2 күндік дәріс-семинарлар өткізілді. Латын графикалы әліпбиге көшу

мәселелері және емле ережесін түсіндіру жұмыстары семинар-форум, апталық түрінде насихатталуда. Мекемелердің шақыртулары бойынша латын негізді әліпбидің жазылуы мен оқылуы туралы кеңес беріліп, дәрістер оқытылуда. Орфографиялық жұмыс тобы өз отырыстарында Тіл білімі институты ғалымдарымен тығыз байланыста жұмыс жүргізіп жатыр. Кезекті отырыстардың бірінде Пунктуациялық ереже жобасы талқыланды. Емле ережесін оқытуға көшу бойынша практикалық тұрғыдан ұсыныс пікірлер талқыланды. Емле ережелері жобасы негізінде бірқатар баспа өнімдері әзірленуде. Білім және Ғылым министрлігі тарапынан Әдістемелік, Терминологиялық жұмыс топтарының 4 отырысы өткізілді. Осы министрлікке қарасты А.Байтұрсынұлы атындағы Білім академиясы Латын графикасы негізінде қазақ жазуын үйрету онлайн-конференциясын өткізді. Ағымдағы жылдың 19-қазанында Латын графикасы оқыту теориясы мен әдістемесі Республикалық әдістемелік семинар өткізетіні туралы әлеуметтік желілерде хабарламалар беруде. Өрлеу біліктілікті арттыру Ұлттық орталығының өңірлердегі филиалдары арқылы да насихаттау жұмыстары жүргізілуде.

Клавиатураға байланысты Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі «Электрондық үкімет» порталына Латын графикасына негізделген 3 түрлі нұсқадағы пернетақта үлгілерін орналастырып, сауалнама жүргізді. Нәтижесінде халықтың ең үлкен дауысымен QWERTY стандартты клавиатурасына және мәтінді теру кезінде әріптер мен сандарды бір мезгілде байлануға негізделген стандартты пернетақтаның орналасуы таңдалды. Lenovo компаниясы арқылы пернетақтаның осы үлгісі 250 данамен шығарылып, пернетақталардың жұмыс істеуге ыңғайлылығын анықтау мақсатында апробация жұмыстары жүргізілді. Апробация Республика бойынша 13 өңірде ағымдағы жылдың тамыз, қыркүйек айларында өткізілді. Қазіргі уақытта нәтижелеріне талдау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ, ҚР Сауда және интеграция министрлігі техникалық реттеу және метрология комитетінің 2020 жылға арналған стандарттау жоспарына Қазақ әліпбиінің латын графикасына негізделген клавиатураны әзірлеу бойынша стандартын енгізу туралы сұраным жолданып отыр. Іс-шаралар жоспарына сәйкес ҚР мемлекеттік қызмет істері агенттігі ҚР Президентінің жанындағы мемлекет басқару академиясы мен оның өңірлердегі филиалдарында латын графикасы негізіндегі ресми жазылым тақырыбында 11000 жуық мемлекеттік қызметші рактикалық дәрістен өткен екен.

Бүгінгі Орфографиялық жұмыс тобының отырысы бағдарламаға сәйкес өз жұмысын жүргізуде. Осы уақытқа дейін Тіл білімі институты тарапынан берілген ұсыныстар жан-жақты қаралды. Осы отырыста бір мәмілеге келеміз деген ойдамын. Бүгінгі жұмысымызға сәттілік тілеймін! Еркін пікірлесу, ой бөлісу мен ашық ғылыми ортаны пайдаланайық! Іске сәт!

Е.Тілешов: Рақмет, Ғалымжан Сәрсенбайұлы.

Кеше Алматы қаласындағы баспагерлер және БАҚ ақпарат құралдарымен 50 жуық журналистер кездесіп семинар өтті. Емлеге байланысты жаңалықтарды жұрт жақсы қабылдауда. Осы орайда Алматы қаласында насихаттың аз екені байқалады. Өйткені баспа орындарынан келген баспагерлердің мүлдем хабарсыз екендерін байқадық. Алдағы уақытта насихат жұмысын жүргізу мақсатында Алматы қаласында семинар өткізуді жоспарлау керек сияқты. Ендігі сөз Тіл білімі институының директоры - Ерден Қажыбекке беріледі.

Е.Қажыбек: Өздеріңіз білесіздер, Тіл білімі институты Емле ережесінің бір нұсқасы дайындалып Ұлттық комиссияда мақұлданды. Мақұлданған Емле ережесі газет бетінде жарияланып көпшілікке ұсынылды. Жарты жылға жуық уақыт аралығында көптеген ұсыныстар жиналды. Жиналған 50-ге жуық ұсыныстарды «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы ресми хатпен жолдады. Хатта ұсыныстарды қарап Емленің соңғы

нұсқасын жіберуімізді сұраған. Осыған орай Институтта арнайы комиссия құрдық. Комиссия құрамында ғалым-профессорларымыз Нұргелді Уәли, Әлімхан Жүнісбек болды. Құрылған комиссиялық топ үздіксіз отырып жұмыс жасады. Комиссия тобының мүшелері қолдарын қойып, соңғы нұсқаны «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығына жолдады. Соңғы нұсқа Меркіде болып өткен Орфографиялық жұмыс тобының кезекті отырысында талқыланды. Талқылауға түскен Емле ережені қайта қарап беруімізді сұрап «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы бізге ресми хатпен жіберген болатын.

Емлеге келетін болсақ, ондағы басты қиындық кірме сөздерге байланысты болып тұр. Кірме сөздерді тілімізді сындырмай, сол қалпынша айту. Яғни, жаңа емле ережелеріне бағынғылары келмейді. Сараптамадан өткізуге барғанда кейбір институт, мектеп мұғалімдерінің келіспегендерін де байқадық. Біздің ұсынысымыз кірме сөздерге келгенде міндетті түрде халықтың тілі икемделіп, көзі үйренген терминдерді мысалдарда келтірсек. Моделін жасап бүкіл кірме сөздерді бағындырайық десек, қоғам оған келіспейді. Емлеге қатысты осындай алқалы жиындарда бір шешімге келеміз деп ойлаймын. «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығымен тығыз байланыста жұмыс атқарып жатырмыз. Терминология мен Емлеге байланысты ғылыми-практикалық жұмыстарды да бірігіп атқарып жатыр. Алдыңғы жоспарымызда бірігіп атқаратын жұмыстарымыз көп. Бүгінгі жиынға табыс тілеймін!

Е.Тілешов: Ерден Задаұлы, түсінгеніңізге көп рақмет! Келесі сөз Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты М.Тұрсыноваға сөз беріледі.

М.Тұрсынова: Тіл білімі институтының Ғалымдар кеңесінде мақұлданған нұсқа барлығы 107 параграф, Меркіде өткен семинарда 97 параграф болатын.

§2. j, sh мен ı әріптерінің ортасында келген а дыбысы жіңішке айтылғанымен, а әрпі жазылады: jaı, jaılaý, jaıly, shaı, shaılyq. Бірақ sháıi (oramal), sháınek сөздерінде á әрпі жазылады.

§3, §13 Бірінші буындағы o, ó, u, ú дыбыстарының әсерінен кейінгі буында еріндік дыбыстар айтылғанымен, жазылмайды: oryndyq (orunduq емес), kóılek (kóılók емес), qulyn (qulun емес), júzim (júzúm емес), júrek (júrók емес). Сөздердің және күрделі сөздер мен сөз тіркестері сыңарларының түбір тұлғасы сақталып жазылады. *Kók oramal* (*kóg oramal* емес), *aq ala* (*aǵ ala* емес), *aq aıý* (*aǵ aıý* емес); *bara almaımyn* (*baralmaımyn* емес), *barsa ıgi edi* (*barsıgedi* емес), *baryp pa eken* (baryppeken емес), *kele jatyr* (*kelatyr* емес). Осы параграфтардағы §13 артық сияқты.

§7. ***yı*** (ый) дыбыс тіркесі тек ***syı*** (сый), ***tyı*** (тый) түбірлерінен жасалған сөздерде жазылады: *syılyq, syıymdylyq, syıý; tyıym, tyıylý, tyıý.*

§12 параграфтарға қатысты сөздердің және күрделі сөздер мен сөз тіркестері сыңарларының түбір тұлғасы сақталып жазылады дегендегі «шегара», «көкөніс», «қыркүйек» сөздері ережеге мысал ретінде енгізілгені дұрыс сияқты. Себебі БАҚ материалдары мен оқулықтарды қарап отыратын болсақ әртүрлі нұсқада жүр. Сол себепті ала-құла жазу болмайды деп есептейміз. Осы мысалдарға талдау жасатқанда студенттер жауабын таба алмай ойланып қалады. Түбірдің соңғы буынында «р, л, у» дыбыстарына байланысты мен «к, қ, п, с» дыбыстары аралығындағы «ы***, і»*** әріптері тәуелдік қосымшасы жалғанғанда түсіріліп қалатындығына байланысты дұрыс жазылған.

Соңғы буынында «ә» әрпі жазылатын түбір сөздерге ашық дауыстылармен келетін қосымшалар жуан жалғанады деген ережесі сабақ үйрету барысындағы даулы мәселелердің бірі. Сондай-ақ, «н» дыбысымен аяқталатын сөздерге ***«б, г, ғ, м»*** да-

уыссыздарынан басталатын қосымша жалғанғанда түбірдің негізгі тұлғасы сақталып жазылады деген ережеде «астыңғы», «ертеңгі» деген сөздердегі мысалға қосылған екен. Бұл сөздердің айтылуы бойынша жазылатындығы туралы ереже артық деп есептейміз. Біріккен сөз сыңарлары жігіндегі қатар келген дауыстылар түсірілмейді, түбір тұлғалары сақталып жазылады дегенде «сарыағаш», «қараағаш» мысалдарындағы бірізділіктің сақталмауы - емледегі қиындық тудыратын мәселелердің бірі. Себебі қатар келген дауысты болатын болса, кейбір сөздерде қатар келген дауыстының біреуі түсіріліп қалады да, кейбіреуінде түсірілмей жазылады. Осыған байланысты ұсыныс айтамын: Қатар келген екі ашық дауысты түсірілмей, ашық, қысаң дауысты қатар келгендегі қысаң дауыстыны түсіріп жазсақ. Мысалы: «сарыауру» сөзіндегі «ы» түсіп қалса. Осы ережеге байланысты бірізділік сақталса.

Жазылуы дәстүрге айналған *-ов, -ев* жұрнағымен келетін кісі тегіне қосымшалардың жалғануына байланысты –ова, -ева, -ин, -ина жұрнақтарымен аяқталатын кісі тегіне қосымшаның жалғануына байланысты «и» жұрнағы қосылған. Бұл нұсқаны дұрыс деп есептейміз. Себебі бұл ережеге де даулы мәселелер туындап жүрген еді. Мысалы: Алтынсары дегенде соңғы буын жуан, жалғанатын қосымша жіңішке. Осыған байланысты Тіл білімі институтының нұсқасында түбір сөздің соңғы буынына сәйкес үндесіп жалғанады деген. Бұл нұсқаны дұрыс деп есептейміз. Екі немесе бірнеше тілдік бірліктен құралған тарихи тұлғалар мен аңыз-әңгімелерде кездесетін кісі есімдерінің әрбір сыңары бас әріппен жазылатындығына байланысты Әл Фараби, Әл Хорезми, Әл Бухари мысалдарының арасына дефис қойылғаны дұрыс шығар деп ойлаймыз. «***Ю»*** әрпі сөз басында және сөз соңында, сондай-ақ дауысты дыбыстан кейін «иу» әріп тіркесімен, сөз ортасында дауыссыз дыбыстан кейін «ү» әрпімен жазылады деген ереже екі нұсқада бірдей көрсетілген. Жіңішкелік белгісіне қатысты **Ұлттық комиссия мақұлдаған Емле ереже жобасындағы нұсқа дұрыс деп шештік. Келесі ережеде *«ст», «сть», «зд», «вт», «нкт», «ркт»*** *тіркестеріне аяқталған сөздердің соңғы әріптері түсіріліп жазылатындығына байланысты дұрыс айтылған. «І»*, «ы» *әріптерін қосып жазбай дәнекер дыбыс ретінде көрсеткен дұрыс деп есептейміз.* Сөз соңында «кс», «тр», «фр», «кл», «гл», «бл», «лм», «лс», «пс» тіркестері келген жағдайда арасына «и***», «у»*** *әріптерін қосып жазбай дәнекер дыбыстары арқылы жазған дұрыс.* Сөз соңындағы «ор» әріптер тіркесі сөз мағынасына әсер етпеген жағдайда алдыңғы буынға үндесіп, «ыр» немесе «ір» болып жазылады деген ереже қабылдауға қиындық туғызады. Мысалы: директір, процессір, профессір. Оқыту барысында орфография мен орфоэпияның айырмашылығын транскрипция арқылы көрсеткеніміз дұрыс.

Е.Тілешов: Рақмет! Еуразия ұлттық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Қ. Сәрекенова «Емледегі бірізділікке байланысты» сөз алады.

Қ.Сәрекенова: *Біздің көтергелі отырған тақырыбымыз: Емледегі бірізділіктің сақталуы. 9 параграфта «ұ», «у» арқылы жазғанда оқу, даму, кему мысалдарында «ұ» әрпі қосылмай жазылады деп, 14 параграфта «дамыйды», «оқыйды» болып таратылып жазылады деген. Бұның өзі бірізділіктің сақталмауын көрсетеді.* Соңғы буынында «ә» әрпі жазылатын түбір сөздерге ашық дауыстылармен келетін қосымшалар жуан жалғанады деген ережеге ескертудің керегі жоқ, бұрынғы ережемен қалдыру керек.

«Авио» сөзін «әуе» деп алған дұрыс. «Алааяқ» сөзі екі нұсқада көрсетілген. Екі жерде екі бөлек мағына бергендіктен біреуін зоологиялық терминдердің қатарына апарған дұрыс. 47 мен 26 параграфтар ұқсас болғандықтан екеуін бірге қосқан дұрыс. Сөз соңындағы «ор» әріптер тіркесі сөз мағынасына әсер етпеген жағдайда алдыңғы буынға үндесіп, «ыр» немесе «ір» болып жазылады деген ережеде бірізділік сақталмағандықтан алдыңғы

нұсқа дұрыс деп есептейміз. Жіңішкелік белгісіне байланысты Мархаба ханым айтып кеткендей жіңішкелік белгісі қай буында тұр, сол буынды жіңішкерткеніміз дұрыс. Түрік ағайындарымыз «касса» сөзін «каса» деп айтқанындай, біз де неге солай айтпасқа. Сонда ережедегі ала-құлалық жойылып, біріздiлік сақталар еді. Қоғам қарсы болатын жаңалықтарды кейінге қалдырғанымыз дұрыс шығар. Тыңдағандарыңызға рақмет!

Е.Тілешов: Рақмет! Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғалым-хатшысы Анар Фазылжановаға сөз берейік. Тақырыбы: «Шеттілдік сөздердің емлесі».

А.Фазылжанова: Мақұлданған ережедегі «Шеттілдік сөздердің емлесі» дау тудырып жүрген мәселелердің бірі. Ондай болатын себебі: тілдің иммунитеттік тетіктері екеу болады. Біріншісі; өзінің ресурстарымен бөгде тілден енген ұғым-түсініктің атауын лексикалық бірліктер арқылы аударып алу, баламаларын тауып алу. Егер ол тетік жұмыс жасамаса, фонетикалық негізде сөздердің дыбысталуына ұқсатып немесе сөздердің түпнұсқа тілдегі жазылу графикалық образына ұқсатып өзінің тіліне сөзді алу. Егер сөздерді фонетикалық тұрғыдан игеріп, өзінің орфографикалық ережесіне сәйкес жазудың өзі оңай емес. Осы күнге дейінгі игерілген сөздердің барлығы ауызша коммуникация арқылы келіп отырды. Шеттілдік сөздерді алдымен ауызша игеріп, содан кейін ғана жаза бастаймыз. Сондықтан игеруде қиындық болмайды. Орфографикалық сөздікте ондай сөздердің қатары өте көп. 2007 жылы сөздікке «кәстөм» «кепкі», «мәйкі» деп енгіздік. Оған қатысты ешқандай да наразылық болған жоқ. Себебі, олар тұрмыстық атаулар, күнделікті жиі қолданылатын сөздер. Қарапайым халық күнде сөйлеп жүріп игерді. Қазір біз ауызша коммуникациядан аттап өтіп, бірден жазбаша коммуникацияның бірлігіне айналдырғымыз келіп отыр. Осы тұста не істеуіміз керек, қандай принциптерге сүйенуіміз керек дегенде дау-даумайдың бәрі осыдан шығып отыр. Қиындықтан шығу үшін орфограмманы ескеруіміз керек. Игерілетін сөздерде орфограмманың аз болғаны дұрыс. Шеттілдік сөздерді жазуға келгенде мықты мамандардың зерттеулеріне сүйене отырып қорытынды шығардық. Шеттілдік сөздерді ауызша коммуникациядан өтпегендіктен, «орфоэпия» бойынша жаза алмаймыз. Шеттелдік сөздерді жазған кезде баланс сақтағанымыз дұрыс. Түпнұсқа принциппен дауыссыз дыбыстарды жазамыз. Яғни, сөздің құрамындағы дауыссыз дыбыстарды сақтағанымыз дұрыс. Фонетикалық принциппен дауысты дыбыстарды ғана өзгертсек. Оның өзінде жаппай өзгертуге келмейді.

Тіл білімі институтынан келген нұсқада көрсетілген «***ю***» әрпіне қатысты §79 бұрынғы нұсқадан да жетілдіріле түскен. «Я әрпі сөз басында және дауысты дыбыстан кейін, сондай-ақ жіңішкелік белгісінен (ь) кейін -*ı*а әріптер тіркесімен, дауыссыз дыбыстан кейін ***ə*** әрпімен жазылады *сөз соңында дауысты дыбыстан кейін а әрпімен жазылады»* деген ереже балаларға ұғындырғанда қиындық тудырады. Өйткені «*alıans» сөзін буынға бөлгенде қиналады. 2018 ж. маусым айында өткен конференцияда Нұргелді Уәлидің «Емле ережелерінің концепциясы» бекітілген болатын. Концепцияда «ь» жіңішкелік белгіні «аль» деп келетін жерде «әл» деп ауыстыру керек деген. Бірақ қосымша жалғаған кезде қиындық тудырғандықтан, олай өзгерте алмадық. Мақұлданған ережеде «ь» жіңішкелік белгісі қай буында тұрса, сол буындағы дауысты дыбыс жіңішкереді деген. Осы ережені қанша адамға игертіп үлгердік, курсқа келген қаншама тіл мамандары жазып дағдыланып қалды. Енді қайтадан өзгертетін болсақ, жұрт оны қабылдай алмайды.*

Ережеде берілген мысалдардағы «dıski, relıkti, pákti» түбіріне «ы,і» қосу керек деген ойларыңызға қосыламыз. *Сауалнама жүргізген кезде де көпшілік түбірге* «ы,і» дәнекері арқылы жазылатын мысалдарды қолдаған.

§95 *ое* әріп тіркесінің арасына «и» дыбысы жазылады деген *koıefisent, poıeta, poıetıka. Бұлардың арасына* «и» дыбысын айтқанда да, жазғанда да естіледі.

Сондықтан «и» дыбысын бұл жерге жазудың керегі жоқ сияқты.

Сөз соңындағы «***нг»*** әріп тіркесі ***«ń»*** әрпімен жазылады деген ереже дұрыс жазылған. Бұл ереже қазіргі оқырман үшін ең қолайлы ережелердің бірі деп есептейміз.

II БӨЛІМ

А.Фазылжанова: §91 Сөз соңындағы *-ор* әріптер тіркесі сөз мағынасына әсер етпеген жағдайда алдыңғы буынға үндесіп, *-ыр* немесе *-ір* болып жазылады деген ережеге келіспейміз. Мысалы: *prosesir, profesir* сөздері ауызша канал арқылы игерілмегендіктен, қабылдауға қиындық келтіреді.

Е.Тілешов: Мен де ережемен таныстым. Байқағаным, сіздер атап отырған сараптау тобы ережемен толыққанды таныспай бетін ғана қарап шыққан. Арғы жағындағы мыңдаған мысалдарға мән бермей 10 шақты ғана мысалдарға сараптама жасаған. Тіл білімі институтынан қателіктер кетпеуі тиіс. Нұр-Сұлтан қаласында 14-қараша күні латынды қорытындылауға байланысты халықаралық конференция өткізуді жоспарлап отырмыз. Осы семинардан кейін сараптаудың кестесін жасап, кесте бойынша жұмыс жасайтын боламыз. Ары қарай талқылауға көшейік. Еуразия ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Ж.Жақыпқа беріледі.

Ж.Жақып: Қай жерде болсын тілімізде морфологиялық принципті ұстануымыз керек. Мысалы: *алааяқтық, алааузыз, сарыауру* дегенде морфеманы түгел сақтауымыз қажет. Сол сияқты байи, мойи, кейи дегенде де *байы, мойы, кейіден* кейін *-ы, -і* сақталып, байыйды, мойыйды болып жазылуы керек. Фразеологиялық тіркес болғандықтан, «алааяқ, алааузыз» сөздері «ала аяқ, ала ауыз» болып бөлек жазылады. Сарыауруды бірге жазатын болсақ, жіңішке ауру деген бар оны да бірге жазу керек болады. Сондықтан сары деген бөлек жазылады да алааяқтық алауыздық болса сөз жасалып тұрғандықтан, бірге жазамыз. Факті, рецепті дегендегі «і» дыбысын түбірге қосу керек.

Ә.Жүнісбек: Құрметті әріптестер! Бірінші сөздердің моделін тауып, бірізге салуымыз керек. Бөлек жазамыз ба, бірге жазамыз ба? *Мыйды* беру қисынсыз, дәлел жоқ. Тіл заңдылығы мұқтаж етіп отырғандықтан, *қый, жый* деп жазуымыз керек. -и, -у дыбыстарын бірде дауысты, бірде дауыссыз деп береміз дегенге келіспеймін. Морфеманың тұлғасы сақталуы керек. Дауысты дыбыс әр уақытта дауысты, дауыссыз дыбыс әр уақытта дауыссыз болады. Акутпен жазылған –у дауыссыздардың құрамында тұр. Жуу деген сөзде 3 дауыссыз дыбыс қатар тұр. Осыған қатысты пікір айтқан профессорлар: Б. Қалиев, М.Малбақов, Б.Сағындықовтардың айтқан ескертпелері ескерілмейді. Сауалнаманың қорытындысын шығарғанда да пайыздарына мән беруіміз керек. Статистикамен берген жақсы. Дегенмен де ғалымдардың да пікірлерін ескеру қажет. Олардың пікірлері статистикадан кем емес. Менің айтайын дегенім осы. Сонымен «мый» деп жазамыз ба әлде қайтадан «ми» болып қала ма?

Е.Тілешов: Біз ғалымдардың пікірлерін тыңдаймыз. Сараптамада бір мысал болғандықтан, оны да жоққа шығаруға болмайды. Ондағы айтылған пікірлерді де қарап, талқылауымыз керек.

Қ.Қалыбаева: Барлық айтыс осы кірме сөздерге байланысты болып жатыр. Осы туралы отырыс сайын айтып жүрмін. Біз екі ұстаныммен келіп отырмыз. Ұлттық жазуды қалыптастыруымыз керек. Яғни кирилл санадан құтылуымыз керек. Бұл ұстаным өте жақсы. Осы ұстанымды іске асыруға келгенде, көпшіліктің пікірін тыңдаймыз. Осы дау-дамайдың басынан екі бағыт жұмыс істеп келеді. Бірі дыбыстау жүйемізді қалыптастырайық десе, екіншісі тілімізге игерейік дейді. Мен осы екі бағыттың пікірлерін

түсінбеймін. Қазіргі сөйлеу тілінің мүмкіндігін ғана қалдыруымыз керек. Сонда ғана осы айтыс-тартыстан құтыламыз. Қай жерде ұлттық дыбыстау жүйеміз естіліп тұр, соны қалдырайық. Ойдан ойластыратын болсақ, кірме сөздердің белгілі-бір ұстанымын жасай алмай қаламыз. А. Пиязбаева жарнама мәтіндеріне байланысты өнім жасаудан бас тартты. Себебі белгілі-бір ұстаным жоқ. Қазіргі сөйлеу тілімізде сингармонизм сақталып тұр. Сол мүмкіндіктерді сақтап игеруге қолайлы болып тұрған сөздерді игерейік. Қолайсыздық тудырған сөздерді сол күйінше қалдырсақ.

А.Фазылжанова: Тіл білімі институтының нұсқасы бойынша §1 дауысты дыбыстарды таңбалайтын әріптерді санамалап көрсетеді.

- Сөздің барлық буынында а, е, у, і әріптері жазылады;
- á, о, ó, u, ú әріптері сөз түбірінің бірінші буынында, кірме сөздердің, біріккен, кіріккен сөздердің екінші, үшінші буынында да жазылады.

Емленің алғы сөзінде кіріккен сөздердің түсіндірмесі жоқ болғандықтан, түсіндірмесін енгізу керек.

- j, sh мен ı әріптерінің ортасында келген а дыбысы жіңішке айтылғанымен, а әрпі жазылады. Осы айтылғанмен деген дұрыс па?

Қ.Сәрекенова: Екі жерде де «а» жазылып тұрғандықтан, дұрыс емес. «Ә» деп айтамыз, «а» деп жазамыз.

А.Фазылжанова: Онда былай болады: j, sh мен ı әріптерінің ортасында жіңішке «ә» дыбысы айтылғанмен, «а» әрпі жазылады. Бірақ *sháıi (oramal), sháınek* сөздерінде *á* әрпі жазылады. Осы «sháınek» сөзі дұрыс па?

Ж.Жақып: Бұл жердегі «sháınek», орыстың «чайник» сөзі болғандықтан, «ә» әрпін жазған дұрыс болады. «Sháınek» сөзінің жанына (ыдыс), «sháıi» сөзінің жанына (мата) деп келтіру керек.

Қ.Күдеринова: Бұл жердегі ереже «шай» сөзінің «а» әрпімен жазылмайтындығында болып тұр. Мысалы: «sháınek» сөзінде «ә» болып жазылады деген.

А.Фазылжанова: Дұрыс онда қалуы керек. «Sh» мен «ı» әріптерінің ортасында «а» жазамыз, sháınek сөздерінде á әрпі жазылады дегенді осы жерде айтуымыз керек.

Ж.Жақып: Иә, осы жерде «ыдыс»- деп, жақшаның ішіне жазып қою керек.

А.Фазылжанова: Көрсетілген ережеде «орамал» деген дұрыс емес қой, бұл жерде «мата» болуы керек. Ары қарай ережені талқылайтын болсақ.

§3**.** Бірінші буындағы **о, ó, u, ú** дыбыстарының әсерінен кейінгі буында еріндік дыбыстар айтылғанымен, жазылмайды. Бұл ережеге қарсы емессіздер ме?

Дауыссыз дыбыстардың емлесі таңбалайтын әріптер: b, d, g, ǵ, j, z, ı, k, q, l, m, n, ń, p, r, s, t, ý, sh, v, f, h, ch. Бұл жерде дауысыз дыбыстарды санамалап көрсетеді.

§4. f, h, j, к, l, m, n, p, q, r, s, t, v, z, sh, ch әріптері сөздің барлық шебінде жазылады.

ǵ әрпі сөздердің басы мен ортасында, ал b, g, d әріптері төл сөздерде басы мен ортасында, кірме сөздерде сөз соңында да жазылады.

§6. *ń* әрпі сөз ортасы мен соңында ғана жазылады. Бұл ережеге келісесіздер ме?

§7. ı, ý әріптері дауыссыз дыбысты таңбалайды да, сөздің барлық шебінде жазылады. Аı, úı деген мысалдарымен береді. Біз бұрынғы ережеде ı, ý әріптердің емлесі деп, мазмұндарымен ажыратқанбыз. Бұл нұсқада дауыссыз дыбыстардың емлесінің ішіне біріктіріп жіберген.

§8. *уı* (ый), *іі* (ій) дыбыс тіркестері сөздің барлық шебінде ***ı*** әрпімен жазылады. Бұл ережеде дыбыстық қателер кеткенін көріп отырсыздар, қатені кейінге қалдыра отырып бірінші мазмұнын жөндеуіміз керек.

Е с к е р т у. ***уı*** (ый) дыбыс тіркесі тек syı (сый), ***tyı*** (тый), ***myı*** (мый) түбірлерінде және олардан туындаған сөздерде жазылады: syı, syılyq, syıymdylyq, syıý; tyı, tyıym, tyıylý, tyıý; myı, myıshyq, myıpalaý.

§9. ***иý*** (ұу), ***úý*** (үу) дыбыс тіркестері сөздің барлық шебінде ***ý*** әрпімен жазылады: *ýyldyryq, ýyz, ýildeý; týys, qýyrshaq, gýil, tintýir; oqý, damý, kemý, jazý, kelý, barý.* Осындай мысалдармен берген.

Ж.Жақып: Меркідегі нұсқада осы ереже болған болатын.

А.Фазылжанова:

§10. ***ю*** әрпі ***ıý*** әріп тіркесімен жазылады: *aıý, baıý, oıý, jaıý, súıý* деген мысалдармен берген. Бірақ *ı* әрпінен кейін тұрған ***ю*** әрпінің орнына ***ý*** жазылады. Я әрпінің ережесі дәл осындай болғандықтан оған тоқталмаймыз.

§12. Қазақ тілінде сөздер бірыңғай жуан не жіңішке болып, үндесіп жазылады. Alaqan, yntymaq деген мысалдар келтірген. Кейбір күрделі сөздер мен кірме сөздерде үндестік сақталмай жазылады. Бұл жердегі «quzyret» сөзі мақұлданған ережеде «і» әрпімен жазылады деген болатынбыз.

Ж.Жақып: Меркідегі нұсқада «у» әрпіне өзгерткенбіз.

А.Фазылжанова:

§13. Сөздердің және күрделі сөздер мен сөз тіркестері сыңарларының түбір тұлғасы сақталып жазылады.

§14. ***у, і*** әріптеріне аяқталған етістіктерге ***-ı*** (көсемше) жұрнағы жалғанғанда түбір тұлғасы сақталып жазылады деген ереже дұрыс емес. Бұл ережені «-ıі әріп тіркестеріне аяқталған етістіктерге –ı жұрнағы жалғанғанда түбір тұлғасы сақталып жазылады»-деп, өзгертуіміз керек. Сонда таратылып жазылатын болады.

§15. Қосымшалар түбірдің соңғы буынындағы дауысты дыбыспен үндесіп, жуан не жіңішке жалғанады.

§16. Сөздің соңғы дыбысы қатаң болса, қосымшалар қатаңнан, ал дауысты, ұяң немесе үнді болса, қосымшалар ұяң не үндіден басталып жалғанады.

§17. Түбірдің соңғы буынында ***r, l, ý*** дыбыстары мен ***k, q, p, s*** дыбыстарының аралығындағы ***у, і*** әріптері тәуелдік қосымшасы жалғанғанда түсіріліп жазылады. Мысалы: *halyq – halqy, ǵuryp – ǵurpy, qyryq – qyrqy (қырқынан шығару), kórik – kórki (бетажар), árip – árpi, naryq – narqy (бағасы), paryq – parqy, qulyq – qulqy.*

Е с к е р т у. Мағынасына нұқсан келетін сөздерде ***у, і*** түсірілмей жазылады. Мысалы: *qulyq – qulyǵy (құлақтың құлығы); kórik – kórigi* (ұстаның құралы); *qalyp – qalyby* (нанның қалыбы); *qyryq – qyryǵy* (сандық мағына); *naryq – naryǵy* (термин), *serik – serigi, órik – órigi, taýys – taýysy.*

А.Фазылжанова: Ескертудің ішіне «ауыл-ауылы, дауыс-дауысы» деп енгіземіз.

§18. Соңғы буынында ***á*** әрпі жазылатын түбір сөздерге ашық дауыстылармен келетін қосымшалар жуан жалғанады. Қысаң дауыстылармен келетін қосымшалар жіңішке жалғанады.

Қ.Күдеринова: Тәуелдік жалғауының жіңішке қосымшасынан кейін неге жуан дыбысты қосып үндесім заңдылығын бұзып тұрсыздар деген болып тұр. Сондықтан бұл ережеге ашық дауыстымен келетін қосымшаларды жуан жалғаймыз деп қайтадан айтуға тура келіп тұр.

А.Фазылжанова:

§20. ***n*** дыбысымен аяқталатын сөздерге ***b, g, ǵ, m*** дауыссыздарынан басталатын қосымша жалғанғанда түбірдің негізгі тұлғасы сақталып жазылады. **Бірақ** *astyńǵy, aldyńǵy, erteńǵi* сөздері айтылуы бойынша жазылады.

Қ.Күдеринова: Бізде бұл жерде «*erteńgi»* деген сөзде техникалық қате кеткен. Жазу тәжірибесінде қате кетпес үшін «astyńgy, aldyńgy» деген сөздер қажет.

А.Фазылжанова:

§21. Сөз соңындағы ***k, q, p*** әріптері тәуелдік жалғауы немесе көсемшенің ***-a, -e, -ı*** жұрнағы жалғанғанда, ***g, ǵ, b (y)*** болып жазылады. Бұл ереже грамматикалық терминдермен құрылған сияқты.

Ж.Жақып: Грамматикалық терминнен неге қашамыз. Мысалдармен түсіндіруге болады.

А.Фазылжанова: Бірақ *sap – sapy, sapynda, tarap – tarapy*, *tarapynan* тәрізді сөздердің түбір тұлғасы сақталып жазылады. Қарсы пікірлеріңіз жоқ қой.

§22 «Екінші сыңары *basy, asy, aǵasy, anasy* тұлғаларымен келген біріккен сөздерге қосымша сөздің тәуелдік формасына жалғанады» деп берілген. Бұл ереже дұрыс.

§23 *-niki (-diki, -tiki)* ережесі дұрыс жазылған.

Қ.Күдеринова: Осы арадағы формалардың жетпей тұрғандары болса айтсаңыздар. Алдындағы жетпей тұрған мысалдарын қостық. Мысалы: «елбасысы, елбасылар»- деп, айтылмайды екен. «Отбасылар» дейміз бе, әлде «отбастар» дейміз бе?- деп, іздейді екен.

А.Фазылжанова: *–niki, -diki, -paz, -ger* деген қосымшалар сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарамай жалғанады деген ереже бәрімізге түсінікті.

Л.Қожаққызы: Осы ережеге «–бан» қосымшасын қосайық. Мысалы: мейірбан сөзі.

А.Фазылжанова: Мейірбан сөзіне ұқсас формадағы сөздер бар ма?

Қ.Күдеринова: -бан деген өзі кірме. Бұл жерде *–мен, -бен, -пен* көмектес септігі туралы айтып отыр.

А.Фазылжанова: Жақсы бұл сөзді үтір арқылы қосымшаға қосып жібереміз.

§24. Сыңарлары тура мағынасында тұрған күрделі сөздер бөлек жазылады. Бұл ережеде неге «анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі бөлек жазылады» дегенді «сыңарлары тура мағынасында тұрған күрделі сөздер бөлек жазылады» деп аламыз. Айдан анық анықтауыштық қатынасы тұр ғой. Сіздер қалай ойлайсыздар, дауысқа салу керек пе? Әлде ережені өзгерту қажет пе?

Ж.Жақып: Алып тастаңыз.

А.Фазылжанова: «Анықтауыштық қатынастағы деген» қалады.

§25. Күрделі сан есім, күрделі сын есім, күрделі етістіктердің әрбір сыңары бөлек жазылады.

Н.Рсалиева: Осы ережедегі «өрік ағашы» деген мысалды алып тастаймыз ба, қалдырамыз ба?

Қ.Күдеринова: Неге алып тастаймыз?

А.Фазылжанова: Нұрсәуле апаймен келісемін. Бұл ережеге «Анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестер бөлек жазылады» дейміз де, «өрік ағашы» деген сөзді мысалдан алып тастайық. Кейін анықтағышта түсіндіретін болады. Мысалдардағы «kirpish úı, alma baq» сөздері қалсын.

§26. *Saıyn, keıin, buryn, deıin* және *т.б.* шылаулары өздері тіркескен сөзден бөлек жазылады. *Е с к е р т у. Ал сөзімен тіркесетін күрделі сын есімдер бірге жазылады: alqyzyl, alqara, alqońyr.*

Қ.Күдеринова: Alkók, alkúreń, alqarakók деген сөздер.

Ж.Жақып: Alkók, alkúreń деген сөздерді естіген жоқпын.

А.Фазылжанова: Осындай пікірлер болмас үшін «ал»-мен келетін күрделі сын есімдердің жиілігі жоғарыларын ғана мысалға берейік. «*alqyzyl, alqara, alqońyr»* мысалдарын қалдырып, «alkúreń»-ді алып тастаймыз.

Бірақ *да, де, ма, ме шылаулары грамматикалық мәні көмескіленген, лексикаланған тіркестерде алдыңғы сыңармен бірге, соңғы сыңармен дефис арқылы жазылады: birde-bir, kemde-kem,* urda-jyq, asta-tók, ýda-shý мысалдары дұрыс сияқты.

Ж.Жақып: Ұрда-жық, аста-төк, уда-шу бөлек жазылады.Оған бәріміз келіскен болатынбыз. Содан кейінгі ТБИ-дегі нұсқада орфограмманың қатарынан шығарып тастаған болатын.

Қ.Күдеринова: Ағай, «ұрдажықты» не істейтін болдық?

Ж.Жақып: «Ұрдажықтық, астатөктік» болғанда, жеке сөз жасалып бірге жазылады. Жеке тұрғанда фразеологизм болғандықтан бөлек жазылады.

Бұл сөздерді дефис арқылы жазуға қарсымын.

А.Фазылжанова: «Ұр да жық» сөзі дефис арқылы жазылады дегендеріңіз қол көтеріңіздер.

Қ.Қалыбаева: Дефис арқылы жазылады дегенге қол көтере алмаймыз.

Ж.Жақып: Қол көтере алмаймыз. Бұл**-** фразеологизм. Фразеологияның қос сөз болып жазылатынын қайдан көрдіңдер.

Қ.Күдеринова: Фразеологизмдер қазір бірігіп жатыр. Қай заманда отырмыз.

А.Фазылжанова: «Ұр да жық, ас та төк» сөздері синтаксистік қатынаста тұрған сөздер емес қой.

Ж.Жақып: Ондай болса «ақ түйенің қарны жарылды» деген сөзді де арасына дефис қойып бірге жазайық.

Қ.Күдеринова: Бұл «ұр да жық» сөзін 30-жылдары «ұр-дажық» деп, дефис арқылы жазған екен.

Ж.Жақып: Өте қате жазылған.

Қ.Күдеринова: 88-жылғы сөздікте Рабиға апай бас редактор болғаннан бастап бірге жазылады.

Ж.Жақып: Ол уақытта ғалымдар талқыға салып ешкіммен келіскен жоқ.

Е.Тілешов: Дауысқа салыңыздар. Ж.Жантасты қолдағандар-8, Қ.Күдеринованы қолдағандар-4. Яғни бөлек жазылады.

А.Фазылжанова:

§27. Негізгі сөзге тіркескен *aldy, arty, asty, ústi, mańy, jany т.б көмекші есімдер бөлек жазылады. Е с к е р т у. Aldy, arty, asty, ústi* көмекші есімдерімен келіп, атаулық мағынаға ие болған сөздер бірге жазылады. «*Saılaýaldy,jerústi»* деген мысалдар.

§28. Идиомалық, фразалық тіркестердегі әрбір сөз бөлек жазылады.

Бірақ номинативті атау ретінде қалыптасқан сөздер бірге жазылады: *basqosý, aqsúıek, aqsaqal.*

§29. Екі түбірден құралған бір ғана зат пен ұғым атауы бірге жазылады.

§30. Екінші сыңары *-lyq (-lik, -dyq, -dik, -tyq, -tik), -shylyq (-shilik)* қосымшасымен келген қоғамдық, әлеуметтік лексика, *-ar (-er)* қосымшасымен келетін әдет-ғұрып, кәде атаулары, ботаникалық атаулар, теркестер мен зат атаулары бірге жазылады.

§31. *Ásire, bir, kóp, jalpy* және *kıno, radıo, tele, foto, деген жалғаса береді. Б*ірінші сыңарларымен, *beı* сөзалды қосымшаларымен келген атаулар бірге жазылады.

А.Фазылжанова: Бұл ережеден «авионы» алып тастайық. Кейін анықтағышта түсіндіреміз.

§32. Екінші сыңары *aralyq, qumar, jandy, tanýı, tanym, т.б.* сияқты сөздермен келген атаулар бірге жазылады. Енді біраққа назар аударайық. Осы «бірақ» деген дұрыс па? Маған «бірақ» пен «ескертудің» айырмашылығын түсіндіріп беріңіздерші.

Қ.Күдеринова: Бірақ та бірнеше мысал, ескертуде екі-үш мысал болады.

А.Фазылжанова: Бірақ анықтауыштық қатынас сақталған атаулық тіркестер бөлек жазылады: *ashyq hat, qyzmettik hat.*

§33. *Esh, ár, kei, bir, qai, qaisy, álde* сөздерімен келген есімдік, үстеулер түбір тұлғалары өзгертілмей, бірге жазылады. Бұл ережеге қалай қарайсыздар?

Ж.Жақып: Әркім, әрқалай дегенде бірге жазылады.

А.Фазылжанова: «Сөздермен келген есімдік, сын есім, үстеулер және түбір тұлғалары өзгермей бірге жазылады» деп алайық.

Ж.Жақып: «*Әртүрлі*» бөлек жазылады.

А.Фазылжанова: «*Әртүрлі*» сөзі бірге жазылады. Онда үстеуді алып тастаймыз.

Ж.Жақып: Түбір тұлғасы өзгертілмей дегеннің керегі жоқ. Мұнда бірге жазыла ма, бөлек жазыла ма? деген мәселе.

А.Фазылжанова: Түбір тұлғасы өзгертілмей деген, Мысалы: «*әркім*» сөзін, «*әргім*» деп жазбау үшін ескерткен. Осылай берген өте дұрыс.

Б.Момынова: Егер мысал табылмаса, «үстеу» дегенді алып тастаған дұрыс шығар.

Қ.Күдеринова: Мұнда екінші сыңарының сөз табы туралы айтып отыр.

А.Фазылжанова: Сын есімді қосып қойдық. Сөздермен келген есімдік, сын есімдердің түбір тұлғалары өзгермей бірге жазылады.

Ж.Жақып: Бұл жерде сын есім дегенді де алып тастаңыз. Бұл жерде «түрлі» деген сын есім.

А.Фазылжанова: «*Қалай*» деген сын есім деген жоқсыз ба?

Ж.Жақып: «*Әр*» сөзі есімдіктермен ғана бірігеді.

А.Фазылжанова: Жантас ағай, «*әлдеқалай*» дегендегі «*қалай*» деген сын есім деген жоқсыз ба?

Ж.Жақып: Мен «*түрлі*» сөзін айтап отырмын.

А.Фазылжанова: Ондай болса, дауысқа салайық.

Н.Рсалиева: «*Бір түрлі*» бірге жазылады.

Ж.Жақып: Бірге жазылмайды. Онда «*бес түрлі*» дегенді де бірге жазайық.

А.Фазылжанова: *Е с к е р т у. Ár, kei, bir, qai, álde* сөздері зат есімдермен тіркескенде, бөлек жазылады: *ár el; kei bala; bir kisi; qai zaman; álde shyn, álde ótirik.*

Б.Момынова: Ескертудің орнына неге *«ал»* сөзін жазбаймыз.

Г.Мұқанова: Бұл жерде *«бір»* дегендеріңізге мысал жоқ. *Әр, кей, еш* деген мысалдарда.

Қ.Күдеринова: Қайбір, кейбір деген жатпай ма?

Б.Момынова: *«Бірді»* белгісіздік есімдігі деп айтпаңыздар. *«Біреу»* белгісіздік есімдігі болады. Сондықтан ойланыңыздар.

А.Фазылжанова: Бағдан апайдың ұсынысымен «ескерту» сөзін «ал» сөзімен алмастырамыз.

§34. Бірінші сыңары *aq, qara, sary, kók, qyzyl, ala, boz* тәрізді түс атауларымен келетін ботаникалық, зоологиялық терминдер бірге жазылады. *Е с к е р т у. Aq, qara, qyzyl, qońyr, sur, shubar* сөздері аң-құс, өсімдік түсін айыру үшін қолданылатын болса, бөлек жазылады

§35. *Qoi, siyr, túie, bota, qozy, at, qoian, aiý, bóri, qasqyr, it* тәрізді жалпы атауларымен немесе *qum, sý, bal, ý, sor* сөздерімен тіркескен ботаникалық, зоологиялық атаулар бірге жазылады.

§37. Күрделі сөзге айналған фразеологизмдер бірге жазылады: *aqsaqal, aqsúiek.* Осы *aqsaqal, aqsúiek* бір мысалдарда жүрді. Дұрыс па?

Қ.Сәрекенова: §38-параграфтағы *aqniettik* сөзін алып тастайықшы.

Қ.Күдеринова: Неге?

Қ.Сәрекенова: *Aqniettik, aqsúiek* дегендер тұрақты тіркестер ғой.

Қ.Күдеринова: Жүрекпен, ниетпен, көңілмен келетін сөздер бірге жазылады.

А.Фазылжанова: Психологиялық, терминологиялық сөздікті қарасаңыздар бұл сөздер бірге жазылады.

Г.Мамырбек: Су жүрек ше?

Қ.Күдеринова: Су жүрек бірге жазылады.

Б.Момынова: Фразеологизмдердің жай сөздерден баламасы болады. Ақжүрек – ниеті түзу, таза адам. Қоянжүрек – қорқақ деген сөз. Ал ақниет ше?

Қ.Күдеринова: Ақниеттің орнына аққөңілді қояйық.

А.Фазылжанова: Аққөңілді жаздық.

Қ.Сәрекенова: Аққөңіл сөзін алып тастайық. Міндетті түрде орнына бір сөз жазу керек емес қой.

Қ.Күдеринова: Алып тастамаймыз, ол сөз бірге жазылады.

А.Фазылжанова: Ол сөздер қашаннан бері бірге жазылады. Қазір бөлек жазсақ, жұрт шатасады.

Қ.Күдеринова: Сіздер «аққөңіл» сөзін лингвист ретінде талдауға ыңғайлы формасын қарап отырсыздар. Әдеби тілдегі орнына қарасаңыздаршы. Жазушылардың «Ол аққөңіл адам» деген мысалдарын қараңыздаршы.

Ж.Жақып: -лік жұрнағы қосылса бірге жазылады. Мы: «Аққөңілді+лік»

Б.Момынова: Бұл жерде «Аққөңілділік» тұр. Өйткені аққөңілді жаза алмағансыздар. Содан кейін тұр.

Ж.Жақып: Бұл жерде –лік жұрнағы арқылы сөз жасалып тұр.

А.Фазылжанова: Құрметті әріптестер! *Aqsúiek, aqniet сөздерін алып тастаймыз.* «*Aqniet, aqniettik, aqkóńildilik; kóshbasshy»- деп, жалғаса береді. «Аққөңіл» сөзі бірге, бөлек жазылуын тіл мамандары анықтайтын болады.*

§38.Үш сыңарлы күрделі сөздердің алдыңғы екі сыңары бірге жазылады: *aýdarmabas etik, sýyqbas torǵai, múktektes ósimdik, taıshaptyrym jer, sútpisirim ýaqyt.*

§39. Сыңарларының мағынасы көмескіленген және бірге жазылуы дәстүрге айналған біріккен сөздердің сыңар жігіндегі ***қ, к*** әріптері ұяңданып жазылады: *ulanǵaıyr, kóget, kishigirim, baıǵus, jegjat, erǵashty, qolǵap, qolǵanat, anaǵurlym.* Осы жердегі біріккен сөзін, кіріккен деп алуымыз керек.

Қ.Күдеринова: Ол шындығында біріккен сөз. Біріккен деп тұра берсін.

Б.Момынова: Осы ережедегі мысалдар, дефиспен жазылатын сөздердің ішінде де жүр. Ұлан-ғайыр, ұлан-байтақ. Бұл сөздерді дефиспен емес, біріктіріп жазу керек.

А.Фазылжанова: §39-параграф өзгеріссіз қалады.

§40. Біріккен сөз сыңарлары жігіндегі қатар келген дауыстылар түсірілмейді. Мысалға алған сөздердің ортасына –ы әрпін қосамыз. *Sar+ы+aýrý, sar+ы+atan, jaqs+ы+atty bolý.*

А.Фазылжанова:

§41. Қос сөздер дефис арқылы (-) жазылады.

§42. Грамматикалық тұлғалармен келген қос сөздер дефис арқылы жазылады: *bardy-joqty, azdy-kópti.*

§43. Араб цифрымен берілген санға қосымша дефис арқылы жалғанады, сондай-ақ түсірілген *-ynshy (-inshi), -nshy (-nshi)* қосымшасының орнына дефис қойылады, ал сан рим цифрымен берілсе, дефис қойылмайды.

§44. Цифрға тіркелетін *% (процент)*, ^{0}C (Цельсий) таңбаларынан кейін жалғанатын қосымшалар дефис арқылы жазылады.

§45. Күшейткіш буынмен келетін сөздер дефиспен жазылады.

§46. Кірме негіздер, қысқарған сөздер мен сандардың төл және кірме сөздермен қосарланған атаулары, сондай-ақ *ýeb, eks* сөзалды сыңарларымен келетін сөздер дефис арқылы жазылады. Бұл жердегі кірме негіздер деген жұртшылыққа түсінікті ме?

Б.Момынова: *Кірме сөздер деген дұрыс шығар.*

А.Фазылжанова: «Негіз» сөзін алғы сөзде түсіндіру қажет.

Ж.Жақып: «Кірме сөздердің» орнына «шеттілдік сөздер» деп жазыңыздар.

А.Фазылжанова:

§47. *-aq, -aı, -aý, -dy, -di, -mys, -mis, -tin, -tuǵyn шылаулары дефис арқылы жазылады. Е с к е р т у. tursyn, túgil, turmaq, ekesh шылаулары өздері тіркесетін сөздерден бөлек жазылады.*

§48. Қысқарған сөзге қосымшалар дефис арқылы жалғанады: *BUU-nyń, QazUPÝ-ǵa, TMD-ǵa.*

§49. Әрбір жаңа сөйлем және өлеңнің әрбір жолы бас әріппен жазылады.

§50. Кісінің аты, әкесінің аты, тегі бас әріппен жазылады: *Dýlat Saǵynuly Berdáli, Qyrmyzy Nábıqyzy Seıdimbek.*

§52. Екі сөзден құралған кісі есімдері бірге жазылады.

§53. Кісі есімдері сыңарларының жігіндегі дыбыстар айтылымына сәйкес жазылады: *Aıǵyz, Baıgeldi.*

§54. Араб, парсы тілінен енген кісі есімдері қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына сәйкес жазылады: *Ysqaq, Yrysjan, Yrysaldy.*

§55. Тарихи тұлға есімдеріндегі артикльдер тұтас атаудың ортасында келсе, кіші әріппен жазылады: *Leonardo da Vınchı, Janna d'Ark.*

§56. Ертегі, миф кейіпкерлерінің аттары бас әріппен және бірге жазылады: *Jelaıaq, Jeztyrnaq.*

§58. Екі немесе бірнеше тілдік бірліктен құралған тарихи тұлғалар мен аңыз-әңгімелерде кездесетін кісі есімдерінің әрбір сыңары бас әріппен жазылады: *Úkili Ybyraı, Qyz Jibek, Máshhúr Júsip, Qazdaýysty Qazybek bı, Er Tarǵyn, Qaraqypshaq Qobylandy, Jaıaý Musa, Er Tóstik, Áz Jánibek, Áz Táýke, Ál Farabı, Ál Horezmı, Ál Buharı. Әбу Насыр Әл Фарабиді оқыдым десем, барлығын бас әріппен жазамыз ба?*

Г.Мамырбек: Оны тұтас есім ретінде алып, барлығын бас әріппен жазамыз.

А.Фазылжанова: Әл Бұхари да бас әріппен жазыла ма?

Б.Момынова: Бүкіл ғылыми еңбектерде «әл»-ді артикль деп айтады.

А.Фазылжанова: Жақсы, барлығын бас әріппен жазамыз.

§59. Жануарлар мен құстарға қойылған күрделі атаулар бас әріппен және бірге жазылады.

§60. Географиялық және астрономиялық атаулар бас әріппен жазылады.

§61. *Muhıt, asý, aral, qum* және т.б. сөздермен келетін жер-су және астрономиялық атаулардың бастапқы сыңары бас әріппен жазылады: *Qara teńiz, Tynyq muhıt.*

§62. Тұрақты анықтауыш арқылы қалыптасқан күрделі жер-су атауларының екі сыңары да бас әріппен және бөлек жазылады: *Kishi Azıa, Ortalyq Qazaqstan.*

§63. Күрделі жер-су атаулары бас әріппен, түбір тұлғасы сақталып, біріктіріліп жазылады.

§64. Қосарланған жер-су атауының екі сыңары да бас әріппен, дефис арқылы жазылады.

§65. Мемлекет және ең жоғарғы мемлекеттік басқару органдары мен ең жоғарғы лауазым атаулары бас әріппен жазылады.

§66. Мемлекеттік әкімшілік-басқару органдары (министрлік, комитет, департамент), заңнамалық құжаттар (кодекс) күрделі атауларының бірінші сөзі бас әріппен жазылады.

§67. Оқу орны, ғылыми мекеме, қоғамдық ұйым, өнер орталықтарының және олардың құрылымдық бөлімшелерінің атаулары бас әріппен жазылады: «*Ál Farabı atyndaǵy Qazaq ulttyq ýnıversıteti»* деген сөйлемде дефис қойылады.

§69. Маңызды тарихи оқиғалардың, мереке атауларының бірінші сөзі бас әріппен жазылады: *Aqtaban shubyryndy, Jeltoqsan kóterilisi.*

§70. Мемлекеттік марапаттар, атақтар бас әріппен жазылады.

§71. Басқы әріптерінен қысқарған күрделі атаулар бас әріппен жазылады. Бұл ережедегі *JAK-qa, JAK-tyń* деген мысалдарды алып тастаймыз. Енді, *AQ-qa, AQ-tyń* деген мысалдарды алып тастадық.

§72. Ағылшын тіліндегі атауы бойынша қысқарған әлемдік мәртебесі жоғары халықаралық ұйым атаулары түпнұсқа тіліндегідей жазылады: *UNESCO, USAID, NATO, EXPO.*

§73. Аралас қысқарған сөздер төмендегідей жазылады.

§74. Кірме сөздер айтылуы бойынша қазақ тіліндегі дыбыстардың тіркесім заңдылығына сәйкес жазылады дегенді бұрынғы ереже бойынша «Игерілген кірме сөздер айтылуы бойынша жазылады» деп жазамыз.

§75. ***ё*** әрпі ***ó*** әрпімен таңбаланады.

§76. ***ц*** әрпі және ***сц*** әріп тіркесі ***s*** әрпі арқылы жазылады.

§77. ***щ*** әрпі ***sh*** әрпімен жазылады.

§78. ***э*** әрпі ***e*** әрпімен жазылады: *element, elevatyr, elektir.* Бірақ сөз соңындағы ***оэ*** әріп тіркесі ***ı*** түрінде беріледі: *aloı, kanoı, arpoı.*

§79. ***ю*** әрпі сөз басында және сөз соңында, сондай-ақ дауысты дыбыстан кейін ***-ıý*** әріп тіркесімен, сөз ортасындағы дауыссыз дыбыс және жіңішкелік белгісінен кейін ***ú*** әрпімен жазылады. Қосымша соңғы буынға үйлесіп жалғанады. Осы ережедегі *kánúnktıvıt-konúnktıvıt, kámpúter-kompúter, prodúsir-prodúser* деп өзгертеміз.

§80. ***я*** әрпі сөз басында және дауысты дыбыстан кейін, сондай-ақ жіңішкелік белгісінен (**ь**) кейін ***-ıa*** әріптер тіркесімен, дауыссыз дыбыстан кейін ***ə*** әрпімен жазылады, *сөз соңында дауысты дыбыстан кейін* ***a*** *әрпімен жазылады*: *ıandeks, ıadro; voıaj, komıvoıajór; konıak, alıans, biliard, ıtalıan, kálkýlátir, kназ, komýfláj; zárad, kназ, narád, razrád; hımıa, batarea.* Қосымша соңғы буынға үйлесіп жалғанады. Я ережесін ю ережесімен сәйкестендіру.

Я әрпі сөз басында және дауысты дыбыстан кейін және сөз соңында ***-ıa*** әріп тіркесімен, сөз ортасындағы дауыссыз дыбыс және жіңішкелік белгісінен кейін «á» әрпімен жазылады. Жіңішкелік белгісіне байланысты мақұлданған ережеден алу керек.

§82.Айыру белгісі **(ъ)** ескерілмей жазылады, қосымшалар соңғы буын үндесіміне сәйкес жалғанады.

§83. ***тч*** әріп тіркесімен аяқталатын сөздердегі ***т*** әрпі түсіріліп жазылады. S*koch* деген сөзде *«т»* әрпін жазбаймыз.

§84. ***дж*** әріп тіркесі бар сөздерде ***д*** әрпі түсіріліп жазылады: *menejment, cartrıj, jentilmen, kolej, kotej.* Қосымша үндесім заңы бойынша жалғанады: *jınsi (-nıń, -si, -ge, -ler)* ***Бірақ*** *búdjet, lodjy* болып жазылады.

§85. Сөз ортасындағы қайталама ***сс, мм, лл, тт, фф, нн, бб, рр, пп, гг, дд, кк, уу, оо*** дыбыстарын білдіретін әріптердің бірі түсіріліп жазылады: ***Бірақ zoo*** *сөзалды сыңарымен бірігетін сөздерде сақталып жазылады: zoobaq, zoologıa. Е с к е р т у.* Сөз мағынасына әсер ететін жағдайда, сондай-ақ өлшем бірлік атауларында қайталама дыбыстар сақталып жазылады: *mıllıon, mıllımetr және massy, tonny, kassy, dollyr, brýtty, netty* сөздеріндегі *–у* әрпін не істейміз?

А.Фазылжанова: Қарлығаш С. ұсынысы бойынша *kassa сөзін kasa* деп жазсақ. *Tonna* сөзінде түсірсек, онда *tona* болады.

Қ.Күдеринова: *Kasa* сөзіне қарағанда *kasy* сөзі дұрыс.

А.Фазылжанова: *mıllıon, mıllımetr –лл* қосар дыбыспен жазылады.

Massa, tonna, kassy, dollar, brýtto болды. Kassy сөзін vedimis сөзінің жанына апарамыз.

§86. ***-ий*** әріптер тіркесімен аяқталған сөздердің соңында бір ғана ***ı*** әрпі жазылады: *kalı, alúmını, natrı, kafeterı, realı.*

§87. ***ст, сть, зд, вт, нкт, ркт*** тіркестеріне аяқталған сөздердің соңғы әріптері түсіріліп жазылады. Бірақ бір буынды сөздердің соңына ***і, у*** әріптері қосылып жазылады: *tresti, tosty, testi, pýnkti.*

Ж.Жақып*: Қосымшалар -і, у* дәнекері арқылы жалғанады деп өзгерту керек.

А.Фазылжанова: Ағай, сіз *pýnkitine* деп айтпайсыз ғой. Сауалнама нәтижесіне қарай ешкім *-і, у* дәнекерін жалғамайды екен. Сонымен «Ескерту: бір буынды сөздерде сақталып жазылады. Мысалы: *trest, test, pýnkt.* Енді осы жерде қосымшалардың жалғануы туралы жазайық.

§88. *р* әрпіне аяқталған кірме сөздерге тәуелдік жалғауы жалғанғанда түбірі сақталады: *arhetıp (-tiń, -i, -ke, -ter), stereotıp (-tiń, -i, -ke, -ter).*

§89. Кірме сөздердің соңындағы ***а*** әрпі сөз мағынасына әсер етпеген жағдайда түсіріліп жазылады. Қосымшалар соңғы буынға үйлесіп жалғанады: *kordınat, fonem, morfem.*

§90. ***ск, кт, пт, фт*** тіркестеріне аяқталған сөздердің соңына ***ı, у*** әріптері қосылып жазылады*: dıski, relıkti, pákti, fákti, perfekti, resepti, evkalıpti, landshafty.*

§91. Сөз соңындағы ***ор*** әріптер тіркесі сөз мағынасына әсер етпеген жағдайда алдыңғы буынға үндесіп, ***ыр*** немесе ***ір*** болып жазылады.

Т.Аяпова: *Rektir, dırektir*, *profesir* дегендерді бірақ деген ескертпедегі monitor сөздерінің қатарына қосып жіберу керек. Бұл сөздер естілгенде құлаққа жағымсыз.

- **§92.** Сөз соңында ***кс, тр, фр, кл, гл, бл, лм, лс, пс*** тіркестері келген жағдайда арасына ***ı***, ***ý*** әріптері қосылып жазылады*: lúkis, reflekis, metir, elektir* сөзімен келген ережені алып тастаймыз.
- **§93.** Үнді және қатаң дауыссыздар тіркесіне (***нк, рк, лк, мп, лт, льт, нс, рс, рт, рш, нт, рм, рк, кс***) аяқталған сөздер дәнекер дыбыстарсыз жазылады*: bank, polk* сөздерімен келетін ережені де алып тастаймыз.
- **§94.** Біріккен сөздер құрамындағы ***о*** кірме дәнекерлері түсіріліп жазылады: *ımyngen* (*ımynogen* емес)*, elektirpesh (elektiropesh* емес)*, elektirmagnıttik (elektiromagnıttik* емес), *gıpiskarton* (*gıpsokarton* емес). Осы ережедегі мысалдардың түгелін жөндейміз.
- **§95.** ***ое*** әріптер тіркесінің арасына ***ı*** дыбысы жазылады: *koıefisent, poıema*, *poıetıka.* Осы сөздердегі *–ı* әрпін алып тастаймыз.
- **§96.** ***-ог*** әріп тіркесіне аяқталған сөздерге қосымша жуан жалғанады. Осының ішінде ***рг, рк, лк*** әріп тіркесіне аяқталған сөздерге қосымша жіңішке жалғанады: *ocherk-i, hırýrg-i, metalýrg-i.* Осы ережеге *-кт* әріп тіркесімен келетін ережені қосу керек.
- **§97.** ***х*** әрпіне аяқталған сөздерге қосымша жуан жалғанады: *sheıh(-tyń,-y, -qa, -tar).*
- **§98.** Сөз соңындағы ***-нг*** әріп тіркесі ***ń*** әрпімен жазылады: *boýlıń, reıtıń, rań.*
- **§99.** Сөз буын жігіне сәйкес тасымалданады: *oqý-shylar, oqýshy-lar; bel-sendi, belsen-di; beı-bitshilik, beıbit-shilik, beıbitshi-lik.*

А.Фазылжанова: IX тараудағы Сөздердің тасымалдануы бұрынғы ережемен бірдей, еш өзгеріс жоқ. Сондықтан бұл тарау өзгеріссіз қалады.

Қ.Күдеринова: *-И* мен *- у* дыбысынан келетін тасымал қалай болады?

А.Фазылжанова: Оны тасымалға береміз бе?

М.Тұрсынова: Жұртшылық іздеп жатыр. Қосуымыз керек.

А.Фазылжанова: Орфографиялық жұмыс тобының ішінен осы ережені енгізетін маман белгіленіп, толықтырулар мен өзгертулер енгізсін.

Е.Тілешов: Құрметті әріптестер, бүгінгі отырысымыз осымен тәмам. Құнды пікірлер айтып бүгінгі талқылауға белсене қатысқан ғалымдарымызға рақмет! Емле ережесіне байланысты келіскен пікірлеріңізді ережеге енгізіп, Орфографиялық жұмыс тобындағылардың барлығына таратып боламыз. Жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін. Келесі отырыстарда амандықпен жолыққанша.

«ЛАТЫН ГРАФИКАСЫ НЕГІЗІНДЕГІ ЖАҢА ӘЛІПБИ ЖОБАЛАРЫ» АТТЫ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС ТОПТАРЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН СЕМИНАРЫНЫҢ СТЕНОГРАММАСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы
«Royal Park» қонақүйінің
конференцзалы 8 қараша 2019 жыл

Қатысушылар: Н.М. Дәуешов, Ғ.С. Мелдешов, Е.Е. Тілешов, Г.М. Мұқанова, Л.Қ. Есбосынова, З.М. Базарбаева, Ж.А. Жақыпов, Қ.Б. Күдеринова, Г.М. Мамырбек, Л.У. Еспекова, Қ.Қ. Сәрекенова, Н.М. Рсалиева, М.А. Тұрсынова, Л.Т. Әлімтаева, Қ. Рысберген, А. Байқадам, Қ. Ванов, Ж. Темірғали, А.А. Сейітбекова, М.М. Мұхаметқали, К.Б. Жақсылықова, С.М. Сапина, Н.Х. Шадиева, Т.Т. Аяпова, А.Қ. Балабеков, Ж.С. Абуов, С.С. Жұманова, А.Н. Мұқышева, Ж. Есепбай, Ж.А. Ағабекова, Н.Т. Төленбергенова, Р. Ізғали, А. Қамет, Н. Ербосын, С.Қ. Омарова, А. Кеңесұлы, А. Ораз.

КҮН ТӘРТІБІ

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт вице-министрі Н.Дәуешовтің сөзі;
2. «Bailatyn» әліпби жобасының таныстырылымы;
3. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д., профессор Зейнеп Базарбаеваның «Bailatyn» әліпби жобасына пікірі;
4. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, ф.ғ.д. Таңат Аяпованың «Bailatyn» әліпби жобасына пікірі;
5. Бағдарламашы Рымбек Ізғалидің «Bailatyn» әліпби жобасына пікірі;
6. «Kazak Grammar» әліпби жобасының таныстырылымы;
7. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының жетекші ғылыми қызметкері, ф.ғ.к. Айнұр Сейітбекованың «Kazak Grammar» әліпби жобасына пікірі;
8. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры, ф.ғ.к. Ляззат Әлімтаеваның «Kazak Grammar» әліпби жобасына пікірі;
9. Қ.Вановтың әліпби жобасының таныстырылымы;
10. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д., профессор Құралай Күдеринованың Қ.Вановтың әліпби жобасына пікірі;
11. Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті доценті, ф.ғ.к. Мархаба Тұрсынованың Қ.Вановтың әліпби жобасына пікірі;
12. Ж.Темірғалидің әліпби жобасының таныстырылымы;
13. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті доценті, ф.ғ.к. Ләззат Еспекованың Ж.Темірғалидің әліпби жобасына пікірі;
14. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті доценті, ф.ғ.к. Қарлығаш Сәрекенованың Ж.Темірғалидің әліпби жобасына пікірі;
15. Жарыссөз
16. Қорытындылау

Ғ.Мелдешов. Құрметті әріптестер, бүгінгі «Латын графикасы негізіндегі жаңа әліпби жобалары» атты Орфографиялық және Әдістемелік жұмыс топтарының бірлескен отырысына қош келдіңіздер! Барлықтарыңызға бүгінгі жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін. Бүгінгі отырысқа екі жұмыс тобының мүшелері, жоба ұсынушы мамандар, лингвистер, тіл жанашырлары жиналып отыр. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының

депутаты Нариман Төреғалиұлы Төреғалиев мырза да қатысып отыр. Бұл семинардың негізгі мақсаты – латын графикасына негізделген жаңа қазақ әліпбиінің жобаларымен танысу, талқылау, сараптамадан өткізу болса, ал Әдістемелік жұмыс тобы ұсынылған жобалардың әдістемелік қырларын жан-жақты қарап, ары қарай оны білім жүйесіне қалай енгіземіз деген мәселелерді айтады. Ендеше, алғашқы сөз кезегін ҚР Мәдениет және спорт вице-министрі Нұрғиса Мұратұлы Дәуешевке беріледі.

Н.Дәуешев. Қайырлы күн құрметті ғалымдар, тіл жанашырлары, әріптестер! Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына 2025 жылға дейін кезең-кезеңімен көшіру жоспарына сәйкес бірнеше ісшаралар өтті. Жаңа әліпбиге қатысты әріптерді қолдану кейбір позициялар бойынша тұрғындар мен ғалымдар арасында түсініспеушілік тудыруда. Әліпбидің кейбір қолайсыз тұстары емле ережесін апробациядан өткізу барысында, сондай-ақ курсты ұйымдастыру кезінде байқалды. Сонымен қатар ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2019 жылдың 21 қазандағы әліпбиді жетілдіруге байланысты берілген тапсырмасынан кейін жеке азаматтар тарапынан ресми түрде өз әліпбилерін ұсынушылар мен кейбір әріптерді өзгертуге байланысты пікірлер Министрлікке түсіп жатыр. Қазіргі уақытта Министрлік жеке азаматтар тарапынан ұсынылып жатқан әліпбилерді ғылыми тұрғыдан зерделеу мақсатында Ұлттық комиссия жанынан құрылған Орфографиялық жұмыс тобы мүшелеріне сараптамадан өткізу үшін бүгінгі семинарды ұйымдастырып отырмыз. Бүгінгі шараға жаңа әліпби жобасын ұсынып жүрген авторларды, ҚР Сенат депутаты, «Нұр Отан» партиясы жанынан құрылған «Мирас» қоғамдық бірлестігінің мүшелері, журналистер, ғалымдар арнайы шақыртылды. Бүгінгі жұмысымызға сәттілік тілеймін!

Ғ.Мелдешов. Алғашқы сөзді «Baikadam Holding» компаниясының бас директоры, «Bailatyn» әліпби жобасының авторы Арман Байқадамға сөз береміз.

А.Байқадам. Армысыздар, құрметті бүгінгі жиынның қатысушылары. Жалпы біз осы латын мәселесін 2006 жылдан бастап қолға алған болатынбыз. Бірақ негізгі кіріскен уақытымыз 2012 жыл. Осы жылы Елбасы өзінің жолдауында латын әліпбиіне көшу мәселесін көтерді. Не үшін латын әліпбиіне көшеміз дегенде негізгі мәселе болғаны ғылыми-техникалық прогресске ақпараттық технологияға тиімді ықпалдасу деп көтерген болатын. Латын графикасын жасарда бізде қандай да бір талап болған жоқ, яғни стандартты болған жоқ. Бірақ ғылыми-ақпараттық жүйеге ықпалдасу деген соң, біз өзімізше соған сай стандарт жасауға кірістік. Негізгі 26 таңбаны алдық. Себебі қазіргі ақпараттық технология дейді, соның ішінде смарт, сенсор, криптовалюта дейді, былайша айтқанда тұрмысқа қажетті барлық бағдарламалар осы 26 әріптің негізінде жасалатын болған соң, біз 26 деген стандартты алдық. Екінші қойған стандартымыз қолдануға өте ыңғайлы, тиімді болу керек деген болды. Және үшінші мәселе біздің қазақтың төл дыбыстарын жоғалтып алмау деген мәселе көтерілді. Оны қалай жоғалтып алмаймыз десек, бұрын бізде орфоэпия деген мәселе болмаған сондықтан біз шетелдің тәжірибесіне жүгіндік. Шетелдің тәжірибесі дегенде бізде Өзбекстан, Түркия, Әзірбайжан болды, бірақ олардың жүйесі біздің стандартқа сай келмеді. Сондықтан біз оны қарастырмадық. Яғни олардың қатесін біз қайталауға тырыспадық. Содан басқа тағы қандай озық үлгі бар дегенде, ең бірінші қазіргі таңда ең озық үлгі ол ағылшын тілі. Сондай-ақ итальян және Сингапурдағы малай дейді солардың да үлгілерін көрдік. Бірақ енді ең ұтымдысы ол - ағылшын тілі. Ағылшындар 44 дыбысты 26 таңбаға отырғызған. Яғни өте шебер келтірілген. Біз өз арамызда қазақтың қанша дыбысы бар дегенде дау болды бірі – 28, бірі – 32 деді. Бірақ бізде жүгінетін бір ешқандай реестр болған жоқ. Сондықтан біз ойладық, қазақтың орфоэпиясы сол XX ғасырда қалай қарастырылды, сол күйі жетілмей қалып қойды деп түсіндік. Содан біз 32 дыбысқа бардық сосын шетелдік терминдер мәселесімен шамамен 40 дыбыс болып қалады деп топшаладық. Енді сөздіктерді алып анализ жасайық десек,

«Толковый словарь» дейді ғой дефинициясымен берілген сөздіктерді қарасақ қазақ тілінде ондай сөздік таппадық. Менің түсінігімдегі сөздікте ең бірінші этимологиясы берілу керек, яғни ол сөз қай елден шықты, қандай бастапқы мағына берілді одан кейін қазір қандай мағына береді, қандай синоним, антоним бар және стилистикаға сай қандай сөз тіркестерінде қолданылады деген стандарт болу керек. Яғни қазақ тілінде нақты қанша сөз бар екенінде біле алмадық. Жүгінетін дерек таппадық, яғни оның ішінде терминдердің де реестері жоқ. Одан тағы негізгі мәселе аббревиатура мәселесін көтеріп едік, бұл мәселе бойынша да ашық ақпарат мүлдем таппай қойдық. Енді бір жекелеген мамандардың зерттеулері бар шығар, бірақ бізде оған доступ болған жоқ. Және біз оны аса зерттеп көрмедік. Қазақтың сөздік қорына келген кезде Тіл білімі институтында ма 107 мың сөздік қор бар екен. Соны жалпылама алдық. Себебі ол да бізге соңғы дерек болған жоқ, енді реестр болмаған соң оған жүгінуде қиын. Содан Оксфордтың терминдер жүйесін қарадық, оларда 1,5 миллион термин, 1 миллионнан астам аббревитарулар бар соларды қалай береміз дедік. Терминдер мәселесін қалыптастыруда үш негізгі романдық стиль дейді түріктерде, немістерде сол стиль бойынша жасайды, яғни (*information*) –тион деген жалғау, жұрнақ арқылы жасалады. Ал ағылшындарда шың, жың деп берілген, ал словяндарда ц арқылы беріледі. Біз үшеуін қарадық та, бізге ең жақыны ағылшын болады деп ағылшынға жүгіндік. Сонымен бір тілді зерттеген кезде қазақ тілінің сөздік қорын, стилискасын таппадық, сосын балаларды қалай оқытамыз дегенде оның да стандартын таппадық. Бұл енді ашық доступтар бойынша іздегеніміз, кейбір архивтерде бұл мәселелер болса да бізде оларға доступ болған жоқ сол жағын айта кетейін. 1 класстың баласы қанша сөз білуі тиіс стандартын таппай қойдық. Мысалы біз ағылшын тілін үйренген кезде «Бигинер» бойынша бастапқы 200 сөзді үйрендік. Одан кейін 400, 600 сөз деп кете береді. Бүкіл оқулықтар адаптациядан өтеді. Содан ағылшын стандарттына жүгініп, өзіміздің стандартымызды жасадық, соған сай әліпби жасадық, қазақтың 28 дыбысын 26 әріпке енгіздік. Және шет тілінен келетін дыбыстарды да қостық, себебі қазір бізде шет тілінен көп кіріп кеткен дыбыстар бар соларды да бердік. Сонымен осы стандартқа сай концепция жасап шықтық. Ағылшындардың стандартына жүгіндік, оларда реестр бар әр әріптің дыбысталуы бар, стилистикасы қалыптасқан, сөздік қоры бар. Және балаларға қалай оқыту керек, яғни методикасы түгел тәжірибесі тұр. Ал бізде қазақ тілінің орфоэпиясы мүлдем зерттелмеген ба деген сұрақ қойдық, зерттелсе де қолданысқа енгізілмеген. Сол себепті біз ағылшындарға жүгіндік. Ендігі мәселе Юникод жүйесі. Юникодта бірінші дәрежелі 120 таңбалар болды. Диапазонында 26 дыбыс бар. Яғни 120-дан кейінгі диапазондағы таңбалар қандай қиындықтар тудырады. Бірінші ол ақпараттың жылдамдығына әсер етеді, ақпараттың көлеміне әсер етеді, яғни 26 таңбадағы бір таңба 1 битт болса, диакритикалық таңбалар 2-3 битт болады. Диакрикатикалық таңбалармен қиналып конвертор жасауға болады болмаса транслитерация жасайтын бағдарламалар жасауға болады, бірақ біздің экономика, яғни қаржы тиімділігі. Біздің зерттеуіміз бойынша бұл пәленбай миллиард теңгеге шығады екен. Бізде бағдарлама дегенде көпшілігі вордтағы қазақ тілін транслитерация деп түсінеді. Мен өзім құрылыс саласында жұмыс істеймін. Бізде құрылыс саласында юникод жүйесіне өтіп жатыр. Қазіргі шетелдік программалардың басым көпшілігі Юникод жүйесіне өткен. Бір машинаның нөмірін ауыстыру 58-67 миллиард теңгенің ақшасы кетеді. Бұл бір. Екінші мәселе идентификациялық кодтау жүйесі дейді яғни төлқұжаттар беру. Банк жүйесінде мен білетін 6 счет бар: инвестиционный счет, кредитный счет, депозитный счет, текущий счет, слепой трас деген бар. Мұндағы біздің азаматтардың қаржылары бар, біреулердің қаржылары ұзақ мерзімге қойылған. Яғни банктік жүйеде мына диакритикалық таңбалар мүлдем келмейді. Оған диакритикасы бар таңбалармен кіру мүмкін емес. Неге, себебі бұл мәселеде Жапон, Қытай, Үнді, Неміс яғни алдыңғы қатарлы елдердің бәрінде екінші дубл графика бар. Яғни транслитерация

жасайды. Айтайын дегенім барлық экономика болсын, қаржы саласы болсын, құрылыс саласы болсын бәрі де Юникод жүйесін сақтаған.

Ғ.Мелдешов. Келесі сөз кезегін филолог Әділбек Нәбиге береміз.

Ә.Нәби. Сәлеметсіздер ме! Біз осы латын жобасын 5 адам жасадық. Бесеуіміздің төртеуіміз Казгудың филология факультетін бітірдік, арамызда 2 доктор бар, қалғандарымыз магистрантпыз. Жалпы бізге көп сын тағылады. Латынды жасаған мамандар емес деп. Сондықтан бірауыз өзіміз жайында айтып жатырмын. Бізде Байлатын бойынша стандартқа сай 26 таңбаны таңдап алдық. Бір таңбамен екі дыбысты беріп отырмыз. Яғни «а» мен «ә», «о» мен «ө», «ұ» мен «ү», «ы» мен «і» дыбыстарын бір таңбамен бердік. 2003-2004 жылдары бізге ең алғаш телефондар келе бастады. Олардың ішінде орыстың да біздің де әріптеріміз болмады. Яғни барлық сообщенияларды ағылшын тілінде жазатынбыз. Мысалы, Salem. Kal kalai. Ne janalyk? Бірақ осыны бәрі түсініп кетті. Мысалы, сәлем дегенде оны ешкім салем деп оқыған жоқ автоматты түрде бәрі ол жерде «ә» әрпінің тұрғанын білді. Одан кейін бізде жол қауіпсіздігіне, ауа-райына байланысты телефонымызға латын графикасымен сообщениялар келе бастады. Бірақ жұрт оны оқыды және оның ішінен әріптерін жоғалтып алған адамдар болған жоқ. Екінші біз А.Байтұрсынұлының төте жазуын негізге алдық. Байтұрсынұлы 24 әріпке қазақтың барлық дыбыстарын сыйғызды. Байтұрсынұлы да «а» мен «ә»-ге бір таңба берді. Осы жүйе бойынша қазір Қытайдағы қазақтар да оқып жатыр, бірақ ешкім әрпін жоғалтып алған жоқ. Яғни ешкім «а» мен «ә»-ні, «о» мен «ө»-ні шатастырған жоқ. Бізде тәжірибе бар. Бізге қарағанда олардың акустикасы өте жақсы. Бізде 26 таңбаға сыймай жүрген дыбыстар *ә, ө, ү, і*. Бұларды басында біз диакритикамен бердік, одан кейін акутпен де бердік, одан кейін диграфпен де бердік, яғни түрлі тәжірибелер жасадық. Бірақ олар әлі оңтайлы шешімін таба алған жоқ. Сондықтан біз Байтұрсынұлы сияқты *а/ә, ұ/ү, о/ө, ы/і* –ні бір таңбамен бердік. 1924-29 жылдар аралығында жасалған латын нұсқаларында бір таңба екі дыбысқа берілген. Тек 1929 жылдан кейін бір таңба-бір дыбыс деген принцип қабылданды. 5 жылдың ішінде әліпбидің құрамында 26-27 әріп болған. Біз Аа мен Әә-ні – Аа бердік. Бұл жүйені А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Т.Шонанұлы, М.Мырзаұлы, Н.Төреқұлұлылар қолданған. Мысалы, *karakat, arna, aspan* дегенде «а» болады, ал ***arecet, alem, ace*** дегенде «ә» болады, ешкім оны ***арекет, адем, аке*** деп оқымайды. Неге десеңіз, ол жерде оның транскрипциясы көрсетіледі. Келесі О мен Ө-ге бір таңба – О беріледі. Мысалы, ***orak, orman, otan*** дегенде «о» болады, ал ***oner, ornec, ozen*** дегендерде [ɔ:] өу болады бірақ ол «ө» болып оқылады.

Қ.Күдеринова. ***Oner, ornec, ozen*** деген сөздерді ө-мен дұрыс оқымайтын себебі ол сөздердің құрамында е дыбысы болғандықтан жіңішке оқылады. Енді е дыбысы жоқ жерге мысал келтіріңізші. Қалай болады?

Ә.Нәби. Сұрақ соңынан қойсаңыздар. Мен барлық сұраққа жауап беруге тырысамын. Енді, Ы.Алтынсариннің «о» мен «ө» таңбаларын инвариант түрінде белгілеген: *Коркак /қорқақ/, омур / өмір*. Екінші Х.Досмұхамедовтың әліпбиінде «ө»таңбасымен «ұ» және «ү» таңбаларын белгілеген: көs – құс, Өtyk'– үтік. Яғни бізде тәжірибеде инвариант деген бар. Үшінші «ұ» мен «ү» дыбыстарына -–U таңбасын бердік. Бұл жүйе А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Т.Шонанұлы, М.Мырзаұлы, Н.Төреқұловта да бар. одан кейін «ы» мен «і» - У ды бердік. Бұл да тәжірибеде бар. Мысалы, ***yntymak, yngaily, yrymdar*** дегенде ы-мен оқимыз, ал ***ylmec, yscer, ylgery*** дегенде і дыбысымен жіңішке етіп оқимыз. «ы» мен «і» дыбыстарын инвариант түрінде беру алғаш рет Х.Досмұхамедұлында ғана белгіленген. Одан кейін Н.Төреқұловтың 1924, 1925 жылдарындағы нұсқаларында «ы» мен «і» дыбыстарын ə таңбасымен берген. Біз дауысты дыбыстарды осылай бітірдік. Одан кейін енді дауыссыз дыбыстар. **Қ** дыбысын латынның **K** таңбасы, **К** дыбысына

латынның **C** таңбасын, **Ғ** дыбысына латынның **Q** таңбасын, **Г** дыбысына латынның **G** таңбасын бердік. 1924 жылы жарияланған Мұқтар Мырзаұлының латын нұсқасында ***«С»*** таңбасы ***[k]*** деген дыбысты берген. Демек бұл бізде тәжірибеде бар. Қазіргі Coca-Cola, Camry, Corolla, computer дегендерді к болып оқылады, яғни бізде халықаралық тәжіриебеге сүйендік. Одан кейін 3 әріпті диграфпен бердік, яғни екі таңбаның қосындысы бір әріпті береді: ***Ң- ng, Ш- sh, Ч- ch*** болады. **У** дыбысын **W** [уай:] бердік, бұл әлемдік тәжірибеде бар және барлығында ол Уу болып оқылады. Соңғы яғни 26 әріп ретінде біз Хх [икс] кіргіздік. Неге десеңіз бізде ***Xerox, fax, nexia, mixer*** деген терминдер кіріп келе жатыр. Сондықтан бізге болашақта бұл таңба керек біз к немесе с деп бере алмаймыз. Енді сұрақтарға келсем, өткенде А.Фазылжанова бізге сұрақ қойды: «Tenge [teŋge] дегенде сіздерде ***ng диграфы Ң*** әрпінің орнына алынған, ертең оны ***теңе*** деп оқымасына кім кепіл?» - деді. Олай ешкім оқымайды, өйткені біз ол сөздің жанына транскрипциясын береміз. Транскрипция деген біздегі әріптердің дұрыс оқылуы және жоғалмауын сақтап тұратын қорғаныш ретінде осыны алып отырмыз. ***Ashana, songen*** деген сөздерді ешкім *ашана* немесе *сонген* деп оқымайды. Ондай сөздер біздің қазақ тілінде жоқ.

Ғ.Мелдешов. Жақсы Әділбек, рақмет. Келесі сөз кезегін филология магистрі Сәкен Нұрқабекұлына береміз.

С.Нұрқабекұлы. Бұл жерде транскрипция және төл дыбыстардың сақталу мәселелері айтылды. Бізге «Байлатын» жобасында төл дыбыстардың сақталмау қауіпі бар деген пікір айтылып жатыр. Қазіргі қоғамда бізде орфоэпия проблемасы бар. Оны барлық мамандар айтып та жатыр, БАҚ-та жарияланып та жатыр. Қазіргі жастар сөздерді дұрыс айта алмайды, әсіресе ерін үндестігін сақтамайды деген де пікірлер бар. Орфоэпия мәселесі мектеп бағдарламасына енгенімен, өзінің нәтижесін бере алмай жатыр. Мектеп бағдарламасында біз 1 сыныптан 11 сыныпқа дейін диктант жазғызамыз, шығарма жазғызамыз оның қатесін түзеп, әйтеуір орфография мәселесіне көңіл бөлеміз де, ал орфоэпия мәселесін мүлдем ескермейміз. Ішінде бар 5, 8 класстың оқулықтарында орфоэпия қарастырылған. Оның өзі I тоқсанға да жетпейді. Кейінді ықпал, ілгерінді ықпалды тағы да бір айтамыз, бірақ оны ешкім ескеріп жатқан жоқ. Егер транскрипция жүйесі оқу бағдарламасына енетін болса, онда біздің осыдан 15-20 жылдан кейін жастар автоматты түрде ерін үндестігін сақтап, дұрыс сөйлейтін болады. Тыңдағандарыңызға рақмет!

Ғ.Мелдешов. Келесі сөз кезегі лингвист Бағдан Қожахметке беріледі.

Б.Қожахмет. Қайырлы күн, барлығыңызға. Жалпы кез келген жазу графикасына өзгеріс енгізгенде, ол әдеби-мәдени деңгейде әсер еткенімен қоймай, біздің санамызға да сілкініс тудырары анық. 1929 жылдан латынға, 1940 жылдан кирилл әліпбиіне өткен кезде ол қазақтың санасын сілкіндіргені рас. Ендігі кезекте сәт сайын өзгеріп жатқан әлемге біздің қоғам икемделуі керек. Біз бастапқы жобамызда дәйекшені жіңішке сөздерді білдіру үшін алған болатынбыз. Мәселен, оrym деген сөздің соңына дәйекшені қойған кезде, ол сөз орым емес, өрім деп жіңішке оқылу үшін арнайы қойған болатынбыз. Бірақ кейін біз бұл дәйекшені алып тастадық. Бізде когнитивті лингвистикада «*гетероним»* деген термин бар. Яғни «гетероним» деген сөз бірдей жазылады, алайда әртүрлі мағыналарға ие болады. Мысалы, ағылшын тілінде «*tear*» деген сөз бірдей жазылғанымен, екі түрлі дыбысталады. Бізде сөздердің жуан-жіңішкелігін ажырататын дәйекші болмағандықтан, мысалы, *орын* мен *өрімді* бір-бірінен ажырату үшін гетеронимдердің тізімін жасаймыз.

Қ.Рысберген: Сіз шатастырмаңыз бұл жерде *гетероним* ол Ономастика саласының термині.

Б.Қожахмет. Бұл ұғым тек Ономастика саласында емес, сонымен бірге тіл білімінің саласында да қолданылады. Мәселен, ағылшын тілінде 1000-нан астам гетеронимдер бар. Олар бірдей жазылған сөздерді бірінің орнына бірін шатастырып жұмсамайды. «Wind»

сөзі бірде ол жел деген мағынада жұмсалады, енді бірде ол сағаттың тілін бұрау мәнінде жұмсалады. Бірақ бұл сөзді олар шатастырмай оқи алады. Бізде лингвистикалық интуиция деген бар. Осы ұғымды дұрыс пайдалана білсек, бала бірден қай сөз қалай дұрыс жазылады және қалай дұрыс дыбысталады дегенді үйренеді.

Ғ.Мелдешов. Келесі сөз кезегін Эрджиес университетінің докторанты Мұхит Төлегенге береміз.

М.Төлеген. Сәлеметсіздер ме, бүгінгі жиынға қатысушылар! Түркі әліпбиінің негізінде қандай мәселелер, қандай қиындықтар туындады, оның біздің Қазақстан қоғамына сай келетін тұсы бар ма немесе оны қабылдаудың қажеті жоқ деген осы мәселелердің төңірегінде ой толғаймын. Қазіргі таңда Түркия Республикасының тіл мамандары өз әліпбилерінің ескіргендігін айта келе, оның техника тіліне сәйкес келмейтіндігі айтылып жүр. Себебі қазіргі ортақ стандарт латын графикасы негізінде жасалған 26 әріп. Ол бүкіл ортақ халықаралық айналымда қолданылып келе жатыр. 1928 жылғы Түрік әліпбиінде умлаут, седиль секілді диакритикалық таңбалар қолданылған болатын. Енді осы таңбаларды компьютер жүйесіне, қаржылық валюта, технология саласына енгізген кезде көптеген қателіктер орын алып жатыр. Түркия елінде жүріп бір көз жеткізгенім барлық техника, қаржылық валюта, дүкендердің барлығы стандартты 26 әріптің негізінде жасалады. Сондай-ақ бір байқағаным диакритика қолданылған әліпбилер жазу барысында қиындық тудырады. Таңбалардың көбісі адамның қолын байлап, оның ойын шашыратып жібереді. Мәтінді жазу барысында кейбір таңбалардың диакритикалары қойылмай қалып кететін кездері де болады. Сондай-ақ жаңсақ қабылданған әліпбидің салдарынан түркі халықтары өздерінің төл дыбыстарынан айырылып қалғанын бәріңіз жақсы білесіздер. Мысалы, олар Қ дыбысынан айырылып қалып, оның орнына К дыбысын қойып жүр. Егер біз латын графикасына негізделген жаңа қазақ әліпбиін жасауда 26 әріптен аспасақ, ол біздің үлкен жетістігіміз болады. Себебі біз онда көрші елдердің қателіктерінен, кедергілерінен сабақ алып, біздің болашақ ұрпағымыз үшін, біздің мемлекетіміз үшін, еліміздің дамуы үшін жаңа бір өркениеттің көшін бастаған боламыз деп есептеймін. Тыңдағандарыңызға рақмет.

Ғ.Мелдешов. Мұхит көп-көп рақмет. Ең бастысы жастарда талап бар. Келесі сөз кезегі филолог, PhD докторант Нұраддин Садықовқа беріледі.

Н.Садықов. Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Қазақ терминология мәселесіне тоқталсам ба деймін. Бізде бұл мәселені мамандар латын графикасына көшуден тыс қарастырып жатады. Қазақ терминологиясындағы проблемеларға қысқаша тоқталсам. Бірінші – аударма көлемі мен сапасы. Қазіргі таңда бір-ақ проблемаға ұрынып жатырмыз терминдерді аудару деген мәселе. Соның салдарынан *шайтанарба, салқындатқыш* секілді түрлі аудармалар келді. Оның ішінде сәтті аударылып, қолданысқа енгізілгендері де бар, сәтсіз аударылып түрлі сынға ұшырап жатқандары да бар. Екінші – терминдердің реестрі жасалмаған, яғни қай терминдер терминологияның нақты қай саласында қолданылатындығы көрсетілмеген. Үшінші – терминологияға қатысты сапалы оқулықтардың болмауы. Төртінші – термин қабылдау қарқынының төмендеуі. Яғни Терминком соңғы 3 жылда 8 мың сөз қабылдаған. Жалпы бекіткені 18 мың, бұл осыдан 1 жыл бұрынғы дерек. Салыстыра айтатын болсақ, Оксфордтың 1,5 миллионға жуық терминдер сөздігі бар. «Байлатын» жобасының шешімі бойынша: 1) термин қалыптастыруда ағылшындық үлгіні таңдау; 2) терминдердің жазылуын халықаралық стандартпен қалдыру; 3) терминдердің айтылуын қазақ тілінің орфоэпиялық табиғатына толық сай қабылдау. Келесі бізде ***tion, sion*** мен келетін терминдерді қазақ тіліндегі ***шын, жын*** жұрнағымен қабылдау, мысалы: *инновация- инновейшін, модернизация-модернейзіншін, продакшн, ресепшн.* Аналогия ретінде біз бұл сөздерді *құлақшын, көгершін, құнажын* деген сөздермен салыстырдық. Орыс тілінің ***«ия», «ея»*** қосымшасы арқылы енген терминдерді өзгертіп түпнұсқаға бейімдеу. Мысалы, ***компания- компани, галерея- галери***. Ал бұл сөздердің дыбысталуын өзіміздің тілдік заңдылықтарға икемдеп аламыз. Келесі сөз соңы ***ing*** мен аяқталатын терминдерді орыс ережесіне сай ***«нг»*** -мен емес, ***«ң»-*** мен аяқтау. Мысалы, *холдинг, бодибилдинг, допинг, керлинг, брифинг, рейтинг*. Бұл терминдердің жазылуы түпнұсқадағыдай қалдырылады, бірақ дыбысталуын транскрипцияда ң-мен береміз. «Logical», «criminal», «political», «critical» деген сияқты халықаралық терминдер сол қалпы қабылданады. Оған бұрынғыдай «лық», «лік» қосымшалары жалғанбайды. Келесі бір кезде орыс тілінің тарнслитерациясымен берілген ғылым атаулары халықаралық стандартқа келтіріледі, мысалы, *психология – сайколожи (psychology), философия – философи, экономика- экономи, география – жөграфи (geography)*. Одан кейін Ономастикалық стандартты, халықаралық мекеме, компаниялар мен брендтердің атауларын реттеу. Мысалы, *Германия, Британия, Франция, Польша, Испания, Пекин, Вашингтон, Варшава, Гонконг секілді атаулар халықаралық стандартпен « Germany» (Жемани), «Britain» (Бритін), «France» (Франс), «Poland» (Поланд), «Spain» (Спейн), «Washington» (Уошиңтон), «Warsaw» (Уорсоу), «Hong Kong» (Хоңкоң), «Beijing» (Бейжің)* болып жазылып, дыбысталуда қазақ тілінің үндестік заңдылығына икемделеді. Нәтижесінде біз жоба бойынша 1) қазақ тілі 1,5 миллионға терминге байиды. 2) Қоғамның барлық саласында еркін қолданылатын дамыған тілге айналады. Қазіргі таңда қазақ тілі ғылым тілі, ол бизнеске кіре алмай отыр деп айтып жүрміз. Бизнеске ене алмай жүргені осы терминдердің аздығы. 3) Тілдің бәсекеге қабілеті артады. 4) компьютерлік жылдам аударма жол ашылады. 5) қазақтарға шет тілін үйрену, шетелдіктерге қазақ тілін үйрену жеңілдейді. Яғни біз терминдер жазылуы бойынша енетін болса, орыстілді қазақтардың қазақша сөйлеу мәселесі немесе шетелдік қазақтардың қазақша сөйлеу мәселесі шешіледі. Себебі транскрипция деген мәселе бар. Келесі негізгі мәселелердің бірі – шрифт мәселесі. Егер біз А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының әліпбиін болмаса акутты әліпбиді қабылдайтын болсақ, онда бізде бүкіл шрифтілердің қолдану мүмкіндігі азаяды. Назар салып тыңдағандарыңызға рақмет!

Ғ.Мелдешов. Баяндамаңызға рақмет, өте нақты, тұжырымды ұсыныстар айттыңыз. «Байлатын» жобасының мамандарына баяндамалары үшін алғысымызды білдіреміз. Келесі сөз кезегін осы әліпби жобасын сараптайтын мамандарға берсек. Келесі сөз кезегі бағдарламашы Рымбек Ізғалиге беріледі.

Р.Ізғали. Қайырлы күн, бүгінгі отырысқа қатысушылар. «Байлатын» жобасын ұсынушы Арман Байқадам жаңа бір сөзінде кодировкада, IT-да диакритикалы таңбалар қиындық тудырады деді. Осы мәселелерге байланысты тоқталып кетсем. Жалпы символдарды кодтау не үшін қажет болды және Арман Байқадам мырзаның «128 символ – алғашқы диапазон, бірінші дәрежесі» қайдан пайда болды? Ол былай ... Дербес компьютерлер, яғни кәдімгі электронды есептеуіш құралдарының кең таралмай тұрған тұсында, оны жасау, жүзеге асыру процестері жүріп жатты. Алғашқы символдарды кодтау жүйесі ASCII деп аталды. Ол тек АҚШ стандарты болып қалыптасты және әрбір әріпті бір байтпен кодтауға мүмкіндік берді. Ескере кететін тұсы: бір байтпен 256 символ беруге болады. Бірақ АҚШ стандарты 128 символды пайдаланып, қалған 128 орынды 149 алфавитке резервке алып қойды.Неге әр символды бір байтқа сыйғызу маңызды болды? Өйткені сол кездегі технология, яғни интернет **(ақпарат алмасу)** болсын, компьютердің процессоры немесе жады **(ақпараттың өлшемі)** болсын әр символды бір байтқа орналастыруға мұқтаж болды.

Сол себепті де әр түрлі символдарды кодтау жүйелері, әр елдің өзінің стандарттары пайда бола бастады. Мысалы, Кеңес одағы кириллицаға арнап KOI8 (код обмена ин-

формации 8 бит) деген кодтау кестесін жасап шықты. Сол сияқты кез келген ел өзінің кодтау жүйесін әзірлей бастады. Бұл процесстің қарқын алған уақыты ретінде, жалпы ақпарат алмасу, яғни интернеттің даму уақыт аралығы 1990-2000 жалдарды атап өтуге болады. Осы уақыт аралығында неше түрлі сайттар, порталдар, ақпараттық жүйелер, ішкі жүйелер, программалық өнімдер әзірленіп жатты. Қазіргі Юникод кодировкасында 137 мың символ бар. 150 мың жазу жүйелері бар екен. Оның ішінде қолданыста жоқ жазуларда бар. Сондықтан да диакритикалы таңбалар ешқандай қиындық келтірмейді. Келесі 1С жүйесіне келер болсам, бұл жүйенің өзінің арнайы бағдарламалары бар. Бұл жүйеге біз өз әліпбиімізді енгізуімізге болады.

Ғ.Мелдешов. Келесі сөз кезегі А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор Зейнеп Базарбаеваға береміз.

З.Базарбаева. Құрметті әріптестер, құрметті жоба авторлары маған бұл жоба өте түсінікті. Себебі мен өзім шет тілдерінің маманымын. «Байлатын» әліпби жобасы үлгі ретінде ағылшын тілінің және француз тілінің әліпбилері және олардың жазу принциптері негізге алынған. Біз басқа Еуропа тілдерінің әліпбилерін алатын болсақ, ондағы әріптердің саны әртүрлі. Мысалы, ағылшын, француз тілінде – 26, испан тілінде – 27, швед, фил тілдерінде – 29 , неміс тілінде – 30, латыш тілінде – 33 , венгр тілінде – 40 әріп бар. Демек әр ұлт өзінің ұлттық әліпбиін жасайды және ұлттық дыбыстарын таңбалайды. Неге ағылшын және француз тілдерінде 26 әріп дейтін болсақ, себебі олардың жазуы өте ерте III- V ғасырда қалыптасқан. Содан бері олардың әліпбиі өзгерген жоқ, жазу реформасы болған жоқ. Ал дыбыстардың саны өскен, фонетикалық жүйесі дамыған.

	[a]	**[tard]**
<a>	**[α]**	**[l' âge]**
	[ã]	**[dans]**

	[ɔ]	**[doctorat]**
<o>	**[o]**	**[auto]**
	[õ]	**[mon]**

яғни, **А** әрпі **а** – жіңішке**, а** – жуан және **а** – мұрынды фонемаларға сәйкес келеді. **О** әрпі **о** – жіңішке, **о** – жуан және **а** – мұрынды фонемаларға сәйкес келеді. Бірақ ол жетістік емес, ол кемшілік. Олардың өте қиын, сол себепті олар транскрипцияны пайдаланады. Яғни ағылшын тілінде әріптер мен фонемалардың арасында үлкен айырмашылық бар. Ал неміс тіліне келетін болсақ, олардың жазуы оңайырақ. Себебі олардың әліпби жүйесі XII ғасырда пайда болған. Олар осы 26 әріпке өздерінің 4 ұлттық дыбыстарын таңбалаған. Біз бұл әліпбилер жүйесін өзімізге үлгі ретінде ала алмаймыз. Бізде «бір әріпке-бір дыбыс» принципінің негізінде жасалуы тиіс. Мысалы, «Байлатын» жобасымен екі дыбысқа бір таңбамен жазатын болсақ, онда *бол/ бөл, тұр/түр, ал/әл* деген сөздерді өзара қалай ажыратамыз. Маған бұл жобада ұнағаны орфоэпия, транскрипция деген мәселелер жиі айтылады. Шынында да бізге орфоэпияда, транскрипцияда керек, бірақ жаппай емес, иһтек кейбір сөздерге ғана қолдануымыз керек. Мысалы, у мен и дыбыстарын таратып жазуда және еріндік дыбыстарды көрсету үшін керек.

Ғ.Мелдешов. Зейнеп апай, баяндамаңызға рақмет.

А.Байқадам. Менің Рымбек Ізғалидың көтерген мәселесіне байланысты айтарым бар. Біріншіден, мен бұл жерде 1С пен битрикс программасы, мен бұл мәселені қауіпсіздік үшін айттым. Ресейге біздің қаражатқа байланысты барлық ақпараттар сонда кетіп

жатқанын айттым. Енді кодтау жүйесіне келетін болсақ, операциялық жүйе жасаған жалғыз халық ол –Америка. Яғни, iOS, Android, Microsoft. Жылдамдыққа келер болсақ, келісемін қазір технологияның барлығы қарқынды дамыды. Менің негізгі айтқым келгені кез келген операциялық жүйе незгі 26 әріпке сүйеніп жасалады. Осы 26 әріптен басқа ешқандай әріп қолданылмайды. Мен ағылшын тілін мақтау үшін айтып отырған жоқпын, мәселе озық үлгі бола алатыны бізге сол.

Р.Ізғали. Арман мырза операциялық жүйені тек қана ағылшындар жасады деді. Бұл қате ой. «Linux» деген операциялық жүйе бар. Бұл жүйені финляндиялық ғалымдар жасаған. Барлық сайттарымыз, порталдарымыз, банк жүйелері, яғни барлық серверлер осы «Linux» жүйесінде. Бұл – бір. Екіншіден, «Apple» компьютерінің жүйесі де осы «Linux» жүйесінің базасында жасалған. Кодификация мәселесіне келгенде оған біздің әліпбидің ешқандай қатысы жоқ. Қазір техника дамыған әліпбиді енгізуге болады.

Ғ.Мелдешов. Келесі сөз кезегі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Таңат Аяповаға беріледі.

Т.Аяпова. Құрметті әріптестер, мен осыдан бірнеше күн бұрын «Ашық алаңдағы» талқылауды тыңдап, екінші рет қайта көріп мұқият тыңдадым. Жағдай былай, мен жастардың ұлтық ана тіліне жай қарамайтынына таңқалдым. Олар мені қуантты. Мен жастармен жұмыс істеймін. Жастардың дұрыс болсын, бұрыс болсын, пікір айтқаны қуантады. Біз ғалым ретінде, тәжірибелі адам ретінде оларға көмектесуіміз керек. Біздің бәріміздің негізгі мақсатымыз - қазақ тілінің жаңа әліпбиін жақсы етіп жасау. 52 жыл ағылшын тілінде сөйлеген адаммын, сондықтан бұл тілді ғылыми тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да егжей-тегжейлі білемін десем артық болмас. Жаңа қазақ әліпбиін ағылшын тіліне бейімдеп жасап жатқанымыз дұрыс емес. Менің мақсатым - латын графикасына негізделген жаңа қазақ әліпбиін ағылшын тіліне теліп жасайық деген жастарға жол көрсету, жастардың ағылшын тіліне таңып жатырғаны түгелдей құптарлық емес. Мысалы, АҚШ-та American English, яғни ағылшын тілінің американдық нұсқасы, соның ішінде black English – афро-американдық солардың өздері тілдерін осы британдық ағылшынға ұқсатқысы келмейді. Әрқайсысы өзінің халқының құндылықтарын, дыбыстарының айтылу ерекшеліктерін кіргізіп, өзара тілдік ерекшеліремін солай бөлінеді. Сондықтан да нағыз британдық ағылшындар оларды жек көреді, мына американдықтар біздің тілімізді әбден бұзды деп. Біз не қазақ тілін ағылшын тілінің бір варианты ретінде жасап жатырмыз ба? Сол жағын ойлану керек. Ең алдымен ағылшын тілінің тарихына көз жүгіртейік. Неге ағылшындардың жазулары соншалықты қиын болып кетті? Себебі олар көне ағылшын тілі қалай жазылған, солай оқыған. Мысалы, *сū* [ку] міне осы сөз қалай жазылды, солай оқыған. Енді француздар 1061-66 жылдары сол елді жаулаған. Сөйтіп француз тілінде 400 жыл сөйлеген. Кірме сөздері 85 пайыз, 15 пайызы ғана ана тілі сөздері. Оның ішінде 5-ақ пайызы көне ағылшын сөздері, қалған сөздердің барлығы үнді европа тілдерінен енген. Француздардың әсерінен *сū* [ку] сөзі *cou, cow* болып өзгеріп кетті. Қазіргі ағылшын тілінде бұл сөздердің тіпті айтылу заңдылықтары да өзгерді. Яғни, ол құбылысты дауысты дыбыстардың жылжуы дейді. Француз тілі тіпті ағылшын тілінің құрылымын тұтастай өзгертіп жіберген. Көне ағылшын тілі синтетикалық тіл болған, яғни жалғаулықты, ал орта ғасырда ғасырдағы тіл аналитикалық тіл болды. Ашық алаңда бір жігіт біз өз жобамызды ағылшын тіліне жақындатуға тырыстық дейді. Қай жігіт екенін білмеймін. Мен ағылшын тілін жақсы көрем, сүйемін. Бірақ менің ана тілім- қазақ тілі. Ол бөлек, мен оны сақтауым керек. Қазір өзгеріске түссек, ертең тілдің

тағдыры не болады? Тілді өзгертетін жеке адам емес, халық. Тіл – халықтың өмірі, тарихы, мәдениеті. Бұны біз ешқашан сызып тастай алмаймыз.

Бүкіл халықтың келесі мәселесі диграфтар туралы. *Ch, sh, ng* басында қарсы болғанмын, үшеуі де ағылшын тілінің ережесі. Үшеуінен де құтылуымыз керек. Мысалы, *ng* сөзді алыңызшы. Мен Америкаға барғанда атымды Тангат деп жазды бір американдық. Мен айттым Тангат деп болмайды. Танат, Танат деймін. Ң-ның керегі жоқ. Олар Г-ны оқиды. Сіздер тура сол қалпында беруді ұсынып отырсыздар. «Байлатын» жобасында бәрі ағылшын тілінің сөздері. Мен таң қалдым. Ағылшын тілінің әр дыбысының айтылуы бөлек. Ол қазақ тіліне келмейді. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев: «Халықаралық стандартқа, халықаралық айтылымға негіздеңдер» деді. Қ-Q арқылы, U-У арқылы беріліп жүр. Енді қараңызшы, тағы бір мәселе. W туралы айтқым келеді. Неге біз оны у-ға қолдануымыз керек? Айтылу мен ұғымы бөлек қой. Бұл Президентіміз айтып отырған халықаралық стандартқа негізделмеген. Ал университет деген сөзді қалай жазамыз сонда? Сондықтан өзгерістер кіргізбейік әріптестер, ойланып, толғанып, болған әліпбидің кемшіліктерін алып, соған жақсы жақтарын қосайық. Ең соңғы айтайын дегенім, әр әріптерді айтуға болады. Бір А- таңбасына а және ә деп екі дыбысты беріпті, бұл деген ойға сыймайтын нәрсе. Келесі айтатын мәселе терминология мәселесі. Егер біз ағылшындардың *интернейшн*, тағы басқа -шын деген қосымшаның қалай қосылғанын, қалай айтылғанын білесіздер ме? Соны Инженер сөзін ағылшындар қалай айтты солай айтайық онда. Интонацион деп айтайық. Бізге ағылшын тілінен басқа тіл жоқ па сонда? Internasional-изм, онда intonoso – изм қосып айтайық. Неше түрлі нәрсе шығып кетеді. Бізге тілдің даму құбылысын ескеру керек. Бізге ол сөздер қайдан келді? Қай тілден келді? Ол қалай кірді? Ол тарих жатқан. Кез келген адам мынау болуы керек деп, біздің тілімізді өзгертуге қақысы жоқ ешқандай. Оның бәрін талқыдан өткізу керек, оның бәрін жоспарлау керек. Біз бұл жерде ұтымды әліпби жасауымыз керек. Сондықтан мен сіздердің бәріңізді бірлікке шақырамын. Барлықтарыңызға рақмет!

Ғ.Мелдешов. Қазір пікір-таластың кезегі келіп отыр. Бұл баршамызға ортақ іс болғандықтан, әр азамат өз ойын ашық айта алады. Пікір-талас уақыты 10 мин.

А.Байқадам. Біріншіден, біз ағылшын тіліне жүгінбейміз, біз солардан терминдерді алып, транскрипциясын өзіміздің қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіреміз дедік. Екіншіден, ағылшын тіліндегі терминдерді біз халықаралық стандарт ретінде әрі дайын реестр ретінде алып отырмыз, себебі олар қазіргі таңда ең алдыңғы озық ел. Сондай-ақ қазақ тілінің дыбыстық жүйесінің, яғни фонетикалық реестрі жасалмаған, реестр жасалмағандықтан оның таңбалары берілмеген. Сондықтан біз дайын тұрған ағылшын тілінің дыбыстық жүйесін шартты түрде алып отырмыз. Термин мәселесіне келген кезде ағылшын тілінде терминдер жүйеленген, дайын. Біз эталон тіл ретінде ағылшын тілін алып отырмыз. Бұл біріншіден, келесі ұрпақтың ағылшын тілін үйренуін жеңілдетеді, екіншіден, орыстың кигізген шекпенінен айырылуға мүмкіндігіміз көбейеді.

Г.Мамырбекова. «Байлатын» жобасының мамандары қазақ тілін халықаралық деңгейде даму үшін ағылшын тілін басшылыққа алуды мақсат етіп отыр, жақсы оны түсіндік. Бірақ осы тұста сіздерден Таңат апайдың айтқан тоқтамына келіп тоқтасаңыздар деп өтініш білдіремін. Бұл – бір. Екіншіден, терминология мәселесін де қозғап жатырсыздар. Алайда бұл мәселені Орфографиялық жұмыс тобы шешпейді, оны арнайы Терминологиялық комиссиясы бар, арнайы сонымен айналысатын мамандары бар. Термин мәселесі сол кісілердің құзіретінде. Үшіншіден, Сіздер Ахмет Байтұрсынұлының әліпбиін басшылыққа аласыздар, дұрыс. Бірақ кезінде Ахмет Байтұрсынұлының әліпби жүйесі қалай болды? Бізде осыдан бірнеше ғасыр бұрын үш-ақ дауысты дыбыстың таңбасы

бар араб жазуын қолдандық. XX ғасырдың басында сондай қиын жазуды жөндеу үшін А.Байтұрсынұлы сингармонизм заңдылығына сүйенді. 3 дауысты дыбыстан 5 жуан дауысты дыбысты шығарды да, қалған жіңішкелерді дәйекше арқылы берді. Ал сіздердің әліпби жүйелеріңізде дәйекше жоқ. Сіздер осыны түсініңіздерші.

Ж.Ағабекова. «Байлатын» әліпби жобасын ұсынушыларға қоятын сұрағым бар. Біріншіден, Арман мырза сіз жаңа басқа мемлекеттердің әліпби жасау жүйесіндегі сәтсіздіктер туралы айттыңыз. Оған қандай факторлар әсер еткен? Сіз қазақ тілінде жиілік сөздік жоқ дедіңіз. Сөздік бар. Яғни А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты әзірлеген сөздік бар, еліміздегі кітапханаларға таратылған. Екінші стандарт жоқ дедіңіз. ҚР Білім және ғылыми министрлігі тарапынан 1 сыныптан ЖОО дейінгі студенттерге арналған бала қай жасынан бастап қанша сөз игеру керек деген 2013 жылы шыққан білім стандарты бар. Бұл стандарт жалпы Еуропалық стандартқа негізделіп, қазақ тілінің ерекшеліктерін функционалдық аспектіде А1 деңгейінен бастап, С2 деңгейіне дейін жасалынған заңды стандарт. Сіздердің әліпбилеріңіз бойынша балаға бірінші Қ әрпін үйретеміз, одан кейін К әрпін үйретеміз. Осы тұста сіздер қандай әдістемелік негіздерге сүйенесіздер?

А.Байқадам. Сұрақтарыңызға рақмет. Бірінші сұраққа жауап беретін болсам, мысалы көрші Өзбек елі 10 жылдың ішінде 6 рет реформа жасады. Ондағы негізгі кемшілік Unicode жүйесіне сай болмағандықтан, оларда екінші графика пайда болды. Сол секілді Әзірбайжандар мен Түріктерді де айтуымызға болады. Яғни, оларда екі графика бар. Екі графика деген бұл жетістік емес, кемшілік.

Н.Садықов. Әріптерді үйрету әдістемесіне келетін болсам, біздің жобада Q/q таңбасы Ғ/ғ әрпіне берілген. Енді ғ әрпінің сыңары г әрпі.

Q – G

q – g осы таңбалардың көзге визуалды түрде ұқсастықтары бар ма? Біз Алматы қаласында бір мектеп осы әліпбиді апробациядан өткізуді барысында балаларға осы таңбаларды оқыту оңай болды. Себебі бұл дыбыстардың біріншіден, бір-біріне дыбысталуы ұқсас келеді, екіншіден, таңбалануында да ұқсастықтар бар. Сондықтан бұларды үйрету қиынға соқтырмайды.

Ғ.Мелдешов. Осымен пікір-талас уақыты аяқталды. Келесі BI Group компаниясының маманы Қанат Нұрбайға сөз кезегін берсек.

Қ.Нұрбай. Армысыз, құрметті жиналған қауым. Қазақ тілі негізінен дауысты дыбыстардың үндестігіне негізделген. Яғни жуан дауысты дыбыстардың жіңішке сыңарын таңбалау үшін диакритиканы алуымыз керек: *Аа – Ää, Оо –Öö, Үү – Üü, Іı – İі, Е.* Біздің жобаның басты ерекшелігі - Шш дыбысына латынның стандарт Сс таңбасын бердік. Қазіргі бекітілген әліпбиде бұл таңба қолданылмай бос тұр, неліктен екені бізге белгісіз. Және неге біз осы бос әріпті қолданбаймыз. Сонымен қатар бұл қазақ тілінде ең жиі қолданылатын әріптің бірі. Әрі жазу барысында жеңіл, көзге әдемі көрінеді.

Н.Бағидолла. Сәлеметсіздер ме, құрметті қауым. Біздің жобаның екінші ерекшелігіне тоқталып өтсем. Сингармонизм заңдылығына сәйкес Қ және К дыбыстарына – К таңбасын, Ғ және Г дыбыстарына – G таңбасын ұсындық. Мұндай тәжіриебе басқа да елдердің әліпби жүйелерінде сақталған. Сондай-ақ ағылшын тілінде Qq әрпі өте сирек қолданылады, біз бұл таңбаға өзіміздің ең жиі қолданылатын Ққ дыбысын беріп отырмыз. Бұл дұрыс емес.

Қ.Нұрбай. Біз әліпби түзуде «Бір әріп- бір дыбыс» принципіне сүйендік. Латынның К таңбасы бірыңғай жуан дауыстылармен келгенде Қ деп оқылады, ал жіңішке дауыстылармен келгенде К деп оқылады. Сондай-ақ У дыбысына латынның W таңбасын алып, *елу, шығу* деген сөздердің құрамындағы кездесетін у дыбысын таратып жазуды қолдаймыз.

Яғни *елу* деген сөз – *eliw*, шығу - cıgıw болады. Яғни У дыбысының қолданылуына байланысты төмендегідей тоқтамға келдік:

У дыбысы бас буында тұрса – **UW** болады: *Uwakıt* (ұуақыт), *uwız* (ұуыз);

Жуан буынды болса – **IW** болады: *Janıwar* (жаныуар), *carıwacılık* (шарыуашылық);

Жіңішке буынды болса– **İW** болады: *Seriwen* (серіуен), *meriwert* (меріуерт)

Кірме сөздерде –**U** болады: *Uran* (уран), *Peru* (Перу). Сол секілді И дыбысын да ашып жазамыз және У дыбысына байланысты айтылған позициялар сақталады, яғни: *Жуан буынды болса* – **IY** *болады, Жіңішке буынды болса*– **İY** *болады, ал кірме сөздерде бір ғана* **I** *әрпі сақталады.* Сонымен біздің жоба бойынша мәтін жазатын болсаңыздар таңбалар біріншіден, көзге әдемі көрінеді, екіншіден тез оқылады және тез үйренуге болады. Сондай-ақ біздің жобада барлығы 6 әріп қана диакритикалық таңбалармен берілген.

Ғ.Мелдешов. «**Kazak Grammar**» әліпби жобасының авторларына сұрақтарыңыз болса қоюларыңызға болады.

Н.Рсалиева. Сіздерде су деген сөзде неше әріп?

Қ.Нұрбай. 3 әріп, яғни *suw* болады.

Н.Рсалиева. Онда сізге мынадай сұрақ қойғым келеді. *Маған «Subaru» автокөлігі керек* деген сөйлеммен *Горшоктың түбіне су бару керек* деген сөйлемдерді қандай негізге сүйеніп жазасыз, осы жағын түсіндіріп беріңізші. Бұл екі сөйлемнің құрамындағы кейбір сөздер бірдей естіледі.

Қ.Нұрбай. «*«Subaru*» деген енді ол брендке айналған атау, сондықтан ол түпнұсқа күйінде жазылады.

Н.Рсалиева. Сіз орфоэпия заңдылығын жазуға алып келіп отырсыз.

Қ.Нұрбай. Кейбір сөздердің құрамында кездесетін и мен у дыбыстарын таратып жазудағы негізгі мақсатымыз - ол сөздердің буынға дұрыс бөлуі үшін таратып беріп отырмыз. Егер и мен у дыбыстарын бір таңбамен беретін болсақ, онда кирилл әліпбиінде кеткен қателіктерді қайтадан қайталайтын боламыз.

Ғ.Мелдешов. Келесі сөз кезегін сарапшыларға берсек. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты Айнұр Сейітбекова сөз кезегі өзіңізде.

А.Сейітбекова. Сәлеметсіздер ме, құрметті бүгін отырысқа жиналған қауым. Ең бірінші «**Kazak Grammar**» әліпби жобасының не себепті бұлай аталуын түсінбедім. Негізі бұл ортақ іс болғандықтан, әркім өзінше атау бермей, оны ұлттық жоба деп алған дұрыс деп ойлаймын. «Kazak Grammar» әліпби жобасындағы әріптердің саны – 29. Әліпбидегі әріптердің берілу тәртібі осы күнгі ағылшын әліпбиінің тәртібіне сәйкес жасалған, бірақ төл таңбалар әліпбидің соңына тіркелген. Бұлай беру қазақ әліпбиінің ерекшелігін көрсетпейді. А-дан кейін Ә таңбасының тұруы міндетті еді. Әріптердің реттік саны көрсетілмеген. Әліпбидегі көлденең тізілген әріптер визуалды түрде қабылдауға қолайсыз. Бұл әріптердің тізбегі болып есептеледі. Бұл әріптердің реті болып есептелмейді, тізбегі болып есептеледі.

Жобада диакритикалық акут, умлаут белгілері пайдаланылған. Дауысты дыбыстардың жіңішке жұптары Ää (ә), Öö (ө), Üü (ү) умлаутпен, ал дауыссыздардың ішінен Ńń (ң) акутпен белгіленген. Бұдан авторлар дауыстылар мен дауыссыздарды ажырату үшін екі диакритикалық белгіні таңдаған болса керек. Дегенмен жазу-сызуда умлаутқа қарағанда, акут белгісін белгілеу ыңғайлы. Себебі диакритикалық қос нүкте жазылымда түсіп қалуы немесе басқа бір белгіге айналып кетуі мүмкін. Сондықтан бірыңғай бір диакритикалық белгімен берген жөн еді. Сонымен қатар қазақ тілінде Ńń (ң) әрпімен басталатын сөз жоқ болғандықтан, бас әріппен берудің қажеті жоқ.

Жобада **Gg** әрпін «г» және «ғ», **Kk** «к» және «қ» әріптерінің қызметін атқарады. Профессор Н. Уәлидің айтуынша, [к] мен [қ] – <к> фонемасының – жуан, жіңішке реңктері. Бірақ бұл реңктердің бірі негізгі, екіншісі қосалқы деуге болмайды. Бұлар қазақ графикасында бір фонеманың тепе-тең реңкі арнайы әріптермен таңбаланады: <к> [q] – қ, [k] – к; <г> [γ˂˂] – ғ, [g] – г.

Бір әріптің қос әріптің қызметін атқаруының мынадай кемшіліктері бар:

біріншіден, **қ** және **ғ** әріптерінің дыбыстық ерекшелігі жоғалады. Оның үстіне **қ** дыбысы қазақ тілінде ең жиі кездесетін дыбыстардың бірі.

екіншіден, бір фонеманың реңкін жеке-жеке таңбаламаған жағдайда бір сөзді әртүрлі оқуға тура келеді және педагогикалық тұрғыдан баланы оқытуда графемааралық, сөзаралық интерференцияны тудырады. Мысалы, оқылымда қазақ тіліндегі ***қақ*** деген сөзді орыс тіліндегі «***как***» сөзімен, ***соқ*** дегенді орыстың ***сок*** сөзімен, т.б шатастырады;

үшіншіден, қазақ сөздерін образды түрде қабылдауға мүмкіндік бермейді. Мысалы, ***қазақ*** сөзі «***казак***» деп оқылатын болады;

төртіншіден, мәтінтануда, сөзтануда психологиялық тұрғыдан кері ықпал етеді.

Жобада **ш** әрпі **с** таңбасымен ұсынылған. **с** таңбасы қоғам санасында ағылшын әліпбиіндегі ***к, ч*** графемаларымен қалыптасқан. Бұл әріппен жазылатын сөздер **с** (к) немесе **с** (ч) әрпімен графемааралық интерференцияның орын алуына мүмкіндік береді: *cala – чала, cöl – чөл,* т.б.

Авторлар **щ** әрпімен кездесетін сөздерге мынадай мысалдар берілген. Мысалы, ащы - ascı/actı/acı, тұщы - tuscı/tuctı/tucı. Бірақ *ащы, тұщы* сөздерінің нақты қалай жазылатыны туралы дәйекті мысалдар кездеспейді.

Жоба авторлары **-ңг, -ңғ** үйлесімдері бар сөздерді латынша жазғанда диакритиканы азайту үшін **-ng** деп жазуды ұсынады. Мысалы, *tenge & teńge, angar & ańgar*. Диакритикалық белгіні біріне қойып, екіншісіне қоймау жазарманды шатастырады және қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігі сақталмайды. Әдістемелік ережені көбейтеді. Бұл сөздерден бөлек сөз соңында **-ng** әріп тіркесімен келетін шеттілдік сөздер де жеткілікті.

Жобада әріптердің дыбысталуы дұрыс берілмеген, яғни Н [ны]демейміз, [ын] дейміз, Р дыбысын [ры] демейміз [ыр] дейміз осы жағынан абай болсаңыздар. Тағы бір айта кететін мәселе, әліпби ұсынған екенсіздер, онда оның жанына міндетті түрде калиграфиясын беріңіздер, біз курс барысында осы жағынан қиналдық.

Қорытындылай келгенде, Қанат Сейтқалиұлы Нұрбай, Нұрсұлтан Маратұлы Бағидолла «Kazak Grammar» деп аталатын әліпби жобасын әзірлеу барысында әріптердің санын ықшамдауға тырысқан. Бір дыбыс – бір таңба ұстанымына негіздегенмен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесіндегі дыбыстардың санын толық көрсете алмаған, сондай-ақ бұл әліпби жобасы әлі де жетілдіруді қажет етеді және оқуға, жазуға өте тиімсіз деп есептеймін.

Ғ.Мелдешов. Жақсы, рақмет. Келесі сөз кезегі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Ляззат Әлімтаеваға беріледі. Қосарыңыз бар ма?

Л.Әлімтаева. Сәлеметсіздер ме, жиналған қауым! «Kazak Grammar» әліпби жобасының ұтымды тұстарына тоқталар болсам, біріншіден, әліпби құрамында диграф таңбаларының болмауы, яғни төл дыбыстарды таңбалауда диакритикалық таңбалар тиімді қолданылған; екіншіден, қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың жуан жіңішкелік жұптары таңбаларының бірізді берілуі; үшіншіден, «у» дыбысын w таңбасымен беріп, оның әртүрлі позицияда келуіне орай тарқата жазу үлгісін ұсынуы. (бірақ мұндай әліпби үлгілері бұрыннан да ұсынылып жүргендігін білеміз); төртіншіден, латын негізді түркі тілдері әліпбиіне біршама жақындастырылуы. Енді әліпби жобасының кемшін тұстарына келер болсам,

біріншіден, Қ мен к, ғ мен г бірдей таңбалатындықтан бұл дыбыстарды жоғалтып алу қаупі бар екендігі; Тілтанушы ғалымдар тарапынан Q таңбасы үндестік заңын ескермегендіктен, дыбыс аллофондарын ажырата алмағандықтан ұсынылып отырған жоқ; Өзге тілділер, кирил әліпбиімен сауат ашқандар үшін (филолог емес) дыбыстардың жуан жіңішкелігін интуитивті түрде ажырату (әсіресе ұ/ү, о/ө дыбыстарын) қиынға соғады. *Қол* мен *көлді* бірдей *қол* деп оқитындар, ұ мен ү-ні құйрықты, құйрықсыз у деп қана ажырататындар үшін тіпті мимырт дүние. Сондай-ақ диграфтан қашып Ш дыбысын С әрпімен таңбалау шатастырушылыққа апарады (қазір біз ғалымдарымыз айтып жүргендей, үш тілді екенімізді ұмытпайық). Умляут жіңішкерту белгісінің өз функциясына сай қолданыста тұрғанымен, мұндай таңбалы әліпбилі көршілес елдердің қазір бұл таңбадан бас тартып жатқаны белгілі, сондықтан ең тиімді жол деп ойламаймыз. Сонымен қатар әліпбидегі дыбыстардың ретсіз орналастырылуы. Қорытындылайтын болсақ, біз жастарымыздың ұлт болашағына салғырт қарамай, ғалымдармен қатарласа еңбек етіп, бәсекелестік орта қалыптастыра алғандығын қуанышпен қабылдаймыз. Бұл нұсқа ғылыми негізге сүйеніп, қазақ тілінің заңдылығына сай жасалған. Ұтымды, үлгі етіп алатын оңтайлы тұстары да жоқ емес. Бірақ дәл қазіргі әлеует мұны қабылдауға дайын деп айту қиын.

Ғ.Мелдешов. Ең алдымен бүгінгі отырысқа атсалысқан жұмыс топтарының мүшелеріне, сарапшыларға, жоба авторларына рақмет айтамын. Бүгінгі отырысымызды қорытындылау үшін сөз кезегін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт вице-министрі Нұрғиса Мұратұлы Дәуешевке береміз.

Н.Дәуешев. Бүгінгі Орфографиялық және Әдістемелік жұмыс топтарының бірлескен отырысына келген барлық адамға алғысымды айтқым келеді. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев латын әліпбиіне байланысты қоғамдағы пікірлер мен ұсыныстарға назар аударып, ескеру қажеттігін алға тартқан болатын. Міне, Мемлекет басшысының осы бір міндетін жүзеге асыру мақсатында бүгінгі жиынды ұйымдастырып отырмыз. Әліпби барлығымызға ортақ дүние болғандықтан, оған кез келген адамның пікір айтуына құқығы бар. Бүгінгі отырыста талқыланған әліпби жобаларына байланысты айтылған пікірлерде, сында орынды. Талқылауға ұсынылған бұл әліпби жобалары әлі де сараптаудан өтетін болады, сондай-ақ айтылған ескертулер де ескерілетін болады. Сонымен бүгінгі отырыстың қорытындысын «Нұр Отан» партиясы жанынан құрылған «Мирас» қоғамдық кеңесінің мүшесі, қоғам қайраткері Оразкүл Асанғазықызына бергім келіп отыр.

О.Асанғазы: Ең алдымен Орфографиялық және Әдістемелік жұмыс тобының мүшелеріне бүгінгі атқарып жатқан жұмыстары үшін алғысымды айтамын. Сондай-ақ жоба ұсынушы мамандарға да рақмет айтамын. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бекітілген әліпбиді әлі де жетілдіру қажеттігін ескертіп айтты. Бұл әңгіме қайдан шықты дейтін болсаңыздар, ең алдымен Әдістемелік жұмыс тобы акутты әліпбидің негізінде курстар ұйымдастырып, өңір-өңір бойынша насихат жұмыстарын жүргізді. Сонда халық әліпбиді меңгеру барысында кейбір таңбалардың жазылуы мен оқылуы қиындық тудыратын айтып, ғалымдарымызға өз ұсыныс-пікірлерін білдірді. Соның негізінде тіл мамандары Президентке әліпби құрамындағы 3-4 таңбаны әлі де жетілдіру керектігін жөнінде ұсыныстарын жіберді, ол ұсыныс Президентің назарынан тыс қалмай, тіл мамандарына тапсырма берілді. Бірақ бұл жерде бірнәрсені ескере кету керек. Мен өз басым бекітілген әліпбиді тұтастай өзгертудің қажеті жоқ, тек ішінде даулы таңбаларды ғана жетілдірсек болғаны. Сондықтан бас-басыңа би болмай, осы әліпбидің кем-кетігін толықтырып, ортақ шешімге келіп халыққа жақсы әліпби ұсынайық. Халық бізге сеніп, үміт артып отыр. Сондықтан тіліміз үшін, халқымыз үшін бірауыздан ұлттық әліпби жобасын жасап берейік.

Ғ.Мелдешов. Бүгінгі Орфографиялық және Әдістемелік жұмыс топтарының бірлескен отырысының түске дейінгі жобасы осымен бітті. Алда талқыланатын тағы екі жобамыз бар.

Қуантқан Ванов және Жандос Темірғалидың әліпби жобаларын талқылау және сараптау

Ғ.Мелдешов: Сөз кезегі Қазақстан халық ағарту ісінің үздігі, Тәуелсіз Қазақстанның орта мектепке арналған алғашқы математика оқулығының авторы Қ.Вановқа беріледі.

Қ.Ванов: Алдымен осында келуге жағдай жасаған ҚР Мәдениет және спорт министрлігі мен «Тіл-Қазына» ғылыми-практикалық орталығына рақмет айтамын. Өзімнің әзірлеген әліпби жобамды әлеуметтік желілерге, Тіл саясаты комитетіне ұсынған болатынмын. Ол жақтан сіздікі орынсыз деген қарсылықтар болмағаннан кейін жобамды қорғауға алып келіп тұрмын. Менің жобам басқа жобалармен салыстырғанда ерекше жоба. Басқа жобалардан принципі жағынан ерекшеленеді. Сол себепті, қарап көріңіздер. Қазақ әліпбиінің фонетикалық нұсқасы. Мұның аты уақытша. Әліпбидің ерекшелігіне тоқталатын болсам, бірінші қиындықтарын табуым керек болды. Әліпби түзуде қиындық келтіріп отырған не? Бұл – латын әліпбиінде жоқ дыбыстарымызға таңба тағайындау. Басқа әліпбилерде латын әліпбиінде жоқ дыбыс басқаша дыбысталатын латын әрпімен (і – **i**, ы – **y**, ұ – **u**), қосар әріппен (ш – **sh** , ң – **ng**) немесе латын әрпінің астына не үстіне ноқат салу (**ä, ý, ş**) арқылы белгіленеді. Біздің әліпбиімізде латын әліпбиінде жоқ дыбыс «Халықаралық фонетикалық әліпбидегі» фонетикалық таңбасымен белгіленеді. Халықаралық фонетикалық әліпбиді пайдалану себебім: Мұнда барлық дыбысымыздың

таңбасы бар. Сондай-ақ интернетте олардың дыбысталу үлгісі де берілген. Бұл әліпби халықаралық тұрғыдан ресми түрде 1994 жылы мойындалып, компьютерге 1990 жылы енгізілген. Бұл әліпбидің ерекшелігі не? Латын әліпбиінде таңба таба алмай жүр, мына әліпбиде біздің барлық дыбысымыздың таңбасы бар.

Әліпбиде латында жоқ әріпті, яғни фонетикалық таңбаны қолдануға бола ма?

Иә, қолдануға болады. Мысалы, неміс әліпбиіндегі ß, ä, ö, ü, ақпан әліпбиіндегі ó, ń, ú, ǵ, á, ý әріптері де латын әрпі емес.Әріпті дыбыстың аллофондарының ішінен жазуға жеңілдігіне, бас әрпінің бар-жоғына қарай таңдадық.

Неге фонетикалық таңбаларды пайдаландық?

Латын әліпбиінде жоқ дыбысты басқаша дыбысталатын латын әрпімен белгілеу де, қосар әріппен белгілеу де қате оқуға, кейде дыбыстың жойылуына соқтырады. Мысалы, ұран – **uran** – уран; біт – **bit** – бит; соны – **sony** – сони; Машат – **Mashat** – Масхат; Теңіз – **Tengiz** – Тенгиз.

Латын әріптерінің де кейбірі әр әліпбиде әртүрлі оқылады. Мысалы, **j** – ж, дж, й, х.Фонетикалық әліпбиде әр таңба бір түрде оқылады, сондықтан әріптің қате оқылуы болмайды. Бұл дыбыстарымыздың сақталуына да кепілдік береді.

Оқуға жеңілдігі

Оқуға жеңілдік әріптің аңғарылғыштығы мен танылғыштығына байланысты.

1. Ақпан әліпбиіндегі әріп үстіне қойылған ноқат мәтін ішінде дұрыс аңғарылмайды. Сондықтан оқығанда көзге күш түсіреді. Ал фонетикалық таңбалар біртұтас болғандықтан аңғарылғыш.

2. Ноқатты әріпте назар алдымен әріптің негізгі бөлігіне, содан кейін ноқатына ауатындықтан ноқатты әріпті тану – күрделі қызмет.

Ал фонетикалық таңба ноқатсыз, яғни біртұтас болғандықтан бірден танылады.

Ноқатты әріппен жазылғанға қарағанда фонетикалық таңбамен жазылған сөз оқуға жеңіл.

Жазуға қолайлылығы

кирил	әу	жуу	күнәға	өңіңіз	ашшы	асхана
ақпан	áý	jýý	kúnáǵa	óńińiz	ashshy	ashana
түркі	äw	juwıw	künäğa	öñiñiz	aşşı	ashana
біздікі	ɛu	ʒʊwu	kʉnɛça	ɵŋɵŋɵz	aʃʃə	asħana

Ноқаты бар әріп қолмен жазғанда қиындық келтіреді. *Ал бізде ноқатты әріп жоқ, сондықтан жазуға қолайлы.*Әзірбайжанның ə-ні белгілеуге ä таңбасын алмауы, 1929 жылғы әліпбиде ноқатты әріптердің болмауы, латын әліпбиіндегі бас әріптерде ноқат болмауы, орыстардың ё-ның орнына е жазуы ноқатты әріптің жазуға қолайсыздығына байланысты. Ноқатты әріпті жақтайтындардың өзі де бүгінгі күнде ң-ды ŋ-мен белгілеуді ұсынып жүр.

Үйренуге оңайлығы

1. Ұқсас дыбыстардың таңбаларының ұқсас болуы үйренуді жеңілдетеді. Біздің фонетикалық таңбаларымыздың көпшілігі осы заңдылыққа бағынады (ŋ-n, ʃ-s, ʒ-z, ç-G, ɵ-o, ə-ə-e, ʊ-ʉ-u).

2. Сондай-ақ фонетикалық таңбаның бас әріп, кіші әріп, баспа әріп, жазба әріптерінің де тұрпаттары бірдей болып келеді.

3. Интернетте фонетикалық таңбалардың дыбысталу үлгісі бар, сондықтан кез келген елдегі кез келген ұлт өкілі әліпбиімізді өзбетімен үйрене алады *Демек, біздің әліпбиіміз үйренуге қиындық келтірмейді.*

Ағылшын тілін үйренуге көмегі

Ағылшынша оқу үшін не оқу ережесін білу керек не кестедегідей фонетикалық таңбаларды тану керек. Олай болса, ноқатты таңбалардың ағылшын тілін оқуға қажеті жоқ. Сол сияқты ағылшын тілін үйренуге латын әріптерін тану да көмектеспейді. Ал біздің әліпбиде ағылшынның фонетикалық таңбалардың көпшілігі бар. *Сондықтан біздің әліпбиіміз ағылшын тілін оқығанда да пайдаланылады.*

Компьютерде жазу мүмкіндігі

1. Фонетикалық таңбалар 1990 жылы юникодқа енгізілген. Сондықтан оны қолданудың техникалық тұрғыдан қиыншылығы жоқ.

2. Компьютерде теру үшін жаңадан пернетақта жасау керек. Бірақ бұл соншалықты қиын шаруа емес.

3. Фонетикалық таңбалы шрифтілер онша көп емес. Алайда сол шрифтілердің өзі-ақ көпшіліктің жазу қажетін өтей алады. Ал жаңадан көркемдеуіш шрифті жасауға келсек, ол да мүмкіндігі бар шаруа.

Халықаралық байланыста қолданылуы

1. Фонетикалық таңба барлық халыққа ортақ. Сондықтан жазуымызды барлық халық оқи алады. Ал ноқатты әріпті басқа халық бұрмалап оқиды.

2. Басқа халықтар жазуымызды оқи алатындықтан өз тілдеріне барынша дұрыс транслитерациялайды.

3. Фонетикалық таңбалардың заңиптарға арналған Брайль шрифтісі де барлық халыққа ортақ.

4. Фонетикалық әліпбиді түркі халықтарының ортақ әліпбиі ретінде пайдалануға болады. Өйткені олар да өз әріптерінің дыбысталуын фонетикалық таңбалар арқылы көрсетеді.

Фонетикалық таңбалар қабылдауға қиын тимей ме?

1. Адам нені үйретсе, соны қабылдайды. Бұған әр елдің әр түрлі әріпті пайдаланып отырғаны дәлел бола алады. Бұл орайда мектепке жаңа келген оқушы ешбір әріпті танымайтындықтан ол үшін фонетикалық таңба мен латын әрпін қабылдаудың айырмасы жоқ.

2. Әліпбиге баға беру үшін әріптермен танысып болмастан онымен жазылған сөзді оқып қарайтындар бар. Алайда сөз әріп арқылы оқылатындықтан әріпті үйреніп алмай тұрып, оқу арқылы баға беру қисынсыз.

3. Біз ұсынып отырған фонетикалық таңбаларды әліпбиімізге алмасақ та, олардың көпшілігін (ɛ, ə, Ǝ, ŋ, ʃ, ʊ, ʒ) математика, физика және ағылшын пәндерінде бәрібір қолданамыз.

Мәтін үлгісі

A.Baitʊrsənʊlə qazaqtəŋ tʊŋçəʃ ɛləpbəyən tʉzəp, oquʃəlardəŋ bərneʃe bʊwənənəŋ sawatən aʃqan ɛləppesən ʒazdə, təl çələmənəŋ negəzən qaladə. Oqu-açartu əsəne osənʃaləq ɵlʃeusəz eŋbek səŋərgen Aqaŋ eldəŋ sayasi ɵmərəne de aralasəp, Alaʃ qozçaləsənəŋ ruħani kəsemə, memleket ʒɛne qoçam qairatkerə dɛreʒesəne deyən kətərəldə. Onəŋ ɵmərə – tuçan ħalqəna qəzmet etudəŋ ʒarqən ʉlgəsə.

Менің сіздерге айтайын дегенім осы. Айтар пікірлеріңіз болса, тыңдауға әзірмін.

Ғ.Мелдешов: Осы жобаға сараптама жасаған А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор К.Күдериноваға сөз беріледі.

Қ.Күдеринова: Әліпбимен танысқаннан кейін менде мынадай ой болды. Біз қайда көшіп жатырмыз. Президентіміз мақсат қойғанда, «Қазақ жазуы қайда көшеді, қазақ жазуы латын әліпбиіне көшеді» - деді. Сонда біз басқа ұлт үшін әліпби жасап жатырмыз ба? Сөздердің орфоэпиясын дыбыстау үшін көшіп жатырмыз ба?

Әліпби ауыстырудағы мақсат қандай?

- Латын әліпбиіне көшу ме?
- Мүлде басқа әліпбиге көшу ме?
- Транскрипциялап жазуға көшу ме?
- Міндет қандай?
- Ағылшынтілділер қазақ тілінде оқи алу үшін бе?
- Ағылшын тілінде транскрипцияны оқи алу үшін бе?

- Неге халықаралық фонетикалық транскрипция алынды?
- Не себептен түркологиялық фонетикалық транскрипция алынбады?

Әліпби құрамы 33 әріптен тұрады екен, оның 11-і транскрипциялық таңба. Бұл жағдайды қайталап айтқанда Түркологиялық фонетикалық транскрипция емес, яғни өзіміз ұқпасақ та ағылшын тілін оқып жатқан ұрпағымыз да олардың транскрипциясын білмесе де Халықаралық фонетикалық транскрипцияны білуіміз керек екен. Төмендегі әріптердің барлығы бізге таныс емес, халықаралық фонетикалық транскрипциямен берілген.

- **ʃ -ш**
- **ʒ-ж**
- **ʕ -ғ**
- **ʊ - ұ**
- **Ɛ – ә**
- **Ʊ – ұ**
- **Ə – ы**
- **Ө -ө**

Әліпби реті не келетін болсақ өте жүйесіз орналасқан. Жобаңызды таныстырғанда осы жағын түсіндірмей кеттіңіз. Ешқандай жобаға сәйкес келмейді. Неге бар әріптер пайдаланылмаған. Мысалы: J әрпі, h әрпі, ә әрпін –і әрпіне береді. Бұл үлкен шатастыруға алып келеді. ʕ -ғ әріп те диакритика. Бұл әріп асты диакритикасы деп аталады.

Мұндай тәжірибе болды ма?

Ағай тәжірибеде болған жоқ деп береді. Бірақ ішінара болса да сәтсіз болды. Мысалы:

- 1993ж. Түркіменстан **A a, B b, C c, D d, E e, Ea ea, F f, G g, H h, I i, J j, Jh jh, K k, L l, M m, N n, Ng ng, O o, Q q, P p, R r, S s, Sh sh, T t, Ts ts, U u, V v, W w, X x, Y y, Z z**. Мұндағы *q, v, x* әріптері *ө, ү, ы* әрпін берді.
- 4 айдан кейін: **Aa Bb Çç Dd Ee Ää Ff Gg Hh Ii Jj £ƒ Kk Ll Mm Nn Ññ Oo Öö Pp Rr Ss $¢ Tt Uu Üü Ww Yy ¥ÿ Zz**. Мұнда доллар, йен және фунттың белгілері болған. Бұл да сәтсіз болып, кейін бұл құрам да өзгерді. Ортақ түркі әліпбиіне көшіп сол бойынша жазып жатыр. Латын ашық және жабық деп екіге бөлінеді. Ашық әліпбидің біріншісі- латын, екіншісі- араб, үшіншісі- кирилл. Біз кирилден латынға өткелі отырмыз. Латын графикасы бізге таныс. Неге көпшілік латын графикалы қазақ әліпбиін қолдап отыр? Себебі:
- Қазіргі тілтұтынушылар санасында бар, көзіне таныс әліпби болуы керек;

(көне түркі, араб, төте жазуға неге көшпедік?)

- Түркі тілдерінің жазуына жақын болуы керек;
- Өзге түркі тілдері әліпбиінің тәжірибесін пайдалану керек;
- Диакритикалық таңба қолдану барлық латынәліпбилі жазуларда бар.

Ағай «Фонетикалық әліпбиді пайдаланып, содан кейін барып жазуға көшеміз» - дейді. Олай болмайды. Бірінші жазып көру керек. Жан-жақты әдістемелік, психологиялық тұрғыдан қарап көру керек. Сіздің жобаңызда әріптер бір-бірімен ұласып жазылмайды. Әріптердің баспа, жазба әріптері бірдей болғандықтан жазуда қиындық келтіретіні сөзсіз.

Ғ.Мелдешов: Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті Қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты М.Тұрсыноваға сөз беріледі.

М.Тұрсынова: Құрметті әріптестер! Жаңа әліпби жобасымен танысып өттік. Елімізде латын әліпбиіне көшу мәселесі әртүрлі сипаттағы іс-шаралар үгіт-насихат, ұйымдастыру, түсіндіру, ғылыми-әдістемелік жұмыстарын қамтитын дөңгелек үстел, семинарлар, сұхбаттар, конференциялардағы пікір алмасу түрінде болып, оларда ой өзегіне айналған ең негізгі мәселе – әліпби, әліпбиден соң емле ережелері болды.

Әліпбидің көптеген нұсқалары жасалғанымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкес келуі, төл дыбыстарымыздың сипатын нақты беруі, тіпті әріп-дыбыс арақатынасына байланысты да әртүрлі көзқарастар орын алды.

Жаңа қазақ әліпбиі ретінде ұсынылған нұсқаларда таңбалануында әртүрліліктің орын алуы қазақ тілінің төл дыбыстарын таңбалайтын әріптермен қоса **ж, у, ш, й-лердің** таңбалануына және әріп санына қатысты болды. Қазақ тіліндегі **ә, ө, ү, ұ, ғ, ң, і** дыбыстарының таңбалануы қос әріп түрінде де, дәйекше арқылы да таңбаланса, **ж-ның zh, j; ш-ның š, sh, c; у-дың w, u, y`, ý; й-дің y, i, ı** әріптерімен берілген түрлері бар.

Әрине **а, б, д, л, м, н, р, п, т** тәрізді әріптердің таңбалануы ортақ сипатта, яғни бұл әріптерді беруде әртүрлілік орын алмаған. Әліпби нұсқаларын жасауда латын алфавиттерді 26 әріпке сәйкестендіргендер де, диакритика, диграф, апострофты пайдаланғандары да, тіпті қазақ тілінде дыбыстық сипаты жоқ әріптері енгізгендері де бар.

Бүгін талқылауға ұсынылып отырған әліпбилердің бірі – Қуантқан Вановтың нұсқасы. Ол өзінің әліпбиіне халықаралық фонетикалық әліпбидің таңбаларын пайдаланған. Латын әліпбиінде бар 22 әріпке фонетикалық әліпбиден 11 әріп қосу арқылы 33 әріптен тұратын әліпби ұсынған.

Әліпбидің жетістігі ретінде бір әріпке бір таңбаның ұсынылғандығын, қазақ тіліндегі барлық дыбысқа таңба берілгендігін айтуға болады.

Әліпбиде халықаралық фонетикалық әліпбидің таңбалары пайдаланғандықтан, жалпы халыққа таныс емес 11 әріп қосылып тұр. Әліпбидің барша халыққа түсінікті болу қажеттігін ескерсек, қарапайым халық үшін фонетикалық әліпбидің таңбалары бейтаныс мәселе ретінде көрінеді. Осыдан келіп көзшалымдық тұрғыдан бөтен әріп оқуда да, жазуда да қиындық туғызатыны сөзсіз. Әрине, уақыт өте келе бәрін де меңгеріп алуға болатыны белгілі, бірақ барша халыққа таныс болып қалған латын әліпбиінде жоқ әріптердің біздің төл әліпбиімізде орын алуы үйренуде де, үйретуде де қиыншылықтың алдымыздан шығатыны түсінікті. Латын графикасына көшу барысында сауатсыз болып қалмауымыз басты мәселе екендігін ескерсек, жас буын мен ересек тұрғындардың бұндай әліпбиді қабылдауы, менің ойымша, мүмкін еместей көрінеді.

Енді аталған әліпби бойынша оқылым мен жазылымдағы сипатына тоқталсақ. Автор ұсынып отырған елу шақты сөзден тұратын төмендегі мәтін үлгісін оқып, қазіргі қолданып жүрген таңбамызға салу үшін де біраз уақыт алғандығын айтқым келеді.

Біріншіден, бір қарағанда мүлде жат әріптердің көзге шалынуы, мәтіннің қазақ емес, грек не грузин тілдерінде немесе басқа бөтен тілде болуы мүмкін деп танылуы;

Екіншіден, оқылымның қиындығы ұқсас әріптердің болуы, бұрыннан қолданыста бар **ə** әрпін **ы** ретінде қабылдай алмау сипатында түсіндіруге болады. Автор өз түсіндіруінде: «Ұқсас дыбыстардың таңбаларының ұқсас болуы үйренуді жеңілдетеді. Біздің фонетикалық таңбаларымыздың көпшілігі осы заңдылыққа бағынады (ŋ-n, ʃ-s, ʒ-z, ç-G, ɵ-o, ə-ɵ-e, ʊ-ʉ-u)», – деп көрсеткенімен, **ы, і** әріптерінің өте ұқсас **ə, ɵ** болып таңбалануы, керісінше үйренуді қиындатады. Мысалы, *құдіретті, күнәсінан, кішіпейіл, ұмытшақтық, ғалым* сөздері Қ.Вановтың әліпбиі бойынша *qʊdərettɵ, kʉnɛsɵnan, kɵʃɵpeiɵl, ʊmətʃaqtəq, çaləm* түрінде жазылады ;

Үшіншіден, бұрыннан таныс емес **ɛ, ħ, ʉ, ɵ, ʊ** сияқты әріптерді компьютердің пернақтасы арқылы таңбалау оңай болса да, қолмен жазылуда көп қадағалуды талап етеді, каллиграфиялық жазудың талабына сай үйрету қиынға соғады.

Төртіншіден, автордың «фонетикалық таңба ноқатсыз, яғни біртұтас болғандықтан бірден танылады», – дегенімен, х-ның ħ, ү-нің ʉ болып таңбалануында басы артық сызықша сипатты белгінің көп болуы жазылымда да, оқылымда да бірден меңгеріп кетуге

мүмкіндік бере қоймайды: Бүгінгі таңда халықтың күнделікті өмірінде ғаламтордың рөлі ерекше болып тұр – Bugingi taŋda ħaləqtəŋ kundelikti өmirinde çalamtordəŋ rələ erekʃeboləp tur.

Бесіншіден, әліпби жасаудың критерийлерінің бірі ретінде емле ережелерін күрделендіруге жол бермейтіндей болуы екендігін ескерсек, талқылауға ұсынылып отырған әліпбиді емле ережесіне сәйкестендіру барысында емлені емес, таныс емес таңбаларды үйретуге баса назар аударуымыз керек болатындай.

Қорыта айтқанда, талқыға түскен нұсқалардың осыншама көп болуы ұлт тіліне жанашырлық танытуға деген патриоттық сезімнен де туындап жатқан шығар. Бірақ қалай дегенмен де ана тіліміздің болашағы мен ұлтымыздың келешегі үшін жаңа жазуға негізделген әліпбидің өз критерийлеріне сай болғаны дұрыс. Себебі, бұл әліпби жас баладан еңкейген кәріге дейін жеңіл, үйренуге де, үйретуге ыңғайлы болғаны дұрыс.

Ғ.Мелдешов: KAZAKH INVEST Ұлттық Компаниясы Басқарма Төрағасының кеңесшісі - **Жандос Темірғалиға** сөз беріледі.

Ж.Темірғали: Амансыздар ма, құрметті тіл мамандары! Менің негізгі мамандығым - экономист. Ағылшын, француз, түркі тілдерін меңгергенмін. Бүгінгі отырысқа өз жобамды алып келіп отырмын. Осыған дейін латын графикасына не үшін көшеміз, жаңа әліпби жасаудың қанша қажеті бар деген тақырыпта біраз баяндамаларым бар. Ол туралы біраз жерлерде айтып жүрмін.

Жандос Темірғали жобасы

А а	A a		К к	Q q		Ф ф	F f
Ә ә	Ä ä		Л л	L l		Х х	H h
Б б	B b		М м	M m		Һ һ	(H h)
В в	V v		Н н	N n		Ц ц	-
Г г	G g		Ң ң	Ŋ ŋ		Ч ч	Ç ç
Ғ ғ	Ǧ ǧ		О о	O o		Ш ш	Ş ş
Д д	D d		Ө ө	Ö ö		Щ щ	(Ş ş)
Е е	E e		П п	P p		Ъ ъ	-
Ё ё	(yo)		Р р	R r		Ы ы	I ı
Ж ж	J j		С с	S s		І і	I i
З з	Z z		Т т	T t		Ь ь	-
И и	İ i		У у	U u		Э э	E e
Й й	Y y		Ұ ұ	Ū ū		Ю ю	(yu)
К к	K k		Ү ү	Ü ü		Я я	(ya)

Бүгінгі ұсынған әліпбиім үш негізде құрастырылған. Біріншіден, Түркі әліпбилерінің бірқатарына зерттеулер жүргізіп сараптама жасай келе, 2017 жылы осы әліпбиді ұсындым. Президентіміз Қ.К.Тоқаев «Әліпбиді латын қарпіне көшіру туралы тарихи шешімнің қабылданғанына екі жылға жуықтады. Бірақ қарпімізде әлі де олқылықтар бар. Тіл мамандары жаңа әліпбиді жетілдіруі керек» деген болатын. Осыған байланысты өз әліпбиімді ұсынып отырмын. Мысалға алып отырған сөздеріміз түркі тілдерінің әліпбилеріне ұқсас. Сондықтан оқуда қиындық келтірмейді. Бүгінгі отырысқа ұсынылып отырған барлық нұсқаны мұқият қарап шығып, ортақ пікірге келуіміз керек. Менің әліпби жобамдағы мәселе үш нұсқада (ағылшынтілді, французтілді, испантілді) болуында. Жобадағы әріптердің каллиграфиясы да ыңғайлы. Түркі тілдес халықтарға да түсінікті деп ойлаймын.

Қ.Күдеринова: Әліпбиде Ээ-É é мен Щщ-Ş ş әріптері не үшін алынған. Біздің төл сөздерімізде ондай таңбалар жоқ қой.

Ж.Темірғали: Біздің тілімізде кірме сөздер көп. Ол сөздердің ішінде э, щ әріптері кездеседі. Яғни, ол сөздер біздің қолданысымызда болғандықтан алып отырмын. Біз ол әріптерден қаша алмаймыз.

Ғ.Мелдешов: Осы жобаға сараптама жасаған Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының кандидаты- Л. Еспековаға сөз беріледі.

Л.Еспекова: Бүгінгі отырыста әртүрлі сала мамандары өз жобаларын ұсынып жатыр. Мұның өзі тіл реформасына өз үлестерін қосып жатқандары қуантарлық жағдай. Бірден Жандос Темірғалидың жобасына тоқталып кеткім келіп тұр. Осыған дейінгі сарапшылар әліпби жобасына жасаған сараптамаларында қарсы пікірлер айтып, қарсылық білдіріп жатса, мен Жандос мырзаның жобасын қолдағым келіп тұр. Бекітілген әліпбиде- 32 әріп берілсе, Жандос Темірғали нұсқасында - 34 әріп беріліпті. Бекітілген әліпбимен сәйкесетін – 21 әріп бар екен. Яғни, 21 таңба бекітілген әліпбимен толық сәйкес келіп тұр. Қандай таңбада айырмашылық бар десек, негізгі айырмашылық -13 таңбада екен. Жандостың әліпбиіндегі жетістіктерге тоқталатын болсам:

1.Жандос Темірғали әліпбиінде жіңішке дауыстыларды (¨) умлаут таңбасымен беруді ұсынады. Жалпы мұндай умлаут таңбасын пайдалану түркі тілдерінде, роман тілдерінде жиі кездеседі. Бұл таңба дауыстыларды белгілеуде қолданылатын диакритикалық белгі болып табылады. Сондықтан жіңішке дауыстыларға (¨) умлаут таңбасын енгізу өте тиімді. Бұл жазуда да қиындық тудырмайды әрі жіңішке дауыстылар таңбасын ажыратуда да маңызды.

Ә ә Ää
Ө ө Ö ö
Ү ү Ü ü

2. Ұсынылған әліпбиде Уу (Uu) халықаралық таңбамен беріледі. Бұл пікірмен де келісуге болады. Себебі бұл таңба қазіргі таңда орныққан, көпшілікке таныс. Сондықтан практикалық жағынан алғанда бұл таңба меңгеруде де қиындық тудырмайды. Сонымен қатар Ұұ, Үү әріптерінің берілуі де өте сәтті шыққан. Бұл үш әріп ерін дыбыстары қатарына жатады. Сондықтан ерін дыбыстарды ұқсас таңбамен беру тиімді деп ойлаймын.

Ұ ұ Ū ū
Ү ү Ü ü
У у U u

3. Әліпбиде Ғғ (Ǧǧ) әрпі бревис таңбасымен беріледі. Жалпы халықаралық практикада қысқа дыбысты беруде пайдаланылатын диакритикалық белгі болып табылады. Қазақ тіліндегі Ғғ дыбысы айтылу орнына қарай тіл фонемалары, оның ішінде қысқа айтылатын тіл арты фонемасына жатады. Теориялық тұрғыдан Ғғ фонемасына берілген таңба дұрыс. Сондықтан Ғғ фонемасына бревис таңбасы қолайлы әрі тиімді болар еді.

4. Шш әріпі **Şş** седиль таңбасымен беріледі. Жалпы халықаралық фонетикалық әліпбиде седиль таңбасымен ызың дауыссыз дыбыстарды беру кездеседі. Қазақ тіліндегі Шш дыбысы да ызың (фрикатив) дауыссыз дыбыстар қатарына жатады. Сондықтан берілген таңба дыбыстың табиғатына толық сай келеді.

5. Ң әріпі Ŋŋ таңбасымен беріледі. Бұл таңба энг немесе энгма деп оқылады. Бұл таңба халықаралық фонетикалық әліпбиде мұрын жолды веляр дауыссызды беруде пайдаланылады. Қазақ тілінде де Ң дыбысын айтқанда ауа мұрын жолы арқылы шығады. Теориялық тұрғыдан алғанда таңба мұрын жолды Ң дыбысына толық сай келеді. Бірақ жазбада бұл таңба көпшілікке қиындық тудыруы мүмкін. Бұл әліпби жобасы бойынша кемшіліктер де бар. Оны айта кетуіміз керек.

Кемшіліктері:

- Ии (Її) және Йй (Yy) әріптерін жеке-жеке таңбалайды. Біріншіден, айтылу орнына қарай екі әріп те тіл фонемалары қатарына жатады. Сондықтан оларды бір таңбамен бер-

ген дұрыс. Екіншіден, қазақ тілінде дауысты Ии жоқ, бұл әріп тек дауыссыздар тобында қарастырылады, сондықтан оған (¨) умлаут Ї ї таңбасын пайдалануға болмайды. Бұл таңба халықаралық жүйеде жіңішке дауыстыларға қойылатын белгі.

- Ыы (І ı) әріпіне берілген таңбамен келісуге болмайды. Себебі бұл жазуда жіңішке Іі фонемасымен шатастыруға апарады. Әрі жуан дыбыстың табиғатына мүлдем үйлеспейді.
- Әліпбидегі Ээ (Ée), Чч (Çç) таңбаларының еш қажеттілігі жоқ. Себебі бұл кірме таңбалар қазақтың төл сөздерінде кездеспейді. Сондықтан оларды әліпбиге енгізудің еш қажеттілігі жоқ.

Ғ.Мелдешов: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты Қ. Сәрекеноваға сөз беріледі.

Қ.Сәрекенова: Студенттер мен магистранттар осы әліпби жобасымен жазып көрді. Қорытындысында «ң» әрпін бұлай берген дұрыс емес деген шешімге келдік. Себебі, жазған уақытта көп кедергілер болды. Сондай-ақ, «и» әрпін умлаутпен берген мүлдем дұрыс емес. Себебі, «киім» деген сөздегі –і әрпі екі таңбамен беріледі. Сол себепті, жазғанда шатастыруға алып келеді. Осыған мұқият қарағанымыз дұрыс. Рақмет!

Ғ.Мелдешов: Бүгінгі отырысқа қатысқан жұмыс тобының мүшелеріне және сарапшыларға зор алғысымды білдерімен. Алдағы уақыттарда әліпби жобасын жетілдіру жұмыстары әлі жалғасатын болады.

«ЛАТЫН ГРАФИКАСЫ НЕГІЗІНДЕГІ ЖАҢА ӘЛІПБИ ЖОБАЛАРЫ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ЖҰМЫС ТОБЫ ОТЫРЫСЫНЫҢ СТЕНОГРАММАСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы, Космонавтар көшесі 60,
«Comfort otel Astana» қонақүйінің конференцзалы
2019 жылғы 15 қараша

Қатысушылар: Н.М. Дәуешов, Ғ.С. Мелдешов, Ә. Асқар, Е.Е. Тілешов, Г.М. Мұқанова, Л.Қ. Есбосынова, Н.М. Уәли, З.М. Базарбаева, Ж.А. Жақыпов, Қ.Б. Күдеринова, А.М. Фазылжанова, Г.М. Мамырбек, Н.М. Рсалиева, М.А. Тұрсынова, Ж.Т. Жұмабаева, Н.С. Әміржанова.

КҮН ТӘРТІБІ

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт вице-министрі Н.Дәуешовтің сөзі;
2. Ескендір Тасболаттың әліпби жобасының таныстырылымы;
3. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д., профессор З.Базарбаеваның Ескендір Тасболаттың әліпби жобасына пікірі;
4. Манас Сапарбаевтың әліпби жобасының таныстырылымы;
5. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, ф.ғ.д. Ж.Жақыповтың Манас Сапарбаевтың әліпби жобасына пікірі;
6. Нұрлан Түлтебаевтың әліпби жобасының таныстырылымы;
7. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының аға ғылыми қызметкері, ф.ғ.к. Ж.Жұмабаеваның Нұрлан Түлтебаевтың әліпби жобасына пікірі;

8. Абзал Мырзаштың әліпби жобасының таныстырылымы;
9. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, ф.ғ.к. Қ.Сәрекенованың Абзал Мырзаштың әліпби жобасына пікірі;
10. Жарыссөз
11. Қорытындылау

Ғ.Мелдешов: Осыдан 4-5 күн бұрын Орфографиялық және Әдістемелік жұмыс топтарының біріккен отырысын өткізген болатынбыз. Бүгінгі отырысты соның жалғасы десек те болады. Бүгінгі жиында Әліпбиді өзгертуге ұсыныс жасаған 4 жоба қарастырылатын болады. Бірден жұмысымызға кірісейік. Ескендір Тасболаттың әліпби жобасы. Сөз Ескендір Тасболатқа беріледі.

«Сақшы» газетінің бас редакторы Ескендір Тасболат: Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінде қолданысқа енген қазақ тілінің латын негізіндегі әліпбиінің кемшіліктері бар екенін айтып, тиісті мекемелерге оны қайта қарауды тапсырды. Ертеңгі күні жаңа әліпбиді күнделікті пайдаланатын адамдардың бірі болғандықтан, біз де жоба талқысынан тыс қалмай, өз нұсқамызды жасап, ұсынуды жөн санадық. Филолог болмасақ та журналистика саласында жазу-сызумен айналысып жүрміз. Ертеңгі күні Латын әліпбиін ең көп пайдаланатын бізбіз.

Бұл нұсқа несімен ерекшеленеді?

1) 26 әріптен тұратын негізгі латын әліпбиінің шеңберінен барынша шықпауға тырыстық. Оған умлауты (үстіңгі қос нүктесі) бар 3 әріп қана қосылды. Латын әліпбиінен Х (икс) әрпі алынып тасталды. Сонда барлығы – 28 әріп.

2) Ағылшын тілінің емле ережелерін пайдаландық. Қазақ тілінде дыбыс көп, бірақ таңба шектеулі. Сондықтан біз ағылшын тілінде қолданылатын 5 диграфты қазақ тілінің емле ережелеріне қостық. Одан бөлек, кейбір әріптердің орналасу тәртібіне қарай әртүрлі оқылу заңдылығын енгіздік.

Бұл әліпбидің артықшылығы неде?

Біз жаңа әліпбиге латын жазуын пайдаланатын дамыған елдерге жақындай түсу мақсатында көшіп жатырмыз. Соның ішінде ғылым мен білімнің, техника мен технологияның, компьютердің тілі болып отырған ағылшын тіліне, ағылшынтілді әлемге жақындауды көздеп отырғанымыз белгілі.

Ендеше латын әліпбиіне көшу дегенді біз бір таңбаны алып тастап, орнына басқа таңба қоя салу деп түсінбеуіміз керек. Біздің мақсат – қазақ тілінің жазу заңдылықтарын, өзімізге де, өзгеге де жақсы танымал ағылшын тіліне, оның емле ережелеріне барынша жақындату. Сондықтан бұл нұсқаны жасау барысында біз тек ағылшын тілінде қолданылатын, бәрі білетін, оқи алатын диграфтарды және ағылшын тілінің кейбір оқылу заңдылықтарын алып отырмыз. Оның пайдасы мынада:

1) екі тілдің емле ережелері ұқсас болса, ол қазақ тілінің имиджін арттырады. Яғни қазақ тілі мүлдем бөтен әлем емес, жазуы жағынан ағылшын тілімен белгілі бір ұқсастығы бар, игеруге оңай тіл екендігін паш етеміз. Біздің қаріптерімізді кез келген ұлттың өкілі «танып», еркін оқи алады;

2) мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршін қазақ әліпбиін оқып-үйренгеннен кейін ағылшын тілін де еркін игереді;

3) елімізде мектеп қабырғасында ағылшын тілін оқыған кез келген адам, әсіресе, жастар жағы латын әліпбиінің заңдылықтарын, атап айтқанда, ағылшын сөздерінің қалай оқылатынын жақсы біледі. Олар ағылшын тілінің емле ережелеріне барынша жақындатып жасалған біздің нұсқамыз бойынша жазылған қазақ сөздерін де оп-оңай оқи беретін болады.

4) ағылшын тілінің емле ережелерін қолданғаннан қазақ тіліне ешқандай зиян тимейді.

Жаңа әліпби нұсқасын назарларыңызға ұсынсақ:

Әріп	Оқылуы	Әріп	Оқылуы	Әріп	Оқылуы
Aa	а	**Kk**	к	**Uu**	ұ және у
Ää	ә	**Ll**	л	**Üü**	ү
Bb	б	**Mm**	м	**Vv**	в
Cc	ц	**Nn**	н	**Ww**	Дауыссыз у
Dd	д	**Oo**	о	**Yy**	ы
Ee	е	**Öö**	ө	**Zz**	з
Ff	ф	**Pp**	п	**gh**	ғ
Gg	г	**Qq**	қ	**ee**	и
Hh	х	**Rr**	р	**ng**	ң
Ii	і және и	**Ss**	с	**ch**	ч
Jj	ж	**Tt**	т	**sh**	ш
				kh	х

Бұл әліпбидегі таңбалардың басым бөлігіне қатысты дау-дамай жоқ. Сондықтан біз тек жаңадан енгізілген және дыбысталған таңбаларды, сондай-ақ, диграфтарды ғана төменде талқыға саламыз.

Осы жерде айта кетейік, жоғарыда берілген әліпби нұсқасы неміс тілінің әліпбиінен еш айырмашылығы жоқ. Айырмашылық тек Х (икс) әрпінің болмауында ғана.

Ескерту: *Таңба (қаріп) – бұл әріптің жазылуы, ал дыбыс – оның айтылуы. Осыны қаперге ұстауларыңызды сұраймыз. Өйткені, төменде бұл екі сөз алма-кезек жиі қайталанады. Шатасып қалмаңыздар.*

Ä таңбасы, яғни «ә» дыбысы. Бұл қаріп латын жазуының кеңейтілген нұсқасында бар. Кейбір еуропалық халықтар (немістер мен шведтер) «ә» дыбысын беру үшін осы қаріпті қолданады. Біз де осыны алсақ, дұрыс шешім болады деп ойлаймыз.

Мысалдар: äkim, äsker, äreket, mäsele, kinäli, sälem, däreje, Äsem, Äigerim, täbet, sändi.

С таңбасы, яғни «ц» дыбысы. Соңғы қабылданған латын әліпбиінде бұл әріп жоқ. Оны жасаушылар қазақ тілінде «ц» дыбысының мүлдем болмағанын алға тартты. Бірақ, біз «ц» дыбысын бүгінгі қазақ тілінен алып тастау мүмкін еместігін айтқымыз келеді.

Біріншіден, «ц» әрпі бар сөздер орыс тілі арқылы біздің тілімізге түбегейлі еніп кетті. Одан біз арыла қоюымыз екіталай. Мысалы, полицияны полисия, циркті сирк, доцентті досент деп кім айтады?

Екіншіден, бүкіл әлем жаңа тілдерді үйреніп, жаңа сөздерді игеріп жатқанда, біз бұрыннан сіңісті болып кеткен сөздерімізді қайтадан өзгертумен әуреленіп жатсақ, дамыған елдер көшінің соңында қаламыз. Бұл тілді дамытатын емес, керісінше тоқырататын, халықты (әсіресе еліміздегі өзге ұлт өкілдерін және орыстілді қазақтарды) тілден бездіретін қадам.

Сондықтан «ц» дыбысы әліпбиімізде болуы тиіс және оны «С» қарпімен жазу қажет.

Мысалдар: policei, medicina, cirk, cement, motocikl, mecenat, docent, decimetr, lekcia, cisterna, cilindr, kirillica, racia, Ciceron, Cezar, Ceilon, Lacio, Celinograd.

І таңбасы. Бұл таңба орналасу тәртібіне қарай «і» және «и» болып екі түрлі дыбысталады. Атап айтқанда, қазақ сөздерінде ол дауыссыз дыбыстардың қасында «і» дыбысын берсе, дауысты дыбыстардың алдында және одан кейін тұрғанда «и» («й») болып оқылады. Ал басқа тілден енген сөздерде «и» дыбысын береді.

Мысалдар: қазақ сөздерінде дауыссыз дыбыстармен қатар келгенде: kim, kitap, bir, eki, tirshilik, tiginshi, bilikti, tilek, birlik, iri;

қазақ сөздерінде дауысты дыбыстардың алдында және соңында келгенде: aiman, qaida, sarai, iek, tärbie, aiwan, bie, iod, jien, tailaq, toi, jaiyn, sailaw, Qytai, Resei, Semei.

Ал кейбір сөздерде «і» әрпі екі рет кездеседі: kieli, ielik, Keiki, beibit, seisenbi, deidi, nietti, süidim, küili, т.б. Бұл сөздердегі «і» әрпінің қайсысы «и», қайсысы «і» болып оқылатынын ажырату қиын емес деп есептейміз. Өздеріңізге белгілі, қазақ тілінде «і» дыбысы ешқашан дауысты дыбыстың қасында тұрмайды («и» дыбысынан басқа, ол туралы төменде айтылады). Сондықтан дауысты дыбыстардың қасында тұрғаны – «и» («й»), дауыссыз дыбыстың қасындағысы – «і» болып оқылады (жоғарыдағы мысалдарға тағы бір зер салыңыз).

Ал басқа тілден енген сөздерде: instagram, klinika, kino, bilet, mikrofon, Sidnei, Iran, Ispania, Izrail, Amerika, Irina, Maksim, David.

Енді мына мәселеге тоқталсақ: қазақ тілінде «і» мен «и» дыбыстары қатар келетін сөздер бар. Мысалы, киім, биік, жиі, тиімді, иін, диірмен, кейін, мүйіз, әдейі, т.б. Біз оларды kiim, biik, jii, tiimdi, iin, diirmen, keiin, müiiz, ädeii деп жазамыз.

Бұл жерде қатар тұрған екі «і» таңбасының қайсысы «и», қайсысы «і» деп дыбысталатынын қалай ажыратамыз? Әрине, қазақ тілін жақсы білетін адамдарға бұл сөздерді оқу қиынға соқпайды. Ал қазақшаны нашар білетін қазақтар, өзге ұлт өкілдері, әсіресе қазақша тілін үйреніп жатқан шетелдіктерге қалай түсіндіреміз?

Оларға мына ережені айтуымыз керек: қазақ тілінде «и» дыбысы «і» дыбысының алдында ғана келеді. Керісінше, алдымен «і», одан кейін «и» дыбысы тұратын сөздер жоқ. Сондықтан осындай сөздерді оқығанда бірінші тұрған «і»-ні «и» деп оқу қажет. Бұл жерде аса қиындық жоқ деп ойлаймыз. Сонымен бірге, жалпы «и» мен «і» дыбыстары қатар келетін сөздер қазақ тілінде көп емес екенін де айта кетейік.

Біз жоғарыда дауысты дыбыстардың алдында және соңында келетін «и» дыбысын сөз еттік. Ал дауыссыз дыбыстардың алдында, соңында және ортасында келетін «и» дыбысын қалай таңбалаймыз? Мысалы, пима, сирақ, сипа, тиме, би, иман, мизамшуақ, сәби, қанеки, тарих, билік, әліпби, инелік, Сәбит, Димаш, Дидар, Хадиша, т.б.

Бұл жерде біз ағылшын тілінің емлесіне жүгініп, қазақ тілінің жазу заңдылығына «ee» диграфын қосуды жөн санадық. Ағылшын тілінде аталған диграф «и» (ұзақ и) деп оқылатынын латын әліпбиінен хабары бар кез келген адам жақсы біледі. Сонда жоғарыдағы сөздер peema, seeraq, seepa, bee, eeman, meezamshwaq, säbee, qanekee, tareeh, beelik, älipbee, eenelik, Säbeet, Deemash, Deedar, Hadeesha болып жазылады.

Бұл диграфты не үшін таңдадық?

Біріншіден, егер оны алмасақ, жаңа әліпбиге «и» дыбысы үшін тағы бір таңбаны қосуға тура келер еді.

Екіншіден, жоғарыда айтқандай, оны біз айдаладан әкеліп отырған жоқпыз. Ағылшын тілінде күллі әлем танитын, оқи алатын диграф.

Әрине, жоғарыда байқағаныңыздай, диграфпен жазылған сөздер алғашында көзге оғаштау көрінуі мүмкін. Бірақ, бірте-бірте көз үйренеді. Ағылшын тіліндегі speed, sleep, sheep, bee, see деген сөздерге де көзіміз үйренгені белгілі.

Реті келгенде айталық, қазақ тілінде жүз мыңдаған сөз бар. Жаңа әліпбиде олардың бәрін көзге жағымды көрінетіндей етіп жазу мүмкін емес.

Үшіншіден, мына жайтты баса айтсақ дейміз: диграфтарды қолданудан біз қашпауымыз керек. Егер диграфтар қолдануға ыңғайсыз, жазылуы қиын, оқылуы ауыр болғанда, ең бірінші болып ағылшындар, басқа да еуропалық халықтар оны қолданыстан шығарар еді. Бірақ, біздің білетініміздей, ағылшын тіліндегі әрбір екінші сөзде диграф бар. Тіпті кейбір сөздерінің ішінде бірнеше диграф кездеседі. Триграфпен жазылатындары да аз емес. Мысал келтіріп жатуды артық деп ойлаймыз.

Бірақ, бұдан ағылшын тілі артта қалып, дамымай жатқан жоқ, керісінше әлемнің тең жартысы осы тілде сөйлейді және ол үйренуге «ең оңай» тілдердің бірі саналады. Ешбір ағылшын «диграфтардан бас тартайық» деп жатқан жоқ.

Ö әрпі, яғни «ө» дыбысы. Бұл латын әліпбиінің кеңейтілген нұсқасында бар таңба. Біздің ойымызша, біз осыны қабылдасақ, ешкім қарсылық таныта қоймас.

Мысалдар: kölemdi, tömen, örik, ömir, kökönis, bölek, bölim, öskin, körikti, örkökirek, Özbekstan, Aqtöbe, Ötemis, Öskemen, Örken.

U таңбасы, яғни «у» және «ұ» дыбыстары. Қазақ сөздерінде бұл таңба «ұ» дыбысын берсе, өзге тілден енген сөздерде «у» деп оқылады.

Мысалдар: қазақ тілінде: qulager, suraq, jumaq, turmys, samuryq, jumys, urpaq, sur, quraq, Ulpan, Nurlan, Jumabai, Nur-Sultan, Tumandy Albion.

Өзге тілден енген сөздер: prokuratura, kubok, turnir, tundra, bullit, futbol, bonus, Buratino, Runi, Joshua, Uilliams, Artur, Ukraina, Urugvai, Baku, Belarus.

Ал қазақ сөздеріндегі «у» дыбысын қалай таңбалаймыз? Тіл мамандарының айтуынша, қазақ тілінде дауысты «у» дыбысы жоқ. Тек дауыссыз «у» ғана бар. Расында солай. Кириллицада «су», «тура», «курай», «тату», «қару», «бура» секілді көптеген сөздер дұрыс жазылмаған. Дұрысында бұлар «сұу», «тұура», «құурай», «татұу», «қарұу», «бұура» деп айтылады және солай жазылады. Мұндағы «у» – дауыссыз дыбыс.

Латын әріптерімен олар suw, tuwra, quwrai, tatuw, qaruw, buwra болып жазылады.

Дауыссыз «у» дыбысын төменде W таңбасын талдағанда кеңінен айтамыз.

Реті келгенде айта кетейік, біз кириллицада тұйық етістіктің жұрнағы «-у» ғана деп оқып келдік. Тіліміздің заңдылығы бойынша бұл жұрнақ «-ұу», «-үу», «-ыу», «-іу» және «у» болуы тиіс (латынша «uw», «üw», «yw», «iw», «w»). Сөздің ішінде келген дауысты дыбыстардың жуын-жіңішке болуына орай сәйкес жұрнақ жалғанады. Аталған жұрнақтарға бір-бір мысалдан келтіре кетейік: bur+uw (қазіргі жазылуы – бұру), kül+üw (күлу), sat+yw (сату), bil+iw (білу), basta+w (бастау).

Ü таңбасы, яғни «ү» дыбысы. Бұл әріп латын әліпбиінің кеңейтілген нұсқасында бар. Кейбір Еуропа халықтары және түріктер қолданады. Егер біз осы таңбамен «ү» дыбысын белгілесек, оған ешкімнің таласы болмайды деп ойлаймыз.

Мысалдар: bügin, türik, ükimet, ürker, tük, süre, kürek, sümbile, mümkin, Dükenbai, Ümit, Üsen, Külpäsh, Ürimshi, Türkistan.

W таңбасы, яғни дауыссыз «у» дыбысы. Ағылшын тілінде және өзге де бірқатар тілдерде бұл әріп дауыссыз «у» дыбысын береді. Дауысты дыбыстың алдында және артында «у» келсе, осы таңбамен жазылады. Ағылшын тілінен мысалдар: Washington, world, work, Botswana, new, low, town, т.б.

Қазақ тілінде де біз дауысты дыбыстың алдында және артында келген дауыссыз у дыбысын «w» таңбасымен жазғанымыз дұрыс.

Мысалдар: waqyt, sharwa, bawyrsaq, palaw, kerewet, taw, sawmal, jwyrda, bwyn, twysqan, kewde, ekew, alaw, balwan, Bawyrjan, Rawan, Atyraw, Aqtaw.

Енді латын негізіндегі қазақ әліпбиіне енгізілетін диграфтарды талдайық. Барлығы 6 диграф қолданылады. Оның біреуін («ее») біз жоғарыда талдадық. Қалған бесеуіне кезек берсек.

Gh диграфы, яғни «ғ» дыбысы. Бұл диграф ағылшын сөздерінде өте көп кездеседі және әр жерде әртүрлі дыбыс берсе, кей сөздерде мүлдем оқылмайды. Соның ішінде кейбір сөздерде «г» деп оқылады. Мысалы, ghost [gəʊst], ghetto [getɒʊ], ghastly [gɑ:stlı], т.б.

Әлемдегі басқа да біраз ұлттардың әліпбиінде бұл диграф бар және ол көбінесе «ғ» дыбысын береді. Сондай-ақ, 1928-1940 жылдары Кеңес Одағындағы түркі халықтары қолданған латын әліпбиі, яғни яналифте g мен h таңбаларының қосындысынан жасалған **Ƣ** әрпі болғаны белгілі және ол да «ғ» дыбысын берген еді. Мысалы, «Қазақстан» сөзі «Qaza**Ƣ**ьstan» (Қазағыстан) деп жазылды.

Біз «ғ» дыбысын жазу үшін әліпбиімізге тағы бір таңба қосуды артық деп санаймыз. Оның орнына көпке түсінікті «gh» диграфын пайдалансақ, бұдан ұтарымыз көп.

Мысалдар: taghdyr, gharysh, tagham, maghyna, jarghy, saghynysh, ghalam, soghym, talgham, shyghys, Qaraghandy, Talghar, Saryaghash, Ghabeet, Balghynbek, Qarlyghash.

Ng диграфы, яғни «ң» дыбысы. Ағылшын тілін мектепте оқыған әрбір адам бұл диграфтың қандай дыбыс беретінін жақсы біледі. Оны түсіндіріп жатуды артық деп санаймыз.

Қазақ тілінің латын негізіндегі әліпбиінде де біз «ң» дыбысын таңбалауда осы диграфты пайдалануымыз керек. Бүкіл әлем білетін және оқи алатын «ng» тұрғанда әліпбиімізге тағы бір таңба қоспайық.

Мысалдар: jangbyr, qangtar, qalyng, siringke, änggime, tengge, tangba, aqqaiyng, Angsar, Mengsuluw, Angyraqai, Beijing.

Енді «ng» диграфына байланысты көпті толғандырған мәселеге тоқталсақ. Қазақ тілінде «н» мен «г» әріптері қатар келетін бірқатар сөздер бар. Сондай-ақ, «н» әрпімен аяқталатын сөздерге барыс септігінің «ге», есімшенің «ген», тағы басқа «гі», «гіш» секілді жалғау-жұрнақтар қосылғанда «н» мен «г» әріптері қатар келіп қалады.

Мысалы, Амангелді, сенгіш, бүгінгі, түнгі, күнгей, әнге, сәнге, мінгесу, сөнген, көнген, т.б. Бұл жерде қатар тұрған «н» мен «г»-ні қалай оқимыз?

Қазақ тілінде «ілгерінді ықпал» және «кейінді ықпал» деген ереже бар. Бұл қатар тұрған кейбір екі әріпті оқығанда алдыңғысы кейінгісін немесе кейінгісі алдыңғысын өзгертіп жіберетін заңдылық. Мысалы, «н» әрпінен кейін «г», «ғ» әріптері келсе, кейінді ықпал әсерінен, «н» әрпі «ң» болып өзгереді. Айталық, «алдын» деген сөзге «ғы» жұрнағы жалғанғандықтан, біз оны «алдыңғы» деп жазып жүрміз.

Жоғарыда мысалға келтірген сөздерде де «кейінді ықпал» бар екенін байқау қиын емес. Айтып көріңіз: Амаңгелді, сеңгіш, бүгіңгі, күңгей, міңгесу, сөңген деп айтылады. Ендеше біз оларды да неге айтылуы бойынша Amanggeldi, senggish, büginggi, künggei, minggesüw, sönggen деп жазбаймыз? Сонда «ng» диграфына байланысты айтылып жүрген проблемадан құтылар едік.

Негізі қазақ тілінде «н» мен «г» әріптері қатар келетін сөздер көп емес, саусақпен санарлық қана. Сол бірен-саран сөзге бола бүкіл әлем танитын «ng» диграфынан бас тартсақ, ол тілімізді дамыту емес, артқа шегіндіру болар еді.Тағы бір айта кетер жай: ішінде «нг» әріптері қатар келген шетел сөздері. Мысалы, брифинг, митинг, боинг, кёрлинг, лизинг, шоппинг, клининг, кастинг, тюнинг, т.б.

Бұлар brifing, miting, boing, kiorling, lizing, shopping, klining, kasting, tiuning деп жазылады. Қазақ тілінде оларды ағылшын тіліндегі түпнұсқасына сай «брифиң», «митиң», «киорлиң», «лизиң», «шоппиң» деп оқыған дұрыс деп есептейміз.

Kh диграфы. Қазіргі латын әліпбиінде бір ғана «х» әрпі қалдырылғаны белгілі. Бірақ, дін мамандарының айтуынша, әліпбиде екеуі де (х және h) болуы керек. Өйткені, h әрпі 2-3 сөзде ғана (yh, tyh) кездескенімен, ол діни мәтіндерде өте кең қолданылады. Мысалы, Аллаhу әкбар, бисмилләhир рахманир рахим, т.б.

Ch және Sh диграфтары. Егер біз жоғарыда айтылғандай х дыбысын kh диграфымен берсек, «ш» әрпіне қатысты айтылып жүрген проблемалар (асхана, Асхат) шешілген болар еді.

Сондықтан «ч» және «ш» дыбыстары үшін де біз жаңа таңба ойлап табам деп бас ауыртпауымыз керек. Бүкіл әлем танитын жоғарыдағы диграфтармен жазуымыз қажет. Кириллицадағы ь, ъ, э, ю, я, щ, ё, h таңбалары жаңа нұсқаға енгізілген жоқ. Бұлардың ішінен ъ, э, щ, h дыбыстары қазақ сөздерінде мүлдем қолданылмайды. Басқа тілден, әсіресе орыс тілінен енген сөздерді бұларсыз да жазуға болады.

Ал «ю» дыбысын «iw» (басқа тілден енген сөздерде «iu»), «я» (иа, ия) дыбысын «іа», ё дыбысын «іо» деп жазамыз.

Мысалдар: aiw, oiw, kaiuta, Niuton, haiwan, soiw, süiw, keiw, Iuta, Iupiter,

Baian, saiahat, qaria, policia, qiar, biatlon, daiashy, aialaw, Iaseen, Iassawee, media, brilliant, Francia, Italia, Germania, Älia, Maria.Tokio, aksioma, million, Lion, Kioto, Rio-de-Janeiro, bios.

Кейбір сөздерде жіңішкелік белгісі («ь») жазылмайды. Мысалы: medal, film, lager, almanah, Kalkutta, Izrail, Salvador, Kioln, Albert.

Кейбір сөздерде «ь» орнына «і» әрпі (яғни «и» дыбысы) жазылады: batalion, bulion, minion, premiera, т.б.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д., профессор, Орфографиялық жұмыс тобының мүшесі З.Базарбаеваның журналист Ескендір Тасболаттың латыннегізіндегі қазақ тілі әліпбиінің жобасына сараптамалық пікірі:

Құрметті әріптестер: Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиін жасағанда фонологиялық және орфографиялық заңдылықтарды ескеру керек. Әр тілдің әліпбиінде дыбыстар шартты түрде таңбаланады. Оның жетіспеушіліктері мен кемшіліктері орфография қағидаларымен өтеледі.

Ұсынылған жоба 28 әріптен тұрады. Х әрпі алынбаған, 3 умлаут арқылы жасалған диакритикалық әріптер кірген. Ал диграфтар (gh – ғ; ng – ң; sh – ш; ch – ч) ағылшын тіліндегідей тек жазуда қолданылады.

Әліпбидің ұтымды жақтары бар. Ол ә, ө, ү дыбыстарға қатысты. Осы жіңішке дыбыстарды «умлаут» деген диакритикалық таңбамен берілген (Ä, Ö, Ü). Бұл диакритикалық таңбаның функциясы дыбыстарды жіңішкерту, сондықтан ол өз қызметін атқарып тұр. Рас, жоба авторы айтқандай, «кейбір еуропалық халықтар (немістер мен шведтер) осындай таңбаларды қолданады». Түріктер мен әзербайжандардың да әліпбиінде осындай диакритикалық таңба бар.

Автор жобасы С таңбасын әліпбиде болғанын қалайды. Автормен келісемін және Ескендір Тасболаттың пікіріне қосылып цитатасын келтіруге жөн көрдім:

«Соңғы қабылданған латын әліпбиінде бұл әріп жоқ. Оны жасаушылар қазақ тілінде «ц» дыбысының мүлдем болмағанын алға тартады. Бірақ, біз «ц» дыбысын бүгінгі қазақ тілінен алып тастау мүмкін еместігін айтқымыз келеді. Біріншіден, «ц» әрпі бар сөздер орыс тілі арқылы біздің тілімізге түбегейлі еніп кетті. Екіншіден, бүкіл әлем жаңа тілдерді үйреніп, жаңа сөздерді игеріп жатқанда, біз бұрыннан сіңісті болып кеткен сөздерімізді қайтадан өзгертумен әуреленіп жатсақ, дамыған елдер көшінің соңында қаламыз. Бұл тілді дамытатын емес, керісінше тоқырататын, халықты (әсіресе еліміздегі өзге ұлт өкілдерін және орыстілді қазақтарды) тілден бездіретін қадам». Математика, медицина, химия, физика салаларында С әрпі жиі қолданылады. Осыны ескеру керек. Дегенмен жобаның күмән тудыратын қырлары да жоқ емес.

Жоба авторы айтқандай «бұл нұсқаның ерекшелігі – ағылшын тілінің емле ережелеріне барынша жақындатылып жасалған». Алайда ағылшын тілінің жазуы көне жазу, ол өте ерте қалыптасқан. Ғасырлар бойы олардың емле-ережелері өзгерген жоқ; жазу мен айтылуында және әріп пен дыбыста үлкен айырмашылық бар. Біз латын графикасына енді ғана көшіп жатырмыз, сондықтан ағылшын тілінің жазуында кездесетін қайшылықтарынан біз аулақ болуымыз керек. Біз әлем тілдердің тәжірибесін жан-жақты зерттедік.

Ағылшын тілінің 26 латын әріптері базалық таңбалар болып саналады. Француз тілінің әліпбиі де 26 – ақ әріп қамтиды. Ағылшын және француз тілдері батыс еуропа тілдеріне жатады. Бұл тілдердің жазуы Римдік Империясы ыдырағаннан кейін пайда болды. Ал шығыс еуропа тілдерінің жазуы кейінірек қалыптасқан, олар 26 базалық көне әліпбиіне

өздерінің ұлттық дыбыстарын таңбалап енгізген. Демек әр тіл өзінің ұлттық әліпбиін жасайды. Басқа еуропа тілдері ағылшын тіліне жақынырақ болса да ешкім ағылшын тілі жазуының дәстүрлі-тарихи принципін үлгі ретінде алған жоқ.

Ағылшын тілінің фонетикалық жүйесі өте бай, 44 фонемадан тұрады, себебі тілдің даму барысында фонема саны өскен, ал әріп саны сол күйінде қалған. Сондықтан 44 фонема тек 26 әріппен беріледі. Ал жаңадан пайда болған фонемаларға әріп болмаған соң, оларды диграф арқылы таңбалайтын болды. Жазу тілі мен сөйлеу тілін бір-біріне жақындату үшін транскрипция пайдаланылады. Жазу теориясы тұрғысынан алғанда бұл жазудың жетістігі емес, кемшілігі болып табылады.

Ұсынылған жобада 4 диграф (gh – ғ; ng – ң; sh – ш; ch – ч) көрсетілген.

Түркі тілдерінің тобына кіретін қазақ тілі агглютинативті тілдерге жатады, яғни грамматикалық көрсеткіштер түбірдің соңында жалғасады. Ал диграфтарды пайдаланса сөздеріміз одан да ұзын болып, оқуда да, жазуда да кейбір қиыншылықтар туады және бұл орфографияның үнемдеу принципіне сай келмейді.

Диграфтық жазу 2017 жылы Парламентте ұсынылған болатын, сонда қоғам осындай жобаны қолдамай, қарсы шыққаны бәріміздің есімізде. Бір фонема (дыбыс) екі әріппен белгілеу - бұл торығу және амалсыздықтың белгісі. Сол уақытта біз 3 аударма мәтіндерді салыстырып көрдік: ағылшын, орыс және қазақ тілдерінде. Диграф арқылы берілген қазақ тілі мәтінінің көлемі 1,5 есе үлкенірек болғаны байқалды. Себебі диграфпен таңбаланған әріптер мәтіндерде өте жиі кездеседі.

Қорыта келгенде, ағылшын тілінің күрделі, дәстүрлі-тарихи принципке негізделген көне жазуы қазақ тілінің жазуына келмейді. Жаңа латыннегізді қазақ жазуы түсінікті, оңай, қолжетімді болу үшін бір дыбысқа бір әріп деген принципті ұстануымыз керек.

Ал жоба авторына латын графикасына негізделген жаңа қазақ әліпби жобасының талқылауына қатысқан үшін рахметімізді айтамыз.

Е.Тасболат: Сізге рахмет бірақ өзімнің ойымды айтайын дегенім ағылшын тілінің еш қиындығы жоқ. Жастардың кез-келгені ағылшын тілінде оқи алады, жаза алады. Тілімізді заманның ағымына бейімдеуіміз керек.

Т.Аяпова: Құрметті әріптестер! Латын әлібиін өту басталғалы бері қазақ тілін ағылшын тілі дыбыстарымен аламын деген менің миыма кіріп шықпайды. Екеуі екі бөлек тіл. Ағылшын үнді-европа тіліне, оның ішінде Герман тілдері тобына жатады. Қазақ тілі Алтай тобына жатады, оның ішінде түркі тілі тілдеріне жатады. Екеуі ұқсамайды. Жаңа сіз *нг* т.б. дегенді айтып отырсыз. Сіздің айтып тұрғаныңыздың біреуі де дұрыс емес. Қазақ тілі сондай сорлы тіл ме? Зейнеп Мүсілімқызы дұрыс айтады ағылшын тілінің жазуы көне жазу, ол өте ерте қалыптасқан. Ғасырлар бойы олардың емле-ережелері өзгерген жоқ; жазу мен айтылуында және әріп пен дыбыста үлкен айырмашылық бар. Сіздің айтып тұрғаныңыз түбегейлі дұрыс емес. Жастардың бәрі біледі, жазады дейсіз. Сонда латын әліпбиі тек студенттерге, докторанттарға арналған ба? Бірінші, екінші сыныптың балалары қалай оқиды сонда. Егде адамдар қайтеді? Жаңа мен баяндамада айтып өттім. Психолингвистикалық тұрғыда қарастыруымыз керек. Тілдік материалдарды дұрыс қолданумыз керек. Біз оны ешқашан өзгерте алмаймыз. Жаңа нәрсе қоса да алмаймыз. Бірақ қоғамның дамуына байланысты жаңа нәрсе өзінен өзі қосылады. 4 түрлі нәрсені айтып тұрсыз. Ағылшындардың ережесін рұқсатсыз сіз ала алмайсыз. Біз 5-11 сыныптың оқулығын жасау үшін хат жазып рұқсат сұрап отырмыз. Ал сіз онда штраф төлеңіз. W-ды У деп ала алмайсыз. Бизнесвумен деген қалай аласыз онда. Келмейді. Олай қолданбайды. Сөз болмасын ондай. Мен маман ретінде айтамын.

Ж.Жақыпов: Әліпби жасайтын адам фонема дегенді жақсы білу керек. Фонологияны!

Ғ.Мелдешов: Ескендірге де рахмет. Сарапшыларға да рахмет. Пікірлер қосып жатыр. Менікі дұрыс, сенікі дұрыс деген болмайды. Мамандар тілдің заңдылықтарына сүйеніп айтып жатыр.

Манас Сапарбаев, қазақ тілі мұғалімі: Қазақ әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы Елбасы Жарлығы шыққалы қоғам пікірі екіге жарылды. Басты себеп қолданысқа түскелі тұрған жаңа латын алфавитіндегі қателіктер. Үндестік заңына сүйеніп ғана қазақ тілін жасаймыз. Қателіктердің үлкен-кішісі жоқ. Ең бірінші қателік акут.

№	Жазылуы	Дыбысталуы	№	Жазылуы	Дыбысталуы
1	A a	[a]	17	Ń ń	[n]
2	Á á	[ə]	18	O o	[o]
3	B b	[б]	19	Ó ó	[ө]
4	D d	[д]	20	P p	[п]
5	E e	[e]	21	Q q	[қ]
6	F f	[ф]	22	R r	[р]
7	G g	[г]	23	S s	[с]
8	Ǵ ǵ	[ғ]	24	T t	[т]
9	H h	[х], [h]	25	U u	[ұ]
10	I i	[і]	26	Ú ú	[ү]
11	I ı	[ы], [ы]	27	V v	[в]
12	J j	[ж]	28	Y y	[ы]
13	K k	[к]	29	Ý ý	[y]
14	L l	[л]	30	Z z	[з]
15	M m	[м]	31	Sh sh	[ш]
16	N n	[н]	32	Ch ch	[ч]

2018 жылы бекітілген алфавит қолданысқа қателерінен арылып қана сіңісе алады.

Мұндағы алғашқы қате **і, и** әріптерінің бірдей жазылуы.Егер аталған әріптер сөйлем басында немесе бас әріппен жазылатын атауларда кездессе ажырату мүлдем мүмкін емес. Ана тілімізде **і** және **и** дыбыстарымен басталатын адам аттары мен топографиялық атаулардың кездесетінін ескерсек, бұл қателікті түзету қажет. Екінші қате диграфпен таңбаланған **ш (sh)** дыбысындағы екі әріп әрқайсысы жеке дара **с** және **х** дыбыстарының да белгілері ретінде берілген.Сондықтан **с+х** әріптері қатар қолданылған сөздерде ш немесе сх екенін ажырату қиын. Мысалы, асхана сөзі ашана болып та оқылады. Латын әріптерінің негізінде қабылданған қазақ әліпбиінде төл дыбыстар акут арқылы белгіленген. Қазіргі қолданысқа енгізіп отырған алфавитіміздің көк сиыры да осы – акут болып отыр. Өзге тілдерде кездеспейтін қазақ дыбыстары **ә, ғ, ң, ө, ү** акут арқылы айшықталған. Бірақ біз күткендей емес **«акут»** қолданыста қолайсыз, тұрмыста жарамсыз екені белгілі болды. Біріншіден, үстіне акут қойылған әріптерді компьютерде теру әрқилы іс-амал арқылы ғана жүзеге асады. Яғни, қолданыста қиындық туғызады. Үйренген жағдайдың өзінде де тез жазу мүмкіндігінен айрыламыз. Акутқа арнап пернетақта жасатқан күнде де, біз тек баспа (печатный) әріптерін ғана қолдана аламыз. Демек, бізде әдемі шрифтермен өрнектеп жазу мүмкіндігі болмайды. Не себептен әлем әуестенген әсемдіктен біз мақрұм қалуымыз керек?

Акуттың ең басты кемшілігі халықаралық қатынаста қазақ әріптерін қолдана алмайтындығымызда. Құрамында акутпен анықталған төл дыбыстарымыз кездесетін банк, фирма, адам аттарын өзге елдерде жаза да, тіркей де алмаймыз. Себебі үстіне акут қойылған әріптері бар сөздермен домендік есім жазу, сайт ашу былай тұрсын, қарапайым пошта да тіркей алмайсыз. Еларалық қатынастарда қазақ дыбыстарын қате жазсақ немесе **а-ны ә, ғ-ны г** деп белгілесек, ана тіліміздегі сөздердің қолдану аясы тарылатыны сөзсіз. Баршаңызға белгілі, тілімізде бір әріп қате оқылса, сөз мағынасы да өзгереді. Әншінің-аңшы аталып жүргенінен арылатын уақыт әлдеқашан өтіп кеткен. Көптеген тіл мамандары мен жанашырлары болашақ ұрпақ латын графикасымен қате жазғанша, үйреншікті кирилл алфавитінде қалғанымыз дұрыс деген пікірге ауа бастаған сыңайлы. Латын әріптеріне өту-өмір талабы. Жазуымызды латын графикасына көшіру ана тіліміздің қолдану аясын да кеңейтеді.Сондықтан қолданысқа түскен алфавитіміздің кемшілігін түзету, азаматтық парызымыз.

Тілімізде жалғыз кіндік дыбыс деп аталатын ерекше **h** дыбысы бар. Һ әрпін Гауһар, айдаһар, қаһарман, жиһаз, һауыз сөздерінде қолданып келдік. Һ-кіндік дыбысын парсы тілінен енген х әрпімен алмастырсақ, сөйтіп Гаухар, айдахар, жихаз, қахарман, хауыз деп жазсақ фонетикалық та графикалық та қате болмайды.Мұндағы мақсат h таңбасын жою емес, керісінше h әрпінің қолданыс аясын кеңейту. Һ таңбасын ендігі жерде белгі деп алып, қолданысқа қосайық. Бұл әлемдік практикада бар. Латын графикасын пайдаланатын көптеген ел осы белгіні қосу арқылы латын графикасында кездеспейтін дыбыстарын анықтап алып отыр.Тіл мамандары арасында диграфты дыбыстардан арылу қажет деген пікірлер де айтылып жүр. Әйтседе қостаңбамен бір дыбысты белгілеп, қатесіз жазып жүрген ағылшын, француз халқы ешқандай жайсыздық сезініп отырған жоқ. Аталған елдерде кейбір дыбыстарын триграф, яғни, үш таңбамен де белгілеген.

Сондықтан біздер де акуттан арылып,төл дыбыстарымызды бірыңғай диграфпен белгілесек, қателікке бой ұрмаймыз. Біріншіден, әліпбиімізді толықтай қолданыстағы таза латын графикасымен таңбалағандықтан, ешқандай шығын кетпейді. Екіншіден, халықаралық қатынаста, домендік есім жазып сайт ашуда, өз сөзімізді қатесіз, өзгеріссіз енгізе аламыз. Ең бастысы, әсем әріптермен өрнектеп жазу мүмкіндігін де толық игереміз. Ендігі жерде латын алфавитіндегі h-белгісін акут орнына қолданайық.

Qazaq alipbji

1	A a	12	J j	23	S s
2	Ah ah	13	K k	24	T t
3	B b	14	L l	25	U u
4	C c	15	M m	26	Uh uh
5	Ch ch	16	N n	27	V v
6	D d	17	Nh nh	28	W w
7	E e	18	O o	29	X x
8	F f	19	Oh oh	30	Y y
9	G g	20	P p	31	Z z
10	Gh gh	21	Q q	32	Zh zh
11	I i	22	R r	33	h - belgi

h-белгісі жеке дара күйінде дыбыс иесі болып табылмайды. h-ана тіліміздегі төл дыбыстарымызды латын графикасына ыңғайластырушы көмекші таңба.

h-сингорманизмге сәйкес жіңішке буындардан құралған сөздерде жазылмайды.

Мұндағы ah-ә, c-ш, ch-ащы,ович,чили немесе чикаго т.с.с сөздерде қолданылатын қатқыл тш. gh-ғ, i-і, j-и, nh-ң, oh-ө, uh-ү, w-у, zh-ж.

Белгі **(h)** қолдану арқылы**, ә-ah, ө-oh, ү-uh,**-жіңішке дыбыстарды таңбалау ерекшелігі үндестік заңына сүйеніп,белгіні түсіп қалатын ереже қабылдау мүмкіндігі бар.

Мысалы: **Ahsem, Ahlibek, Kohrkem, Guhlim** сөздері бірыңғай жіңішке буындардан құралғандықтан **Asem, Alibek, Korkem, Gulim** деп жазылады.Сингормонизмге сәйкес **а-ә, о-ө, ұ-ү** болып оқылады. Һ-тек бір буынды сөздерді немесе жеке әріптерді ажыратуда ғана қажет. h-бірыңғай жіңішке дауысты дыбыстарда болғандықтан үндестік заңына бағынатын сөздердің барлығында түсіп қалып отырады. Дауыссыз дыбыстардағы белгі еш өзгеріссіз сол қалпында жазылады және солай оқылады. Мысалы: **Balghyn, Zhanibek.**

Һ-қолдану арқылы қатесіз жазылатын әліпбиді қолдасақ, көз үйретсек, қолданыста еш қиындық тудырмайды. Ең бастысы,еш шығынсыз қатесіз жазу, халықаралық қатынаста қолдану және компютерде бар бүкіл шрифті қолдану мүмкіндігіне ие боламыз.

Ж.Жақыпов: М.Сапарбаевтың белсенділігі, жанының жүйріктігіне рақмет айтамыз.

М.Сапарбаев «қолданысқа түскелі отырған» әліпбидегі «қателіктерге» тоқталады. «Қателіктер» деген сөздің орынсыз екенін ескерте кетейік. Ұсыныс иесінің көрсетуінше,

әліпбидегі орайсыздықтар – і және и/й дыбыстарының бірдей жазылуы, ш дыбысының қос таңбамен берілуі, екпін таңбасы (акут). Кемшілік деп көрсеткен бұл жайттардың негізі бар. Шындығында, і мен й дыбысының бас әрпін жазуда екіұштылық болғаны рас, ш дыбысының сх дыбыстық тіркесімен таңбаланғаны – шындық, акут таңбасының ғылыми ұғымда екпінді білдіретіні, ал екпіннің, әсіресе, дауыссыз дыбыстарды таңбалайтын әріптерге қойылуы орын алды. Автор акутты «h» таңбасымен ауыстыруды ұсынады. Сөйтіп мынадай 32 әріптен тұратын әліпби ұсынады: («h» таңбасын әріп емес, «белгі» деп атағандықтан әліпби тізіміне енгізбедік).

Бұл әліпби мәселені шешіп бере алмайды деп есептеймін. Бұған мына жайттар себеп болып отыр:

1. І мен И дыбыстарының таңбаларындағы бірдейлікті болдырмау үшін «й/и»-ді «j» әрпімен белгілеу мәселені шеше алмайды, себебі «j» – басқа дыбыстың иесі;
2. автор ш дыбысының диграфпен таңбалануын «қателік» деп табады, бірақ осы қосар әріпті қайта ұсынады;
3. акутты «h»-мен ауыстыру туралы ұсынысы жарамсыз, өйткені «h» ешқашан белгі бола алмайды, ол – фонема иесі, оны белгіге жатқызу салдарынан диграфты 8 бірдей әріп ұсынылған. Бұл әрі жазу әрекетінде рабайсыздық келтіретіні – өзінен-өзі белгілі жайт.
4. акутты компьютерде қолданудың қиын іс емес екенін мамандар айтып, көрсетіп жүр;
5. автордың бұған дейін ұсынылған диграфтық әліпбидің неге ауыстырылғанынан хабардар болса мұндай ұсыныс жасамас еді деп есептеймін.

Ғ.Мелдешов: Нұрлан Түлтебаевқа сөз береміз. Физика-математика ғылымдарының кандидаты.

Н.Түлтебаев: Құрметті, қазақ тілі жанашырлары! Осы уақытқа дейін Президентке және құзіретті органдарға өзімнің әліпби жобамды жолдаған едім. Алдыңғы жобама өзгерістер енгізіп, жаңа жобамды алдарыңызға алып келдім. Акуттің орнына қалпақты қостым.

Қосымша 1

Qazaq âlippesi (joba)

	Кирилше	Латынша	Аталуы		Latŵnŝa	Atalŷŵ	Kîrîlŝe
1	А а	A a	а	1	A a	a	А а
2	Ә ә	Â â	ә	2	Â â	ə	Ә ə
3	Б б	B b	бы	3	B b	bŵ	Б б
4	В в	V v	вы	4	C c	ci	Ч ч
5	Г г	G g	гі	5	D d	dŵ	Д д
6	Ғ ғ	Ĝ ĝ	ғы	6	E e *)	e	Е е
7	Д д	D d	ды	7	F f	fŵ	Ф ф
8	Е е	E e *)	э	8	G g	gi	Г г
9	Ж ж	J j	жы	9	Ĝ ĝ	ĝŵ	Ғ ғ
10	З з	Z z	зы	10	H h	ha	Н h
11	И и	Î î	и	11	I i	i	І і
12	Й й (дауыссыз)	Y y	й (дауыссыз)	12	Î î	î	И и

13	К к	K k	кі	13	J j	jŵ	Ж ж
14	Қ қ	Q q	қы	14	K k	ki	К к
15	Л л	L l	лы	15	L l	lŵ	Л л
16	М м	M m	мы	16	M m	mŵ	М м
17	Н н	N n	ны	17	N n	nŵ	Н н
18	Ң ң	Ň ň	ыңы	18	Ň ň	ŵň	Ң ң
19	О о	O o	о	19	O o	o	О о
20	Ө ө	Ô ô	ө	20	Ô ô	ô	Ө ө
21	П п	P p	пы	21	P p	pŵ	П п
22	Р р	R r	ыр	22	Q q	qŵ	Қ қ
23	С с	S s	сы	23	R r	ŵr	Р р
24	Т т	T t	ты	24	S s	sŵ	С с
25	У у	Ŷ ŷ	у	25	Ŝ ŝ	ŝŵ	Ш ш
26	У у (дауыссыз)	W w	у (дауыссыз)	26	T t	tŵ	Т т
27	Ұ ұ	U u	ұ	27	U u	u	Ұ ұ
28	Ү ү	Û û	ү	28	Û û	û	Ү ү
29	Ф ф	F f	фы	29	V v	vŵ	В в
30	Х х	X x	хы	30	W w	w (dawŵssŵz)	У у (дауыссыз)
31	Н h	H h	ha	31	Ŵ ŵ	ŵ	Ы ы
32	Ч ч	C c	чі	32	X x	xŵ	Х х
33	Ш ш	Ŝ ŝ	шы	33	Y y	y (dawŵssŵz)	Й й (дауыссыз)
34	Ы ы	Ŵ ŵ	ы	34	Ŷ ŷ	ŷ	У у
35	І і	I i	i	35	Z z	zŵ	З з
*)	кірме сөздерде латынша жазылуында «е» әрпі кейбір жағдайларда”э” болып оқылады: electron (электрон)						

Бұл жобаның негізгі ерекшеліктері:

1. Латын әріптері толығымен пайдаланылды;
2. Қазақ тілінің дыбыстары толықтай сақталды;
3. Халықаралық терминдер мен шетелдік географиялық аттар т.б. жазбалары ұқсасталды;
4. Й әріптің орнына латын Y ұсынғанымыз көп мүмкіндіктер тудырды: ё-yo, я-ya, ю-yu(yŷ);
5. Щ мен Ц әріптерін сақтау реті туылды: ащы -aŝŝi, тұщы -tuŝi, цифр -tsîfr;
6. Ағылшын тілінде H(h) орнына Kh(kh) қолданбайды;
7. Диграфтардан бас тартылды: Ŝ - Sh, C - Ch;
8. Орыс тілді ағайындарға у мен дауыссыз у дің ерекшелігін түсінуі жеңілдеді: taw - тау;
9. Бұл жобаның ең маңыздысы – компьютерлеу процессы әлдеқайда ыңғайлы болады: қосымша 2-де көрсетілгендей әр кирилше әріпке бір ғана латынша таңба сәйкестендірілген, сондықтан 99%-ға кирилшеден латыншаға көшіру компьютер арқылы мүмкін.

Қосымша 2
Mŵsaldar

	Кирилше	Latŵnŝa	Кирилше	Latŵnŝa
1	А а	A a	абырой	abŵroy
2	Ә ә	Â â	әдебиет	âdebîet
3	Б б	B b	барыс	barŵs
4	В в	V v	вакуум	vakŷŷm
5	Г г	G g	ертегі	ertegi
6	Ғ ғ	Ĝ ĝ	ғарышкер	ĝarŵŝker
7	Д д	D d	домбыра	dombŵra
8	Е е	E e *)	емхана	emxana
9	Ё ё	Yo yo	монтёр	montyor
10	Ж ж	J j	жаһан	jahan
11	З з	Z z	зейнеткер	zeynetker
12	И и	Î î	инелік	înelik
13	Й й (дауыссыз)	Y y	үйрек	ûyrek
14	К к	K k	кітапша	kitapŝa
15	Қ қ	Q q	қуырдақ	qŷŵrdaq
16	Л л	L l	ләззат	lâzzat
17	М м	M m	мұғалім	mugalim
18	Н н	N n	нарық	narŵq
19	Ң ң	Ň ň	еңбек	eňbek
20	О о	O o	шортан	ŝortan
21	Ө ө	Ô ô	өзгеріс	ôzgeris
22	П п	P p	періште	periŝte
23	Р р	R r	рақымдылық	raqŵmdŵlŵq
24	С с	S s	асхана	asxana
25	Т т	T t	тұщы	tuŝi
26	У у	Ŷ ŷ	қуыршақ	qŷŵrŝaq
27	У у (дауыссыз)	W w	уақыт	waqŵt
28	Ұ ұ	U u	ұстаз	ustaz
29	Ү ү	Û û	үтір	ûtir
30	Ф ф	F f	футбол	fŷtbol
31	Х х	X x	хабар	xabar
32	Һ һ	H h	айдаһар	aydahar
33	Ц ц	Ts ts	цифр	tsîfr
34	Ч ч	C c	чемпион	cempıon
35	Ш ш	Ŝ ŝ	шежіре	ŝejire
36	Щ щ	Ŝ ŝ	ащы	aŝŝi
37	ъ	-	-	-
38	Ы ы	Ŵ ŵ	ақын	aqŵn
39	І і	I i	әліпби	âlipbî
40	ь	-	-	-
41	Э э	E e *)	экскаватор	ekskavator *)

42	Ю ю	Yu yu	юрисдикция	yurîsdîktsîya
43	Я я	Ya ya	саяхат	sayaxat

Qosŵmŝa mŵsaldar

1	A a	Arŝa (арша), aĝayŵn (ағайын), aqŵl (ақыл)
2	Â â	Ânŝi (әнші), âwejay (әуежай), âteŝ (әтеш)
3	B b	Bôrik (бөрік), baqŝa (бақша), kebeje (кебеже)
4	C c	Cex (чех халқы), cek (чек), cerkes (черкес)
5	D d	Dâmxana (дәмхана), dûken (дүкен), dâwir (дәуір)
6	E e	Ereje (ереже), emxana (емхана), keň (кең)
7	F f	Fîrma (фирма), telefon (телефон), fakt (факт)
8	G g	Gûl (гүл), ŝege (шеге), gûrsil (гүрсіл), bayge (байге)
9	Ĝ ĝ	Ĝasŵqtŵk (ғашықтық), aĝaŝ (ағаш)
10	H h	Qaharman (қаһарман), gaŷhar (ғаyһар), jîhaz (жиһаз)
11	I i	Ini (іні), iŝimdik (ішімдік), isker (іскер), tilŝi (тілші)
12	Î î	Înelik (инелік), ınabattŵ (инабатты), îleŷŝi (илеуші)
13	J j	Jolbarŵs (жолбарыс), jîŵn (жиын), jahan (жаһан)
14	K k	Keňdik (кеңдік), kôgildir (көгілдір), kinâ (кінә)
15	L l	Laŝŵn (лашын), layŵqtŵ (лайықты), laq (лақ)
16	M m	Maĝŵna (мағына), mamŵr (мамыр)
17	N n	Nurlŵ (нұрлы), nawbayxana (наубайхана)
18	Ň ň	Aňŝŵ (аңшы), alaň (алаң), oňaŝa (оңаша)
19	O o	Ŝaxtyor (шахтёр), oyla (ойла), ŝortan (шортан)
20	Ô ô	Ôňir (өңір), kôl (көл), ôzgeris (өзгеріс), ôlŝegiŝ (өлшегіш)
21	P p	Payda (пайда), pîyaz (пияз), piŝin (пішін)
22	Q q	Qazaq (қазақ), qala (қала), qonŵs (қоныс)
23	R r	Aralŵq (аралық), raqat (рақат)
24	S s	Saparjay (сапаржай), tsi(î)rk (цирк)
25	Ŝ ŝ	Ŝoqan Wâlîxanov (Шоқан Уәлиханов)
26	T t	Ŝyotka (щётка), tuyaq (тұяқ), tûye (түйе), ŵnta (ынта)
27	U u	Nur-Sultan (Нұр-Сұлтан), uygarŵm (ұйғарым)
28	Û û	Ûy (үй), ûňgir (үңгір), ûtir (үтір), ûŝayaq (үшаяқ)
29	V v	Vaktsîna (вакцина), valyuta (валюта)
30	W w	Kôkŝetaw (Көкшетау), Wimbldon (Уимблдон), wâj (уәж)
31	Ŵ ŵ	Ŵbŵray Altŵnsarîn (Ыбырай Алтынсарин)
32	X x	Wâlîxanov, xalŵq (халық), xatŝŵ (хатшы)
33	Y y	York (Йорк), maydan (майдан), sayabaq (саябақ), ayŷ (аю)
34	Ŷ ŷ	Qŷŵrŝaq (Қуыршақ), sŷret (сурет), ŷday (удай), ŷhil (уһіл)
35	Z z	**Zaman (заман), zeynetker (зейнеткер)**

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері, ф.ғ.к., профессор, орфографиялық жұмыс тобының мүшесі Ж.Т. Жұмабаеваның Н.А. Түлтебаевтың латыннегізіндегі қазақ тілі әліпбиінің жобасына сараптамалық пікірі:

Ж.Жұмабаева: Латынграфикасына негізделген әліпби қандай болуы керек деген сауалдың айналасында А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында зерттеу жұмысы бірнеше жылдар бойы жүргізілген болатын. Нәтижесінде 2016 жылы «Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау» атты монография шыққан. Аталған зерттеу жұмысында әліпби жобасын анықтаудың лингвистикалық критерийлері белгіленген. Ұсынылып отырған жобаға қатысты бір-екі критерийге тоқтала кетсем.

- Әліпбидегі әріптердің саны тілдің негізгі дыбыстарының (фонемаларының) санынан алшақ болмауы;
- әліпбидегі әріптер тілдің негізгі дыбыстық заңы – үндесімді дұрыс бейнелейтін болуы;
- басы артық таңбалардың, белгілердің, яғни дыбыстық мәні жоқ әріптердің болмауы;
- қазақ тілі дауыстыларының жуан-жіңішке болып жұп құрауын негізге алу;
- көзшалым үшін оңтайлы, яғни әріпүсті, әріпасты қосалқы таңбалардың шектен тыс болмауы;
- әліпбиде диграфтар, триграфтар болмауы керек, себебі олар жазудың негізгі үнемдеу принципіне қарсы;
- диакритикалық таңбалар мейлінше аз болуы керек және олар қазақ тілінің фонологиялық жүйесін толық көрсетуі керек;
- бір дыбыс бір таңбамен белгіленуі керек; әр дыбыстың жеке-жеке таңбалануы қол дағдыны оңай қалыптастырады, көзтанымды жеңілдетеді.

Ғылыми зерттеулердің нәтижесінде анықталған лингвистикалық критерийлерге ұсынылып отырған жоба жауап бере ала ма?

Автордың жобасында 35 әріп ұсынылған, оның 11-і дауысты дыбыстарды таңбаласа, ал қалған 24-і дауыссыз дыбыстарды таңбалайды.

Жобаның артықшылығы

Жобада бір дыбыс бір әріп принципі сақталған. Қазақ тіліне тән дауысты және дауыссыз дыбыстарды таңбалайтын әріптер бір ғана диакритикалық таңба арқылы беріліп, жазудың үнемдеу принципіне сәйкес диграф және триграфтар әліпбиде жоқ. Қазіргі таңда әліпбиде қиындық келтіріп және көп сынға ұшыраған әріптердің бірі ч мен ш әріптерінің диграфпен таңбалануымен және и мен і-дің бас әріптерінің бірдей болуымен қатысты болса, автор осы әріптерді бір ғана таңба арқылы беріп и мен і әріптерінің бас әріптерін ажыратып беріп отыр. Сондай-ақ Латын әріптерінің мүмкіндігінше барлығын қамтыған.

Кемшін тұстары

- Автор ұсынып отырған әліпби жобасында қазақ тіліндегі дыбыстардың барлығын қамтығанымен, кейбір әріптердің мазмұнын ескермеген сияқты. Әліпби құрамындағы кейбір әріптер бірмәнді, яғни бір ғана дыбысты белгілейтін қызметте жұмсалса, ал кейбір әріптер бірнеше дыбысты белгілейтін көпмәнді графикалық таңбаға жататыны белгілі. Олай болса, бірнеше дыбысты белгілейтін көпмәнді графикалық таңбаға и мен у әріптері жатады. Қазақ тілтанымындағы зерттеулерде у әрпі төрт түрлі яғни тау дегенде дауыссыздың, су дегенде жуан дыбыс тіркесінде, күлу дегенде жіңішке дыбыс тіркесінде, универ дегенде дауысты дыбыстың қызметінде жұмсалатыны айтылып келеді және жазылымда бір әріппен у және и түрінде таңбаланатын дауысты/дауыссыздардың тіркесі «қысқа дауыстылар», «шолақ дауыстылар», «тел әріптер», «жарты дауыстылар» деп әртүрлі

аталды. И әрпінің мазмұны да дәл осы у әрпінікі сияқты болып келеді. Осы жағынан келгенде жоба авторының көпмәнді графикалық таңбаға жататын **и** мен **у** әріптеріне екі түрлі таңба арнап отырғаны аталған әріптердің мазмұнын теориялық жағынан ескермегеннен деп есептеуге болады. Жалпы **и** мен **у** әрпінің бірнеше қызметі емле ережемен реттеледі. Сонымен қатар дауыссыз у-ды w-мен таңбалау дегеніміз таратып жазуға алып барады. Ал таратып жазу мәселесі тікелей орфоэпияға қатысты екені барлығымызға белгілі. Автордың келтірген w таңбасына қатысты мысалдарында анлаут позициясында келетін сөздер ғана берілген. Мысалы, waqŵt. Ал сөз ортасы мен сөз аяғына қатысты мысалдар көрсетілмейді. Ұсынылып отырған жобада у-ды дауысты дыбыстардың құрамына қоса отырып, оған жеке таңба ŷ арнайды. Оны төмендегідей мысалдар арқылы дәйектейді: ŷâj, ŷŵldŵrŵq, ŷŵz. Бұл мысалдарда теориялық жағынан қате кетіп отыр. Себебі қазақ тілінің айтылым заңдылығы бойынша уәж деген сөзде у дауыссыз үнді дыбысына жатады. Сондықтан оны автордың жобасына салсақ, ŷâj емес wâj болып жазылуы керек еді. Нақты айтқанда, көпмәнді графикалық таңбаға жататын и мен у әріптерінің мазмұнына сәйкес (дыбыс тіркесі, дауысты, дауыссыз) жеке әріп арнау қазақ тілінің фонологиялық жүйесіне толық жауап бере алмайды және әліпби критерийіне қайшы келеді. Сондықтан у әрпін дауысты/дауыссыз дыбысқа ажырата отырып, олардың әрқайсысына жеке таңба арнауға болмайды. Оның барлығы емле ережемен реттеледі.

- Сондай-ақ жобада х және h әріптеріне жеке таңба берілген. Егер зерттеу жұмыстарына сүйенетін болсақ, х және h дыбыстары бір ғана әуезде, бір ғана реңкте айтылып, әлі де фонемалық кезеңге өтпегенін көруге болады. Олай болса, жобада екі дыбыстың екі әріппен таңбалануының өзі әліпбидің артықшылығына жатпайды.
- Дауысты ы дыбысының шартты ŵ таңбасымен берілуі. Қазақ әліпбиін түзуде қосымша таңбаларды аз қолдану керек деген принципті басшылыққа алатын болсақ, ŵ таңбасымен ы дыбысын беру оқуға да, жазуға да, қабылдауға да, оны тануға да қиындық келтіреді. Жобада у - w беріліп отыр, ал ы дыбысы - ŵ таңбаланып отыр. Алайда сөз ішінде екеуінің қатар келетін жерінде кез келген оқырман шатасуы мүмкін. Мысалы, twŵs екеуі қатар келгенде сөзді тануға қиын. Әрі ы дыбысы қазақ тілінде жиілігі жоғары дауыстыға жататындықтан, әрі үш позицияда келетіндіктен неғұрлым жазуға ыңғайлы әріпті алу керек сияқты. Сондай-ақ дауыссыз у дыбысы w таңбасымен берілгендіктен, оның үстіне диакритикалық таңбаны қойып дауысты ы дыбысын беруге болмайды. Қазақ тіліндегі жуан/жіңішке дыбыстарды берудің реті бұзылады әрі бұл рет, бұл жүйе жобада сақталмаған.
- Дыбыстардың айтылымын беруде бір-екі қате кеткен. Нұргелді Уәлидің зерттеуіне сүйенсек, ғалым дыбыстардың айтылымын беруде үш топқа бөледі. Үнділерді білдіретін әріптердің бірыңғай төмендегідей аталуы тиіс екенін көрсетеді. Олар: м - мы, н - ны, ң - ңы, л - ыл, р - ыр. Осы жерде л мен р дыбыстарының алдынан селбеспе дауысты келіп отырады. Себебі бұл әріптер жеке өз алдына дыбысталмайды, міндетті түрде алдынан селбеспе дауысты келіп отырады. Осы жағынан келгенде жобада р мен л дыбыстарының айтылымында дауысты селбесіп емес, дауыссыздан кейін келіп отыр. Осы жағын автор ескерсе.
- Қорыта келгенде, ізденіп, өзінің жобасын ұсынып отырғанына көп рақмет. Жобада бір дыбыс бір әріп принципін басшылыққа алғаныңыз әліпбидің ұтымды жағы деп айтуға болады. Бірақ жобадағы кемшін тұстарын қабылдауға қоғам әлі дайын емес деп ойлаймын. Сізге шығармашылық табыс тілеймін.

Ғ.Мелдешов: Арамызға 15 жастағы бала келіп отыр. Ақыл жастан деген. Абзал Мырзашқа сөз берейік.

А.Мырзаш: Менің аты-жөнім Мырзаш Абзал Дәуренбекұлы. Мен 2005 жылдың 19 наурызында дүниеге келдім. 12 жасымда Қазақ Британ техникалық университетіне оқуға түсіп студент атандым**.** Мен 2018 жылдың 19 ақпанында жарияланған «акутпен жасалған жаңа әліпбиді» қарап шыққаннан кейін мен оның көптеген кемшіліктерін байқадым. Осыған орай, мен латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиі бойынша өз нұсқамды ұсынғым келеді, ол бекітілген «акутпен жасалған жаңа әліпби» нұсқасымен салыстырғанда бірнеше артықшылықтарға ие:

1) арнайы клавиатура (пернетақта) жасауды қажет етпейді;

2) диграфтардың санына қарамастан, ол сөздердің тұрқын ұзартпайды, мәтіннің көлемін ұлғайтпайды, клавиатурада әріптерді теру уақытын арттырмайды;

3) мәтінді оқуды жеңілдетеді;

4) еліміздің бюджеті үшін ең үнемді нұсқа болады.

Ең алдымен 2018 жылдың 19 ақпанында жарияланып, бекітілген «акутпен жасалған жаңа әліпбиді» талдай отырып, оның компьютерде мәтін жазғанда қиындықтар тудыратынына және басқада кемшіліктеріне егжей-тегжейлі тоқталғым келеді:

1) Акут - диакритикалық белгі, әріптің үстіндегі штрих: ә-á, ғ-ǵ, ң-ń, ө-ó, у-ý, ү-ú. Клавиатурада (пернетақтада) акуты бар әріптер (яғни, диакритикалық таңбалар) жоқ болғандықтан, оларды клавиатураға орналастыру үшін арнайы клавиатура программасын жасауды талап етеді. Бірақ, оған арнап қосымша клавиатура жасағанмен проблема азаймайды. Әсіресе, шет елдерде жүрген кезде әркез интернет арқылы арнайы клавиатураны жүктеуге және оны орнатуға тура келеді, оған уақыт жоғалтасыз. Мәтінді теру кезінде қиындықтар туындайды, яғни клавиатураның стандартқа сай болмауы мәтін теру жылдамдығын баяулатады.

Себебі, акуты бар әріптерді (диакритикалық таңбаларды) пернетақта панелінің әріптік-сандық кілттер (клавишалар) блогының сандық диапазонында орналастыруға тура келеді. Осылай клавиатура панеліне акуты бар әріптерді (диакритикалық таңбаларды) орналастырудың айтарлықтай кемшіліктері бар. Өйткені, сандарды теру үшін сіз клавиатураның оң жағындағы сандық панельді пайдалануыңызға тура келеді. Бірақ, кейбір ноутбуктердің клавиатурасының оң жағында сандық панель жоқ. Сол себепті басқа (әдетте ағылшын немесе орыс) клавиатураға ауысып отыруға мәжбүр боласыз. Осындай стандартқа сай емес кез-келген қосымша клавиатура бірқатар қолайсыздықтарды тудырады және мәтін теру жылдамдығын төмендетеді.

2) Ц, Щ, Ю, Я әріптері жоқ. Әсіресе, жаңа әліпбиде неліктен Щ, Ю, Я әріптері ескерілмеген? Мысалы: «Аят, Баян, Саян, Саят» сияқты адам есімдерін, «ащы, тұщы, аю, ою, қою, қоюландыру, баяғы, ұя, ұят, саяхат, саябақ, таяқ» және тағы басқа қазақтың төл сөздерін қалай жазамыз? «Цинк, Цирконий» сияқты химиялық элменттерді, «Цефтриаксон, Церукал, Церебролизин, Циннаризин» сияқты дәрілердің атауын, «цунами, цитоплазма, ядро, ядролық реакция сияқты тағы басқа термин сөздерді қалай жазамыз? «Цейлон аралы, Целебес теңізі» сияқты жер-су аттарын, «Цхинвали, Цюрих» сияқты қала атауларын және «Сосковец, Циалковский, Ющенко, Юрий Яковлев, Якуб» сияқты адамның аты-жөндерін қалай жазамыз?

3) Іі, Ии/Йй (**Іі**, **Іі**) әріптерінің бас әріптерін бірдей, ал мәтіндік кіші әріптерін ұқсас етіп жасаған. Мысалы: «Ілгіш, Инелік» деген сөздерді жазғанда Ilgish, Inelik деп жазылып, Ілгіш, Інелік деп оқылады және І әрпімен И әрпін ажырату қиындап, түсініксіз болады. Сонымен қатар, «тиін, киім, киік» сөздерін жазу қиындықтарды тудырады. Өйткені, кіші и/й (**І**) әрпі компьютердің клавиатурасында жоқ. Одан бөлек кіші «и/й» (**І**) және кіші «і» (**і**) әрпімен ұқсас болғандықтан кейбір сөздерді жазғанда түсініксіз болып, оларды

ажырату қиындық тудырады. Мысалы: *әліпбиі, биі, жиі, жиілігі, иіс, иіскейін, иірілімі, киімі, тиіні, тиімді – álipbIi, bıi, jıi, jıiligi, ıis, ıiskeIin, ıirilimi, kıimi, tıini, tıimdi.* Енді осы сөздерді бас әріптермен жазсақ мүлдем түсініксіз және оқи алмайсыз: ÁLIPBII, BII, JII, JIILIGI, IIS, IISKEIIN, IIRILIMI, KIIMI, TIINI, TIIMDI.

4) Егерде асхана, Асхат Исхаков деген сөздерді «акуты бар жаңа әліпбимен» жазатын болсақ, ashana деп жазылып, ашана деп оқылады, Ashat Ishakov деп жазылып, Ашат Ишаков деп оқылады.

5) Қазақтың кириллицадағы ең керекті 38 дыбысын қысқартып, 32 әріппен 34 дыбыс жасалған. 32 әріптен тұратын акуты бар әліпби 4 дыбыстың тапшылығынан ауылшаруашылық, архитектура, әскери, биология, ветеринария, география, геология және минералогия, заң, медицина, педагогика, политология, психология, социология, тарих, техника, фармацевтика, физика және математика, филология, химия, экономика ғылымдарының терминдерін және спецификалық сөздерін жазуға келмейді. Жаңа әліпбидің тығырыққа тірейтінін ешкім ескермеген.

6) 2018 жылдың 19 ақпанында жарияланған «акутпен жасалған жаңа әліпбиді халық ұнатқан жоқ. Әсіресе, осы диакритикалық акуттен құралған жаңа әліпбиді IT-мамандары, журналисттер, банк қызметкерлері, кәсіпкерлер, мұғалімдер, оқушылар, студенттер ұнатқан жоқ.

Латын графикасы негізінде әліпби жасаудың әлемде қалыптасқан (диграфтық, диакритикалық(акуттық) және апострофтық) үш тәсілі бар. Латын әліпбиінде диакритикалық таңбалар көбінесе «кейбір нақты тілде» қолдануға арналған негізгі алфавитті кеңейту құралы болып табылады. Жалпы латын таңбалары қазақ тіліне арналмаған және қазақ тілінің төл дыбыстық жүйесі емес. Ал латын әліпбиіндегі диакритикалық таңбалар қазақ әліпбиіндегі әріптерді (графемаларды) жасауға жарамсыз. Латын әліпбиін жасаудың үш әдісінен, қазақ тіліндегі дыбыстарды (фонемаларды) белгілеуге тек диграф (қосарлы әріп) әдісі жарайды. Мұны қолдайтын филологтардың, лингвистердің және басқа мамандықтардағы азаматтардың көп екені анық. Әсіресе, IT-мамандары толықтай диграфтық тәсілді қолдайды.

Екінші бір мәселе, біз түркі әлемінен алыстап кетпеуіміз керек деген пікірлер айтылып жүр. Менің пікірім, біз қай әліпбимен де түркі әлеміне жақындай алмаймыз. Әліпби деген таңба. Ағылшынның 26 таңбасын бәріміз білеміз, бірақ бәріміз ағылшын тілін білмейміз. Сол сияқты, түріктікі басқа, әзірбайжандікі басқа, түркімендікі және өзбектікі басқа. Сондықтан әліпби арқылы түркі әлеміне жақындасып кетеміз, басқа түрік тілдерін игеріп аламыз деу шындыққа жанаспайды.

Ал, Тіл білімі институтындағы кейбір тіл мамандарының ғалымдары “бір дыбыс - бір таңба” болғаны дұрыс деп, Ахмет Байтұрсынұлының жасаған қазақ-латын әліпбиін жөн санайды екен.

Бұлай болған жағдайда компьютердің клавиатурасында жоқ әріптерді қолдану қиындықтарды және сауатсыздықты тудыратыны сөзсіз. Оған, қазіргі жастардың компьютерден, планшеттен және смартфоннан қазақтың сөздерін орыстың әліпбиіндегі кирилл әріптерімен жазып, сауатсыздық көбеюіне себеп бола алады. Мысалы: «Құдағи аң-таң болған күйі не дерін білмеді. Жәнібектің ерке қызы өзін әлпештеп өсірген әжесінен де кешірім сұрамады» дегенді, «Кудаги ан-тан болган куйи не дерин билмеди. Жанибектин кызы озин алпештеп осирген ажесинен де кеширим сурамады» деп жазады.

Тағы да айта кететін себептер бар. Ахмет Байтұрсынұлының латын графикасындағы әліпби 1940 жылға дейінгі уақытта пайдаланылған, ол кезде компьютер болмаған, қолмен жазғанын бәріміз білеміз. Қазіргі ақпараттық технология заманында Байтұрсынұлының әліпбиі жарамайды.

Үшінші бір мәселе, әліпбиімізді «акуттық диакритикалық таңбалардан» жасасақ та, «төбесінде қос нүктесі, кекілі, астында құйрығы, белінде белбеуі бар акутсыз диакритикалық таңбалардан» жасасақ та төл әріптеріміз компьютердің пернетақтасына сыймайды.

Сондықтан қанша жерден қосымша арнайы компьютерлік бағдарлама жасағанымызбен қиындықтар арта түседі. Өйткені, стандартқа сай емес, яғни, клавиатурадағы 26 әріптен тыс «диакритикалық акуты бар әліпби» болғандықтан проблема көбейеді.

Егер ақпараттық технология саласында ешкімнен кем болмай, әлемдік деңгейге шығамыз десек, шикілігі көп «акуты бар 19.02.2018 жылы бекітілген жаңа әліпбиден» бас тартуымызға тура келеді.

Сондықтан, о бастан айтылған Елбасының негізгі идеясы бойынша компьютердің пернетақтасына (клавиатурасына) ыңғайлап, қазіргі заман талабына сай болатындай, латынның 26 әрпінен диграфтық тәсілмен қазақ-латын әліпбиін жасау болғандықтан, үлесімді қосу үшін өз нұсқамды ұсынып отырмын.

Осы тұста тіл мамандарының жіберген диграфқа байланысты орын алған кемшіліктерін де салыстырмалы түрде айта кетейін: 11.09.2017 жылғы Парламентте қаралып, халыққа ұсынылған Ш. Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық координациялық-әдістемелік орталығының диграфтан тұратын қазақ-латын әліпбиінің жобасында сәтсіз шыққан «ә» әрпін таңбалаған - Ae, «ң» әрпін таңбалаған - Ng диграфтары болды.

Оған дәлел “сәбіз”, “Нәби” сияқты сөздерді тергенде “saebiz”, “Naebi” орыс тіліндегі анайы сөздер шыққанына халықтың қарсы болғанын еске түсіре кетейін. Сонымен қатар, қазақтың “түнгі”, “сенген” сияқты сөздерін тергенде “tuengi” деп жазылып, “түңі” деп, ал “sengen” деп жазылып “сеңен” деп оқылады ғой. Міне, осындай кемшіліктер орын алған соң, бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде халық қарсылық танытқаны туралы жарияланып, қабылданбады.

Ал, менің жобамда ондай кемшіліктер жоқ. Өйткені, мен қазақ тілінің фонетикасын, лексикасын, орфографиясын және грамматикасын сақтай отырып, диграфтарды пайдаланғанда сөз құрылымдарының ағылшын және орыс тілдерінде кездесетін анайы сөздердің орын алмауын ескеріп, қазақ әліпбиінің латын графикасындағы жаңа нұсқасын жасағанмын.

Өз жобамда кириллицадағы қазақ әліпбиінің 42 дыбысынан ең керекті деген 38 дыбысын 36 әріппен сақтауға тырысқан болатынмын. Себебі, олай етпеген жағдайда қазақ ақын-жазушыларының және ғалымдарының өткен ғасырдан бастап осы кезеңге дейінгі орны толмас еңбектері мен шығармаларын қазақ-латын әліпбиінің графикасына аудару мүмкін болмайтынын ескердім. Әсіресе, халықаралық, салалық, техникалық және ғылыми терминдерді де жазу үшін керек екенін ескердім.

Сонымен «ABZALalphabet» әліпбиінде – 36 әріп бар (26 латын әрпінен, 9 диграфтан және 1 триграфтан құралған):

A -a, Aa-ә, B-б, V-в, G-г, Gh-ғ, D-д, E-e, Zh-ж, Z-з, J- й/и, K-к, Q-қ, L-л,
M-м, N-н, H-ң, O-o, Oe-ө, P-п, R-p, S-c, T-т, W-y, U-ұ, Ue-ү, F-ф, X-x/h,
C-ц, Ch-ч, Sh-ш, Sch-щ, Y-ы, I-i, Jw-ю, Ja-я.

Осылайша өзге тілде кездеспейтін қазақтың 9 төл әріптерінің төртеуін (Ә - Aa, Ғ - Gh, Ө - Oe, Y -Ue) диграфпен, ал бесеуін (I - I, Қ -Q, ң –h, Ұ -U, h - x) бір дыбыс - бір таңбамен (әріппен) белгіледім. Сондай-ақ, қазақ әліпбиіндегі өзге ұлттармен ортақ 2 әріпті (Ж - Zh, Ш - Sh) және орыс тілінен енген 3 әріпті (Ч - Ch, Ю - Jw, Я - Ja) диграфпен көрсеттім. Тек қана, қазақтың «ащы» және «тұщы» деген екі-ақ сөзінде кездесетін бір әріпті (Щ - Sch) триграфпен белгіледім */кестеде көрсетілген/*.

Тек дауысты дыбыстардан кейін кездесетін «ң» әрпін – латынның «h» таңбасымен белгіледім. Егерде «h» таңбасы дауыссыз дыбыстан кейін тұрса диграфты құрайды және «визуальді» түрде оңай оқылады */гимнді оқып көріңіз/*.

Төл әріптеріміздің ішінде ең жиі қолданылатын әріптердің бірі «ң» әрпіне байланысты қазақ тілінде сөздер және жалғаулар өте көп.

Қазақ тіліндегі сөздердің тұрқы ұзын болу себебі, тек «ң» әрпіне қатысты және «-ың, -ің, -дың, -дің, -ның, -нің, -тың, -тің, -сың, -сің» сияқты спецификалық жалғауларға байланысты екенін анықтадым. Мысалы: ұлың-ulyh, келінің-kelinih алдың-aldyh, келдің-keldih, айттың-ajttyh, кеттің-kettih, барғансың-barghansyh, кеткенсің-ketkensih.

Кейде, «ң» әрпі сөйлем арасындағы кейбір сөздерде 2-3 рет кездеседі. Мысалы: мыңның-myhnyh, айтқаныңның-ajtqanyhnyh, әңгімеңнің-aahgimehnih, еңбегіңнің-ehbegihnih, сіңліңнің-sihlihnih және тағы басқа сөздер.

Әрбір әріп таңбасына үлкен мән беріп, зерттеуімнің нәтижесінде, «тұрқы ұзын, күрделі сөздердің» арасынан «ң» әрпінің оқылуы оңай болып, көзге күш түсірмей, визуальді түрде тез қабылдануы үшін латынның «h» әрпімен таңбалау дұрыс екенін анықтадым.

Сонымен қатар, қазақ тілінің өзіндік ерекшелігіне байланысты «ң» әрпіне қатысты жалғаулардың көптігінен көптеген сөздерді 2 немесе 3 бірдей «ң» әрпі құрайтынын ескере отырып, сөздің тұрқын ұзартпас үшін «ң» дыбысын «nh» немесе «ng» сияқты диграфпен таңбалауға болмайтынын да анықтадым.

Егер «ә» әрпіне келетін болсақ, неліктен «ә» әрпін «аа» диграфымен емес, «ае» диграфымен белгілемедің деген сұрақ туындауы да мүмкін. Оған басты себеп СӘБІЗ, НӘБИ сияқты сөздерді латын әріптерімен жазғанда анайы сөздердің оқылуы дәлел болатынын айтпасақ та түсінікті.

«Ц, Ч, Щ, Ю, Я әріптері керек емес, қазақтың тілінде жоқ дыбыстар» дейтіндер де табылуы мүмкін. Осындай пікірлерге ілесетін болсақ біз көп нәрседен ұтыламыз. Мысалы: «Аят, Баян, Саян, Саят» сияқты адам есімдерін, «чемпион, ащы, тұщы, аю, ою, қою, қоюландыру, баяғы, ұя, ұят, саяхат, саябақ, таяқ» және тағы басқа қазақтың төл сөздерін қалай жазамыз? «Цинк, Цирконий» сияқты химиялық элменттерді, «Цефтриаксон, Церукал, **Ц**иннаризин» сияқты толып жатқан дәрілердің атауын, «**ц**унами, **ц**итоплазма, ядро, ядролық реакция сияқты тағы басқа термин сөздерді қалай жазамыз? «Цейлон аралы, Целебес теңізі» сияқты жер-су аттарын, «Цхинвали қаласы, Цюрих қаласы» сияқты қала атауларын және «Сосковец, Циалковский, Иванович, Шевченко, Челси, Чапаев, Ющенко, Юрий Яковлев, Якуб» сияқты адамның аты-жөндерін қалай жазамыз?

Егер біз қазақ тілі іс жүзінде мемлекеттік тіл ретінде дамысын десек, әліпбиіміз тек қазақ әдебиетін жазу үшін ғана емес, салалалық сөздерді, техникалық және ғылыми терминдерді жазуға лайықты болуы керек. Қазақ тілі бизнес тіліне, техника тіліне және ғылым тіліне айналса ғана қазақ тілінің қолданыс аясы кеңейеді және дамиды. Сонда ғана қазақ тілі әлемдік деңгейге шығады және халықаралық тілге айналады.

Қолдану тиімділігі:

1) қосымша символдары жоқ;

2) арнайы пернетақта (клавиатура) орналасуын және оны орнату үшін уақытты қажет етпейді;

3) бұл алфавит компьютерге ыңғайлы және тиімді.

Пернетақтада әріптерді теру жылдамдығы: Жылдам

Стандартты ағылшын пернетақтасындағы 26 латын әріптерінен ғана құралуы қазақ тілінде мәтінді жылдам жазуға мүмкіндік береді.

Оқу жылдамдығы: Жылдам.

Оңай оқылады. Мысалы: қалай жазамыз және солай оқимыз: *asxana - асхана, Asxat Jsxakov - Асхат Исхаков*

Визуальді түрдегі ыңғайлылығы: Өте жақсы.

Мысалы: асық - asyq, әдейі – aadeji, жомарт – zhomart, өркен – oerken, үлкен – uelken, ұрпақ – urpaq

Емле мен орфоэпияның өзгеруі: Өзгеріс жоқ.

ABZALalphabet әліпбиін пайдалана отырып компьютерде қазақ тілінде мәтіндерді теру, ғылыми термин сөздерді және спецификалық салалық сөздерді жазу өте ыңғайлы.

Мысалы (Ч, Ц, Щ, Ю, Я әріптері сақталған): *Чили – Chjlj, цитоплазма – citoplazma, ащы – aschy, тұщы – tuschy, көркею – koerkejw, саябақ – sajabaq*

Әсіресе, адамның аты-жөндерінде ғана кездесетін әріптің жазылу ережесі сақталған. *Мысалы:* Чапаев - Chapaev, Цинк – Cink, Цой – Coj, Цыбанов – Cybanov,

Шевченко - Shevchenko, Виктор Андреевич Ющенко - Viktor Andreevich Jwschenko,

Якубов – Jakwbov, Яковлев – Jakovlev

Сөздің тұрқын ұзартпайды және мәтіннің көлемін ұлғайтпайды Мысалы:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ержеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.
Zhasymda ghylym bar dep eskermedim,
Pajdasyn koere tura teksermedim.
Erzhetken soh tuespedi wysyma,
Qolymdy mezgilinen kesh sermedim.

Ең бастысы, сіз қай жерде болсаңызда, қазақша мәтін теру үшін арнайы бағдарлама іздеп, оны жүктеп жүрмейсіз.

Менің бұл нұсқам арқылы әлемнің кез келген жерінен компьютердің стандартты ағылшын клавиатурасын пайдаланып қазақша жазуға болады.

«ABZALalphabet» деп аталатын латын негізді қазақ әліпбиі қабылданса, мемлекетке де, халыққа да, қазақ тілінің дамуына да және IT-технологиялық прогрестен қалыс қалмауға да тиімді болар еді.

Менің нұсқама нақты баға беру үшін қазақ тіліндегі әдеби және ғылыми кітаптардағы, мектеп оқушыларына және студенттерге арналған оқулықтардағы мәтіндерді жазып көріңіздер. «Кириллицамен жазылған мәтінді» менің әліпбиіммен жазып, мәтінді оқып, оның көлемін салыстырып көріңіздер.

Бұл жағдайда сіздер, «ABZALalphabet» әліпбиінің артықшылықтарын көре аласыздар: біріншіден, мәтін көлемі және сөздердің тұрқы шамамен 5-7% қысқарады; екіншіден, мәтінді теру, яғни басып шығару уақыты 20-30% қысқарады, үшіншіден, менің нұсқаммен терілген мәтіннің файлдық көлемін кириллицадағы мәтіннің файлдық көлемімен салыстырғанда 2 есе аз. Себебі, кирилл алфавитінің 1 әрпі 2 байтық көлемді құрайды, ал латын алфавитінің 1 әрпі 1 байттық көлемді құрайды. Сонымен қатар, латын әріптерінің ені кириллица әріптерінің енінен кіші.

Айта кету керек, қазақ мәтініндегі диграфтардың жалпы саны орта есеппен 17,2% -ға дейін және диграфтар түріндегі әріптердің барлығы бірдей жиі қолданылмайды. *Егер кәдімгі қазақша мәтін жазатын болсаңыз, диграфтардың шамамен алынған пайыздық қатынастағы кездесу жиілігін көруге болады:* Zh 2% -дан 7% -ға дейін, Aa, Gh, Oe 2% -дан 5% -ға дейін, Ue, Sh 1% -дан 2% -ға дейін қазақша мәтіндерде кездеседі.

Кейбір мәтіндерде (Jw, Ja) түріндегі диграфтарды 0,02% -дан 0,1% -ға дейін кездестірсек, (Ch) диграфын және (Sch) триграфын іс жүзінде қазақша мәтіндерде кездеспейді деуге болады.

Сонымен, өз нұсқаларыма зерттеулер жүргізудің нәтижесін қорытындылай отырып, жасаған сараптамаларымның арқасында, латын графикасына негізделген қазақ әліпбиіне «диграфтық тәсілді қолдану сөздің тұрқын ұзартып, оқуға да, жазуға да қиындық келтіреді» деген тұжырым жоққа шығарылды.

Егер біз компьютерге бейімделген, экономикалық тұрғыдан тиімді, қазақ тілінің фонетикасына, грамматикасына, лексикасына, морфологиясына сай әліпби болуын және жыл сайын миллиардтаған теңгемізді үнемдеуді қалайтын болсақ, мен жасаған “ABZALalphabet” деп аталатын латыннегізді қазақ әліпбиді қабылдап, қолданысқа енгізілсе дұрыс болар еді.

Мен жасаған нұсқа инженерлерге, кәсіпкерлерге, барлық саладағы мамандарға, әсіресе IT-технология мамандарына, журналисттерге, банк қызметкерлеріне, мұғалімдерге, жастарға, оқушыларға, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға өте ыңғайлы.

Оның үстіне халықаралық терминдерді игеруде, қазақ тілін дамытуда және ақпараттық технологияларды жетілдіруде өте маңызды.

Халықтың пікірін білу үшін ата-анам әлеуметтік желілерге менің нұсқамды салған күннен бастап, көпшіліктен қолдау таптық.

Әр түрлі сайттарда және басқа бұқаралық ақпарат құралдарында қазақ-латын әліпбиіне қатысты менің жобам кеңінен таратылып, талқыланды. «диграфтардан тұратын Абзалдың ұсынған латын алфавитімен жазылған сөздер оңай оқылады, әрі әріптері есте тез сақталады», оның үстіне «компьютерде ешқандай қиындықсыз жазуға болады» деп ұнатқан қолдау білдірушілер менің нұсқаммен таныс болғандардың басым көпшілігін құрайды.

Айта кететін ең басты мәселе, 22.06.2017-15.07.2017 жылы, яғни 23 күннің ішінде мен компьютердің пернетақтасына лайықтап қазақ-латын алфавитіне қатысты диграфтар арқылы 4 бірдей жаңа нұсқа жасап бітірген едім. Соның ішіндегі ең сәтті шыққаны қазіргі ұсынып отырған 1-нұсқам екенін түсіндім.

Осы 1-ші нұсқамды 29.06.2017 жылы диграфтық жолмен жасап бітіп, латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиі «ABZALalphabet» - деп атаған болатынмын.

Бүгінде, IT-технология (Internet, E-mail, Viber, Facebook, WhatsApp, MS-Office, Windows, Unix, E-money, E-commerce, Web-banking, 1С-бухгалтерия және 1С-кәсіпорын) адам өмірінде маңызды роль атқарады. Онсыз күнделікті өмірді көзге елестету мүмкін емес.

Егер, қазақ-латын әліпбиі компьютердің пернетақтасында жоқ әріптерден құралса мәтінді теру қиындайды және E-commerce, Web-banking, 1С-бухгалтерия және 1С-кәсіпорын арқылы жіберілген мәтіндер оқылмай қалады.

Сондықтан, мен латын графикасына негізделген қазақ-латын әліпбиін (әрі қарай, «ABZALalphabet әліпбиі») компьютердің пернетақтасындағы 26 әріптен диграфтық тәсілді қолдану арқылы жасадым.

Диграфтық тәсілді қолданып қазақ-латын әліпбиін жасау сөздің тұрқын ұзартады деген пікірлерден кейін, ана тіліміздің фонетикасы, лексикасы, орфографиясы және грамматикасы бойынша төл әріптерімізге қатысты ерекшеліктерді ескере отырып, күрделі сөз құрылымдарына салыстырмалы түрде зерттеулер жүргізуге тура келді.

Осы зерттеулердің нәтижесінде төл әріптердің ішінде тек бір ғана «ң» әрпін диграф ретінде таңбалау сөздердің тұрқын ұзартатындығына себеп болатыны дәлелденді. Бұған дәлел ретінде Тіл білімі институтына ұсынылған қазақ-латын әліпбиіне қатысты жасаған (төрт нұсқамның ішіндегі) 2-ші және 3-ші нұсқаларымды айтуға болады. Осыған бай-

ланысты зерттеулерімді жүргізу барысында, 2017 жылдың 29 маусымында жасап біткен 1-ші нұсқамның, яғни ABZALalphabet әліпбиінің сәтті шыққан туынды екенін анықтадым.

Мен 1-нұсқамда төл әріптердің ішіндегі «ң» әрпінің таңбасын диграф ретінде пайдаланбай, тек «h» әрпінің жеке таңбасымен белгілен едім. Сөйтіп, ABZALalphabet әліпбиіндегі диграф ретінде жазылатын төл әріптердің ешқайсысы сөздердің тұрқын соншалықты ұзартпайтыны және жеңіл оқылатыны анықталды.

Сонымен, өз нұсқаларыма зерттеулер жүргізудің нәтижесін қорытындылай отырып, жасаған сараптамаларымның арқасында, латын графикасына негізделген қазақ әліпбиіне «диграфтық тәсілді қолдану сөздің тұрқын ұзартып, оқуға да, жазуға да қиындық келтіреді» деген тұжырым жоққа шығарылды. Мысал ретінде осы сөйлемді осы нұсқаға аударып оқып көрелік:

Sonymen, oez nusqalaryma zerttewler zhuergizwdih naatjzhesin qorytyndylaj otyryp, zhasaghan saraptamalarymnyh arqasynda, latyn grafjkasyna negizdelgen qazaq aalipbjine “digraftyq taasildi qoldanw soezdih turqyn uzartyp, oqwga da, zhazwgha da qjyndyq keltiredi” degen tuzhyrym zhoqqa shygaryldy.

ABZALalphabet әліпбиі ғылымның кез келген саласында әскери салада, құрылыс және сәулет саласында, экономика және қаржы саласында, банк жүйесінде және бизнес саласында «электрондық формада» жіберілетін қазақ тіліндегі мәтіндер мен құжаттар тез жолданып, өзгеріссіз қабылданатын және оңай оқылатын болады.

Ең маңыздысы, мен жасаған ABZALalphabet әліпбиді қолдану IT-технологияның барлық саласы үшін өте тиімді. Әсіресе, 1С-бухгалтерия және 1С-кәсіпорын бағдарламалары арқылы салық инспекциясына тоқсандық және жылдық есептерді жолдау қиындықтарды тудырмайтын болады. Сонымен қатар, ABZALalphabet әліпбиін пайдалана отырып компьютерде, планшетте, смартфондарда қазақ тілінде мәтіндерді теру, ғылыми термин сөздерді және спецификалық салалық сөздерді жазу өте ыңғайлы.

Бастысы, қайда болсаңызда, қазақша мәтін теру үшін арнайы бағдарлама іздеп, оны жүктеп жүрмейсіз. Кириллицадағы қазақ әліпбиі сияқты және «19.02.2018 жылғы бекітілген диакритикалық акуты бар әліпби» сияқты «арнайы бағдарламадан тұратын клавиатураға» тәуелді болмайсыз.

Иә, «ABZALalphabet әліпбиінің» ыңғайлы екені сол, әлемнің кез келген түкпірінен, яғни қай мемлекетте жүрсеңіз де керекті ақпараттарды қазақ тілінде жазуға, оқуға, қабылдауға немесе жолдауға болады.

Сондай-ақ, компьютердің пернетақтасындағы әріптерден ғана құралған ABZALalphabet әліпбиінің басты ерекшілігі, қазақша мәтіндерді жылдам жазу мүмкіндігіне ие болуға септігін тигізеді.

САЛЫСТЫРМАЛЫ ТҮРДЕ БАҒАЛАУ ҮШІН

Латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиі «ABZALalphabet»

Ең маңыздысы, 9 диграф және 1 триграф болғанына қарамастан, бұл ABZALalphabet алфавиті сөздердің тұрқын ұзартпайды, мәтіннің көлемін ұлғайтпайды, компьютердің клавиатурасында әріптерді теру уақытын арттырмайды, мәтінді оқуды жеңілдетеді және еліміздің бюджеті үшін ең үнемді нұсқа болады. Мысалы:

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы:
Qazaqstan Respwbljkasynyh Tuhghysh Prezjdenti – Elbasy:
Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев
Nursultan Aabishuly Nazarbaev

Қазақстан Республикасының Президенті:
Qazaqstan Respwbljkasynyh Prezjdenti:
Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев
Qasym-Zhomart Kemeluly Toqaev

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрайымы:
Qazaqstan Respwbljkasy Parlamenti Senatynyh toerajymy:
Дариға Нұрсұлтанқызы Назарбаева
Darjgha Nursultanqyzy Nazarbaeva

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі:
Qazaqstan Respwbljkasynyh Premer-mjnjstri:
Асқар Ұзақбайұлы Мамин
Asqar Uzaqbajuly Mamjn

Алматы қаласының әкімі:
Almaty qalasynyh aakimi:
Бақытжан Әбдірұлы Сағынтаев
Baqytzhan Aabdiruly Saghyntaev

Казахский алфавит на основе латинской графики «ABZALalphabet»
Латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиі «ABZALalphabet»
Автор: Мырзаш Абзал Дәуренбекұлы
Дата создания: 29.06.2017г.

Государственный гимн Республики Казахстан
Қазақстан республикасының мемлекеттік әнұраны
Qazaqstan respwbljkasynyh memlekettik aanurany

(Soezin zhazghandar: Zhumeken Naazhimedenov, Nursultan Nazarbaev)
(Aanin zhazghan: Shaamshi Qaldajaqov)
Altyn kuen aspany,
Altyn daan dalasy,
Erliktih dastany,
Elime qarashy!
Ezhelden er degen,
Dahqymyz shyqty ghoj.
Namysyn bermegen,
Qazaghym myqty ghoj!
Qajyrmasy:
Menih elim, menih elim,
Guelih bolyp egilemin,
Zhyryh bolyp toegilemin, elim!
Twghan zherim menih - Qazaqstanym!

Urpaqqa zhol ashqan,
Keh bajtaq zherim bar.

Birligi zharasqan,
Taawelsiz elim bar.
Qarsy alghan waqytty,
Maahgilik dosyndaj,
Bizdih el baqytty,
Bizdih el osyndaj!
Qajyrmasy:
Menih elim, menih elim,
Guelih bolyp egilemin,
Zhyryh bolyp toegilemin, elim!
Twghan zherim menih - Qazaqstanym!

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты Қ.Сәрекенованың Абзал Мырзаштың әліпби жобасына пікірі

Бекітілген әліпбиде – 32 таңба, Мырзаш Абзал Дәуренбекұлының нұсқасында – 36 таңба.

Мырзаш Абзал Дәуренбекұлының нұсқасы бойынша бекітілген әліпби нұсқасымен сәйкес келетін таңбалар саны – 23.

Мырзаш Абзал Дәуренбекұлының нұсқасы бойынша бекітілген әліпби нұсқасынан өзгеше берілген таңбалар саны – 13.

Кирилл нұсқасы	Бекітілген әліпби нұсқасы	Мырзаш Абзал Дәуренбекұлының әліпбиі
Ә ә	Á á	Aa aa
И и	I ı	J j
Й й		
Ө ө	Ó ó	Oe oe
Ң ң	Ń ń	H h
Ү ү	Ú ú	Ue ue
У у	Ý ý	W w
Ж ж	J j	Zh zh
х/h	H h	X x
Ғ ғ	Ǵ ǵ	Gh gh
Ц ц	-	C c
Щ щ	-	Sch sch
Ю ю	-	Jw jw
Я я	-	Ja ja

Мырзаш Абзал Дәуренбекұлының әліпбиінде жіңішке дауыстыларды және бірнеше дауыссыз дыбысты диграфпен, тіпті триграфпен беру ұсынылады.

Кирилл нұсқасы	Бекітілген әліпби нұсқасы	Мырзаш Абзал Дәуренбекұлының әліпбиі
Ә ә	Á á	Aa aa
Ө ө	Ó ó	Oe oe
Ү ү	Ú ú	Ue ue
Ж ж	J j	Zh zh
Ғ ғ	Ǵ ǵ	Gh gh
Щ щ	-	Sch sch
Ю ю	-	Jw jw
Я я	-	Ja ja

Диграфпен таңбалау елімізде бекітілген латын әліпбиінің алғашқы нұсқасында болған. Бұл әдістің тиімсіз екендігін тәжірибе көрсетті.

Мырзаш Абзал Дәуренбекұлының нұсқасы бойынша бекітілген әліпби нұсқасынан өзгешелігі бекітілген әліпбидегі дыбыстардың орны ауыстырылып берілген.

Кирилл нұсқасы	Бекітілген әліпби нұсқасы	Мырзаш Абзал Дәуренбекұлының әліпбиі
И и	I ı	J j
Й й		
Ң ң	Ń ń	H h
х/h	H h	X x
Ғ ғ	Ǵ ǵ	Gh gh
Ц ц	-	C c
Щ щ	-	Sch sch
Ю ю	-	Jw jw
Я я	-	Ja ja

Уу дыбысын таңбалау үшін қолданылған «Ww» да көп жағдайда «Вв» әрпі ретінде қабылданады.

Әліпбидегі Цц (CC), Чч (Ch ch), Щщ (Sch sch) таңбаларының еш қажеттілігі жоқ. Себебі бұл кірме таңбалар қазақтың төл сөздерінде кездеспейді. Сондықтан оларды әліпбиге енгізудің еш қажеттілігі жоқ.

Юю (Jw jw), Яя (Ja ja) әріптері қазақ тіліне кирилл негізді орыс әліпбиі негізінде енді. Шын мәнінде олар «й+у» және «й+а» дыбыстарының қосындысы ретінде белгілі. Сондықтан ұлттық әліпбидегі таңбалар санын азайту мақсатында аталмыш әріптерді алып тастап, оларды білдіретін дыбыстар негізінде таңбалаған жөн.

Ғ.Мелдешов: Құрметті әріптестер, бүгінгі отырысымызды осымен аяқтаймыз. Бүгінгі ұсынылған Әліпби жобаларының авторларына және оған сараптама жасап, құнды пікірлер айтқан ғалымдарымызға рақмет! Алдағы жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін. Келесі отырыстарда амандықпен жолыққанша.

Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі Ұлттық комиссия жанындағы Терминологиялық жұмыс тобының «Терминологиялық жұмыс тобы қызметін үйлестіру мәселесі» атты отырысының СТЕНОГРАММАСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының конференцзалы 2019 жылғы 20 қараша

Қатысушылар: Н. Дәуешов, Ғ.Мелдешов, Е.Тілешов, Ш.Құрманбайұлы, Е. Әбдірәсілов, М. Айымбетов, М. Ахметов, Б. Әбдуалиұлы, Қ.Сапаров, *С.*Итегұлова, С.Иманбердиева*, К.*Егембердиева, С.Құлманов, Қ.Айдарбек, К.Жақсылықова, Д.Көшім, О.Жұбаева, А.Фазылжанова, Г.Мамырбек, Н.Рсалиева, Б.Ысқақ, С.Жайлау, А.Қожахмет, О.Махсуд.

КҮН ТӘРТІБІ

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министрі Н.Дәуешовтің сөзі

Баяндамашылар:

1. Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғалым хатшысы, ф.ғ.к. А.Фазылжанова «Орфографиялық жұмыс тобы қызметін үйлестіру іс-тәжірибесінен»;
2. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты директорының орынбасары міндетін атқарушы, филология ғылымдарының кандидаты С.Құлманов «Салалық терминологиялық секцияларды құру туралы»;
3. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты терминология бөлімнің меңгерушісі, ф.ғ.д. Қ.Айдарбек «Салалық терминологияны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған 2020-2022 жылдарға арналған ғылыми бағдарламаның жобасы»;
4. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты грамматика бөлімінің меңгерушісі, ф.ғ.д. О.Жұбаева «Кірме терминдерді игеру жолдары»;
5. Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы Қолданбалы лингвистика басқармасының басшысы, ф.ғ.к. С.Итеғұлова ««Қазақстан Республикасы географиялық атауларының латын графикасы негізіндегі ережелері», «Қазақстан Республикасы азаматтары аты-жөндерінің латын графикасы негізінде жазылу ережелері» жобаларының сараптама қорытындысы және Терминологиялық жұмыс тобы қызметін үйлестіру туралы хабарлама»;
6. Жарыссөз
7. Қорытындылау

Ә.Асқар: Бүгін – Терминологиялық жұмыс тобының отырысы. Отырысқа қатысуға тиісті 25 топ мүшесі бар екен, соның бүгін 17-сі қатысып отыр. Ал бастап жіберейік. Күн тәртібіндегі мәселелерді талқыламас бұрын, алдымен, вице-министр Нұрғиса Мұратұлы отыр, сол кісінің кіріспе сөзін тыңдап болайық, сосын әрі қарай жалғастырамыз.

Н.Дәуешов: Қайырлы таң, құрметті комиссия мүшелері, жиынға қатысушылар, ғалымдар! Өздеріңіз жақсы білесіздер, бүгінгі ұйымдастырылып отырған

терминологиялық жұмыс тобының отырысы биыл Білім және ғылым министрлігінен Мәдениет және спорт министрлігіне ауыстырылған болатын. Сондықтан да міне алғаш рет жиналып отырмыз. Өздеріңіз білетіндей, қазақ тілінің латын әліппесіне көшуіне байланысты 2025 жылға дейін бағдарлама жасады. Осы бағдарламаға сәйкес келісетін бүгінгі отырысты, сондай-ақ барша жұмыстарды қарастыру көзделген. Жалпы емле ережесіндегі сөздерді қазақ тілінің ерекшелігіне сәйкес қабылдауда осы отырысқа жұмыс топтарының мүшелері шақыртылған. Сол себепті алдымыздағы мәселелердің ауқымдылығын, жұмыс жауапкершілігін ескеретін болсақ, үлкен жұмыс күтіп отыр. Баршаңызға үлкен алғыс айтамыз! Келген ғалымдарға, осыған атсалысып жүрген барлығыңызға министрліктің атынан үлкен алғысымды білдіремін. Бүгінгі жұмысқа сәттілік тілеймін. Бүгінгі жұмыс тобының отырысын бастауға рұқсат. Ашық деп жариялаймыз. Сіздерге сәттілік болсын!

Ә.Асқар: Өздеріңіз естідіңіздер, Терминологиялық және Орфографиялық жұмыст топтары жұмысын бірлесе отырып жалғастырып кетеді деп ойлаймыз. Қазір келесі тыңдайтындарыңыз «Орфографиялық жұмыс тобының іс-тәжірибесінен» тақырыбында Анар Фазылжанова сөйлейді.

А.Фазылжанова: Сіздерді осы жерде көргеніме қуаныштымын. Осы өзекті мәселедегі жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін. Ең алдымен, неге бірінші баяндама орфографиялық жұмыс тобының негізгі мәселесіне арналғандығына тоқталып өтейін. Бұған дейін, өздеріңіз білесіздер, латын графикасына көшіру жөнінде үлкен маңызды жаңалық болды. Ол – ҚР Үкіметі жанынан құрылған Ұлттық комиссия. Ұлттық комиссияның ісі, бүкіл латынға көшірудегі шарасы – алқалық топтың негізі жұмысы. Алқалы топ деп отырғаным, ол – жұмыс топтары. Сол 4 жұмыс тобының Білім және ғылым, Ақпараттық министрлігі, Мәдениет және спорт – 3 министрлік бөліп алған. Осы жылдың соңына дейін Терминологиялық жұмыс тобы Білім және ғылым министрлігінің басшылығында болған. Бірақ міне енді бұйрық шығып, қазірде Терминологиялық жұмыс тобы Мәдениет және спорт министрлігі жетекшілігіне кіреді. Бұны бір жағынан, қаншалықты дұрыс-дұрыс емес екенідігін мен айта алмаймын. Бірақ қазіргі қалыптасып отырған жағдайға қатысты мына Терминологиялық комиссия Мәдениет министрлігіне қарағандықтан, қазақ жазуының латынға көшуі екеуінің арасында үйлесімді болады деген шешім қабылданған. «Тіл-Қазына» орталығы, өздеріңіз білесіздер, Қазақстандағы алғашқы мемлекеттік топтың ғылыми-практикалық негіздерін жетілдірумен айналысатын орталығы ретінде ашылды. Жұмысты үйлестіруде Орфографиялық жұмыс тобының үйлестіру іс-тәжірибесі пайдалы бола ма деп отырмыз. Орфографиялық жұмыс тобы осы әліпби мәселесі көтірелгеннен бастап осы және өткен жылда өте қауырт жұмыс жасады. Өзіміз соның ішінде болдық. Біраз мамандар да жұмыс тобының мәжілістеріне қатысты. Сол кезде біз, шынын айту керек, көптеген процестермен бетпе-бет келдік. Өйткені, қараңыздар, біздің орфографиялық жұмыс тобының құрамында Тіл білімі институтының жазу теориясының мамандары отыр. Ал, бір жағынан, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты – латынға көшудің теориялық негіздерін жасайтын бірден-бір ғылыми мекеме. Былай қарағанда, емле ережелерін Тіл білімі институтының ғалымдары жасап отыр. Ал Орфографиялық жұмыс тобының құрамында да Тіл білімі институтының ғалымдары отыр деген мәселе болды. Бірақ біз мұны Үкімет деңгейінде дәлелдедік. Өйткені бұл реформа, шынын айту керек, тілтану саласында болғандықтан, бір маманның бірнеше жерде қызмет атқаруы – бұл заңды құбылыс. Бұл тәжірибелер әзірбайжандарда бар екен. Олар алдымен теориясын жасап, оның насихат жұмысына да, ұйымдастырылуына да өздері араласады. Себебі бұл мәселені тілтанушы ғалымдар

өздері араласып шешпесе, нәтиже бермейтін еді. Енді Орфографиялық жұмыс тобының мүшелерінің, сарапшыларының қызметін қалай ұйымдастырдық? Бізге о баста ол кісілерге алғаш латынға көшу кезінде насихат жұмыстары өте қарқынды болу керек болды. Өйткені халықтың әйтеуір латынға көшу керек дегеннен қарапайым ғана түсінігі болды да. Ал не үшін көшеміз? Ол біздің мемлекеттігіміз үшін неге қажет? Кәсіби әр түрлі саладағы мамандар латынға көшкенде қандай пайда көреді? Оқушылар, т.б. әлеуметтік топ өкілдеріне түсіндіру жұмыстарын жасаған орфографиялық жұмыс тобының сарапшылары жұмысты өте қарқынды түрде жүргізді десе болады. Мысалы, 2018 жылы «Тіл-Қазына» орталығының ұйымдастыруымен орфографиялық жұмыс тобының мүшелері қатысқан шараға еліміздің 16 мыңнан астам азаматтар қатысушы болған екен. Яғни, ол дәріс, семинар, кездесулер, онлайн форматтағы кездесулер түрінде жүзеге асты. Одан кейін «Сарапшылардың еңбегін қалай бағалаймыз?» деген үлкен қиындықтар кездесті. Өйткені бұған дейін мұндай қызметтің түрі, бағалау тәжірибесі бізде болған жоқ. Ол үшін біз әрбір Орфографиялық жұмыс тобындағы сарапшылардың еңбегін бағалаудың критерийлерін анықтап, сол критерийлердің әрбір пунктіне балл қойдық. Мәселен, үгіт-насихат мақсатында жазылған мақаласы үшін пәленбай балл, теледидар, телеарна, радиохабарларда сөйлеп, осы мәселе төңірегінде бір проблеманы шешкені, жұрттың көзін ашқаны үшін осыншама балл деген сияқты балдық жүйемен басында бағаладық. Бірақ сондай бағалау барысында, жасыратыны жоқ, кейбір сарапшылардың соған жауапкершілікпен қарамағаны да байқалып қалды. Мысалы, 1 мақаланы 5 газетке бір сөзін өзгертпей берген сарапшылар болды. Сонда оған 5 мақалаға да баға қоямыз ба деген мәселе туындады. Енді ол мәселенің бәрі шешілді. Қазір біздің орталық сарапшының еңбегін бағалау бойынша. бірегей (уникальный) жүйе жасады. Мысалы, оған Айдос мырзаның еңбегі зор. Біздің енді 2018 жылғы басты мақсатымыз: емле ережелерін мақұлдату және сол мақұлдатқан емле ережені жұртшылық арасына түсіндіру. Бір қызығы, емлені түсіндіру жүріп, латынның маңызын қоса халықтың құлағына жеткізу болды. Сол шараларға қатысқан сарапшылар еңбегі жемісін берді, нәтижеге жетті дегенмен де, енді қараңыздар 2019 жылғы Орфографиялық жұмыс тобының мүшелерінің еңбегі тағы да осы насихат бола ма деген кезде, біз 2019 жылды «Әдістеме жылы» деп атадық. Өйткені мына мақұлданған емле ережелері әлі бекітілген жоқ. Ол, бір жағынан, жұрттың бәрі дау қылып, «неге бекітілмеген ережені жазып-сызғызасыздар?» деген алуан түрлі қарсы пікірлер болды. Бірақ, сіздер білесіздер ме, мына кирилл графикасындағы жазу үлгілерінің өзі 10 жыл бойы апробация жүріп, 1957 жылы ғана бекітілді. Олай болатын себебі, жазудың қызық жағы бар: бір жағынан, сол таза тіл ғылымының еңбек ететін мамандарының шешетін мәселесі болса, екінші жағынан, бұл халықтың игілігіндегі, қолданысындағы дүние болғандықтан, халықтың пікірінен аттап кете алмайсыз. Сондықтан жазудың қай жері оңтайлы, қай жері тиімсіз екенін анықтаудың бірден-бір мықты жолы – ол практика. Ал егер біз емле ережелерін о баста Тіл білімі институты берген жобаны ала салып бас салып бекітіп тастасақ, біз ол ереженің практикада қандай екенін көру мүмкіндігін алмас едік. Сөйтіп мына мақұлданған ереже 1 жыл бойы сол ережемен жазып, сызып, біз жазуымыздағы ғалымдар анықтаған кейбір олқылық тұстарын да байқап, соны жол жөнекей түзеп отырдық. Осы 2019 жыл қандай жыл болды, 2019 жылы насихатқа басымдық берген жоқпыз. 2019 жылы біз әдістемеге басымдық бердік. Яғни, осы емле ережелері бойынша жазып-сызуға, яғни жазу практикасына, сол жазу практикасында туындаған проблемаларды жинақтауға басымдық бердік. Сөйтіп біз 2019 жылы жұмыс тобының мүшелерінің қызметін былай үйлестірдік. Енді бұл жолы негізгі акцентті өнімдерге

жұмсаймыз дедік. Біз сарапшыларға айттық: «Сіздер өз іштеріңізде шағын-шағын шығармашылық топтарға бірігіңіздер де, қазір мақұлданған емле ережемен жұртқа жазып-сызуға мүмкіндік тудыратын, соларға құрал болатын дүниені жасаңыздар» дедік. Сөйтіп биыл жұмыс тобының мүшелерінің еңбегімен біз бір үлкен қаланың, бір облыстың және бір ауданның эргонимдері мен маңдайша атауларының үлгісін түгел жинап, бір нұсқаулық ретінде дайындап қойдық. Одан кейінгі екінші өнім – қазіргі жарнама мәселесі. Емлені мақұлдамай тұрып-ақ біздің қазақ кеңістігіндегі, әсіресе, жеке меншік секторындағы латын графикасы аясы кеңейіп кетті. Қазір латынмен жазу сапа концептісі екенін біліп алған. Латынмен жазса, сапалы болады деп олар бәрі латынға көшіп кеткен. Сөйтіп біздегі латын әріптерімен жазылған жарнама. Ол мына мақұлданған емлеге де сәйкес болмай тұр. Осы мәселені шешу үшін жұмыс тобының ішінен тағы бір шығармашылық топ құрылып, Жантас ағамыз бастаған, жаңа әліпби, жаңа ережелерге сәйкес қателер және стандарттар қандай болу керек деген өнімді айтты, жарнама бойынша нұсқаулықты айтты. Енді үшінші еңбек – біздің тарапымыздан ұсынылатын қызықты анықтағыштар. Қызықты анықтағыш деген біздің мақұлданған емле ережелерінде дау тудырмайтын параграфтар бар. Мысалы, бала, терезе дегенді жазуда ешқандай өзгеріс болмайды ғой. Содан кейін сөздердің бірге-бөлек жазылуында дау тудырмайтын мәселелер бар. Кейбір сондай бас әріптің, дефистің жазылуында дау тудырмайтын, өзгермейді-ау деген базалық орфографиялық нормалар бойынша латын әліпбиінде жазып-сызуды түсіндіретін қызықты анықтағыш дайындадық. Оның қолжазбасы дайын. Орфографиялық жұмыс тобының мәселесін осылай үйлестірдік. Бәлкім, енді алдағы уақытта сіздермен бірігіп жұмыс істейтін болсақ, Терминологиялық жұмыс тобының да қызметінде осы тәжірибелер пайдалы болар деген баяндамам осы. Енді басқа елдерде латын әліпбиіне қалай көшірді деген азын-аулақ ақпаратым бар. Мысалы, Түркия Еуропаның ортасында отыр. Оның латынға көшкеннен кейінгі проблемалары (1928 жылы көшті), ол кезде Ататүрктің әкімшілік ресурстың күшімен, шынын айту керек, 8 айдың ішінде бүкіл ресми құжат түгел барлығы латынға көшірілді. Бірақ бұл кісілер әлі күнге дейін латынға көшу процесінің ішінде. Өйткені Еуропаның ортасында отырғандықтан, бұл кісілердің тіліне бүкіл Еуропаның тілдерінің сөздері енеді. Ол сөздердің дені – осы термин сөздер. Өйтскені осы экономикалық, мәдени толып жатқан байланыстардың нәтижесінде, мысалы, француз тілінен де сөз енеді. Ең көп енген тілдерді айтайын: француз, неміс, грек, ағылшын (көп емес), орыс тілінен (орыстармен тығыз қарым-қатынаста болды ғой). Бірақ француз сөздерінің барлығы алуан түрлі болып игерілген екен. Дегенмен, біздің ғалымдар зерттеді. Біздің ғалымдар деп отырғаным – Тіл білімі институтының ғалымдары. Соның ішінде Жанар Жұмабаева, осы мәселемен арнайы айналысқан Алмагүл Қалиева. Сол ол кісілердің байқағаны: барлық тілден енген сөздерде терминдер 3 принциппен жазылады екен. 1 – толық түрік тілінің дыбысталу жүйесі бойынша, яғни әлгі француздың сөзін түріктің аузынан қалай шығарса, солай дыбыстайды. Бірақ осы жерде көп проблема туындайды. Өйткені бір түріктер оны басқаша дыбыстаса, басқа түріктер оны басқаша дыбыстайды. Өйткені түрік тілінің өзі Стамбул диалектісі – әдеби тіл нормасын алған орыс текті топ. Ал мына Анадолы түріктері басқаша дыбыстайды. Сондай проблемалар әлі бар. Дегенмен олар Стамбул диалектісіне басымдық береді де, сол бойынша игерілген нұсқаны өздерінің орфографиялық сөздіктеріне кіргізеді, соны норма деп бекітеді. Бұл жерде, менің байқағаным, түріктің тәжірибесінен, бекіту процедурасын күшейтуіміз керек. Терминді бекіту, терминді нормаландыруды күшейтуіміз керек. Содан кейін 2-мәселе: ол кісілер шет тілінен енген сөздерді сол қалпында өзгертпей алады екен. Бірақ ондай терминдердің

үлесі, игерілген терминдерге қарағанда әлдеқайда аз. Енді менің мынадай сіздерге өтінішім бар: болашақта Терминологиялық және Орфографиялық жұмыс топтарының ісін үйлесімді түрде жүргізуіміз керек. Себебі мақұлданған емле ережелерін қолданысқа енгізу, практикада қолдану барысында біз мынаны байқадық: біріншіден, өзі емле ережелерінде жаңалықтың көкесі болып тұрған тарауы – ол шет тілдік сөздердің жазылуы. Ал шет тілдік сөздердің барлығы десек те болады, олар – терминдер. Егер терминологиялық жұмыс тобы терминдердің бір үлгісін ұсынып, олар емле ережесіндегі параграфтармен үйлеспей жататын болса, бұл хаос тудырады. Сондықтан біз тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасауымыз керек. Енді менің орфографиялық жұмыс тобының мүшесі ретінде сіздерден сұрайтыным: бізде қазір латын графикасында терминдердің жазылуы 3 принцип бойынша жүзеге асып тұр. 1-принцип – фонетикалық, келген сөзді өзгертіп, дыбысталуы бойынша жазу. Ондай сөздердің қатары болашақта көбеймек. Мысалы, режім, кәстөм деген тұрмыстық атау сөздерін ғана емес, қазір салалық терминдерді осылай жазатын кез келген сияқты. Мысалы, ведіміс – ведомость емес, ведіміс деп жазсақ жаңа ереже бойынша. Осындай сөздердің қатарын бізге анықтап берсеңіздер екен. Бірақ анықтап беру ғана бұл мәселені шешпейді. Өздеріңіз бізбен бірігіп, насихаттасақ екен. 2-принцип – біздегі шет тілдік терминдердің бірқатары түпнұсқа принциппен жазылады. Мысалы, модератор, сканер деген терминдер ағылшын тілінде қалай жазылса, тура біздің латынмен де сонымен бірдей болып шығады екен. 3-принцип – транслитерациялау принципі. Яғни, орыс тілі қалай сол терминді игерді, біз соны транслитерациялаймыз. Мысалы, конституция – constitution дегенді біз конституциясын алып, латын графикалы емле ережесімен жазамыз. Менің өтінішім, ендігі кезекте латын графикасына көшкенде осы 3 принциппен жазылатын терминдерді егер таласқа салатын болсақ, фонетикалық принциппен жазылатын терминдердің үлесі көп болу керек. Олар қайсысы деп түрін түстеп беруде нағыз сіздердің еңбектеріңіз керек. Орфографиялық жұмыс тобына енді сол терминдерді сөздіктерге енгізу мәселесі қарастырылады. Болашақта дайындалып жатқан орфографиялық сөздікте біз осы игерілген фонетикалық терминдердің тұрқын сіздермен бірігіп шешуіміз керек.

Ә. Асқар: Анар, рахмет! Шынында да Анардың ұсынысын артынан талқылаймыз. Дегенмен, шынында да, байқап отырсыздар, Орфографиялық топ біраз шаралар жасады. Сол іс-тәжірибелер терминологиялық отырыста да пайдалы болды деп есептейміз. Ал енді әрі қарай мынандай 5 баяндама бар екен. Сол бесеуін тыңдап алайық та, содай кейін талқылауға кіріссек, қалай қарайсыздар?

- Регламент сақталсын.

Ә. Асқар: 12-ге 10 минут қалғанда аяқтайық. Ендеше тездетейік. Мына Білім министрлігінде жүрген кезде Терминология жұмыс тобы жұмысында мынадай жай болды: салалық терминологиялық секциялары жұмыс істеген. Қазір олардың жұмысының бәрін бізге ауыстырды. Сондықтан келесі тақырып «Салалық терминологиялық секцияларды құру» туралы баяндаманы А.Байтұрсынов Тіл білімі институтының директорының орынбасары, терминологиялық жұмыс тобының мүшесі Сәрсенбай Құрманұлы. Нағыз терминологияның өзімен айналысатын мықты маман. Ал бастап жіберіңіз.

С.Құлманов: Құрметті әріптестер! Менің баяндамамда уақытты ескере отырып, негізгі ақпараттарды ғана айтсам. Мында енді терминологиялық секциялар терминологиялық жұмыс тобымен бірге үйлестірілген болатын. Мысалы, терминологиялық жұмыс тобы 2018 жылы 14 ақпанда Білім министрлігінде құрылғанын білесіздер. Бұл жерде негізгі жоспары болды. Жоспарға сәйкес жұмыс істеді. Осы терминологиялық 5 отырыс өткізілді. Соның 2018 жылғы 15 мамырдағы отырысында сол кездегі министр

Е.Сағадиевтің бастамасымен секция құру керек деген мәселе көтерілді. Осыған орай, 2018 жылғы 10 тамыздағы бұйрығымен Ғылым комитетінен секциялар құрылған болатын. Ол 4 секцияны қамтыды: қоғамдық ғылымдар, техникалық ғылымдар, жаратылыстану және ономастика секциясы. Осы секцияларда 36 топ болған болатын, ол 379 ғалымнан тұрды. Жоспарға сәйкес, негізінен, ұйымдастырылу жұмыстары жасалды. Семинарлар, конференциялар, онлайн конференциялар өткізілді. Бұған арнайы қаражат қарастырылмағандықтан, бұл тек ұйымдастыру жұмыстарымен қалып отырды. Бұдан кейін 2019 жылғы 25 қаңтардағы бұйрықмен Терминологиялық жұмыс тобы қайта құрылғаннан кейін 4 ақпандағы бұйрықпен бұл секциялар толықтырылып қайтадан құрылды. Айтылған 4 секция қалды. Бірақ бұл 50 топқа толықтырылды, ол 467 ғалымнан тұрды. Бұл енді осы секцияның құрылуының өзі өте ауыр болды. Өйткені әрбір мекемеден (ЖОО, жеке мекеме, тіпті жеке ғалымдар бар) адамдармен жеке-жеке сөйлесіп, осы секцияда жұмыс істеуге келісімін алдық. Сөйтіп үлкен жоспар жасалды. Енді осы секцияларға байланысты негізгі мәліметтерді атап өтейін. 2019 жылы 11 сәуірде Парламент аясында Әлеуметтік мәдениеттану комитетінің ұйымдастыруымен конференция болған болатын. Осы конференцияда мынадай тапсырмалар берілді: ҚР Үкіметіне «Бекітуге ұсынылған терминдердің санын арттыру арқылы салалық терминологиялық секциялардың жұмысын жандандыру» деген тапсырма берілді. Білім министрлігіне «2020-22 жылдар арасындағы 1, 4, 5, 9, 10, 11 кластарға арналған латын графикасына негізделген базалық терминдердің біріздендірілген сөздіктерін енгізу» – бір тапсырма. Екінші тапсырма «2020-23, 2020-25 жылдар арасындағы қоғамдық, әлеуметтік, техникалық, ғылыми, жаратылыстану салалары бойынша латын әліпбиі негізінде көптомдық салалық терминологиялық сөздіктер әзірлеу және шығару» деген қарар қабылданған болатын. Әрі қарай секцияның жұмысын жүргізуге байланысты. Бұл бойынша 2020-22 жылдарға арналған бағдарлама жасалды. Оны қазір әрі қарай кеңейтіп айтатын шығар. Енді бірақ, білесіздер, Терминологиялық жұмыс тобын Мәдениет және спорт министрлігіне бергеннен кейін біздің министрлік, яғни мынау Республикалық терминологиялық комиссиясы, Терминологиялық жұмыс тобы Мәдениет министрлігінде болғаннан кейін бұл секцияларды Мәдениет министрлігінің қарауына беру керек деген шешім қабылданды. Сөйтіп, бұл 26 қыркүйектегі №162 бұйрықпен 2019 жылғы 4 ақпандағы бұйрық күшін жойды. Енді қазір қарап отырсақ, секциялар ешқайда жоқ. Ол туралы біз Мәдениет және спорт министрінің атына хат жазғанбыз. Бірақ әлі жауап алған жоқпыз. Осы салалық секцияларды Мәдениет министрлігінің жанынан құру туралы. Өйткені бұл тек қана Білім министрлігінің құзыретіне сыймай отыр. Өйткені республикамыздағы бүкіл тіл саясатына байланысты мәселелердің барлығы, осы секциялар Мәдениет министрлігінің құрамында құрылса деген ойымыз бар. Негізгі айтатын мәселе – осы. Сұрақтарыңыз болса.

Ә. Асқар: Жақсы, 7 минутта оқыдыңыз. Рахмет! Келесі сөз кезегі Қарлығаш Айдарбекке беріледі. Терминологиялық жұмыс тобының мүшесі А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының Терминология бөлімінің меңгерушісі. Қарлығаштың айтайын деп отырғаны, «Салалық терминологияны қалыптастыруға бағытталған 1920-22 жылдарға арналған ғылыми бағдарлама жобасы» деп аталады. Ал, Қарлығаш баста.

Қ.Айдарбек: Құрметті Төраға, құрметті терминологиялық жұмыс тобының мүшелері! Бұл жерде біз институт атынан үлкен 2 жоба әзірлеп отырмыз. Біріншісі 1920-22 жылға арналады, сосын 1923-25 жылға дейін. 2 кезеңнен тұратын 2 бағдарламалық нысаналы қаржыландыру жобасы де аталады. Енді 1920-22 жылға арналған жоба дайын тұр бізде: өтінімі, барлық құжаты. Оның тақырыбы – «Латын графикасы негізінде мемлекеттік

тілдің білім беру терминологиясын жаңғыртудың тезаурустық базасын әзірлеу». Бұл жерде біз, ең алдымен, мына нәрсені ескеруіміз керек: біз латын әліпбиіне көшпегенде де, кирилл әліпбиінде қалған күнде де біздің терминологиялық мәселеміз ешқашан шешілмеген. Бұл біз әліпбиді ауыстырайық, ауыстырмайық, сол баяғы жартас, сол жартас қазақ терминологиясында және оның ең басты проблемасы, өздеріңіз білетіндей, баяғы сол орныққан халықаралық және шет тілінен енген сөздерді қазақ тіліне аудару-аудармау мәселесі – осы кезге дейін шешілмей келе жатқан проблемалардың бірі. Бірақ латын әліпбиіне көшуге байланысты әзірленген жоба болғандықтан, біз оны нақты үш кезеңге бөліп отырмыз. 1-кезең - 1920-22 жыл. Бұл жерде егер де біз бүкіл қазақ терминологиясын латын әліпбиіне кезең-кезеңмен көшіреміз дегенде осы уақытқа дейін кирилл әліпбиінің негізінде жасалмаған қазақ терминологиясының ең өзекті проблемасы бар. Ол ешқашан қозғалмайды. Ол жабулы қазан күйінде қалып келе жатыр. Бірақ барлық дамыған елдерде, дамыған ұлт тілдерінде болған дүние кирилл әліпбиінде ешқашан біздікіндей болмаған. Сондықтан сол проблема астынан көтіреледі де, жоғарыдан бірақ шығады. Бұл – мектеп терминологиясы. Себебі бізде кирилл әліпбиі негізінде де бір де бір оқулық болмаған. Біз оны анау жоғары ғылым тілі терминологиясынан бастап кетеміз, оған келетін сатыларда бізде пробел қалып кетеді. Содан ол проблема таусылмайды. Сондықтан біз латын әліпбиіне көшуді пайдалана отырып, анау басынан проблеманы қолға алуымыз керек деген мақсатпен 1920 жылы біз бірінші кезеңді бастауыш сыныптар үшін, ең алдымен, нормативтік біріздендірілген терминологиялық сөздік дайындап беруіміз керек. Бұл жерде сосын орфографиялық ережелер бекітіледі. Жарайды, біз одан ешқайда шықпаймыз. Терминологияның бекітілген ережесінен де басқа проблемалар жетеді. Бұл жерде бірге-бөлек жазылу ғана емес, тіпті, ең қарапайым терминдердің грамматикалық жазылу формасының өзі кирилл әліпбиінің негізінде дау болған. Оның кез келген, мысалы, дублеттік терминдердің ішінен қайсысын негізге аламыз? Оның қайсысының әлеуеті, бүкіл синтагматикалық қатары, парадигматикалық қатары бар, қайсысының әлеуеті жетеді деген мәселе орфографиялық ережелерсіз-ақ жетеді, терминологияның өз басына жететін проблемалары бастан асып жатыр. 1-кезең біз бастауыш сыныптарға бірыңғай бекітілген, заңдастырылған нормативтік біріздендірілген сөздік дайындап беруіміз керек. Сосын оқулық авторлары, барлық бастауыш сыныптарға жазатын, соны нормативтік құрал етіп, басшылыққа ала отырып жазу керек. Себебі біз осы жылы бірыңғай бастауыш сыныптарға арналған бүкіл оқулықтарды сұрыптап шықтық. Бір ақтарып шықтық. Магистранттарымыз бар, доктаранттарымыз бар. Сонда проблема жетерлік. Себебі қанша баспа патент ұтып алады. Әр баспада қанша автор бар, соншалықты терминдер жүр. Сондықтан біз бастауыш сыныпқа келген баланың ертең латын әліпбиіне көшейін деп отыр, жазуы өзгерейін деп отыр, оның тағы бірнеше терминдермен басын қатыратын болсақ, онда бала қандай жағдайға душар болады. Мен, мысалы, музыкаға арналған бір оқулықты алып көрсем, бірінші оның ішінде қандай терминдер жүр?... Қазақ баласына, қазақ мектебіне арналған **демендуэнда,** тағы бір нәрсе. Оны, кешіріңіздер, жоғары білімі бар адамдар да түсіне бермейді. Соны, мысалы, авторлармен де жұмыс жасау керек және терминологиялық қолданысына да мән беру керек. 2-кезең – ол 1921 жылы біз 5 және 9 сыныптарға арналған нормативтік сөздік дайындап беруіміз керек. Бұл – біздің міндетіміз. Латын әліпбиі негізінде. Енді 1922 жылы біз латын графикасы негізінде орта, кәсіби және техникалық білім беруге арналған терминологияны әзірлеумен байланысты болып тұр. Бұл жерде айтып кететін дүнием: 10-11 сынып және кәсіптік-техникалық білім беру саласында, сіздер білесіздер ме, бір де бір терминологиялық сөздік жоқ. Олар 2000 жылы шыққан 30 томдықтың да ішінде

жоқ, ол терминологиялық жүйелер, 2014 жылы шыққан сөздіктерде де жоқ. Мысалы, қарапайым қызмет көрсету саласы, шаштараз қызметі т.б. оларды оқытады ғой кәсіптік-техникалық колледждерде. Бірақ қазір қазақ топтары өте көп. 90-жылдары барлығының балалары қазақ мектебіне барды ғой. Енді ауылдан келген балалар да бар. Олар міндетті түрде сабақты, дәрісті қазақ тілінде өту керек. Бірақ оларға сөздік жоқ, оқулық жоқ. Олар өздері аударады. Сонда мына компьютерлік бір саланың оқулығын аударған ғой орыс тілінен. Қарапайымдап, техникалық білім беру саласына бейімдеп. «кодқа салу» дегенді «кодалау» депті. Қазір ол есіме түсіп отырғаны. Енді соны алып қарасақ, қазір күлетіндей дәрежеге жететіндері баршылық. Сондықтан осы кезге дейін бізде кәдімгі ақтаңдақ болып қалған, ол – кәсіби және техникалық білім беру саласы. Олар не ғылыми терминологияға жатпайды, не білім беру терминологиясы бізде о бастан қалыптаспаған, бір де бір терминологиялық сөздік жоқ. Сондықтан 1922 жылы біз 10 мен 11-ге қоса кәсіби және техникалық білім беру саласын қоса алып отырмыз. Бұл жобаның негізгі нәтижелерінің барлығы нормативтік-терминологиялық сөздіктер негізінде дайындалуы, әзірленуі қажет. Енді 1923-25 жыл арасындағы жобаны біз былай алып отырмыз: 1923 жылы біз қоғамдық және әлеуметтік ғылыми салалар бойынша 20 салалық терминологиялық сөздік әзірлеуіміз керек. 1924 жылы техника ғылымдары саласы бойынша 15 терминологиялық сөздік, 1925 жылы біз жаратылыстану ғылымдарының салаларына арнауымыз қажет. Ол жерде де біз 15 томдық терминологиялық сөздікті көздеп отырмыз. Енді айта кететін бір жайт бар, оны о бастан бұл мәселені ашып алуымыз керек. Мына 30 томдық сөздікке біздің түгел институттың ғалымдары қатысқан. Әр томға бізде бір ғылым кандидаты немесе ғылым докторы қатысып, тікелей жұмыс топтың ұйымдастыруымен, бірақ таза институттың ұйымдастыруымен шығарылған мынау сөздік. Өзім де бармын ол жерде. Сала мамандарымен де жұмыс жасадық, өте қиын болды жұмыс жасау. Олардың бізбен келіспейтін, біз оларға түсіндіре алмайтын жайттар болып жатты. Бірақ жаманды-жақсылы бұл сөздіктер шықты. Енді қараңыздар, бұның тармақтық салаларға бөлінуі сол 2000 жылдан бері қалай болды, ол солай қалды. Одан кейін небір терминологиялық жүйелер пайда болды. Бірақ олар аты бар, заты жоқ. Себебі олар мына жерге кірмеген. Сондықтан 30 томмен біз шектелмеуіміз керек, ол 50 томға дейін жетілдірілуі керек, біріншіден. Сосын, екіншіден, бұл жерде сала мамандарының, авторларының соңғы кезде мен жеке пікірлерін естіп жүрмін: біз мынаны кодировкаға салып мынаны латын графикасы негізінде шығарып жібергісі келіп отыр деген пікір айтқысы келеді олар. Мүлдем олай емес. Себебі, баршаңыз да біліп отырсыздар, лексикалық қабаттағы жаңарып отыратын қабат – ол тек қана терминдер. Ол – күнделікті біріздендіруді, күнделікті қадағалауды талап ететін салалардың бірі. 2000 жылдан бері, міне, 20 жыл өтті. 20 жылда мына жерге енгізілген термин мүлдем басқа формада қолданыста жүруі әбден мүмкін. Сондықтан мұның көшірмесін латын графикасында ешкім жасайын деп отырған жоқ, ең алдымен. Осыны түсінуі керек сала мамандары және Сәрсенбай мырза айтқан мәселе бойынша біз сол сала мамандарымен жұмыс жасаймыз деген де ойымыз бар. Себебі олар келіспейтін тұстарын алдын ала біз болжап біліп отырмыз. Себебі біз олармен жұмыс жасадық қой. Қандай пікірталастар болатынын біз 100% меңгеріп біліп отырмыз. Сондықтан бізге 50 томды латын графикасы негізінде жасау үшін қажет болып тұр. Ол – бір-бірімен байланысты мәселелер. Болды, рахмет!

Ә. Асқар: 1920 жыл келіп қалды ғой. Сонда бастауыштікі дайын ба?

- Бастауышқа бізде дайындық бар.

Ә. Асқар: Ал 10 минутқа тура сыйдыңыз. Келесі Тіл білімі институтының грамматика бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымының докторы, біздің Терминологиялық жұмыс тобының мүшесі Орынай Жұбаева. Тақырыбы – «Кірме терминдерді игеру жолдары». Бастап кетіңіз.

О.Жұбаева:

- Баршаңызға сәлем бердік. Біз енді кірме терминдерге байланысты деген кезде А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты, оның ішінде Грамматика бөлімі Терминология бөлімімен бірлесе отырып, арнайы зерттеулер жүргізді. Сонда кірме терминдерді игеру қазір ғана пайда болған мәселе емес қой. Ол ертеректе пайда болды. Тіпті, 19-20 ғасырдың басында (А.Байтұрсынов еңбектерінде жиырманшы деп айтады, мен де солай айтып отырмын). Соған байланысты сол кезде оқулықтар, аударма ерекше дамығанын білеміз. Сол кездегі терминдер қалай игерілді? Қандай принциптер ұсталынды? А.Байтұрсынов пікірлері қандай болды? Сол кезде сөздікте терминдер қалай берілді? деген мақсатта біз арнайы зерттеулер жүргіздік. Сол жиырманшы ғасырдың басында, өздеріңіз білесіздер, Ә.Бөкейханов, Х.Досмұхамедов, – барлығы да оқулық жазуға, аударуға атсалысты. Осында, аударып алу, қазақ тілінің ұстанымы басшылыққа алынды. Бірақ қазақ тіліне аударылмаған жағдайда, қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына сүйене үйлестіре отырып, ол терминдердің барлығын қазақыландырды. Сондықтан біз соны негізге алдық. Енді қандай нәтижелерге қол жеткіздік деген кезде сол ұстанымдарды басшылыққа ала отырып, қазіргі кезде терминдерді қалай икемдеуге болады? Қалай бейімдеуге болады? дегенде бірінші кезектегі ұстанымымыз – ол қазақ тілінің айтылым заңдылығына сәйкестендіру керек. Екіншіден, осы жерде бір ой айтылып қалды: қазақ тілінің дыбысталуына негіздейтін болсақ, әр қазақ әр түрлі айтады. Сондықтан қайда барамыз деген сияқты. Оның да басын ашып берген – А.Байтұрсынов. Яғни қазақ тілінде дыбыстардың тіркесім заңдылығы бар. Қазақ тілінде дауыссыз дифтонг деп атаған жиырманшы ғасырда Қ.Кемеңгерұлы: үнді мен қатаң тіркесе алады, мысалы, қант, жент, ант, жұлт дегеннің бәрінде. Басқаша тіркесу жоқ қазақ тілінде, мүмкін емес ол, болмайтын нәрсе. Сондықтан осы заңдылықты біз басшылыққа алуымыз керек. Екінші, осыған байланысты қазіргі кезде ол жиырманшы ғасырдың басындағы ғалымдардың тексерген нәрсесі – қосымшаларды жалғау арқылы. Қосымша жалғанған кезде өзінен өзі дәнекер дыбыс қосылады, қосылмайды немесе түсіп қалады. Осы моментті біз қазір ескермей келе жатырмыз. Мына слайд сол кездегі оқулықтар қандай болды – соны тексергеніміз. Мынау – сол кездегі сөздіктер, әскери атаулар сөздігі. Үмбетбайұлы құрастырып, Ш.Құрманбайұлы жарыққа шығарған. Әрі қарай сол кездегі еңбектердің барлығын тексердік. Мынау – 1931 жылғы атаулар сөздігі. Одан кейін сөз басында 2 дауыссыз қатар келмейді. Қазақ тілінде сөздің соңында ***б, г, ғ, д*** дыбыстарымен бітпейді. Сол заңдылықтар А.Байтұрсынұлының ойдан шығарып отырған заңдылығы емес – қазақ тілінің өзінің дыбыстық ерекшелігі. Соған сәйкес қазіргі терминдердің өзінің соған бейімделуі. Қазіргі кезде ***нк, рк*** сияқты дыбыс тіркестеріне аяқталған сөздерді өз тілімізде жаза беруімізге болады. Қ.Кемеңгерұлы айтқан дауыссыз дифтонгтар біздің тілімізде бар. Екі қосар дыбыстармен келген ***с, м, л*** сөздің кез келген жерінде келген жағдайда олардың біреуін міндетті түрде түсіріп тастауға болады. Мысалы, класс деген сөзді алып жатырмыз. Ол сөз қазақ тілінің бүкіл дыбыстық өзгерісін бұзып тұр. ***Сд, зд*** деген сияқты дыбыстық тіркестермен келген кезде бұлардың соңғы дыбыстарын түсіріп тастауға болады. Мысалы, біз осы уақытқа дейін ***сиез, пойыз*** деп келдік. Сол сияқты ***поиез, разиез*** дегендердің бәрінің соңындағы ***д***-ны түсіріп тастасақ одан қазақ тілі кеміп қалмайды. Себебі қазақ тілінің заңдылығында қосымша жалғанғанда соңғы дыбыстың

бәрі де түсіп қалады. ***Терапевт*** деген сөзге де қосымша жалғанғанда ***т*** түсіп қалады. Сөздің соңындағы қатаңдар түсіп қалады. Сондықтан сол заңдылықты біз негіздей отырып, қазақ тіліне келгенде сөз осы негізде болу керек деп есептеймін. Енді мына сөздің соңында ***тс, кр*** сияқтымен келгенде де, ешқашан дауыссыз дифтонгтар тіркесе алмайды. Мысалы**, *трактыр, метір, театыр*** деп берген. Сонда ***т*** мен **р** өзінен-өзі тіркесе алмайды. Фонетикадағы заңдылықтар – метатеза, протеза. Мына жерде сол ***ы, і*** дәнекер дыбыстары кіруі керек. Қазіргі кезде ***кегель, вальс*** деген кезде де ***ы, і*** дәнекер дыбыстарын алуымыз керек. Ол тек сөздің соңына емес, сөздің ортасына да түсе береді. ***Дубль, артикль*** деген кезде ***л***-дің алдына дәнекер түсетін болса, ***дискі, концепті*** деген жерде сөздің соңына қосылады, яғни бұл – қазақ тілінің заңдылығы. Қосымша жалғанған кезде қосылады. ***Ландшафтқа*** демейміз, ***ландшафтыға, лифтіге*** дейміз.

- ***т***-ны түсіре салуға болмай ма?

- Буын түріне байланысты біз оны түсіре алмаймыз. Оны қосымша жалғау арқылы түсіндіре аламыз. Біздің тілімізде ***нг***-мен біткен сөздер өте көп. Шерубай ағай да осыны өте жақсы айтып жүр. Оларды түпнұсқадан көрген кезде, транкрипциясын қараған кезде бәрінде – ***ң***. Орыс тілінде ***ң*** болмағандықтан, олар ***нг*** түрінде берген. Бізде ***ң*** бар. Біз соны Қапшағайда шырылдап тұрып енгіздік. Сол жиналысқа Қарлығаш қатысты, біз қатыстық. Түнімен ұйықтамай отырып, осыны тексеріп, ***ң***-мен келу керек деп ұсыныс жасадық. ***Тренинг, боулинг*** деген сөздер. Осы ұсынысымыз енгізілді. Біздің тіліміздің заңдылығы бойынша, сөздің соңында ешқашан ***бг*** дыбыстары келмейді. Себебі оны А.Байтұрсынұлылар да солай ұстанған. Араб тілінен енген ***кітап*** деген сөз бар. Түпнұсқада ол – ***кітәбә***. Сөздің соңындағысы – ***б.*** Оны біздің Алаш зиялылары ***кітап*** деп алған. Ал одан қазақ тілі ұтылған жоқ, ұтпаса. Қажым Басымұлының еңбектерін қарасаңыз, сонда ***арап*** деп алады, ***б***-мен емес. Себебі оған жалғанатын қосымша қатаңнан басталады. Өздеріңіз білесіздер, қазақ тілінің заңдылығы бойынша қосымша қай кезде қатаң жалғанады? Сөздің соңындағы дыбыс қатаң болған жағдайда, оған жалғанатын қосымша қатаңнан басталады. Мысалы, ***қазқа*** демейміз, ***қазға*** дейміз. Осындай қазір еніп жатқан сөздер өте көп. Масштаб, ***асхаб, хиджаб***, ***гардероб, микроб***. Ахмет Мамытұлының кітабын біз былтыр шығардық. Оның еңбектерін оқыған кезде олар ***микроп*** деп жазады. Біз оны ***микропға*** демейміз. Сондықтан біздің ұсынысымыз осындай сөздерді біз қатаң дыбыспен беруіміз керек. Сөздің басында екі дауыссыз қатар келмейді. Сөз ортасында екі дауысты қатар келмейді. Поэтика, поэма деген кезде ***о*** мен ***э***-нің арасында ***й*** болу керек, дауыссыз ***й***. Сөздің соңында ашық дауысты келмейді. Мысалы, ***тонна, масса, морфема, фонема*** дегенді ***тонны, массы, морфем, фонем*** деу керек***. Наград, кординат*** деген сияқты. Сосын сол кездегі ұстанымдар бойынша, егер сөздің басы езулік дауыстылардан басталып, сөз соңында еріндік болатын болса, еріндік езулікке ауысуы керек. Мысалы***, *трактор, директор*** емес, **трактыр, директыр** деген сияқты бірыңғай езулік болу керек. Біз орфографиялық ережені ұсынған кезде ***ь, ъ*** түсіріліп қалу керек, болды. Ол басқа буынға ауысады деген әңгіме жоқ, түсіп қалуы керек. Қазақ тілінің сингармонизм заңына мейлінше бағындыра отырып жазуымыз керек. Келесі ***ц*** дыбысы. Біз бірнеше рет ұсындық. Бірақ біздің бұл ұсынысымыз өтпей қалды. Оны әрдайым бір ғана ***ц***-мен беруге болмайды. ***Ц*** дыбысы сөздің басында келген кезде және дауыссыз дыбыстардан кейін келгенде ***с*** боп беріледі. Ал дауысты дыбыстан кейін келгенде ***тс*** боп беріледі. Мысалы, ***коперасия, полисия*** деп жүрміз ғой. ***Тс*** сақталуы керек. Осындай ерекшеліктерді ескеру керек. Сол сияқты ***ю, я***-ға келгенде дауыссыздан кейін келіп тұр ма, сөздің басында келіп тұр ма, орнын белгілеу керек. Мен енді кішкене сөзімді қысқартуым керек болған соң, солай айтып жатырмын. Енді сөзімнің

соңында айтарым, жиырмасыншы ғасырда 3 нәрсені айтты. 1-қазақ тіліне балама табу керек, 2-түркі тіліне балама табу керек, болмаған жағдайда халықаралық терминді алуға болады деп. Қазіргі кезде 4-інші бір арна бар. Ол – қытай қазақтарының тілі. Қытай қазақтарынан біз ***тінтуір, азамат күәлігі*** деген сөздерді алдық. Олардан көптеген сөздерді алуға болады. Сосын қазір халықаралық терминдерді аудармау керек деген ұстаным бар. Жоқ, А.Байтұрсынұлы, мысалы, ***субстантивтену, адъективтену, адвербиалдану*** дегенді **затсымақтану, сынсымақтану, үстеусімектену** деп алды, қазақ тілінің заңына бағындырып. Соны алуымыз керек. Осы уақытқа дейін ***жүйе*** дегенді ***систем*** деп аламыз деп келді, ақылға сыймайтын нәрсе. Сондықтан «жүйелі сөз жүйесін табады, жүйесіз сөз иесін табады» дегенді «***системді*** сөз ***системін*** табады, ***системсіз*** сөз...». Масқара ғой ол. Миға сыймайтын нәрсе. Сондықтан бұрыннан қалыптасып қалған теминдерді біз қозғамауымыз керек. Жиырмасыншы ғасырдағы оқулықтар өте көп. Терминдердің баламасы өте көп. Біз соларды ұтымды пайдалануымыз керек. Кешірім сұраймын, сәл уақыттан асып кетсем, айыпқа бұйырмаңыздар.

Ә. Асқар: Жоқ, бәрі дұрыс. Пікіріңізге үлкен рахмет. Мына басқа саланың да, басқа комиссияның да мүшелері отыр. Сөйлеп отырғандардың барлығы – аттарынан ат үркитін терминологтар. Бәрі – доктор наук, профессорлар. Осы саланың, терминология саласының майын ішіп, жілігін шаққан мықтыларымыз отыр. Сондықтан сөздердің барлығы орынды. Талқылауға артынан көшейік. Ал енді мына қазіргі әдемі, құлақтарыңызға жағатын дүние – Тіл саясаты комитетінің тапсырмасымен Тіл білімі институты Алматыда ҚР географиялық атаулардың латын графикасы негізіндегі ережелері. ҚР азаматтарының аты-жөндерін латын графикасы негізінде жазу ережелері туралы жобаларды әзірлеген болатын. Сол жобалардың насихаты, іске асырылуы қалай болып жатыр? Соны біздің қызымыз, міне, Сая Итеғұлова, бөлім меңгерушісі, «Тіл-Қазына» орталығының. Сая, бастап кет. Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы Қолданбалы лингвистика басқармасының басшысы.

С.Итеғұлова: Жалпы мен жобалар туралы хабарлама ғана жасаймын. Сіздердің электрондық пошталарыңызға осы 2 жоба жіберілді. Себебі бұл терминологиялық жұмыс тобының жоспарында тұрған жобалар. Сондықтан осы отырыстың алдында Бақытгүл Даутбековна барлығыңыздың электронды пошталарыңызға жіберді. Танысып шықты деп ойлаймыз. Енді таныспасаңыздар, қазір қарауларыңызға болады. Жалпы бұл жобаны Тіл саясаты комитетінің тапсырмасымен А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының ғалымдары, ономастика саласындағы жетекші, ғалым Қыздархан Рысберген жасады және орфографиялық жағынан Күдеринова Құралай апай сол кісіге жәрдемдесті. Жобаның қосалқы авторы ретінде сол кісі қатысты. Енді жалпы жоба дайын болғаннан кейін біздің қолымызға бергеннен кейін ономаст 10 ғалымды таптық. Ономастика саласындағы республикамыздағы жетекші ғалымдар. Соның ішінде 5 ғалым – ғылым докторы, ғылым кандидаттары. Бес ғалым бірінші жоба бойынша кісі есімдерінің латын графикасы негізінде жазылу ерекшелігіне сараптама жасады. Бес ғалым географиялық ережелер бойынша сараптама жасады. Соның ішінде 2 ғалымымыз 2 жобамен де танысып, 2 жобаға да сараптама берді. Осы сараптамалар бойынша Ш.Шаяхметов атындағы орталықтың Ғылыми кеңесінде де қарастырылды. А.Байтұрсынов атындағы институттың да Ғылыми кеңесінде қаралды. 15 қарашада болған конференциямыздың бір секциясында арнайы Орфографиялық жұмыс тобының мүшелерінің арасында осы жоба талқыланды. Жалпы жобаны талқылау барысында 115 ұсыныс болды, оның 20%-ы қайталанады. Географиялық ережеге байланысты – 45. Жалпы ұсыныстардың мазмұндық сипатын айтқым келеді. Бірінші – қағидаттар

бойынша ескертпелер болды, яғни, 2 ереженің де басында қағидат дайындалған. Одан кейін әріптік және стильдік қателіктер кеткен, соған байланысты. Үшінші Sh түріндегі ш әрпін оқу барысында қателіктер туындайды. Мысалы, Асхат деген сөзді оқу қалай болады деген сипатта пікірлер болды. Одан кейін қайталанған параграфтар болды, соларды біріктіруге байланысты, параграфтардың мазмұнын стильдік жағынан жетілдіруге байланысты. Орыс тіліндегі қазіргі таңбалар, жіңішкелік таңбасы, ***ё, й, ю, я, ц, ш, щ*** әріптеріне байланысты осы ережелерде мазмұнына кедергілер келтіреді дегендей пікірлер болды. Қалай таңбалануы керек деген және осы мақұлданған емле ережесі мен негізі географиялық атаулардың және кісі есімдерінің жазылу ережесінің арасында алшақтықтар болатын тұстары болды. Соған байланысты да пікірлер келіп түсті. Жалпы келесі ұсыныстардың тобы қазақ есімдерін бір нұсқада қалдыру, нормалау мәселесіне байланысты, яғни, аты-жөндері жазылу ретіне байланысты бірінші аты, әкесінің аты, тегі шыға ма әлде тегі, одан кейін барып аты шыға ма деген мәселе және нормативтік-заңнамалық мәселеге байланысты ұсыныстар келді. Мына жерде енді қысқаша айтайын. Мына қағидаттар бойынша талқыға салу үшін көрсетіп отырмыз. Келіп түскен ұсыныстар мен ғалымдар арасында қайшылықтар болып отыр. Өзге ұлт өкілдерінің аты-жөндері төлқұжаттарда орыс орфографиясы негізінде де, латын графикасы негізінде де 2 нұсқамен қатар жүрсін деген пікірді ғалымдар ұстап тұр, бұл аралық болғандықтан деп. Ал талқылаулардың барлығында да кириллицада дегенді алып тастау керек. Қазақстан азаматтары, әсіресе, ұлты қазақ азаматтар латын негізінде құжаттарын толтырсын деген пікір талқылауға салынды. Жалпы мына ережелердің заңды құқығы болу үшін оның құқықтық мәселесін айқындау керек деген ұсыныстар айтылды. Себебі бұл ережеде ***Ёлка, Майор, Депутат, Фестиваль, Экспобай, Дағдарыс*** деген аттар бар екен. Сондай аттарды қояды екен. Сол ережеде осы аттарды қоймаңдар деп жазған. Себебі бұл жобаны орындаушылар бұны жазған кезде басқа халықаралық тәжірибелерді қараған екен де, басқа тәжік, бурят, әзірбайжандарда мұндай аттарды қоюға болмайды деген бап бар екен. Соны енгізіп еді, бұл тармақтарды заңгерлер адамның жеке құқығына нұқсан келтіреді. Баланың атын әке-шешесі өзі біледі қандай ат қойса да деп, бұл тармақты алып тастаңдар деді. Негізі енді бірақ жобаны орындаушылар бұл баптың болғаны дұрыс деп отыр. Бір жобада Қазақстан жер-су атауларының типтік үлгілері берілген. 2 жоба дайындалып отыр ғой. Ал кісі есімдерінде ол үлгілер белгіленбеген. Соған байланысты неге 2 жоба бірдей болмайды, кісі есімдерінде тұр, екіншісіне де осындай типтік үлгілерді беріңіздер деген сұрақ қойды. Оған ғалымдардың жауабы тұр. Бұны анықтамалықтарда, сөздіктерде береміз, бұл ереженің міндетіне кірмейді деген сияқты пікірлер. Енді жеке әріптер бойынша. Орынай ханымның да сұрағы осы жерде келіп туындайды. Кирилицадағы ***ц*** таңбасы жоқ, оны ***с***-мен беру мәселесі. Мына жерде бір географиялық атауларда және кісі есімдерінде міндетті түрде ***ц*** дыбысы ***тс*** түрінде болу керек деген деген ұстанымды айтып отыр ғалымдарымыз. Себебі Цой деген фамилия Сой болып кетеді. Ал корейлерде Сой деген де, Цой деген де фамилия бар. Соның таңбасы қалай беріледі. Қазір соны дұрыс беру үшін ***тс***-ны алуымыз керек деген уәж айтып отыр. ***Ё*** әрпіне байланысты да осындай мәселе туындады. Тағы бір ұсыныс сарапшылардан келіп түскен: Мұстапа-Мұстафа, Мұхамед-Мұхаммет деген сияқты бір дыбыстық айырмашылықтармен жүрген мысалдарымыз көп. Соны бір ғана нұсқада берсек болмай ма? Біздің емле ережені дайындаудағы мақсатымыз да сол қазақтың есімдерін біріздендіру ғой деген сарапшылардың пікірлері болды. Бұл пікірлермен орындаушылар келіспей отыр. Себебі ***Фатима, Бәтима, Пәтима*** дегенді өзіміздің ұлттық реңкіміз дегендей пікірді айтты. Тағы бір сұрақ ***Ақаев*** дегенде түбірді сақтау мәселесін ұстанып отыр ғалымдар, ережені түзушілер. Мысалға ***Ақаев*** деп жазбай,

Ақайев деу керек, яғни түбір күйін беру керек, түбір күйін сақтап барып, жұрнақты қосу керек деген. Жалпы мұны негізі аралық бап деп түсіндіруде. Себебі кейіннен біздің, қоғамның санасы өзгеріп, ***-ев, -ов, -ин*** жұрнақтарынан құтыламыз деген үміт бар. Сол құтылған кезде бұл өзінен- өзі түсіп қалады. Бірақ құтылғанға дейін, түбірді қосып, егер де «мен ***-ов, -ев-***тен айырылмаймын» деген адам болса, оның фамилиясын толық түбірімен берейік деп отыр. Келесі ортаға салынатын мәселе деп беріп отыр. Соңғы атау беруде мынадай жақсы бір үрдіс басталды. Мысалға, ***Шыңғырлау*** бұрын ***Чингирлау*** деп келді ғой. Қазір оны кириллицамен жазғанда да ***Шыңғырлау*** деп жазу керек, яғни қазақтың өзінің кирилицаға салған кезде оларда ***ң, ғ*** дыбыстары жоқ демей, қазақтың атауын бұрмаламай толық беру керек деп көрсетті. Мына ережеде қайшылық бар. Мысалы, ***Нұрсұлтан, Ұзынағаш, Ұржар*** дегенде қазақтың таңбаларымен берейік деп отыр да, ***Түлкібасты Тулькибас*** деп бере берейік дейді. Себебі бұл бүкіл құжаттарға кетіп қалды деген уәж айтып отыр. Бірақ бұған біздің сарапшыларымыз кешегі талқылауда да ол дұрыс емес, бір ереженің бойынша біріздiлік болу керек. ***Тулькибас*** емес, ***Түлкібас*** деп бәрін түзетсін деп отыр. Менің бұл жерде мақсатым – сіздерге тек хабарлама ғана жасау. Осындай-осындай жоба жасалды деп. Олар электронды пошталарыңызға жіберілді. 29 қарашада нақты осы 2 жоба талқыланатын болады. Республикалық семинар өткіземіз. Сол семинарға дейін өздеріңіздің пікірлеріңізді, ұсыныстарыңызды жазбаша түрде жолдаңыздар. Семинарда талқылау барысында сіздердің уәжді пікірлеріңіз есепке алынады. Семинарға да баршаңызды шақырамыз. Енді қысқаша ғана жұмыстың барысына байланысты айтайын. Жана басында Анар ханым өздерінің жұмыстарының жоспарын айтты ғой. Бізде терминологиялық жұмыс тобын үйлестіру, жұмысты жүргізу мәселесі бізге берілген. Біз сіздерге мынадай ұсыныс жасап отырмыз. 2020 жылға арналған жұмыс жоспары қалай болу керек деген өзіміздің көзқарасымыз бар. Бірақ оны қазір сіздердің алдарыңызға шығармадық. Бірақ сіздердің пікірлеріңізді білгіміз келеді. Сіздер желтоқсан айының 10-ына дейін осы 2020 жылға арналған жұмыс жоспары қалай болу керек? деген мәселелерді берсеңіздер. Қарлығаш ханымның айтқан мәселесін де осының аясында шешуге болатын сияқты. Әрі қарай нақты өнімдердің атауын берсеңіздер. Бірінші кезекте, терминологияға байланысты нақты қандай өнімдер жасауымыз керек, сол өнімдер атауын берсеңіздер және атқарылған жұмыс түрлері бойынша есеп тапсырсаңыздар.

Ә. Асқар: Терминология деген қиын сала ғой. Білесіздер, иә. Барлығы ұсыныс жасайды. Әсіресе, журналистер. Сондықтан Сая басқарып отырған басқарманы «Терминология және ономастика» деп өзгертсек пе деген ойымыз бар министрлік қолдаса.

М.Айымбетов: Мен енді мамандар сөздерін тыңдадым. Мен заң терминдеріне қатысты айтайын деп едім. Құқықтық қатынастың 31 саласы бар екен. Мына 30 томдықты соған икемдеп шығарған ба деп ойлап қалдым. 31 саласы бойынша осы тәуелсіз 25 жылдың ішінде 3500 заң қабылданыпты. Оның күші жойылғандары да бар. Қазір қолданыстағы 2500 заң бар. Сондағы практикалық негізде қолданып жүрген терминдеріміз. Соның жобасына сараптама жасаймыз дегенде, меніңше, бұны сынаушылар да шығар. Осы жылдар ішінде әжептәуір қор қалыптасты деп ойлаймын. Шет тілден аударылатын терминдер бар. Олардың баламалық үлгілері. Заң мәтіндеріне қарап отырсаңыздар, соған қатысты үлкен сөздік шықты. Соны толықтырып дайындап, жаңартып, түсініктемелерін беріп, жаңа нұсқасын дайындау үстіндеміз. Сөздіктерге мораторий жариялап, латынға көшпей тұрып осы 6 жылда заң терминдерін шығармау керек кириллицамен. Ол дұрыс та шығар. Латынға көшкеннен кейін емле де өзгереді. Оған мен келісемін. Оған бару үшін де кириллицада бір негіз болу керек қой. Осы мәселе өткенде конференцияда айтылған шығар. Осы заң терминдеріне қатысты негізгі 4 қағидат бар. Біз соны ұстанамыз. Бірінші – терминдердің құқықтық нормалармен үйлесімі. Термин құқықтық нормалармен үйлеспесе, құқықтық мағынасын ашпаса, ол заң термині емес. Осының құқықтық нормамен үйлесімін қалай табамыз деген мәселе бар. Осыны білмегендіктен, біздің терминдердің нормалық үйлесімнен ауытқып жататын жағдайлар бар. Екінші – терминдердің түп мәтіндік ерекшелігі. Бір термин басқа бір мағына береді. Үшінші – кірме терминдердің қолданысы. Оны қалай жазамыз? Негізінен латын әліпбиіне көшкен кезде біздің алдымызда көп проблема тұр. Осы терминдік қордағы терминдерді қайта қарау керек, қайта жасау керек. Бұл – біздің алдымыздағы үлкен жұмыс. Салалық терминологияда 6 саланы негізге алып, 6 кітапша дайындап қойған. Латынға көшкенде қалай көшеміз? Ол үшін бізге ереже, қағида керек қой. Заң терминдеріне қатысты көп проблема болайын деп тұр. Қазір біз соған дайындық жұмысын жүргізіп жатырмыз. Бізге ереже керек, әліпби керек. Оны конвертормен аударып, терминдерді латын негізгі әліпбиге көшіру мәселесін қолға алуымыз керек. Бірақ ол үшін біз латынның басын ашып алуымыз керек.

- Сонда оны істеп отырғандар – бір топ адамдар ғой, иә?

М.Айымбетов: Бізде Лингвистикалық-сараптамалық орталық деген үлкен орталық бар. 20 шақты адам істейді. Ол институттың жанында. Бүкіл өтіп жатқан заң жобаларының мәселелері біз арқылы өтеді. Біз негізін салып берсек, Парламентке, Үкіметке, одан әрі қарай Президент әкімшілігіне барады. Негізгі жұмыс әрине, бастамашылардың өзінде. Егер министрліктегі мамандар дұрыс болса, бізге көп салмақ түспейді. Бірақ шынын айту керек, маман жоқ қазір. Кез келген адамды алады. Соның еңбегіне ақы төлейді. Негізінен осы мамандарды дайындау бұрын қатты көтіріліп еді, ЖОО-да аудармашы дайындау. Қазір, қарап отырсаңыз, тікелей ағылшын тіліне қазақ тілінен аударатын мамандар бар. Оларды тәрбиелесе, жүйеге салса, Еуропа тілдеріндегі модельдік заңдарды қазақшалауға болады. Араға орысшаны салмай, мәселен.

Ә. Асқар: Рахмет, Мәди. Шерубай, жана бірдеңе айтайын деп едің.

Ш. Құрманбайұлы: Жана біреулер айтамын деп еді. Жақсы, біріншіден, құрметті Төраға, терминологияның сіздердің ауқымдарыңызға кіруін дұрыс деп есептейміз. Сағадиевпен 4-5 рет жиналып, бір тоқтамға келе алмадық. «Аққу, шортан һәм шаян» сияқты 3-4 жаққа тарттық. Ең соңында, біз бір жыл бос салпаңдадық. Терминологиялық жұмыс тобы ешқандай жұмыс атқармады десе де болады. Жекелеген ғалымдар атқарып жатыр. Ал жалпы жұмыс тобы ретінде біз үйлесіп бір де бір мәселені шеше алған жоқпыз. Себебі жұмысты ұйымдастыру, үйлестіру, басқару дұрыс болған жоқ. Енді мына жерге келгенде, тіл саясатын жүргізіп отырған комитет, институт, «Тіл-Қазына» орталығы мамандары осында отырғандықтан, бір үмітіміз бар. Енді кешегідей жанжаққа тартқыламай, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, осы жұмыс жүре ме, жүрмей ме, оны енді уақыт көрсетеді. Өйткені сіздердің, тағы да сіздердің 2-3 жыл бойы екі тізгін, бір шылбыр сіздердің қолдарыңызда. Қалай ұйымдастырасыздар, солай болады ғой енді. Біз айтамыз, ол өзгерер-өзгермес, ол – басқа мәселе. Екінші, біз бір нәрсені ұйымдастырғанда, шешкенде, істі аяқтағаннан емес, бастағанға қара деген сөз бар ғой. Абай атамыздың сөзі. Кез келген нәрсе өзі басталғанынан көрініп тұрады. Мен бір нәрсеге көңілім толыңқырамай отыр. Мынаған қараңыз: терминологиялық жұмыс тобының қызметін үйлестіру мәсселесі. Тақырып, кез келген шығарма, повесть жазсаңыз, тақырып қоясыз. Соны зерттеп, соның төңірегінде жазасыз. Ғалымдар да мақала жазғанда сөйтеді. Біздің тақырыбымыз міне. Әріптестеріміз айтқандарының бәрі дұрыс. Бірақ біз жасаған баяндамалар – бәрі әркімнің өзіне қатысты мәселелер. Қарлығаш Тіл білімі институтының мәселелерін айтты. Түк қиындығы жоқ, ақпаратты ала саламыз,

айта саламыз. Екіншіден өте жақсы баяндаманы Орынай жасады. Осы жердегі нақты талқылауға болатын болашақта, біздің проблемамыз осы. Қалған нәрселердің бәрінде біз мына мәселені талқылауымыз керек. Ең соңында Сая шығып, мынаны не істейміз, ұсыныстарыңызды беріңіздер деді. Осы күн тәртібіне қойылып отырған мәселені біз талқылаған жоқ сияқты болып отырмыз, біз, 2 сағат отырып. Біз, терминологиялық жұмыс тобы, 1 жыл жұмыс істемей, 1 жылды жоғалттық қой. Ендігі 1 жылды жоғалтпау үшін, осыны қалай ұйымдастырамыз деген мәселеге келгенде, айтып келе жатырмыз енді. Осыдан бір нәрсе шықса енді. Біріншіден, терминологиялық жұмыс тобы дұрыс үйлесу үшін, А.Байтұрсынов айтқандай, кемеміздің қайда жүзетінін анықтауымыз керек деп, принциптерін белгіледік. Жаңа, Орынай, айттыңыз ғой 3 принципті. Төртіншісі – енді қытай қазақтарының тілі принципке жатпайды. Олардың тілі де – қазақтың тілі. Ең алдымен, сіздер мен біздер, Тіл саясатын жүргізіп отырған мемлекеттік орган жалпы терминологияны жүргізудің негізгі бағыт-бағдары деген мәселені бекітіп алуымыз керек. Сіздер оған бірнеше жиын арнадыңыздар: Назарбаев Университетінде дәл осы мәселеге, Әлеке, сіз ұсыныстарды жасап, Байтұрсынов, Жұбанов, одан бері қарай Қайдаров, т.б. азаматтардың принциптерін талқыладық та қайттық. Бірақ ол принцип бекітілмеді. Енді мына жұмыс тобы басталды. Мен өз ұстанымымда қаламын. Бірақ енді халықаралық терминдерге тиіспеу керек деген принцип бар. Біздің мемлекеттік органдар жоғары лауазымды адам қандай принципті ұстанады, сонымен жүреді. Мен де мемлекеттік қызметшімін. Білемін, түсінемін сіздерді. Бұл жерде ғылыми принцип үнемі жайына қалады. Содан кейін біз сияқты ғалымдардың айтқандары ресми саясатқа қарсы шыққан сияқты боламыз. Бір ақ қарға қарау сияқты принципі бар. Біз ғылыми тұрғыдан қараймыз десек, мына жұмыс тобынан бізді алып тастау керек. Немесе жанағыдай әртүрлі пікірлерді тыңдап, бір консенцусқа келіп, Құрманбайұлының мынасы дұрыс емес не бәленшиевтің анасы дұрыс емес, мұны алмаймыз деп дәлелдеп, ғылыми дәлелдеп, анау айтты - мынау айтты дегенге біз бала емеспіз ғой сенетін. Сондықтан осындай тоқтамға келіп, алдымен, терминологияның принципіне келіп алайықшы. Байтұрсыновтікінен басқа принцип көріп тұрған жоқпын. Басқалары негізсіз саяси бірдеңе, әр нәрсеге жалтақтаумен шыққан. Мұны принцип деп айтуға аузым бармайды, ұят. Бұл – бірінші мәселе. Содан кейін барып, бұл терминологиялық жұмыс тобының жұмысын одан әрі қарай жүргізуге болатыны, ең алдымен мынадай-мынадай принциптер бар деп, одан кейін Орынай айтқан мәселе де, кірме терминдерді қалай игереміз, қандай терминдерді аударамыз, қандай термин элементтеріне тиіспейміз немесе стандарттау мен біріздендіру жұмысын қалай жүргіземіз, кім жүргізеді деген мәселені өзіміз ақылдасып шешеміз.

- Екінші мәселе, сөз жоқ, мен жайдан-жай Орынайды айтып отырған жоқпын. Міне, Қарлығаш екеуміз пікірлеспіз, бір саланың маманымыз. Бірақ Қарлығаштың ұсынып отырғаны Тіл білімі институтының жоспарлы жұмысы ғана. Ол – дұрыс, ол пікірге мен қосыламын. Екіншіден, Орынай, сіз айтқан мақалаларды оқыдым. Дұрыс нәрсе. Ал келіспейтін пікірім де бар. Оны кейін айтамын. Екінші мәселе – қандай принципті ұстанамыз деген мәселе. Орфографиялық және терминологиялық жұмыс топтарын үйлестіру мәселесі, 4 жұмыс тобын құрғанда ойлап құрдыңыздар ғой, кім не істейтінін. Сондықтан біздің не істейтінімізді, міндетімізді жұмыс тобын құрған мемлекеттік құзыреттілік орган, жұмысты ұйымдастырып отырған «Тіл-Қазына», сіздер кімге, қандай жұмыс берудің мазмұнын, көлемін анықтап, біздің алдымызға қоясыздар. Біз оны жұмыс тобы орындаймыз. Егер орындай алмасақ немесе сапасыз орындасақ, ол – бізге сын. Енді олай болмаса, жұмыс тобын құрғаннан кейін үйлесетініміз – терминдердің жазылу мәселесі, ол термин бе, кірме сөз бе, ономастикалық атау ма қазақ

тілінің заңдылығына бағынатыны түсінікті. Біздің жұмысымыз осы жерде үйлеседі. Бірақ біз белгілі дәрежеде өз қызметімізді сақтап жұмыс істеуіміз керек. Енді принципті анықтағаннан кейінгі нәрсе: фонетикалық, фонематикалық транслитерация қандай терминдерге қатысты деген мәселе. Одан кейін, Қарлығаш, сен жақсы айттың. Терминология деген, меніңше, тұтас нәрсе. Ахаңдар жасаған мектеп терминологиясы: бастауыш, баяндауыш дегендер – мектеп терминологиясының да, ғылыми терминологияның да тірек терминдері. Олардың қайсысын мектепке енгіземіз деген. Өткен аптада Білім және ғылым министрлігінде дәл осы тақырыпта баяндама жасадым. Бірнеше оқулықты зерттеп, қарап шыққанда, жағамды ұстадым. 1-кластың "Жаратылыстану" оқулығында, Еңбек, Көркем еңбек т.б. кітаптарын қарадым. Оның ішінде мыңдаған термин бар. Басқа елдердікімен салыстырғанда, бізде бір оқулықта 1000 термин болса, Түркияның Өміртану (Жаратылыстану), Жазу (Сауаташу) пәндерін біріктіргенде, оларда 2-3 класты қосқандағы терминдердің саны біздікінен 10 есе кем. Мынандай проблема туындайды. Сіздер стандарт аласыздар. Ол стандартты жыл сайын Тіл білімі институтымен де сіздермен де ешқашан ақылдаспайды, санаспайды да. Жыл сайын жаңа оқулық шығарады. "Жаратылыстануды" мен шығарайын деп жатырмын, Қарлығаш, сіздермен ақылдасайын, сіздердің сөздіктеріңізді пайдаланайын деген ешкім жоқ. Өйткені ол – тәуелсіз, дербес, өз саясатын өзі жүргізіп отырған мекеме. Соны енгізіп отырған, шығарып отырғанның 90%-ы өздерінен шығарып отырған НИШ-тің оқулықтары. Ал сіз бүгін мектеп терминологиясы сөздігін жасайсыз. Келесі жылы жаңа оқулықтар поколениясы (Не үшін шығып жатқанын бәріміз білеміз ғой, иә?) шығады. Содан кейін біздің сөздігіміз келесіге жарамай қалады. Сосын қайтадан НИШ-тің артынан жүгіріп жүріп, стандартты қуалап жүреміз. Тура сол сияқты, кәсіби терминдерді мен солай ойлаймын. Кәсіби терминдер – үлкен терминологиялық қордың бір бөлігі. Соның қайсысын мектепке шақтап береміз, жасына, қабілетіне, мектеп бағдарламасына, мемлекеттік стандартқа қарай, бөліп бере салу ғана. Меніңше, бұл жерде жаңа стандарт жасау дұрыс шығар енді. Дәл соған ертең бағындырып бере аламыз деген. Мен соған сіздерді құрметтей отырып, өз көзқарасымды айтып отырмын.

Ғалым ретінде нақты жұмыс істейік, нақты шешейік. Содан кейін мынадай жұмысты, қызметін үйлестіруге келген екенбіз. Соған байланысты ең басты нәрсе, мына принципті шешіп алуымыз керек. Содан кейін кімге қандай тапсырма беретінін, Сая, сіздің басқарманыз ұйымдастырса. Ал енді жалпы терминологияның 1001 мәселесі бар: заң терминологиясы, кірме терминдер, сіз жоспарыңызды айтып отырсыз. Менің де жасап жатқан жұмыстарым бар.

Ә.Асқар: Рахмет. Сая, ұқтың ба біраз дүниені? Жазып алып отырыңдар, шынында да үлкен ұсыныстар жасалды.

С.Итеғұлова: Жазып алып отырмыз.

Нұрсәуле Мақсұтқызы Рсалиевамын. Осында отырған қатысушылар басым көпшілігі терминшілер ғой, иә? Терминші қауымға мынадай сұрағым бар менің. Сіздердің ұстанымдарыңыз белгілі. Барлық жерде айтылып жүреді. Бұған дейінгі болған да Ә.Қайдар, өзіміздің тілші мамандардың барлығының да еңбектерінен көруге болады, көп тараған ұстаным, ол – ең біріншіден, қазақ тілінен балама табу. Екінші – түркі жұртшылығымен алмасу.

Ә.Асқар: Сіз сұрағыңызды айта берсеңізші.

Н.Рсалиева: Үшінші – сол қалпында термин қабылдап тілге икемдеу деген сияқты. Осы ұстанымдардың ішінде сіздерде түркі жұртшылығымен термин алмасу туралы, міне мына терминологиялық жұмыс тобына тікелей қатысты сұрақ қояйын деп тұрмын. Алда қандай жоспарларыңыз бар? Мен өткенде Тіл білімі институтында

болған жиындарыңызда сұрап едім. Онда қанша термин бар түркі жұртшылығынан алынған деп. Бір де бір термин сіздерде болмай шықты. Енді қазір біз латын графикасына көшіп жатырмыз. Енді көпшілігіміз оқи алатын деңгейге жетейін деп тұрмыз деген үміттеміз. Осыған байланысты қандай жоспарларыңыз бар, соны білсек. Екіншіден, мен ағылшын тілі маманы болғаннан кейін, қызықтап ылғи қарап отырамын. ЮНЕСКО 1971 жылы "Инфотерм" деген орталық құрған, яғни, бүкіләлемдік деңгейде терминология жұмысын үйлестіру мәселесіне байланысты. Яғни онда 2005 жылы Францияда өткен жиында «Тілдік орталықтарда терминология саясатын қалыптастыру және іске асыруға» байланысты нұсқаулығын шығарған. 2005 жылы Парижде өткен ЮНЕСКОның тармағы. Осымен сіздер қаншалықты санасасыздар? Ол ЮНЕСКО тарапынан құрылса, ол бүкіләлемдік деңгейде үйлестіру жұмыстарын құрып отырса, ұлттарға зиян тигізу мақсатын ұстанбай, олардан қандай да бір пайда келеді ғой деген үміттеміз. Осы тәжірибемен қаншалықты санасасыздар? Сосын мынадай сұрағым бар.

Сосын мен жаңағы Сая ханым айтқан жұмыстарға байланысты біздің министрліктің өкілдері келіп отыр, бірінші ұсынысымды айтайын. Бірінші, сұраққа жауабын тыңдап алсақ, бола ма?

Ә.Асқар: Ал жарайды, Қарлығаш, өзіңе қатысты ма, қалай?

Қ.Айдарбек: Жоқ, жұмыс жоспары бойынша, Сәрсенбай, сіз ғалым хатшысысыз ғой, осы салада жүрген. Ал ЮНЕСКО-ға байланысты, жарайды, мен айтайын.

Ә.Асқар: Сұрақ жалпы терминологтарға қойылып отыр ғой? Терминологиялық жұмыс тобына емес, солай ғой, иә?

С.Құлманов: А, жұмыс тобына ма? Айтып отырғаныңыз өте дұрыс. Бұл салада Д.Ысқақовтың қазір әдебиет саласында терминдерге арналған еңбегін білеміз. Ол түрік тілімен, оның ішінде салыстырмалы зерттеді. Ал енді айтатынымыз, ұшақ деген терминді түріктерден алдық, тікұшақ дегенді бізден алды дегеннен асып жатқанымыз жоқ. Сол сөз ғана бар. Сол сөзден асып жатқан жоқпыз. Сондықтан түркі тілдері арасындағы термин алмасу мәселесі өзекті болып отыр. Менің айта алатыным осы енді.

Ә.Асқар: Нұрекең тағы бір жиналысқа асығып отыр, ол кісі бір-екі ауыз сөз сөйлеп, содан кейін жіберейік.

Н.Дәуешов: Құрметті, терминология отырысына қатысушылар. Негізі осында департамент жіберіп, осы жерге өзім келейінші деп келгенмін. Бүгінгі отырыс министрлік тарапынан өткеннен кейін, Шерубай аға өте орынды айттыңыз. Бүгінгі тақырыптың мазмұнын ашу керек. Болашақта министрліктің алдына нақты жоспарлар қойылуы керек. Нақты жүйе болу керек. Күлтөбенің басында күнде жиын жасамай, айтылған мәселе де нақты болсын. Қазақтар, өзі, үйреніп алғанбыз. Әрқайсысымыз бір инициативный топпыз, бәріміз ақылдымыз. Осындай мәселеде 2 шаруа шешсек, соның өзі жеткілікті. Осы айда – 2 отырыс. Алматыдағы біреуіне қатыстым. Бүгін тағы қатысып отырмын. Осындай жұмыстарды көп жүргізіп жатырмыз. Сондықтан да көп талқылауымыз керек. Мәселе көп. Қалай болатын болды өзі? Системный ма, жүйелі ме? Енді жүйелі түрде жұмыс жүргізу үшін, біз министрлік тарапынан қадағалауға алып, жақсы дүниесін алуымыз керек. Келесі отырыста тақырыпқа байланысты айтатын ретін, мазмұнына байланысты нақты шешімдер болу керек. Ал енді неге терминология? Ол менің ұсынысым. Ғалымдарымыз бар. Бірақ халық білмейді. Болашақта қаланың атын, көшенің атын берген кезде есімін танымауы мүмкін. Неге біз ғалымдардың атын білеміз? Себебі біз КСРО заманында өмір сүргендіктен, жазушылар, ғалымдар бәрі болды. Осындай отырыстарды технологияны жақсы пайдалануымыз керек. Себебі терминология бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр, қаншама отырыстар, қаншама уақыттарыңызды бөліп жатырсыздар, бірақ оны мына бұқара халыққа таныту, тарату аз болып отыр. Ол біздің кемшілігіміз.

Осы мәселені келесіде таратқан кезде, керек болатын болса, тікелей эфир жасап, үлкен жаңағы әлеуметтік желілерді жақсы пайдаға асыруға болады ғой. Онда тұрған не бар? Мына жерде халықтың пікірі болса айтсын. Енді қазір міне латын әрпіне көшеміз деп, біз машина табудың орнына қателіктер кетіп жатады. Бірақ ол да керек нәрсе. Себебі, қуантарлық жағдай, әркім бейжай қарамай жатқандығында. Сондықтан қоғам тарапынан жақсы белсенділік бар. Соны біз жақсы пайдаға асыруымыз керек деп ойлаймын. Енді осы мәселеге барлықтарыңызға үлкен алғыс айтамын. Бағана ғалымдардың айтуында «қайшылықтар» бар деген. Осы сөз министрлікке келгелі, ұйықтасам да түсіме кіретін болды. Қайшылықтар болғаны, әрине, дұрыс деп есептеймін мен. Әрбір ғалым өзінікін дәлелдеу керек. Бірақ қайшылықтардың бір шешімі болу керек қой. Сондықтан да енді, өнерде жүрген адамдармыз, барлығын білеміз. Бәріміз бір саланың мамандарымыз ғой, сондықтан осы қайшылықтарды түйістіретіндей бір шешім табуымыз керек. Себебі болашақ ұрпақтар, міне қаншама адам өздері орындайды, қаншама терминдер қалыптасып қалды өз деңгейімізде. Бірақ сол қайшылықтарды, былай айтқан кезде, өте көп болғанның әсерінен қабылдай алмай отырмын. Болашақта осы нәрселерді қолға алу керек шығар. Себебі ұрпақ өсіп жатыр. Осы мен биыл Ресейде бір концерт ұйымдастырып барған кезде, сол жақта біраз болған кезде, біздің ұлтымызды білмейтін жастар өсіп келеді екен. Әлі күнге дейін киіз үйде тұрады деп ойлайтын жастарды көрдік. Сондықтан осы нәрселердің бәрін реттеу керек деп ойлаймын. Негізгі айтайын деп отырған ойым, осы нәрсені жүйелеу керек. Министрліктің міндеті – ұйымдастыру. Енді, ғалымдар, мәселені шешу сіздерде. Енді келесі отырыста нақты бір шаруалармен келейік. Барлықтарыңызға рақмет! Жаңа айтқанымыздай, тағы бір жиналысым бар. Сондықтан сіздерден рұқсат сұрайын деп отырмын. Бағанадан бері тыңдап отырмыз, орынды пікірлер айтылып жатыр. Әрбір пікір маңызды. Бұқараға жете алатындай қылып, халыққа түсіндіре алатындай қылып, басқа да өкілетті органдар түсіне алатындай қылып жасауымыз керек деп ойлаймын. Жаңа айтып жатыр ғой кірме сөздерге байланысты. Кейбір сөздерді неге өзгертеміз, неге өзгертпейміз деген сұрақтар бар. Соны біз енді оны дәлелдей алмай жүрген шығармыз. Өз позициямызды дәлелдеуіміз керек. Бірінші кезекте, ғалымдардың позияциясы болу керек. Дәлелдей алмасақ өзімізге сын. Сондықтан да Тіл комитеттеріне тапсырмалар беріледі менің тарапымнан. Келесі отырыста нақты шешімдермен отырайық. Барлықтарыңызға көп рахмет! Жаңағы сұрағына жауап айта кетсеңіздер.

- Рақмет.

- Отыра беріңіздер...

Ә. Асқар: Сая, естідің ғой, Шерубай. Ескертпесі өте дұрыс. Нақты болу керек қой, келесіде. Алғашқы бұл біздің енді пилотный кездесуіміз ғой.

Ш.Құрманбайұлы: Біз енді уақытты тиімді пайдалансақ деген нәрсе ғой. Бір нәрсе қоса кетсем бола ма?

Ә. Асқар: Иә, айта беріңіз.

Ш.Құрманбайұлы: Осы жерде отырғандардың көбі теориялық жағынан бәріміз филологпыз, гуманитарлық бағытқа жақын адамдармыз. Арғы жақта техникалық сала бар, олардың ойлары қандай десек, бізде қазір халықаралық терминдер миымызға кіріп алған. Оның арғы жағын ашып қарайтын болсақ, христализация әлемімен тікелей байланысты екенін көреміз. Ол басқа елдерге қатысы жоқ, ешқайсысы мойындамайды. Енді қарасаңыз, біз өзімізше бір нәрсе айтып жатырмыз. Ана жақта басқа бір нәрсе. Енді мамандарға барған кезде, олар қазақша терминді аудару дегенді аса мойындамайтын адамдар бар. Осы тұрғыдан айтайын деген менің бір ұсынысым, бағана мектеп

терминдері деп жатыр ғой. Енді ЖОО ғалымдарын тартпасақ болмайды. Ректорларына хат жазып берсін, Сая, басшылықтарыңыз қол қойып, ректорларына таратайық. Сол жердегі сала мамандары терминком сайтын жүргізуге өз үлестерін қоссын. Олардың қандай пікірлері бар деп. Біз «үйдегі сауданы базардағы нарық бұзады» деген бар. Біз мына жерде отырып бірдеңе жасап отырмыз, ана жақтағы жұрт екінші нәрсені ойлайтын болса, екеуінің арасында үйлесім болмағаннан кейін, термин жүрмейді. Сосын әркім өзінің компьютерінің алдында отырып алып, өзінше оқулық жасап отыр. Олардың әрқайсысында өзінше жасап отырған терминдер бар. Осы терминдерді үйлестіретін, соны бірізге түсіретін бір орталық болса бізде. Ал соның бәрі – тікелей бағанағы ғалымдармен байланысты жұмыстар. Егер ол терминдерді біріздендірмейтін болсақ, тағы да сол жан-жаққа тарту болады. Сондықтан, осы мәселені ескерсеңіздер. Жақында бір баламенен ақылдасып отырып, 15 томдықтың ішіндегі кірме сөздерді санадық. Енді қазір нақты санын айта алмаймын. Бірақ 42 тілден енген екен. Түпнұсқа деген бәле бар қазір. Түпнұсқа деген нәрсе, ол – соның тіліндегі дүние. Біздің тілге келген кезде оның бәрі бізге түсуі керек қой. Егер сол түпнұсқаға жақындатуды ойлайтын болсақ, онда ол бәрі бос әңгіме болып шығады. Міне, осылардың бәрін үйлестіретін, біріктіретін сол орталық болса, бағанағы терминкомның жұмыстары, хат жазамыз ба ректорларға... Осы ғалымдарды тартпасақ біз, болмайды. Менің айтайын дегенім – осы, қысқаша.

Ә. Асқар: Жарайды. Шерубай, жана ЮНЕСКО-ға байланысты айтам дедің ғой сен.

Ш.Құрманбайұлы: Жоқ, бұл жерде 2 мәселе, сұрақ қойылып жатыр ғой жұмыс тобына. Біріншіден, басталған күннен бері осында азаматтар қатысып отыр. Біздің төрағамыз, Білім және ғылым министрі, Ерлан Сағадиев мырза болды. Біз алдына бардық. Жаңағы принциптерімізді қандайын басшылыққа ұсынамыз. Соның екіншісі, біз аспаннан алған жоқпыз, Ахаң жасаған терминтанудың принциптерінің дұрыс екендігін баяндама жасап, міне, осыған тоқталған дұрыс деп айттық.

Сонда жаңағы, ең бірінші, халықаралық, түркі тілдеріндегі терминдерді үйлестіру, түркі терминологиясының ортақ қырларын пайдалану дегенді салыстырмалы сөздік кезінде жасаған болатын. Оған байланысты 2011 жылы, Ғалеке, сіз отырған кабинетте біз отырғанда түркі жұртының бүкіл республикаларынан жинап, ғалымдар Түркияның Тіл комитетінің төрағасы Акалым бастаған, Әзірбайжан, Татарстан, Өзбекстан, - барлығынан жинап, біз осы жерде форум өткіздік. Дәл осы мәселені күн тәртібіне қойдық. Мен бірнеше рет Түркияда, Стамбулда, Бакуде, Анкарада болып, олардың ғалымдарымен келістік. Бірақ біздің ғалымдардың келісімімен, біздің саясаттардың арасында үйлеспейтін нәрселер бар, ашық айту керек. Соның біз жекелеген ғалымдар айтамыз, тіпті, мен жұмыс тобымен 5 жыл жұмыс істедім Түркия, Әзірбайжан, Түркіменстан, Өзбекстан ғалымдарымен. Осы түркі терминологиясын ортақтандыруға арналған жұмыс тобын 5 жыл әр елде жүргіздік. Оның сөздігін де жасадық. Қазір Түркияда шығып жатыр. Бірақ оны біз ұсынсақ, олардан алайық деген терминдерді, ресми мемлекеттік органдар қабылдағысы келмейді. Біз, ғалымдар, қабылдаймыз. Тура сондай түркінің ортақ әліпбиінің тағдыры сондай болған. Оның басында Әбекеңдер, Рабиға апайлар болған. Одан кейін екінші кезең біз Бакуде өткен жиында түрік кеңесінің мүшесі ретінде барып дауыс бердім. Сыртқы істер министрлігі атынан. Қабылдадық соны біз. Бірақ оны басшылыққа алған Қазақстанды көріп тұрған жоқпыз. Латын әліпбиін қабылдаған кезде, біз қабылдаған әріптердің, түріктің аяғы бар ш-сын алайық деген кезде ешкім тоқтаған жоқ. Тура сондай. Терминологияны түркі терминологиясымен ортақ қырларын қалыптастыру керек деген кезде, басшылыққа, кешегі Сағадиевтің алдына қойған кезде, оны құлағына да қыстырған жоқ. Сондықтан бұл мәселенің басында кім отыр, жаңағы сенің жұмыс тобыңның төрағасы кім, үйлестіретін министрліктің мүшесі мен емес, мына

кісілердің айтқаны барлығы қазір қағаз жүзінде қалады біздің айтқанымыз. Сол кісілер шешеді, сіздер шешесіздер. Мен «мына халықаралық терминді алмайық, ***сыныпқа*** тиіспейік» дедім. Менің айтқаным далада қалды. ***Сынып*** та, ***пайыз*** да, ***мұражай*** да келді. Мен сол үшін сіздің министріңізден ренжіп сөз естігендей болдым. Соны Сенатта көтердім мен. Бірақ олар оны басқаша қабылдады. Айттық, егер айту керек болса. Сенатта оны 4 министр отырған жерде айттым мен. Бірақ біздің пікіріміз өтті ме, өтпеді. Кімнің айтқаны болды? Енді сол кезде Жантас Жақыповтан басқа сөйлеген адам көрген жоқпын мені қолдаған, мынау дұрыс деген. Одан кейін мен ана тілінде пікірімді айттым Ақтоты Райымқұловаға. Ашық айттық, жазбаша түрде де айттық. Ал енді ЮНЕСКО-ның қасындағы қоғамға байланысты. Ол – қоғамдық негіздегі ұйым. Мен одан хабардармын, қарындасым. Біріншіден, оны еуропалықтардың өздері формально ғана мойындайды. Швейцариясы бар, Австрия бар, өздері бірігіп алған, топ құрып алған. Олар француздар өзі топ құрып алған. Бельгия, Франция өздері бірігіп алған да, өздерінің саясатын жүргізіп отыр. Олар ананы мойындамайды, мына немістер оны мойындамайды. Ал Қытай оған, былайша айтқан кезде, игнорировать етті. Біз қытай терминологиясы деген, қытай тілі деген – ұлы тілміз. Біреудің заңдылықтары бір тиынға да керегі жоқ. Қалай жасағымыз келеді, солай жасаймыз.

- Дұрыс айтасың.

- Сондықтан ол болмайтын нәрсе. ЮНЕСКО-ның қасындағы, оның алдында чехтер құрған, ондай ұйымдар деген жетіп артылады. Мысалы, фонетикалық қауымдастық бар ғой. Сол сияқты терминдердің формальды қауымдастығы. Терминологияның тағдырын сол елдің ішкі органдары менен ұйымдары шешіп отыр. Сондықтан бұл жерде мен айттым ғой. Түрік кеңесімен келісіп келгенде біздің айтқанымыз өтпегеннен кейін. Өзіміздің бауырлас халық, ортақ сөздеріміз көп. Салыстырмалы терминдер сөздігін жасайық деп жүргенде біздің айтқанымыз жүзеге аспай жатқанда, айдаладағы ол, меніңше, утопия. Сондықтан осындай нәрсені ойлануымыз керек қой деп ойлаймын.

Ә. Асқар: Рахмет, Шерубай. Гүлмира, сен не айтайын деп едің?

Г.Құбаш: Бағана айтылған 467 ғалымның басын құрайтын 40-қа жуық секцияның жұмысын қай министрлік үйлестіреді, соның басын талқыға салғымыз келеді. Өйткені біздің терминологиялық комиссияда, көбіне, мемлекеттік органдарға келетін салалық терминдер, басым көпшілігі. Ұлттық экономика министрлігі бар, квазимемлекеттік секторлар бар, Ұлттық банк бар, ақпарат саласы болсын. Мемлекеттік органдардың жанында 18 терминологиялық топ жұмыс жасайды. Жана өзіңіз айтып өттіңіз ғой, 11 сәуірде Мәжіліспен бірлесіп үлкен конференция өтті «Рухани жаңғыру. Ұлттық терминология мәселесі» жөнінде. Сондағы сипатта берілген қарардың ішінде біз салалық терминологиялық жұмыстарын жандандыру деген мәселені біз өзіміз қостық. Өйткені қазіргі таңда мемлекеттік органдар тарапынан құқықтық-нормативтік актілер дайындалады ғой. Сол кезде мемлекеттік органдардан ұсынылатын терминдер бірізді қолданылады да, жергілікті атқарушы органдар жұмыс жасамайды. Оларға Үкіметке Президент әкімшілігінен түсетін нормативтік-құқықтық актілер біздің терминология комиссиясы бекіткен терминдерді бірізді қолданбайды. Сондықтан да біз сол ұсынысты енгіздік. Жергілікті атқарушы органдарға жаңағы терминологиялық топтар құрылсын деген хат та келді, 2020-дан бастап өздері құрады. Енді бұл жерде Тіл комитетінің ережесінде тек қана мемлекеттік органдар тарапынан құрылған салалық терминологиялық жұмыстарды үйлестіру деген ғана бізде функция бар. Енді жаңа, сіздің айтып отырғаныңыз, мына мектеп терминологиясы деген, сол сіздердің сөздіктерге бағытталған, оқулықтардың ішіндегі, білім және ғылым саласындағы, ғылыми негіздегі салалық секциялық топтар-

ды біз енді қалай үйлестіретінін білмейміз. Бізге хат жібердіңіздер, сол хаттың жауабын осы топта нақтылап анықтап барып жауап береміз деген ой бар, соны талқыласақ.

Ә. Асқар: 12-де бітіреміз дегенбіз, біттік. Енді әрі қарай талқылайық, иә. Әйтпесе... Ғалеке, өзіңіз төраға ретінде бір ауыз сөзіңізді айтып өтсеңіз.

Е.Тілешов: Жаңа секцияға байланысты мәселе қойды ғой. Мен бір ауыз сөз айтайыншы. Секцияға байланысты мынадай ой бар. Институт пен Орталық арасында. Терминология жұмыс тобы бізге келгеннен кейін секциялар да бізге автоматты түрде ауысатын сияқты. Олай емес. Біз ондай істесек, біз мекеме емеспіз. Жаңағы 467 ғалым, секцияларыңыз өздеріңізде қалады. Секция – бәрі институттың жұмысы, бізде – үйлестіру. Олардың бізге қатысы бар деп айта алмаймын.

С.Құлманов: Сол, бағана айтып өттім ғой. Қайталаймын тағы да. Мысалы, Мәдениет министрлігінің терминологиялық жұмыс тобы болғаннан кейін сол жаққа өтеді деп бұйрықпен жойды. Енді ол 50 секцияны үйлестіруге болады, әрине. Оны қаржыландыру жағы екіталай болып отыр. Сондықтан біз хат жазып отырмыз. Осы терминологиялық жұмыстың құрамында бір де бір терминолог ғалым жоқ.

Г.Құбаш: Мен айтайыншы. Жаңа құрам 2020 жылдан бастап жұмыс жасайды. Қазір неге жұмыс жасамай отыр? Өйткені Ұлттық экономика министрлігі тарапынан «Распределения полномочия» деген заң 2020-ға қалдырылды. Ол заң қалай қабылданады, сонымен бізге жаңа құрам бекітіледі. Оның ішінде Ерден Қажыбек бар, өзіңіз барсыз, Ш.Құрманбайұлы бар, сосын бір топ терминологиялық комиссияның аясын кеңейтіп, басқа мамандармен толықтырдық. Бәріңіз барсыздар.

Ш.Құрманбайұлы: Кімді қоссаңыз да, терминологиялық жұмыс тобының принципін өзгертпесек, бірдеңе өзгереді дегенге күмән бар. Оның жұмыс істеуін жөндеу керек.

Ғ.Мелдешов: Бір барлығымыз тілдің жанашырлары болғаннан кейін, мені қосудың қажеті жоқ деген нәрседен аулақ болайық. Бүгін айтып отырсыз ғой, бір жыл бойы жұмыс істемеген терминологиялық жұмыс тобына жыл бойы 4 рет бардым деп. Енді бүгінгі мәселе осының негізін қалап, дұрыс арнаға бұру жөнінде әңгіме айтып отырсыз.

Ш.Құрманбайұлы: Енді ұсынысым бар еді. Айтып жатырсыздар, НИШ бізді тыңдамайды, терминшілер басқа жақта деп, ***мұражайымыз*** қайтадан ***музей*** боп кетпесін деп бір шешім керек қой. Ол жаңағы тіл заңы арқылы зерттелу керек. Заңда тұрса, қолға алу керек қой.

- Басқа мәселеге ауысып барасыз.

- Енді айту қиын болса да, айтылу керек қой. ***Караганда*** деп жазылмау үшін.

Ә. Асқар: Отырысымызды қорытындылайық. Біраз нәрселер айтылды. Енді осы отырыстың шешімін шығару үшін ұсыныстарыңызды жазбаша жіберерсіздер. Ақылдаса отырып, алдағы жылдың жоспарын нәтиже шығатындай жасауға барлықтарыңыз да атсалысарсыздар деген үміттемін. Сау болыңыздар!

III ТАРАУ

ЖАҢА ӘЛІПБИ НАСИХАТЫ

Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру ақпараттық-насихат апталығы

2019 жылдың 24-28 маусым аралығында Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Тіл саясаты комитеті Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми практикалық орталығы Жамбыл облысы әкімдігімен бірлесіп, Тараз қаласында және Аса, Сарыкемер кенттерінде мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру және қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру мәселелерін қоғамда ақпараттық-насихаттау жөнінде республикалық апталық өткізілді.

Республикалық апталық Тараз қаласы және Жамбыл, Байзақ аудандарының мемлекеттік қызметшілеріне, мұғалімдерге, жастар мен оқушыларға, жалпы көпшілікке және республиканың әр өңірінен келген тіл мамандарына қазақ әліпбиінің маңызы мен жаңа емле-ережелерінің мазмұнын түсіндіріп, ұлттық жазудың болашағы туралы ақпарат беру мақсатында ұйымдастырылды.

Апталық 24 маусымда Тараз қаласында Ықылас Дүкенұлы атындағы мәдениет үйіндегі ауқымды шарамен ашылды. Іс-шарада белгілі жазушылар, қоғам қайраткерлері Б.Нұржекеұлы мен Ә.Асқар, Тіл саясаты комитетінің төрағасы Ғ.Мелдешов, Жамбыл облысы әкімінің орынбасары С.Құрманбековалар сөз сөйледі.

Аталған іс-шарада Е.Тілешов, М.Бахтияұлы, О.Асанғазы, Ж.Смағұлов, Б.Әбдуәлиұлы т.б. баяндамалар жасады.

25 маусымда Аса кентінде және 27 маусымда Сарыкемер кентінде ақпараттық-насихат отырысын ұйымдастыру бойынша шаралармен жалғасты.

26 маусым күні Тараз қаласында «Қазақ тілінің дамуы – ұлттың дамуы» тақырыбында Қазақстан халқы Ассамблеясында, өңірлік құқық қорғау органдарында, қалалық ауруханада, балалар үйінде барлығы 400-ге жуық қатысушы қамтылған қоғамдық дәрістер ұйымдастырылды. Мұнда мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, жаңа әліпбиге көшу жұмыстарының барысы жөнінде толық мағлұматтар берілді.

27 маусымда Тараз қаласындағы М. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінде, Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінде ғалымдар А.Фазылжанова, Г.Мамырбек, Ж.Ағабековалар ашық әдістемелік дәрістер өткізді.

28 маусымда Тараз қаласының Облыстық тілдерді дамыту орталығында «Тіл оқыту әдістемелерін жүйелеу мәселелері» тақырыбында жаңа әліпбиге байланысты республикалық және өңірлік шараларды үйлестіру бойынша семинар-кеңес өтті.

«Жаһандану және ұлттану үдерісіндегі қазақ тілінің өміршеңдігі»

Республикалық Тіл форумы

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы халыққа Жолдауында «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезіңі келді деп есептеймін» деген сөзінен туындайтын мақсат міндеттерін саралау мақстанда 2019 жылғы 24 қазан күні Нұр-Сұлтан қаласында «ҚазМедиа» орталығында «Жаһандану және ұлттану үдерісіндегі қазақ тілінің өміршеңдігі» тақырыбында республикалық форум өтті.

Форумның негізгі мақсаты ретінде – Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа жолдауындағы қазақ тілінің ұлтаралық қатыныс тілі ретінде қалыптасу бағытындағы жұмыстарды сараптау, алдағы міндеттерді анықтау белгіленді.

Форум аясында қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде қоғамның барлық саласында кеңінен қолдану мүмкіндіктері мен өзекті проблемалары талқыланды. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, ғылым, білім, саясат, бизнес, кәсіпкерлік, өндіріс, әлеуметтік салаларда қазақ тілін қолдану аясын кеңейту мәселелері жан-жақты сөз болды. Қазіргі әлемдік жаһандану өріс алып тұрған тұста ұлт рухын түлету үдерісіндегі қазақ тілінің өміршеңдігін аттыру жолындағы басты қадам жаңа әліпбиге көшу барысы, атқарылған шаралардың қорытындысы сарапқа салынды, міндеттер айқындалды. Әліпби реформасының жалпыхалықтық сипат алу тетіктерін іске қосудың жолдары, мемлекеттік тілдің қолданыс аясы мен сапасы өз деңгейіне жетпей жатқан қоғамдық өмір салалары мен құрылым өкілдеріне арналған әліпби реформасы, мемлекеттік тілдің нормативтік базасы, Қазақстандағы және әлемдік тілдік қауымдастықтағы қазақ тілінің рөлі мен мәртебесі туралы заманауи білім, ақпарат, насихат алаңдарының жұмысы қамтылды. Тілдерді дамытудың өңірлік басқармалары мен оқыту орталықтарының латын графикасына көшу бойынша атқарған жұмыстары мен дайындаған өнімдері бойынша көрме ұйымдастырылды. Қазақ тілінің терминологиялық қорын жүйелеу, оқыту және үйрету әдістемесін әзірлеу, латын графикасын IT технологияларға және ақпараттық кеңістіктерге бейімдеу бойынша сарапшылардың әзірлеген өнімдері де таныстырылды.

Форумға ҚР Мәдениет және спорт министрі, ҚР Парламенті Сенаты, Мәжілісі депутаттары, Бас Прокуратурасы, барлық министрліктердегі, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті, агенттіктердің тілдерді дамыту басқармаларының басшылары, Ұлттық компаниялар мен ірі бизнес элита өкілдіктерінің тілдерді дамыту бөлімдерінің басшылары, қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалық тілдерді дамыту басқармаларының басшылары, өңірлік тілдерді оқыту орталықтарының директорлары мен әдіскерлері, оқытушылары, Қазақстан халқы ассамблеясы, этномәдени бірлестіктер мен орталықтардың тілге жауапты мамандары, шетелдік елшіліктер мен дипломатиялық корпустардың тіл мамандары, ғалымдар, филолог мамандар және қазақ тілінің болашағын ойлайтын тіл жанашырлары қатысты.

Форум аясында тіл мамандары 6 түрлі пікір алаңында бас қосты:

1. «Білім, ғылым және тіл»
2. «Бизнес және тіл»
3. «Заң және тіл»
4. «БАҚ және тіл»
5. «Мемлекеттік тіл болашағы – жастар болашағы»
6. «Өңірлердегі тілдік ахуал»

Қазақ тілінің болашағына бей-жай қарай алмайтын, ой қосатын барша қауым республикалық конференцияға келіп, есік ашық форматында пікір алысты.

Форум барысында мемлекеттік тіл толыққанды қызмет етуі үшін әлеуметтік инфрақұрылымдардың барлық саласындағы қолданысын міндеттеудің нормативтерін бекітетін құжаттар мазмұны туралы сөз болды. Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы заңындағы «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы деген бапты, «мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының міндеті» деп ауыстырудың уақытының келгені туралы пікірлер айтылды. Заң жасаудың әлемдік тәжірибесін зерделей отырып, Қазақстан Республикасындағы кез келген нормативтік құжат мәтінін алдымен мемлекеттік тілде әзірлеуді ұйымдастыратын

мерзімнің жеткендігі қозғалды. Мемлекеттік тіл туралы арнайы заң қабылдап, ҚР «Тіл туралы» Заңына өзгеріс енгізіп, қоғамдық орындарда бірыңғай қазақша ақпарат таратуды міндеттеудің алғышарттары талқыланды.

ҚР Орталық коммуникациялар қызметіне брифингтерді тек қана мемлекеттік тілде өткізуін міндеттеудің нормативтік негіздерін бекіту сөз болды.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру мақсатында заңнамалық шараларды белгілеу (мемлекеттік тілді білетіндерге артықшылықтар беру, тіл сауаттылығына нұқсан келтірушілерге тиісті шара қолдану, мемлекеттік тілді білмейтіндерді мемлекеттік қызметке алмау және т.б.), латынграфикалы жаңа әліпби мен емле ережелері негізіндегі қазақ әдеби тілінің нормаларын заңнамалық тұрғыдан бекіту жолдары қарастырылды. ҚР Бұқаралық ақпарат құралдары туралы Заңына өзгеріс енгізіп, жергілікті және атқарушы органдар, мемлекеттік мекемелердің баспасөз хатшысы, бас редактор лауазымындағы тұлғалардың мемлекеттік тілді жетік білуін міндеттеу шарттары пысықталды. ҚР Бұқаралық ақпарат құралдары туралы Заңның 18-бабына толықтыру енгізіп, ресми хабарды ауызша немесе жазбаша нысанда, оның ішінде электрондық құжат түрінде мемлекеттік тілде таратуын міндеттеу алғышарттары талданды. Ақпарат таратуға қатысты кез келген нормативтік құжатты мемлекеттік тілде әзірлеуді, мемлекеттік сатып алу бойынша жүзеге асырылатын және мемлекеттік тапсырыс бойынша әзірленетін БАҚ өнімдері байқауларының құжаттарын мемлекеттік тілде рәсімдеуді, республикалық БАҚ-та мемлекеттік тілдегі хабарларды прайм-тайм уақытында тарату, қазақстандық (мемлекеттік және жеке меншік) БАҚ-та қазақтілді ақпарат таратудың нысаналы көрсеткішін 80 пайызға жеткізуді, жаңа мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылым, интернет-ресурстарды есепке қою кезінде 2020 жылдан бастап мемлекеттік тілде рәсімделуін және сол тілде ақпарат таратуын міндеттеуді, мемлекеттік тілде хабар тарататын арналарды көбейту үшін, балалардың жас ерекшелігіне сай (мектепке дейінгі, орта, кәсіптік білім беру) сапалы, мазмұнды контентпен қамтамасыз етуді, мемлекеттік тапсырыс, тапсырмамен әзірленген кез келген жоба, өнім, кино, шара және т.б. жарнамалық ақпараттарды тек қана мемлекеттік тілде таратуды міндеттеуді жүзеге асыру тетіктері пысықталды.

Білім және ғылым министрлігі орындауға жауапты латынға көшіру жұмыстарының іс-шараларын білім берудегі, ғылымдағы мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, қазақ тілді меңгеру деңгейін бағалау, яғни ҚАЗТЕСТ жүйесін жетілдіріп, тестен өту тек белгілі бір лауазым үміткері үшін ғана емес, барлық азаматтар мен мигранттар үшін нормаға айналатындай, кең қолданысқа енгізудің нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру, мемлекеттік тілдің этносаралық қарым-қатынас тілі ретіндегі қазақ тілінің коммуникативтік мәртебесін нығайту үшін қазақ тілі, Қазақстан тарихы сияқты оқу пәндерінің мазмұнына қазақ тілінің этносаралық қатынас тілі қызметі, оның сол мәртебеде қалыптасу тарихына қатысты жүйелі ақпараттарды енгізу шараларын қолға алу, қазақ тілінің ұлттық корпусын әзірлеуді Білім және ғылым министрлігінің стратегиялық іс-шарасы ретінде жүзеге асыру талданды. Ұлттық корпус – кең ауқымдағы пайдаланушылардың тілтанымдық білімдерге деген алуан түрлі қажеттілігін қамтамасыз ететін терең аннотацияланған қазақ тілінің мемлекеттік және этносаралық қарым-қатынас тілі ретіндегі ақпараттық-инновациялық тілтанымдық базасы, «ақылды» ашық жүйе ретінде қалыптастырып, латын графикасы негізінде жаңа қазақ әліпбиін ғылым мен білім беру саласына сәтті енгізу үшін Білім және ғылым министрлігі Ұлттық комиссия жанындағы Әдістемелік жұмыс тобының қызметін осы реформаның практикалық негіздеріне жауапты «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы жұмыстарымен үйлестіруі реті сарапталды.

Жаңа әліпби негізіндегі ұлттық жазу артықшылықтарын насихаттау және жаңа әліпбимен жазу мәдениетін арттыру шараларын республика көлемінде іске асыру

жұмыстарын жүйелеп, Қазақстанда қорғалатын ғылыми диссертациялық жұмыстар мен ғылыми есептердің бір данасын міндетті түрде мемлекеттік тілде әзірлеуді талап ететін нормативтерді енгізіп, қысқа мерзімде олардың орындалуын қамтамасыз ету шарттары баяндалды.

Мектеп оқушыларының мемлекеттік тілді қолдану сапасын арттыру үшін білім беру саласының барлық мекемелерінің қатысуымен «оқушы-мектеп-ата-ана» үштігін қамтитын, сол сияқты еріктілерді тарта отырып, «Әрқашан қазақша сөйлеймін» жалпыхалықтық қозғалысын ұйымдастырып, қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту үшін жоғары оқу орындары, колледж, лицей, мектеп-гимназияларында «Бизнес және қазақ тілі» элективті пәндерін оқытуды міндеттеу шарттары айтылды.

Жаңа әліпбимен бизнестің түрлі салаларына инновациялық әдіс-тәсілдерге негізделген оқу құралдарын, ресми тіл және сөз мәдениеті бойынша анықтағыштар, сөздіктер, мәтіндер жинағын, мәтін түзету бойынша анықтамалықтар әзірлеп, олардың жаппай қолжетімділігін қамтамасыз ету алғышарттары қарастырылды.

Қазақ тілінде ашық білім беруді қамтамасыз етін «Абай институты» бағдарламасын іске қосу (тіл теориясына, қазақ әдеби тілінің қоғамдық-әлеуметтік, саяси-экономикалық және ғылыми-техникалық салалардағы қолданысының пәрменділігі мен ерекшелігіне, латын графикасындағы жазу-сызуға, т.б. ғылым-білім саласына қатысты алуан түрлі тақырыпта курстар ұйымдастыру) жолдары қарастырылды.

Сырттан келген мигранттардың тілдік және мәдени бейімделуі үшін мемлекеттік тілді білудің алғашқы деңгейін қамтамасыз ететін шаралар өткізу жолдары іздестіріліп, заңнамалық тұрғыда белгілеу шарттары пысықталды.

Заңнама саласы бойынша Ұлттық Терминдер жүйесінің корпусын (базасын) қалыптастыру, «Мемлекеттік тіл туралы» заңда қазақ тілінің ұлтаралық қатынас тілі мәртебесін нығайтуға, жетілдіруге арналған нормативтік база жасау жолдары қарастырылды. Күрделі бағдарламалық қамтамасыздандыру негізінде онлайн және офлайн режимінде жұмыс істеу мүмкіндігі бар заң терминдерінің электрондық жиынтық мәліметтер базасын іске асыру алғышарттары қарастырылды.

Заң терминдерінің ғылыми түсінігін, дефинициясын ашу үшін және заңнамалық терминдерге лингвистикалық сараптама жасау үшін заң саласы мамандарынан және тілтанушылардан тұратын жұмыс тобынан ұйым құру және оның жұмысын нысаналы түрде жүргізуге жағдай жасау жолдары қарастырылды.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру үшін бизнес саласында ұйымдастырылатын республикалық конференциялар, семинар, дөңгелек үстелдер және т.б. ісшаралардың қазақ тілінде өткізілуін міндеттеу, бизнестің түрлі салалары (қонақ үй, мейрамхана, туризм, сауда үйлері және т.б.) қызметкерлеріне мемлекеттік тілді меңгерту бойынша корпоративті оқытуды ұйымдастыру жолдары пысықталды.

Мемлекеттік, мемлекеттік емес компаниялар, жеке меншік мекемелер мен ұйымдардың қызметкерлерін қазақ тілінде сөйлеуге ынталандыру үшін жүйелі түрде қазақ тілін жақсы білетін «Қызметкер имиджі» республикалық байқауларын, қоғамдық жарыстар ұйымдастыру, «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздерін оқуға қатысушылар өз құжаттарын қазақ тілінде толтырып, бизнес жобаларын мемлекеттік тілде қорғау қажеттілігі. мемлекеттік тілдің А2-В1 деңгейін білу талабын жеке кәсіпкерлікке лицензия беру шарттарының бірі ретінде қарастыру жолдары сөз болды.

Отандық нарықта брендке айналған тауарлар туралы мемлекеттік тілде телеарналар ашу және осы тауарлар туралы жаңа әліпбимен жазылған мақалалар байқауын жүйелі түрде ұйымдастыру, ұлттық брендтердің жарнамалық ақпараттарын жаңа әліпбимен жазылуын қамтамасыз ететін норрмативтер әзірлеу жолдары пысықталды.

Ақтоты Райымқұлова
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрі

Құрметті тіл жанашырлары! Қадірменді әріптестер!

Қазақ әліпбиін латын графикасына кезең-кезеңімен көшіруді қоғамда насихаттау форумына қош келдіңіздер!

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын және Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Жолдауын іске асыру мақсатында, Мәдениет және спорт министрлігі көптеген жұмыстарды атқарып жатқанын айта кеткіміз келеді. Әсіресе, тіліміздің қоғамдағы қызметін арттырып, оның әлеуетін көтеру ісі біздің жіті назарымызда.

Жаңа әліпбиге көшу – жаһандану және ұлттану үдерісіндегі қазақ тілінің өміршеңдігін арттыратын реформа. Осы реформаны жүзеге асыру барысындағы міндеттерді айқындау және жасалған жұмыс нәтижелерін насихаттау – рухани және саяси маңызды факторлардың бірі.

Әліпби реформасының жалпыхалықтық сипат алу тетіктерін іске қосу – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Оның жолдарын анықтау, Қазақстандағы және әлемдік тілдік қауымдастықтағы қазақ тілінің рөлі мен мәртебесі туралы заманауи білім, ақпарат, насихат алаңдарының жұмысын ұйымдастыру – бүгінгі форумның міндеті.

Форум аясында өткізіліп отырған «Жаһандану және ұлттану үдерісіндегі қазақ тілінің өміршеңдігі» Республикалық Тіл форумы қазақ тілінің ұлтаралық қатынас тілі болуындағы өміршеңдігі мен әлеуетін пайымдап, қазақ тілі әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезең-кезеңімен көшіру үдерісін пысықтауды көздеп отыр.

Құрметті әріптестер! Республикалық форумда қабылданған шешімдер мемлекеттік тілдің дамуына және әліпби реформасының нәтижелі жүргізілуіне өз септігін тигізеді деп сенемін.

Форумның қатысушыларына шығармашылық табыс, жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін!

Әлібек Асқаров
Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына»
ұлттық ғылыми-практикалық орталығының
бас директоры

Құрметті қауым! Қадірлі тіл жанашырлары, алыс-жақыннан келген әріптестер!

Қалыптасқан дәстүр бойынша біз де сөзімізді ата-баба арман еткен Тәуелсіздігімізді тәу етуден бастайық.

Құдайға шүкір дейік, сол Тәуелсіздікке қол жеткенімізге де мінеки, 27 жыл толыпты.

Бұл жылдары еліміз небір қиын кезеңдерден, белесті белдерден, Абылай аспас асулардан өтті. Сөйте отырып осы жылдары еліміз экономикада, саясатта, әлеуметтік салада көптеген жетістіктерге, алуан игіліктерге қол жеткізді.

Сол игіліктердің жемісін бүгінде көріп те, дәмін татып та жүрміз, қызығы мен қуанышына кенеліп те жатырмыз.

Алайда, бұлқынсақ шамамыз жетпей, айғайласақ даусымыз жетпей булыққан бір күрделі мәселе бар.

Іштеріңіз сезіп те отырған шығарасыздар, ол мәселе – мемлекеттік тіл мәселесі.

Баяғы жартас, бір жартас... былайғы бөтен жұрттан ұят болды, қазақ тілін әлі күнге тұғырына қондыра алмай қиналудамыз.

Мемлекеттік тіліміз әлі күнге Атазаңда жазылған өз мәртебесін ала алмай дүбара қалуда.

Міржақып айтқандай, қазақтың оянатын уағы болып еді...

Жауырды жаба тоқимыз деп, өтірік цифрларды көлденең тартып, құр мақтанғанды доғаратын уақыт жеткен сияқты, ағайын.

Реалды өмірге, қоғамдағы шындыққа тура қарайтын заман келді.

Сонау тоқсаныншы жылдары «мемлекеттік тіл қабылдадық» деп бөркімізді аспанға атып қуанып едік. Сөйтсек, ұлтаралық қатынас тілі деген басым түскенін өмір көрсетіп берді.

Үйде қазақша тілі сынған немеремізді қазақ бақшасына апарсақ, иә, қазақ бақшасына апарсақ, – үш жылдан соң орысша сайрап шықты, бірінші сыныпқа орысша былдырлап барды.

Қазақ мектебіне кірсеңіз – үзіліс кезінде оқушылардың бәрі бір-бірімен орысша сөйлесіп, шапқылап шулап жүргендері.

Көшеде кетіп бара жатқан екі-үш қарагөз қарындасымыздың әңгімесіне құлақ түрсеңіз – орысша шүлдірлеп бара жатады.

Сөйтіп қазір қалада да, далада да қазақ тілінде сөйлегенді көрсек – балаша қуанатын болдық.

Осы қалай деп аузы дуалы ақсақалдарымызға сұрақ қойғанда олардың айтқандары:

Мұның бәрінің төркінінде соңғы 15-20 жылда Білім және ғылым министрлігінің мұғалімдер мен оқушыларды тәжірибе алаңы жасап жібергендігінен, ойға келген реформаны жасайтын сынақ полигонына айналдырып жібергенінен дейді.

Ана сөзіне тілін сындыра алмай жатқан бүлдіршінге бірінші сыныптан ағылшын үйретеміз деп күпидік.

Құдай сақтап, осы жылғы тамыз кеңесінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ағылшынды үшінші сыныпқа ауыстырды.

Бұл өзгеріске жұртшылық қуанып жатыр.

Бұл көп себептің біреуі ғана...

Қазақ тілінің көсегесін бір көгертсе – осылар көгертеді-ау деп, өңірлердегі Тіл басқармаларына үміт артушы едік.

«Оптимизация» деген бәле шықса болды, өңір басшылары ең алдымен Тіл басқармаларына ата жауындай шүйілгеді екен. Алдымен тіл басқармасын қысқартуға ұмтылады екен. Қазір 9 облыс пен республикалық дәрежедегі қалаларда ондай басқарма атымен жоқ, басқа бөлімдермен араласып кеткен немесе мүлдем құрыған.

Тіл төңірегінде қалыптасқан мұндай жағдай зиялы қауымды ғана емес, барша жұртшылықты алаңдатуда.

Бұл туралы қазір өңірлерден келген баяндамашылар жасырмай айтып беретін шығар деген ойдамын.

«Солқылдақтықты енді қою керек, – дейді біздің ұстазымыз, Мырзатай Жолдасбеков ағамыз. Ол: "Қазақ тілі туралы тереңдеп ойланатын кез келді. Қазақтың төзімімен беталды ойнауға болмайды. Біздің табанымыздың астында бабаларымыздың неше қабат қаны жатыр. Олар осы тәуелсіздік үшін күресті. Бірақ олар жете алмады, біз жеттік. Біз

соны ешқашан ұмытпайық. Сондықтан латын әліпбиіне көшуге байланысты мемлекеттік тілдің мәртебесін өсіруге бәріміз бір кісідей жұмылып, күш салуға кірісейік».

Айтқаныңыз айдай келсін, абыз аға!

Күні кеше Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа әліпбиді жетілдіру жөнінде мәселе көтергенін естідіңіздер.

Бұл мәселе біздің Мәдениет және спорт министрлігі тарапынан соңғы 3-4 ай бойы талқыланып, мамандармен пысықталып, Министріміз Ақтоты Райымқұлованың Президентпен кездесуінде жан-жақты әңгіме болған еді. Енді міне, мемлекет басшысы өзі пәрмен беріп, біздің жолымызды ашып беріп отыр.

Бұл, сөз жоқ, баршамыз үшін жағымды жаңалық, бұйыртса, бұл бағытта ғалымдармен бірлесіп тиянақты жұмыс істейтін боламыз.

Сауытбек Абдрахманов
Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, филология ғылымдарының докторы, профессор

Ұлттық жаңғырудың негізі – тілдік жаңғыру

Ардақты ағайын!

Жаңа Амангелді Айталы ағамыз өзінің сөзінде қазіргі жаһандану заманындағы тілдің жағдайына байланысты айтуға қиын, айтпауға дәтің шыдамайтын сұрапыл сұрақтарды қойды. Соның біреуін бұл кісі ана жылы «Егемен Қазақстан» газетінің бетінде қозғап еді. Қазақстанның өңір-өңірлерінде жүргізілген социологиялық зерттеулер кезінде анкеталарға қайтарған жауаптарға байланысты бір мысал келтірді. Бір әйел «Мемлекеттік тілді неге үйренбейсіз?» деген сұраққа мынадай жауап жазған: «Очень трудно выучить то, что не нужно». Міне, біздің мемлекеттік тілдің әлі тынысы толық ашылмай келе жатқанының үлкен бір диагнозы осында. Мемлекет, өкінішке орай, қазірше қазақ тіліне мемлекеттік деңгейде сұраныс туғыза алған жоқ. Біз өзге ұлт өкілдеріне «Сен осы елдің азаматысың ғой, сен қазақстандықсың ғой, сенде отаншылдық сезім болу керек қой, сен осы елдің мемлекеттік тілін сыйлауың керек қой, сол үшін үйренуің керек қой» деген тұрғыда уағыз айтамыз. Ал мына заман прагматизм заманы. Мына заманда осы елге, осы жерге, осы тілге сыйластық көңіліңді көрсету үшін ғана тіл үйрену керек дегенге адамдар көнбейді. Адамдар қазір өзіне қажет нәрсені ғана үйренеді. Тіл қажет болса, сол тілді білетін адамның тасы өрлесе, сол тілді білмейтін адамның жүзі төмен болса, сол тілді жақсы білетін адамдарға қызмет бабында артықшылық берілсе, мемлекеттік тілді білмеген адамдарға, мемлекеттік тілді менсінбейтін адамдарға, үйренгісі келмейтін адамдарға мемлекеттік деңгейден саналы түрде кедергілер қойылса, онда адамдар үйренеді. Басқа амал жоқ. Мотивация жасау керек. Мысалы, Парламент Үкімет сағаттарында, кеңейтілген отырыстарда министрлерден, орынбасарлардан мемлекеттік тілде баяндама жасауды, қазақша қойылған сұрақтарға қазақша жауап қайтаруды талап ете бастап еді, айналасы бірер жылда-ақ бұрын қазақша «қақпайтын» адамдардың өзі сөйлеп шыға келді. Бүгінде біздегі өзге ұлт өкілдерінің біразы депутаттық сауалдарын қазақ тілінде оқып жатады. Әрине, бұл істі үлкен әдеппен, терең мәдениетпен, демократиялық талаптарды сақтай отырып жүргізу қажеттігі даусыз. Әйтсе де, нақты қадамдар жасамай болмайды. Мысалы, қызмет көрсету саласының, сервистің, көлік логистикасының қызметкерлері мемлекеттік тілдің қажетті мөлшерін білуге тиісті етудің тетіктерін табуға тиіспіз.

«Мен ұрлыққа шыққанда ай жарық болды» дегендей, қазақ тілінің көптеген проблемаларының біреуі – біз егемендік алып, тәуелсіздік туын тігіп, дүние жүзінің

айдынына желкен жайып шыққан кезде жаһандану басталғаны. Жаһандану заманының ең басты белгілерінің бірі – прагматизм.

Алдыңғы күні «Спутник» порталына бүгінгі мына Тіл форумына тікелей қатысты материал шықты, оны, меніңше, біраз адам оқыды, кейбір адам байқамаған шығар. Егер «Ой, оқыған нәрсені неге оқып жатырсыз?» десеңіздер, айып етпеңіздер, оқымағандар болса, мен айтайын.

Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев Өзбек тілінің мерекесі деген мемлекеттік мереке белгіледі. Интернеттегі орыс тіліндегі мәтінді оқып берейін: «Шавкат Мирзиёев поздравил народ Узбекистана с 30-летием придания узбекскому языку статуса государственного. Глава государства объявил 21 октября в стране праздником узбекского языка. Наше отношение к государственному языку мы должны рассматривать как отношение к нашей независимости, преданность и уважения к нему – как преданность и уважения к Родине. Это должно стать правилом в нашей жизни». Көрші елдің басшысы осылай айтыпты.

Бұл арқылы Мирзиёев, қазақтың қара сөзіне аударып айтатын болсақ, мемлекеттік тілге көзқарасты тәуелсіздікке көзқарас деп санау керектігін айтып отыр, мемлекеттік тілге адалдық пен құрметті Отанға адалдық пен құрмет деп санау керектігін айтып отыр. Демек, халқының саны отыз миллионнан асқан, елдің жұрты түгелдей дерлік өз ұлтынан құралатын, бәрі де ана тілінде сөйлейтін, өзінің ана тілі десе өзегін үзіп беруге дайын тұратын Өзбекстан сияқты мемлекетте де тіл мәселесі дәйім назарда тұрады.

Бұл нені көрсетеді? Бұл жаһандану желінің Жер бетінде жетпейтін жері жоқ екенін көрсетеді. Бұдан біз қайдан тағылым ала аламыз? Өзбекстанда өзбек тілінің мәселесі сонша қиындап, мереке белгілемесе болмай бара жатыр ма? Ондай емес. 30 миллионнан асатын халықтың барлығы дерлік бір этностың өкілдері, оның ішінде ол этнос барлығы өзінің ана тілінде еркін сөйлейтін этнос. Бірақ осындай мереке белгілеп, мемлекеттік деңгейде осындай іс-шараларды өткізуге не себепкер болып отыр? Оның себебі өзбек тілінің мемлекеттік статус алуының 30 жылдығы ғана емес, оның себебі тағы да сол жаһандану. Жаһанданудың желі өзбектің алыс-алыстағы қышлақтарының аулаларына дейін кіріп жатыр, оны ешкім де тоқтата алмайды. Ферғананың, Сурхандарьяның қышлақтарындағы өзбек балалары да, ұлдары да, қыздары да қолдарына гаджет ұстап, бүкіл әлеммен бірге тыныстап отыр. Ал әлемнің тілі – басқа тіл. Соның ішінде интернеттің біз өзіміздің тіліміз бататын тілі – орыс тілі. Қазіргі таңда қазақ тіліне бұрынғы қауіп-қатерлердің үстіне ақпараттандыру заманының қатерлері қосылып отыр, жаппай коммуникацияның қатерлері қосылып отыр, интернеттің қатері қосылып отыр. Телевидениенің қатері болса-болмаса бұрыннан бар.

Кішкентай балаңызға, немереңізге өзі күнде көріп жүрген «Nikeolodeon» мультфильмдерінен артық, одан тартымды қазақша мультфильм жасап беріп, қолындағы пультін ана арнадан мына арнаға өз еркімен ауыстыруға итермелемесек, біз оларға еш уақытта қазақ тілі керемет тіл, бабаларымыздан қалған ғажайып байлық дегенді түсіндіре алмаймыз. Бала өзіне әлдеқайда керекті, қызықты, шебер, шешен жасалған, өтімді айтылған тілдегі мультфильмді көруін тоқтатпайды. Немесе кітаптарды, балалардың суретті кітаптарын Мәскеудегіден, Новосибирскідегіден, басқалардан қалмайтындай, соған жете алатындай шығарып, ол кітаптарға да қызықтырмайынша, бала менің ана тілім, папамның тілі, мамамның тілі мына тілден кем емес екен демейді. Оны ендігі жерде қалтафонның қатері одан сайын күшейтеді. Қалтафондағы порталдар, сайттар, басқалар біздің қазақ тілді Интернеттен әлдеқайда өтімді болып тұрса, әлдеқайда тартымды болып тұрса, әлдеқайда күлкілі, шебер болып тұрса, ол орыс тілді немесе ағылшын тілді сайттардың артықшылығы, сондағы журналистердің мықтылығы болып қана саналмайды, бұл әрі сол басқа тілдердің артықшылығы және қазақ тілінің кемшілігі болып саналады. Осындай-осындай қатерлер бар. Оны біз қазір ашық айтуымыз керек.

Ағылшын тілінің қауіпі де үлкен. Ағылшын тілінің қауіпінің бірі – тілді кедейлету, оңайлату, қарапайымдату, қарабайырлату. Біз Президенттің атына мінгесіп, шетелге біраз шыққан адамдармыз, сонда елшіліктерде жұмыс істейтін жігіттермен сөйлесетінбіз. Ресми сапар бойынша мына газеттер не жазыпты, кішкентай ғана етіп жазыпты ғой дейміз. Сақылдатып аударып береді. Соларға қарап отырып қарныңыз ашады. Ойлары тақұлтұқыл. Сөздері тақ-тұқ. Сөйлемдері кебіртек. Құрғақ талқан жұтқандай боласың. Біз соны қазір үлгі етіп ұсынғымыз келеді, журналистика жағынан болсын, басқа жағынан болсын.

Бір мысал келтірейін. Светлана Тер-Минасова: «Орыс тіліндегі қармен, қыспен байланысты айтылатын пурга, метель, буран, снежная буря, вьюга, поземка деген мағыналарды ағылшын тілінде snowstorm деген бір-ақ сөзбен жеткізуге болады», – деп жазады, соны бір артықшылықтай түсіндіреді. Біздің «боран», «қарлы боран», «ақ боран», «ақ шұнақ боран», «бұрқасын», «жаяу бұрқасын», «борасын», «ақтүтек», «үскірік», «ызғырық», «сырма» сияқты сөздеріміздің бәрі болашақта ағылшыншаға snowstorm (сноушторм) деп қана аударылатын болса, жетіскен екенбіз!

Біз қазіргі таңда қазақ тілінің ерекше байлығын сақтау, қадірлеу, қастерлеу, әсіресе жастарға түсіндіру жөнінде көп жұмыс жасауымыз керек. Қазақ тілінің ерекше байлығына байланысты бізде бір эйфория байқалады, қалыптасып кеткен қате түсініктер де бар. Қазақ деген мына дүниедегі ең бір ғажайып дарынды халық сияқты сөйлейміз келіп. Ондай болса біз басқаша өмір сүретін едік қой. Мәселе дала өмірінде, көшпелі өмірде. Сол өмірдің ерекшелігінде. Жалпы, халықтың бәрінің қабілеті, қуаты, қарымы шамалас болады. Ол анық. Айырмашылық сол қабілеті бірдей халықтардың сол қабілетті қалай, қаншаға бөліп жұмсайтынында. Көшпелі өмір сүрген халықтардың күш-қуаты, рухани әлеуеті белгілі бір, нақты салаларға жұмсалды. Сондықтан да өзіміздің дала тіршілігіндегі салалар бойынша біз керемет ғажайыптарды жасадық. Саз ғажайыптарын жасадық. Сөз ғажайыптарын жасадық. Бірақ оның есесіне басқа халықтардың жасағанын біз жасай алған жоқпыз, олар жасап болған кезде барып дайын асқа тік қасық пайдаландық. Біздің үлкен артықшылығымыз сол, бірақ бұл бір жағынан үлкен кемшілігіміз. Ал қазақ тілінің ерекше бай болатыны ғасырлар бойы соны басты өнер тұтып, «Өнер алды қызыл тіл» деп санап, соның төңірегінде ғажайып бүкілхалықтық талант танытқандығымыз. Кейде кәдімгі кәсіби әдебиетшілерінің өзінде пәленбай ғасыр бұрынғы жырларды біз әлі күнге сол күйінде оқимыз деген сияқты әңгімелер айтылады. Сондай бола ма екен? Олардың барлығы ғасырлар бойы, жылдан-жылға, ауыздан-ауызға өткен сайын редакцияланып, осы күнге жеткен ғой, сөйтіп барып қазіргі түрінде бізге барлығы түсінікті сияқты. Олар ауыздан-ауызға, барған сайын ұштала берген, ұштала берген, қазіргідей осындай ғажайыптарға жеткен.

Біріккен Ұлттар Ұйымында келешегіне қауіп төнетін тілдердің қатарында қазақ тілі де бар деген әңгіме шығып қалып жатады. Біз бұны тұңғыш Тіл форумында жасырмай ашық айтуымыз керек. Әрине, бұл жер осылай айтқанның жағына жылан жұмыртқаласын деп отырып қоя салатын жер емес. Бұл қандай болжам? Сондай мүмкін бе? Мемлекеттік орнамаған кезде ондай қатер төнбеген тілге мемлекеттік орнаған кезде қатер төнуі мүмкін бе? Осындай теориялық мәселелер бар. Оларды арнайы қарау керек.

Дүние жүзінде бүгінде 2796 тіл, 8000 диалект бар деп саналады. Соған қарамастан, планета тұрғындарының үштен екісі 27 тілде ғана сөйлейді.

Бұрынғы үстем тілдер экспансиясының әлі күнге бөркі дағарадай екенін, мұндай жағдайда қалған тілдердің бірте-бірте қолданыстан шығып кету қаупі өте-мөте зор.

Мәдениеттің негізі тірегі – тіл. Тілсіз мәдениет жоқ. Әлеуметтік құбылыстар ретінде тіл мен мәдениет адамдар арасындағы қарым-қатынастың арқасында ғана пайда болады. Сол қарым-қатынастың барысында мәдени мән-мағына шығады, ол ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады, қайта пайымдалады, түзетіледі, өзгертіледі, әйтеуір, өмірдің басты мәні күйінде қала береді. Кез келген жай, кез келген ой мәдениеттің қоржынына қосылуы үшін олар мәтінге түсуі керек. Демек, мәдениет жүйесінің түп негізі де тіл болып шығады.

Мәселе сөздің өзінде ғана емес. Мәселе тілмен бірге сол тіл қалыптастыратын мәдениеттің де бірге кететінінде. Мәдениет тіл тұрмақ, соның жекелеген сөздері белсенді қолданудан қалғанда сол сөздермен бірге кетуі де әбден мүмкін. Әлемде болып жатқан оқиғалар, жер жүзіндегі геосаяси және қоғамдық саяси ахуалдың ушығуы, әсіресе кеңестен кейінгі кеңістіктегі елдерді көктей өткен күрделі кереғарлықтар мәдениеттің бұрыннан қалыптасып қалған тұрқын да өзгертуде. Мысалы, уәдеден тайқып кету, әріптесті алдап соғу сұмдық нәрсе. Ал қазіргі таңда бірге бизнес жасап жүрген адамды жер қаптырып кету кейде сол адамның іскерлігіндей етіп айтылады. Бәленше бәленшені «лақтырып жіберіпті» («кинул») деу бизнестің қатал заңымен жұмыс істей білудің белгісі сияқты түсіндіріледі. А.Запесоцкий «Культурология Дмитрия Лихачева» деген кітабында атақты академиктің мынандай әңгімесін келтіреді: «Слова исчезли вместе с явлениями. Часто ли мы слышим «милосердие», «доброжелательность»? Этого нет в жизни, поэтому нет и в языке. Целый ряд слов исчезли с понятиями. Скажем, «воспитанный человек». Он воспитанный человек. Это, прежде всего, раньше говорилось о человеке, которого хотели похвалить. Понятие воспитанности сейчас отсутствует, его даже не поймут. Общая деградация как нации сказалась на языке прежде всего. Без умения обратиться друг к другу мы теряем себя как народ. Как жить без умения назвать?». Ойлантатын сөздер.

Отаршылдық ойраны қазақ тілі сияқты аса қуатты тілдің де омыртқасын сындыра жаздады. Неше түрлі құқайды қазақтың тілі көрудей-ақ көрген. Халықты рухани бұралқыландырудың неше атасы кешегі патша заманында да, кейінгі кеңестік кезеңде де орын алды. Философияда «отчуждение» деген ұғым бар – «жатсыну». Өкінішке орай, халықтардың тарихында өзінен-өзі жатсынудың неше түрлі формалары бар. Оның үстіне халықтың өз тілін өгейсінуі, жатсынуы да болмай тұрмайтынына тарихта мысал жетеді. Ататүрікке дейін қазіргі түрік тілі «қойшылардың тілі» саналып келгенін, ал ғасырлар бойы билік құрып қалған Осман әулеті сөйлеген бұрынғы қайы тілі ресми тіл «османлыша» деп аталғанын, бір кезде Орта Азия түріктері де өздерінің етене тілдерін әншейін ауыл арасының тілі көріп, ал шағатай тілін «кітаби тіл» санағанын бәріңіз білесіздер. Пушкиннің тұсындағы орыс қоғамының дені орыс тілі нәзік сезімдерді, күрделі ұғымдарды көңілдегідей жеткізе алмайды, мұндайға әлдеқайда дамыған француз тілі жүйрік деп сеніп келгені, дворяндардың «мұжықтар тілінде» сөйлеуді намыс көріп, шетінен французша шүлдірлеуге көшкені, Пушкиннің ғажайып поэзиясын, ондағы тоқтаусыз төгілген тілді көргеннен кейін барып, өз тілінің мүмкіндігіне аң-таң қалғандары, мұның өзі ақыр аяғында орыс әдебиетінің алтын ғасырын бастап бергені баршаға белгілі.

Осыған байланысты әдебиеттің рөлі жөнінде бір ауыз айтуға болады. Кешегі заманда, біз көрген заманда қазақша шығатын газет-журналдардың редакциялары мен Қазақстан

Жазушылар одағынан басқа жерлердің ешқайсысында да қазақ тілі қолданылмайтын, райком қазақша сөйлемейтін, райсполком қазақша сөйлемейтін, райсуд қазақша сөйлемейтін, райсанэпидстанция, райздрав, барлығы да тек қана орысша сөйлейді. Облысқа барсаңыз да солай. Алматыңыздың жайы әлгіндей. Жалғыз қазақ мектебі, қазақша бір интернаты бар. Бірақ сондай кезде тілдің жайы қалай болды? Тіл құрып, табанға түсіп, мыжылып кетті ме? Олай болған жоқ қой. Неге? Неге олай болған жоқ? Ол кезде әдебиет мықты болды. Беделді болды. Әдебиет арқылы тіл де беделді болды. Романдар 50-60 мыңнан шығып жатты, қайта-қайта басылып жатты. Өлең жинақтарының өзі 10 мың тиражбен тарап жатты. Өйткені, сол кездің өзінде былайша қарағанда билік менсінбей, билік сөйлетпей отырған тілде «Абай жолының» жазылғанын, «Қаһардың» жазылғанын, «Қан мен тердің» жазылғанын, «Анттың» жазылып жатқанын, «Боран» жазылып жатқанын, «Шыңырау» жазылып жатқанын жұрттың бәрі көріп отырды да, ол тілдің мүмкіндігіне сенді, сол арқылы өзінің тілінің болашағына сенді. Сөйтіп, сол керемет шығармаларды 40-50 мыңдық таралыммен қайта-қайта сатып алып, оқып жатты.

Бұдан шығатын қорытынды – тілді сақтаудың, тілдің беделін көтерудің бір тетігі, құрметті Ақтоты Рахметтолақызы, әдебиетке қамқорлық жасау. Осыған орай, өздеріңіз жақсы білесіздер, мәдениет туралы заңға өзгерістер енгізілген кезде мемлекеттік бағдарлама бойынша бір категорияда қабылданатын кітаптарға қаламақы белгілеу мәселесі алдыңғы жылы, құдайға шүкір, аман-есен шешілді. Ол ұсынысты мына біз жасағанбыз. Қазіргі таңда тиісті категорияға ілінген, мемлекет қажет, қоғам үшін маңызды деп тапқан кітаптардың авторлары біршама қомақты қаламақы алып жүр. Бұл бағыттағы жұмыс алдағы кезде де жалғаса беруге тиіс. Өйткені, біздің қазіргі үлкен мәселеміз кітаптардың шықпай жатқанында емес, кітаптар шығып жатыр. Біздің қазіргі үлкен мәселеміз – таланты халыққа керек, халыққа көркем сөзді жеткізе алатын дарынды адамдардың қаламдарының тоқырап тұрғандығы. Қашан жазушы әдебиетпен арнайы айналысатындай, өзінің отбасын өзінің қаламымен асырай алатындай деңгейге жетпейінше, әдебиет кәсіби түрде жасалмайды. Осы бағыттағы жұмыс алдағы кезде де жалғасса дейміз.

«Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде оқумен түзеледі... Елді түзетуді біз әуелі бала оқытуды түзеуден бастауымыз керек», деген болатын Ахаң – Ахмет Байтұрсынов. Сонау 1897 жылы шыққан «Ана тілін оқыту жайында» деген бір кітапта «Ана тілінің адам болмысымен біте қайнасып жатқаны соншалық, оқушыға ана тілін үйрету дегеніміз – оған рухани тәрбие беру деген сөз» эпиграф ретінде алынғаны да осы ойды қосымша құптай түседі. Бұл бағытта біраз дұрыс қадамдар жасалып жатыр. Жақында ғана Мәжілісте өткен Үкімет сағатында ендігі жерде бала бақшаларда ағылшын тілі оқытылмайтын болғаны хабарланды.

Үш тілді ұлт болу жөніндегі көкейге қонымды талапты шаш ал десе бас алатын солақай саясатқа ұластырып, ағылшын тілінде қырық бес минуттық сабақты естіп түсіну тұрмақ, сол сабақтың мәтінін қағазға түсіріп бергенде оқып түсіне алмайтын балаларға министрліктен әлгі сабақтың дайын мәтінін жіберсе де өзі оқып түсіне алмайтын мұғалімдердің ағылшын тілінде судыратып сабақ беруін талап ететін науқаншылдықтың енді қайталанбауына сенгіміз келеді. Парламентке Үкімет жұмысын қадағалау жөнінде жаңа құзыреттер берілуіне байланысты бұл мәселе ұдайы назарымызда тұратын болады. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін мектептерде ағылшын тілін оқытуды атымен жаңаша ұйымдастыруға, университеттер мен институттарда, колледждерде оқу процесін шәкірттер ағылшынша жақсы біліп шығатындай етіп жолға қоюға, ағылшын тілінде оқытылатын пәндердің ағылшын тіліндегі оқулықтарын дайындауға, жалпы ұлт сол тілде сөйлеуге

бейімделу үшін бұқаралық ақпарат құралдарын, әсіресе теледидарды, интернетті сол тілге де бейімдеуге тура келеді. Басқа да мәселелер жеткілікті.

Тілге қатысты мәселелердің бәрін мына арада айту мүмкін емес. Бізге дейінгілер де талай жайды қозғаған шығар, бізден кейінгілер де талай жайды қозғайтын шығар.

Бүгіндегі мәселелердің мәселесі – латынға көшудің жайы жөнінде ғана айтумен шектелейік.

Бұл біз үшін дәл қазір тағдыршешті мәселе. Біз неге бұл мәселені тағдыршешті деп айтамыз?

Жазуды реттеу – тілді реттеу. Тілді реттеу – елді реттеу. Егемендіктің елең-алаңында-ақ басталған пікір алмасуларды былай қойғанда, қазақ жазуын латын жазуының негізіндегі жаңа әліпбиге кезең-кезеңімен көшіруге кірісу ниеті «Қазақстан – 2050» Стратегиясында жария етілгеннен кейін де жеткілікті уақыт өтті. Ғылыми ортада да, баспасөз бетінде де, экран мен эфирде де, әлеуметтік желілерде де сан түрлі, қым-қиғаш ойды емін-еркін ортаға салуға толық мүмкіндік берілді. Айтылатын сөз армансыз айтылатындай болды. Бұл мәселеге ширек ғасырдың ішінде жеті өлшеу тұрмақ, жетпіс жеті өлшейтіндей уақыт бөлінді. Халықтың басым бөлігінің ортақ ойы қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру уақыттың талабына да, туған тілімізді тыңнан түлету талабына да сай келеді дегенге келіп сайды.

Кезінде жазуды латынға ауыстырудың жайы парламенттік тыңдауда қаралғанда: «Біздіңше, бұл мәселенің – қазақ жазуын латын әліпбиіне ауыстыру қажет пе, қажет емес пе деген мәселенің басы ашылған. Адам қателесуі мүмкін, қоғам да қателесуі мүмкін, тіпті заман да қателесуі мүмкін. Ал уақыт қателеспейді. Уақыттан өткен данышпан болмайды. Уақыт өз сөзін айтып үлгерді. Латын жазуы уақыттың сан ғасырлық сынынан өтіп болды. Қазір әлемдегі халықтың 80 пайызы латын графикасын игеріп, пайдаланып отырғанын, дүние дидарындағы ақпараттың басым бөлігі осы жазумен таңбаланып тұрғанын айтудың өзі көп жайды аңғарта алады», дегеніміз бар еді. Сонымен бірге, бұл істің қиындығын да, тәуекелін де аңғартуға тырысқанбыз. Оны: «Алфавитін асығыс ауыстырған ағайындардың кейбірі айналасы ширек ғасырдың ішінде жаңаша жазуға бір емес, екі емес, үш рет өзгеріс енгізіп үлгергені белгілі. Біз ол істен сабақ алуға тиіспіз. Сондықтан да бірыңғай стандартты түпкілікті бекітердің алдында жаңа әліпби жобасын тағы да қайта-қайта қарау, әбден иін қандыру керек» деп айтқан екенбіз.

Алфавит ауыстыру – іргелі, ірі іс, шын мәнінде тарихи шешім. Ойдағыдай атқарылған жағдайда бұл ісіміздің игілігін, бұл тарихи шешімнің жемісін балаларымыз, балаларымыздың балаларының балаларының балалары, қысқасы, халқымыздың болашақ ұрпақтары көре беретін болады. Бұл жөнінде енді күдік-күмән келтіретін ештеңе жоқ. Біз өзгеленгіміз келсе, дараланғымыз келсе, өзге мемлекет екендігімізді сезінгіміз келсе, өзге мемлекет құрғанымызды, басқа мемлекет екендігімізді балаларымыздың балаларының балаларына білдіргіміз келсе, біз көрші мемлекеттен бөлекше жазуға тиіспіз. Ұнай ма, ұнамай ма – солай етуге тиіспіз. Әлемдік үрдістегі ортақ алфавитке көшу бір басқа да, көрші мемлекеттің әліпбиімен, славян әліпбимен жазу бір басқа. Бұл арада осындай үлкен принципті мәселе бар. Әрине, көптеген қиындықтар болады, оған бәріміз көніп отырмыз, бірақ латынға көшпей болмайды. Мәселе енді қалай көшуге байланысты.

Алдымызда әлі біраз жылдарға созылатын, жүйелі түрде, табандап жүргізуді қажет ететін қиын жұмыс тұр. Бұл шаруа оңай атқарылады деп өзімізді өзіміз алдамайық. Бірақ, ертеңімізді ойлайтын ел екенімізді дәлелдегіміз келсе, елдігімізді ерекшелегіміз келсе, санамызды шындап жаңғыртқымыз келсе бұл іске тәуекеліміз тұруға тиіс. Бірақ бір ғана шарт бар: ойдағыдай атқарылған жағдайда!

2017 жылдан 2019 жылға дейін бекітілген латын әліпбиіне бір емес, екі емес, үш рет өзгеріс енгізіліп үлгерілгені, енді кемінде тағы бір өзгерту алда күтіп тұрғаны біздің алфавитін асығыс ауыстырған ағайындардың тәжірибесінен сабақ ала қоймағанымызды көрсетеді, өкінішке орай. Жаңа алфавит бекітілуін бекітілгенімен, уақыт сынағынан өтіп, өмірде орнықпай жатып, елді мекендер атауларын, мыңдаған маңдайшаларды, көше аттарын қайтадан жазып, қыруар қаржы шашып үлгергеніміз өз алдына, түрліше тендер хабарландыруларын латынша жариялап, бүйрек бұрылатындарын хабарландыру шығатын күннен хабардар етіп қою, латынша әліпбимен оқи алмайтындарды оқыстан сан соқтырып кету сияқты сұрқиялықтар орын алып жатқаны ұят-ақ іс. Қалай болғанда да, қазақ тілінің латын жазуына өтуі өмірлік қажеттілік, осы арқылы тіліміздің дыбыс жүйесін қалпына келтіруге, былайша айтқанда, қазақ сөзінің қоңыр үнін қайта оралтуға мүмкіндік беріледі деп сенеміз. Осы тағдыршешті мәселеде барынша салиқалылық, орынды сақтық таныту, жеті рет емес, жетпіс жеті рет өлшеп кесу, осы халықтық істегі кез-келген күдік-күмәнге сарабдалдықпен қарау қажет-ақ. Тіпті латынға толық көшудің мерзімін қайта қарау, уақытты ұзарту қажет болуы да ғажап емес. Бәрі мүмкін. Оның үстіне әліпбидің әлі жетілдіре түсетін тұстары да табылады. Басқасын былай қойғанда, қазақтың жаңа әліпбиінің компьютер пернетақтасына лайықталмағанының өзі көп жайды аңғарта алады. Бұл жайында күні кеше ғана, дәл осы форумның алдында Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев арнайы айтты, қадап тұрып тапсырды.

Осы екі жылдың ішінде жіберілген қателіктер бізге қандай тағылым беруге тиіс?

Басты тағылым – бұл іске нағыз ғылыми көзқарастың жетіспегендігі, соның міндетті екендігі.

Бір-ақ нәрсені айтайық – қазақ әліпбиін латын жазуына ауыстырудың мәселелерін қарастыратын, шешетін, ұсыныс беретін басты министрлік болып Мәдениет және спорт министрлігі белгіленді. Бұл жөнінде кезінде алқалы жиында өз пікірімізді білдіргенбіз. Оған куә адамдардың біразы осы залда отыр. Сонда қандай ой басшылыққа алынған дейсіздер ғой? Ана министрдің ана тіліне шорқақ екендігі, мына министрдің тілге жетік екендігі, ұйымдастыру жұмыстарына әлдеқайда іскер екендігі, тапсырылған іске жауаптырақ қарайтындығы... Оны сол жиында тіл тізгіні қолына берілген министрдің өзі жұрт алдында айтты да.

Білім және ғылым министрлігі бар. Оның Ахмет Байтұрсынов атын иеленген Тіл білімі институты бар. Ал негізгі министрлік болып Мәдениет және спорт министрлігі белгіленеді... Осы да мемлекеттік ұстаным ба? Әрине, министрліктің бұл жұмысына Тіл білімі институтының мамандары көмектескені күмәнсіз. Бірақ, басқа министрлікке көмектесу бір басқа да, өзіннің төл міндетінді атқару, жасауға тиісті ісіңмен тікелей айналысу, ең бастысы – өзіңнің шешіміне өзіңнің жауап беруің бір басқа.

Әлі де кеш емес. Латынға өтудегі басты сөзді, түйінді сөзді әлі де тіл ғылымы айтуға тиісті. Әрине, үлкен шаруаны біраздан жүргізіп келе жатқандықтан және көп мәселені шешіп үлгергендіктен, бұл істегі негізгі тұтқаны алдағы кезде де Мәдениет және спорт министрлігі, оның осы «Тіл-қазына» орталығы ұстай беруге тиіс, бірақ Білім және ғылым министрлігі, оның Тіл білімі институты жұмысты ғылыми негіздеуге бұрынғыдан әлдеқайда белсенді қатыстырылуға тиіс.

Тіл форумын тамаша ұйымдастырып отырған «Тіл – қазына» арқылы Білім және ғылым министрлігінің Тіл білімі институтын осы шаруаға бұрынғыдан да қаттырақ тарту керек. Әліпби жасау, оны орнықтыру ең алдымен – ғылым, одан кейін барып – мәдениет. Сондықтан да, біз тілші мамандардың осы шаруаға қазіргіден белсендірек тартылғанын қалаймыз.

Тілді реформалау барысында ерекше ескеретін жағдай қазақ әріптерін латын графикасында қалай жазу ғана емес, ол айсбергтің судан көрініп тұрған бөлігі ғана. Осы реформа арқылы, осы жазуға көшу арқылы біз қазақ тілінің өзінің қазақтың қара домбырасы сияқты қоңыр үнін қалай қалпына келтіреміз, қазақ тілінің фонетикалық байлығын қалай жарқыратып көрсетеміз және қалай жазғанда күмбірлеп, күңгірлеп тұратын тіл етіп шығарамыз деген мәселені шешуіміз керек.

Солай болады деп сенеміз.

Форум жұмысына табыс тілеймін.

Айталы Амангелді
Философия ғылымдарының докторы,
профессор

Қазақ тілінің дамуының әлеуметтік мәселелері

Қазақ тілінің бүгінгі мәселелері туралы әртүрлі пікірлер баршылық. Азды-көпті айтсақ қазақ тілінің алтын ғасыры деп мақтанармыз, проблемалары туралы қанша айтсақ та, Тәуелсіздік ештеңе бермеді деп түңілмейміз. Ақиқат әр кезде де екі пікірдің ортасында.

Мен тіл мәселесін әлеуметтану тұрғысынан саралаймын.

Ғалымдар посткеңестік елдерде бүгін бес ұрпақ тұрып жатыр деп айтады:

I. Постсталиндік «жылымық» заманның ұрпақтары, бүгін олар азайды, бірақ билік солардың қолында да болды.

II. Тоқырау «брежнев заманының ұрпақтары».

III. «Перестройка» заманының ұрпағы.

IV. Ұрпақ. Отыз бес пен қырық жас деңгейі. Олар бұрынғылардың тәрбиесін алғанымен сталиндік, брежневтік, хрущевтік дәуірде өмір сүрмегендер.

Осы 30 жылда советтік дөрекі национализм рухында, орыстану заманында, ұлттық болмысқа қарай аяқ баспайтындар, бірақ тілдері тәтті, істері қаттылар билік басына келді. Олар жолдау, басқа да маңызды мәселелерді қоғамға орыс тілінде жеткізіп, халықты қазақ тілі мүгедек, ол тілде маңызды мәселелерді жеткізу мүмкін емес деген ойды санаға әбден сіңірді. Қазақша сөйлемейтіндіктерін, өз-өздерін ақтап, қазақшаға түсінбейтін орыстар бар ғой деп жуып-шайды. Ілеспе аударма, басқа мүмкіндіктерді еш пайдаланбады. Билікте орыс тілді топ бүгінде басым. Бұл пікір оларды жақтымау үшін емес, жағдайды талдаудан туындап отыр.

Сонымен бірге обьективті жағдайлар да бар. Қазақстан негізінен славяндар, европалықтар, христиандар қоныстанған ел. 1969 жылы қазақтардың үлесі небәрі 29% төңірегінде болды. Тәуелсіздік алғанда 40% жетті, 60% басқа диаспоралар болды. Қазір 70% жуық деп айтамыз. Бірақ ұлттық, тілдік сана тез өзгере қоймайды. Орыс тілі бүгінде диктатор тіл болып отыр. Қазақ тілі қазақтар арасында ортақ тілге айнала алмады. Социологтардың айтуы бойынша кедейлер қазақ тіліне, байлар яғни элита орыс, ағылшын тіліне бейім.

Биліктегілер, яғни, орыс тілділер латын әліпбиіне көшу мәселесін қолға алды. Жоғарғы жақ зор шабытпен ақыл, уағыз айтса, оны төменгі жақ одан да өткен зор шабытпен мақұлдап жатыр.

Ақылға сыймайтын аңғырт оптимизм:

-қазақтың болашағы енді айқындалады;

-қазақ тілінің мәртебесі енді тез өседі, мәселе тек тілдің таңбасына байланысты;

-әлемдік өркениетке қолымыз енді жететін болады. Сонда бұрын жабайы ел болғанбыз ба?

-ғылым, білімге тез қол жеткіземіз, Латын алфавитіне көшсек лабораториялар көбейіп, олар соңғы құрал-жабдықтармен жабдықталатын болады.

-ағылшын тілінде тез сөйлеп кетеміз.

Әлемде төрт жүздей ескі жазу болған. Олардың ішінде ең көп сақталғаны – бесеу. Оның ішінде көп таралғаны латын әліпбиі. Екінші орында қытай мен үнді, үшінші орында кириллица. Басқалары араб, басқалары интернет, SMS торы латиницаны пайдаланады.

Жаһандану заманында жаңа технология дамыған тұста латиница кең қолданыста, көптеген мемлекеттер латын әлібиін қабылдап жатыр, ия ол сөзсіз ол заман талабы. Кириллица негізінен, славян, православ діндегілердің басын қосатын алфавит! Қазақ мұсылман елі, орыстанған ел. Латын әліпбиі тіліміздің жаңғыруына, ұлтсыздануға қарсы болады деп ойлаймыз, бірақ орыс тіліне қарсылық емес.

Айтатын уәждеріміз посткеңестік Өзбекстан, Азербайжан, басқа елдерді тілге тиек етеміз. Оларды байырғы халқы 90% асты, өзбек, түрікмен, азербайжан тілдері баяғыдан ұлтаралық тіл. Олардың Ресей және біздер секілді 7500км шекарасы жоқ, этнодемографиялық жағдай бізде ерекше.

Біз жаңа әліпбиге көшуді тек лингвистикалық, нақтырақ айтсақ, фонетикалық, орфографиялық проблема деп түсініп келеміз. Ал оның саяси-әлеуметтік астары да баршылық. Жоғары билік қандай елде өмір сүретінімізді білмейтін сияқты.

Әтештің міндеті шақыру, ал артынан жаңа күн туама, жоқпа онда оның шаруасы жоқ. Әліпбиді алмастыру керек деп, айтылды, іске кірісеміз, оның арты қалай болады, оған көп ойланбаймыз.

Тілдің алфавит таңбасы ғана, географиясы, этно-демографиясы, этно-педагогикалық астары, саяси астары, сыртқы саясатпен де байланысты. Қазақ әліпби ауыстырғанда мол рухани мұраны оп-оңай аудара саламыз, архивте хаттаулы ақпаратты да, оқулықтармен оқу-методикалық, көрнекті құралдарды да дайындаймыз деген уәдеге сенбейді. Бүгін ата-аналар балаларын орыс мектептеріне көбірек бере бастады. Ертең қазақ жастарының дені Ресейден білім алады.

Ғылыми-техникалық әдебиеттер өз алдына бөлек проблема.

Екіншіден, Қазақстан этнодемографиялық жағынан Орта Азия елдерінен ерекше, ел халқының үштен біріне жақыны славяндар, еуротектілер, қазақ болса әлі де орыстанған, таза қазақ тілінде орыс сөздерін араластырмай сөйлей алмайды.

Үшіншіден, мемлекеттік емес көптеген мекемелер Өзбекстан, Азербайжан елдері латын әліпбиіне көшуге асықпайды.

Төртіншіден, бүгінгі қаптаған орыс мектептері кирилица әліпбиінде білім бере береді. Олардың қай әліпбиде білім алуы өз еркінде. Олар жоғары оқу орындарында да кириллицамен пайдаланады. Сондай-ақ газет-журналдарға, әдебиетке, латын әліпбиінде сұраныс азаяды, орыс тіліндегі интернет сұранысты қанағаттандырады.

Ең бір күрделі мәселе тіл географиясы. Солтүстік шығыс өңірлер кириллица алфавитімен пайдалана береді. Осы проблемалардың қалай алдын аламыз, тілге қарай жіктелген қоғам, енді одан әрі кириллицалықтармен латинистер жіктілмей ме? Ресейге қоныс аудару тек славяндар емес, қазақтар арасында да көбейеді. Сыртқы ықпал. Отарлаушы ұлт бұрынғы отарланған ұлттарды өз мәдени, саяси, тілдік ықпалынан шығармауға тырысады. Ағылшындар өз ықпалында 114 территорияларда үстем тіл, испан тілі 27, француз тілі 24, португал тілі 12 территорияда.

Ал Ресей қазақтарды орыс әлемінен, кириллицадан шығармауға күш салып жатыр. Мен бұл ойларымды сіздермен бөлісуді мақұл көрдім. Білемін, «көш жүре бара түзеледі» дейді көпшілік. Сол көштің компасын орыс тіліне қарай бұрып, бағыт ұстамас па екен деген қаупім бар.

Дегенмен, болашаққа сенім бар. Өмірге жаңа ұрпақ келеді. Олар билікке де келіп жатыр. Әлеуметтік зерттеулерге қарағанда олар қазақша білім алғандар, өзара қазақша сөйлеседі, олар отбасында да өз тілінде сөйлеседі, оларға орыс, ағылшын тілі де бөтен емес. Тілдік саясат сол жастарды қолдаса, мемлекеттік тілді меңгеру шартты болса. Тілдің мәртебесін көтерсе. Маңызды-стратегиялық мәселелер елге қазақ тілінде жетсе, аттестат, диплом алу үшін мемлекеттік тілде сөйлеу, мемлекеттік қызметке, жай жұмысқа қабылдау кезінде де мемлекеттік тілде сөйлеу, оқу-жазу деген міндеттелсе.

Қазақтар басым қоныстанған Атырау, Қызылорда, Ақтөбе, Маңғыстау сияқты облыстар түгелдей мемлекеттік тілге көшсе. Басқа да игі істерге жол ашылса. Бірақ талап ең алдымен қазақтарға қойылу керек. Жаңа ұрпаққа жол ашатын жаңа тілдік саясатқа қадам жасау қажеттіліктен туып отыр.

Әбдіжәлел Бәкір,
Саясаттану ғылымдарының докторы,
профессор

Рухани жаңарудың маңызды қадамы

Құрметті зиялы қауым! Тәуелсіздіктің 30 жылдайын тарих еншісіне бердік. Енді саяси-әлеуметтік өмірдің жаңа кезеңіне аяқ басайық деп отырмыз. Мен бұл арада өзімнің рухыма жақын екі мәселені айтқым келіп отыр. Ол ел Президентінің мына бағытдағы тапсырмалары. Біріншіден, демократияға тереңдеп баруға қадам, халыққа бет бұруды күшейту. Билік пен халық арасындағы диалогты арттыру. Жұртшылықтың митингі мен демонстрацияға шығуына деген көзқараста әлемдік өркениетке ұмтылу. Осымен байланысты менің айтпағым – енді жұртшылық мұндай саяси әрекеттерге шығу, ұйымдасу, парасатты келісімге келу мәдениетін де тиісті игерген жөн. Екіншіден, рухани жаңғыруға емес, жаңаруға елеулі қадам жасау. Елбасымыздың орыс тіліндегі сөзі «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» деп аталады. Ал модернизация сөзі әсте жаңғыру емес, жаңару. Ұлттық құндылығымыздың өзегі қазақ тілінің дамуындағы латын графикасындағы жаңа әліпбидің өмірге енуі – бұл, шын мәнісінде, жаңғыруға емес, жаңаруға жұмыс істейді. Бұл жай өзгерте салу не бұрынғыны жаңғырта салу емес, мұның мәдени, рухани өміріміздегі құндылығын терең түсінгеніміз жөн. Мен осыларды ойлап сөзімнің тақырыбын «Рухани жаңаруымыздың маңызды қадамы» деп атадым. Біз латын графикасымен бұрын да жұмыс істегенбіз. Алайда заман басқа, заң басқа дегендей. Қазіргі күні мұның жүгі ауырлау да маңыздырақ та болып тұр.

Біздің пікір алаңымыз «Заң және тіл» деп аталады. Сол себепті бүгінгі пікір алмасу, ой бөлісу тіл мен ол туралы заңнамалық мәселелер төңірегінде болмақ. Мен осы туралы бірер ойымды назарларыңызға ұсынғым келеді. Сонан соң барлығымыз ашық пікірге көшейік. Батылырақ айтайық, артықтау болса, аудиториядан шығармай жөндеп алайық. Мүмкіндігінше шындықтың бетін ашайық. Біріншіден, қазіргі жағдайды мүмкіндігінше білу, тиісті талдау, екіншіден, алда не істеуіміз керектігін айқындау, бағытымызды белгілеу. Мәселе әсте оңай емес. Ортақ істі кеңірек, тереңірек ойласқанымыз орынды.

Латын әліпбиін ендірудің қысқаша айтқанда мынандай маңызы бар. Біріншіден, тіл тазалығы сақталады. Екіншіден, түркі әлемімен байланыс нығайтылады. Үшіншіден,

ағылшын тілін меңгеру оңтайлана түседі. Төртіншіден, тіліміздің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашылады

Бүгінгі ана тілдік кеңістіктегі жағдайды тереңірек білу үшін кішкене өткен тарихымызға зер салайық. Патшалық Ресейдің отарлық жағдайдағы тіліміздің жайы өздеріңізге белгілі. Бұл көп айтылып жүр ғой. Кешегі Ресей жерімізді ғана алған жоқ, тілімізді, дінімізді, соның нәтижесінде ділімізді жоюға тырысты. Өткеннің саяси жалғасындай болған кеңес заманында да тіліміздің айдарынан жел ескен жоқ. 1937 және 1978 жылдарғы Республиканың Конституцияларының бірде-бірінде ана тіліміз туралы бір ауыз сөз болған жоқ. Сондықтан Одақ конституциясына сәйкес орыс тілін біздер де мемлекеттік тіл деп қабылдауға мәжбүр болдық. Осы арада Мәскеудің орыс тілін күшейте түсуге байланысты тағы бір әрекетіне тоқтай кетейік. 1938 жылғы 13 наурызда БКП(б) ОК мен КСРО Халық Комиссариатының «Ұлттық республикалар мен облыстардағы мектептерде орыс тілін міндетті оқыту туралы» қаулы қабылдады. Бұл Республикамыздың ана тілдік кеңістіктігінде қаншама қайшылықты жағдайларға әкелді. Мұның үстіне Мәскеу КСРО-ның мемлекеттік тілі орыс тілі туралы заң дайындап еді. Бақытымызға Одақ ыдырап, ол жүзеге аспай қалды. Ал ол жүзеге асқанда тіпті қиын болатын еді. Және қиындықты өзіміз күшейте түсетін едік. Бірер мысал келтірейін. Өзіміздің жандай шап саяси саяз белсенділеріміз орыс тілін екінші кластан бастап, ал жаратылыстану пәндерін орыс тілінде оқытуды ұсынды. Міне, өткеннен азын-аулақ ақпарат.

Тәуелсіздіктің елең-алаңында, яғни 1989 жылғы қыркүйектің 22-күні Қазақстанда «Тілдер туралы» заң қабылданып, ана тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болғаны белгілі. Әрине, аса қиындықтармен. Бұл арада Елбасымыз бен халқымыздың ұлтшыл азаматтарының шешуші рөл атқарғанын айта кеткен артық болмас. Мен «ұлтшыл» деген сөзді өзінің халқын шынайы сүюші деген Алаш жетекшілерінің қолданатын мағынасында айтып отырмын. Ал бүгін осы сөзден қорқып, пайдаланып жүрген «ұлтжанды» деген сөз шынайы ұлтшыл дегеннің түфлиін де сүрте алмайды. Бұл біздің жолдан тауып алғанымыз. Мысалы, әйелжанды, қатынжанды дегенді қалай қабылдайсыздар, қалай түсінесіздер. Бір айта кететін мәселе - біздің әлі ұлтшылдық дегенді кеңестік түсінікпен айтып жүрген жағдайымыз да жоқ емес. Шынайы ұлтшылдықтан қорықпау керек, ал әсіре ұлтшылдық шовинизмнен басқа ештеңе де емес.

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі 1993 және 1995 жылдарғы Конституциялардан тиісті орын алып, «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл - қазақ тілі» деп тайға таңба басқандай айқын жазылды. Мұны мен ерекше атағым келіп тұр. Бұл - тәуелсіздіктің арқасы. Мұның қадіріне жете білуіміз керек. Алайда қоғамдағы саяси сананың, ұлттық рухтың жетіспеушілігінен еліміздегі ең жоғары құқықтық күші бар басты құжат - 1995 жылғы Ата Заңның 7-бабындағы бұл құқықтық норма жеткілікті жұмыс істемей қалды. Бұған ұлттық рухымыз жетпеді.

Осы жерде Мұстафа Шоқайдың: «Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе? Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де. Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп-дамиды, жеміс береді» деген сөзін назарларыңызға сала кеткенді жөн көріп отырмын.

Сонан соң 90-жылдарғы еліміздегі демографиялық жағдайдан, халық татулығын ойлағандықтан Конституциямыздың 7-бабының бірінші тармағына «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл - қазақ тілі» дегенмен қанағаттанбай, оның екінші тармақшасында «Мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген норма қабылданды. Бірақ оның орындалуын қатаң болмауынан және сан жылдар қордаланған қиыншылықтан әлсіз күйге

түскен қазақ тілі көлеңкеде қалып, қоғамда, әсіресе мемлекеттік мекемелерде орыс тілі мемлекеттік мәртебеге ие болып алды. Ал Ата заңымыздың 93-бабында «Конституцияның 7-бабын жүзеге асыру мақсатында Үкімет, жергілікті өкілді және атқарушы органдар арнаулы заңға сәйкес Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеруі үшін қажетті ұйымдастырушылық және техникалық жағдайдың бәрін жасауға міндетті» деген қағидамен байланысты 1997 жылы 11 шілдеде Қазақстан Республикасындағы Тіл (шын мәнісінде тілдер туралы еді, бұл заң орыс тілінде «О языках» делінген) туралы Заң қабылданды. Бірақ бұл заңда тек ұйымдастырушылық және техникалық шараларды ғана қарастырылды. Батыл құқықтың әрекетке бармадық. Ал ғасырлар қордаланған ана тілдік кеңістіктегі мәселелер бұл шаралармен шешілмейтін еді. Мысалы, Заңның «Мемлекеттің тіл жөніндегі қамқорлығы» деген арнаулы 6-бабында «Қазақстан Республикасының азаматының ана тілін қолданылуына, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдауына құқығы бар» деумен, «Тілді құқықтық қорғау» атты 23-бабында «Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл және барлық басқа тілдер мемлекеттің қорғауында болады. Мемлекеттік органдар бұл тілдердің қолданылуы мен дамуына қажетті жағдай жасайды» деген сөздермен шектелдік. Осындай әлсіз, жай сөздермен жазылғандықтан 1997 жылы Қазақстан Республикасындағы «Тіл туралы» Заңдағы «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі» деген құқықтық норма жеткілікті жұмыс істемей қалды.

Мемлекеттік тілдің басымдығын қамтамасыз етуді құқықтық қағидалармен шешудің орнына «Тіл туралы» Заңның 23-бабының екінші бөлігінде: «Тілдің дамуы мемлекеттік тілдің басымдығын және іс қағаздарын жүргізуді қазақ тіліне кезең-кезеңмен көшіруді көздейтін Мемлекеттік бағдарламамен қамтамасыз етіледі» деп жаздық. Біріншіден, осындағы «мемлекеттік тілдің басымдығы» деген мәселе көп ұзамай ұмытылды. Оған құқықтық норма жоқ еді. Біз Конституциямызда құқықтық мемлекет құрамыз деп жаздық. Сондықтан, біріншіден, қоғамдағы, мемлекеттегі қағидатты мәселелер заң арқылы, құқықтық нормалармен шешілуі керек. Екіншіден, мен жиырма жылдан астам осы тіл туралы жазып та келемін, оқып та келемін, бірақ ешбір елдің тіл туралы заңдарынан тілді бағдарлама арқылы шешеміз дегенді оқи да алмадым, көре де алмадым. Ол құқықтық нормалар арқылы ғана шешілетінін білмей отырған жоқпыз, тек көзге ілмей отырмыз.

Сонымен мемлекеттік тілдің мәртебесін шынайы көтеретін не оның қолданыс аясын кеңейтетін құқықтық нормалардың жоқтығынан және «Тіл – мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында» атты Заңның екінші тарауындағы «Тілдің қолданылуы» атты 6-баптағы «Мемлекеттік тіл Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жұмыс және іс қағаздарын жүргізу тілі болып табылады» деп келгеннен кейін ары қарай «орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» дегенді қосудан алдыңғы нормалық қағида тұншықтырылды. Ал осы баптың екінші бөлігіндегі норма былай жазылды: «Мемлекеттік емес ұйымдардың жұмысында мемлекеттік тіл және қажет болған жағдайда басқа тілдер қолданылады». Сөйтіп осылай Заңның 27-бабының он үшінде алдымен – мемлекеттік тілде, сонан соң қажет болған жағдайда басқа тілдерде деген нормалар жазылып, қазақ тілі қолданыста болатын басқа тілдердің деңгейінен төмендеп, көп тілдердің астында қалды. Мен мұндай, кешірерсіздер, жалпақ шешейлік нормаларды ешбір елдің заңдарынан көре алмадым. Енді күнделікті өмірде орысша жазғанды қазақшаға, қазақша жазғанды орысшаға аударып, қос тілділікті шегіне жеткіздік. Сөйтіп біздер де тіл жөнінен көптеген әлжуаз елдердің қатарында қостілді

қоғам, қос тілді мемлекетке айналып, мекемедегі қазақтар ғана екі тілде жазуға мәжбүр болып отыр. Осындай және басқа да амалдармен, әсіресе іс қағаздарының көбін орыс тілінен аударылғандармен толықтырып, барлық дерлік облыстар мемлекеттік тілге көштік деп осыдан шамамен он шақты жыл бұрын орталыққа тиісті рапорттарын беріп, «социалистік міндеттемелерін» мерзімдерінен бұрын әрі асыра орындап шыққан болатын. Сөйтіп, мемлекеттік мәртебесі бар қазақ тілі екінші кезекке ығысты. Күнделікті өмірде қазақ тілі негізінен аударма тіл болып, соңғы жиырма жылдан астам уақытта негізінен осылай келе жатырмыз.

Бұдан кейін де қайшылықты жайлар аз болған жоқ. Өздеріңіз білетіндей, Елбасымыздың ұрпағымыз үш тілді білсін деген ұстанымынан туған «триединствоязыков» деген орыс тіліндегі сөзді «саясатшыл» аудармашылар «үш тілдің бірлігі» деп аудармай, «үш тұғырлы тіл» деп аударып, қоғамды біраз әбігерге түсірді. Елбасының ойында ұрпақтарымыз үш тілді біліп қана қоймай, сол тілдердің иесі халықтардың тарихын, мәдениеті мен әдебиетін, ғылымы мен ілімін т.б. біліп жатса, біздің қоғам өркениеттің жаңа бір сатына көтерілер еді үміт болатын. Ал Білім министрлігінің бұрынғы «көреген» басшылары «үш тұғырлы тілдерді» қашан, қалай оқытуды ойлай қоймай, балабақшаның 4-5 жасар балаларынан бастап, тіпті ондағы қаракөз ұл-қыздарымыздың көпшілігі өз ана тілін білмей отырғанда, үш тілді үйретуге тапсырма беріп, орындатты. Менің бұл мәселені айтпаған, жазбаған жерім қалған жоқ. Бұл қателік соңғы кезде жөнделе бастады. Бірақ үш тілде білім береміз деген пікірлер жалғасуда. Бұл қате пікір. Үш тілде оқыту деген баланың қазақ, орыс және ағылшын мектептерінде оқытуды айтады. Ал біздегі мақсат - ұрпағымызға үш тілді үйрету.

Мен сіздерге ұлттық қасиеті, рухы әлдеқайда басым Литва халқы өздерінің 1995 жылғы 31-ші қаңтарда қабылданған Заңдарының «Білім және мәдениет» деп аталатын төртінші тарауының 11-ші бабында орысша былай деп жазды: «Государство гарантирует население Литовской Республики право на приобретение общего, профессионального образования, образования верхнего уровня и высшего образования на государственном языке».

Ал біздің білім маңындағы басшыларымыздың біресе олай, біресе бұлай ауытқулары ана тіліміздің тағдырына қалай болса, солай қарау, ана тіліміз ұлттық құндылығымыздың өзегі, ұлттық кодымыз екенін ұғына беруден, бағалай алмаудан туындап отыр. Осындай әрекеттерден Тәуелсіздігімізге ширек ғасырдан асса да, өз тілімізге өзіміз ие бола алмай келеміз.

Осы сәтте біз мемлекеттік тілде сөйлемейтін мемлекеттік билік «заңсыз билік» деп есептейтін әлемдік тәжірибені ескере бермейтінімізді де айта кетсем артық көрмеңіздер.

Ана тіліміздің мәртебесін түсіретін тағы бір жайға тоқтай кетейін. Жоғарыда аталған 1938 жылғы 13 наурызда БКП(б) ОК мен КСРО Халық Комиссариатының «Ұлттық республикалар мен облыстардағы мектептерде орыс тілін міндетті оқыту туралы» қаулысынан кейін өзіміздің «белсенділер» елімізде орыс тілін жандандыру үшін жаратылыстану пәндерін орысша оқытуға ұсыныс жасаған болатын. Үш тұғырлы тілге байланысты енді жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқытып жатырмыз. Сонда бұл пәндерді ұрпағымыз қазақ тілінде білмеуі керек пе? Мен осыдан кейін мынандай ойға келдім: ана тілі мәселесінде біздер сонау отызыншы жылдардың түсінігінен алысқа кете қоймаған екенбіз.

Біздің қоғамда қазақ тілінің тағдырына келгенде ауытқуымыз мықты. Қазір мемлекеттік тілімізді үшінші кезекке ауыстырдық. Құдай қаласа, қытай тілін ендірсек, ана тіліміз үшінші орыннан төртінші орынға «көтерілетін» шығар. Осылай ұлттық құндылығымыздың өзегі - ана тіліміздің тағдырын саудаға салған кездеріміз бұрын да аз болмап еді, қазір де ол жалғасып келеді.

Міне, мемлекеттік мәртебеге осыдан 30 жыл бұрын ие болған қазақ тілінің жағдайы осы. Тілдер туралы заңдардың дұрыс жұмыс істемеуіне, ең алдымен заң нормаларындағы қателіктер кінәлі дегенді де айтып жүр. Қазір саясаткерлер мен ғалымдар тарапынан мемлекеттік тілдің дәрежесі өз деңгейінде емес деген пікірлерді дәлелдеудің қажеті бола қоймас. Оны тіпті өз мекемелеріңізден күнделікті көріп жүрсіздер. Меніңше, мұның барлығы бүгінгі мемлекеттік тілдің жағдайы оның қолданыс аясын кеңейте түсетін тиісті құқықтық нормалардың жоқтығынан болып отыр. Заңда мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асырудың заңдылық тетіктері мен нақты шаралары белгіленбеген. Сол себепті тіл мәселесін, ең бастысы ана тіліміздің мәселесін шешу қажет. Шынын айтқанда, 1997 жылы 11 шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы Заң енді қазақ тіліне тұсау болып отыр.

Осындай жағдайды осыдан он үш жыл бұрын сезген, яғни 2006 жылы 11 мамырда Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Ана тілі» газетіне берген «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» атты сұхбатында бүгінгі қазақ тілінің тағдыры, оның бүгіні мен болашағы туралы айта келіп, «заман талабына сәйкес «Тіл туралы» Заңды қайта қарап, қажет болса, тиісті өзгерістер енгізу керек» деген болатын. Содан бері селт еткен ешкім де, еш мемлекеттік мекеме де болған жоқ.Түсініксіз…

Бүгінгі зерттеушілердің айтуына қарағанда Қазақстандағы қазақтардың 60 пайызы орыс тілінде сөйлейді. Өйткені қоғамда қазақ тілдік орта қалыптаса алмай отыр. Қазақ мектептеріндегі ұл-қыздарымыздың өзі үзіліс кезінде орыс тілінде сөйлейді. Аралас мектептер республикадағы мектептердің 20 пайызынан азаятын емес. Ақмолаға көшкенде кейбіреулер бұл қала келешек қазақ тілді болатын болды деп қуанып еді. Елордамыз бұл бағытта өңірдегі орталық қалаларға үлгі көрсете алмай отыр. Оны өздеріңіз күнделікті өмірден көріп жүрсіздер. Тіпті жарнамаға дейін Мәскеуде дайындалып, көшелерімізде сол жақтың кісілерінің бейнелері тұрады. Намысы ғасырлар бойы жаншылған халықпыз ғой. Сондықтан мұны түсінуге болады. Тәуелсіздік әзір тәуелсіз сананы қалыптастыра алмай отыр. Әзір ояна қоятын түріміз жоқ. Сонау өткен ғасыр басындағы Міржақып Дулатұлының «Оян қазақ» дегенінің күні туып тұр. Тарих қайталанды деген рас екен ғой.

Енді бұл жағдайдан шығар жол қайсы? Ең бірінші ана тілімізге деген көзқараста өзгеріс бар. Президентіміз ең бірінші қазақ тіліне көңіл бөліп, қазақ тілі ұлтаралық қатынас тілі болуы керек деді. Бұл аса жауапты міндет және аса қажетті де.

Мен тағы да аса жауапты да маңызды кезеңде тұрмыз дегім келеді. 2025 жылдан латын әліпбиіміз бар күшіне мінеді. Ал қазақ тілінің бүгінгі жағдайында бұл жұмысымыз қандай нәтиже бере алады? Жұмысымыз нәтижелі болуы үшін халқымыздың бетін мемлекеттік мәртебесі бар қазақ тіліне бұруымыз аса қажет. Ең басты мәселе - мемлекеттік тілдің мемлекеттің бүкіл аумағында басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу және қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттің тілі деген қағиданы міндеттейтін құқықтық нормалар қажет. Сондай-ақ мемлекеттік тілді қорғау мен қолдау, еліміздің азаматтарының мемлекеттік тілді пайдалану құқығын күшейту керек. Сонда ғана мемлекеттік тіл ұлтаралық қатынас тілі болады да, қазақ тағы да айтарға әліпбилі қазақ, кирилицалы қазақ болып бөлінбейді. Сонда ғана латын әліпбиінің алдына қойылған зор міндеттер жүзеге асады.

Міне, менің сіздердің назарларыңызға салғым келген мәселелер осылар. Қаттырақ кетсем, кешірерсіздер. Бұлар көптен қордаланып, менің тыныштымды алып келе жатқан мәселелер ғой. Енді өздеріңізді тыңдалық.

Назарларыңызға рахмет!

Ғосман Төлеғұл
Жазушы, аудармашы

Қазақ тілі және қазіргі кезең

Жаһандану және ұлттану үдерісінде қазақ тілінің өміршеңдігін арттыру, әліпби реформасының жалпыхалықтық сипат алу тетіктерін іске қосу жолдарын анықтау мәселелеріне арналған республикалық форумға қатысқаныма қуаныштымын!

Қазақ тілінің қоғамдық қызметін жандандыру, қазақ тілін тарихымызды, мәдениетімізді, санамызды, ғұрпымызды жеткізуші құрал ғана емес, халқымыздың ертеңін жалғастырушы, ғылым мен экономиканы ілгері жетелеуші құралға айналдыру Сіз бен Біздің қолымызда!

Бүгінгі таңда Мәдениет және спорт министрлігінің тарапынан Әліпби реформасын сәтті жүргізу, салалық терминологияны жетілдіру, ересектерге мемлекеттік тілді үйретудің тиімді тәсілдерін ойластыру аясында көптеген игі іс-шаралар атқарып жатқанын байқап жүрміз.

Бүгінгі бас қосуымыздың басты себебі де осы: қазақ тілінің ұлтаралық тіл ретіндегі мүмкіндіктерін ашу, тіл реформасын тиімді жүргізу мәселесін жан-жақты талқылау және ғалымдар мен сала мамандарының пікірін саралай отырып, түйткілді мәселелерді шешу жолдарын қарастыру, жетілдіру мүмкіндіктерін іздеу, қаралған мәселелер бойынша мүмкіндігінше бір тұжырымға келу.

Осы жерде келесі түйткілді мәселелерге тоқталмай кетуге болмайды:

1. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңын және «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» міндеттерін іске асыру үшін облыстық және республикалық дәрежедегі әкімдіктерде Тілдерді дамыту басқармалары және соларға қарасты тілдерді оқыту орталықтары құрылған болатын. Осы құрылымдар еліміздегі тіл саясатын жүргізуге үлкен үлес қосып келді. Қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру жұмыстары басталғанда да бұл құрылымдардың атқаратын қызметі зор.

Алайда, қазір бірнеше облыста Тілдерді дамыту басқармалары өзге басқармаларға қосылып, тілдерді оқыту орталықтары жабылып, мемлекеттік емес секторға өтіп жатыр. Осының салдарынан қазақ тілін оқыту, тілге сұранысты арттыру, қазақ тілінің қолданысын кеңейту, латын әліпбиін үйрету мәселелері кешеуілдеуде, сапасыз атқарылуда. Оның үстіне күні кеше ғана Қасым-Жомарт Кемелұлы айтқандай: «*Әліпбиді латын қарпіне көшіру туралы тарихи шешім қабылданғанына екі жылға жуықтады. Бірақ қарпімізде әлі де олқылықтар бар. Тіл мамандары жаңа әліпбиді жетілдіруі керек*». Осыған орай бір ғана нюансты айтайыншы. Біз ғой латынға көшу арқылы дүниежүзілік өркениетке бейімделгіміз, жалпы түркі жұртына жақындағымыз келеді дейміз. Ендеше неге бүткіл латын әлемінде бар «u» әрпін кириллицадағы «у» әрпінің шекесіне айдар тағып таңбалап, бүйректен сирақ шығардық? Жаңағы бейімделгеніміз, жақындағанымыз сол ма?!

Мен өзім осы салада көп уақыт жұмыс істедім, Ақмола облыстық тілдерді дамыту басқармасын 14 жыл басқарып, зейнетке шықтым. Абайша айтқанда, «тілге достың мұны жоқ тілден басқа» дейтіндердің бірімін. Қазір қарап отырсам, қаншама жұмыс атқарылып еді. Бәрін тізу мүмкін емес, тек бір-екі ғана фактыны келтіріп өтейін. Біз жұмысты бастағанда облыстағы 700-ден аса елді мекендердің 29%-ның ғана аты қазақша болса, сол 14 жылдың ішінде 52%-ның атауын қазақшалап едік.

Сол жылдарда облыстағы 17 аудан мен 2 қаланың бәрінде тіл оқыту орталықтарын ашқанбыз, ал бұл оңай жұмыс болған жоқ. Бірқатар аудандардың мәслихат сессияларына

қатысып, бұған қажет қаржыны дау-дамаймен, айғай-сүреңмен бөлдіріп, қорғаған кездер де болды. Енді, міне, соларды жабу басталды.

Оны қойып, тіл басқармаларының күні қараң болғаны жан күйзелтеді. Мәселен, біздің облыста былтырғы жылдың соңында 4 басқарманы – ішкі саясат, тіл, дін және жастар саясаты басқармаларын – бір шатырдың астына тоғытты. Мемлекеттік тілдің барша қазақстандықтардың ортақ тіліне айналуында Тіл басқармалары мен орталықтары шешуші рөлге ие. Оларды осылайша қосу, жабу әрекеттерін жалғастыра берсек, еліміздегі тіл саясаты қалай жүзеге аспақ?! Бұл құрылымдардың штаты, оларға жұмсалатын қаржы жергілікті бюджеттің болмашы бөлігін ғана құрайды. Олардың есебінен бюджетті бәрібір толтыра алмаймыз. Сондықтан оларды жабу қаржылық жағынан да ақталатын қадам емес.

Мен облыстық қоғамдық кеңестің мүшесімін. Жыл басындағы бір отырыста, қаржы басқармасының есебі тыңдалғанда оған: «Тіл басқармасын жапқаннан кейін облыс экономикасы қаншалықты нығайды?», деп сұрақ қойсам, жерге қарайды. Біз осындай әрекеттер арқылы тіл саясатын, қоғамдағы тұрақтылықты сақтау сияқты стратегиялық факторларды есепке алмасақ, оның жаңғырығы бюджет үнемдеуден де зор болмақ. Бұл жөнінде Президент Қ.К.Тоқаев өз жолдауында: «*Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін. Сондай-ақ, тіл үлкен саясаттың құралы екенін де ұмытпаған жөн»,* - деді ғой. Ендеше, өңірлердегі мемлекеттік тіл саясатының негізгі өкілеттік органдарын қосу, қысқарту әлеуметтің наразылығын тудырмай ма, Президент жолдауындағы тіл мәселесіне қатысты: «*...бәріміз даңғаза жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек*», – деген міндетін қалай орындамақпыз. Тіл саясатын жүзеге асыратын арнайы құрылымдар жойылса, нағыз даңғаза сол кезде болмай ма?! Президент сөзіндегі «*жұмылу*» міндетін атқаратын Тіл басқармалары мен орталықтары емес пе?! Сондықтан тілдік құрылымдарға тиісуді тоқтату керек!

Құрметті форумға қатысушылар! Қазақ тілін насихаттау барысындағы құнды бастамаға сәттілік тілеймін!

Назарларыңызға рахмет!

Мәди Айымбетов
Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі жанындағы
Заңнама институты Лингвистика орталығының
жетекші ғылыми қызметкері

Заңнама мәтінін мемлекеттік тілде жазудың кейбір мәселелері

Бұл мәселені тіл жанашырларының қозғағанына бірталай жылдың жүзі болды. Тіпті Парламент қабырғасында депутаттар тарапынан бірер заң мәтінінің қазақша алғашқы нұсқаларының жобалары да жасалды («Көші-қон», «Бала құқықтары»). Бірақ бұлар сол жоба нұсқасынан аса алған жоқ, Орыс тілді заңгерлер заң нормаларын, қағидалары мен ережелерін ұлттық тілдің аясында қарастырудың мүмкіндігі шектеулі екенін алға тартты. Неге шектеулі деген сұрақтың дәлел, себебіне еншкім де бас қатырғысы келмеді.

Мемлекеттік мәртебесі бар тіл заң мәтінін жазуға келгенде неге дәрменсіз немесе неліктен қабілетсіз? Біздіңше бұл мәселе шешімінің табылмай келе жатуының басты себебі - заңнама тілінің аударма тіліне айналуы, аударма тілі болып қалыптасуы. Әрине, басқа тілде жазылған заңның нормалық сипатын аударма арқылы нақты, дәлдеп жеткізудің проблемалары сөзсіз туындайды. Заң жобаларының мемлекеттік тілдегі сапасына қатысты сыни пікірлердің болуы да бұл тұрғыдан келгенде заңды.

Алайда соңғы ширек ғасырда қабылданған заңдардың қазақша баламасы осы аударма тілі арқылы жасалғанын ұмытпағанымыз жөн. Заңнама лингвистикасының негізі көзі – терминдер десек, мемлекеттік тілдегі заң терминінің қоры жылма-жыл толығып, жетілдіріліп келеді. Әріге бармай-ақ, тек соңғы ширек ғасырдың ішінде заңнамалық жұмыстың ауқымында қолданысқа енген жаңа заң лексикасы, жаңа терминдер мен заңи тұрақты тіркестер ұлттық заңнама лингвистикасын туындатудың және оны одан әрі өрістетудің өзгеше бір жаңа қыры, арнасы болып табылады. Ал бұл арнаның негізі – заң терминдерін қолданыстық сипатына қарай саралап, жүйелеп қалыптастырумен және сапалық жағынан жақсартумен, нақтылаумен тікелей байланысты. Яғни, енді бүгінгі таңда заңның түпнұсқасын мемлекеттік тілде жасаудың ұлттық лексикалық құралы бар екені шүбәсіз. Осы ретте заңнама терминдерінің баламалық сипаттарының заң лексикасында үйлесім табуына қатысты бірер ойды бөліскім келеді.

Заңнама лингвистикасы заң терминдерінің мемлекеттік тілде дұрыс түзелуінен, яғни оның лексикалық нормасының құқықтық нормамен өзара үйлесуінен басталуы тиіс. Заңның құқықтық мазмұнының түсінікті әрі нақты болуы да осыған байланысты. Белгілі бір атаудың түбірлік, ұғымдық негізіне ден қою арқылы заң терминінің ұлттық тіліміздегі баламасын жасау тәсілі заңнама лингвистикасының терминологиялық сипатын бір қырынан танытады. Терминжасамда, оның ішінде құқықтық терминінің баламасын алу тәсілінде түпнұсқалық тілдің, яғни орыс тілінің аясынан шыға алмайтын жәйттер өкінішке орай көп жағдайда әлі де орын алып келеді.

Айталық, қазіргі заңнама мәтіндерінде **«тұрақсыздық айыбы»** немесе **«тұрақсыздық айыппұлы»** деген түсініксіздеу әрі екі нұсқада алынған термин көп ұшырасады. Мұның орысша нұсқасы - **«неустойка»,** ал құқықтық-нормалық мағынасы: **«штраф - айыппұл, пеня - өсімақы»** екен. Мұның қазақша нұсқасы жолма-жол аударманың тәсілімен – «**тұрақсыздық айыбы**» деп алына салған. Қандай «тұрақсыздық», ненің «тұрақсыздығы» және неге «айыбы» (былайша айтқанда, «кінәсі»). Құқықтық та, лексикалық-семантикалық та мағына бермейтін жәй бір тіркес демеске лаж жоқ. Жоғарыда айтылған құқықтық-нормалық түсіндірмесіне, анықтамасына орай, бұл термин жалғыз ауыз-ақ сөзбен айтылатын **«айыпақы»** деген атауға әбден сұранып-ақ тұр, «айыпақымен» де, «өсімақымен» де шатастырмайсыз – осы сипаттағы норманы беретін термин – «айыпақы» («неустойка»). Немесе сот саласындағы заңдардың мәтінінде **«ескіру мерзімі»** (орысшасы **«сроки давности»)** деген терминнен аяқ алып жүре алмайсыз, бұл да жолма-жол тәсілмен алынған түсініксіз термин. Заңнамалық анықтамалықтарда да, заңгерлердің берген ресми түсініктерінде бұл белгілі бір нормалық шараның ескіру мерзімі емес, өту мерзімі туралы мағынаны береді екен. Мерзімі өткесін оның күші жойылатыны белгілі. Ал қолданылып жүрген заңнамадағы «ескіру мерзімі» нормалық қайшылыққа әкеледі, өйткені белгілі бір норманың ескірген мерзімі арқылы құқықтық мәселенің шешімін табу мүмкін емес. Мәселен, өту мерзімі аяқталғанша талапкер өзінің құқығын іске асыра алады.

Сол смияқты «судопроизводство» деген қос сөзден түзелген терминді сот жүйесіндегілер «сот өндірісі» деп алып жүр. «Производство» сөзінің жолма-жол мағынасымен шектелсек, әрине - «өндіріс», бірақ бұл арадағы ұғымдалу – «сот ісін жүргізу» емес пе»!? Сот мәселесіне өндіріс емес, іс жүргізу тән. Мәселен, осы қылмыстық іс жүргізу саласында «процессуальное производство» деген терминдік тұрақты тіркес бар, мұны «процестік өндіріс» деп алсақ, қойыртпақ болып шықпай ма?! Лексикологияда «полисемия» (сөздің көп мағыналығы) құбылысы деген ұғым бар. Демек, осыған сүйенсек, «іс жүргізудің» бір мағынасы сотқа қатысты орыс тіліндегі «производствоны» бейнелейді.

Заң мәтіндерінде құқықтық фраземаның қолданылу сипаты - заңнама лингвистикасындағы тағы өзекті мәселенің бірі екенін айтуымыз керек. Ұғымдық мәні

айқын, нормалық жүктемесі нақты құқықтық фраземаның - мағыналық ерекшелігін идомдық және метафоралық сипаттағы жалпы фразеологизм семантикасымен шатастырмауымыз керек. Көп жағдайда әдеби-публицистикалық, ғылыми-философиялық фразеологизмге тән тұтастық, тұрақтылық пен тиянақтылық белгілерін құқықтық жүктемесі бар тұрақты тіркестерге телуге болмайды. Мысалы, «қалың бұқара», «қара бұқара» деген фразеологиялық тіркестегі экспрессивтік-эмоционалдық реңкті заңда қоланылатын «халық» сөзіне - «қара» халық, «қалың» көпшілік деп қолдану мүмкін бе?! Немесе қылмыстық заңнаманада қолданылатын «қылмыстық іс қозғалу», «жауапқа тартылу» тіркестерінің жалпы қолданыстағы «істі болды», «істі болу» деген фразеологиялық тіркеспен мағыналық үйлестігі болғанымен, ортақ тиянақтылық белгісі жоқ. Сондықтан жалпы қолданыстағы фразеологиялық тіркесті заңның ресми тіліне көшіру әдетте құқық нақтылығын дұрыс бере алмайтындығын да ескеруіміз керек. Бұл ұстанымды заң мәтінін мемлекеттік тілде жазуда басшылыққа алу қажет дер едім.

Лингвист-ғалымдар тұрақты тіркестік терминдердің лексикалық-фразеологиялық қолданылу ерекшелігі жағынан көркем стильге және ғылыми стильге жатқызады. Ал заңдағы тұрақты тіркестік терминдердің бұл тұрғыдағы сипатын тек қана таза ғылыми стильге жатқызып қоймай, мұны **құқықтық-ресми стиль** тұрғысынан қарастырған дұрыс деп ойлаймыз. Осы ретте заңның тұрақты тіркестік терминдерінің түпмәтіндік қолданысы, оның заң мәтінінде нормалық дәлдікпен әрі әдеби норма өлшеміне сай орнығуы және біріздендірілуі – заң шығару жұмысының ең өзекті мәселелердің бірі екенін айтуымыз қажет. Бұл процесс заңгерлердің де, лингвист мамандардың да біліктілігін талап етеді.

Заң лингвистикасында сөзжасамның **ұғымдық үйлесім, түбірден туындату, сөздерді тұтастыру, тілдік аралас қолданыс** жасау және басқа да тәсілдерімен жаңа терминдік сөз тіркестері пайда болғанының дәлелдері көп. Мысалы, «бейінді оқыту» - «профильное обучение», «еншілес кәсіпорын» - «дочерное предприятие», «родственные фирмы» – «төркіндес фирмалар», «негізгі (бас) компания» материнская (родительская) компания, «бас келісім» («генеральное соглашение»), «өлшемшарт» - «критерий», «құрамбөлік» (компонент) және толып жатқан тағысын-тағылары.

Баламасы сәтті табылған бірқатар кәсіби тіркестік терминдерді құқық жүйесінде өз тілімізде орнықтырудан да қашпауымыз керек. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Өндірістің, шаруашылықтың әртүрлі салаларындағы қатынастарды реттейтін бірқатар заңдарда «аффилиированное лицо» деген терминдік тіркес бар, бұл заң мәтіндерінде «аффилиирленген тұлға» деп калькалық сипатында алынып жүрді. Ал бұл сөздің бірлесу, үлестес болу деген мағынсын ескере отырып, «үлестес тұлға» деген жатық та ұғынықты нұсқасын мемтерминком дұрыс мақұлдады. «Рамочное соглашение» терминнің де «негіздемелік заң» деген қазақша нұсқасы орнықты. Терминнің, оның ішінде тұрақты тіркестің қолданысқа енгізілуі, орнығуы көп жағдайда оның мағыналық дәлдігінің, нормалық дұрыстығының ана тіліміздің баламасымен үйлесімді шығуымен байланысты екенін ескеруіміз қажет.

Мұның бәрі айналып келгенде бүгінгі таңда ұлттық заңнама қызметінде қойылып отырған басты мәселе – заң мәтінін қазақша жазуға қол жеткізетін мүмкіндіктердің айқын көрінісін танытса керек. Терминдік қор бар. Заңнама лексикасы орнығу үстінде. Заңның мемлекеттік тілде жазудың өзіндік стилі де қалыптасып қалды. Мемлекеттік тілде заң нормасының қағидаларын тұжырымдай алатын заңгер мамандарды да табуға болады. Көз – қорқақ, қол – батыр, заңды мемлекеттік тілде әзірлеудің қанатқақты (пилотный) жобасын әзірлеуді қолға алатын кез жетті.

Бұл ретте, заңнама саясатын ұлттық көзқарас, ұлттық діліміз тұрғысынан қалыптастыру мәселесіне алдымен ден қою керек. Бұл әсіресе әлеуметтік-мәдени саланы қамтитын заң

мәтіндерін әзірлеуде есте ұстайтын басты мәселе болуы тиіс. Әрине, заң жасаудың әлемдік тәжірибесін зерделеу, оңтайландыру мәселесін ұмытпау да керек, бұған қазір көптілді мамандардың тікелей түпнұсқалық тілден аудара алатын мүмкіндігін пайдалануға әбден болады.

Осы кезге дейін, ширек ғасырға жуық уақыттың ішінде заңнама қоры орысша жазылып, қазақшаға аударылғандықтан, бұлардың мәтініне енгізілетін нормалық өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін заң жобаларының алдымен орыс тіліндегі нұсқасына басымдық беріледі, енді мұндай заң жобаларын мемлекеттік тілде әзірлеу мәселесін қолға алу қажет. Ал ратификацияланатын халықаралық құжаттардың нұсқасын тек қана мемлекеттік тілде жазудың кезі келді. Мемлекеттік тілде жазылатын заң жобалары әлдебір елдердің үлгілік заңының аясынан шығуы тиіс, әсіресе, аралық орыс тілі арқылы жасаудан біртін-біртін бас тарта бастау қажет. Тағы бір ескеретін жәйт – латын графикасына таяу жылдардағы көшу процесінде бұрын аударма арқылы қабылданып, қолданысқа енгізілген заң мәтіндерін, заң терминдерін ұлттандыру ыңғайындағы жұмысты қолға алу қажет, уақытты созуды күтпейтін ауқымды да өте жауапты жұмыс!

Ұлан Еркінбай
А.Байтұрсынұлы Білім Академиясының директоры,
қауымдастырылған профессор,
филология ғылымдарының кандидаты
Темірлан Жорабай
А.Байтұрсынұлы Білім Академиясының
жоба менеджері,
қоғамдық ғылымдар магистрі

Қазіргі білім мазмұнындағы мемлекеттік тіл

Бүгінгі қоғамдық өмірде орын алып жатқан оң өзгерістер мемлекеттік тілдің қолданыс аясының кеңеюіне, халықаралық аренада үнін естіте аларлық әлеуетке жетуіне ықпал етеді деп сенеміз. Әсіресе білім беру саласындағы мемлекеттік тілдің дәрежесіне байланысты жаңалықтар ұлттық құндылықтарымыз бен тәлім-тәрбиемізден сусындап, заманауи жетістіктерді еркін игерген техногенді ұрпақ тәрбиелеуге септігі тиеді деген үміттеміз.

Мемлекеттік тілдің білім беру үдерісінде кеңінен қолданылып, терминдік, теориялық және практикалық тұрғыда дамуына ықпал ететін кейбір факторларды алдымен қарастырғанымыз жөн шығар.

Тіліміздің ұлтаралық, халықаралық деңгейдегі дәрежесі, жалпы бәсекелестік қабілеті артуы үшін бірқатар жағдайлар ескерілуі қажет деп есептейміз. Қазір қоғамдық ақыл-ой жүйесінде, білім саласында, білім бәсекесінде, күрделі өзгерістер, күрделі бәсекелестік орта қалыптасып отырғаны белгілі. Оның барлығы сол ұлттық тілге негізделетіні мәлім. Осы тұрғыда бірнеше факторға тоқталып өткіміз келеді.

Ең алдымен тіліміздің өз еліміздегі лингвистикалық картасы дайындалуы керек. Ол түрлі ғалымдар тарапынан жасалған ұсыныстар деңгейінде қалып келе жатыр. Егер қазақ тілінің лингвистикалық картасы мемлекеттік деңгейде дайындалса, біз әлеуметтік, экономикалық, географиялық, өңірлік деңгейде тілдің барлық жағдаяттары, қолданыс бейнесі көз алдымызға келер еді. Негізгі түйткілдің қай жерде тұрғаны анықталған соң, соған сай шараларда қолға алынар еді.

Екіншіден қазақ тілінің дипломатиялық қабілеті ғасырлардан мәлім. Шексіз деуге болады. Шығыс әлемі мен батыс әлемінің ортасындағы ұлан ғайыр атырапты алып

жатқан қазақ даласында орын алған саяси оқиғалардың тарихы, отырықшы және көшпелі мәдениет қатар өмір сүрген қоғамдық формация осының дәлелі. Сол алып тілдік кеңістіктің құқықтық нормалары мен көсемсөзінің жұрнағы болған шешендік өнер, билер институтының тілі, төрелік айтудағы сөйленіс стилдері жалғасын табады деп сенеміз. Билік басындағы бірінші деңгейдегі басшылардың қазақ тілінің дипломатиялық тіл екенін насихаттап, барлық жерде қазақ тілінде сөйлеуі талап тұрғысынан дұрыс деп ойлаймыз.

Үшіншіден тілдің жалпы дамуы бәсекелестік ортада болғаны дұрыс. Себебі, осы үшінші факторға қоса кететін бір нәрсе, біздің мемлекеттік тілдің дамуын қадағалайтын түрлі комитеттер, түрлі басқармалар, ұйымдар бар. Бірақ, олардың барлығы тек тілдің жанашыры деңгейінде қалып отыр. Оларда заңдық немесе басқадай да құзіреттілік жоқ. Егер оларда заңдық құзіреттілік болмаса, ондай басқармалардың бәрі біздің тіліміздің кері кетуіне әсер етуі ықтимал. Сондықтан тілімізді табиғи бәсекелестік жағдайда қалдырып, мемлекеттің бұл жағдайда қолдаудың жариялылық түрін емес, экономикалық немесе басқа да бәсекелік түрін қолға алғаны дұрыс шығар.

Сонымен қатар тілді үйренудің және үйретушілердің ұлттық бірыңғай сертификациясы жасалу қажет деп ойлаймыз. Себебі, қазір іскерлік орталарда қазақ тілінің қажеттілігі көзге ұрып тұр. Бірақ оны үйрете алатын озық методикаларға халықтың қолы жетпей жатыр. Үйренушілер озық әдістемені қайдан аларын, қай мұғалімнің, қандай орталықтың мықты екенін білмейді. Сондықтан тіл мамандарының, жалпы кез келген тіл үйретуші мамандардың бірыңғай ұлттық стандартты сертификациясы болуы керек сияқты. Осы ұлттық стандарттан өткен мамандардың тіл үйрету деңгейі қоғамда ашық жарияланып, тіпті насихатталып, сұраныс иелері оларды таба алатындай болуы қажет. Сонда ғана мықты әдіскерлер, мықты орталықтар, мықты бағдарламалар әртүрлі бәсекелестік ортаға түседі, әрі олар үйреткен тіл бірден қолданысқа енеді. Себебі қазір түрлі салада қазақ тілін жедел үйретуге сұраныстар артып келеді. Өкінішке орай, қазір осы сұранысқа жауап бере алмай отырмыз.

Мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің өзге пән мұғалімдерімен тәжірибе алмасу үдерісін арттыру мақсатында түрлі жобалар, байқаулар, ғылыми-әдістемелік іс-шараларды көптеп ұйымдастыру қажет. Басты шарт – тіл мен әдебиет мұғалімдері кез келген басқа пән мұғалімдерімен бірлесе ортақ іс-шара атқаруы немесе мақала жазу, т.б. жұмыстар жасауы тиіс. Нәтижесінде қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі жаңа әжірибелермен толығып, өзге пәндердің ұғымдары мен категорияларын, негізгі ережелерін, басты заңдылықтарын қазақ тілінде шебер жеткізудің озық тәжірибелері жинақталуы қажет. Ал ондай тәжірибелер еліміздегі барлық мұғалімдерге жинақы да жүйелі түрде ұсынылып отырғаны жөн.

Қазіргі таңда қазақ тілді медиа контентті (әсіресе балаларға арналған мультсериалдар, видео ойындар, гаджеттер, т.б.) бір-бірімен бәсекелесетін деңгейге шығармайынша, мектептен оқушылардың тілін бірыңғай мемлекеттік тілде сөйлетуге, оларға мемлекеттік тілде білім алуға қолайлы орта тудыруға қол жеткізе алмаймыз.

Әлеуметтік зерттеу жүргізіліп, «ата-ана – оқушы – мұғалім» үштік коммуникациялық тізбегінде қазақ тілінің қолданыстық алгоритмі қай деңгейде, жиілігі қандай екенін анықтауымыз қажет. Бұл үшін пәнаралық ізденістердің, әсіресе әлеуметтік лингвистика, психолингвистика, этнолинвистикалық зерттеулер мен тәжірибелердің қажеттілігі ауадай.

Қорыта айтқан кезде, мемлекеттік тілді қолдау керек, жанашыр болу керек деген психологиядан арылған абзал. Өйткені осындай ұранмен біздің ширек ғасырдан астам уақытымыз өтіп кетті. Дей тұрғанмен, мемлекеттік тұрғыдан «керек» деген психологияның орнына жалпы «осылай болу қалыпты жағдай, қалыпты жағдай болуы тиіс» деген психологиямен ұстанымды ауыстыруға тиіспіз. Егер сіз бизнеске қатысты қазақ тілінде кітап немесе журнал іздесеңіз және оны тапсаңыз сіз оның бағасына қарамай сатып аласыз. Яғни тіліміздің дамуын, бәсекелестік ортаға түсуін қалыпты жағдай ретінде қарастырылуы керек. Осы бағытта жұмыс істеп жүрген біраз азаматтар бар. Олар қазақ тілін көтерейік деп, жаны ашығандықтан жасап жүрген жоқ. Қарапайым кәсіп ретінде игеріп, күнделікті жұмыс ретінде қазақ тіліндегі контентті жасап жатыр. Кез келген салада осындай позиция болуы керек. «Тілді көтеремін, басқа қыламын» дегеннен гөрі, іс әрекетпен, сапалы жұмыстар жасаған жағдайда ғана тіл ұлтаралық тілге, халықаралық деңгейге өздігінен жетеді. Қазіргі ақпараттық заманда сіз егер пайдалы, мазмұнды бір жаңашыл идеяны немесе мәтінді, жобаны ортаға әкелетін болсаңыз, ол автоматты түрде халықаралық, ұлтаралық деңгейде қолданысқа енеді. Біз тілді дамытуға осы тұрғыдан қарауымыз керек. Сол себепті шаблонды психологиядан арылып, нақты іске көшкен дұрыс. Осыны да ескеру қажет. Қысқаша айтқанда, біздегі тілді дамыту психологиясын өзгеру керек.

Қайнар Олжай
журналист

Қазіргі қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдарындағы типтік қателер және оның себептері

Бұқаралық ақпарат құралдарында қазақ тіліндегі әрбір сөздің байыбына бармай, «тисе терекке, тимесе бұтаққа» деп жаза салатын тілшілер көбейіп кетті. Оның себептеріне сөзіміздің соңында тоқталамыз. Алдымен мағыналық, ұғымдық қателердің біразын мысалға келтірейік. Әрі біз бұл қателерді топ-топқа бөліп қарастырдық.

Бірінші топ.

Ежелден адамға ғана қолданылатын сөздерді ақпарат құралдарының тілшілері жануарларға қатысты айта бастады. Жаратылыста тек адам жоғары зерде иесі деп білетін атам қазақ санаға қатысты сөздерді сиырға, итке, шошқаға, ара мен құмысқаға, балық пен бақаға, тағы басқа жануар мен жәндікке қарата айтпаған. Ал енді тыңдаңыз. Еліміздегі белгілі мемлекеттік ақпарат агенттігінің тілшісі зообақтан қашып кеткен екі сиыр туралы мақаласында «Жануарларды тауып алғанда олардың абыржығаны байқалып тұрған көрінеді» деп жазады. Естеріңізде болса Мұқағали Мақатаев өзінің поэзиядағы ағасы Әбділда Тәжібаевқа арнаған өлеңінде:

Тұрғанда ұйқы-тұйқы ақ самайың,
Қалайша Әбе, сізді жат санайын.
Абыржып асаңды ұстап отырғаның
Ашулы Грозный патшадайын дейді.

Поэзияның болашағы, елдің ертеңі не болады деп таяғына сүйеніп абыржыған абыз Әбділда Тәжібаев пен мүйіздері ебедейсіз арбайған, көздері ессіз бақырайған екі сиырдың абыржығанын салыстырып көріңіз. Бұл күлкілі емес, қауіпті беталыс дер едік. Өкінішті жері, бұған ешкім алаңдамайды, қоңырау қақпайды. Ал тілшілер, ақпарат құралдарының басшылары айтып жатсаң айылын жимайды. Себебі, Мұқағалиды оқымаған.

Адамға қатысты теңеуді, бейнелі сөзді жануарларға, тіпті жыртқыш аңдарға қаратып жазу қараусыз қалған танаптағы арамшөптей қаулап кеткеніне келесі дәлелді ұсынамыз. Қазақ тілді бірнеше сайт интернетті шарлап жүрген қасқыр туралы мақаланың аудармасын жариялады. Жалпы ол мақаланы да, аударманы да күл-талқан етіп сынауға болар

еді. Оған уақыт кетірмей бір сөйлемін қана мысалға келтірейік: «Сонымен қатар, қасқыр өзінің маңдай терімен ұстаған олжасын ғана жейді». Ал керек болса! Адамға ғана арналған «маңдай тер» тіркесі енді маңдайы тайқы қасқырға арналыпты. Қасқырдың маңдайы терлей ме, әлде денесінің басқа жері терлей ме? Сауатсыз тілшілер оны білмесе, біз классикалық әдебиетті оқып берелік. Жазушы Сәкен Жүнісовтің «Ақан сері» романында нағыз арлан қасқыр Бірішек қалай суреттелетін еді: «Өрге қарай көтерілгенде, жол ауырлап, ықтасынға түскен күртік қардың кей тұсы ойылып, Бірішектің құлағының түбі жіпсігендей болды». Көрдіңіздер ме, қасқырдың маңдайы терлемейді екен, алдымен құлақ түбі жіпситін көрінеді. Қазіргі тілші қауамы қазақтың классикалық әдебиетінен мақұрым екенін осыдан аңғарамыз. Бүкіл қателердің бастауы осында жатыр. Ешкімді оқымайды, сөйтіп өзін ғана классик журналист деп санайды.

Қателердің екінші тобы мынандай.

Тек адамға қатысты бейнелі сөздер мен тұрақты тіркестерді хайуан мен жәндік былай қалыпты, жансыз заттарға, керек десеңіз темір-терсекке арнап жазғанды көргенде жағаңды ұстайсың. Мәселен, қазақта «табан тіреді» деген сөз бар. Ол тұрақты тіркес «адам бір жерге немесе бір ойға, ниетке жетіп, тұрақтап тұрды» деген мағынада қолданылады. Ал апталық газеттен оқып көрелік: «Кеме тоғыз айдан кейін Каспий теңізіне табан тірейді». Адам ғана табан тірейтін еді, жүзетін кеме қалай аттап келіп табан тіреуі мүмкін? Теңізге табан тіреген кемені көз алдыңызға елестетсеңіз ол бірден батып кетуі керек қой! Міне сөзді, тіркестерді мәніне бойламай қолдану осындай олқылықтарға ұрындырады. Екінші мысал мынадай. Телеарнадағы таңғы бардарламада келген қонаққа «Сіздің шашыңыз жігерсіз, әрі әлсіз бе?» деген сұрақ қойылғанда құлап түсуге шақ қалдық. Рас, қазақта шашқа қатысты «шашы қайратты» деген тіркес бар. Бірақ оны одан әрі жігерлі мен жігерсіз, әлді мен әлсіз деп дамытпаған. «Қайратты шаш» деумен тоқтаған. Енді жетпегені жігерлі шаш, жігерсіз шаш деу ме!

Қателердің үшінші тобы.

Қазіргі тілшілер адамға, жан-жануарға қатысты сөздер мен тіркестерді өсімдікке қатысты да ойланбай қолдана береді. Содан опық жеп жатады. Беделді телеарнаның бір меншікті тілшісі оңтүстік өңірден ерте көктемде бәйшешектердің бүр жарғаны туралы сюжет берді. Сюжеттің соңын «міне, өсімдіктердің де тамырына қан жүгірді» деп аяқтады. Гүлдің тамырына қан жүгіргені қалай? Бәлкім нәр жүгірді деуі керек шығар?Келесі топ – адамға тиесілі құбылыстарды затқа телу. Мұның да мысалы жеткілікті. «Қазақфильм» студиясы түсірген «Алмас қылыш» фильмі туралы үлкен газетте шыққан рецензияда «Меніңше бұл кинотуынды өз миссиясын атқарып шығуға толық қауқарлы өнім» деген сөйлемді оқыдық. Алдымен айтарымыз, кейде тілшілер жиі қолдану арқылы мәнді, мағыналы сөздің берекесін қашырып, қайта-қайта жыртылған егістік жер сияқты аздырып, тоздырып тастайды. «Қауқар» деген сөз сондай кепке ұшырады. Бұл да адамға қатысты сөз еді. Енді оны өнімге, тауарға, ақшаға, тіпті мемлекетке қатысты қолданып, ерқашты етті. «Қауқарлы өнім» деген жоқ, болуы да мүмкін емес.

Енді сөйлемдегі келесі өрескел тіркеске назар аудартайық: «кинотуынды өз миссиясын атқарып шығуға» дейді. Миссияны тек адам, адамдардың тобы, делегациясы атқарады. Жансыз кинотуынды қалай миссияны атқарады? Демек, «кинотуынды» емес, «кинотуындыны жасаушылар» немесе «түсірушілер» деп жазу керек еді. Дәл осы мақаладан адамға тиесілі құбылысты жансыз затқа теліген келесі сөкеттікті көзіміз шалды. Автор одан әрі «Есенберлиннің шығармасы негізінде жасалған бұл лентаның айыбы болса айтуды киносыншыларға қалдырайық» деп жазыпты. Лентада қандай айып болады? Айып болса сол лентаны түсірушілерде болуы керек қой. Бұл да жанды мен жансызды айырмай жаза салудың кезекті көрінісі. Тағы бір белгілі тілші азамат теріден

жасалған саба, күбі, торсық және басқасы туралы жаза келіп: «Осы ыдыстардың қайсысы қанша литр сиымдылыққа ие екенін тарқатып айтып беретін адам бар ма?» деп сұрақ қояды. Біз қарсы сұрақ қойсақ дейміз. Ыдыс - зат, ал зат қалай бірдеңеге ие болады? Адам ғана затқа ие болады, оны иеленеді. Ал заттың затқа не құбылысқа ие болғанын бұрын-соңды кім естіген? Және бір республикаға танымал журналист қарындасымыз сараптама мақаласында «Апиынды кіргізген контрабандаларды қатаң түрде жазалап, ең алғашқы өлім жазасын сол жылдары Заңға енгізді» деп жазыпты. Байқасаңыздар, контрабанда зат қой, сонда затты қалай жазалайды? Шамасы, бұл жерде айтпағы «контрабандашылар», яғни кеденге көрсетпей шекарадан тауар өткізушілер болуы керек. Міне, адамға қатысты миссия, айып, жаза сияқты сөздерді затқа, өнімге қолдану мысалдары арқылы біз қазір ақпарат құралдарын жайлап бара жатқан жауапсыздықтың тағы бір тобын сипаттап бердік.

Сөздің мәнін білмей қолдану келесі топты құрайды. Бір мысалмен шектелейік. Еліміздің батыс аймағындағы басылымдардың бірі бақыты баянсыз болған әйел туралы мақалада «Осындай келеңсіздіктен кейін өмірмен күресуге махаббаттың әсері болғанын айтты» деп жазды. Сен өз өміріңмен қалай күресесің? Өмірді сүресің. Айтайын дегені өмірдегі қиындықтармен күресі шығар? Ұғымдар арасында шатасудың мұндай мысалдары жеткілікті.

Енді келесі топқа өтеміз. Ақпарат құралдарының өкілдері зат пен құбылысты шатастырып алады. Оған мынадай мысал келтірелік. Спорт жарысынан тікелей репортаж жүргізген комментатор «Футболшының берген пасы радиомен басқарылғандай дәл жетеді» деді. Бір қарағанда өте соны тенеу. Кезінде ақын Ғафу Қайырбековтың «уақыт ашылмаған парашюттей зымырайды» деген бір жолы бүкіл қазақ ақындарын елең еткізген. Өйткені, оған дейін жылдамдық көлденең көріністер арқылы суреттеліп келді. Шапқан аттай, соққан желдей, заулаған машинадай деген теңеудің бәрі жер үстімен көлденең өтетін құбылыстар еді. Ғафудың өлеңінде алғаш рет жылдамдық тік, вертикалды көріністпен, ашылмаған парашюттің жерге төмен қарай заулауы түрінде сипатталды. Сол сияқты, спорттық репортаждағы радиомен басқарғандай деген де өте тың теңеу. Өйткені, балалардың ойыншық машинасынан бастап Айдың арғы бетіндегі қытайдың аппараты да радиомен басқарылады. Осы теңеуді спортқа әкелген тілшінің табысы қуандырады. Бірақ осы жерде басқа кілтипан бар. Комментатор «футболшының берген пасы радиомен басқарылғандай дәл жетеді» деп зат пен құбылысты шатастырып алған. Анығына дәл жететін нәрсе зат қой. Ал пас деген әрекет, пас деген құбылыс. Демек айтайын дегені пасы радиомен басқарылғандай емес, пасқа берген добы радиомен басқарылғандай болуы керек. Міне аражігін айырып алу деген осы. Бұған аздап өре керек. Аздап өзінің жазғаны мен айтарына деген сын көзбен қарау керек. Ең бастысы мықты редактор керек.Келесі топтағы қателер тұрақты тіркестерді бұрмалауға қатысты. Ешқашан тұрақты тіркестегі сөздерді ауыстыруға, орнына басқа сөз қолдануға болмайды. Өкінішке қарай, соңғы уақытта білместіктен осы тұрақты тіркестердің жүздеген жылдар бойы қалыптасқан ордасы ойрандалуда.

Бірде республикалық телеарнадағы тілші: «Бұрын бұл футболшы «тисе –терекке, тимесе – сабаққа» деп тебе салатын» десін. Қазақта бұл тұрақты тіркес: «тисе –терекке, тимесе – бұтаққа» деп айтылады. Тұрақты сөздегі әрбір сөзді ауыстыруға болмайды деген қағиданы былай қойып, бұл жерде «бұтақ» сөзін «сабақ» сөзімен ауыстырудың логикалық қисынсыздығын дәлелдейік. Өйткені мұнда айтылып тұрған терек – ағаш, ал ағашта бұтақ болады. Ал тілші бұтақты ауыстырып тастаған «сабақ» сөзі ағашқа емес емес, гүлге қатысты айтылады ғой. Ең болмағанда осыған мән беру керек еді.

Келесі мысалды республикалық газеттегі белгілі журналистің мақаласынан көрдік. «Сырдың суы тобығынан келмей, анау-мынауды менсінбей жүр» депті. Қазақ әдетте,

«Сырдың суы сирағынан келмейді» деп айтады. Автордың өзіне телефон шалып: «Жазғаныңды оқыдық, мақаладағы айтылған ойлардың бәрі дұрыс. Оны қолдаймыз. Тек сирақ пен тобықты ауыстырып тастапсың» дедік. Ол өзінікі жөн екенін айтып өзеуреді. Дәлелі мынадай: «Тобық сирақтан да төмен. Демек мен кейіпкердің астамшылығын көрсеттім» дейді. Дауасызға не дерсің? Бізді қойшы, тіл ғылымының ең шыңына шыққан филология ғылымдарының докторы Рәбиға Сыздықова апамыз не дейді. Құлақ түрелік. Ғалым апамыз «Көппен көрген ұлы той» деген мәтелді «елмен көрген», «жұртпен көрген», «халықпен көрген» деп ауыстырып айтуға болмайды, өйткені мұнда «көппен көрген» деген сөздер аллитерацияны пайдаланғандықтан, құлаққа жағымды, айтуға жеңіл, еске сақтауға қолайлы мәтел болып тұр» деп еді. Көрдіңіздер ме, «көппен көрген» деген тіркесте әріптердің үйлесімі жатыр. Екеуі де «кө» деген әріптермен басталғандықтан құлаққа жағымды естіледі. «Сырдың суы сирағынан келмейді» деген тұрақты тіркесте негізгі сөз «с» әрпінен басталған. Сонысымен маңызды. Ғалым апамыз жазғандай мұнда да өте күшті аллерация қолданылған. «Сирақты» «тобыққа» ауыстыру сол аллитерацияны быт-шыт етеді. Оны істеген әрі әрекетінің теріс екенін мойындамайтын азаматтың өзін «Сырдың суы сирағынан келмейді» деп сипаттағаннан басқа амалымыз бар ма?

Қателердің тағы бір тобын сипаттаумен тоқтайық. Біздің журналистер қауымы сан, цифр дегенге мүлде жүрдім-бардым қарайды. Жеңіл-желпі дегеннің өзімен шектелейік. Эфирдегі сараптама бағдарламасында телевизия шолушысы: «Елімізде сталиндік қуғын-сүргін барысында 25 мыңнан астам зиялы қауым жазаланды» деді. Дұрыс емес. Өйткені, бізде зиялы қауым – біреу, ал 25 мың – соның өкілі. Мына мәтінге қарағанда бізде зиялы қауым, яғни қоғамдық қатпар өте көп, солардың 25 мыңы жазаланған болып тұр. Ең беделді қазақ тілді басылымнан «еліміздегі әзірбайжан диаспорасының саны 130 мыңнан асады» дегенді оқыдық. Бұл да әлгі қатені қайталап тұр. Анығында, біздегі әзірбайжан диаспорасы біреу ғана. Ал ұлты әзірбайжан тұрғындардың саны 130 мыңнан асады. Енді бір басылым «100 пайыз Астана тұрғындары күннің жылынғанына қуанып жүр» деп жазыпты. Бұл да қате. Дұрысы «Астана тұрғындарының 100 пайызы күннің жылынғанына қуанып жүр» болуы керек.

Мемлекетке қарайтын үлкен ақпарат агенттігінің бір күнгі жаңалықтар топтамасынан «60-қа жуық топ-менеджерлер», «50-ден астам компаниялар», «18 арналар» деген тіркестерді кездестірдік. Нақты саны көрсетілген зат есімге көптік жалғауы жалғанбайды ғой. Осыны да ескертуге тура келеді. Дұрысы «60-қа жуық топ-менеджер», «50-ден астам компания», «18 арна» болуы тиіс.

Сонымен, осы айтылған ескертпелерден қандай қорытынды жасаймыз?Алдымен, шамасы, журналистика факультеттеріндегі қазіргі қазақ тілі пәні жүрдім-бардым оқытылады. Екіншіден, ақпарат құралдарында қызмет істеп отырған журналистер қазақтың классикалық әдебиетін оқымаған. Үшіншіден, біздің ақпарат саласындағы бауырларымыз қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінен мақұрым. Төртіншіден, журналистерді даярлаған кезде логика пәніне көп мән берілуі керек.Мақаланың құрылымындағы қисынсыздық тұрмақ, сөзді қолданғандағы жөнсіздік сол логиканы оқымаудың және білмеудің салдары деп түйіндейміз. Бесіншіден, ақпарат құралдарында жеке сөздерге қатысты бірізділік жоқ. Әркім өз қалауынша аударып, өз білгенінше жазып жүр. Бұрын бағдарға ұстайтын басты басылым болған – Шерхан Мұртазаның тұсында «Егемен Қазақстан» қалай жазса, бәрі содан көріп, үйреніп, солай жазатын. Соның арқасында біздің тілімізге «ұшақ» сөзі орнықты, «зейнеткер» мен «зейнетақы» сөздері бекіді. Қазір ондай бағдарға алар шамшырақ басылымның жоқтығы аңғарылады.

Нұрзада Примашев
ҚР Заңнама және құқықтық ақпарат институты
Лингвистика орталығының басшысы,
заң ғылымдарының кандидаты

Заң жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізуді жетілдірудің кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес заңнамалық актілер мен Қазақстан Республикасы қатысушы болуға ниеттенетін халықаралық шарттардың, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобаларына міндетті түрде ғылыми құқықтық сараптама жүргізіледі.

Ғылыми лингвистикалық сараптаманың құқықтық негізін «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі және «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 30 мамырдағы заңдары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 31 тамыздағы № 497 қаулысымен бекітілген «Нормативтік құқықтық актілердің жобаларына ғылыми сараптама жүргізу қағидалары» және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 қыркүйектегі № 938 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасы қатысушы болуға ниеттенетін халықаралық шарттар бойынша, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобалары бойынша ғылыми сараптама жүргізу қағидасы» мен өзге де құқықтық нормативтік актілердің нормалары құрайды.

Осындай нақты реттеуші нормалар мен тетіктерінің бар екеніне қарамастан, қазақ және орыс тілдеріндегі заң жобалары мен халықаралық шарттар жобаларының ғылыми лингвистикалық сараптамасы қажетті деңгейде реттелмей келеді. Ғылыми лингвистикалық сараптаманың негізгі мақсаты екі тілдегі жобалар мәтіндерінің теңтүпнұсқалылығын қамтамасыз ету болып табылады. Әзірлеуші мемлекеттік органдардың төменгі деңгейдегі ұйымдастырушылық жұмыстары мен жауапкершілігі тәжірибесі заңнамалық актілер мен халықаралық шарттар мәтіндерінің теңтүпнұсқалылығын қамтамасыз ете алмай отыр. Оның ішінде жобаларды әзірлеу рәсімі мен талаптарын өрескел бұзу, дұрыс аудармау, толық аудармау, қолданылған терминдер мен ұғымдардың бірізділігінің жоқтығы және т.б. әзірлеуші мемлекеттік органдар жіберіп жатқан кемшіліктерді тұрпатты деп айтуға болады.

Осындай кемшілікті тәжірибе салдарынан әлеуеті толық ашылмай отырған ғылыми лингвистикалық сараптаманы жетілдіруге бірқатар факторлар әсер етеді. Мысалы, заңнама талаптарын сақтамау. Барлық дерлік мемлекеттік органдар ғылыми лингвистикалық сараптамаға бөлінген императивті норма - 15 жұмыс күндік мерзімді сақтамайды. Кез келген ілеспе хатта аталған сараптаманы «шұғыл» (тіпті «аса шұғыл» да кездеседі) немесе «қысқа мерзімде» өткізу туралы көрсетіледі. Яғни, мерзіммен ешкім санаспайды. Оған қоса, 2-5 күндік қайталама сараптаманы да бір күнде алуға тырысатын әзірлеушілер де бар. Бұл – әзірлеуші мемлекеттік органдардың ғылыми лингвистикалық сараптамаға формальді қарағанынан туындатын жайт. Кейбір кездерде сараптама үрдісіне әкімшілік ресурстарды қосу тәжірибесі орын алатынын да көрсету қажет. Қолданыстағы заңнама бойынша жобаға тікелей жауап беретін әзірлеуші мемлекеттік органның бірінші басшысының тиісті орынбасары жобаның жоғары сапасын қамтамасыз ету орнына, түрлі заң бұзушылықтарға барып жатады.

Жоғарыда көрсетілген сараптама мақсатының, яғни екі тілдегі мәтіндердің теңтүпнұсқалылығының қамтамасыз етілмеуінің тағы бір себебі заң тілін білетін білікті аудармашылардың жетіспеушілігінде жатыр. Аударма нарығында қызмет көрсететін ұйымдардың ішінде заң тіліне маманданғандар жоқтың қасында. Оның өзінде де заң не халықаралық шарт жобасының ерекшеліктерін, лексикасын, заң техникасының талаптарын, тіпті мемлекеттік органдардың өзіндік тілдік не салалық ерекшеліктерін білетін маман аудармашы тапшы. Мысалы, «аммериций-241» деген изотопты химиялық элемент[1] қазақ тіліне аударылғанда «аммерция-241» болатынымен мамандар еш уақытта да келіспейді.

Ғылыми лингвистикалық сараптаманы сапалы жүргізуге кері әсерін тигізіп отырған факторлардың біреуі оның қорытындысын орыс тіліне аударуда болып отыр. Қазақ тіліндегі мәтіннің орыс тіліндегі мәтінге теңтүпнұсқалылығын қамтамасыз ету үшін жоба нормаларын қазақ тілінің грамматикасына сай талдауда кездесетін қателерді орыс тіліне аудару қисынсыз болып табылады. Мысалы, «Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі бойынша:

«в статье 49: подпункт 3) пункта 2 изложить в следующий редакции:» және «о ликвидации юридического лица» деген сөз тіркестері қазақ тіліне дұрыс аударылмаған;

3. Қазақстан Республикасы Жер кодексі бойынша:

1) «ст. 27... ст 124; 2013 г., ...» шығу деректері қазақ тіліне аударылмаған;

2) 9-баптың 5-тармағының үшінші бөлігінде, 92-баптың 6-тармағында, 105-баптың 3-тармағында реттік нөмірлер дұрыс емес, қазақ тіліндегі мәтін орыс тіліндегі мәтінге сәйкес емес;

1-баптың 8-тармағының 196) тармақшасында дұрыс аударылмаған сөздер мен сөйлемдер кездеседі; нормаларды қазақ тіліне аударуда «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI Қазақстан Республикасының Кодексіндегі терминдер мен сөз тіркестері негізге алынбаған. Мәселен, осы Кодекске ұсынылатын мәтіндерде «налоговый период» («салық кезеңі»), «холодные пристройки» («суық қосымша құрылыстар»), «цокольные этажи» («цокольдық қабаттар»), «жилище» («тұрғын үй»), «плата» («төлем») деген сөз тіркестері дұрыс пайдаланылмаған;» деген лингвистикалық сараптама қорытындысының сөйлемдерін орыс тіліне аударудың ешқандай маңызы жоқ. Бірақ, қолданыстағы заңнаманың талабы осылай. Құқықтық «dura lex, sed lex» қағидатын бұзу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы № 1300 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламентіне тиісті өзгертулер, атап айтқанда 95 және 104-тармақтарға енгізу қажет.

Атап айтқанда, 95-тармақтың 7) тармақшасын мынадай редакцияда жазу ұсынылады: «7) заң жобасында реттелетін құқықтық қатынастарға байланысты ғылыми (құқықтық, экологиялық және басқа, лингвистикалық сараптамадан басқасы) сараптаманың нәтижелері бойынша қорытындыларды, ал халықаралық шарттарды ратификациялау туралы заң жобалары бойынша осы шарттармен реттелетін құқықтық қатынастарға байланысты ғылыми (құқықтық, экологиялық, қаржылық және басқа, лингвистикалық сараптамадан басқасы) сараптаманың нәтижелері бойынша қорытындыларды қамтуға

[1] Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі өкімінің орыс тіліндегі нұсқасында дәл осылай жазылған. Қараңыз: Разрешение на ввоз источника ионизирующего излучения Р а с п о р я ж е н и е Премьер-Министра Республики Казахстан от 22 августа 1996 г. N 379-р // http://adilet.zan.kz/rus/docs/R960000397_ (Қарау күні: 21.10.2019). Бұл радиоактивті элементтің дұрыс атауы – америций. Сонымен қатар, «Р а с п о р я ж е н и е» деген сөз заң техникасына сәйкес ресімделмеген.

тиіс.». Тиісінше 104-тармақтың үшінші абзацын мынадай редакцияда жазу қажет: «Үкімет Парламент Мәжілісіне енгізген заң жобасының мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтінінің теңтүпнұсқалы болмағаны үшін заң жобасын әзірлеуші мемлекеттік органның бірінші басшысы жеке-дара жауапты болады.». Ғылыми лингвистикалық сараптамаға қатысты өзгерістерді тағы басқа тармақтарға енгізуге болады.

Ғылыми лингвистикалық сараптамалардың, жалпы алғанда нормативтік құқықтық актілердің сапасына елеулі әсер етуші факторлардың бірі Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығымен бекітілген Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесіне кейіннен алып тасталған «құқықтық қамтамасыз ету» деген критерийді қайта енгізу болып табылады. Сонда әзірлеуші мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілердің құқықтық және тілдік сапасына ден қоюшылығымен қатар олардың басшыларының да жауапкершілігі артар еді.

Жалпы қалыптасқан тәжірибе бойынша ғылыми лингвистикалық сараптама кезінде қазақ тіліндегі мәтінге[2] лексикалық, стилистикалық, грамматикалық талдау жүргізіледі. Сондықтан осындай талдауда екі тілдің құрылымы, жазылымы, ресімделімі және заң техникасының талаптарының ескерілетіні анық. Соның нәтижесінде қорытындыда қазақ тілінің грамматикасының нормаларын бұзатын кемшіліктер көрсетіледі. Ал қазақ және орыс тілдерінің түрлі тілдік типтерге жататыны белгілі. Қазақ тілі – агглютинативті типке, орыс тілі – флективті типке жатады. Осыған орай сөйлем құрылымдары бір біріне сай келмейді. Мысалы, қазақ тілінде бастауыш сөйлемнің басында келсе, баяндауыш міндетті түрде соңында тұрады. Ал, орыс тіліндегі сөйлемдерде бастауыш пен баяндауыш қатар тұрады. Осындай жайтты ескермей, кейде тікелей аудару жағдайында қазақ тіліндегі сөйлем не норма құқықтық мағынасын жоғалтып алуы мүмкін. Соның нәтижесінде қазақ тіліндегі сөйлемдегі маңызды орын алатын «шылау», «жұрнақ», «жалғау», «есімше, «көсемше», «шырай», «сөз табы» сияқты элементтерді орыс тіліне аударудың маңызы жоқ. Қазақ тіліне ғана сай «**ың/ің**, **ң**, **бын/бін**, **дық/дік**, **айық**, **дың**, **гіш**, **ғалы**, **кілікті**, **уыш** және т.с.с. жалғау мен жұрнақтарды орысшаға аударған да дұрыс тәжірибе емес, тіпті аударуға келмейді де. Аударылмайтын «род» категориясы да лингвистикалық сараптама мен талдауда ескерілетін фактор.

Тілдік осындай айырмашылықтар нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізгенде маңызды рөл атқарады. Кейбір жағдайларда бұрын жіберілген қатені түзету үшін тиісті тілдік өзгерістер тек қазақ тіліндегі мәтінге ғана енгізіледі. Сондықтан мұндай жағдайда орыс тіліндегі мәтінде «по всему тексту внесены изменения на казахском языке, текст на русском языке не изменяется» деген ескерту норма қолданыстағы ұлттық заңнамаға тән тәжірибе.

Өкінішке орай, мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Жалпы айтқанда, қай тілде болсын жүз пайыздық теңтүпнұсқалылықты қамтамасыз ету мүмкін емес. Бірақ оған жақындатуға тырысу қажет.

[2] Талдау кезінде орыс тіліндегі мәтіннің де кемшіліктері шығып жатады. Тәжірибе бойынша әзірлеушілерге міндетті түрде жеткізіледі. Бірақ, егер ғылыми лингвистикалық сараптаманың объектісі халықаралық шарт болатын болса, жағдай қиындау. Өйткені кез келген халықаралық шарт екінші тараппен не тараптармен келісіліп қояды. Сондықтан ондай жағдайларда әзірлеуші мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтының ескертулерін қабылдамай жатады. Бірақ, оң тәжірибе де кездесіп жатады. Мысалы, әзірлеуші мемлекеттік органдардың Еуразиялық экономикалық одақ шарттарындағы кемшіліктер бойынша құжаттарды осы ұйымның басшылық құрылымдарымен / комиссияларымен келісіп, түзету тәжірибесі де баршылық.

Заң жобаларына жүргізілетін ғылыми лингвистикалық сараптаманы жетілдіру жолдары мен тетіктері жоғарыда көрсетілгендермен ғана шектеліп қалмайды. Оны жетілдірудің тың жолдары нормативтік құқықтық актілер мен әкімшілік рәсімдерде жатыр. Сондықтан бұл істе барлық жолдар мен құралдарды ұтымды пайдалана білу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы : Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығы // «Әділет» ҚАЖ. (Қарау күні: 21.10.2019)
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламенті туралы : Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы № 1300 қаулысы // «Әділет» ҚАЖ. (Қарау күні: 21.10.2019)
3. Қазақстан Республикасының аумағына радиоактивті заттар және басқа да сәулелеуді иондау көздерін әкелу туралы : Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 22 тамыздағы № 397 өкімі // «Әділет» ҚАЖ. (Қарау күні: 21.10.2019)
4. Разрешение на ввоз источника ионизирующего излучения : Распоряжение Премьер-Министра Республики Казахстан от 22 августа 1996 г. № 379-р // (Дата просмотра: 21.10.2019)
5. О правовых актах : Закон Республики Казахстан от 6 апреля 2016 года // https://www.adilet.kz (Дата обращения: 21.10.2019)
6. О международных договорах Республики Казахстан : Закон Республики Казахстан от 30 мая 2005 года // https://www.adilet.kz (Дата обращения: 21.10.2019)
7. Система ежегодной оценки эффективности деятельности центральных государственных и местных исполнительных органов областей, городов республиканского значения, столицы. Утв. Указом Президента Республики Казахстан от 19 марта 2010 года № 954 // https://www.adilet.kz (Дата обращения: 21.10.2019)
8. Регламент Правительства Республики Казахстан. Утв. постановлением Правительства Республики Казахстан от 10 декабря 2002 года № 1300 // https://www.adilet.kz (Дата обращения: 21.10.2019)

Зейнехан Күзекова
Филология ғылымдарының
докторы, профессор

Жоғары оқу орындарында студенттің таңдауына негізделген электив курстарды оқытудың өзекті мәселелері

Соңғы кездері электив курстар көптеп ұсынылуда. Жоғары оқу орындарында ұсынылып жүрген студенттің таңдауына негізделген пәндердің білім мазмұны да жаңа қырынан жанданып келеді. Соның бірі кәсіби бағыттағы қазақ тілі курстары. Қазақ тілін оқытудың типтік бағдарламасының ажырамас компонентінің бірі – қазақ тілін арнайы мақсатта оқытуды регламенттейтін кәсіби модульдер.

Көптен бері біз **«Қазақ тілі іскери әлемде», «Қазақ тілі және қазақ дипломатиясы»** деген курстарды жүргізіп келеміз. Таңдауға негізделгендіктен бұл курстарды барлық факультеттің студенттері таңдайды. Аталған курстар барлығы үшін – яғни әр түрлі мамандықтағы (математика, физика, биология, химия, экономика, халықаралық

қатынас, медицина, IT) студенттер таңдай алады. Сұраныс көп. Осы қызығушылықты ояту – жыл сайынғы, сабақ сайынғы ізденісіміз десек те, артық айтқанымыз емес. Бұл курстардың білім мазмұнын жыл сайын толықтырып, өзгертіп, дамытып отырамыз.

Әлемде көптеген университет кәсіпкерлік идеясын енгізген. Қазақ тілі іскери әлемде курсының мақсаты – жаңаша ойлауға, жаңаша ізденіске ой тастау. Өз саласы бойынша кәсіпкерлік бағыттар мүмкіндігін іздеуге, дамытуға себепкер болу.

Ертеңгі маман үшін іскери әлем тілін меңгеру – маңызды мәселе. Қазақ тілі Қазақстанда оқып жатқан бүгінгі студенттер үшін мамандығын меңгерудің жұмыс тілі болуы тиіс. Біз оқытып жүрген Қазақ тілі іскери әлемде атты курс студенттерді іскери әлемге қатысты материалдармен таныстыра отырып, үлкен іспен айналысуға , әлемді өзгерте алуға көмектесетін іспен айналысуға, кәсіпкерлік инновацияға баруға, кәсіпкерлік талпынысқа мотивация береді.

Кәсіби тілді зерттеу мәселелері лингвистикалық жағынан да, әдістемелік жағынан да көптеген жылдардан бері қарастырылып келеді. Соған қарамастан ғылыми әдебиеттерде бірқатар сұрақтар бар: профессионалдық бағыт тілі дегеніміз не; оны оқытудың қандай әдістемелік амалдары бар; оны үйрету барысында қандай сөйлеу әрекеті басым бағытта болады; кәсіби қазақ тілін қай деңгейден бастап оқыту керек? Осы мақалада шет елдік, орыс және қазақ ғалымдарының қазіргі тәжірибесін жинақтап, аталған сұрақтарды мүмкіндігімізше талдасақ дейміз.

Кәсіби тіл ұғымы

Ғылыми әдебиеттерден XX ғасырдың ортасынан бастап, қазіргі кезге дейін профессиясын, кәсібін меңгертуге қатысты тілді оқытып үйретудегі әр түрлі атауларды кездестіреміз:

- Арнайы тіл немесе мамандық тілі (салыстырыңыз: ағылш. *“special language”*) - XX ғасырдың ортасында пайда болды;
- Арнайы мақсатқа арналған тіл – терминді ағылшын тілінен калькаланған десе болады (*“language for special purposes”*,)әдістемелік әдебиеттерде xx ғасыр соңына қарай орнықты;
- Кәсіби (немесе кәсіби бағытта тілді оқытып үйрету) тіл – ағылшын тілінде *«E nglish for Occupational Purposes»* деген термин. Шындығында бұл термин астарында академиялық мақсатқа арналған бағыт та бар, толық термин ағылшынша «академиялық және кәсіби ағылшын тілі» деп аталады (English for Academic and Occupational Purposes).

Одан басқа шет тілі, орыс тілі, қазақ тілі ғалымдарының тәжірибелерінен, еңбектерінен тілді оқытып, үйрету тарапынан мынадай атауларды да жиі кездестіруге болады:

- Функционалды шет тілі. Осы термин француз тілінде де, ағылшын тілінде де, орыс тілінде де, қазақ тілі әдістемелік әдебиеттерде, ғылыми әдебиеттерде де қолданылады. Бұл терминді түсіну әрқалай. Францияда «функционалды француз тілі» туралы xx ғасырдың ортасында шет тілі ретінде жаратылыстану, техникалық және басқа профильді оқыту барысында айтыла бастады.

Англияда «функционалды ағылшын тілі» – жаңа бағыт; білім беру талаптарында «функционалдық» кең түрде ұғынылуы керек: тіл үйренушілердің күнделікті қатысым жағдаяттары үшін, қоғамдағы белсенді қатысымы үшін, кәсіби іс әрекеттері және оқу үшін қажет білік дағдыларын дамыту.

- **Қолданбалы тіл**. Бұл терминнің қолданыс саласы шектеулі: кәсіби тіл немесе мамандық тілі сияқты ғылыми қолданыста көп айтылмайды.

Осы аталымдардың арасындағы дифференциалдық белгілердің де бар екенін аңдауға болады. Мысалы мынадай да көзқарас бар: кәсіби қазақ тілі мен арнайы мақсаттағы қазақ

тілі арасында екі айырмашылық бар. Біріншіден, кәсіби қазақ тілі өзінің кәсіби әрекетін негізінде қазақ тілінде жүзеге асырушыларға арналған. Арнайы мақсаттағы қазақ тілі қазақ тілінде сөйлейтіндерге арналмаған, нақты құзіретті (техникалық әдебиеттерді оқуға, іскери келіссөздер және т.б.) дамытуға арналған.

Екіншіден, (осы айырмашылық бірінші айырмашылықтан туындайды) кәсіби тілді оқыту тек қана қазақ тілін шет тілі ретінде, екінші тіл ретінде оқу аясынан туындамайды, сондай-ақ қазақ тілі студенттердің ана тілі болғанда да туындайды. Ағылшын тілі әдістемелік дәстүрлерінде арнайы мақсат үшін оқыту тілі – «ограниченный английский язык» (яғни қолданыс саласы шектеулі) – English as a restricted language; «академиялық және кәсіби ағылшын тілі» – English for Academic and Occupational Purposes; – English with specific topics деген бар. Арнайы мақсатта оқыту тіліне төмендегі сипаттар тән деп айтуға болады:тіл үйренушілердің арнайы талаптарына жауап береді: тілдік, дискурстық құзіреттерін дамытуға бағытталған; ересек аудиторияға – студенттерге немесе жұмыс істейтіндерге арналған; тілдік білімі бойынша орта немесе ортадан жоғары деңгей талап етіледі; қажет жағдайда тілді жалпы меңгертуге арналған әдістемені пайдалануына болады.

Кәсіби тілді меңгертудің әдістемелік амалдары

Кәсіби тілді меңгертудің әдістемелік амалдары туралы айтқанда, әсіресе, тарихи аспект тұрғысынан айтқанда) функционалдық және коммуникативтік бағытты еске түсіреді. Функционалдық бағыт, сондай - ақ кәсіби бағыт та батыста (Франция) XX ғасырдың 70 - жылдары пайда болды. Ол құрылымдық әдістің түрін өзгерткен жалғасымы сияқты пайда болды, негізгі назар тілдік құбылыстың сөйлеудегі қызметіне аударылды. Осылайша функционалдық бағыт « құрылымдық – құрылымдық функционалдық ; функционалды - коммуникативтік – коммуникативтік» тізбектің өтпелі буыны болып табылады. Осы бағыт бойынша «кәсіби тілді үйренушілер» категориясы негізгі болып саналды. Кәсіби тілді оқыту мазмұны тіл үйренушілердің тілдік және сөйлеу талаптарын талдау негізінде өткізілді. Функционалды бағыттың тиімділігі сол – ол кәсіби тілді үйретуді оқыту шартына тәуелді етіп қойды, өз кезегінде бұл осы бағыттың қолданысын кеңейтуге мүмкіндік берді. Коммуникативтік амал да XX ғасырдың 70-жылдарында, лингвистер дискурсты зерттеуге белсенді қызыққан кезде басталды. Бұл тұста ғылыми дискурсты қолданбалы зерттеу екі бағытта дамыды: мәтін лингвистикасы және ғылыми стиль типологиясы. Біріншісі тілді үйренушілердің дикурстық құзіретінің даму талабына жауап берсе, екіншісі кәсіби өзара әрекет жағдаятын және коммуниканттардың кәсіби мәртебесін ескерді (маман – маман, маман – маман емес). Мұнда да ауызша сөйлеу негізгі позицияны алды. Ағылшын, орыс, француз, қазақ тілдерінде хатшыларды, іскери адамдарды, қонақ үй сервисі мен туризм саласында жұмыс істейтіндерді оқытуға арналған оқу құралдары шыға бастады. Ауызша сөйлеуді оқытудың мақсаты бірінші кезекте күнделікті қатысым жағдаяттарында коммуникативтік біліктілігін дамыту болды, ал кәсіби бағытты оқыту негізінен оқылым мен жазылым арқылы жүргізілді.

Ертеңгі маман үшін өз мамандығының тілін меңгеру – маңызды мәселе. Қазақ тілі Қазақстанда оқып жатқан бүгінгі студенттер үшін мамандығын меңгерудің жұмыс тілі болуы тиіс. Қазақ тілінен Мемлекеттік білім беру стандартына (Кәсіби модуль) сәйкес тілдік емес жоғары оқу орындарында оқып жүрген студенттер өзінің коммуникативтік міндеттерін орындай алуы шарт: оқу саласында (лекция, семинар, практикалық сабақтар, консультация, сынақ, емтихан, кітапхана); оқу ғылыми және кәсіби салада (ғылыми кеңесте, ғылыми практикалық семинарда, конференцияда, курс жұмысын талқылау, қорғау барысында, диплом жұмысында).

Ғылыми стиль тілі – өзге тілді студенттер үшін, студент үшін таңдаған мамандығын алудың құралы, сондықтан тілдік емес жоғары оқу орнындағы қазақ тілінен сабақ беретін

оқытушы сабағында кәсіби бағыттылық айқын байқалуы қажет. Сондай-ақ қазақ тілі пәнінің оқытушысы маман оқытушыны алмастырмауы тиіс. Оның міндетіне экономиканы, химияны т.б. ғылыми пән ретінде оқыту кірмейді, оның міндеті осы мамандықтың тілін оқыту болып табылады. В. Г. Костомаров айтпақшы, «арнайы терминдерді түсіндіру – тілді үйретуші оқытушының міндеті емес, оның міндетіне аталған пәннің тілдік ерекшелігімен таныстыру жатады».

Қазіргі кезде оқу құралдары мен оқулық жазу барысында өзекті болып табылатын бағыттың бастысы – пәнаралық амал. Біздіңше, қазақ тілі кафедрасы аналитикалық химия, органикалық емес химия, тарих, математика, инженер кафедраларымен т.б.кафедралармен тығыз байланыста болуы қажет. Студенттерге ғылыми тілді, мамандық тілін меңгерту мақсатында экономистерге, қаржы мамандарына, бизнеске қатысты және болашақ дипломаттарға арналған оқу құралдарын жазған едік. Бұл оқу құралдарының мақсаты: студенттерді курс бойынша сабаққа дайындау; мамандығы бойынша лекцияны яғни ауызша ғылыми сөзді түсінуді жеңілдету; оқылым, сөйленім бойынша білік дағдыларын жетілдіру; ғылыми стильдің ерекшеліктерін енгізу; арнайы мамандығына қатысты терминдерді белсенді қолданысқа ендіру.

Академик Д. С. Лихачёв өзінің «Письма о добром» деген кітабында: «Адамды танудың, білудің, оның ақыл ойының дамуын, моральдік сипатын, мінезін танудың ең сенімді амалы – оның қалай сөйлейтінін тыңдау... Біздің сөзіміз – тек қана біздің тәртібіміздің маңызды бөлігі ғана емес, біздің жанымыздың, ақылымыздың да маңызды бөлігі» деп жазған екен.

Сондықтан да сөйлеу мәдениеті – студенттердің кәсіби дайындығының бір бөлігі. Олар болашақта жоғары деңгейлі маман ғана емес, қатысым ұстанымдарын да терең түсінуі тиіс.Тілді еркін меңгеру – профессионалдық табыстылықтың құралы.

Лингвист, журналист, аудармашы, жарнама агенті, оқытушы, баспа редакторы, теледидар, радио дикторы, қоғаммен байланыс т.б. мамандықтардың негізінде тіл жатыр.

Қазіргі техника мен ғылымда да тілдің орны ерекше. Қазақ тілінде, орыс тілінде, ағылшын тілінде ғылыми және техникалық журналдар, ғылыми әдебиеттер шығады. Ғылыми әдебиеттерді түсініп оқу, ғылыми тақырыптармен әңгіме жүргізе алу, өзінің мамандығына қатысты материалдарды оқу, талдау – тілді оқытып үйретудегі басты мақсаттардың бірі. Бүгіндері бәсекеге қабілетті мамандардың коммуникативтік сипаты қандай болу керек дегенге келетін болсақ, қазіргі маман сөйлеу мәдениетінің дағдыларын жетік меңгеріп, кәсіби қатысымда да лингвистикалық, коммуникативтік құзіретке де ие болуы тиіс. Ол үшін:

- әдеби тіл нормаларын білуі және олардың сөйлеудегі қолданысын білуі;
- сөзінің нақтылығын, қисындылығын бақылай алуы;
- кәсіби терминологияны меңгеруі;
- профессионалды сөйлеу стилін меңгеруі;
- мақсатын анықтай білуі және қатысым жағдаятын түсіне білуі;
- қатысымның ізгілікті ауанын қолдап, құра білуі;
- сұқпатты кәсіби әрекет мақсатына сәйкес бағыттай білуі;
- сөйлеу әдебін білуі тиіс.

Осылайша қазақ тілін білуі, яғни лингвистикалық, коммуникативтік құзіретті меңгеруі – профессионалдық табысқа жету кілті, қажетті құрал.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Teaching and Learning Functional English. Resources to support the pilot of functional skills www.excellencegateway.org.uk/page.aspx?0=126258&review=1

Серова, Т.С. Психологические и лингводидактические аспекты обучения профессионально-ориентированному иноязычному чтению в вузе / Т.С. Серова. – Свердловск, 1988. – 232 с.

Макар, Л.В. Обучение профессионально-ориентированному общению на английском языке студентов неязыкового вуза. – Автореф. дисс... канд. пед. наук. – СПб, 2000. – 21 с.

1. Лихачёв Д.С. Письма о добром. – СПб. Издательство «LOGOS», 2007.
2. Шевелева С. А. English for lawyers. 2nd edition. Unity – 2007.

Ербол Тілешов
Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының атқарушы директоры, филология ғылымдарының кандидаты

Тіл және жаһандану

Адамзат баласының XX ғасырда қол жеткізген жаңалықтары, екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі геосаяси құбылыстар, айналып келгенде, ортақ ғаламшарда тұратын әлемнің байланысын, қатынасын қарқынды өрістетті. Тебісіп, тіресіп сан алапат соғыстарды басынан кешірген адамзат ендігі жерде бірлесу қажет екендігін жақсырақ ұғына бастады. Әлбетте, осындай терең ұғынудың астарында мемлекеттердің, әсіресе, ірі мемлекеттердің мүдделері жатты. Мұнда саяси, әскери, экономикалық мүдделер шешуші орынға ие болды. Мүдделер текетіресінде күштінің үстем болатыны, мықтының жеңетіні белгілі. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қырық жылдай бір-біріне ақпараттық қарсылық көрсеткен Кеңестер Одағы мен Америка Құрама Штаттары әлемді екі саяси лагерьге бөліп алғаны белгілі. Демократиялық құндылықтарды, адам құқықтарын жариялаған, байлықты көз арбап, көкей тесер мақсатқа айналдырған нарықтық экономиканы ширатқан Құрама Штаттар коммунистік идеологияны, социалистік құрылысты барша әлемге таңбақ болған Кеңестер Одағынан басым түсті. Тарих таңдауы адамның әлеуметтік жағдайын көтеруде, оның құқықтары мен бостандықтарын сақтауда коммунизмге емес, капиталистік қатынастардың артықшылығына үстемдік берді. Сөйтіп әлемде батыстық өмір салты ең таралған, ең тартымды үлгіге айналды. Оның басында, әлбетте, Америка Құрама Штаттары тұрды. Осылай болған соң мидай араласқан әлем алпауыт Американың салтына елітіп, көп ұзамай оның ықпалына еніп жатты. Бұл ықпалдың саяси, экономикалық жақтарына аялдамай, біз мәдени, тілдік ықпалға тоқталғымыз келеді.

Америка Құрама Штаттарының әлемдегі бәсекесіз беделі, асқақ абыройы жалпыадамзаттық мәдениеттің ортақ моделін қалыптастыра бастады. Оны «жаһандану» деп атап жүрміз. Әрине, американдық модель – бұл орта ғасырлардан бастап өркендеген, Ренессанс, Реформация, Ағартушылық сияқты ірі тарихи-рухани кезеңдерді басынан өткерген ағылшын, француз, неміс, ирланд, голланд, итальян, испан мәдениеттерінің қоспасынан табиғи сұрыпталып қалыптасқан, нарыққа, оның ыңғайлы өмір сүру типтерін жасаған модель болатын. Бұл модель, қалайық, қаламайық қазіргі кезде үстем үлгіге, бағдарлы болмысқа айналды. Ал бұл өз кезегінде Америка Құрама Штаттарымен саяси жағынан да, экономикалық жағынан да, солардан өрістеп әлеуметтік жағынан да бәсекеге түсе алмай жатқан елдерге таяп келіп, ішіне еніп таңылуда, жұғуда. Мұның нәтижесі ұлттар мәдениетінің көмескіленуі, тілдердің өз өкілдері тарапынан қолданылмауы, тіпті кейбір тілдердің ұмытыла бастауы.

Жаһанданудың жылдамдығы мен қарқыны оның бейбіт жолмен, еліктіре, еліте келуімен байланысты. Соғыссыз, өзара қарсылықсыз келген жаһандық мәдени-рухани ықпал бірте-бірте ұлттардың ділін ыдыратуда, ұлттық сананы сырттың санасына бейімдеуде. Сондықтан ашық емес, осындай байқатпай кіріп, батпандап сіңетін жат рухани ықпалдың дауасы да әлсіз болмақ. Бәсекеге дәрменсіз халықтар қарсы тұрудың амалдарын ойлауда, дабыл қағуда. Десек те, дабылшы көпшілік емес, аттөбеліндей ұлт қамын жеген азшылық болып тұр. Жаяудың шаңындай... болғаннан соң Абай атамыздың «Көп дүрмек» дегеніндей күй бүгінде қазақтың ғана кешіп отырған жағдайы емес, жүздеген халықтарға жаһанданудың ызғары тиюде. Ғалымдардың айтуынша, қазіргі кезде әртүрлі деректерде 3,5 мыңнан 7 мыңға дейін тіл бар болса, солардың көпшілігін кең таралған тілдер ығыстырады екен.

Жалпы жаһанданудың оның ішінде, тілдік жаһанданудың мәні бір ғана тілге тіреліп тұрған жоқ, олай болса мәселе оңайырақ болар еді. Мәселе – өзге тілдің үстемдігінде емес, дүниеге өзгелердің көзқарасымен қарауда. Ширатыңқырап айтсақ, мәселенің мәні – қоғамға, тұрмысқа, болып жатқан дүние жаңалықтарына өзгелердің ойымен, пайымымен, дайын қорытындыларымен қарау. Оған бұл құбылыстың рухани қарсылық пен күреске бой алдырмайтын осындай қуаты мен күші, әлемді жайлайтын жылдамдығы мен қарқыны – оның коммерциялық сипаты, бизнестік мазмұны айрықша ықпал етіп тұр. Нарық жайлаған заманда, рухани құндылықтар емес, экономикалық тиімділік басты орынға шыққан кезеңде жаһандану құрлықтардан да, шекаралардан да аттап, ешкімге де, ешнәрсеге де бой алдырмай, бағынбай тұр. Бұл жаһанданудың болатын, болуға тиісті, ешқандай мемлекет жалтарып кете алмайтын объективті даму себебі. Сондай-ақ, жаһанданудың қорғануға болатын, соған орай, алдын ала қам жасайтын субъективті өрістеу себебі де бар. Ол жаһанданудың мәдени, тілдік ықпалы. Біз бұл ғаламдық құбылыстың осындай ықпалынан қорғана аламыз. Әлбетте, оған мемлекеттік деңгейде де, азаматтардың өздері де мүдделілікпен ынта танытса.

Біз жаһанданудың экономикалық ықпалынан шыға алмаймыз, бұл түсінікті, дәлелденген жайт. Біз экономикалық қатынастар арқылы, елімізге, үйімізге, төрімізге шыққан ғаламдық жаһандануға мәдениетімізге берік, тілімізге мықты болу арқылы ғана қарсылық білдіре алмақпыз. Қазіргі кезде ұлттық мәдениетіміздің, мемлекеттік тіліміздің жағдайы жөнінде әңгіме еткенде, осы құндылықтарымызға жаһанданудың қандай әсері болмақ, осы тұрғыдан ойласқанымыз жөн болмақ. Ал қазіргі кезде біз сыртқы әсер болып табылатын жаһанданудың толқынына қарсылық білдірмек тұрмақ, өз ішімізге мәдениетіміздің мәйегін, тіліміздің мәртебесін сіңіре алмай жүрміз. Осыны алдымен өзіміздің ағайын ойланғаны, сөйтіп мәдениетімді қалай сақтаймын, тілімнің көсегесін қайтсем көгертем деп тыным таппағаны жөн болар еді.

Дүние бизнес алаңына, қарым-қатынас, серіктестік, ынтымақтастық коммерциялық мүддеге құрылатын заманда жаһанданудың ықпалы біздің елге де әжептеуір тимек. Бұдан шет қала алмайтынымыз да белгілі. Сондықтан бізді не сақтайды дегенде, ең алдымен, ойымызға, әлбетте, тіліміз бен мәдениетіміз түседі. Мәдениеттің ұлттарды теңестіретін құрал екендігін осыдан бір ғасырдай уақыт бұрын жақсы ұғынған Ахмет Байтұрсынұлы: *«Мәдениеті жоғары халық – мәдениеті төмен халықты аз-көбіне қарамай жем қылатыны айдай анық, күндей жарық ақиқат... Мәдениет жігін жоғалтпай, өз жігін жоғалту оңай емес»* деп жазған екен /4,279/. Алаш көсемі айтқан осы ой әлі де өз күшінде, тіпті мына жаһандану заманында оның көкейкестілігі артпаса, кемімей тұр. Қазіргі Қазақстанның жағдайы XX ғасыр басындағы Ахаңдар өмір сүрген кезеңнен әлдеқайда білімі жағынан болсын, мәдениеті жағынан болсын, саяси жағынан болсын кемел дәуір

емес пе?! Сондықтан дүниенің мәдени бәйгесінен қалмау үшін біз ең алдымен өзіміздің мәдениетімізді, сол мәдениеттің негізі тілімізді бүгінгі жиі қолданатын тіркеспен айтсақ, бәсекеге қабілетті болуын қамдауымыз қажет. Әлбетте, әлемнің дидарын танып, сырттап қалмауға бүгінгі кең таралған тілдерді де, мәдениетті де білгеніміз, игергеніміз жөн. Десек те, өзгелерді ұғыну өзіңді ұмыту емес. Сол себепті Алаштың ақылманы, қазақ ғылымының негізін салушының ескертуін ұмытпай, ұлттық мәдениетіміздің өзгелермен тең боларын ойлағанымыз абзал, сөйтсек қана нағыз елдігіміз байқалмақ, өзгелер бізді танымақ, құрметтемек.

Жаһанданудың ілгеріде айтылған коммерциялық сипаты соған сай мәдениетті де қалыптастыруда. Оны «Мәдени индустрия» деп атап жүрміз. Мәдени индустрияның күштілігі поп музыканың, Голливуд сияқты алпауыт кинофабрикаларының ықпалын еселеп күшейтіп, оған ұлттық мәдениеттің қарсы тұрарлық дәрменінің болмай жатқандығы да бүгінгінің ақиқаты. Міне, дәл осы құбылыс мәдениет пен бизнестің араласуынан туған құбылыс. Өйткені жаһандану заманында, нарық әлемінде әніңіз де, өлеңіңіз де, романыңыз да, балетіңіз де, операңыз да, киноңыз да – тауар.

Жаһанданудың өзін әлемдік экономикалық жүйенің қалыптасып, оған барлық елдердің тартылуы деп түсінеміз. Бұл қазіргі әлемнің бұлжымас қағидасына айналғаны соншалық, осы жүйеден тыс қалған мемлекеттер даму даңғылына түсе алмай, экономикалық, әлеуметтік жағынан артта қалған жұрттардың санын толтыруда. Сондықтан да әлемдік экономикалық дамудан қалай тыс қалғымыз келмесе, жаһанданудан да тыс бола алмаймыз. Біз сол себепті де жаһанданудың өзімен емес, өзіміздің ұлттық болмысымызды сақтап қалу үшін қандастарымыздың қазақтық рухани иммунитетін қалыптастыру, күшейту үшін бүгінгіден де әрі ауқымды, әрі бағдарлы нәтижесі боларлық жұмыстарды жүзеге асырғанымыз жөн. Бұл ретте ең алдымен өскелең ұрпақтың тәрбиесіне аса маңызды мән берілуі қажет. Ұрпақ тәрбиесінің көрігі де, бесігі де – балабақша мен мектеп. Сондықтан барлық қазақ балаларының, өзге де этностар балаларының қазақ тілінде тәрбие алуын, оқуын қамтамасыз етерліктей арнайы мемлекеттік бағдарлама қабылданғаны абзал. Сонда ғана Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев межелеген 2020 жылы мектеп бітірушілердің барлығы мемлекеттік тілді меңгеріп, елімізде нағыз қазақтілді орта қалыптасатын болады.

Біздің ойымызша, жаһандану да отаршылдықтың бүгінгі заманда дамыған бір түрі екендігін біз толық сезіне алмай жүрген сияқтымыз. Кезінде саяси отаршылдық ұлтшылдықты тудырғаны мәлім, бүгін сырттан келіп жатқан әсерлерге мемлекетшілдік сана қажет. Қазіргі кезеңде бізді елшіл, отаншыл ететін осы жаһандануға деген рухани қарсылық болса керек. Өйткені жаһанданудың шынайы сипаты, ақиқат бейнесі ол мәдени-рухани отаршылдық. Мұндай отаршылдық та, әлбетте, өзінің болмысы мен бағытына сәйкес қарсылық тудырады. Біздің ойымызша, оған қарсы тұрарлық құбылыстың аты – мемлекетшілдік. XX ғасыр басында Алаш зиялылары ел болу идеясын көтеріп, елшілдік жөнінде айтса, қазіргі кезде қалыптасқан осы мазмұндағы «мемлекеттік сана», «мемлекетшілдік» ұғымдарын жиі қолданып жүрміз. Қазақ елінің «Қазақстан Республикасы» атты тәуелсіз мемлекет болуы – осы мемлекетті нығайтатын ресми және бейресми шараларды қалыптастырып отыр. Ел Конституциясында бекітілген мемлекеттіліктің мазмұны мен құрылымы, Қазақстанның ішкі және сыртқы саясаты осы мемлекеттілік идеясын қалыптастыруға, тұғырлауға арналса, осы жылдар ішіндегі зиялы қауымның көтеріп жүрген дін, діл, тіл, дәстүр, мәдениет мәселелері де мемлекеттік сананы нығайтуға бағытталған. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан басталып бүгінгі күнге дейін бұл салада айтылып келе жатқан мәселенің бірі – ұлттық сана қалыптастыру мәселесі. Ұзақ уақыт отар болған Қазақстан үшін ұлттық сана қалыптастыру, әлбетте, аса көкейкесті мәселе. Ресей отаршылдық саясатының, одан беріде коммунистік диктатураның асыл дінімізді, рухани мәдениетімізді, тілімізді ұмыттыруға бағытталған зорлықшыл, саяси әрекеттері ұлттық

санамыздың кенжелеп қалуына ықпал еткені баршамызға мәлім. Мемлекетке атау берген, осы елдің байырғы әрі саны жағынан басым халқының ұлттық санасын қалыптастыру, кейбіреулер айтып жүргендей, қазақ халқының ғана емес, жалпы мемлекеттің мүддесі үшін аса қажет. Осы жерде сан ғасырлар бұрын мемлекет құрып, одан беріде ел мен жерді қорғаған, отаршылдық заманында да жердің тұтастығын, елдің жоғалып кетпеуі үшін күрескен халық құрмет пен түсіністікке лайық болса керек. Сондықтан да Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: *«Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күресіп келді. Өзінің ең жақсы қасиеттерінің: қатер төнген сәттерде бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбіт шілік, келісім мен тату көршілік жағдайында тұруға деген ынта-ықыласының арқасында ол тарих тасқынының астында қалып қоймай, өзінің мемлекеттігін қалпына келтіре алды»* деп Алаш баласының ел мен жердің иесі екендігін баса айтқан болатын /5,54/. Жаһандану қазанында өзіміздің ұлттық болмысымызды, мемлекеттік келбетімізді сақтап қалу үшін, қазақ та, басқа этностар да қазақ тілі мен мәдениетінің маңайына шоғырлануы керек. Біз қазіргі заманның реалды болмысын сараласақ, өзге ұлттың да, тілдің де, мәдениеттің де төңірегіне топтасуымыз мүмкін емес, егер олай мүмкін дейтін отандастарымыз болса, олар не бүгінгі күннің шындығынан бейхабар, не өз мемлекетінің мықты болуына мүдделі еместер. Бізді «Қазақстан Республикасы» деген мемлекет біріктіреді екен, ендеше осы мемлекеттің бағзы тарихынан бастап бүгінге дейінгі осы жерді сақтап келген мұраттар жолында тұтасуымыз қажет, біздің білім алуымыз, жұмыс істеуіміз, мақсаттарға жетуіміз үшін еліміздің ішкі бірлігі, сыртқы қауіпсіздігі қай-қайсысымызға да қажет. Әлбетте, алдымен жеке басымызға, отбасымызға, жақындарымызға. Ал осы ортамыздың амандығына кепілдік беретін мемлекет, оны ұмытпағанымыз жөн. Егер бір мемлекет азаматтарының әрқайсысы қалаған тілінде сөйлеп, басқа мемлекеттің мәдениетіне еліктей берсе, әлбетте, елдік санаға да, мемлекеттік мүддеге де салқыны тиеді. Сондықтан бүгін «өркениетті» деп еліктеп жүрген мемлекеттердің қай-қайсысы да мұны терең түсінгендіктен мемлекетқұраушы ұлттың тіліне, мәдениетіне, қажет десеңіз дініне де өзге этностарды енгізеді. Бүгінгі Қытай, Франция, Испания, Германия, Италия арғы тарихына емес, XVIII-XX ғасырлардағы тарихына көз салсақ, қаншама этностарды негізгі ұлттың діліне бейімдеді. Әлемде мұндай үдерістер қазір үдемесе, баяуламауда. Осы бағыт, осы үдеріс өрістей бермек.

Жаһандану бүгінгі күнде ғаламдық эстетиканы қалыптастыруда. Ол дегеніңіз шетелдерден келіп жатқан бүкіл әлем тұтынатын тауарлар, киімдер, әртүрлі тағамдар мен сусындар. Олардың дизайны, сыртқы тұрпаты, біздің оларды қолдана отырып, оған көзімізді де, бойымызды да үйретуіміз. Санамызда сол заттардың түрін, бейнесін қалыптастыруымыз, сол шетелдік әртүрлі бұйымдарға беріп жатқан ішкі бағамыз, соларды сатып алғымыз келіп тұратын сұранысымыз, міне, осының бәрі жаһанданудың заттық белгілері, ең бастысы біздің сол белгілерді ойша ардақтауымыз, соларға деген айрықша қажеттілігіміз бен мүдделілігіміз. Мұны күнделікті тұрмыстық мәселе дейік те, оның зорларына назар аударайық. Олар біздің рухани санамызды, мәдени келбетімізді қалыптастыруға тікелей әсер ететін күнделікті көшеден, теледидардан сан мың рет көретін жарнамалар, телехабарлар, фильмдер, жаңалықтар, газеттер, журналдар, кітаптар.

Философияның заңы бойынша екі бірдей нәрсе, құбылыс болмайтынын ойламалдасақ, бір тұлғаның екі тілді дәл бірдей білуі де мүмкін емес. Екі немесе одан да көп тіл білетін кез келген адам үшін, әйтеуір, бір тіл үстем болады. Табиғи жағынан алғанда, әдетте, адам үшін өзінің ана тілі басым болуы керек, бұл жаратылыс қағидасы. Ал қазіргі ғаламдық шындыққа қарасақ, онда ана тілдерінің емес, мемлекеттік тілдің немесе бәсекеге қабілеті

жоғары тілдердің басымдығын айқын аңғарамыз. Айталық, әлемде мыңдаған тілдер бар десек, онда олардың тоқсаннан астамы ғана мемлекеттік немесе ресми мәртебеге ие. Яғни, ана тілдерінің көпшілігі әлгіндей мәртебеден шет қалғандықтан олардың басым көпшілігі қоғамдық қатынастарда қолданылмайды. Сондықтан ол тілдерде білім берілмейді, бұқаралық ақпарат құралдары жарияланбайды, кітаптар шықпайды. Мәселен, қазіргі кезде Еуропада 230 тіл, Америкада 1013, Африкада 2058, Азияда 2197 тіл бар екен. Олардың басым көпшілігі белсенді түрде қолданылмағандықтан бірте-бірте жойылып барады. Ал ол ұлттың өкілдері сол мемлекеттің ресми тілдерінде сөйлейді, білім алады, жұмыс істейді. Тіпті өзінің ана тілін білетіндердің өзі басым тілге бейім тұратыны ақиқат. Ана тілінде емес, тіпті мемлекеттік тілде емес, өзге тілде сөйлеуге бейім тұру қазіргі Қазақстанның тілдік келбетін аңғартады.

Жаһандану кезінде әлемдік тілдердің ықпалы артады, терминология халықаралық мазмұнға ие болады, басым тілдерде жасалған сөз тіркестері, шаблондар ұлттық тілдерге енеді және олар белсендірек қолданылады. Осындай болуға тиісті тілдік-мәдени үдерістер барлық тілдерге тән. Мемлекеттік, ресми тіл ретінде әбден қалыптасқан тілдер, ұлт өкілдерінің баршасы күнделікті сөйлейтін, жұмыс барысында қолданатын тілдер осы үдеріске төтеп беруге дайын әрі әлеуетті.

Тіл ойдың жемісі екендігі әлімсақтан белгілі. Қай тілде ойласаң, сол тілде сөйлейсің. Сол себепті, тіл – қарым-қатынас құралы ғана емес, тіл – ұлттың әлемді, дүниені тану моделі. Сондықтан, француз философы Эмиль Сьоран: *«Адам мемлекетте емес, тілде өмір сүреді»* депті/2/. Шынында да адам қай елде өмір сүрсе де, әйтеуір, бір тілдің өкілі. Бәлкім оның тілі мен ұлты екі бөлек болуы да әбден мүмкін. Тіл – ұлт мәдениетінің діңгегі де, өзегі де. Мәдениет тілде көрінеді, тілде өмір сүреді. Қай тілде сөйлесең, сол ұлттың өкілісің, өйткені сол мәдениеттің ауқымында тіршілік етесің, сенің рухани дүниеңде сол мәдениет алғашқы орында тұрады, сол мәдениеттің құндылықтарын бойыңа сіңіргенсің, ол жаныңа да, жүрегіңе де жақын.

Тіл – ұлт мәдениетінің бөлігі ғана емес, сол ұлттың барша мәдениетінің қуаты. Сол мәдениеттің баяны да, безбені де. Қандай мәдениет болмасын қатынас құралы ретінде де, ұлттың барша болмысы көрінген келбеті ретінде де тіл арқылы жасалған, тілі арқылы да өмір сүреді, сол арқылы ұрпақтан ұрпаққа, заманнан заманға жетіп ұлттық тұтастықты сақтайды. Мәдениет – ұлт өмір сүруінің ғасырлар бойы жинақталған амалдары мен тәсілдерінің мейлінше сұрыпталған тәжірибесінің ең жарқын қазынасы. Сондықтан ол – халықтың табиғи ортамен, өз ішіндегі, сыртқы байланыстарының түйінделген, мейлінше жүйеленген ойларының, аңсарларының, көзқарастарының қымбат құндылығы, бағалық қазынасы.

Мәдениет – ұлттың болмысы ғана емес, сол ұлттың сан ұрпағы жасаған, жетілдірілген, тұтынған сол халықты сақтаған және сақтай беретін ұлы қорғаны. Бүгінгі күнге дейін дербес халық болып жету, дінін, тілін сақтап қалу, өмірдің барлық саласын қамтыған, ешкімге ұқсамайтын, қайталанбас мәдениет қалыптастыру, сол мәдениет аясында әрі қолданбалы, әрі рухани бай қазына арқылы ортамен ымырашылдықта өмір сүру, осы алып территорияны иемденіп, оны ерлік пен бірліктің арқасында сақтап қалу, намысы мен абыройы үшін күресе білу, енді бүгін тәуелсіз мемлекет құрып әлемдік қауымдастыққа еніп жатса, соның бәрі ұлттың үлкен әлеуетінде. Осындай қуатты әлеуеті бар қазақ елінде қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде, қазақстандықтардың ортақ қатынас құралы ретінде өз қызметін толық атқаруға байлығы да, күші де жетеді. Оны отандастарымыздың баршасы сезінсе, түсінсе жаһандану дәуірінде барлық құндылықтарымызды өз деңгейінде сақтай да аламыз, жетілдіре де аламыз.

«Латын әліпбиін енгізудің ғылыми ұйымдастырушылық міндеттері» семинар-кеңес

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 19 ақпандағы № 637 Жарлығында бекітілген қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасын көшіру бойынша тапсырмасын және Қазақтан Республикасының Президенті Қ. Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты халыққа жолдауының міндеттерін жүзеге асыру аясында «Латын әліпбиін енгізудің ғылыми-ұйымдастырушылық міндеттері» тақырыбында 5 республикалық семинар-кеңес өткізілді.

Шараның мақсаты – латын графикасына негізделген қазақ әліпбиін көпшілікке насихаттау, жаңа емле ережелерін меңгертудің ғылыми-практикалық ұстанымдарын талқыға салып, оқыту процесінде кездесетін қиындықтарды анықтау және оларды шешудің тиімді жолдарын көрсету.

Негізгі міндеттері:

- латын графикасына негізделген жаңа әліпби мен емле ережелерін меңгертудегі қиындықтарды анықтау және оларды шешу жолдарын ұсыну;
- жаңа емлені оқытудағы ғылыми принциптерді нақтылау;
- жаңа графиканы меңгертудегі тәжірибелерді саралау;
- әдістемелік жұмыс тобының атқаратын жұмысының ауқымын, бағытын айқындау;
- білім беру бағдарламаларына жаңа әліпби мен емле ережелеріне сай жаңартулар жасауға ұсыныстар әзірлеу;
- Емле сөздігіне нормаланатын жаңа орфограммаларды қолданысқа енгізу мәселелерін талқылау;
- Ономастикалық кеңістікте латын әліпбиіне көшіру мәселелерін талқылау.

2019 жылдың 14 маусымында Нұр-Сұлтан қаласында «Латын графикасына көшіруді ұйымдастыру бойынша мекемеішілік шаралары» тақырыбында жаңа әліпбиді жалпы халық арасында түсіндіру, латын әліпбиін енгізудің мақсатын, тиімділігін насихаттау семинары өтті.

Семинарға Мемлекеттік қызметшілер, Ұлттық компаниялар, Жоғарғы Сот, Бас Прокуратура, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қаржы мониторингі қызметкерлері, сонымен қатар еліміздің бірқатар жоғары оқу орындарынан да сарапшы ғалымдар қатысты.

Семинар-кеңес барысында қазақ әліпбиін латын графикасына көшіруге байланысты жаңа емле ережелерінің мазмұны, құрылымы, меңгеру кезеңдері, оқыту әдістері баяндалды. Жаңа пунктуациялық ереже жобасы да таныстырылды.

Ағымдағы жылдың 10-11 шілде күндері Өскемен қаласында латыннегізді қазақ тіліне көшіру үдерісіне байланысты әдістемелердің озық әдіс-тәсілдерін жүйелеу және пысықтау мақсатында өткен «Латын әліпбиінің емле ережелерін игерту: теория және тәжірибе» атты семинарда Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының атқарушы директоры, филология ғылымдарының кандидаты Ербол Тілешов «Жаңа емле: міндеттер және атқарылған жұмыстар», "Жаңа әліпби мен емлені меңгерту үшін қажетті тілтанымдық білімдер жүйесі" бойынша "Орталықтың ғалым хатшысы, филология ғылымдарының кандидаты Анар Фазылжанова, "Жарнама мәтіндерін әзірлеу нұсқаулығы: маңызы мен мазмұны" туралы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Жантас Жақыпов, "Жаңа емле ережелерді меңгерту құралының әдіснамалық негіздері" туралы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Таңат Аяпова баяндама жасады.

Республика көлемінде жаңа латын графикасымен жазылған жазба тіліміздің жүйесін, емле ережелерін насихаттауда бұқаралық ақпарат құралдарының маңызы өте зор.

Жаңа қазақ әліпбиі мен емле ережелерінің құрылымын, емле нормаларының ғылыми негіздерін бұқаралық ақпарат және баспа беттерінде түсіндіре алатын білікті мамандар дайындау мақсатында 3 қазан күні Алматы қаласында «Жаңа емле: құрылымы мен мазмұны» тақырыбында семинар өтті.

Тыңдаушыларға қазақ әліпбиінің қысқаша тарихы, графикасы мен құрамы, қазіргі айтылым және жазылым нормалары туралы ақпарат берілді. Жаңа емле ережелерін үйрету барысында инновациялық педагогикалық технологиялар мен әдіс-тәсілдердің ғылыми-ізденушілік және оқу-әдістемелік қағидалары қолданылды.

Семинарға Алматы қаласындағы БАҚ және баспа қызметкерлері қатысты.

2019 жылдың 28 қарашасында Нұр-Сұлтан қаласында өткен «Латын графикасына көшіру үдерісіндегі жастардың рөлі» тақырыбындағы семинар-кеңес қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру үдерісіндегі жастардың алатын орны мен атқаратын рөлін анықтап, пысықтау, жастарға артылатын міндеттерді белгілеу әрі насихаттауды көздеді.

Семинар-кеңес аясында қазақ тілінің жаһандану үдерісіндегі латын графикасына көшудегі логикалық мағынасы, қазақ тілінің дамуындағы оның рөлі мен маңыздылығы қозғалды. Жаһандану және ұлттану үдерісіндегі қазақ тілінің өміршеңдігін арттыратын реформа ретіндегі жаңа әліпбиге көшу барысы, осыған қатысты атқарылған шаралардың қорытындысы, алдағы міндеттер, жұртшылық арасында бұл реформаға қатысты жүзеге асырылған жұмыс нәтижелері сөз болды. Әліпби реформасының жалпыхалықтық сипат алу тетіктерін іске қосудың жолдары анықталып, қоғамдық өмір салалары мен құрылым өкілдеріне арналған әліпби реформасы мен жас ғалымдардың осы үдерістегі рөлі туралы пікірлер талқыланды.

Семинар-кеңеске орталық атқарушы мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы мемлекеттік органдарда қызметте жүрге жас мемлекеттік қызметшілер, жоғары және орта арнаулы оқу орындарында жұмыс атқарып жүрген жас ғалымдар, докторанттар мен магистранттар, филолог мамандар, филология факультеттерінің студенттері, жас тіл мамандары және қазақ тілінің болашағын ойлайтын тіл жанашырлары қатысты.

2019 жылғы 29 қараша күні Нұр-Сұлтан қаласында «Латын графикасындағы БАҚ мүмкіндігі мен мәселелері» тақырыбында семинар-кеңес ұйымдастырды.

Семинар барысында латыннегізді қазақ әліпбиі мен емле ережелерінің құрылымы, емле нормаларының ғылыми негіздері баяндалды.

Шарада қазақ тілінің жаһандану үдерісіндегі латын графикасына көшудегі логикалық мағынасы, қазақ тілінің дамуындағы оның рөлі мен маңыздылығы қозғалды. Жаһандану және ұлттану үдерісіндегі қазақ тілінің өміршеңдігін арттыратын реформа ретіндегі жаңа әліпбиге көшу барысы, осыған қатысты атқарылған шаралардың қорытындысы, алдағы міндеттер, жұртшылық арасында бұл реформаға қатысты жүзеге асырылған жұмыс нәтижелері баяндалды. Әліпби реформасының жалпыхалықтық сипат алу тетіктерін іске қосудың жолдары анықталып, қоғамдық өмір салалары мен құрылым өкілдеріне арналған әліпби реформасы мен БАҚ-тың осы үдерістегі рөлі туралы пікірлер талқыланды.

БАҚ қызметкерлеріне қазақ әліпбиінің қысқаша тарихы, графикасы мен құрамы, қазіргі айтылым және жазылым нормалары туралы сарапшы ғалымдар мен мамандар жан-жақты жеткізді. Жаңа емле ережелерінің жазудағы жаңашылдығы түсіндіріліп, БАҚ қызметкерлерінің көкейінде жүрген сұрақтарына жауаптар берілді.

Семинар-кеңеске орталық газеттер, журналдар, ұлттық және жекеменшік телеарналардың журналистері мен тілшілері, әртүрлі мекемелердің баспасөз хатшылары мен бұқарамен жұмыс жүргізу мамандары, тіл мамандары және тіл жанашырлары қатысты.

IV ТАРАУ

ЕМЛЕ ЕРЕЖЕЛЕРІ: ӘДІСТЕМЕ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ

«Жаңа емле: құрылымы мен мазмұны» атты 12 сағаттық семинар

Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы 2019 жылдың наурыз айынан бастап еліміздің түрлі өңірлерінде 12 сағаттық «Жаңа емле: құрылымы мен мазмұны» дәрісі мен семинарын ұйымдастырды. Өңірлермен қашықтықта байланыс орнатылды, шараның болатыны жайлы ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді.

Әдістеме басқармасының қызметкерлері 12 сағаттық «Жаңа емле: құрылымы мен мазмұны» дәрісі және семинарының Бағдарламасын әзірледі. Бағдарлама негізінде 12 сағаттық дәріс-семинарды өткізу үшін 7 тақырыптан тұратын «JAÑA EMLE» атты оқу-әдістемелік құралы дайындалып, баспадан шығарылды. Оқу-әдістемелік құралдың мазмұны 12 сағаттық тақырыптарға ықшамдалған. Құралда қазақ жазуын латын графикасына көшірудің мақсаты, жаңа қазақ әліпбиі таңдалуының қысқаша тарихы, жаңа қазақ әліпбиінің графикасы мен құрамы, бірге және бөлек, дефиспен, бас әріппен жазылатын сөздердің, тұрақты тіркестердің емлесі, шеттілдік сөздердің орфографиялануы және орфоэпиясы туралы дәріс тезистері мен практикалық тапсырмалар жинағы берілді.

12 сағаттық дәрістер мен семинарлар Алматы, Шымкент, Нұр-Сұлтан қалаларында, Талдықорған, Жамбыл (Тараз), Түркістан, Қызылорда, Қостанай, Қарағанды, Ақмола (Көкшетау), ШҚО (Семей, Өскемен), СҚО (Петропавл), Павлодар, БҚО (Орал), Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау (Ақтау) облыстарында өткізілді.

«Жаңа емле: құрылымы мен мазмұны» дәрісі және семинарына 18 өңір мен әскери бөлімнен барлығы – **2908** тыңдаушы қатысты. Оның ішінде дәріс тыңдағандар – 1752, семинарға қатысып, сертификат алғандар – 1156.

2019 жылғы 14-15 наурыз айында Талдықорған қаласы, Тіл сарайында колледж, жоғары оқу орындары оқытушылары, мектеп мұғалімдері, балабақша тәрбиешілеріне дәріс-семинар жүргізілді. Дәріс-семинарды А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғалымдары А.Ә. Жаңабекова, А.Ж. Аманбаева, Ж.Т. Жұмабаева, Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының Орфография басқармасының басшысы, ф.ғ.к. А.М.Фазылжан жүргізді. Дәріс-семинарға 60 адам қатысып, сертификат алды.

Наурыз айының 14-15 күндері Тараз қаласындағы М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінде өтті. Дәріс-семинарға 126 адам қатысып, сертификат алды. Дәрісті Орталықтың атқарушы директоры, ф.ғ.к. Е.Тілешов, Орталықтың ғалым-хатшысы, ф.ғ.к. Г.Мамырбек, жетекші ғылыми қызметкер, ф.ғ.к. А.Сейтбекова және А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының қызметкері Е.Маралбек жүргізді.

Дәріс-семинар 2-3 сәуір аралығында Шымкент және 4-5 сәуір аралығында Түркістан қалаларында ұйымдастырылды. 130 тыңдаушыға сертификат берілді. Дәрісті Орталықтың жетекші ғылыми қызметкері, ф.ғ.к. Б.Ысқақ, Назарбаев университетінің профессоры, ф.ғ.к. Ж.Ағабекова, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Этнолингвистика бөлімінің меңгерушісі Г.Исаева, аға ғылыми қызметкері А.Солтанбекова жүргізді.

Дәріс-семинар 11-12 сәуір аралығында Қызылорда қаласында өтті. Дәрісті Орталықтың атқарушы директоры, ф.ғ.к. Е.Тілешов Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде жүргізді. Сондай-ақ «Дарын» ғылыми-практикалық оқу орталығының

базасында А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкерлері З.Базарбаева, Б.Момынова және Орталықтың аға ғылыми қызметкері, ф.ғ.к. С.Омарова дәріс-семинар сабақтарын жүргізді. 53 тыңдаушыға сертификат берілді.

Дәріс-семинар 18-19 наурыз аралығында Қостанай қаласында болып өтті. Дәріс Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінде өтті. Дәріс-семинарға 60 адам қатысып, сертификат алды. Дәрісті Орталықтың ғалым-хатшысы, ф.ғ.к. Г.Мамырбек және А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының аға ғылыми қызметкері Д.Пашан және Е.Маралбек жүргізді.

2019 жылдың 1-2 сәуірі аралығында ҚР Ұлттық ұланында «Жаңа емле: құрылымы мен мазмұны» атты 12 сағаттық дәріс-семинар өткізілді. Семинарға еліміздің барлық аймақтарының әскери бөлімдерінен 63 әскери қызметші қатысты. Семинарға қатысқан әскери қызметшілердің құрамы осы саладағы қазақ тілінің мамандары мен аудармашылары болды. Іс-шараның алғашқы дәрісін Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының атқарушы директоры, ф.ғ.к. Е.Тілешов оқыды. Семинар сабақтарын Әдістеме басқармасының аға ғылыми қызметкерлері, ф.ғ.к. С.Омарова, С.Кенжемұратова, ғылыми қызметкер М.Дәрменова, кіші ғылыми қызметкер Е.Шынатай жүргізді. Семинар соңында 63 әскери қызметшіге 12 сағаттық дәріс-семинарға арнайы құрастырылған «Жаңа емле» оқу-әдістемелік құралы мен QAZLATYN дискісі берілді.

Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде 2019 жылы 25 сәуір күні колледж, жоғары оқу орындары оқытушылары, мектеп мұғалімдері, балабақша тәрбиешілеріне дәріс-семинар жүргізілді. Дәріс-семинарды А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ғалымдары Қ.Б. Күдеринова, А.Ж. Аманбаева, Ж.Т. Жұмабаева, ИТ жобалар бойынша орталықтың қызметкері С.Е. Қабылов жүргізді. Дәріс-семинарға 68 адам қатысып, сертификат алды.

Қарағанды қаласындағы Болашақ академиясында 2019 жылы 2 мамыр күні колледж, жоғары оқу орындары оқытушылары, мектеп мұғалімдері, балабақша тәрбиешілеріне дәріс-семинар жүргізілді. Дәрісті Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының атқарушы директоры Е.Е.Тілешов, орталықтың ғалым-хатшысы, ф.ғ.к. Г.Мамырбек, ИТ жобалар бойынша С.Е. Қабылов жүргізді. Дәріс-семинарға 60 адам қатысып, сертификат алды.

Сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласындағы №67 мектепте 14-15 мамыр аралығында балабақша тәрбиешілері, мектеп, колледж, жоғары оқу орындары оқытушыларына да дәріс-семинар жүргізілді. Дәріс-семинарды Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғалым-хатшысы А.М.Фазылжан, Әдістеме басқармасының аға ғылыми қызметкері, ф.ғ.к. С.Қ.Омарова, аға ғылыми қызметкер, ф.ғ.к. С.К.Кенжемұратова жүргізді. Дәріс-семинарға 58 адам қатысып, сертификат алды.

Көкшетау қаласындағы М.Жұмабаев атындағы облыстық ғылыми кітапханасында мемлекеттік тілді дамыту орталығының қызметкерлері, жоғары оқу орындары оқытушыларына дәріс-семинар жүргізілді. Дәріс-семинарды Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының атқарушы директоры Е.Е.Тілешов, орталық ғалымы Г.М.Мамырбек, ғылыми қызметкерлер Н.Н.Жұмаханова және А.К.Қадырхан, Ақмола облыстық оқу-әдістемелік орталығының әдіскері Ә.Қ.Қарсабаева, ИТ жобалар бойынша С.Е.Қабылов жүргізді. Дәріс-семинарға 70 адам қатысып, сертификат алды.

2019-жылғы 23-мамыр күні Өскемен қаласындағы Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университетінде колледж, жоғары оқу орындары оқытушылары, мектеп мұғалімдері, балабақша тәрбиешілеріне дәріс-семинар жүргізілді.

Дәрісті Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғалымдары А.А.Сейітбекова, Г.Мамырбек, ИТ жобалар бойынша С.Е. Қабылов жүргізді. Дәріс-семинарға 60 адам қатысып, сертификат алды.

30-31 мамыр аралығында Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласында өтті. Әдістеме басқармасының аға ғылыми қызметкері, ф.ғ.к. С.Қ.Омарова мен Қарағанды облысының тілдерді дамыту басқармасы жанындағы Ресурстық тіл орталығының бөлім меңгерушісі Жұпар Жақанова дәріс-семинар сабақтарын жүргізді. 60 тыңдаушыға сертификат берілді.

Дәріс-семинар 10-13 мамыр аралығында Павлодар қаласында болып өтті. Дәріс Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінде өтті. Дәріс-семинарға 60 адам қатысып, сертификат алды. Дәрісті Әдістеме басқармасының басшысы, ф.ғ.к. А.Сейітбекова және аға ғылыми қызметкері, ф.ғ.к. С.Кенжемұратова жүргізді.

Орал қаласындағы Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық техникалық университетінде мектеп, колледж, жоғары оқу орындары оқытушылары, БАҚ өкілдеріне дәріс-семинар жүргізілді. Дәріс-семинарды Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғалымдары Г.М.Мамырбек, С.А.Итеғұлова, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық техникалық университетінің аға оқытушысы З.Ғ. Ғабдуалиева, «C.L.A.S. Plus» оқу орталығының қазақ тілі мен әдебиетінің оқытушысы Г.Е. Қуанышева жүргізді. Дәріс-семинарға 60 адам қатысып, сертификат алды.

Ақтөбе қаласындағы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде мектеп, колледж, жоғары оқу орындары оқытушылары, БАҚ өкілдеріне дәріс-семинар жүргізілді. Дәріс-семинарды Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғалымдары Г.М.Мамырбек, С.А.Итеғұлова, Ақтөбе облысы Тілдерді оқыту орталығының әдіскерлері А.С.Сүгірбаева және Г.М.Аяпова жүргізді. Дәріс-семинарға 60 адам қатысып, сертификат алды.

Атырау қаласындағы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде мектеп, колледж, жоғары оқу орындары оқытушылары, БАҚ өкілдеріне дәріс-семинар жүргізілді. Дәріс-семинарды Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының жетекші ғылыми қызметкері, ф.ғ.к. Б.Д.Ысқақ, ғылыми қызметкерлер Н.Н.Жұмаханова және А.К.Қадырхан, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің қауымдастырылған профессоры Ж.М.Абдрахманова жүргізді. Дәріс-семинарға 60 адам қатысып, сертификат алды.

Ақтау қаласындағы Ш.Есенов атындағы Каспи мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінде мектеп, колледж, жоғары оқу орындары оқытушыларына да дәріс-семинар жүргізілді. Дәріс-семинарды Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғалымы Б.Д.Ысқақова, ғылыми қызметкерлер Н.Н.Жұмаханова және А.К.Қадырхан, Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің доценті Г.М.Адамбаева жүргізді. Дәріс-семинарға 60 адамқатысып, сертификат алды.

Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінде 2019 жылдың 28-29 тамызы күндері колледж, жоғары оқу орындары оқытушылары, мектеп мұғалімдері, балабақша тәрбиешілеріне дәріс-семинар жүргізілді. Дәріс-семинарға 39 адам қатысып, сертификат алды. Дәрісті Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғалымдары А.А.Сейітбекова, Г.Мамырбек жүргізді.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Білім беру бағдарламалар орталығы» филиалында 2019 жылдың 5-6 қарашасында 12 сағаттық «Жаңа емле: құрылымы мен мазмұны» дәрісі және семинарына 45 тыңдаушы қатысты. Дәріс-семинарды Ш.Шаяхметов

атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғалым-хатшысы, ф.ғ.к. А.М.Фазылжан, Әдістеме басқармасының жетекші ғылыми қызметкері, ф.ғ.к. Н.М.Рсалиева мен аға ғылыми қызметкер, ф.ғ.к. С.К.Кенжемұратова жүргізді.

Дәріс-семинарлар Нұр-Сұлтан қаласында 2019 жылы 13 ақпан Әскери полиция ұйымында, 27 ақпан Ұлттық кітапханада, 29 наурыз Ішкі істер министрлігінің орталық аппаратында, 24 сәуір Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінде, 17 мамыр Назарбаев университетінде, 9 тамыз ҚР Ішкі істер министрлігінде, 4 қыркүйек «Астана-Теплотранзит» АҚ-да, 20 қыркүйек ҚР Іс Басқармасында, 23 қыркүйек Төтенше жағдайлар департаментінде, 25 қыркүйек «Астана дарыны» дарындылықты дамыту және психологиялық сүйемелдеу орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінде, 19 қараша ҚР Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитетінің Төтенше жағдайлар департаментінде өткізілді.

«Жаңа емлені оқыту әдістемесі» атты 72 сағаттық республикалық оқыту курсы

Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы латыннегізді әліпби мен жаңа емле ережесін басшылыққа ала отырып, 2019 жылдың 26 наурызы мен 13 қазаны аралығында «Жаңа емлені оқыту әдістемесі» республикалық оқыту курсын ұйымдастырды.

Курстың мақсаты латыннегізді жаңа қазақ жазуының әліпбиі мен емле ережелерінің ғылыми негіздерін, орфографиялық нормаларын, басты нормативті қағидаларын қазақ тілі мамандарына үйрету арқылы өзге аудиторияны оқыта алатын білікті тренерлерді дайындау болды. Осы мақсатты жүзеге асыру барысында тренерлерге жазудың ұлттың бірегейлігі, жаңа жазудың бұқаралық сананы қалыптастырудағы қызметі мен маңызы, тілдің жазба түрі мен ауызша түрінің айырмашылығы, жаңа қазақ әліпбиінің графикасы мен құрамы, қазіргі айтылым нормалары мен жазудың арақатынасы, қазақ тілі емле ережелеріндегі дәстүрлі жазу нормалары, жаңа емле ережесіндегі тараулар, параграфтар, ескертулер бойынша толыққанды білімдер беру.

Аталған іс-шараға республикалық оқу орталықтары және түрлі мекемелер мен ұлттық компаниялардың, атап айтқанда, «Қазмұнайгаз» ұлттық компаниясы, «Қазақтелеком», «Қазақстан темір жолы» акционерлік қоғамы, «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, Ы.Алтынсарин Ұлттық білім беру академиясы, ұлттық және мемлекеттік білім беру ұйымдары, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті және тағы басқа мемлекеттік ұйымдар мен мекемелерінде қазақ тілін оқытып жүрген тіл мамандары мен әдіскерлері, аудармашылары, БАҚ саласының қызметкерлері қатысты.

Курстың алғашқы дәрістерін Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ғылыми-практикалық орталығының атқарушы директоры, ф.ғ.к. Е.Е.Тілешов оқыды. Ғалым латын графикасына көшудің стратегиясы, жаңа жазудың лингвистикалық, әлеуметтік және саяси қырларына егжей-тегжейлі тоқталып, ұлттық сананы қалыптастырудағы жазудың қызметі жайлы мағлұмат берді. Сонымен қатар латын әліпбиіне көшудің ұлт болашағы үшін мәні зор екенін айтты.

Дәріс оқыған ғалымдардың ішінде орталықтың ғалым-хатшысы ф.ғ.к. А.М. Фазылжан. Дәрісте болашақ тренерлерге ауызша тіл мен жазба тіл ұғымдарының ерекшеліктері, қазақ тілі орфоэпиясы, қазіргі айтылым нормалары мен жазудың арақатынасы, жаңа әліпби,

графика мен орфография мәселелерінің теориялық және практикалық негізде түсіндірді.

Сонымен қатар Орфография басқармасының басшысы, ф.ғ.к. Г.М.Мамырбек, Әдістеме басқармасының басшысы, ф.ғ.к. А.А.Сейітбекова, жетекші ғылыми қызметкері, ф.ғ.к. С.Қ.Омарова, аға ғылыми қызметкер, ф.ғ.к., доцент С.К.Кенжемұратова, Терминология басқармасының басшысы ф.ғ.к. С.А. Итеғұлова, жетекші ғылыми қызметкері, ф.ғ.к. Б.Ысқақ және ф.ғ.м. С.Жайлауовалар сабақ жүргізді.

Негізгі дәріскерлермен қатар еліміздегі беделді жоғары оқу орындарының әдіскер-ғалымдары п.ғ.д., профессор Ш. Құрманбаева, ф.ғ.к. С.М.Сапина, ф.ғ.к. Ж. Ағабековалар латыннегізді жаңа әліпбидің емлесін меңгерту бойынша дәрістер оқыды.

Курста жазу дағдысын қалыптастыру мәселесі де тыс қалған жоқ. Негізінен жазу дағдысын қалыптастыру кезінде көптеген шарттарды сақтау және бірқатар тәсілдерді меңгеруде тыңдаушының ерекше назары талап етіледі. Осыған байланысты п.ғ.к, профессор Ш.С Сатиева тренерлердің психофизиологиялық сауатты жазу дағдысын қалыптастыру мақсатында «Жазу психологиясы» тақырыбына семинар-тренингтер өткізді.

Аталған курстың академиялық жоспарына сәйкес, дәріс – 10 сағат, практикалық сабақтар – 41 сағат, ТӨЖ – 21 сағат (тренердің өздік жұмысы: бақылау тест, бақылау диктант, оқу жылдамдығы, ашық сабақтар өткізілді.

Тренердің өзіндік жұмысы дегеніміз – теориялық және практикалық біліммен қаруланғаннан кейінгі көрсететін 25 минуттық ашық сабағы. Сабақ соңында тыңдаушыларға сертификат және анықтама берілді.

Ашық сабақтарды көрсету базалары ретінде Нұр-Сұлтан қаласындағы Астана гуманитарлық колледжі, №78 орта мектеп, №58 мектеп-гимназия, «КазГЮУ» гуманитарлық-заң колледжі, «Тұран-Астана» университеті, «Энергосервис» мекемесі, Әділет департаменті, №10 қалалық емхана, «Мемлекеттік техникалық қызмет» мекемелері таңдап алынды.

V ТАРАУ

ЖАҢА ӘЛІПБИДІ МЕҢГЕРУДЕГІ IT ЖОБАЛАР

Латыннегізді қазақ әліпбиінің емле ережесін көпшілікке таныстыруда жаңа технологиялардың маңызы аса зор. Былтырғы жылы Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының жетекшілігімен латын әліпбиін меңгертуге аса қажетті бірнеше IT жоба әзірленген болатын. Солардың бірі әрі маңыздысы, тікелей латыннегізді қазақ әліпбиіне қызмет ету үшін құрылған **Qazlatyn.kz – ұлттық порталы**.

Атауы айтып тұрғандай Qazlatyn.kz – ұлттық порталынан қазақ әліпбиінің латын графикасына көшу барысы жайындағы барлық деректі таба аласыздар. Порталдың емле-ереже, жаңа әліпбидегі әріптердің таңбалануы мен жазылуы, дұрыс дыбысталуын тыңдау секілді айдарлары бар. Онымен қоса, емле, құжат, атау, сөздікқор сияқты тілге қатысты танымдық сайттардың орталықтандырылған іздеу жүйесі де ұлттық порталдың басты бетінде орналасқан.

Ал порталдағы **Qazlatyn көпфункционалды конвертері** көпшілікке көмекші болары анық. Конвертерде электронды мәтінді кириллден латынға, төтеге және керісінше аудару қызметтерін кез келген адам пайдалана алады. Пайдаланушы 5000 символға дейінгі мәтінді көшіріп салу арқылы немесе қолмен теру арқылы конвертациялай алады. Қолданушыға ыңғайлы болу үшін Mircorsoft Office форматындағы кез-келген документті файлдық конвертер арқылы конвертациялау жүйесі де іске қосылған. Айта кететін тағы бір маңызды мәселе, конвертердің ішінде оң жақ жоғарғы жағында «Қосымшаларды жүктеу» деген айдар бар. Ол жерден қолданушылар конвертердің Windows-қа арналған оффлайн нұсқасын, iOS, Android жүйелеріне арналған қосымшаларын, GitHub веб-сервистік порталына арналған қосымша плагиндер жиынын, Mircorsoft Office пакетіне арналған қосымшаларды, Chrome браузеріне арналған конвертердің плагинін, CMS және деректер базасына арналған конвертерді таба алады.

Сондай-ақ **машиналық оқыту негізінде тілді оқытуға арналған веб-сервис** яғни **Tilqural.kz** порталы орталық тарапынан жасалды. Портал қарапайым деңгейдегі мемлекеттік тілді және латын графикасы негізіндегі қазақ тілінің әліпбиі мен жаңа емле ережесін таныстыру, үйрену, жазу және оқу дағдыларын қалыптастыруға арналған веб-сервис.

Қазіргі уақытта қарапайым деңгейде (A1) қазақ тілін үйренуге арналған 24 сабақ қолжетімді. Әрбір сабақ грамматика, тыңдалым, оқылым, аударма бойынша тапсырмалардан тұрады. Тапсырманы аяқтағаннан кейін пайдаланушы қандай тапсырмаларды дұрыс орындағанын бірден көреді. Жүйе пайдаланушының тілді үйренуге қанша уақыт жұмсағанын жадына сақтай отырып, оны кестеге сүйенуге бағыттайды. Пайдаланушы жеке кабинетінде орындалған сабақтар бойынша статистикасын көре алады.

Мемлекеттік тілге арналған веб және IT инфрақұрылым құру бойынша Sozdikqor.kz порталы әзірленген болатын. Ол – әртүрлі салалық сөздіктер мен энциклопедиялардағы сөздер мен тұрақты сөз тіркестерін, қазақ тіліндегі көне сөздерді, кірме сөздерді, аймақтық және ақпараттық технологиялардың даму кезеңіндегі жаңа технологиялық сөздердің

мағынасын көруге мүмкіндік беретін платформа. «Сөздікқор» порталының іздеу жүйесі арқылы сөздердің дефинициясын, синонимін, антонимін, омонимін, фразеологиялық тіркесте немесе сөйлем ішінде кездесуін бір бетте көруге болады. Сонымен қатар порталдың iOS, Android үшін мобильді қосымшалары мен telegram-бот қосымшасы әзірленген.

Бұған қоса iOS, Android үшін ойын форматында 5 **мобильді қосымша** жасалды. Екеуі ересектер, үшеуі балаларға лайықталған бұл ойындар бірнеше сатыдан тұрады. Сөз табу, диктант жазу, әріптерден сөз құрастыру секілді тапсырмалар берілген және ойыншы бұлардың барлығын белгілі уақыт аралығында орындап, келесі кезеңге өтуі керек. Қосымшалардың мақсаты–қолданушыларға жаңа әліпбиді үйрету, сауатты жазу дағдысын қалыптастыру.

«Iles» пен «Sóz álemi» ересектерге арналған мобильді қосымша, ал «Jasyryn sóz», «Zerek bala» және «Sózdi tap» интеллектуалдық ойындары балаларға арналған қосымша болып табылады.

Қазақстан Ұлттық арнасынан эфирге шығып жүрген «**Шахмат**» бағдарламасын да жеке атап өткен жөн. Ойын алаңында қатысушылар мемлекеттік тілдің өзекті мәселелерін көтеріп, көрермен көкейінде жүрген көптеген сауалдарға жауап береді. Әдетте қатысушылар өз саласының майталмандары, белгілі ғалымдар мен қоғам белсенділері. Жүргізуші ойыншылармен сөйлесе отырып, бағдарлама барысында көтерілген тақырып бойынша дәлелді сюжеттер көрсетіп, ғалымдар мен тәуелсіз сарапшылардың дәйектерін ұсынады.

Көпшілікке 2019 жылдың басында ұсынылатын Қазақстандық өнім **Селтең сері**. Бұл 3D графикамен жасалған толықметражды анимациялық фильм. Ондағы кейіпкерлер шытырман оқиғаларға тап бола отырып, туған жерді сүю, отанды қорғау, достық пен сенім, ауызбірлік сынды жақсы қасиеттерді үйренеді. 70 минуттық толықметражды мультфильм қазақ тілінде дубляждалған. Көрсетілім кезінде дыбысталумен қатар оқиға барысы толық латын негізіндегі қазақ әліпбиінде субтитр берілген. Көрермен анимациялық фильмді қарай отырып, жаңа әліпбимен жазуды да меңгере алады.

Ал латын графикасымен таныс емес кішкентай балақайлар үшін **«IQdos»** және «**Durys sóıleık**» анимациялық роликтері әзірленген болатын. 3D графикада жасалған анимациялық роликтердің әрқайсысының ұзақтығы 5 минут. **«IQdos»** анимациялық роликтерінің кейіпкерлер жаңа әліпбидегі әріптердің әрқайсысын көрермендерге жеке-жеке таныстырады. Бұл анимациялық роликтерді балақайлар жақын арада «Балапан» телеарнасынан тамашалай алады. Ал «**Durys sóıleık**» анимациялық роликтерін Youtube желісіндегі Tilalemi каналына салатын боламыз.

Ерекше маңызға ие тағы бір насихат құралы – **бейнероликтер**. Ақпараттық-жарнамалық, танымдық, түсіндірмелі бағытта 33 метериал түсірілді. Ұзақтығы тақырыбына байланысты 3 минуттан - 5 минутқа дейін болатын роликтерде қазақ әліпбиінің тарихы, жазудың түрлі кезеңдері, латын графикасына көшу үрдісі, оны оқыту жолдары баяндалған. Кей бейнероликтер кино секілді сюжеттік болғандықтан, көрермен үшін жеңіл әрі түсінікті. Олардың әлеуметтік көзқарастар мен пікірлерді зерттей отырып әзірленгенін атап өткеніміз жөн. Бейнероликтер Қазақстан, Хабар, Еларна республикалық телеарналарынан көрсетілуде және Youtube желісіндегі Tilalemi каналында орналастырылған.

ЖЫЛНАМА

Латын әліпбиіне кезең-кезеңімен көшіру бойынша атқарылған іс-шаралар

№	2019 жыл	
	11 ақпан	Нұр-Сұлтан қаласында «Жаңа жаһандық кезеңдегі қазақ тілі» атты 2018 жылғы атқарылғын жұмыстар мен дайындалған өнімдердің тұсаукесері өтті.
	13 ақпан	Нұр-Сұлтан қаласы Әскери полиция ұжымында «Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру мәселелері» тақырыбында дәрістер өтті.
	22 ақпан	Алматы қаласында «Орфографиялық жұмыстарды үйлестірудің жаңа міндеттері» атты семинар-кеңес өтті.
	26 ақпан	Шымкент қаласы Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының «Шымкент қалалық тілдерді дамыту орталығы» мемлекеттік мекемесінде «Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру мәселелері» тақырыбында дәрістер өтті.
	26-27 ақпан	ҚазақстанРеспубликасыҰлттық Ұлан ұйымдастыруымен латын графикасын енгізудегі біліктілікті арттыру сабақтарын жаңа емле сарапшылары өткізді.
	27 ақпан	Нұр-Сұлтан қаласының Ұлттық кітапханасында «Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру мәселелері» тақырыбында дәрістер өтті.
	14-15 наурыз	Алматы облысы Талдықорған қаласында оқыту орталықтарының оқытушылары мен ересек тұрғындарды 12 сағаттық оқыту семинарлары мен дәрістері өтті.
	14 наурыз	Нұр-Сұлтан қаласында 12 сағатқа арналған «Jaǵa emle» oqý-ádistemelik quraly» баспадан шықты.
	14-15 наурыз	Жамбыл облысы Тараз қаласында оқыту орталықтарының оқытушылары мен ересек тұрғындарды 12 сағаттық оқыту семинарлары мен дәрістері өтті.
	26 наурыз	Нұр-Сұлтан қаласында 72 сағатқа арналған «Jaǵa emle» oqý-ádistemelik quraly» баспадан шықты.
	26 наурыз-5 сәуір	Нұр-Сұлтан қаласында оқыту орталықтарының оқытушылары мен ересек тұрғындарды 72 сағаттық оқыту курстары өтті.
	29 наурыз	Нұр-Сұлтан қаласында Ішкі істер министрлігінің орталық аппараты қызметкерлеріне «Латын әліпбиіне көшу мәселесі: жаңа әліпби және жаңа емле ереже» тақырыбында дәріс өтті.
	2-3 сәуір	Шымкент қаласында оқыту орталықтарының оқытушылары мен ересек тұрғындарды 12 сағаттық оқыту семинарлары мен дәрістері өтті.
	4 сәуір	Нұр-Сұлтан қаласында «Latynnegizdi qazaq tili emlesiniń negizgi erejelerin úıretý ádistemesi» оқулығы баспадан шықты.
	4-5 сәуір	Түркістан облысы Түркістан қаласында оқыту орталықтарының оқытушылары мен ересек тұрғындарды 12 сағаттық оқыту семинарлары мен дәрістері өтті.
	15 сәуір	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің ұйымдастыруымен жаңа әліпбиі негізінде қазақ тілі емлесінің ережелеріне қатысты дөңгелек үстелге жаңа емле ережелерінің сарапшылары қатысты.
	8-19 сәуір	Нұр-Сұлтан қаласында оқыту орталықтарының оқытушылары мен ересек тұрғындарды 72 сағаттық оқыту курстары өтті.
	11-12 сәуір	Қызылорда облысы Қызылорда қаласында оқыту орталықтарының оқытушылары мен ересек тұрғындарды 12 сағаттық оқыту семинарлары мен дәрістері өтті.
	18 сәуір	Қостанай облысы Тілдерді дамыту басқармасының ұйымдастыруымен латын әліпбиіне негізделген қазақ тілін оқыту кабинетін салтанатты түрде ашылуына жаңа емле ережелерінің сарапшылары қатысты.
	24 сәуір	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің ұйымдастырумен «Латын әліпбиі – біздің болшағымыз» тақырыбында емле ережелеріне қатысты семинарға емле ережелерінің сарапшылары қатысты.

	25 сәуір	Нұр-Сұлтан қаласында ҚР Білім және ғылым министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясында «2021-2022 оқу жылдарында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейлерін латын графикасына көшіру» жұмыс тобының отырысына ғалымдар қатысты.
	25-26 сәуір	Алматы қаласында оқыту орталықтарының оқытушылары мен ересек тұрғындарды 12 сағаттық оқыту семинарлары мен дәрістері өтті.
	26 сәуір	Алматы қаласында «Орфографиялық жұмыс тобының атқарған аралық жұмыстарын пысықтау мәселелері» атты семинар-кеңес өтті.
	26-29 сәуір	Қостанай қаласында Тілдерді дамыту басқармасының ұйымдастыруымен Жаңа емленің жаңалықтары бойынша білім беру саласының қызметкерлеріне сабақтар өткізілді.
	2-3 мамыр	Қарағанды облысы Қарағанды қаласында оқыту орталықтарының оқытушылары мен ересек тұрғындарды 12 сағаттық оқыту семинарлары мен дәрістері өтті.
	3 мамыр	Нұр-Сұлтан қаласында Ұлттық қауіпсіздік комитеті қызметкерлері мен әскери қызметшілеріне латыннегізді қазақ әліпбиін үйретуге арналған инновациялық технологияларды таныстыру тақырыбына сабақ өткізілді.
	13-21 мамыр	Нұр-Сұлтан қаласында оқыту орталықтарының оқытушылары мен ересек тұрғындарды 72 сағаттық оқыту курстары өтті.
	14-15 мамыр	Нұр-Сұлтан қаласында оқыту орталықтарының оқытушылары мен ересек тұрғындарды 12 сағаттық оқыту семинарлары мен дәрістері өтті.
	15 мамыр	Қостанай қаласында «Жанашыр бол» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен қазақ әліпбиінің жаңа емле ережелерін оқыту бойынша жаттықтыру семинар-тренингіне жаңа емле ережелерінің сарапшылары қатысты.
	15 мамыр	Нұр-Сұлтан қаласында ҚР Білім және ғылым министрлігінде білім саласындағы латын графикасына көшуге байланысты мәселелер отырысы өтті.
	16-17 мамыр	Ақмола облысы Көкшетау қаласында оқыту орталықтарының оқытушылары мен ересек тұрғындарды 12 сағаттық оқыту семинарлары мен дәрістері өтті.
	17 мамыр	Нұр-Сұлтан қаласында Назарбаев Университетінде «ЖОО оқытушыларына арналған қазақ әліпбиін латын графикасына көшірудегі мәселелер» тақырыбында дәріс өтті.
	23-24 мамыр	Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласында оқыту орталықтарының оқытушылары мен ересек тұрғындарды 12 сағаттық оқыту семинарлары мен дәрістері өтті.
	27 мамыр- 4 маусым	Нұр-Сұлтан қаласында оқыту орталықтарының оқытушылары мен ересек тұрғындарды 72 сағаттық оқыту курстары өтті.
	28 мамыр	Қостанай қаласында облыстық тілдерді дамыту басқармасының ұйымдастыруымен өткізілген «Қазақ жазуы: бүгіні мен ертеңі» тақырыбындағы конференцияға жаңа емле сарапшылары қатысты.
	30-31 мамыр	Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласында оқыту орталықтарының оқытушылары мен ересек тұрғындарды 12 сағаттық оқыту семинарлары мен дәрістері өтті.
	31 мамыр	Алматы қаласында «Жаңа әліпби негізіндегі емле және пунктуациялық ережелер мәселелері» атты семинар өтті.
	31 мамыр	Нұр-Сұлтан қаласында Ұлттық қауіпсіздік комитеті қызметкерлері мен әскери қызметшілеріне жаңа әліпби мен емле ережелері туралы сабақ өткізілді.
	10-11 маусым	Батыс Қазақстан облысы Орал қаласында оқыту орталықтарының оқытушылары мен ересек тұрғындарды 12 сағаттық оқыту семинарлары мен дәрістері өтті.
	11-12 маусым	Павлодар қаласында оқыту орталықтарының оқытушылары мен ересек тұрғындарды 12 сағаттық оқыту семинарлары мен дәрістері өтті.
	13-14 маусым	Ақтөбе қаласында оқыту орталықтарының оқытушылары мен ересек тұрғындарды 12 сағаттық оқыту семинарлары мен дәрістері өтті.

	14 маусым	Нұр-Сұлтан қаласында «Латын әліпбиін енгізудің ғылыми-ұйымдастырушылық міндеттері» бағыты бойынша «Латын графикасына көшудегі мекемедегі ұйымдастыру шаралары» семинар-кеңесі өтті.
	10-18 маусым	Нұр-Сұлтан қаласында оқыту орталықтарының оқытушылары мен ересек тұрғындарды 72 сағаттық оқыту курстары өтті.
	17-18 маусым	Атырау қаласында оқыту орталықтарының оқытушылары мен ересек тұрғындарды 12 сағаттық оқыту семинарлары мен дәрістері өтті.
	19 маусым	Қазақстан азаматтары аты-жөндерінің латын графикасы негізінде жазылу ережелері құралының жобасы әзірленді.
	21-22 маусым	Ақтау қаласында оқыту орталықтарының оқытушылары мен ересек тұрғындарды 12 сағаттық оқыту семинарлары мен дәрістері өтті.
	24-28 маусым	Тараз қаласында, Байзақ ауданы Сарыкемер ауылында, Жамбыл ауданы Аса ауылында қазақ әліпбиін латын графикасына кезең-кезеңімен көшуді қоғамда насихаттау апталығы өтті.
	24 маусым-2 шілде	Нұр-Сұлтан қаласында оқыту орталықтарының оқытушылары мен ересек тұрғындарды 72 сағаттық оқыту курстары өтті.
	27-28 маусым	Жамбыл облысы Меркі кентінде «Жаңа емле ережелерін жетілдіру» атты 2 күндік семинар-кеңес өтті.
	10 шілде	Өскемен қаласында «Латын әліпбиін енгізудің ғылыми-ұйымдастырушылық міндеттері» бағыты бойынша «Латын әліпбиінің емле ережелерін игерту: теория және тәжірибе» семинар-кеңесі өтті.
	5-13 тамыз	Нұр-Сұлтан қаласында оқыту орталықтарының оқытушылары мен ересек тұрғындарды 72 сағаттық оқыту курстары өтті.
	9 тамыз	Нұр-Сұлтан қаласында ҚР Ішкі істер министрлігі Ішкі және сыртқы коммуникациялар департаментінде «Ұлттық әліпби – мемлекеттік тілдің болашағы» тақырыбында баяндама жасалды.
	28 тамыз	Нұр-Сұлтан қаласында «Жаңа емле: бейтарап көзқарас және тәуелсіз талқы» тақырыбында онлайн семинар ұйымдастырылды.
	28-29 тамыз	Семей қаласында оқыту орталықтарының оқытушылары мен ересек тұрғындарды 12 сағаттық оқыту семинарлары мен дәрістері өтті.
	2-10 қыркүйек	Нұр-Сұлтан қаласында оқыту орталықтарының оқытушылары мен ересек тұрғындарды 72 сағаттық оқыту курстары өтті.
	4 қыркүйек	Нұр-Сұлтан қаласы «Астана-Теплотранзит» АҚ-да «Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру мәселелері» тақырыбында дәрістер өтті.
	7 қыркүйек- 14 желтоқсан	«Tiltanym» танымдық телешоуы республикалық «Ел Арна» телеарнасынан көпшілік назарына ұсынылды.
	20 қыркүйек	Нұр-Сұлтан қаласы Қазақстан Республикасы Іс Басқармасында «Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру мәселелері» тақырыбында дәрістер өтті.
	23 қыркүйек	Нұр-Сұлтан қаласы Төтенше жағдайлар департаментінде «Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру мәселелері» тақырыбында дәрістер өтті.
	16-24 қыркүйек	Нұр-Сұлтан қаласында оқыту орталықтарының оқытушылары мен ересек тұрғындарды 72 сағаттық оқыту курстары өтті.
	25 қыркүйек	Нұр-Сұлтан қаласы «Астана дарыны» дарындылықты дамыту және психологиялық сүйемелдеу орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру мәселелері» тақырыбында дәрістер өтті.
	27 қыркүйек	Нұр-Сұлтан қ. А.Байтұрсынұлы Білім Академиясында «Латын графикасына негізделген қазақ жазуын үйрету әдістемесі» атты республикалық ғылыми-әдістемелік онлайн конференцияға орталық ғалымдары қатысты.
	30 қыркүйек	Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Руханият» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру мәселелері» тақырыбында дәрістер өтті.
	30 қыркүйек-8 қазан	Нұр-Сұлтан қаласында оқыту орталықтарының оқытушылары мен ересек тұрғындарды 72 сағаттық оқыту курстары өтті.

	3 қазан	Алматы қаласында БАҚ өкілдеріне «Жаңа емле: Құрылымы мен мазмұны» тақырыбында семинар-кеңес өтті. Семинарға 60-қа жуық БАҚ өкілдері қатысты.
	4 қазан	Алматы қаласында Орфорграфиялық жұмыс тобының «Жаңа емлені бекіту: маңызы мен мүдделі органдардың міндеттері» оырысы өтті.
	11 қазан	Нұр-Сұлтан қаласында «Қала, аудан және облыс мекеме атауларын латын әліпбиінде таңбалау» республикалық онлайн семинары өтті.
	13-16 қазан	Ақмола облысы аудандарында «Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру мәселелері» тақырыбында дәрістер өтті.
	14-22 қазан	Нұр-Сұлтан қаласында оқыту орталықтарының оқытушылары мен ересек тұрғындарды 72 сағаттық оқыту курстары өтті.
	18 қазан	Нұр-Сұлтан қаласында, ҚР Үкімет үйінде Б.Сапарбаевтың төрағалығымен отырыс өтті.
	24 қазан	Нұр-Сұлтан қаласында қазақ тілін латын графикасына көшіруді насихаттауға арналған «Жаhандану және ұлттану үдерісіндегі қазақ тілінің өміршеңдігі» атты республикалық тіл форумы өтті.
	24 қазан	Нұр-Сұлтан қаласы, Сауран 7а Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының конференц-залында «Ғылым, білім және тіл» секциясы өтті.
	24 қазан	Нұр-Сұлтан қаласы, Сығанақ, 25 Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының конференц-залында «Заң және тіл» секциясы өтті.
	24 қазан	Нұр-Сұлтан қаласы, Сауран 7а Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының конференц-залында «Бизнес және тіл» секциясы өтті.
	24 қазан	Нұр-Сұлтан қаласы IQ coworking конференц-залында «БАҚ және тіл» секциясы өтті.
	24 қазан	Нұр-Сұлтан қаласы IQ coworking конференц-залында «Мемлекеттік тіл болашағы – жастар болашағы» секциясы өтті.
	24 қазан	«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Жамбыл облысы педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтында ұйымдастырылған онлайн-конференция өтті.
	25-26 қазан	«Кирилл және латын графикаларында ҚР физика-географиялық бірліктер атауларының параллель анықтамалығы» қолжазбаларын талқылау отырысы өтті.
	1 қараша	Нұр-Сұлтан қаласында «Латын графикалы кеңістіктегі жарнама сауаттылығы» атты республикалық онлайн семинары өтті.
	1 қараша	Нұр-Сұлтан қаласында «Графикалық кеңістікте жарнама мәтіндеріне қажетті емле және пунктуация нұсқаулығы» атты республикалық онлайн семинары өтті.
	8 қараша	Нұр-Сұлтан қаласында ҚР Үкіметінің жанындағы Орфографиялық және Әдістемелік жұмыс топтарының «Латын графикасы негізіндегі жаңа әліпби жобалары» атты біріккен отырысы өтті.
	8 қараша	Нұр-Сұлтан қаласында «Әдістемелік алаң-тәжірибе алмасу» атты республикалық онлайн семинары өтті.
	11 қараша	Нұр-Сұлтан қаласы ҚР Ұлттық ұлан авиациясында «Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру мәселелері» тақырыбында дәрістер өтті.
	15 қараша	Нұр-Сұлтан қаласында «Жаңа әліпби: емле, әдістеме және халықаралық тәжірибе» атты республикалық конференция өтті.
	15 қараша	Нұр-Сұлтан қаласында ҚР Үкіметінің жанындағы Орфографиялық және Әдістемелік жұмыс топтарының «Латын графикасы негізіндегі жаңа әліпби жобалары» атты біріккен отырысы өтті.
	15 қараша	Нұр-Сұлтан қаласында ҚР Үкіметінің жанындағы Орфографиялық жұмыс тобының «Кісі есімдері мен географиялық атаулардың жаңа әліпбидегі таңбалануы» отырысы өтті.

	19 қараша	Нұр-Сұлтан қаласы ҚР Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитетінің Төтенше жағдайлар департаментінде «Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру мәселелері» тақырыбында дәрістер өтті.
	20 қараша	Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия жанындағы Терминологиялық жұмыс тобының отырысы өтті.
	28 қараша	Нұр-Сұлтан қаласында «Латын әліпбиін енгізудің ғылыми-ұйымдастырушылық міндеттері», 4-кезең «Латын графикасына көшіру үдерісіндегі жастардың рөлі» тақырыбында семинар-кеңес өтті.
	29 қараша	Нұр-Сұлтан қаласында «Латын әліпбиін енгізудің ғылыми-ұйымдастырушылық міндеттері», 5-кезең «Латын графикасындағы БАҚ мүмкіндігі мен мәселелері» тақырыбында семинар-кеңес өтті.

МАЗМҰНЫ

Аңдату **3**

I ТАРАУ

Ә.Жүнісбек. Елу жылда ел жаңа немесе кирилден латынға дейін 5

Н.Уәли, М.Жүсіпов, З.Базарбаева, А.Фазылжанова. Латын графикасына негізделген қазақ ұлттық әліпбиін түзудің принциптері 19

З.Базарбаева. Қазіргі айтылым нормалары мен жазудың арақатынасы 24

Б.Момынова. Әліпби нұсқаларының салыстырмалы сипаты 28

Қ.Қалыбаева. Латыннегізді жаңа қазақ жазуы емле ережесіндегі жаңашылдықтар 31

Н.Рсалиева. Эргонимдер кеңістігін ретке келтірудің заңнамалық құжаттарға байланысты тұстары 35

М.Тұрсынова. Емле ережелері: пікірлер мен ұсыныстар 40

Қ.Күдеринова. Термин сөздердің орфографиялану барысы 42

Л.Еспекова, Қ.Сәрекенова. Елорда кеңістігіндегі эргонимдердің сипаты 45

А.Фазылжанова. Латын әліпбиіне көшкен түркітілдес елдердегі диаспоралар мен аз ұлттардың әліпбиі туралы 47

Ж.Қоңыратбаева. Географиялық атауларды латын графикасында берудегі кейбір мәселелер 49

Г.Мамырбек. И мен У-ды бір әріппен таңбалау орыс тілінің әсерінен бе? 51

Ж.Жұмабаева. Қазақ орфоэпиясының кейбір мәселелері 53

Н.Әміржанова. Профессор Рабиға Сыздық және емле мәселесі 58

II ТАРАУ

ҰЛТТЫҚ КОМИССИЯ ЖАНЫНДАҒЫ ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ ОТЫРЫСТАРЫ

Орфографиялық жұмыс тобы отырысының стенограммалары 62

Терминологиялық жұмыс тобы отырысының стенограммасы 200

III ТАРАУ

ЖАҢА ӘЛІПБИ НАСИХАТЫ

Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру ақпараттық-насихат апталығы 221

Жаһандану және ұлттану үдерісіндегі қазақ тілінің өміршеңдігі 221

А.Райымқұлова. Құттықтау сөз 225

Ә.Асқаров. Кіріспе сөз 225

С.Абдрахманов. Ұлттық жаңғырудың негізі – тілдік жаңғыру 227

А.Айталы. Қазақ тілінің дамуының әлеуметтік мәселелері 234
Ә.Бәкір. Рухани жаңарудың маңызды қадамы 236
Ғ.Төлеғұл. Қазақ тілі және қазіргі кезең 241
М.Айымбетов. Заңнама мәтінін мемлекеттік тілде жазудың кейбір мәселелері... 242
Ұ.Еркінбай,Т.Жорабай. Қазіргі білім мазмұнындағы мемлекеттік тіл 245
Қ.Олжай. Қазіргі қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдарындағы типтік қателер және оның себептері 247
Н.Примашев. Заң жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізуді жетілдірудің кейбір мәселелері..... 251
З.Күзекова. Жоғары оқу орындарында студенттің таңдауына негізделген электив курстарды оқытудың өзекті мәселелері 254
Е.Тілешов. Тіл және жаһандану..... 258
«Латын әліпбиін енгізудің ғылыми ұйымдастырушылық міндеттері» семинар-кеңес 263

IV ТАРАУ
ЕМЛЕ ЕРЕЖЕЛЕРІ: ӘДІСТЕМЕ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ
«Жаңа емле: құрылымы мен мазмұны» атты 12 сағаттық семинар..... 265
«Жаңа емлені оқыту әдістемесі» атты 72 сағаттық республикалық оқыту курсы 268
V ТАРАУ
ЖАҢА ӘЛІПБИДІ МЕҢГЕРУДЕГІ ІТ ЖОБАЛАР
ЖЫЛНАМА
Латын әліпбиіне кезең-кезеңімен көшіру бойынша атқарылған іс-шаралар..... 270

ЛАТЫН ӘЛІПБИІ: ТЕОРИЯ, ӘДІСТЕМЕ ЖӘНЕ НАСИХАТ

Редактор: М.Шіменбай
Корректорлар: Ә.Исмаилова, А.Қадырхан
Беттеген: Г.Алмасбекова
Көркемдеуші дизайнер: Н.Есенаманов

ISBN 978-9965-23-552-8

9 789965 235528

Басуға қол қойылған күні 11.12.2019 ж.
Пішімі 70x100 $_{1/16}$. Қаріп түрі «Times New Roman»
Басылымы офсеттік.
Шартты баспа табағы 22,5 + 1 жапсырма *(4+4)*.
Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс № 4911.

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
"Полиграфкомбинат" ЖШС-нде басылды.
050002, Алматы қаласы, М.Мақатаев көшесі, 41.